

**«Қажым оқулары» аясында «Әлем мәдениеті контексіндегі білім жүйесінде
жалпыадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері»
атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

20 қазан 2023 жыл

Орал

Жалпы редакциясын басқарған:

Мамыров А.Ы - Батыс Қазақстан инновациялық - технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Редакция алқасы:

Сабыр М.Б.- филология ғылымдарының докторы, профессор

Раманова.А.А - филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Әжіғалиев М.Қ - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Бекмашеа А.Н.- филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Қайыров А.Б - филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Абдульманов А.А - филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

«Қажым оқулары» аясында «Әлем мәдениеті контексіндегі білім жүйесінде жалпыадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері» атты республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция. - Орал:Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің баспа орталығы, 2023. - 250 б.

ISBN 9965-553-26-2

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы академик Қажым Жұмалиевтің туғанына 115 жыл толу құрметіне орай ұйымдастырылған республикалық конференция материалдарына филология, тарих, педагогика т.б. ғылымдардың өзекті мәселелері төңірегіндегі ғалымдарымыздың зерттеу мақалалары топтастырылып енгізіліп отыр.

Ұсынылған конференция жинағының материалдары әдебиеттану, тіл білімі, тарих, педагогика, қаржы т.б. ғылым саласының мамандары мен жоғары оқу орындары оқытушылары мен арнаулы орта, орта жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері қызметінде практикалық қолданыс табатынына сенеміз.

ӘОЖ 82:316

КБЖ 83. 3 Қаз

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Шакешев Б.Т.

БҚИТУ ректоры, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Алғы сөз

Құрметті, конференцияға қатысушылар! Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Тілдер және менеджмент факультеті ұйымдастыруымен өткелі отырған **«Қажым оқулары»** аясында **«Әлем мәдениеті контексіндегі білім жүйесінде жалпыадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері»** атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер.

Қазақ халқының бар болмысы, рухани әлемі, дүниетанымы, ұлттық коды әдебиетінде жатыр дейтін болсақ, сол асыл мұраны кәсіби тұрғыда, ғылыми негізде тұңғыш рет зерттеп қазақ әдебиетінде ең алғашқы болып 1941 жылы «ХҮІІІ - ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертация, 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбында тағы да тұңғыш болып докторлық диссертация қорғаған көшбасшы ғалым, көрнекті қоғам қайраткері, зергер жазушы, даңқты жерлесіміз академик Қажым Жұмалыұлы Жұмалиевтің туғанына 115 жыл.

Ол өз қолымен жазған өмірбаян дерегінде: «Мен, Қажығали Жұмалыұлы Жұмалиев, әдеби лақап атым Қажым 1907 жылы желтоқсанның жиырма сегізінде қазіргі Аққозы ауыл Советі Жымпиты ауданы (бұрынғы Қаратөбе) Батыс Қазақстан облысы, «Жалғыз ағаш» деген жерде туыппын. Әкем Жұмалы Қазиев. Шешем Жауқасын Мырзагелдіқызы. Менің әке-шешем хат танымайтын жай шаруа адамдар болатын. Жұмалыдан: Ақмұқан, Балмұқан, Қайырмұқан, Қажығали төрт ұл, Злиха, Қалау атты екі қыз. Екі үлкен ағамыз мұсылманша хат білетін, қисса, жырларды көп оқитын адамдар болатын да, үшіншісі мүлде оқымаған шаруамен ғана шұғылданатын кісі еді. Әке-шешем 12 жасымда 1919 жылы қайтыс болды да, мен аға- жеңгелерімнің қолында тәрбиелендім. Шешемнің сүт кенжесі болғандықтан мен жасымнан қаққы көрмей бұлалау өссем де, оқуға, өлеңге әуестігім ерекше еді. Тіпті, хат білмей тұрып, ағаларымның оқыған жырларын тек тыңдау арқылы жатқа біліп, ауыл арасында айта беруші едім» дейді.

Ел әдебиетімен сусындап өскен бала Қажым, ХХ ғасырдың отызыншы жылдарының басында Жайық еліне аға Қажым болып оралды. Қажым Жұмалиев өңіріміздегі білім мен ғылымның, әдеби-мәдени ортаның қалыптасуына тікелей мұрындық болған тұлға. Ол 1932 жылы Орал қаласында ашылған республикамыздағы екінші жоғары оқу орны қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне қызметке келіп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының іргетасын қалаған тұңғыш меңгерушісі, еліміздің батыс аймағында тіл-әдебиетшілерді дайындаған ұстаз. 1932 жылдан 1937 жылға дейін 5 жыл бір буын мамандар легін түлеткеннен кейін Қажым Жұмалиевті қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетке қызметке шақырады. Ұстаздардың ұстазы саналған көшбасшы ғалымның ғылымдағы даңғыл жолы осылайша Алматыда жалғасты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан», «Жаңа тұрпатты жаңғыру» бастамасы ұлттық болмыста. Ұлттық болмыс неге сүйенеді деген сұрақ туындайды. Сөз жоқ ұлттық болмыстың басты тірегі тіл, әдебиет, тарих, ұлттық мәдениет, ата- баба дәстүрі. Бүгінгі конференцияда сөз болатын академик Қажым Жұмалиев шығармашылығы туралы ойлар да соның ажырамас бір бөлігі.

Бар саналы ғұмырын қазақ ғылымының өркендеуіне арнаған академик Қажым Жұмалиевтің өмірі мен шығармашылығын тану, насихаттау Батыс Қазақстан облысында жүргізіліп келеді. Атап айтсақ университет жанындағы «Қажымтану» орталығында жұмыс жүйелі жолға қойылған. Ғалымның әр жылдары жазылған еңектері тұңғыш рет көп томдық болып 2010 жылы «Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы» сериясымен 7 том етіп шығарылды. Өткен 2017-2018, 2019-2020, 2021-2022 оқу жылдары Қажымтану және қазақ әдебиеті мәселелері бағытында үш бірдей көмекші оқу құралы жарық көрді. Қажым оқулары» атты

конференцияны қажымтанудың жалғасы деп білемін және осының дәстүрлік сипат алғанын қалаймын. Облысымыздағы білім, ғылыммен байланысты іс-шаралар академик Қажым Жұмалиев есімімен байланыстырылып өткізілгені дұрыс. Дәстүрлі «Мұхтар оқулары», «Сәкен оқулары» т.б. соңын айғағы.

Сөз соңында «Қажым оқулары» аясында «Әлем мәдениеті контексіндегі білім жүйесінде жалпыадамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

ҰЛЫ ҰСТАЗ ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ҰЛАҒАТТАРЫ

ӘОЖ 94(574)

Бисенғали З.Қ

Қажым Жұмалиев туралы ағалары мен замандас әріптестері ғылыми, деректі мақалаларында талай шындықтарды айтты. Қазір олардың көбі арамызда жоқ. Білгіңіз келсе, орысша, қазақша мерзімді баспасөздің 1940-1970 жылдар аралығында жарық көрген мақалаларын қарасаңыз жетіп жатыр.

Ұстаз-академикті көрген, дәрістерінде болған қазіргі шәкірттері аңызға бергісіз әңгімелер айтады: Қазақ әдебиеттануының қалыптасу жылдарында оның дамуы үшін өмірі мен білімін аямай-ақ жұмсаған бір адам болса сол дейді. Мұндай әңгімелердің шет жағасын, 1967 жылдары КазГУ де оқып жүргенде біз де естігенбіз: Ауыз әдебиеті және қазақ, орыс классиктерінің шығармаларын жатқа білді деп айтқанда, КазПИ студенттеріне сене алмадық, көруге асықтық бірақ жете алмадық..., 1968 жылы ұстаз дүние салды. Тағдыр-ай десеңші...

Әдебиеттанудан сабақ беретін ұстазымыз З.Қабдоловтан сұраймыз: Қ.Жұмалиевтің бүкіл қазақ эпосын жатқа білетіні, қазақ, орыс ақындарының өлеңдерін жатқа оқып, ғалымдарының, зерттеулерін, әсіресе, Белинскийдің теориялық ойларын жатқа айтады дейді ғой, рас па? - дейміз, аңызға ұласып тұрғандай ойлардың шындығын білмек болып.

Зейнағаң асықпайды. Сәл ойланып барып біраз әңгіме айтады. Сол сөздерінің кейбір үзінділерін кейінгі кітаптарында жазды: «... Қ.Жұмалиев кітабының «Әдебиет теориясы» қазақ әдебиеттану ғылымындағы орнын да, тек мектеп оқушылыр ғана емес, қалың көпшіліктің эстетикалық талғамын қалыптастыруда ондаған жылдар бойы атқарған ролін де ешкім жоққа шығара алмайды.

Алайда бұл әдебиет теориясының келелі мәселелерін кеңірек және тереңірек зерттеу күн тәртібінен түсірген жоқ» дей келе жаңа зерттеулерге көшеді. Біз осы жаңалықтарға орай жаңа бағдарлама жасадық. Сол бойынша дәрістер оқи бастадық. Енді соның негізінде арнайы еңбектер, оқулық жазу міндеті пайда болды. Ал ұстаз ғалымның әдебиет классиктерінің көптеген шығармаларын жатқа білетіні шындық».

Қ.Жұмалиев 1941 жылы «ХУШ - XIX ғғ. қазақ әдебиеті тарихы» кандидаттық, 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбында докторлық диссертацияны қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың отаны атаған Ленинград қаласында мүйізі қарағайдай атақты орыс ғалымдарының алдында қорғайды. Сол жылы Қазақ ССР ҒА мүше-корреспонденті, 1967 жылы Ғылым академиясының толық мүшесі, академик атағын алады. Қазақ ғалымдарының арасында аса құрметті бұл атақты ғылыми еңбек қорғап, ғылым докторы дәрежесі бойынша алғашқы алғандардың бірі. Жоғарыда айтылған мәліметтердің бәрі - Қ.Жұмалиевтің қазақ әдебиеттануына қосқан басқа еңбектерін айтпағанның өзінде аңызға айналатын адам екенін анық көрсетеді.

Алдымен Қажығали Жұмалиев өмірбаяны туралы бірер сөз. Мұны кейінгі ойларымыз түсінікті болуы үшін ғана алып отырмыз. Өйткені ұлы ұстаздың қайда дүниеге келіп, қай ортада өскенін, қайда оқып қанаттанғанын, алған білімін қайда жұмсағанын сауатты көпшілік біледі...

1907 жылдың 28 желтоқсанда, Батыс Қазақстан облысының бұрынғы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Бұл қазақ елінің батысындағы ән мен күйге, өлең мен жырға, хисса мен дастанға толы, өрлік пен ерліктің отаны іспеттес еркіндік пен дарқандықтың алтын ұясы ғашықтық жырлар мен батырлық эпостардың ерекше гүлденген өлкеде жалған әлемнің есігін ашқан. Атадан төртеу, анадан екеу дегендей - тумысында жалғыз емес. Жасынан қақпай көрмей еркін өседі. Хат танитын үлкен ағаларының жатқа соғатын, кейде мәтіндерін де оқитын талай жыр-дастандарды: батырлар және ғашықтар туралы ел аузындағы әңгімелерді, эпостарды тыңдайды, тарихи жырлады да жаттаған сыңайлы. Көпшілік бас қосқан шағын жиындарда орындаған көрінеді. Осыған қарап ауыз әдебиеті, батырлық дастандар мен лиро эпостарға ерекше ықыласы болғанын ұғуға болады. астайымнан әңгіме-жыр, дастандарға құмар болдым», - деп өзі айтатын.

Бұл - талантты баланың тумысынан мұраланған ерекше қасиеттері. Естеліктерінде: «Әке- шешем 12 жасымда қайтыс болды да, мен аға жеңгелерімнің қолында тәрбиелендім» - деп, бауырларының да өлең-жырға, ертегі, аңыз әңгімелерге құмар болғанын жазады.

Қ.Жұмалиев 1923 жылы 16 жасқа шыққанша ауылдық мектепте оқиды. 1923 жылы Орынбор қаласындағы «Ересектер» мектебіне, ағайындарының рұқсатын алмай өз бетімен келеді. Бұл талантты жастың сол бір өте қиын, ауыр жылдарда батыл шешім де қабылдағанын көрсетеді. 1925 жылы Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түседі. Бұл оқу орнындағы мақсат мүлде басқа сипатта еді. Талапкердің көңіліне еніп, берік орнығып алған ауыз әдебиеті мен халық әдебиеті туралы ойлар үнемі алаңдатып қоймады. Сондықтан да оны бітірмей жатып 1929 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың тапкерлерді оқуға шақыру хабарландыруы бойынша жаратылыстану факультетінде оқуға түседі. Осы оқу орнына түсу кезінде «Абай Құнанбаев туралы» атты шығармасын тексерген, бір қаламгер, институт ректоры Санжар Асфендияровқа айтып, Қ.Жұмалиевті филология факультетіне ауыстырады. Сірә, студенттің Абай туралы жазғандарынан әдебиеттануға ерекше қабілеттілігін байқаса керек.

Осыдан бастап Қ.Жұмалиевтің өмірінде өлшеусіз із қалдарған Сейітқали Мендешовтің Қазақтың Советтік Социалистік Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитетінің председателі, Х.Досмұхамедұлының (1930 жылға дейін КазПИ-де проректор болған) С.Сейфуллиннің Қ.Жұмалиев өмір жолында орындары бар. «Жайсаң жандар» кітабында сондай жандардың кейбіреулері туралы деректі очерктер бар. Өкінішке орай Х.Досмұхамедұлы туралы ғана жоқ. Сан түрлі қиындықтар мен сергелдендерді бастан кешкен талантты жасты үлкен жолға бағыттаған, көмектескен ірі тұлғалардың танымына разы боласың.

1932 жылы КазПИ-ді бітірген Қ.Жұмалиевті Қазақстан Халық ағарту комиссариаты Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институтқа оқытушылық қызметке жібереді. Жас маман қазақ халқының ауыз әдебиеті мен фольклордан, әдебиет тарихы мен теориясынан дәріс оқуға кірісті. Оқу құралы ретінде ұсынатын оқулық, оқу құралдары да жоқ. Олар Алматыда да солай еді. Өзі бітірген оқу орнынан ала келген кітаптары мен жазбаларын пайдаланды. Амалсыздан дәріс кезінде айтқан ой-пікілерін студенттерге жазғызуды, конспектiлеуді қолданды. Бірақ, оқулықтар мен оқу құралдары керек. Жоғары оқуда да, бастауыш, орта мектептеде оқулықтар жоқ. Амалсыз жазылған оқу құралдары талапқа сай келмейді. Соған қарамастан кітапсыз оқыту жалғасуда, оның шет жағасын Алматыдағы оқу жылдарында көрген.

Қ.Жұмалиев дәл осы кезде алдында тұрған аса маңызды жұмыстарды көрді. Әдебиет тарихын жазуды ойластыру: оның даму жолдарының басты арнасы мен жүйелерін табу. Қаптаған қиын мәселелер туралы мерзімді баспасөз беттеріне жазып, көмек күтіп көрді. Хабарласушылар болды, біліктілер табылмайды.

Әдебиет теориясының қадау-қадау қағидаларына үңіледі. Қайта қарауды талап ететін мәселелер мен сұрақтар жеткілікті. Теориялық ұғым, заңдылықтарды айқындамайынша алға жылжу алысқа апармайтындай. Ең күрделісі алдында тұрған мәселелерді қатар қозғап, салыстыра - салғастыра талдап қолдану қажет. Әрқайсы мықты ғалымға өмірлік жүк боларлық жұмыстарды қатар жүргізу міндет.

«ХҮШ-ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихы» осылай жазылады. Әрине, ол бәріміз бүгіндері жақсы білетін кітап емес. Оқулықтың кейінгі басылымдары кеңестік идеология нұсқаулары мен баспасөз беттеріндегі сындарға орай сан түзетіліп, тиісті редакциядан өткен. Кейінгі әр өзгерістердің ұзақ өз тарихы бар. Оны түптей жазу үшін жеке кітап жазуға тура келер еді. Сәл кейінірек бұл оқулыққа арнайы тоқталамыз.

Осы жылдарда Қ.Жұмалиев Орал қаласында облыстық жазушылар ұйымының бастығы қызметін қоса атқаруға сайланады. Бірер өлеңі мен поэмалары «Егізбай мен Ерқожа», «Ер Жаукен» республикалық газет, журналдар бетінде жарияланып көпшілік тарапынан бағалана бастаған. Әдебиет жұмыстарын ұйымдастырумен қатар басқа да қоғамдық қажетті жұмыстар жүргізуге тура келді. Солардың бірі, әрі Қ.Жұмалиев дүниетанымы мен шығармашылығында өшпестей із қалдырғаны Қ.Аманжолов, А.Жұмағалиев, Х.Ерғалиев, Ж.Тілеков, С.Сейітов, Қуан Тастайбеков т.б. сынды жазушылармен қоян қолтық араласу. Дүниетанымдық, шығармашылық істерде тез көтеріліп келе жатқан талантты жастардың алдында заманауи сұрақтар аз болмайтын. Әрі олардың бәрі бұл сұрақтарға бас қосулардан жауап күтетін. Дауласатын, таласатын. Әдеби шығармаларда шындықты жазу керек дейміз, бірақ өмірде олай емес қой? Сезімді, махаббатты т.б. неге жазбасқа! Күнделікті тірлікте көрініп тұрған шындықты жазуға неге болмайды? Идеологияда неге өтірік мол т.с.с. Бұл сұрақтардың шешімі де көбіне теорияға барып тіреледі. Осы қиын сұрақтарға жауапты институт оқытушысы Қ.Жұмалиевтен күтетін. Қазақ қоғамдық санасында орны бар бұл тұлғалардың бәрі де ұстаз- ғалымның Оралда басталған шығармашылығы мен ізденістері, толғаныстары туралы талай деректі естелеіктер, мақалалар жазған.

Осы кездесулер кезіндегі пікірталастар мен даулар кейін көп ойларға, ізденістерге бастады. Қаламгер әдебиет теориясы мен көркем әдебиетке көп көңіл бөледі. «Шабуыл», «Қанды асу», «Өмір жыры» деген өлеңдер кітаптарын шығарды.

Махамбет өмірбаяны, «Исатай-Махамбет», Кенесары көтерілісі туралы материалдар жинап жариялай бастайды. Мұның бәрі қазақ әдебиетінің тарихын жазу, теориясын жасау үстінде қолға алынды. Алда - үлгі, қолда-дерек, ойда-айқындақ жоқ. Күмән бар. Қиындық көп. Көп емес-ау өлшеусіз көп. Дәл осы жағдайда қиын тақырыпқа қойып кету деген үлкен батылдықты, әрі ең бастысы өзіне сенуді көрсетеді.

Қ.Жұмалиевтің қаптаған қиындықтарға қарамастан өзіне сенім мол еді. Талай қиын өткелдерден өтіп, таласып, талпынып, таланып үлкейген кездегі шәкірттеріне айтқан ойларында осы уақыттардың біраз шындықтары көрінеді: «...өмірде ешкімге тәуелсіз өмір сүргім келіп, біраз жұлқынып көрдім. Бірақ ол болмайды екен, жігіттер. Өмір кейде өз дегенін істеп, адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді» Бұл пікірге келу үшін алда әлі талай қиын жылдар - қайғысы мен қасіреті бар, азабы мен тозағы аралас уақыттар күтіп тұрды.

Өте маңызды, кезек күттірмейтін оқулық жазу осылай басталған еді. Ауыр ізденістер арасында қиын зерттеулермен күн артынан күн өткен сайын сенім де күшейе түсті. Бірақ көмек қолын созып, жәрдемдесер жандар болмады. Мемлекет пен оқу-ағарту істерімен тікелей айналысатын адамдар тарапынан асықтыру мен тексеруден өзге көмек жоқ.

Теория мен тарих туралы ой-толғамдарға Мәскеу тарапынан елеусіздеу көрінгенмен өтуге ауыр тосқаулар көбейеді. Мәскеулік ұлықтары тарапынан қақпайлау көрінген сайын, әріптестері тарапынан да күстаналау, шұқылау үдейді. Ғалымның шығармаларынан ілік іздеп газетке жазады. Бұл мақалалар оқырмандар тарапына әртүрлі пікірлер туғызады.

Отызыншы жылдар соңы мен қыркыншы жылдардан бас кезі оқығандардың кеңестік идеологияға мән беріп саяси сауаттануының - үдей бастаған шағы. Ахмет Байтұрсыновтар мен «алашшылдардың», Сәкендер мен «халық жауларының» атылған кездері...

Қиын жылдардың құйтырқы, қатыгез әрекеттері құтырына бастаған шақта Орал қаласына келіп ұстаздықты бастаудың қиындықтары жайлы Қ.Жұмалиев естеліктері мен жазған мақалаларында айта алмады. Ауызша әңгімелерде қозғаған да болар, бірақ оны тыңдағандардан арамызда барлары аз-кем шығар.

Академик-жазушы З.Қабдолов оқуды жаңа бітірген жас маманның Орал университетіне баруы үлкен табыс болды деп айтатын: «Орал университеттерінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айрықша бір аяулы жайы бар:

заманымыздың ғұлама ғалымы, қазақ әдебиеттануын қалыптастыруға зор еңбек сіңірген, әдебиет тарихынан алғашқы ғылыми дәрежелер қорғаған, әдебиет теориясын қалыптастырған Қ.Жұмалиев осында Орал қаласындағы оқу орындарында білім алған, азамат, ғалым ретінде қалыптасқан. Мұның бәрін осында бастаған» (Қабдолов З: Екі томдықтандамалы шығармалар.-Алматы, -Т.2, 406)

Сонымен, әңгімені бастаған мерейтойға оралайық. 110 жылдығын, 2018 жылы, 20 қарашада, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің педагогика факультеті халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция түрінде атады. Бұған да шүкірлік етуге болады, өйткені бұрын бір ғана оқу орнының бір ғана факультетінде студенттерді мәжіліске мәжбүрлеп жинап, іш пыстырар баяндамаларды тыңдататын қалыптан шыққан тәріздіміз. Осы жолы университет басшылары мен Орал облысы әкімшілігі бұрынғы сірескен тоңды бұзыпты. Алғаш рет академик, ғалым-ұстаз, ақын-жазушы мерейтойы Орал қаласындағы драма театры ғимаратында, қазіргі үрдіспен жаңаша айтқанда, жаңа форматта өтті.

Оралдықтар, Қажым Жұмалиевтің көзін көрген, сөзін естіген, өмірі мен шығармашылығын, еңбегін жақсы білетін ардагерлер мен Алматыдан, Өзбекстаннан (Қарқалпақ, Нүкістен), Ресейден, Уфадан шақырылған ғалымдармен салтанатты, халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Ең қуаныштысы мәжіліске Орал қаласы әкімшілігінен, Қажым Жұмалиевтің туған жері Қаратөбеден аудан басшылары қатысты. Есімі мен еңбегі Қазақстандықтарға ғана емес, одан тыс жерлерге де жақсы таныс атақты жерлестері туралы оралдықтар ойлана бастаған сыңайлы. Оған, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті Азамат Мамыровтың Қ.Жұмалиев шығармаларының, бір бөлігін ғана, 7 том түрінде жариялауы қозғау салған сияқты. Бұл жеті том Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы жанынан құрылған арнайы комиссия мәжілісінде мақұлданып, облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы, тікелей қаржыландыруы бойынша баспаға ұсынылған екен. Содан бері сегіз жыл өткен. Конференция кезінде университетте Ұлы ұстаз, ғалым, академик, ақын-жазушы, Қ.Жұмалиевке кабинет ашылып, тұсауы кесілді. Ресми жиында сөз тимеген, айтылмай қалған ойлар мен пікірлер, түрлі қағытпалар осы кабинеттегі дөңгелек үстелде жалғасты.

Демек, үлкен жұмыстар қозғалды...

Алайда, алда тұрған істерді қолға алуға, ғылыми негізді зерттеулер жүргізуге бұл кабинетке жетекшілік жасайтын, қызмет ететін аз ғана топтың шамасы жете ме, мәселе осында. Енді атақты ғалым-академик, ұлы ұстаз Қ.Жұмалиевтің жарық көрмеген кітаптары мен жарияланбаған қолжазбаларын, шығармаларын басып шығаруға, заманауи зерттеулерге кірісуге, естеліктер жинауға, ғалымның көзін көрген, сөзін естіген, лекциясын тыңдаған ардагерлердің есте қалғандарын жариялау керек.

Бұл - Оралдықтар үшін ғана емес, Қазақ ел үшін өте маңызды жұмыс. Қ. Жұмалиевтің қазақ әдебиеттануы үшін орасан зор жұмыстар істегені даусыз шындық. Жоғары және орта мектептерге оқулықтар жазу ісінің бастауында тұрғаны мойындалды. З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, А.Нұрқатов, М.Мырзахметов т.б. атақты ғалымдардың зерттеулерін қараңыз.

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен» дегендей, Қажым Жұмалиевтің кім екенін интернет пен алуан түрлі қызықтарға алаң бүгінгі ұрпақ біле ме, ойланып көргендері бар ма екен, өзі деп ойлайсың осындайда. Оқырмандар арасында аты-жөнін білетіндер кездеседі. Бірақ қазақ қоғамдық санасы мен мәдениетіне сіңірген еңбегі туралы жақсы білетіндер көп болмаса керек. Мәселе - осында!

Алдымен мына тарихи деректерді еске түсірген дұрыс. Қажым Жұмалиев - М.Әуезовтің қанаттас әріптесі, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің ірі маманы. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы туралы алғашқы жүйелі зерттеулер мен еңбектер, монографиялар жариялаған, жоғары мектептерде дәріс оқыған ұстаз. Әдеби үдеріске үзбей араласқан ҰҒА алғашқы академиктерінің бірі. Қазақстан мектептеріне арналған сан-алуан оқу құралдары мен оқулықтардың авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасын 30 жыл басқарған, жалпы ұстаздық өтілі - 36 жыл.

Қ.Жұмалиев туралы бүгінгі ұрпақтары Ұлы ұстаздарының мерейтойын жаңаша өткізуді бастаған екен, өте қуанышты бастама!

Қазақстан жоғары мектебінің, гуманитарлық демей-ақ қояйық, тіпті филология факультеттерінің бағдарламаларында Қажам Жұмалиев өмірі мен шығармашылығына тиісті мән берілмеген, аталмаған деу дұрыс болмас. Алайда, себебі бар ма деп ойлайсың осындайда. Әлдеқайда асығып, өзара бәстесіп, жанталасқан заманда мұндай сұрақ қою артық тәрізді көрінуі мүмкін-ау. Ойланасың. Бірақ, мәселені төтесінен тап осылай қоюдың реті дебар. Өйткені, қазақ қоғамдық санасын қалыптастырып дамытуға өлшеусіз үлес қосқан, ұлттық таным мен мәдениетті өркениетті елдермен теңестіруге өмірін жұмсаған, отаршыл Кеңес үкіметі тәрізді өкіметтің барлық өктемдігін, зорлығын, қорлығын, түнек түрмелерін көрген. Онда отырған «мәңгірт ұлықтар мен тергеушілердің сұрқия, аяр сұрақтарын, жолсыз, жөнсіз, жүйесіз жазасын көрген елін сүйген ержүрек ардагер азаматтар туралы қашан айтамыз?! Олар туралы арзан залдар мен шағын мектептердің, оқу орындарындағы көзбояу үшін ғана ұйымдастырылған мәнсіз отырыстармен шектелеміз бе? Ұлы Махамбет айтқандай «ақырып теңдік сұрар кез» қашан келеді, туған жоқ па сол күн!

Басқа істері мен жұмыстарын былай қойғанда қазақ әдебиеті мен әдебиеттануын зерттеу мен оқыту жолында 40 жылға жуық еңбектенген академик, ғалым-ұстаз, жазушы-ақын кеңес үкіметінің түнек түрмелерінде отырып, күнәсіздігін дәлелдеп, қуынып арыз жазып ақталып шыққан Қ.Жұмалиев тап сондай жандардың бірі. Ендеше, Егемен Қазақстанның болашғы туралы ойланушылар, әсіресе, оқу-тәрбие ісінің типтік оқу бағдарламасын жасаушылар, мұндай ерен еңбегі бар, арамызда бар, жоқ ерлерді түрме, қуғын көрген «бейшаралардың» бірі демесе екен.

Үкіметтің ұлттық саясатын іске асырушылар әрбір қимыл әрекетінде: ресми құжаттарға қол қоярда, миллиондардың тағдырына тікелей қатысты мемлекеттік бұйрықтар мен құжаттарды бекітуде туған жері мен дүниеге әкелген ұлты алдында адалдық сақтаса екен. Қазақ мемлекетінің ұлттық-әлеуметтік жоспарларына тосқауыл қою былай тұрсын мән бермесек, әлемдегі ұлттық рух пен адамзаттық руханияттан жүрдай қоғамдар мен мемлекеттер тізімінің қақ басына шығып алуымыз ғажап емес.

Бірақ Қажым Жұмалиев көптің бірі емес!

1946 жылы Ленинград қаласында «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбында докторлық қорғағанда, әлемге әйгілі ғұлама ғалымдар И.И.Мещанинов, С.Е.Малов, Ю.И.Крачковский, В.М.Жирмунский, т.б. аса ризалықпен сөйлеп докторанттың табиғатына тән бірнеше қасиетті көрегендікпен атап көрсеткен.

Қ.Жұмалиевтің іргелі зерттеулері мен байсалды еңбектері, ғылыми концепциялары туралы әдеби-сын мақалалар ұстаз өмірден өткен 1968 жылдан кейін өте көп жазылған. Осы бағыт 70-жылдардың ортасына дейін жалғасады да біртіндеп азая бастайды. Академик зерттеулеріндегі әдеби- тарихы талдаулардың байсалдылығы, теориялық маңызды зор ой- пікірлер туралы М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Х.Әдібаев, М.Мырзахметов, Ә.Тәжібаев, Х.Ерғалиев, Х.Есенжанов, М.Ғабдуллин, Ә.Дербісәлин, М.Атымов, М.Хасенов, Ы.Дүйсенбаев, Б.Ысқақов, С.Сейітов, С.Талжанов,

А. Нұрқатов, Т.Әбдірахманов т.б еңбектерінде аса үлкен құрметпен аталады.

Қазақстанның жоғары және орта мектептеріне арналған оқулықтарының саны мен басылымдарын, монографияларын түгендеген жан болса жаза жатар. Оқулықтарының біразы әлі күнге дейін қолданыста. Академик ұстаз зерттеулерінің маңызын жоймайтын бірнешеуін ғана атай кетейік: Ең алдымен, 1970 жылыдарға дейін Қазақстан орта және жоғары мектептерінде оқулық ретінде сан мәрте қайта басылған «Әдебиет теориясын» айтудың керек. (Алматы, 1938, 1939, 1940, 1941, 1942,...1969). Бұл оқулықты толықтыру мен түзету үшін Қ.Жұмалиев орыс ғалымдарының еңбектерін түгелдей қарастырады:

В. Виноградов, А.Потебня, А.Веселовский, Г.Абрамович, Г. Поспелов, Я.Эльсберг, Л.Тимофеев, В.Кожин, Ф. Головенченко, Л.Щепилова, В.Сорокин, Б.Буров, И.Гуторов және М.Горький атындағы дүние жүзі әдебиеті институтының 3 томдық іргелі еңбегіне сүйенеді, жаңа концепциялар мен маңызды ойларды саралайды, салыстырады. Бізге, қазақ әдебиеттануы үшін қажетті, маңызды ойларды теріп, тандап алады. Бірақ, әдеби дерек пенен

дәйектер қазақ әдебиетінен көрсетіледі. Бұл қиындығы көп іс болатын. Әдеби деректер іздеуге, тарихқа баруға, ірі шығармаларды оқуға тура келді. Әрине, әдебиет теориясына қосу үшін оларды қайта тексереді. Әдебиет теориясы осылай жазылған: Қазақ әдебиетінің тарихы. -1938. М.Өтемісов өмірі. -Алматы,1938. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі.-Алматы, 1948. Қазақ совет әдебиетінің тарихының очеркі/ Жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР ғылым академиясының корр. мүшесі Қ.Жұмалиев.- Алматы, 1949. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы, 1958. - 402 б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі.-Алматы, 1960.-364 б. Қазақ әдебиетінің тарихы. /Жалпы ред. Басқарған ..., Қ.Жұмалиев. - Алматы, 1961. 2 -т.1 -кітап т.б.

Бүгінгі Егемен еліміздің тарихын түгендеу тұсында тарихи-әдеби деректері мол, талдаулары қазіргі талаптарға сай қажетті тарихы бар еңбектің бірі деп айтуға лайық.

Бұл тізімді жалғай беруге болады, бірақ ол біздің бүгінгі мақсатымызға кірмейді. Ерекше ықыласты оқырманға әзірше проф. М.Атымұлының монографиясын қарауға кеңес береміз («Қажым Жұмалиев» - Алматы, 1989; кейбір еңбектерінің библиографиясы және негізгі қозғаған тақырыптары бар)

Қорғамдық-гуманитарлық білім саласының қызметкерлері, әсіресе, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясының мамандары өзімізге дәріс оқымаса да ұстаз тәрізді қабылдаған академик - ғалымға егемендік алған жылдан бері тиісті құрмет көрсете алдық па, өзіне лайық. Студент кезімізден бастап Қ.Жұмалиевтің аңызға айналған лекциялары туралы талай әңгімелер естідік:

«Қолында бір жапырақ қағаз жоқ. Махамбет өлеңін жатқа айтып, теориялық талдауын табан аузында қолма-қол жасап тұр. Тек Махамбет қана емес, қаласа күллі қазақ, орыс әдебиеттерінің, дүние жүзілік классиканың кез-келген тұсынан ойып-ойып алады да, сол арқылы өзінің түрліше теориялық толғамдары мен тұжырымдарын қолға ұстатқандай әрі нақты, әрі затты дәлелдеп береді» - деп жазады, академик З.Қабдолов (Қабдолов З. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы,7, 1983, -Т., 409 б)

1967 ж. 25-қазан күнгі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми сессиясында сөйлеген сөзін естіген адамдар естелігінен: (Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы туралы баяндамасы): «Қолда түк қағаз жоқ, кафедраға шығып алды да баяғының шешендері сияқты суырыла сөйлеп кетті. «Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы» туралы тым әріден бастады. В.Г.Белинскийдің «Поэзияны жігіне және түріне қарай бөлу» деген мақаласынан екі беттей цитатаны жатқа айтып шықты да, міне, біз соның бір түріне тоқталамыз деп әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тұмаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық шығармалардан: «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар батыр» жырларынан, лиро-эпикадан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман Шолпан», поэзияның қысқа көлемді түрінен: «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар» айтыстың түрлерінен мысалдар келтіре отырып, Бұқар жырау шығармаларына келіп бір-ақ тоқтады.

Бұқарға келгесін-ақ шын жүйріктің көмейі ашылып, көсіле түсті. Оған жалғас Махамбет пен Шернияз, Алмажан Азаматқызы мен ХІХ ғасырдығы қазақ поэзиясының мұнаралы биігі Абайға келгенде қазіргі дәуір поэзиясының ауылы Қажекеңнің аяқ астында тұрды». (Атымұлы М. Қажым Жұмалиев.- Алматы, 1987.-35 б.). Қ.Жұмалиевтің осындай баяндамаларын, лекцияларын тыңдаған жандардың сол әсерлері естерінде болар.

Академиктің ғылыми қызметтері мен зерттеулерінен өзге көңіл мен уақытын бөлген жұмысының басты арнасы Ұстаздыққа байланысты болды. Дүниедегі ең ардақты, қасиетті, киелі мамандақ ұстаздық жолы оңай емес. Ел білетін, көрініп тұрған «ақты қара, қараны ақ» деп ұстаз ешқашан айта алмайды, - деген сөздерді Х.Досмұхамедұлы, С.Асфендияров, С.Сейфулин т.б. тәрізді айрықша құрметтеген, ұстаздарынан мұраланған. Бұлар - Қажым Жұмалиевтің өмірлік ұстанымы болатын.

Ол туралы аса көрнекті ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Қ.Жұмалиевтің кешегі шәкірттері көп жазған. Бұл пікірлерге жәй көз салудың өзі талай ойларға қозғау салады.

Академик С.Қирабаев: «Қажым педагог ұстаз еді. Өмірінің 35 жылын бала оқытушылық қызметпен өткізді. Қажым шәкірттерінің қатарына мен тек оның лекциясын тыңдаған

жастарды ғана емес, осы 35 жыл ішінде қазақ мектептерінде оқып, қазақ әдебиетінен дәріс алған шәкірттердің бәрін де қосар едім. Олардың бәрі әдеби білімді алғаш Қажым оқулығы негізінде алды. Қажым оқулығы негізінде орта мектепте қазақ әдебиетін пән ретінде жүргізу ісі жолға қойылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш кандидат, тұңғыш доктор Қажым Жұмалиев республика әдебиет кадрларын даярлауда өлшеусіз мол қызмет сіңірді. Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен 32 адам ғылым кандидаты, 8 адам ғылым докторы дәрежесін алды. Сонымен қатар, ол ғылым докторлары аз көрші республикаларда, Орта Азия әдебиетшілерінен докторлар даярлау ісіне зор қолқабыс етті. Өзбек, Қырғыз, Қарақалпақ, Башқұрт әдебиетшілерінің бірқатары-ақ (Н.Сағитов, Н.Жапақов, Қ.Рсалиев, А.Харисов т.б.) бұл жағынан Қажымға қарыздар» (Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. - Алматы, 2007. Т.3.315, 317 бб.).

Профессор М.Мырзахметов: «Қ.Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арнады. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспекті, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез-келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа соғып, сөз маржанын нөсерлеткенде тыңдаушысын сілтідей тындырып керемет әсерде қалдыратын. Шәкірт атаулыға біліміне қарап бағасын, ынта-талабына қарай құрметін аямаса, ойында нәрі бар творчество адамына деген ықыласы да бөлекше болатын» (Мырзахметов М. Ғұлама ғалым. //Лениншіл жас, 1977, 24 декабрь)

Академик Зейнолла Қабдолов: «...Қажым Жұмалиев - шын мәніндегі сирек ұстаздардың бірі: ол - буын-буын жас ұрпаққа үлгі беруден, өнеге дарытудан, ғұмыр бойы «үйретуден жалықпаған» нағыз педагог.

Қ.Жұмалиев - көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз. Ол өзінің өзге қырларымен қатар, ұстаздық қызметке 40 жылға жуық ғұмырын жұмсаған екен. Бұл, мүмкін, оның өзге қызметіне (мәселен, жазушылығына) қажет уақытқа біраз қиянат жасаған-ды. Асылы Жан-Жак Руссоның байлауы дұрыс:

«Ұстаздық ету - уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық - ұлы нәрсе!»

Мұндай пікірлерді жалғастыра беруге болады: Жоғарыда көрсетілген көрнекті ғалымдар мен қаламгерлердің пікірлерінен Қ.Жұмалиевтің ұстаздық қызметі мен дәріс оқудағы шеберлігі мен шешендігі, әмбебап білімділігіне айрықша тоқталған үзінділерін ғана алдық.

Ұстаздың болашақ ұрпақ тәрбиелеудегі ересен еңбегі мен ғұлама дәріскерлігінен өзге де аса маңызды қызметтері болған. Бірақ, соның бәріндегі **алтын қазық** - ұлттық танымды қалыптастыру мен қоғамдық санадағы ұлттық идеяны қастерлеу және құрметтеу болатын. Ал мұндай идеялардың отаршыл кеңес үкіметіне жақпайтыны аян.

Шығармашылық жоспарлы жұмыстар мен ғылыми зерттеулерінің екпінді күйге енген шағында Қ.Жұмалиев оның бәрін қазақ әдебиеті тарихы мен теориясына қатысты үлкен зерттеулерімен сабақтастыра атқаратын күндерде 1940 жылдың 20 апрель күнгі «Ленинская смена» газетінде А.Тоқмағанбетов пен С.Жүсіпбековтер «Кенесары» қозғалысы туралы кітабында жазады деп Қ.Жұмалиевті кінәлайтын мақаласы жарық көреді. Мәселе партия жиналысында талқыланады, ғалымға ескерту жасалады. Кейінгі бір мақалаларда оның кітаптарында ұлтшылдық идеялар бар. Дулат, Бұқар, Шортанбай, Мұраттардың теріс көзқарастағы шығармаларын мадақтайды сол арқылы «жастардың санасын ұлтшылдықпен улауда» деген сияқты айыптар тағады. Бұлардың бәріне дәйекті, сауатты жауаптар жазу керек, әйтпесе, жағдайдың ушығатыны мәлім.

Бірақ, ресми қуғын көріп, беті қайтпаған ер мінезді талантты жас қолына алған істерін жалғастыра береді. Алдымен «ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген тақырыпта кандидаттық, кейін «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» тақырыбындағы докторлық диссертациясын, 1946 жылы СССР Ғылым академиясының Шығыстану институтында қорғайды. Сол жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше- корреспонденті болып сайланады.

Қ.Жұмалиев шығармашылығында Махамбет тақырыбы алға шығады да оған арнаған монографиясын 1948 жылы жариялайды.

Академик-ғалымды қудалаудың басы 1950 жылы «Правда» газетіндегі «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» мақаласынан басталады. Қазақстан ғылымындағы «ұлтшылдық» туралы қарарлармен Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұқамедхановтар қуғын-сүргінге ұшырайды. Осы айыптаулар қабаттаса келе ғалымды 1951 жылы абақтыға жабады. «Қудалуға қатысты» кейінгі қуыну- шағым арыздыр бойынша жазаны он жылға азайтып, Алматыдан Қарағандыға жер аударады. 1953 жылы «халық жауы» ретінде қайта ұсталып, 25 жылға сотталады. Тағы да «қуыну арыздары» бойынша қылмыстық деректерінің жоқтығынан 1956 жылы ақталады.

Қ.Жұмалиевтің еңбегі мен зерттеулерін талдай қарағанда шығармашылығында айтылатын тарихи уақиғалар жүйесіне, деректерге әдейі «теріс баға» беретін, кеңестік идеологиямен былыққан сұрақтар мен ойлар бүгінде жеткілікті. Оның бәрін түптеп айтуға уақыт керек, әрі жеңіл емес.

Кеңес үкіметінің отары болған кезде ұлтшылдық үшін қудалау көріп қамалған, азаптау көрген ғалымдар туралы еркіндік пен тәуелсіздік, ұлттық рух жолындағы күрес тарихын жаза бастады. Тарихи деректер мен талдаулар, толғаныстар негізінде бәрін бастан кешкен, адамдар көрген ақиқат баяндалады. Адам рухын құртуды, жоюды міндет қылған түрмелерді басқарған саяси топтар мен оны басқарғандар туралы әңгіме қозғалуда. Азаттық пен тәуелсіздік идеяларын құрту үшін мақсатты түрде әдейі құрылған торлармен «жазықсыз түнекке қамалғандардан» жауап алуда небір сұрқия тәсіл, айла қолданған «тергеуші, ұлықтарды» әшкерелей бастадық. Бірақ, көбі әлі халық назарынан тыс қалуда. Отаршыл Кеңес үкіметінің жөнсіз де жолсыз жазасын, жәбірін көріп «қылмысы жоқ болғандықтын ақталды» деген ресми үкіметтік мойындауды қолға алып түнектен құтылған Қ.Жұмалиевтердің ойлары мен сезімдерін білер ме еді? Біреулерге айтты ма екен? Әрине, айтты. Бірақ солардың да үнсіздігіне қарағанда «ол сұмдықтарды» айтудың өзі қауіпті болған ғой! Ол жандардың түрмеден шыға, тағы да сол идеологияға қайта қызмет істеп туған жері мен елін, ұлтық рухын сақтағандарына қайран қаласың. Осындайда «Ұлылық деген қолда тұрған бар мүмкіндікті пайдалану, рухынды жоғалтпау» - деген данышпандардың сөзі еске түседі. Отаршыл үкіметтің не бір жазасын бастан кешкен ұстаздар жолында осы ұстанымдар болды-ау деп ойлайсың.

Азабы мен мазағы аралас кеңес үкіметінің жазасынан кейін, соның сойылын соққан сауатты замандастарының арсыз әрекет мінездер жалғасты. Қ.Жұмалиевтің тағдырлас бауырлары болашақ ұрпақтарына айтар аманатын түптеп айта алмаса да асыл армандарын ішке бүккен мұраларды қалдырды. Енді солардағы жасырын сөздерді тауып, оқып, шешу ұрпақтарының басты міндеті. Ресми үкімет қылған қорлық пен қиянаттың бәрін қайсарлықпен көтеріп, табандылықпен берік рухы арқылы жеңді. Әрине, айтуға ғана жеңіл.

Қазір Қ.Жұмалиев туралы не айтсаң да болатын тәрізді. Дерек те, дәйек те жеткілікті. Бірақ, бір қарағанда ғана. Аңызға бергісіз тағдыры, ертегіге сай еңбегі зор академик-ғалым, ұстазға, Ұлы ұстазға, лайықты құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтарының парызы. Мұның бәрін білетін, анда - санда болса да мәселе көтеріп, айтып жүрген ғалымдарға рахмет! Айтқысы келмейтіндер де ортамызда. Олардың енді не ойлап жүргендерін, не жазып тастағандарын кім біліпті. Әдебиет тарихын ұрпақтарына оқыту үшін көптеген оқу құралдары мен оқулықтарды қиын күндерде жазған, алуан-алуан мәселелерін талқылауға атсалысқан ғалым- ұстаз еңбегі дерексіз, жүйесіз сөздерге бола бағаланбауға тиіс.

Қ.Жұмалиев өмірі мен шығармашылығы туралы ойланғанда «неге лайықты бағаланбайды?» - деген ойлар үнемі алдан шыға береді. Мұнда Қ.Жұмалиевтің шығармашылық келбетіне, қайсар тұлғасына күйе тәрізді жағылған бірер «дерек» бар, егер солай деп айтуға жарар болса. Бірі, Қ.Жұмалиев екі рет Кеңес үкіметінің жазалаушы ұйымдары тарапынан қуғын көріп, 25 жылға сотталып, «қуынып», арыз жазып кінәсіздігін дәлелдеп, «қылымысы жоқ болғандықтын ақталды» деген ресми үкіметтік мойындаудан кейін ақталды. Шет жағасы жоғарыда айтылды. Қайталауға да ауыр.

Екіншісі «кінәсі» - әдебиетші әріптестері тарапынан таратылған сөздер. Олар жүрген жерлерінде, сөйлеген сөздерінде шәкірттеріне, тыңдаушыларға Қажым Жұмалиевті жамандап

бақты. Әрі бір рет қана емес. Үнемі қақсаумен болды... Бұл сөздердің біразын біз де естігенбіз (-З.Б.)

Бұған негізді жауапты ресми атақ дәрежелері бар академиктер мен профессорлар, ғылым докторлары айтқан және бір рет емес. Сан мәрте дәлелдеген де.

Соның негізді бір жауабын академик С.Қирабаев айтты: «әдебиетіміздің бастауын кейінге тартты» деген сөз үлкеннің де кішінің де аузында жүр. «Толыққанды авторлық әдебиет критериллеріне жауап беретін өкілдер қазақ жұртында ХҮІІІ ғасырдан бастап көріне бастады» деген пікірді айтқан бір ғана Жұмалиев емес. Бұны Бұқардан бастайық деген әңгімені Мұхаң да айтқан. Бұл мәселеде Қажым Жұмалиев Әуезовпен ақылдасып келісімге келген. Қазақ әдебиеті тарихын Бұқардан бастау керегін Қажекен Мұхтардың өзі айтқан. Бұл шындығында, Мұхтар Әуезовтің концепциясы болатын.

Қажым Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихының басы ХҮІІІ ғасырдан, Бұқардан басталады деген пікірді сол кездегі бар дереккөздерге сүйеніп айтты.» (Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен,-Тараз: «Қарахан» РБО, 2017. -Б.14.)

«Бүгінгі өскелең ғылым дәрежесі мен ізденістер қазақ әдебиеті тарихының Бұқардан да әрірек басталғандығын көрсетіп отыр. Соған қарамастан, Қажымның әдебиет тарихының бастаулары туралы ой-пікірлері мен тарихи тұлғаларды жүйелеп, оларды орын орнына қоя қарастыруы ХҮІІІ-ХІХ ғасыр әдебиеті үшін күшінде қалды. Ол осы дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдері жайлы бағалы зерттеулер жасады. Ғалымның бұл зерттеулері оның 1958-1960 жылдары шыққан екі томдық кітабына кірді.» (Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы.-Алматы,2007.Т. -312 б)

Қ.Жұмалиев атақты В.Г.Белинскийдің «Литературные мечтание» еңбегінде айтылған әдебиет тарихы туралы пікірлерді басшылыққа алған.: «Бізде әдебиет бар ма?» - деген ойларды орыс әдебиетінде бар шығармаларды талдауға ала отыра жүйелі, деректі түрде қалай дәлелдейді? Мақалада: «Біздің әдебиетіміз Ломоносовтан басталады. Ол әдебиетіміздің әкесі де, бақташысы да. Ол оның Ұлы Петрі болды. Оны данышпандыққа лайық ұлы адам болды деп айту керек пе? Ол даусыз шындық. Ол әдебиетіміз бен тілімізге бағыт берді деп, тіпті уақытша болса да, айту керек пе? Бұл тіпті даусыз. Бірақ қандай бағыт? Бұл басқа сұрақ. Бұл туралы мен жаңа ештеңе айта алмаймын, бірақ көпке аз-кем белгілі ойларды қайталайтын шығармын» (Белинский В.Г.Собрание сочинений.В 9-ти томах. Т.1.-С.68).

Әдебиет пен көркем шығарма халыққа танымал болуға тиіс. Ол болашаққа қажетті пікірлерді қозғайды, ой мен тілді дамытады, ел танымын өсіреді, әрі эстетикалық құндылығы жоғары болуы керек, - деген ұстанымдарды Қ.Жұмалиевте басшылыққа алған. Әрі алғашқы оқулықтары мен мақалаларынан бастап В.Белинскийге сілтеме жасаған және көзқарасын ешқашан өзгертпеген. Сондықтан да қазақ көркем әдебиетінің тарихы Бұқардан басталады деген тұжырымын қолда бар әдеби - тарихы деректермен дәйектеген, басшылыққа алған.

1950 жылдардағы ресми қудалаулар Қ.Жұмалиевтің әдебиет тарихы мен теориясына қатысты барша тың, тұнық ойларын астаң-кестен қылды. Енді әдебиет тарихына қатысты негізгі идеяларын іске асыру үшін күресуге тура келді. Бірақ, қарсы көзқарастағы оппоненттердің дерексіз сөздері еркін еңбекті аңсап шыққан ғалымды жаралады. Жаламен күресулер, ақталулар, жауап жазу, кейін ойланып қарағанда қажеті шамалы тәрізді, араласқан сайын былыққа бата түсесін, бірақ адам табиғаты, мінезі сондай... Мұның аяғы, нәтижесі талантты тұлғаның уақытын босқа өткізуге әкелді. Мұны ғалым білді. Амалсыз жауап беруге тура келді, бірақ, басқа, өзге түрде. Даулы мәселе, қиын сұрақтарға ғылыми неізді жауаптарды зерттеулер мен еңбектер арқылы дәлелді, деректі түрде жеткізуге бекінеді.

«Қ.Жұмалиев ХҮІІІ -ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихын жете зерттеді. Өзінің еңбектерінде ол ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің өзара байланысы мен айырмашылықтарын терең қарастыра келіп, ауыз әдебиетінің жазба әдебиеттің туып бөлініп шығуын ХҮІІІ ғасырдан, Бұқар дәуірінен басталады деген қорытынды жасады» - деп жазады ғалым еңбектерінің басты бағыттары туралы С.Қирабаев.

1958-1960 жылы жарық көретін қос томдық еңбектеріне Қ.Жұмалиев үлкен дайындықпен келген. Бұрынғы жазылған еңбектерін: оқу құралдары мен ғылыми мақалаларын, кандидаттық, докторлық диссертациядағы талдаулары мен байымдауларын, теориялық

кисындарын қайта қарап заманауи зерттеулерді, ғылыми бағыттарды ескеріп, толықтырып, түзетіп жазған. Енді бұл еңбектерді сол жылдармен салыстырғандағы жаңа, болашаққа көз тіккен бірер пікірлерге тоқтайық.

«Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты бірінші томы екі үлкен бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім, қазақ эпосына арналса, екіншісі - қазақ әдебиеті тарихына арналған. Халқымыздың басынан өткен тарихи кезеңдердің елесі тәрізді батырлар жыры, ғашықтар жыры, лиро-эпостар бұл бөлімде тарихи - әдеби мысалдар, деректер негізінде талданады.

Бұлардаң сақталуының түрлі себептері көрсетілген: біріншіден, халықтың рухани күшінің беріктігін көрсеткен; екінші - ауыз әдебиетінің ерекше дамуына, көркемдігінің ұшталуына әкелді. Ғалым зерттеулерінің қорытындысында, қазақ халқының мәдениеті өркениеттің ұлы көшінен көз жазып қалған жоқ деген ойларға келеді. Дамыған елдер мәдениетінен кенже қалуымыз кейінірек басталған.

Халық бар айтпағын, тарихын, шежіресін, ауызша атадан балаға, ұрпағына өсиетін сөз, ауыз әдебиеті арқылы жеткізеді. Сондықтан бұл өнер табиғи түрде дамыған.

Қ. Жұмалиев. «батырлар жыры» эпостық поэмалар ерте заманнан халық арасында бар, нұсқалары көп, әңгімелері де аз емес мұралар. Шыққан уақыты белгісіз. Бірақ, жасалу жолдары туралы Шоқанның айтқандарымен, XIV ғ. келісетінін жазады. Ауызша сақталғаны туралы айта келе, олардың әртүлі варианттарына, ойлана қараудың қажеттігін, белгілі бір жүйеде зерттеу олардың көркемдік ерекшеліктеріне баға беруде дерек болатынын айтады. Қазақ әдебиетінде ауыз әдебиетін жинауда, зерттеуде қате, кемшіліктерінің көп екенін айтады. Басты қателіктер ретінде, тәжірибесіздікті, дерексіз ұшқары пікірлерге жол беруді көрсетеді.

Қазақ эпосы халық тарихымен байланысты, адамдар ерліктері, елдік салты, әдет-ғұрып халық рухани күшін бейнелейтін құнды қазына болғандықтан оны зерттеуде аса көрінеді. Ғалым Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Қамбар батыр, Қозы Көрпеш - Баян сұлу, Қыз Жібек, Айман-Шолпан жырларының кейбіріне поэтикалық талдаулар жасайды. Тарихи поэмалардағы тарихи дерек пен «авторлық» қиял тарпынан қосылған бейнелеу тәсілдеріне талдаулар жасайды.

Қ.Жұмалиев зерттеп жатқан эпостар санының аздығы жоқтықтан емес, ғылыми тұрғыдан іріктелгендері осылар, - деп ескерту де жасаған. Өйткені ғалымның бұрынғы зерттеулерінде бұлардан басқа да талай жырлар Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Едіге» жырлары да талданатын. Бұл еңбекте бұрын таныс, әлі басылмаған варианттарын қысқаша мазмұндай да баяндадық. Мақсатымыз зерттеуде. суреттелетін қаһармандар іс-амал, ерлік қимылдарымен кеңірек танстыру деген тәрізді түсініктер берген.

Қазақ эпостарындағы басты ерекшелік елдік мәселесі дегенді айта келе, эпос құрлысын сөз еткенде - сюжет құру, адам образын жасаудағы шеберліктеріне айрықша көңіл аударады. Әр бейнеге өзіне лайық портрет, мінездеу, беріледі және олар монолог, диалогтар да ашыла түседі. Күйініш, сүйініштері жағдайға лайық көрсетіледі. Кейде шегініс, жанамалап суреттеу, драмалық коллизиялар кездеседі, - деген тероиялық байымдауларын талдаулар жасауда дәлелдеп отырады.

Қазақ эпостарын зертеуде тіл көркемдігі әлі тексерілмей келеді, бұл соны жатқан тақырып деген ойларын шығарма тілі поэтикасының психологиялық параллизмдермен сабақтастыра тексеру керек деген ойлары жаңа болатын. Эпостық қаһармандарды суреттеуде табиғат және жануарлар параллель қолдану тыңдаушы, оқырман ой-сезімдеріне әсер етеді. Мұнда - антитезамен архаизмдер көп кездеседі. Бұл эпостық жырлардың тіл шеберлігі мәні зор.

Батырлар жыры тарихқа қатысты туғанымен онда қиял көп, тарихтың елесі ғана сақталған, демек айтушылардың шығармашылығы деуге болады. Өсіре баяндау, ертегілік сипат мол. Мұнда көріктеу әдіс үлгілерде шындықтан гөрі ертегілік сипат мол деген ойлардың барлығы тікелей көркем шығармаларды талдаулар арқылы алынған.

Батырлар жырында ескі наным, ертегі, мифологиялық көзқарастар араласа жүреді. Ең бастысы ел қадірлейтін азаматтық қасиеттер осында кең түрде көрсетіледі деген.

Эпостық жырларды зертеушілерге кез келетін қиындықтар ретінде төмендегідей мәселелерді ескертеді:

1/. Эпостық шығармалардың алғашқы үлгілер, деректер, жазбалар жоқ. Көбі кештеу жазылып алынған. Ауызша жеткен. Талай заманан өткен. Әр заман өз танымын, әдіс-тәсілін, тілін қосқан. Әрі нұсқалары көп. Түп нұсқаға жақындаудың жалғыз жолы - салыстыру. Бірақ өте абай болу керек. Асығыстық жарамайды. Кейінгі заман, жыраулар қоспаларынан ретіне қарай тазалау керек.

2/ Бұл шығармалар қайда, қалай, қай түрде орындалды? Кімнен алынды. қай жыраудан, қалай орындалған? Стили? Қай эпизодтарға көңіл бөледі? Қара сөздерге қай бөліктерде көшеді т.с.с. Шегіністерді қай тұстарда жасайды т.б. Орындау әуендері?

3/. Қай жыраулар мектебінен? Қазақта мұндай мектептер болған ба? Түгел орындаған ба, әлде, үзінділер ме?

Салыстыруда көрші елдердегі үлгілермен салыстыру қажет. Қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт т.б. Ұқсастықтар, айырмалар. Әр халықтың шығармаларды өздеріне тартуы болмауға тиіс. Мақсат алғашқы ескі, көне нұсқа қайдан, қай заманнан, түрі қалай, тарих пен эпос арасындағы байланыс, айырма қайдан, т.б. осындай сұрақтарға жауап іздеу қажет. Осы сұрақтарда көрсетілген ұстанымдар зертеулердің әліпшесі болуға тиіс.

Тарихи-әлеуметтік таладауларға, идеялық мазмұнға мән беру басым, көркемдік ерекшеліктеріне, құрлысына бара бермейміз. Бұл екеуін тұтастықта зерттеу керек деген ойларды Қ.Жұмалиев қайталап отырған.

Мұның бәрі әдебиеттің теориясын жақсы білуді қажетсінеді. «Композицияның әрбір элементі, әрбір поэтик тіл тапжылдырмай танып, бұлжытпай өз орнына қоюды қажет қылады.»

Лиро-эпоста халық тұрмысы, салт, әдет-ғұрпы, күн-көрісі, наным-сенімі, психологиялық жақтары эпостық поэмалармен салыстырғанда молырақ.

«Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр!», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман шолпан». Тарихи поэмалар: «Бекет батыр» жыры, «Исатай - Махамбет» поэмалары туралы ғалым зерттеулері маңызды.

Эпостық жырлардың көбі алғашында шағын болған, бас қаһарманның отан қорғаудағы, жауға қарсы күрестегі бір ерлігін жырлау; түрлі жорықтарын жеке-жеке жырлау т.б. айтылу және даму барысында өзгереді. Замана және айтушылыр мен тыңдаушылар әсері өзгерттеді. Осы кейінгі қосылғандарды: монологтар мен уақиғаларды т.б. суреттеу бейнелеу тәсілдері мен тіліндегі қоспаларды анықтап, олардан тазарту керек, деген ойлар тікелей идеялық мазмұнды зерттеулермен қатар поэтикаға иек артады.

Лиро-эпоста реалистік пен романтикалық элементтер араласып жатады. Бірақ, бояулар реализм көлеңкесінде қалып қояды т.с.с.

Қазақ эпостарының көркемдігіне байланысты Қ.Жұмалиев зерттеулеріндегі ойлар мұнымен бітпейді. Бірақ, оны талдай түсіну үшін жеке зерттеулер керек.

Осы кітаптың, екінші бөлімі - қазақ әдебиеті тарихына арналған. Әдебиет тарихына байланысты ғалым пікірлерінде ойлануды сұранып тұрған талай байымдаулар көрінеді. «Жазба әдебиет сол әдебиетте жазу-сызудың шығуымен, жазылған мұралардың мәлім болуынан басталады. Бұл жағынан алып қарағанда ислам дінінің Орта Азияға жайылуы XI-XII ғасырлардан басталады. Олардың дінмен байланысты жазбасы да Орта Азияға, оның ішінде қазақ даласына тарай бастады. Бірақ, ол кезден бізге қалған қазақтың өзіне тән, тікелей байланысты мұрасы жоқ, болса даулы» (Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы, 1958. 244-245 бб.) Көріп отырғанымыздай басқа өркениетті елдерде дін тарихы мен діни негізді сюжет, фабулаларға жазылған шығармаларды әдебиет тарихына енгізіп, талданып жатқанда Қажым Жұмалиев оны біздің әдебиет тарихына жолатпайды да. Әрине, мұның басты себебі болды, жоғарыда айтылды. Еске сала кетсек, 1956 жылдарға дейін ресми идеологияға жатпайтын, таптық көзқарастан тыс шығармаларды жазды, насихаттады деген айыптаулармен қудалауға ұшырап, түрмеге қамалған болатын.

Алайда, 30-шы жылдардың соңына дейін әдебиеттегі дін және діни тақырыптағы шығармаларды аяусыз сынға алып, бірыңғай таптық идеологияға көше бастаған жазушыларды Қ.Жұмалиев қолдамады. Олардың шығармаларында ұран мол болғанмен оқырманға әсер етер көркемдік жұтаң болды. Көркем әдебиеттің басты мақсаты халыққа түсінікті болуда, оның

мұнын жоқтауда, жазуда деп ұқты. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі тірлігін бұзып, оған жат жаңа әдет-ғұрыпты насихаттай бастаған Ресей үкіметінің саясатына, қарсы болған Бұқар мен Дулат, Шортанбай мен Мұрат, Жанкісілер шығармалары туралы жазды. Қазақ табиғатына жат жаңалықтарды сынаған, олардың шығармаларындағы халықтық идеяларды көркем айтады. Осы ойларды мектептерге арналған алғашқы оқу құралы кітапшаларға енгізді. Бұл ресми идеология қызметкерлеріне ұнамады. 1940 жылғы «Ленинская сменадағы» Қ.Жұмалиевке қарсы сын, «оқу құралы кітаптары мен мақалаларында ұлтшылдық идеялар бар Дулат, Бұқар, Шортанбай, Мұраттардың теріс көзқарастағы шығармаларын мадақтайды» сол арқылы жастардың санасын ұлтшылдықпен улауда» деген сияқты сыни мақалалар соның айғағы еді.

Өкінішке орай, осы саяси идеологиялық жағдайлардың әсерінен қазақ әдебиеті тарихының алғашқы қос томдығы тәрізді көлемді, күрделі зерттеуге Мұрат, Шортанбай, Дулат, Жанкісі тәрізді XIX ғасырдың аса көрнекті өкілдерінің шығармашылығы енбей қалды.

Қ.Жұмалиев осы бөлімде Бұқар мен Шәңгерей арасындағы әдеби даму, процесі, қаламгерлер шығармашылығына арнайы тоқталады. Әсіресе, Шәңгерей шығармаларының көркемдік мәселелеріне көңіл бөледі. Орыс аристократтарының, еркін ойлы ақындарының стилін, шығармашылығын, ойларын қолданғанын талдайды, бірақ ол замандарда Шәңгерейге бару қауіптілеу еді. Соған қарамастан Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт тәрізді көрінген және орыс әдебиетінде көп көңіл аударылған «жалғыздық» мәселелеріне талдау жасайды.

Жалғыздық мәселелеріне байланысты тақырыптар қазақ жырауларының шығармаларында бұрын да кездесетін. Бірақ, оларда адам үлкейген кездегі жалғыздық қозғалатын. Әрі терме жанрында ғана. Ал Шәңгерей өлеңдері мен шығармашылығындағы жалғыздық, орыс әдебиетіндегі оқыған бай балаларына байланысты қозғала бастаған жалғыздықпен тамырлас болатын. Оның қазақ ортасындағы көріністерінің жайы мүлде басқа еді. Осы бағыттағы ойлардың бір бағыттары Ш.Бөкеев өлеңдеріне, оның көркемдігіне байланысты талдауларда аталады.

1942 жылы «Абай жолын» талқылауға арналған үш күнге созылған конференциядан кейін Қ.Жұмалиев «Абай поэзиясын зерттеуге біржола бұрылады. Абайтану Қ.Жұмалиевтің шығармашылық жоспарын мүлде өзгерткен ірі тақырыпқа айналды.

«Абай жолы поэтикасы» сірә «Махамбет поэтикасынан» бастау алғанмен ақын- жазушылық таланты бар қаламгерді Махамбет туралы роман жазу идеясынан біржола алыстатқандай...

Абай өмірі мен шығармашылығы туралы жазба жұмысының филология факультетіне ауысуына себеп болғаны жоғарыда айтылды. Демек, оған дейін де ұлы ақын шығармаларымен таныс болған. 1941 жылға дейін кандидаттық диссертация зерттеулерімен жүрсе де, Абайтануға байланысты жайларға да көңіл бөліп, мерзімді баспасөз беттерінде материалдар жазып отырған. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан дәрістер кезінде Абай шығармаларына айрықша тоқталмай өте алмайтыны белгілі. Қ.Жұмалиевте Абай тілінің поэтикасы туралы ойлар бұрын да болған тәрізді.

Абайды зерттеу керек, бірақ, қалай зерттейміз? Қазақ қоғамдық санасы үшін аса маңызды сұрақтар конференциядан кейін өзекті сипат алды. М.Әуезов зерттеуінен тыс, соны жолға түсу керек, - деген ойлар көрініп, көп қозғала бастаған кез.

Қ.Жұмалиев жаңа ой, идея жетегінде, ақын тілінің көркемдігін талдау тақырыбын зерттеуді қолға алды. Ғалымның орыс әдебиетіне жетіктігі, В.Белинский, Н.Чернышевский т.б. шығармаларымен жақсы таныстық және орыс қазақ мерзімді баспасөз беттеріндегі зерттеулер бұл тақырыптың аса маңыздылығын көрсетеді. Әдебиет теориясынан оқулық жазған, әрі оны қайта басылу сайын орыс және әлем әдебиетінің заманауи материалдарын қосып, түзеп отырған ғалым мұны жақсы білген.

Жазушы, ғалымдармен түрлі сырласулар мен пікілесулерде поэтика мәселелеріне тіреледі. Бірақ, қиындық та, сұрақ та мол. Әсіресе, теориялық бағытта. Орыс әдебиетіндегі зерттеулер мен мақалаларды, Н.Веселовский мен А.Потебня еңбектерін қараған.

Қаламгер поэтикасын зерттеу Қ.Жұмалиев үшін жаңа тақырып емес еді. 1938 жылғы «Махамбет шығармаларының көркемдігі» туралы зерттеулері мен мақалаларында

поэтикаға ерекше көңіл бөлу қажеттігін байқаған. Әдебиет теориясын жазу, жариялау тарихында да үнемі алдынан шығатын ірі тақырып еді.

Ғалымның бұл зерттеуі қазақ әдебиеті үшін жаңа, тың дүние болды. Абай шығармашылығындағы әлеуметтік сарындарға толы. Оны бейнелеудегі ақын қолданған тәсілдер-тіліне талдау жасау біраз қиындықты жеңілдеткенмен тақырыптың негізгі жолдарын көрсете алмайды. Оның тілін дербес қарамай ауыз әдебиетімен, тарихи әдебиет шығармаларының тілімен, дәстүрлі әдебиетпен байланысты талдайды. Шығыс, орыс әдебиетінен келген, үйренген, ауысқан қолданыстар мен тәсілдер, әдістер көркемдігінің дәстүрлі әдебиетімізге орнығу үдерісі нені көрсетеді сол туралы ойлар айтылады. Әдеби тарихи деректерге жан-жақты тоқталу, ақын өлеңдерінің тереңдігіне бойлай ену әдебиет әлеміндегі Абайдың даралығын дәлелдейді.

Абай шығармаларында адамзат баласына таныс ірі мәселелерді қозғайды, демек, тақырып ортақ. Бірақ жеткізу тілі бөлек. Жаңалық - осы. Оның өлеңдеріндегі ойларды аударуға болады, бірақ көркемдігін түп нұсқаға сай, аудару өте қиын, тіпті мүмкін емес. Осыны Абай шығармаларынан, тілінен алынған дәлелдер арқылы дәйектейді. Қазақ әдеби тілін дамытудағы Абай рөлін айрықша атайды.

Бұл тақырып Қ.Жұмалиевтің докторлық диссертациясына да айналған. Оны қорғау кезінде белгілі орыс ғалымы Н.К.Дмитриев былай жазған еді: «Қ.Жұмалиев алған тақырыптың ғылымдық мәні зор. Абай қазақ әдебиетіндегі ірі тұлға, ол туралы жазылған сын- мақалалар да көп, бірақ Абай творчествосын бұл сықылды әр жағынан алып, тап осы көлемде әлі ешкім зерттеген емес.

Қазақ әдебиеттану ғылымында монографияның мұндай түрінің өзі жаңалық. Неге десеңіз, жазушының тіліне арналған монографиялық зерттеу орыс ғылымындағы зерттеу тәжірибесіне әлдеқашан кірген болса, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл енді қолға алынып отырған жаңа іс. Бұл еңбек филологияның екі түрлі саласын: тілтану және әдебиеттану ғылымдарын жеткілікті дәрежеде түсінушілікті керек қылатын әдебиет зерттеу жұмысының анағұрлым жоғары белесі саналатын салада диссертация авторының жаңалақ ашуы болып отыр. Бұған мынаны қосуға болады: ұлт әдебиеті классиктерінің тілін зерттеу ісі біздің одақтас және автономиялық республикаларымыздың басқаларында шын мәнінде әлі басталған да жоқ.» - деп жазды. (Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі». - Алматы, 1960. 123 б.)

Осыған сәйкес ойды, 1960 жылы жарық көркен монографияның екінші томы туралы Абайтануға үлкен үлес қосқан С.Мұқановта айтқан: «Бұл еңбек жарияланғаннан кейін сынаушылар да болар. Олар біз байқамаған кемшіліктерді табар да. Бірақ, солардың ешқайсысы кітаптың жақсы жақтарын бекер дей алмас, мұның құнды еңбек екеніне таласпас».

М.Әуезов те Қ.Жұмалиевтің Абайтануға қосқан еңбегін айрықша атау керек деп жоғары бағалаған. («Әр жылдар ойлары»)

Қ.Жұмалиев Абайтануға байланысты, кезек күттірмейтін, қолға алуға қажет талай мәселелерді қозғап, айтып, көрсетті де. Кезінде аса талантты зерттеуші, сыншы ғалым Айқын Нұрқатов алпысыншы жылғы мақалалары мен 1966 жылғы «Абайдың ақындық дәстүрі атты» монографиясында мұның біразын қозғады.

Абайтануға байланысты заманауи мәселелерді қозғауда академик С.Қирабаев пен проф. М.Мырзахметовтың зерттеулерін ерекше айтуға болады.

Бір өкінішті жай, Абайтануға байланысты бүгінгі зерттеулерде, әсіресе интернеттегі сайттарда Қ.Жұмалиев зерттеулері түгіл есімі де кейде аталмайды.

Шәкірттеріне айтқан бір сөздері бар: «... өмірде ешкімге тәуелсіз өмір сүргім келіп, біраз жұлқынып көрдім, бірақ ол болмайды екен, жігіттер. Өмір кейде өз дегенін істеп, адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді.» (Атымов М. 132-б)

1967 жылғы ҰҒА академиктігіне сайлану да біраз уақыт пен рухани қуатты тұсаған шаруа. 60-қа толу қарсаңындағы академик ойларында арпалыс, тартыстармен өткен талай уақыттар туралы толғаныстары байқалады. Махамбеттанудан, роман жазудан біржола алыстау, талай ой, жоспарлары оралмасқа кетті.

Ғалымның шәкірт дайындауда ойында болған үлкен жоспарларының бірі теориядан мамандар дайындау еді. «Нағыз әдебиетші болғыларың келсе, сол әдебиеттің әліппесі болып есептелетін әдебиет теориясын білулерің керек... Әдебиет теориясын үзбей оқып қарап жүріңдер...» дегенді ол өзіне шәкірт болған әр талапкерге айтып отырған. ҰҒА теория бөлімін ашса, соның жұмыстарына басшылық жасасам дегенде де айтып жүрген. Ғалым армандаған бөлім ол дүние салғаннан 18 жыл өткеннен кейін ашылды.

Қ.Жұмалиевтің шығармашылық қызметінде, жазушылығында оппоненттері аз болмаған. Олардың айтқан, жазған сындарына жауап берудің оңай болмағаны белгілі. Шығармашылық жұмыстардан өзге істерге, басқа жолдарға бұрады. Демек, «уақытыңды ғана емес, қажыр қайратыңды да астан-кестен қылатын жел сөздерге бұрылмау үшін де мінез, салмақ керек» дегенді ғұламалар босқа айтпаған болу керек. З.Қабдолов айтқандай, ұстаздық қызметтің шығармашылық қызметке ғана емес ғылыми жұмыстарға да кедергісі аз болмайды. Талантты жанды негізгі жұмыстарынан бөледі.

Қ.Жұмалиевтің ғылыми еңбектері мен ірі мақалаларын кейбір ғалымдар көп пайдаланды. Бірақ, оның атын атамаса да айтқан ойларын сәл өзгертіп, тіпті қаз-қалпында көшіріп алушылар да болған.

Қазақ әдебиеті тарихының 60 жылдары жарық көрген 6 кітаптан тұратын 3 томдығында Қ.Жұмалиевтің еңбектерін пайдаланушылар көп болды деп жазады. Ұстаздың шәкірті проф. М.Атымөв. Ғалымның аты-жөні аталмайтын еңбектері барлық томдардан да кездеседі. Соны жауапты редакторлар, әрине, білді. Бірақ солай жариялауға жол берді.

Ғылым академиясы шығарған ірі еңбектегі зерттеулерін, басты ойларды пайдалана отырып аты-жөнін атамау ғалымға өте ауыр тиген. Бүгінгі таңда өмірбаяндық, шығармашылық мерей тойлардың ресми түрде мүлде аталмауы қазақ әдебиеттануы үшін бір кісідей-ақ еңбектенген ірі ғалым, көрнекті жазушы, Ұлы ұстаздың ірі еңбектерін бүгінгі ұрпақтарының білмеуіне әкеліп отыр. Артында қалған әдеби мұраларын да күні кешеге дейін қолға алып, зертеуші бірер адамнан өзге ешкім көрінбейді. Бірақ, әлі де Қ.Жұмалиев еңбектерін қолданамыз, пайдаланамыз содан бастау, ой-түрткі табамыз, бірақ есімін атамаймыз.

«Жиындарда, ғылыми қорғауларда Қажекеңнің терең білімділігі, сөзге ұста екендігі көрініп тұратын. Өз ойын бүкпесіз тіке айтатын. Бұл біреулерге жақпайтын, - деп жазады Қ.Жұмалиевтің шәкірті, академик, С.Қирабаев, - Өмірде шындықты, тазалықты сүйетін. Команда құруды, жершілдікке бөлінуді білмейтін. Шәкірттері Қазақстанның түкпір- түкпірлерінен болатын. Менің шәкіртімсің, менің айтқаныммен жүріп тұр деп қысым көрсеткен емес. Әдебиет адалдықты сүйеді деп отыратын. Бізден де соны талап етті».

Шындықты іздейміз. Табамыз да! Өйткені шындық сірә, жалғыз болмаса керек. Тіпті әркімнің өз шындығы да болуы ғажап емес. Бірақ, ойланайық... Ұлы ұстаз шәкірттерінен талап еткен, өзі сол жолында талай «тар жол, тайғақ кешулерден» өткен шындықты берік ұстанымға айналдыру үшін сырғымайтын, орғымайтын мықты бір тірек керек-ау.

Жаратқан ие табиғатына талант берген, өнерлі тұлғалардың ерекше қасиеті - көбінің тағдырының ерекше ауырлығы. Бәлкім, кейбіреулерінде сәл өзгелеу болатын да шығар. Олардың өнер шыңына шығуы зор қиындықтарды жеңумен, табанды еңбекпен байланысты. Бірақ бұралаңы мен қиындығы мол, қызығы да аз емес, өмір жолында бұл жандар жалған өмірдің қызығы көп қызылды-жасылды қызықтарына көп алданбай, алаңдамай басты мақсатын іске асыруға ұмтылады екен. Осы жолдағы басты серігінің бірі - құдай берген мінез. Қоғам мен адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынастарда дау-дамайлар ғана емес, адамның табиғатын билей бастайтын айқай-шуы мол мына жалғанда өзінді жоғалтып алмай, сақтау үшін мінез керек. Адами мінез, жаратқан иенің табиғатына орнатқан асыл қасиеттердің ірісі - бірақ оны сақтау мен орынды қолдану, сырласың мен сыйласыңа айналдыру да оңай емес көрінеді.

Адам мінезі ала-құла. Ендеше сол мінезді тәрбиелеу, қалыптастыру жолында өмірімен де, өнерімен де қызмет көрсететін нағыз ұстаздық жол қандай қиын, әрі қасиетті. Қ.Жұмалиевтің өмірбаяндық деректерін: сырлас достары мен әріптес ғұламалардың жазғандарын оқи отырып, шығармашылығынан талдағанда аңғарғаным: «өмір кейде өз

дегенін істеп, адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді» - деп өзі айтқандай, не бір қиын кездерде де шындыққа адал болған Қ.Жұмалиев тәрізді адамдар көп болмаса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. - Алматы: Жазушы, 1969. - 268 б.
2. Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар.-Алматы, -Т.2, 406 б.
3. Атымов М. Қажым Жұмалиев. - Алматы: Ғылым, 1987. - 106 б.
4. Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. Т.3. -Алматы, 2007. - 420 б.
5. Мырзахметов М. Ғұлама ғалым.//Лениншіл жас, 1977, 24 декабрь.
6. Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен.-Тараз: «Қарахан» РБО, 2017. - 342б.
7. Белинский В.Г.Собрание сочинений.В 9-ти томах. Т.1.-С.68.
8. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері.-Алматы,1958.
9. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі».- Алматы,1960.

Қ.ЖҰМАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ҮЛГІСІ

ӘОЖ 82:801.6

Манкеева Ж.А

Қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасқан мәтіндік лингвистикада когнитивті бағыттың күшеюі тілші-маманның негізгі назарын көркем мәтіннің шығармашылық кеңістігіндегі тілдік тұлғаның ойлау-сөйлеу қызметіне шоғырландырады. Көрсетілген сабақтастық автордың көркем идеясын терең түсінуге жол ашатын автор қолданысындағы сөздің коммуникативтік әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған сәйкес көркем мәтіннің осылайша *ұлт ~ тіл ~ тұлға* сабақтастығына сүйенген антропоэлектік парадигмаға сай зерттеу нысаны болатын тілі - объективті дүниенің субъективті бейнесі. Бұл арада жоғарыда атап көрсетілген В.фон Гумбольдт, А.А.Потебня т.б. ғалымдардың тілді ойды туғызушы тетік, халықтың мәдениетімен біртұтас байланыста болатын шығармашылық құбылыс деп санаған тұжырымына мән беріледі.

Соның негізінде жеке тілдік тұлғаның шығармашылығына сай туындайтын көркем мәтін - жазушының көркемдік әлеміне, ойлау жүйесіне, сонымен қатар архетиптік санаға сәйкес синергиялық байланыста сақталған ұлттық мәдени-ерекшелігіне сай туындайтын сол тілдік тұлғаның өзіндік сөз қолданыс әлемі. Сол арқылы жазушының көркемдік әлемін бейнелейтін ерекше тіл әлемі арқылы оның шығармасын түсініп, дұрыс қабылдау оқырманға таныс ассоциация, бейнелер, ұғымдар мен аялық білімі негізінде іске асады, нәтижесінде қаламгердің көркем тілі оның өзіне тән дүниетанымдық ерекшелігі мен біліміне, ішкі тәжірибесі мен тәрбиесіне, таным қабілеті мен сөз шеберлігіне сай құрылады. Сонда ғана қаламгердің шынайы көркемдік әлеміне сай бейнелеуші көркем тілі өзіндік тілдік құралдармен, сөз өнерімен өрнектеліп, суреткердің бүкіл болмысын қалыптастыратын «тілдік тұлғасымен» бір тұтастықта айқындалады.

Қазіргі тіл білімінде үрдіс алып келе жатқан антропоэлектік бағыт көркем ойлау жүйесінің көрінісі ретіндегі сөз өнерін қаламгер тілінің танымдық-шығармашылық тетігімен сабақтас бағалау үшін жеке шығармашылық тұлға тілінің көркем мәтінінде поэтикалық қызмет атқарған көріктеу құралдар жүйесі ретінде талдап, өзіндік дискурсы анықтайды. Соның негізінде шығармашылық тұлғаның жоғары деңгейдегі рухани субстанциясын анықтайтын ғылыми қағидасын орыстың көрнекті философ-лингвисті А.А.Потебняның «Ойды сөз бағыттады» деген тұжырымы сөздің синергиялық болмысын дәлелдейді.

Құрылымдық лингвистика аясында да көркем мәтіндегі тіл қызметі «лингвостилистика», «лингвопоэтика», «сөз мәдениеті» мәселелеріне қатысты қарастырылғаны белгілі. Қазақ тіл

білімінің дәстүрлі жүйесіне сәйкес, мысалы, Қ.Жұмалиевтің, Р.Сыздықтың, М.Әуезовтің, Қ.Өмірәлиевтің Е.Жанпейісовтің Абай өлеңдерін зерттеуге арналған еңбектерінде қаламгерлер тілінің жалпы сипаты мен поэтикасын, шығармашылық ерекшелігін сипаттайтын сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет, т.б.) ретінде сондай-ақ, стильдік ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдық жүйесіне сүйеніп, жазылғаны белгілі. Бірақ сол кезеңнің өзінде сөз әлеуетін (күдіретін) тануда тілші-ғалымдар Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Х.Нұрмұқанов тектес зерттеушілердің Ғабит Мүсіреповтің нақылға айналған: «Сөз сөзге жарығын түсіреді» деген тұжырымын қағида іспетті ұстанғанын көреміз.

Осы арада көркем мәтін тілін зерттеу үдерісінің кең өрісі тіл білімі және әдебиеттану деп бөлінудің шарттылығы байқалады. Көркем тілдің феноменін оны жасаушы (қаламгер) және қабылдаушы (оқырман) тұлғасының болмысымен, соған сәйкес оның сөзқолданысымен, қызметімен, құзіретімен, жадымен т.б. қабілетімен интеграциялы сипатта қарау оны филологиялық тұтастықта айқындауды қажет етеді. Бұл арада маңыздысы - зерттеушінің қаламгер тілін екі салаға да ортақ нысан - сөз феноменін оның бір арқауға иірілген синергиялық желісінде үзіп алмай тарқата білуде.

Қазақ тіл білімінде де бұл үрдістің жарқын үлгісі А.Байтұрсынұлы, Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов, Х.Нұрмұқанов сынды ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқаны белгілі.

Ғылым дамуынағы антропоцентризм үрдісі ол жетістіктердің бәрін тек адам өмірімен байланыстырып көрсеткенде ғана бұл ғылымдардың өзара интеграциясы байқалып, соның нәтижесінде **мәтін, көркем мәтін мәселесі** жалпы филологиялық зерттеудің аясында қарастырыла бастады.

Осы бағытта қазақтың көркем сөзінің тарихи-рухани мұралардағы айшықты сөз кестесін зерттеген әдебиеттану тарихындағы сондай тұлғалардың бірі де бірегейі - академик Қ.Жұмалиев [1].

Абай тілінің даралығын зерттеуде көркем таным мен терең ойды жеке тілдік құралдары арқылы айшықтап бейнелеген әдебиеттанушы-академик Қ.Жұмалиевтің еңбектерінде айқындалған тұжырым-қағидалары қазіргі тіл білімінің адамтанымдық бағыттағы жұмыстарының деңгейімен үндеседі. Ғалымның мұрасын зерделеу барысында *тіл мен тұлға* сабақтастығы Абайдың тілдік тұлғасын танудың негізгі қазығы болғанын байқаймыз. Атап айтқанда, Абай сөзінің психологиялық ерекшеліктерінің танымдық мәні мен қоғамдағы қатынас құралы қызметін зерделеген академик Қ.Жұмалиевтің ұстанған қағидасы одан кейінгі келесі ғылым кезеңіндегі абайтанушы-ғалымдар Р.Сыздық, М.Мырзахметов, Қ.Өмірәлиев т.б. ғалымдардың лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық сипаттағы еңбектеріне жалғасқаны белгілі.

Негізінен, әдебиеттану нысаны деп қарастырылатын көркем шығармалардағы эпитет, метафора, теңеу т.с.с. көріктеу құралдарын талдау барысында зерттеуші Қ.Жұмалиевтің тіл мен таным сабақтастығына мән бергені қазіргі тіл білімінің антропоэзеттік бағытына сәйкес аса маңызды. Мысалы, Абай тіліндегі *қан жүрек, ызалы жүрек, асау жүрек, ыстық жүрек, ынталы жүрек, күңгірт көңіл, ұлыған ой* т.б. жаңа қолданыстар арқылы қазақ сөзінің әлеуетін жан-жақты ашқан Абай феномені таныла түседі. Демек, олар көріктеу құралдары ретінде ақын тілінде көрініс тапқан Абай танымының деңгейін де көрсетеді.

Сол сияқты Қ.Жұмалиевтің зерттеуінде талданған Абайдың жаңа теңеулерінің көпшілігі - дәстүрлі үлгілердің негізінде жасалған тіл мен мәдениет сабақтастығының көрінісі (*адасқан күшік секілді, құйрықты жұлдыз секілді, соққан боран секілді, арыстанның жалынындай* т.б.).

Осымен байланысты академик Қ.Жұмалиевтың тың тұжырымы қазақтың ауыз әдебиетінде де, Абайға дейін де не оның тұсындағы әдебиетте де жеткілікті ашылмай келе жатқан ішкі сезім дүниесін суреттеуге байланысты. Бұл арада Абайдың жаңалығын көрсету дәйегін лингвосинергетикалық, яғни сөз мазмұнындағы синергиялық болмыс арқылы түсіндірген деп айта аламыз. Нақты айтқанда, ғалым психологиялық параллелизм әдісі Абай үшін ескірген әдіс екенін көрсетіп, сол кезең үшін Абайдың өзіндік жаңалығын көрсетеді:

«Бұл - адамның сезімінде болатын әртүрлі құбылыстарды тікелей суреттеу әдісі Абайдың ең сүйіп қолданған әдісі болды» - деп ашып көрсетеді [1, 309].

*Лүгілдеп жүрегі,
Өзгеден ұрланып
Өзді-өзі керегі,
Екі гашық құмарлы
Бір жолдан қайта алмай,
Жолықса ол зарлы
Сөз жөндеп айта алмай,
Аяңдап ақырын
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын*

Көңілмен танысып... сияқты көркем жолдарының лингвопоэтикалық талдауын қазіргі көркем мәтінді психолингвистикалық талдаумен салыстыруға болады. Бұлайша адамның ішкі сезім дүниесінде болып жатқан күйін танып және оны бейнелеудегі тиімді тілдік құралын табу Абайдың тілдік тұлғасын танытатын ерекше қасиет екенін дәлелдейді. Сонымен бірге Абай тіліндегі жаңа сөз, жаңаша қолданыстардың табиғатын да ғалым ақынның дүниетанымымен байланысты қарайды.

Сөз киесін, сөз қуат-әлеуетін ерекше сезіну - шығарманы тудырушы қаламгердің де, оның тілін зерттеушінің де білім мен біліктілігінен, тектілік танымы мен тілтұлғалық болмысынан туындайтын қабілет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: Қаз.Мем. көрк.эд., 1960.

АКАДЕМИК ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

ӨОЖ 82.0

Мұсаев А. М.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясының аса ірі маманы, көрнекті ғалым-академик, қаламгер-ұстаз Қажым Жұмалиевтің туғанына жүз он бес жыл толып отыр. Бүкіл саналы ғұмыры мен бар күш-жігерін сөз өнеріне, оның даму тенденциялары мен табиғатын тануға арнаған ғұламаның ғылыми баспалдақтары мен өмірбаянын танып білудің бүгінгі ұрпақ үшін маңызы зор. Ол әсіресе бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп отырған Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің ұжымы үшін, өшпес құрметке бөлеген, ғалымның көп қатпарлы жолындағы ең алғашқы адымын жасаған қасиетті шаңырақтан ұшып шыққан жас ұстаз ғалымдар үшін екі есе ерекше болмақ...

Академик Қажым Жұмалиев ұлттық фольклортану ғылымына, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеу ісіне сүбелі үлес қосқан ғалым. Осы орайда 1958 жылы басылған «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты күрделі еңбегінде қазақ халқының рухани - мәдени тарихында ерекше орын алатын ақын-жыраулар болмысы, өнерпаздық табиғаты, синтетикалық өнер иесі екендігін айта келіп, ауыз әдебиеті материалының молдығы, мазмұндылығы және көркемдігі жағынан қай халықтың ауыз әдебиетінен кем түспейтіндігін, фольклористика ғылымында танылған сан алуан түрлердің біздің туған әдебиетімізде кездесетінін шебер баяндайды. Туған халқының әдебиеті мен мәдениетіне осыншалық зор сүйіспеншілік сезіммен қараған ғалым қазақ ауыз әдебиетінің осыншама бай болу себебін: «Жазуы, баспасы жоқ елдерде сөз өнері негізгі құрал екендігі белгілі. Ондай елдің ауыз әдебиеті - сан алуан сипаттарды өз бойына сыйғызады. Халық өмірге көзқарасын да, жастарға

тәлім-тәрбие беру мәселесін де, ел басынан өткен тарихи жайттарды да, діни-наным, сенімдерін де сөз арқылы көпшілікке жеткізеді. Сондықтан сөз өнерін дамыту, оның мазмұнымен қатар, түр көркемдігіне ерекше көңіл бөлу, жай машақтанудан туған нәрсе емес, өмір тілегінен туған нәрсе» - дейді [1].

Қажым Жұмалиев батырлар жырының ішінен «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс» жырларын алып, оларға идеялық және көркемдік жағынан талдаулар жасайды. Қазақ батырлар жырының көбіне оқиға «басты қаһарманның айналасында болады да, басқалар сол негізгі қаһармандардың ерлігін, патриоттығын, немесе басқа психологиялық жақтарын толықтыру үшін, кейде поэтикалық контраст ретінде көрсетіледі» [2] - дей келіп, осыған орай зерттеуші қазақтың батырлар жырына тән екінші бір ерекшелігін айтады. Ол қай жырдың идеясын алсаңыз да негізінде ел тілегі, ел қорғау мәселесінің жататындығы. Ғалым сонымен бірге қазақ эпостарында кездесетін бақташылық, аңшылық мотивтерін де - қазақтың батырлар жырына тән ерекшелік деп біледі.

Профессор Қажым Жұмалиевтің қазақ эпосы, лиро эпосы, тарихи жырлары туралы зерттеулерінде көбіне-көп салыстыру әдісін қолданады. Ол әдіс ғалым зерттеген «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс», «Қобыланды» батыр жырларын да, «Қозы-Көрпеш - Баян сұлу», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек» сияқты лиро-эпикалық жырларынан да, Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» поэмасын талдауларынан да айқын көруге болады. Ол бұл әдісті пайдаланғанда, мәселен, эпостарды өзге ел эпостарымен салыстыру, бір вариантын екінші вариантымен салыстыра қарау, сол дәуірдегі тарихи уақиғалармен байланыстыра зерттеп тапқырлық көрсетеді. Сонымен бірге білімдар ғалым өзінен бұрын айтылып кеткен пікірлерді көп қайталамай үнемі тың пікірлер, соны көзқарастар айтуға ұмтылуы, әр эпостық шығарманың тек қана өзіне тән ерекшелігін тамыршыдай тап басып айтуымен де таң қалдырады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Дербісалин: «Қ.Жұмалиевтің ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен саласы - қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы тарихы. Бұрын жазу мәдениеті онша өріс алмаған жерде әдебиеттің өзі туралы да, әсіресе оның тарихы туралы жаңадан ғылыми жүйелі ой айту қиын міндет. Сол қиындығына қарамастан әдебиетті зерттеуші ғалымдарымыз әдебиет тарихының бір жарым ғасырлық жүйелі тарихын жасады. Бұл жүйе ғылымда бүгінге дейін өзінің мәні мен маңызын сақтап келеді. Мұнда Қ.Жұмалиевтің еңбегі өзгеше салмақты» [3] - деп жазады. Шындығында да ғалым Бұқар жырау Қалқаманұлы мен жауынгер ақын Махамбет шығармашылығынан бастап XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шәңгерей Бөкеевке дейінгі ақындар творчествосына терең талдау жасаған. Әсіресе, оның тарихи әдебиеттегі бағыттар туралы пікірлері құнды болды. Осы кезеңдегі демократиялық бағыт пен феодалдық салт-сананы қолдаушылық бағыттың болғандығын нақты мысалдар келтіре отырып, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді.

Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетінде Махамбеттану ілімінің негізін қалады. Шаруалар көтерілісінің жсалынды жаршысы Махамбет Өтемісұлының шығармашылығын ұзақ жылдар бойы сарыла зерттеп, артына өлмес мұра қалдырды. Жауынгер ақын жырлары туралы отызыншы жылдардың аяқ кезінде «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет майданы» газет- журналдарында дүркін-дүркін мақалалар жариялап, кейін үлкен ғылыми еңбекке ұластырды. Ол Махамбет творчествосын сол кездегі тарихи жағдайлармен тығыз бірлікте қараған. Махамбет өз кезінің ұлы реалистақыныеді. Профессор Қажым Жұмалиевақын шығармаларындағы осы реалистіктіәдейібірпроблемаетіп қойып, оныақын шығармаларынан мысалдар келтіре отырып ғылыми негіздеді.

Ол 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымында қорғалған тұңғыш докторлық диссертация болатын. Бұл еңбекті орыстың белгілі ғалымдары Н.К.Дмитриев, С.Е.Малов, В.М.Жирмунскийлер өте жоғары бағалады. Ғалымның бұл зерттеуі туралы Н.К.Дмитриев: «Қ.Жұмалиев алған тақырыптың ғылымдық мәні өте зор. Абай қазақ әдебиетіндегі ең ірі тұлға, ол туралы жазылған сын, мақалалар да көп, бірақ Абай творчествосын бұл сықылды әр жағынан алып, тап осы көлемде әлі ешкім зерттеген емес» [4] - деп жазды. Бұл еңбегінде тілдің қазақ өміріндегі алатын орны мен мәніне тоқтала келіп,

Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тіліне талдау жасайды. Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы еңбегі де зерттеуші назарынан тыс қалмайды.

Академик Қ.Жұмалиевтің қазақ әдебиетінің тарихын жасауда араласпаған саласы кемде-кем. «Қазақ әдебиеті тарихының» үш томдығының (алты кітап) қайсысында болмасын ғұламаның қолтаңбасы, салған ізі сайрап жатыр. Әр кітаптағы шолу бөлімдерін былай қойғанда, «Бұқар жырау Қалқаманұлы», «Махамбет Өтемісұлы», «Шернияз Жарылқасұлы», «Алмажан Азаматқызы», «Ығылман Шөреков», «Тайыр Жароков» тарауларын да жазған Қ.Жұмалиев.

Оның Қазақстанда әдебиеттану ғылымының дамуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол тұңғыш рет «Әдебиет теориясынан» оқулық жазды. Бұл оқулығы алаш алыптары аласталған заманда, ұзақ уақыт халқымыздың рухани сұранысын толтырып тұрды. Бұл еңбекте қайта-қайта басылып көріп, 1960 жылы толықтырылған нұсқасы күні бүгінге дейін орта мектептің жоғары класстары үшін тұрақты оқу құралы ретінде пайдалануда. Қазақ әдебиеттану ғылымының теория саласында талқыға түспей келе жатқан тың проблемалар көптеп кездеседі. Соның бірі - жазушының жеке стилі жайлы мәселе. Бұл мәселеге академик Қажым Жұмалиев «Стиль - өнер ерекшелігі» атты жаңа еңбегін арнап қазақ әдебиетінің теориясының белгілі бір белеске көтеріп тастады. Еңбекте С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Т.Жароков, С.Камалов, Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілев сияқты ақын жазушылардың өздеріне тән жазу ерекшеліктері кеңінен сөз болады. Сонымен қатар ғалым болашақ зерттелуге тиісті проблемаларды анық көрсетіп, кейінгі кезде жастардың бұл мәселелерді батыл қолға алып, зерттей бастағандығын да айтады.

Қ.Жұмалиев 60-жылдардағы әдебиеттану ғылымына оқулықтар арқылы да үлес қосқан. Сондай еңбектің бірі - жоғары оқу орындарына арналған «XVIII-XIX ғасырлардағы казак әдебиеті» атты оқулығы. Ғалым бұл жұмысында көрсетілген кезеңде ғұмыр кешкен ақындар шығармашылығын танып білуде бұрын жіберілген қателіктерді ашып айтып, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арасындағы байланысты айрықша сөз етеді.

Қ.Жұмалиев қазақ әдебиетінде тұтас мектеп қалыптастырған ғалым. Оның алғашқы шәкірттері С.Қирабаев, З.Қабдоловтардың өзі бір-бір әдеби мектептің көш басында тұр. Академик Қ.Жұмалиев әдеби мектебінің шәкірттері қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы өкілдерінің шығармашылдығын тереңдете зерттей бастады. Бұқар жырау Қалқаманұлы, Махамбет, Шернияз, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Біржан, Алмажан, Шәңгірей, Ақан сері, Абай, Ыбырай, Шоқан, Ақылбай, Мағауия тәрізді ақын-жырауларымыздың жыр толғаулары халық санасына рух болып құйылды. Ауыз әдебиеті, әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы салалары бойынша өзі ұсынған идеяларды жүзеге асыратын шәкірттері көптеп саналады. С.Қирабаев, З.Қабдолов, М.Мырзахметов, Б.Наурызбаев, Ф.Оразаев, М.Атымов, М.Тілеужанов, З.Жұмағалиев, С.Құспанов, З.Серікқалиев, А.Сүлейменов сияқты ғалымдар-сыншылар тікелей Қажыекеңнің мектебінен өткен дарындар. Олардың ғылыми ізденістерінің жемісті болуы тікелей ықпал еткен ұстаз әсерінен болса керек. Қ.Жұмалиевтің басшылығымен 32 адам ғылым кандидаты, 8 адам ғылым докторы дәрежесін алыпты.

Академик С.С.Қирабаев: «Сонымен қатар ол ғылым докторлары аз көрші республикаларда, Орта Азия әдебиетшілерінен докторлар даярлау ісіне зор қолқабыс етті. Өзбек, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт әдебиетшілерінің бір қатары-ақ (Н.Сағитов, Н.Жапақов, Қ.Рсалиев, А.Харисов т.б.) бұл жағынан Қажымға қарыздар» [5] - деп өте дұрыс айтады.

Қазақтың әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш кандидат, тұңғыш доктор ол республикада әдебиет кадрларын даярлауда өлшеусіз мол еңбек сіңірді. Әдебиеттегі адалдық пен шындық үшін жанын сала кірісетін еңбекқор ғалым өзі алған абырой - атақтардың буына еш уақыт пісіп көрген емес. Өмірдің ауыр соқпақтарымен көп жүріп, қаншама сынақтарына тап келсе де өзінің әу бастағы тазалығы мен қайтпас қайсарлығын, биік адамгершілігін сақтап қала алды. Қара ормандай қаулап өскен қазақ әдебиеттану ғылымында терең сұлба салып кеткен өшпес ізі сайрап жатыр бұл күнде[6].

Қазақ әдебиеттану ғылымының майталманы Қажым Жұмалиев өз ұлтының рухани байлығын игеру жолында еткен ерен еңбегі арқылы, халқының өшпес сүйіспеншілікке бөленді. Өзі ту ұстаушысы болған қазақ әдебиеттану ғылымы асудан соң асуларды алып, шыңға шырқап барады. Оның алғы сапында Қажыақанның қордалы ойлары мен ғибратты істері, жаққан ілім-білім нұры әрқашан жарқырап сара бағытпен жол көрсетіп тұрады хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы: ҚМКӘБ, 1958. - 1 т. - 332 б.
2. Дербісалин Ә. Даңғыл ғалым/Соц. Қазақстан 1977ж. 25 декабрь.
3. Атымұв М. Қажым Жұмалиев- Алматы: Ғылым, 1987 - 106 б.
4. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: ҚМКӘБ, 1960. - 2 т. - 364 б.
5. Қирабаев С. Шындық және шеберлік. Алматы, 1981-161 б.

ӘДЕБИ ӨЛКЕ ТАРИХЫНАН: ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ, ҒЫЛЫМЫ

ӘОЖ 82.0 (091)

Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ә.

Өз дәуірінде ғылым әлеміне өшпес мұра қалдырып, ұлт мүддесін қорғауға ат салысқан, көркем ой иесі Қажым Жұмалиев ақындық өнер жолына із салып, жазушылық қырынан да танылып, қазақ халқының рухани жан сарайын ашып, тарих беттерінен сыр шертіп қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық алып келді. Бұл сөзімізді көрнекті сыншы З. Қабдоловтың: «Қажым Жұмалиев көп қырлы кісі: ғалым, жазушы, ұстаз» [1] - деген пікірі растай алады.

Тарих беттеріне үңіліп, өз заманының келбетін сипаттауда, дәуір шындығын, қоғам көріністерін суреттеуде шабыттана қалам тербеген талантты тұлғаның шығармашылық мұрасын, көркем туындыларын зерттеген әдебиетші-ғалымдардың зерттеу еңбектері, мақалалары, сыншылардың сыни ой-пікірлері өте көп.

Қажым Жұмалиевтің өмір жолы мен шығармашылық көркем мұрасы төңірегінде Х. Ерғалиевтің «Ақын ғалым: (Қажым Жұмалиев туралы)», Б. Еркебаевтың «Педагог-ғалым: (Қ. Жұмалиев туралы)», Х. Есенжановтың «Кемел ғалым, шабытты ақын», М. Атымұвтың «Ұстаздық қылған жалықпас», «Ақын, ғалым, ұстаз», З. Ахметовтың «Ақындық өнер ерекшелігі», Х. Әдібаевтың «Ағадан қалған жырлар бар», Ш. Әленовтің «Ақын, ұстаз, ғалым: (Қ. Жұмалиев творчествосы жайлы)», Х. Ишановтың «Қырдағы күрес» (Қ. Жұмалиевтің «Қырдағы күрес» жинағы туралы), М. Қаратаевтың «Ученый и поэт (О Джумалиеве К.)», С. Қирабаевтың «Қажым туралы сөз. (Қ. Жұмалиевтің творчествосы жайлы)», Р. Зайкенованың «Қазақтың Қажымы», А. Мамыровтың «Әдебиетке адалдық», Т. Шәлдибекқызының «Сағыныш» (эссе) зерттеу жинақтары мен мақалалары жарық көрген. Бұл еңбектерде Қажымның әдебиетшілігімен, ғалымдығымен қоса ақындық әрі жазушылық қырларының өзіне тән ерекшеліктері, шығармашылық шабыты, сөз саптау тәсілдері қарастырылады, оның газет-журнал беттерінде жарияланған поэзиялық өлеңдеріне, бірқатар әңгімелеріне талдау жасалады.

Көркем сөз шеберінің адамдық ізгі қасиеттерін сипаттап, ұстаздық дара тұлғасын саралауда замандасы Т. Жароковтың «Тұстас», шәкірт-інілері Ғ. Қайырбековтің «Ұстазға» және Б. Ысқақовтың «Ұстаз» арнау өлеңдерінің мәні зор.

Қ. Жұмалиевтің көп жылдық ғылыми және көркем мұраларына назар аударып, кейінгі ұрпаққа жеткізуді көздеген әдебиетші-ғалымдар М. Қаратаев, С. Сейітов, З. Қабдолов, Х. Әдібаев 1968 жылы «Қажым Жұмалиев» [2] атты жинақ құрастырып шығарды.

Сонымен бірге Қажым Жұмалиевтің бірқатар әдеби көркем шығармалары жеке кітап ретінде жарық көрді. Әр жылдарда Қажымның «Шабуыл» өлеңдер жинағы (1933), «Қанды асу» романы (1934), «Өмір жыры» өлеңдер жинағы (1933), «Айқас» повесі (1944), «Қырдағы күрес» өлеңдер мен поэмалар жинағы (1957), «Борьба в степи» (1959), «Тарлан атты жолаушы» повесі (1963), «Ғалым, жазушы, педагог: (творчестволық биографиясы)» (1968), «Жайсаң жандар» естелік әңгімелері (1969), «Замечательные люди: Воспоминания» (1970), «Егеулі найза» (2003) жинағы жарияланды.

Саналы ғұмырын ғылым мен білімді ұштастыру, әдебиетті дамыту жолында сарп еткен қадірлі тұлғаның әдеби-ғылыми мұраларының 2010 жылы «Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы» сериясымен 7 томдығы жарық көрді.

Қажым Жұмалиев есімі «зерделі ғалым», «ұлағатты ұстаз», «шабытты ақын», «көрнекті жазушы» сынды келісті тіркестерді бірден ойға оралтары даусыз. Бір сөзбен айтқанда, Қажым Жұмалиев - талантты тұлға.

Бала кезінен өлең, толғау, дастандарды, батырлар жырын жаттап өскен Қажымның өлең жазуға деген құштарлығы ерте оянады. 1928 ж. «Лениншіл жас» газетіне «Батырақ Ғалиасқар» өлеңін жариялаған ақынның 1929 ж. «Егізбай мен Ерқожа» поэмасы «Жаңа әдебиет» журналына басылып шығады. Сондай-ақ 40-қа жуық өлеңі мен бес поэмасы, 30-ға тарта очерк, әңгімелері мен екі повесть, екі драмасы бар [3] - деген пікір дәлел болады.

Қ. Жұмалиев мұраларының әрқайсысы табандылықтың, батылдықтың, шалқар шабыттың, үлкен ізденістің, қайтпас қайсарлықтың жемісі екендігі айқын аңғарылады. Қажымның «Қанды асу» өлеңмен жазылған романы, «Қырдағы күрес», «Ер Жәукен», «Достық пен махаббат» поэмалары, «Айқас», «Қайсар қара, қайырымды адам», «Тарлан атты жолаушы» повестері, «Қос білек», «Жаңа орда», «Жолаушы жыры», «Жорыққа аттанғанда» сынды әңгімелері, «Қазақстан», «Түркістан-Сібір темір жолы», «Конфескенің жазы», «Алатау», «Ана», «Жазғы кеш», «Мәлік», «Балғашы», «Шымырлап еңбек кайнайды», «Май толқыны», «Бас маршты майданға», «Қызыл ер», «Шабуыл», «Көңіл», «Мектебім», «Балапан», «Махаббат мәні», «Еңбек», «Польша жұмысшыларының делегаттары келгенде», «Кім едік кеше, кім болдық», «Құрысын шылық сұрқия», «Комсомол сөзі», «Арнау», «Тарту», «Жылқышы мен қыс», «Жылқышы», «Таудан аққан өлең - бір таза бұлақ...», «Залым туған адамдар», «Ағадан қалған жырлар бар», «Қуаныш-қайғы ойласаң», «Қайғы - теңіз ескексіз», «Есінде сақта мәңгілік», «Уәде беріп өз сөзін...» өлеңдері қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алады. Оған қоса Қажым Жұмалиев «Біржан-Сара» классикалық операсының либреттосын (музыкасы М. Төлебаевтікі), «Арбасу» (Ә. Сәрсенбаевпен бірге) пьесасын жазды. Қажымның өзіне ғана тән жазу стилін айқындайтын естелік әңгімелері жинақталған шоқтығы биік «Жайсаң жандар» (1969) кітабында С. Меңдешев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Асфендияров, Қ. Сәтбаев, С. Камалов сынды қазақ зиялыларының шығармашылық портреттері, жарқын оқиғалары сөз етіледі.

Қажым - талантты әрі талғампаз ақын. Оның әрбір өлең-жырынан туған жеріне деген сүйіспеншілігі, атамекеніне деген ерекше құрметі, қазақ ұлтын, тілін қадір тұтуы анық сезіліп тұрады. Автордың түрлі тақырыптарды тиек еткен поэзиялық туындыларында өмір тіршілігіндегі шым-шытырық оқиғалар, еңбекші халықтың жай-күйі, басқарушы топтың билігі, бай-болыстардың ұнамсыз қылықтары мен ессіз әрекеттері еш бүкпесіз шынайы сипат алады.

Ойға келген идеяға сәйкес сөз саралап қолдану кез-келген ақыннан үлкен шеберлікті талап етері белгілі. Қажымның қаламынан туған әр туынды ақынның сезім иірімдерін, жан астарларын, ішкі толғаныстарын айқын да әсерлі жеткізеді. Ақын көркем дүниелерінің көлеміне емес, мазмұнының терең, ойы нәрлі, тілі алғыр болуына айрықша көңіл бөледі. Қажымның үш-ақ шумақтан тұратын «Қазақстан» өлеңі бүтін елдің бүкіл қадір-қасиетін, құтқа айналған қазба байлығын, көркем табиғатын алдына жайып салады.

Ақын жаратылыс құпиясын, табиғат сұлулығын жандандыра бейнелеген «Қазақстан» өлеңінде:
Қорытылса Теміртауда болат-құрыш,
Жезқазған қазанында қайнады мыс.

Кен құты, жер тәңірі - Қазақстан,
Тасынан ақтарылған алтын, күміс.
Қанша алса сарқылмайтын тас көмірі,
Қара алтын Қарағанды бақ пен ырыс.
Қанындай күре тамыр қоңыр тартқан,
Эмбаның мұнайы асау фонтан атқан.
Ұйығы сансыз балық Арал, Каспий,
Асаудай мекіресі тулап жатқан [4, 20 б.]

(«Қазақстан »)

- деп табиғатының әсемдігімен танымал, жер қойнауының байлығымен әйгілі Қазақстанның мақтанышымен жырға қосады. Туған елінің айшықты келбетін сұлу сөзімен көмкеріп, әр аймақтың өзіне тән пайдалы қазбаларын сарқылмас байлыққа, таусылмас бақ пен ырысқа тең көреді. Ембі мұнайының күре тамыр қанындай қоңыр, атқылаған фонтандай долылығын айтса, Арал, Каспий теңіздерінің балықтарын тулаған асауға теңеу арқылы тым ұлғайта суреттеген.

Қажымның 1933 жылы жарық көрген «Шабуыл» жинағына «Ер Жәукен», «Польша өкілдері келгенде», «Шабуыл», «Май толқыны», «Егізбай мен Ерқожа», «Кәмпеске жазы», «Шымырлап еңбек қайнайды», «Бас трактор маршқа», «Түркісіб», «Қайлашы», «Балапан», «Алатау» өлең-поэмалары енген.

Алатаудың таңғажайып табиғаты талай талантты ақынның шабытын шалқытып, жан дүниесін толассыз тебіrentкені сөзсіз. Көрікті өлкенің әсем бейнесі, көз тоймас ерекше көріністері қараған жанның көзін тұндырып, көңіл көкжиегін жадырата түседі. Осы бір сұлу тауды Қажым ақын да «Алатау» өлеңіне арқау етеді. Алатаудың өзгеше болмысын кеңінен суреттеген ақын талай заман көрінісіне куә болған асқар таудың өткені мен бүгінін сарапқа салады, келешегін ойша өрнектейді.

Алатау ақбас шалым көпті көрген,
Қайғы мен белуардан жерге кірген,
Екі тап жер тіресіп жұлқысқанда,
Бауырында қанға оранып кедей өлген.
Ақбас шал көкше тасын домалатып,
Кигізіп тастан кебін талай көмген [137, 45 б.]

(«Алатау»)

- дей келе, ақын халқымен бірге жасасқан, сұрапыл күндерде қан қақырып, жүрегі қарс айырыла жаздап, ақ бұлттары жасын төгіп, кей кездері бұрқ-сарқ ете гүрілдеп, кей сәт күйіп- жанып өртеніп мың сан күйге түскен ақ басты қарт Алатаудың сипатын күйіне суреттейді.

Ал бұл күнде еңбекші халықтың баурайында, қайнаған еңбектің ортасында жұмыскер жандарға жігер беріп шаттана марқайған таудың келісті келбетін бейнелейді.

Көрдің бе міне - еңбекші, эне - Алатау,
Жайнаған қызыл гүлдей жаңа Алатау.
Құлпыртып еңбекші елін нұрға бөлеп,
Өзгермек жер жүзінде сәні Алатау.

Бұл - Қажым ақынның түрлі кезеңді бастан өткеріп, адамзатпен бірге қуанып, бірге күніренген асқар Алатаудың ғажап көрінісіне қойған соңғы нүктесі.

Қ. Жұмалиев туған халқының, қазақ ұлтының қамын ойлап, мұң-мұқтажын жоқтаған тарих сахнасындағы ірі тұлғалардың, ержүрек батырлардың, қара жұмысты адал атқарған шымыр азаматтардың бейнелерін сомдады. Жазушының прозалық туындыларында орын алған тарихи шындықты көркем шешіммен бейнелеудегі суреткерлік тереңдігі, қоғам шындығын өмір құбылыстарымен ұштастыра отырып жазудағы қаламгерлік шеберлігі - әдеби дәстүр жалғастығының айқын көрінісі.

Қажым Жұмалиевтің 1934 жылы латын қарпімен Қазақстан баспасында жарық көрген «Қанды асу» романы - бай мен кедей арасындағы тартыс, қара арғымақ, қара күймеге мініп, сары жез киім киініп, жүндей түтіп кедейді зар жылатқан Мұқан сынды байлар мен шашы ағарып, қартайып өлгенге дейін байлардың құлына айналып, мал бағып күн көрген кедейлердің халін жырлаған көлемді туынды.

Жазушы романның кіріспе бөлімінде табиғат пен адам арасындағы үнсіз байланысты, жазық дала мен мал баққан малшы арасындағы үнсіз тілдесуді суреттейді.

Жасыл кілем жайнаған жазық дала,
Жүрегі өрт, денесі у, жаны жара.
Ойға шомған қапалы қоңыр белдің,
Әлдилейтін қайғысын сағым ғана.
Барылдауық бетеге қалың бозды,
Жалын ұрттап, қан құсқан сай мен сала [6, 2 б.].

Жалпы алғанда, жазушының «Қанды асу» романының негізгі тақырыбы - бай-болыстар билік құрған заманда халық қамын ойлаған, ел қорғаны болған ержүрек ерлердің ерлігін дәріптеу болса, басты идеясы - жазықсыздың аяусыз қанын шашып, жанын қиған жауыздардың сұраусыз қалмайтынын, кедейлерді құлына айналдырып, қорлық көрсеткендерден ел кегін қайтарар батыл азаматтардың бар екендігін кейінгі ұрпаққа насихаттау екендігі айқын.

Жалынды күрескер, ел жанашырлары Махамбет пен Исатай, Үбі сынды қазақтың өр тұлғалы біртуар батырларының көркем образы бейнеленген «Айқас» повесі Қажым прозасының биік шыңы десек те болады. «Ұлы айқасудың алдында», «Таңба», «Тарлан атты жолаушы», «Айқас» деп аталатын төрт бөлімнен тұратын бұл повесте «қара қазан, сары бала қамы үшін» жауға қарсы аттанып, халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, ұлтына, атамекеніне деген сүйіспеншілігін ісімен дәлелдей білген батырлардың ерлік қимылдары көрініс табады. Жазушының бұл туындысына «Айқас» атауының берілуі бай мен кедей, билеуші топ пен еңбекші халық арасындағы тартыстарды сипаттауынан, елі үшін, туған өлкесі үшін кескілескен ерлерінің батыл әрекеттерін насихаттау тақырыбына қалам тербеуінен екендігі анық.

«Ұлы айқасудың алдында» атты алғашқы тарауда хан салығы дегенді сылтау қылып қарапайым ауыл халқының екі еселеп малын әкеткен, қарсы шыққандарды аяусыз соққыға жыққан Балқы байдың ессіз қылықтары, «дұшпанға кеткен ары мен талауға түскен малын» қайтаруға асыққан жау жүрек Үбі батырдың ерлігі сипатталады.

Повестегі басты қаһарман Үбі батыр - жүрек жұтқан азамат, ел тыныштығын сақтауды мақсат еткен, халқы үшін жанын пидә етуге даяр нағыз ер, Исатай мен Махамбет үшін басын беруге әзір адал дос. Үбі әрбір істі бастар алдында Махамбет ақынның өлеңдерін ой иірімінен өткізеді, оның жыр жолдарын жанына сусын, өміріне басшылық деп біледі. Тіптен өзінің айтқысы келген ойын, көзқарасы мен тұжырымын одан бұрын Махамбет өлеңімен жеткізгендей әсерге бөленеді. Ақын өлеңдерін бүкіл жан жүйесімен сезіне білетін Үбі соңғы шешімді де Махамбет сөзінің тереңіне бойлай отырып қабылдайды.

«Ауыл тым көңілсіз. Адамдарының түстері қоңырқай. Тереңде жатқан ызалы кек бетке шапшып, әйел, еркегі тегіс сұрланып тұр. Жабылыққа қабақтардың астындағы қара көздерден жалт еткен ашу отының ұшқыны көрінеді. Ауыл адамдары бір-біріне «пәлен» деп тіл қатпаса да, «әттең» деген ұлы арманның белгісі қай-қайсысының да бетінен танылғандай» [7, 210 б.].

Ауыл жұртының көңілсіз қалпының басты себебі сол - Үбі батырдың жоқтығын пайдаланып, ойға келген істерін қылған, ауыл ішіне ойран салып, малдарын тартып алған Балқы би мен оның есерсоқ адамдарының адамдықтан жұрдай ақылсыз әрекетке баруы еді. Малдан бұрын ар-намысын алдыңғы орынға қоятын Айса, Үбі сынды халық жанашырларын опасыздардың тал түсте ауыл ішіне ойран сала ат ойнатып, қамшы үйіргендері кынжылтады.

Осы шығармасы арқылы Қажым қазақ ұлтының қай кезеңде де жаудан қорғап, бейбітшілігін сақтауға адал қызмет еткен батырларының болғандығын айғақтайды. Балқы сияқты бас пайдасын ғана ойлайтын арамтамақтардың билігі көпке бармайтынын, қарапайым халықты қанағандар жазаға ұшырайтынын анық жеткізеді.

Генс, Нұралыханов, Бұж қара сынды жауыздардың аяусыз көрсеткен қорлықтарына төзе білген Үбі батыр Махамбет пен Исатай турасында қойылған сұрақтардың ешбіріне жауап қатпайды.

Үбінің: «Хан баласы, қадама тіліңді. Мен өлімнен қорықпаймын. Менің жаным сендердің жаныңдай тәтті емес. Мен өлгенмен ел өлмес, бір әйел мендей ұл табар. Қан құмар

ақ сүйек, іш қанымды. Керек болса, ... пісіріп же» [7, 231 б.] - деп өктем үнмен тіл қатуы, батырдың өн бойында қорқыныш сезімінің мүлдем жоқтығына, туған елі үшін, қазақ жұрты үшін, шынайы достық үшін жанын өлімге қиюға даяр екендігіне айқын дәлел бола алады. Шығармада суреттелген аянышты көріністер, Үбіні азапқа салған аяусыз әрекеттер, оқырманның жан-дүниесін түршіктіріп, тұла бойын шіміркендірері сөзсіз.

Кейіпкердің дара тұлғасын қалыптастыруда, мінез-құлқын, рухани ішкі әлемін, ой толғанысын сипаттауда, іс-әрекеттері мен қимыл-қозғалыстарын суреттеуде монолог пен диалог, портрет пен пейзаж, авторлық баяндау, психологиялық параллелизм секілді тәсілдерді ұтымды пайдаланып, шығарманың көркемдік мәнін тереңдете түседі.

Қажым шығармашылығында кейіпкер характерін айқындауда портрет маңызды рөл атқарады. Жазушының «Айқас» повесіндегі Үбінің түр-тұлғасын сипаттауынан-ақ ел іргесін жаудан қорғар, дұшпанға қаймықпай қарсы тұрар батырдың келбеті елес береді. «Жүргінші еңгезердей сары. Бетінде аздап шешек дағы бар. Дөңестеу келген қошқар тұмсығы, кең маңдайымен тұтаса біткен қалың қабағы әлденеден хабар бергендей, екі иығына екі кісі мінгендей шалқақ кеудесін, жалпақ жауырынын, жұп-жұмыр, әлді мойнын, жуан саусақтарын көргенде, оны қарапайым адам деу қиын» [7, 209 б.].

Қажымның кейіпкерлерінің портретін беруіндегі басты өзгешелігі ол адамның бет- бейнесін, кескін-келбетін тұтас суреттемей, есте қаларлықтай көркемдік детальдар, суретті сөздер арқылы көрсетеді. Сондай-ақ кейіпкердің ішкі сезімін, сол сәттегі көңіл-күйін сыртқы кейпімен байланыстыра сипаттайды да, адамның эмоциялық күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін айқындауға тырысады. Автордың Үбі портретін жасау барысында, ең алдымен, оның қаһармандық тұлғасына, батырға тән мінезіне баса назар аударып, сыртқы бет- әлпетін, түр келбетін сәйкесті суретпен сомдағаны аңғарылады.

Махамбет ақынның портретін сомдауда жазушы ерекше шабыттанып, келісті теңеулер мен шұрайлы тіркестерін қолданғандығы байқалады. «Жолаушы кеудесі шалқақтау келген, жауырынды, қайың қаптал. Жеке тұрғанда өрескел онша ірі көрінбейді. Бұл оның бойына сай денесінің де барлығын аңғартқандай. Ат жақты, ашаң жүзіне сәл дөңестеу келген қырлы мұрынды әдейі қондырғандай. Мойылдай қара мұрт пен шоқша сақалы да өткір жүзінің бір айбары тәрізді. Қоңырлау жүзіндегі жаққан шырақтай, оты шығып тұрған қара көзі асқан қайрат, жігерді аңғартса, көздің үстіндегі қалыңдау келген жар қабақ, маңдайдағы қос қыртыс - ерлік, қайтпайтындықтан хабар бергендей» [7, 238 б.].

Бұл суреттеуден-ақ аруақты ердің сойына тән, нағыз ер-азаматтың болмысын аңғаруға болады.

Халық қамын ойлаған қаһарман, азаттық үшін алысқан есіл ер Исатайдай ұлы тұлғаның еркіндік сүйгіш ерік-жігерінің, асқақ рухының, көтерген қоғамдық жүгінің биіктігін сипаттауда да жазушы сөз әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесін оқырманына әсерлі етіп суреттейді. «Төртбақтау, жирен сақалды ақсары кісі ең алдында. Басқалары онан сәл кейінірек. Жирен сақалды, жігіт ағасы адам аяқ басысына қарағанда, мінезі ауыр, сұсты, айбарлы кісіге ұқсайды. Шалқақтау біткен қарыс жарым маңдайы, орақ мұрыны, жалпақ жауырыны әлденеден хабар бергендей. Бір қарағанда, кеуде жағы жуан, бөксе жағы жіңішкелеу көрініп, арыстанды көзге елестеткендей. Әйтсе де не терең ойда келе жатқандай қабағы қатыңқылау» [7, 247 б.].

Автор келісті сөз образдарын түрлендіре қолданып, Исатай батырдың арыстандай қайратты тұлғасын сомдап, батырға тән кескінімен қоса, сабырлы, парасатты, кеменгер екендігін де танытқысы келеді.

Исатай - өз сөзін ісімен дәлелдей білген батыл ер, патшаның, ханның кемшіл тұстарын бетке айтып, қалың бұқараны жауыздардың шырмауынан босатуға, әділдік орнатуға бар күшін салған еңселі азамат. Қазақ өз алдына ел болғалы халық пен хан арасындағы азаймас алауыздықтың, бітімге келмес даудың әділ шешімін шығарып, мал-мүлкі мен жерін талап қана қоймай, ары мен адамгершілігіне қол сұққан хан тұқымдарына ашық наразылық білдірген Махамбет пен Исатайдың шынайы образдарын жасаған Қажым ақын мен батырдың бар болмысын шебер суреттейді.

«Батырдың сөзі онша сырлы, шешен болмаса да салмақты, байымды және шындық. Әр сөзі өмірдің сынығы, бөлшегі тәрізді» [140, 249 б.] - десе, шешендігін көш бастап келе жатқан Исатай батыр бейнесін: «Астында ақ бөкеннің лағындай атылып ойнаған Ақтабан. Басында дулыға. Үстінде сауыт. Белінде қорамсақ. Иығында садақ. «Ағатайдан қалыпты-мыс, жыланның етіне суарылған екен, шауып жібергенде, түйені екі бөліп кетеді екен, бірақ, түйе күйісін жазбай, сол күйі қалып қояды екен», деп ел ауыз ететін наркескен атанған қайқы қылышты сол жағына асыныпты. Желбіреген туды жоғары ұстап, батыр оқ бойы алда келеді» [7, 254 б.] - деп асқақтата жырлайды.

Жазушының жағымсыз кейіпкерлердің түр-тұлғасын суреттеген портреті - сол адамға тән бүкіл қасиетті, ішкі ойын жария етіп, дүниеқұмар, ашкөздік қылықтарын дәлелдей түседі. Повестегі Балқы турасында айтылған мына бір үзіндіден: «Бастың алдын бұғақ, артын шүйде басып кеткендіктен тосын көрген адам «басы жоқ па?!» деп те қалғандай. Бір қарағанда ол сезім де, ұғым да жоқ, әйтсе де тісі бар, қарыны бар үлкен кесек ет тәрізді. Бірақ, кімге де болсын мысқыл күлкімен қарайтын май басқан кішкене көзі оның тіршілігін толық дәлелдегендей» [7, 219 б.].

Қажым өз қаһармандарының қимыл-әрекетін жеке-дара алмай, оның сөйлеген сөзімен қоса суреттеп, авторлық көзқарасын да білдіріп, кейіпкерінің болмысын жан-жақты аша түседі. Жазушы шығарма оқиғасын баяндау барысында кейіпкерлердің жеке басына тән ерекшеліктерді, қоршаған ортамен байланысын таныстыруынан сөз саптау өзгешелігі, өзіне тән жазу машығы байқалады.

Автор ер серігіне айналған тұлпар бейнесін сипаттауды да назардан тыс қалдырмайды. «Жалаңаштап қайтарып қойған қасқа ат қараша үйге иегін асып сусып тұр. Оның сұлулығы енді ғана байқалды. Сомдап соққан дередей төрт аяғын, сіңір-сіңір боп біткен әлді серперлігін, айналып түсіп жатқан кең сауырын, омыртқалары тұтас, қайнап біткен күдістеу мұз белін, шоқтықтан арғы жағы сәл ғана ойысып, тік көтерілген ойдық желкесін, қарқарадай шаншылған қос құлағын көргенде оның тұрпатына көзің тойғандай. Қос құлақтың аралығынан төмен қарай әліпше тартылған ақ сызық имііп жатқан тұмсықтың дәл ортасынан келуі - сұлулықтың бір белгісі тәрізді» [7, 216 б.].

Исатайдың Ақтабаны, Махамбеттің Тарланы, Үбінің қасқа аты да шығарманың өңін кіргізіп, нағыз «жылқы» деген қорытындыға келтірердей сұлу тұрпатымен баурап алады.

«Батырдың тақымы мен тізгінді қалай бұруын аңдып келе жатқанда қылып етсе-ақ, ыңғайына қарап, ұршықша үйіріледі. Әсіресе, оның әдемілігіне көзің тойғандай. Аңқиып жатқан кең омыраудан тік көтеріліп, бауыздау жері иіле біткен мойыны, бір қырым ет жоқ кекшіл басы қолдан құйып қойғандай. Тура алдынан қарағанда қаққан қазықтай шаншылады. Артынан қарасаң саны айналып түсіп жатқан жоталы ірі. Сыйдиган-сыйдиган төрт аяғы нақ су арғымақтың өзіне ұқсатқандай. Бір аяғының тоң соғарынан төменгі жағының ақ болуы да ерекше қасиетінің бірі тәрізді» [7, 255 б.].

Жазушы қазақ ұлтының намысын көкке көтеріп, ел-жұртын қорғап, бейбітшілік пен бірлікті ту қып ұстаған Махамбет пен Исатай секілді батырлардың ерлік істерін кейінгі ұрпаққа дәріптеуді идея ғып көтерсе, Қажымның «Айқас» атты туындысы сол мақсатты толық орындап шыққандай.

«Қажым - бүкіл өзінің тумысымен, табиғатымен ақын жанды, бары болса шәкірттеріне аямай беретін, одан іркері болмайтын, әдебиетті жанындай сүйетін жан болатын» [8] - деп жазушының шынайы болмысын бағалайды С. Қирабаев.

Қазақ халқының айбынын асқақтатып, ұлттық болмысымыз бен рухани құндылықтарымызды дәріптеген, білім мен ғылым жолын тең ұстап, даналығымен танылған Қажым Жұмалиев мұралары қай кезеңде де дараланып тұрары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы біреп сөз. 2015 жыл, 1 маусым // URL: <http://www.el.kz/article/qazhim-jumaliyev-turali-birer-soz> (Қаралған уақыты: 15.10.2022.).

2. Қаратаев М., Сейітов С., Қабдолов З., Әдібаев Х. Қажым Жұмалиев. - Алматы: Ғылым, 1968. - 201 б.
3. Зайкенова Р. Қазақтың Қажымы. 2 ақпан, 2018 жыл. // Abai.kz ақпараттық порталы // URL: <http://www.qazaqadebieti.kz/article/qazaqtyn-qazhimy> (Қаралған уақыты: 18.10.2022.).
4. Жұмалиев Қ. Қазақстан. Кітапта: Сейітов С. Республикам менің. - Алматы: Қаз.мем.көрк.әд.баспасы. - 1960 ж.
5. Qumalhulh Q. Өтіг дыб. Olender QBjnagb. Alma-Ata: Qazaqstan. - 1938. - 39 б.
6. Qumalbulb Q. Qandb asuv. Roman. Qazaqstan. - 1934. - 98 б.
7. Жұмалиев Қ. Егеулі найза. - Алматы: Арыс, 2003. - 280 б.
8. Қирабаев С. Мақалада: Қажым Жұмалиев туралы бірер сөз. 2015 жыл // URL: <http://www.el.kz/article/qazhim-jumaliev-turali-birer-soz> (Қаралған уақыты: 20.10.2022.).

«ЖАЙСАНДАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ» КІТАБЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

ӘОЖ 82.02

Мамыров А.И.

Қажым Жұмалыұлы Жұмалиевтің әдеби мұрасын зерттеп, жинақтап жүргендегі тапқан олжамыздың бірі - «Жайсандары қазақтың» кітабы. Нақтылап айтқанда кітаптың түпнұсқасы. Қажым ағаның еңбектер тізімінде мұндай атаумен шыққан кітап жоғын білетіндіктен қолжазба қолымызға түскенде ғылым адамы ғана сезіне алатын қуанышқа бөленгеніміз бар. Қажымтануда атқарылып жатқан жұмыстың бір парасы ретінде бүгінгі мақаламызда осы қолжазбаның зерттелу барысы баян етіледі.

«Жайсандары қазақтың» естелік әңгімелер жинағы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Қажым Жұмалыұлы Жұмалиевтің жазушылық қырын танытатын көркем туындысы. Әңгімелер топтамасының жалпы саны жетеу. Олар: «Қайсар қара, қайырымды адам», «Ұлық болсаң, кішік бол», «Күй жаршысы», «Үлгілі ұстаз», «Бір сырлы, сегіз қырлы», «Өнегелі өмір», «Досыңа достық - қарызың». Бұл әңгімелердің бас қаһармандары Сейітқали Меңдешев, Хамит Жәнібеков, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Санжар Асфендияров, Әлімхан Ермеков, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сағыр Камалов, Тайыр Жароков, Әлібек Қоңыратбаевтар.

Қажым Жұмалиев еңбектерінің библиографиялық көрсеткішін дайындау барысында байқағанымыз, дидактикалық очерк жанрында жазылған естелік әңгімелерінің бірқатары Қажекен қызметте жүрген жылдары газет-журналдарда басылғанымен авторының көзі тірісінде жеке кітап болып шықпағандығы. Халқымыздың аяулы ұлдары туралы жазбаларын Қажекен науқасы меңдегеннен кейін жинақтап, 31.X.1968 жылы «Жайсандары қазақтың» деген атаумен баспаға ұсынған. Өкініштісі, қолжазба 1969 жылы «Жазушы» баспасынан кітап болып шыққанда атауы өзгеріп «Жайсаң жандар» болып басылуы және бір кем дүние 37000 мың данамен шығып, ел ықыласпен оқыған көркем туындысын авторының көре алмай кетуі.

Естелік әңгімелер жинағын жанры жағынан дидактикалық очерк деген ойымызды Қ.Жұмалиевтің шәкірттерінің бірі профессор Мекерия Атымұлы пікірімен сабақтастырып бекіте түссек: «Қажым Жұмалиевтің «Жайсаң жандар» кітабын ұстаздар жөніндегі толғау десе де болғандай. Өйткені бұл кітапқа енген қай әңгімені алмаңыз бәрі де жастарға тәлім-тәрбие берген, өлең мен өнегелі сөз үйреткен ақыл иесі ағалар...». (М.Атымұлы «Қажым Жұмалиев» 48 бет).

Осындағы «ұстаздар жөніндегі толғау», «жастарға тәлім-тәрбие», «өнегелі сөз үйрету» деген критерилер дидактикалық таным табиғатын танытып тұр. Шығармамен танысқан көзі қарақты оқырман мұның дәм-тұзын айырады деген ойдамыз.

Қажекеннің әңгімелерінің жанрлық табиғаты туралы: «Қажым Жұмалиев әңгімелерінің бірқатарында нақтылы болған оқиғалар мен фактілер баяндалып отырғандықтан да кейбір әңгімелер очерктік сипат алып жатады... Бұлардың бәрі де ұзақ өмір жолы үстіндегі педагог

жазушының өзі көріп-білген оқиғаларының жиынтығы, жол очерктері сияқты әсер қалдырады» деген М.Атымов пікіріне алып қосарымыз жоқ.

Ендігі сөз жинақтың атауы мен әңгіме текстологиясы турасында болмақ. Кеңестік Одақтың көшбасшысы саналған Ресейде тарихи тұлғалардың өмірлік жолы турасында сыр шертетін жазбалар «Жизнь замечательных людей» сериясымен шығарылғаны белгілі. Осыны үлгі етіп Қ.Жұмалиев те кітап атауын «Жайсаң жандар» деп атаған болар деген ойда болғанбыз. Кітаптың атауы дыбысталуы жағынан әуезділігімен, мазмұнды түйіндеуде пайымдылығымен талайды қанаттандырған. Қазақ ой-өрісінің дамуымен «Жайсаң жандар» бір кітап атауы аясынан шығып, біріне-бірі сәулесін түсіріп тұрған сөздер үлкен мәнге, кеңістікке ұласып кетті.

Қажекең туралы жазылған естеліктерде не замандастары, не шәкірттері баспаға «Жайсандары қазақтың» болып ұсынылған қолжазбаның баспадан «Жайсаң жандар» атауымен шығуы жөнінде ләм демейді. Авторының кітапқа берген бастапқы атауын білмеді ме екен? Әлде болары болған істі айтқанда не өзгереді деген қорытындығы келді ме? Бұл жағы беймәлім. Өткен күн еншісінде.

Бүгінгі күннің бір анығы Қажекеңе қайырылып қайта мойын бұру 2006 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде филология ғылымдарының докторы, профессор Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғалидың жетекшілігімен Азамат Ыбырайұлы Мамыровтың филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғаған «Қажым Жұмалиев - эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші» атты диссертациялық жұмысынан басталды. Мұнан кейінгі іргелі істің бірі 2010 жылы «Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы» сериясымен Қ.Жұмалиевтің әр жылдары жарияланған еңбектері тұңғыш рет 7 том болып жарыққа шықты. Бұл Қажекең дүниеден озған 42 жыл ішінде алғаш рет еңбектерінің жинақталып қайта басылуы еді. Осы 7 томдықтың жетінші томы «Жайсаң жандар» 1969 жылғы жарияланым негізінде шықты. Кейінгі жылдардың зерттеу нәтижесі Қажымтануда әлі айтылмаған, әдеби айналымға шығарылмаған әдеби-тарихи материалдардың молдығын көрсетті. Оны келер күннің еншісіне қалдыра отырып, сөз болып отырған «Жайсаң жандар» естелік әңгіме жинағының қолжазба нұсқасына назар аудартқымыз келеді.

Алматыдағы ғалымдар үйі саналатын «Жібек жолы» көшесіндегі Қажекеңнің үйінде жеке архивін қарап отырып, көзім сарғайған папканың сыртындағы ғалымның өз қолымен жазған «Жайсандары қазақтың» деген жазуға түсті. Көптен Жұмалиевті зерттеп жүргеннен кейін папка сыртындағы жазу өз қолымен жазылғандығын жазбай таныдым. Ой жүйрік қой, «Жайсаң жандардың» жарияланбаған жалғасы ма деп қалдым. Қарасы қалың көрінген папканың бірінші бетінде «Қ.Жұмалиев. Жайсандары қазақтың. «Жазушы» баспасы, Алматы - 1968» деген жазу бар. Машинкаға теріліп, баспаға әзірленген материал екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі текстологиялық жағынан айтпағанда жеті әңгіменің мазмұны жағынан реттік орналасуы 1969 жылғы «Жайсаң жандармен» бірдей, ал екінші бөлім кітапқа мүлде енбей қалған.

Демек, бүгінгі таңда біз оқып жүрген «Жайсаң жандар» жинағын автор баспаға тапсырғанда болашақ кітап болып шығатын қолжазбасының атауы «Жайсандары қазақтың» болғаны. Қазақ зиялыларының адами болмысын, қайраткерлігін таныттын кітаптың бұлай аталуының өзі орынды, әрі үлкен мәнге ие. Автор кітабын «Жайсандары қазақтың» деп атау арқылы Ұлттық Меннің үні сол халықпен мәңгілік бірге жасайтын алып күш екендігін көрсетті.

«Жайсандары қазақтың» атауымен баспаға тапсырылған қолжазба не себепті «Жайсаң жандар» болып шықты? Авторының келісімі болды ма? Әлде, «өлгеннің айтқанын тірі істемес» дегеннің кері ме? Естелік әңгімелер қолжазбасы 1968 жылдың оныншы айының соңғы күні баспаға тапсырылып, Қажекең қайтқаннан кейін 1969 жылы жинақ болып шыққандығын жоғарыда айттық. Қолжазбадағы «қазақ» сөзінің жинақта «жандар» болып өзгертілуі кеңестік идеология цензурасы талаптарының салқыны екені аян. Осы өзгерісті қолжазбасы баспаға тапсырылғаннан кейін екі айға жетпейтін уақытта өмірден озған авторы білді ме? Біздің білетініміз Қ.Жұмалиевтің ғылым жолындағы шәкірті, сырлас інісі М.Атымов естелігінде Қажекең ауруы жанына батып жатқанымен қайтуына үш күн қалғанша аурухана

бөлмесінде кісілермен жолығысқанын айтады. Осы аралықта кітап атауының өзгеретіні күн тәртібіне шықты ма, жоқ па ол да келер күннің еншісінде. Мүмкін, өз дегенін істетпей қоймайтын биліктің өзгерткен атауын айықпас дертке шалдыққан абзал аға амалсыз құп алды ма екен. Бұлай ойлауымызға шәкірттерімен сұхбат барысында айтқан Қажекеңнің мына бір сөзі себеп болып тұр. «Мен де өмірде ешкімге тәуелсіз өмір сүргім келіп, біраз жұлқынып көрдім. Бірақ ол болмайды екен, жігіттер. Өмір кейде өз дегенін істеп адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді».

Қағынан жеріген құландай болған қоғам, «Жайсандары қазақтың» деген атаудан үрке қарап, пролетаршылдық пайыммен «Жайсаң жандар» атауын құп көрсе, лаж бар ма...

«Сөз түзелді, тындаушым, сен де түзел» сәті туғанда Қажекеңнің кітапқа берген алғашқы атауы қалпына келтіріліп, естелік әңгімелер жинағының мәтінінен қиылып қалған 7350 сөз текстологиялық салыстырулардан соң жаңа басылымға қайта енгізілді. Араға 50 жыл (1969-2019 жж) салып, жаңғырған елімен түпнұсқалық қалпында қайта қауышқан **«Жайсандары қазақтың»** кітабының ғибраты ғұмырлы болсын! Кемел тұлғалар жөнінде сыр шертетін көркем туынды, күн сөнбей сөнбейтін ұлттың рухани азығына айналсын!

«Қайсар қара, қайырымды адам» әңгімесі:

«Қайсар қара, қайырымды адам» әңгімесі алғаш 1967 жылы «Жұлдыз» журналының №11 санында жарияланды. Мұнан кейін аталмыш әңгіме 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жайсаң жандар» кітабына енді.

«Жайсандары қазақтың» қолжазба нұсқасында бірінші әңгіме атауы «Қайсар қара, қайырымды адам» деп аталса, «Жайсаң жандарда» әңгіме атауы баспа тарапынан қысқартылып «Қайырымды адам» деп берілген. Әңгіме мазмұнымен толық танысқан оқырман авторының әңгімеге «Қайсар қара, қайырымды адам» деп атау беруімен келіскен болар еді. Әңгімедегі «Қайырымды адам», есімі елге танымал қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, Қазақ Советтік Социалистік Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы - Сейітқали Меңдешұлы Меңдешев. Ал, «Қайсар қара», әңгімедегі табанды кейіпкер Қарабаланың прототипі - Қажым Жұмалыұлы Жұмалиев. Көркем шығармадағы «Қайырымды адам» бейнесі «Қайсар қара» бейнесімен сабақтас, сондықтан қолжазба нұсқасындағы «Қайсар қара, қайырымды адам» атауы әңгіме тақырыбының идеясын толықтай ашуда да үлкен мәнге ие.

Әңгіменің қолжазба нұсқасымен кітапта басылған түрін текстологиялық тұрғыда салыстырғанда айырмашылық бары байқалады. Қолжазба нұсқадағы мәтін көлемі кітап болып басылып шыққанда біршама қысқартылған. Нақтырақ айтқанда тарихи шындықты, авторлық ұстанымды көрсетіп тұрған 992 сөз кесіліп қалған.

«Ұлық болсаң, кішік бол» әңгімесі:

Қажым Жұмалиевтің «Ұлық болсаң, кішік бол» әңгімесінде қазақ әдебиетіндегі ардақты есім, сөз зергері Бейімбет Майлиннің кісілік келбеті суреттеледі. Әңгіме алғаш 1964 жылы «Жұлдыз» журналының №12 санында жарияланды. Онан кейін 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жайсаң жандар» кітабына енді.

«Ұлық болсаң, кішік бол» текстологиялық жағынан көп өзгеріске ұшырамаған. Бұған қарап 1969 жылы шыққан «Жайсаң жандардағы» «Ұлық болсаң, кішік бол» әңгімесі мен қолжазба нұсқадағы «Ұлық болсаң, кішік бол» мәтін жағынан бір деп айтуға келмейді. Ішінара қысқартуға түскен тұстар төмендегідей, барлығы 104 сөз:

«Күй жаршысы» әңгімесі:

«Күй жаршысы» әңгімесінде әдебиетіміздегі алыптар тобының ардақтысы, ақын Ілияс Жансүгіровтің азаматтық бейнесі суреттеледі. Ілияс ақынның өмірі мен шығармашылығын, қайраткерлігін насихаттауда Қажым Жұмалиев ерен еңбек еткенін республикадағы белгілі басылымдарда жарияланған мына мақалалардан көре аламыз: 1. «Ілияс - дәуір жыршысы», Социалистік Қазақстан газеті 1965 жыл 5 маусым; 2. «Замана жыршысы, күй жаршысы: (І.Жансүгіровке 70 жыл)», Қазақ әдебиеті газеті 1965 жыл 28 мамыр; 3. «Екі кездесу», Социалистік Қазақстан газеті 1965 жыл 25 шілде; 4. «Күй жаршысы», Жұлдыз журналы 1966 жыл № 9 саны.

«Күй жаршысы» кейін 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жайсаң жандар» кітабына енді және «Жайсандары қазақтың» қолжазбасымен текстологиялық жағынан бірден- бір сәйкес келетін жалғыз әңгіме де осы.

«Үлгілі ұстаз» әңгімесі:

«Үлгілі ұстаз» әңгімесінің кейіпкері Санжар Жапарұлы Аспандияров - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дарынды ғалым-тарихшы, профессор, педагог. Қазақтың тұңғыш университетінің ректоры.

«Үлгілі ұстаз» әңгімесі алғаш 1968 жылы «Жұлдыз» журналының №4 санында жарияланды. Одан кейін 1969 жылы шыққан «Жайсаң жандар» кітабына енді. «Жайсаң жандар» кітабындағы жеті әңгіменің ішінде ең көп қысқартуға іліккен осы «Үлгілі ұстаз» әңгімесі. Автордың архивінен табылған әңгіменің қолжазба нұсқасы мен кітапқа енген «Үлгілі ұстаз» әңгімесінің текстологиялық салыстыру жасағанда көркем шығармаға айтарлықтай нұқсан келгені анықталды. Түпнұсқадан 4893 сөз қиылып қалған.

«Бір сырлы, сегіз қырлы» әңгімесі:

«Бір сырлы, сегіз қырлы» әңгімесінде Қажым Жұмалиев өзінің үлгілі ұстазы Сәкен Сейфуллинді жігіттің сұлтаны, білімдар шешен, парасатты педагог, ардақты аға ретінде көрсетуді мақсат тұтқан. Сәкен тұлғасын тануды Қажекең өткен ғасырдың отызыншы жылдары кейіпкерінің көзі тірісінде-ақ бастап кеткендігін 1936 жылы 17 қазанда «Екпінді құрылыс» газетінде жарияланған «Сәкен және оның творчествосы» атты мақаласы арқылы таныспыз. Мұнан кейінгі жылдары да бұл тақырыпқа қалам тербегенін 23.05.1964 жыл «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Ерекше ыстық күндер: (С.Сейфуллин туралы естелік)», 09.1964 жыл «Новый мир» журналының № 9 санындағы «Наш Сәкен», 05.1964 жыл «Жұлдыз» журналының № 5 санындағы «Сегіз қырлы, бір сырлы: (С.Сейфуллин туралы)» мақалаларынан аңғаруымызға болады.

1969 жылы шыққан «Жайсаң жандар» кітабына енген «Бір сырлы, сегіз қырлы» әңгімесі де қысқартудан тысқары қалмаған. Әңгіменің қолжазба нұсқасымен салыстыру жасағанда 553 сөз қиылып қалғандығына көз жеткіздік.

«Өнегелі өмір» әңгімесі:

Қажым Жұмалиев «Өнегелі өмір» әңгімесінде бірнеше жыл бойы Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті болған, СССР Ғылым академиясының толық мүшесі, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өскен ортасы, өмір жолын шегініс әдісін пайдалана отырып кең панорамада суреттейді. Әңгіме алғаш 1965 жылы «Жұлдыз» журналының №2 санында жарияланды. Кейін «Жайсаң жандар»

құрамындағы әңгімелер қатарынан орын алды. «Өнегелі өмір» де баспа тарапынан қысқартуға түскен әңгімелер сапында. Қолжазба материалымен салыстырғанда келесі 118 сөздің қиылып қалғандығы анықталды.

«Досыңа достық - қарызың» әңгімесі:

Әңгіме кейіпкері Сағыр Айтмағанбетұлы Камалов 1905 жылы туып, 1938 жылы репрессияға ұшыраған көрнекті қоғам қайраткері, жазушы, драматург. Сағыр Айтмағанбетұлының өмірі мен шығармашылығы туралы Қажым Жұмалиев 1960-1968 жылдар аралығында мерзімдік басылымдарда 4 мақала жариялады. Солардың ішінде шоқтығы биігі, Камаловтың кемел бейнесін жан-жақты ашып бере алғаны 1968 жылы «Жұлдыз» журналының №12 санында жарияланған «Досыңа достық - қарызың» әңгімесі. Өкініштісі «Жайсаң жандарда» бұл әңгіме де қысқартылған. Автордың түпнұсқалық қолжазбасымен текстологиялық салыстыру жасағанда жалпы саны 690 сөз қиылып қалғаны анықталды.

Аталған әңгімелердің толық нұсқасымен танысам деушілерге мақала авторының 2019 жылы құрастырып, ғылыми түсіктеме берілген «Жайсандары қазақтың» кітабын қарауға кеңес береміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. - Алматы: Жазушы, 1969. - 268 б.
- 2 Атымов М. Қажым Жұмалиев. - Алматы: Ғылым, 1987. - 106 б.

- 3 Мамыров А. Қажым Жұмалиев - эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмыс. Алматы, 2006 ж.
- 4 Жұмалиев Қ. «Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы» сериясымен шыққан Қ.Жұмалиевтің 7 томдығы. Орал, 2010 ж.
- 5 Жұмалиев Қ. Жайсаңдары қазақтың. -Тараз: «Қарахан» РБО, 2019. - 348 б.

АКАДЕМИК Қ.ЖҰМАЛИЕВ - МЕНІҢ ӨМІРІМДЕ

ӘОЖ 82.08

М. Мырзахметұлы

Менің ғылым саласындағы жетекшім академик Қ.Жұмалиев - студенттік жылдарым мен аспиранттық өмірімде ғылым жолында қалыптасуыма айрықша әсері мол қамқоршы ұстазыма айналды.

Қажекенді тұңғыш көріп, дәрісінен нәр алуым 1949 жылдың қыркүйек айында «Әдебиет теориясынан» лекция оқу үстінде басталды. Сабақтың тақырыбын жүйемен, қажетті ұғымдарға көңіл бөліп, мысал келтіргенде, өлең үзкітерін жатқа айтып, нақышына келтіріп, шабыттана төгіп-төгіп жіберуі студенттерге ерекше ұнайтын. Емтихан үстінде өлең үзкітерін жатқа айтып, тақырыпты неғұрлым қысқа әрі нақты айтсақ, қанаттанып, қуанып ықылас бере сезімге бөлене отырып тыңдайтын.

Дәрісті қағазға қарамай, ары-бері жүріп еркін оқитын. Дәріс үстінде сабақты самарқау тыңдап, бейқам отыратын шәкіртін байқап қалса, «Әй, құдағи!» немесе «Әй, құда бала!» деп бойын тез жидырып, сергітіп алатын. Кейде қытығына тие қалсақ, не білімсіздігімізді аңдатып алатын сұрақ қойсақ, шарт етіп қатты ашуланып «Садағаң кетейін, не деп тұрсың?» деп қатты кейіп тастауы - бізге тез бой жидырып, қабағымен жасқайтын. Мәлік Ғабдуллин, Сәрсен Аманжолов ағаларымыз дәріс үстінде бізді еркін ұстап, анау-мынау қылығымызға көңіл бөле бермейтін. Әсіресе, Мәлік аға дәріс үстінде өзімізбен қалжыңдасып, шамадан тыс еркелеп, еркінсіп кете берсек те, бетімізден қақпайтын. Ал, Қажекен мұндайдың біріне де жол бермей, тыңдаушыларының назарын өзіне аударып, сабақтың басынан аяғына дейін табжылмай лекцияны ұғынып жазып алуымызға айрықша мән беретін. Осы талаптан болса керек «Әдебиет теориясынан» емтихан тапсырған кезде «өте жақсы» деген бағаны көбіміз алатынбыз. Баға қоюға сараңдығы жоқ еді. Сұраққа жауапты неғұрлым нақты айтып, мысал өлеңді жатқа айтсаң, мәнеріне келтіре айтсақ, риза болып көңілденіп кететінін талай көрдік.

Бес саусақ бірдей болмайтын сияқты студенттер де әр қилы болып келеді. Кейбіріміз шпаргалка қолданып, ұсталып қалып жатамыз. Ондайға Қажекенде кешірім жасау деген болмайды. Қатты ашуланып «Садағаң кетейін» дейтін сөзді мысқылмен айтқанда, сабаға түсетінімізді өзіміз де байқай алмай мысық көрген тышқандай қалыпқа түсіп, іштей өзімізді - өзіміз жеп қорланып қалатынбыз.

Мен 1-курста оқып жүрген кезімде студенттердің ғылыми қоғамын басқардым. Студенттердің ғылыми конференциясында баяндама жасау үшін, тақырып таңдауы қиынға соғып жатады. Қажекеннің өзі де тақырып ұсынғанда, байқаймын, тақырыпқа студенттің қызығуы мен ұғым, таным деңгейіне мән беретін сияқты көрінеді. Мен Мәлік ағайдан «Әдебиеттің партиялығы» деген тақырып алып, оны Қажекенмен әңгіме үстінде не істеу керек, неден бастау керектігі жайында кеңес сұрап едім:

«Қолың көтере алмайтын шоқпарды беліңе қыстырма» дегендей қолыңнан келмейтін тақырып алыпсың ғой деп күлді де,

Абайла, жауапкершілігі үлкен тақырып, ғылыми жағынан гөрі саяси жағы басым тақырып, - деді. Өлің келмесін сезсең, басқасын алсаңшы, - деп менің таным деңгейіме, саясаттан тереңдей бермейтін жұтаң қалпыма қарады-ау деймін. Ақыры, осы тақырыпқа 10 беттей баяндама жазып, ғылыми жетекшім М.Ғабдуллинге оқуға бердім. Мәкен менің

тұрпайы социологиялық танымыммен жазылған баяндамама 2,5 беттей пікір жазып, «келінім саған айтамын, қызым сен тыңда» дегендей сырты сыпайы болса да, мазмұны ауыр тиер сынға ұшырадым. Көбінесе солақай сілтеген жерлеріме шұқшия түсіпті. Ақыры баяндаманы жасамау керек деген байламға келдім де тастап кеттім...

Қажекен 1950-51 оқу жылында 2 курсқа «XVIII-XIX ғғ. әдебиетінен» дәріс оқиды деп күтіп жүргенімізде, Институт партия ұйымында Қажекеннің партиялығы қаралды. «Ұлтшыл» деген жала жабылып, партиядан шығару мәселесі қойылды. Партия жиналысында коммунисттер пікірі екіге жарылып, ұлт мәселесіне келгенде асыра сілтейтін айқайшыл кеудем соқ коммунисттердің «Қ.Жұмалиев партиядан шығарылсын» деген ұсынысы өтпей қалды. Әсіресе, студент коммунисттер әр жерден шу шығарып, Қажекенді қызу түрде жақтады. Талас пікір ушығып, қайтадан дауысқа салуға алып келді. Дауыс берілді. Дауысты санауға яғни қол көтерушілерді санау үшін 4 жерден санақшылар қойылды. Айқай шумен айтысып, тартысып жүріп ақыры Қажекенді қорғап қалдық. Жақтап дауыс берушілер басым түсті.

Бастауыш партия ұйымының жақтап дауыс беруіне қарамай горкомның бюросы Қажекенді партия қатарынан шығарып, артынша Қарағанды қаласына жер аударылды да, «халық жауы» ретінде 25 жылға сотталып, атақты Карлагқа жіберді.

Горкомның бюросына Қажекен:

- Менің не жазығым бар? Буржуазияшыл ұлтшыл болсам, бастауыш партия ұйымы мені жақтамас еді ғой, - деп горком хатшысынан сұрағанда.

- Оны менен сұрама, мына кісіден сұраңыз, - деп артына бұрылып қарап, Шаяхметовтің портретін сұқ саусағын нұсқап көрсетті...

Қажекен 1955 жылы жазықсыз жаладан ақталып, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі әрі Қаз ССР ҒА ғылыми қызметкері болып тағайындалды. Партиялығы мен ғылыми атақтарын қайтарып алды. Жаңадан аспиранттар қабылдай бастады. 1961 жылы мен, Задан Жұмағалиев, Сейфолла Құспанов, Асқар Сүлейменов аспирантураға түстік. Ғылыми жетекшіміз - академик Жұмалиев. Барлығымызға тақырып үлестіріп жатыр. Бәрі де тақырыбына риза сияқты. Неге екенін білмеймін Қажекен маған кандидаттық диссертациясының тақырыбы ретінде «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деген тақырыпты ұсынды. Қажекене бұл тақырыпты алып жүре алмайтын себептерімді жұқалап жеткізген болдым. Қажекен тыңдап отырды да: «Үш күн ішінде ойланып келіп, жауабын айтарсың» - деп қабағын шыта қарап қайтарып жіберді. Менің бұл тақырыптан қашқақтауымның себебі де бар еді. Өйткені, мен мектепті аттап-пұттап оқыдым да, Абай мұрасынан хабарым аз болды. Ал, институтта Қажекен қамалып кеткен соң, XVIII-XIX ғасырдағы әдебиет тарихынан аспирантураны сырттай оқитын әрі институтты бітіргеніне бір - ақ жыл болған Баламер Сахариев сабақ берді. Лекциясын жазып келеді де, соны бізге диктовка жасап жаздырады да отырады. Біздер Қажекеннің ағыл-тегіл оқитын, өлең үзіктерін жатқа айтатын қызу қанды, тың пікірлі дәрісіне дәнігіп қалған едік. Әрине, ондай даярлық бізге дәріс беретін 1 курс аспирантында қайдан болсын. Қомсындық. КазГУ-дегідей бізде Абайтанудың арнаулы курсы мен арнаулы семинар сабағы өтілмейтін. Міне, осы себепті Абай мұрасы туралы менің танымым өте төмен болуының үстіне надандығыма, мәңгүрттігіме басып Абайды, шынымды айтсам, елді бір шыбықпен айдаған шынжыр балақ шұбар төс аға сұлтанның баласы деп ұғынатын едім.

Ғылыми жетекшім айтқан тақырыпқа менің даярлығым мүлде жоқ екенін анық сезіндім. Мұның үстіне 1940 жылға дейінгі кезеңде арабша, латынша жазылған дерек көздерін оқу түгіл әріптің қарасын да білмеймін. 1930-1940 ж. қолданылған латын жазуын оқып білуден де мақұрым қалғанмын. Аспирантураға мен есейіп барып әрі отбасымда бес балам бар, 31 жастағы сақа жігіт болған кезімде түстім. Мақсатым - оңай тақырып алып, тез қорғап, Ташкенттегі жұмысыма қайта оралу. Көп балалы отбасымды бағып, ұл-қыздарымды жетілдіру, оқыту ғана болатын.

Үш күн өткен соң, Қажекең келдім. Өзімше ойыма түйіп келген оңай түсер деген тақырыптарды ұсына бастадым. Абай туралы тақырыптарды ала алмайтын себептерімді де жол жөнекей айтып, реті келсе сытылып кетудің жолын іздеп шарқ ұрдым. Қажекең зер салып тыңдап отырды да, бірден ашуға басып, шарт кетті де: «- Абайды алмасаң, мен ғылыми жетекші болмаймын. Есік ашық, кете бер» - деп кафедраның есігін нұсқай сөйледі. «-Әлі де болса ойлан!» - деп ескертті.

Ол кезде қазақ әдебиетінен аспирантураға түсуге орын өте аз беріліп, оған қол жеткізу аса қиынға түсетін. Өзбекстаннан келіпсің деп, алдыңғы жылы құжатымды қабылдамай тастаған. Бауыржан Момышұлының арқасында аспирантураға әрең ілігіп едім. Енді не амал бар. Ақылдасар Баукең демалыста Қырымда жүр. Жеңгеме айтып ақылдасып едім, жеңешем:

-Қайным-ау, соған да қиналасың ба? Ұсынған тақырыбын ала бер. Оқып, білімінді толықтырып ал. Қорғай алмасаң, шапаныңды шешіп алмайды ғой, - деп жігер берді. Көңілім әре-тәре болып Қажекең қайтып келіп:

-Қажеке, Абай туралы тақырыпты ойлана келіп (ойланған түгім жоқ) алуға бел байладым, - деп едім, Қажекең бірден көңілденіп:

-Міне, азамат! Асқар, Задандарға қарағанда сені сақа жігіт, ауырлықты көтерер деп осы тақырыпты алып шығуыңа сеніп едім, - деп қызу әңгімеге кірісіп кеттік. Тақырып туралы не істеу керектігі жөнінде ақыл кеңесін айта келіп:

-Абайтану саласы Мұхтардан кейін тоқтап қалмауы керек. Аз да болса ол саланы жылжыта беру - парызымыз - деп Абайтану тарихын жазуды, алға қойылар мақсатты түсіндіре келіп, осы күнге дейін абайтанушылар не бітірді екен? 1889 жылдан бүгінге дейін осы біздер не бітіріп, не қойдық, соны ғылыми тұрғыдан талдап қорытынды жасау қажет болып тұр ғой? - деп, біраз міндеттерді алдыма үйіп-төгіп қойды.

Басқа түскен баспақшыл дегендей 1889 жыл мен 1964 жыл аралығында жазылған абайтану саласындағы мақала мен зерттеу еңбектерін архив сөресі мен баспасөздерден іздестіріп жинақтау - алдымен орындалатын басты міндет екенін ұғынғандай болдым. Бұл әрекеттің нәтижесі - 3500 дерек көзінен тұратын, 1965 ж. жарияланған «Абай Құнанбаев. Библиографиялық көрсеткіш» хронологиялық жүйеге түсіріліп «Қазақстан» баспасында 20 баспа табақ көлемінде жарияланды.

Кандидаттық диссертация көлемі ол кезде 300 беттен кем болмау шарты қойылатын. Менің диссертациямның алғашқы нұсқасы олпы-солпы күйінде 400 беттік көлеммен кафедра мәжілісінде талқылауға ұсынылды. Кафедра мүшелеріне С.Қирабаев, Т.Әбдрахманов, Х.Әдібаев пен аспиранттарға тегіс оқуға тапсырма берді. Бір данасын Қажекең оқуға алып кетті. Талқылау күні де жетті. Кафедра мәжілісіне Қажекең қабағы қатынқылау болып келді де, диссертацияны оң қолымен көтеріп тұрып:

-Немене? Мені зорықтырып өлтірейін деп пе едің? - деп маған қабақ түйе қарады да, қолжазбаны столға атып ұрды. Біздер сасып қалдық. Жанымда отырған Задан Жұмағалиев құлағыма сыбырлап «ойбай, құрыдық» деп үрейленіп кетті. Қажекең болса, орындыққа отырып, терін сүртініп, ашуы тараған соң:

-Диссертация бар, бірақ 100 бетін қысқартып, пісіре түсу керек, - деп өз шешімін кесіп айтты. Сөйлеп пікір білдірушілер еңбектің жетістігі мен кемшілігін баса айтып, диссертацияны қайта сын көзімен екшей қарап редакцияласа, қорғауға ұсынса болады деген тұжырымға келді.

Диссертацияны жазып жүргенде, кеңес алып пікірлесу үстінде бір күні Қажекең: «- Бұл еңбек Абайтанудың тарихына айналайын деп тұр. Сен өз пікірің мен танымыңды ешкімге де жалтақтамай әділін айтуың керек. Тіпті, менің Абай туралы зерттеулерімде кемшілігім болса, сынап бер, жасқанба. Өйтеуір, шындық айтылсын. Сын айтсаң, шын айт, біліп айт» - деп тапсырғаны бар.

Мен осы пікірге қанаттанып әрі өзім қанша дегенмен Абайтану тарихында үстем болған тұрпайы социологиялық танымның ықпалына шалдығып, оның үстіне Алматыдағы әдебиетшілердің арасындағы жағдайды білмеуімнен сыпыра сынауға, асты-үстілі ащы пікір

айтуға жол беріп алғанымды кеш сезіндім. Ол кезде абайтанушылардың арасындағы болып өткен талас-тартыстан хабарым да аз қалпыммен күрделі тақырыпқа кіріп кетіппін.

Қажекең аспиранттарына ғылымда өз жолын тауып кетуіне тікелей араласып, жарияланған дәмді мақалаларына қуанып, өз ортасында насихаттауға мән беретін. Аспиранттарының мақаласын жариялау, қорғауына қолма-қол араласу, тіпті қорғаған соң қызметке орналасуына шейін араласып, қажет болса министрдің өзіне де кіріп, ұсынысын өткізіп жүретін.

Менің 1965 жылы 12 қаңтарда кандидаттық диссертация қорғауым қатты қарсылыққа ұшырады. Маған қарсы күштер топтасып жатқанын мен сезе алмадым. Мұны нақтылы білген Қажекең қамсыз жүрген мені шақырып алып:

-Ситуация күрделеніп кетті. С.Мұқановтың бұл іске араласуын, мен әрең тежедім. Ректор С.Толыбеков сенің диссертацияң кітапханадан қолды боп кетіп розыскі жариялап жатқанын хабарлады. Неде болса позицияңа табанды бол, өзінді мықты ұста! Аянатын жағдай қалған жоқ. Аспай-саспай бейресми оппоненттерге таза ғылыми дәлелдерінді ұстана отырып жауап беруге тырыс. Осал жағыңды көрсетсең ұтылғаның, - деп мені сақтанып сөйлеуге, қойылған сұрақтардың астарында не жатқанын аңдап жауап беруің жөн деп мені алда болатын ғылыми айтыс-тартысқа алдын-ала даярлап жатты.

Қажекеңнен кейін ректор С.Толыбеков шақырды.

-Бауыржан кімің болады, - деп тікелей қадала сұраған соң, туысым, аталас ағайыным. Аспирантурада сол үйде жаттым, - деп жауап бердім.Өзіне Баукең жазған хатты қайта оқып отырды да «Серғазы, сені құдайға, Мекемтасты саған тапсырдым» - деген сөзіне көңілдене күліп алды. Серғазы ағай бұрыла қарады да:

-Қорғау үстінде сабырлы бол, сөйлеуші шешендер ащы сын айтып, дөрекі сөзге барса да, сен сыпайы түрде дәлелінді айтып, қызбалыққа салынба. Қорғау үстінде сабырлы, байсалды қалыпта тұру - сен үшін бүгін жеңіс болмақ, - деп ақылын айтып, іш тарта сөйлеп тілектестігін білдірді. Екі ескерту де мені қатты ойландырып тастады. Сескене де бастадым, тағдырым қалай шешілер екен деп иығымды ауыр жүк басқандай көңілім жүдеп, ойға батып мазасызданып жүрдім.

Қорғау ұзаққа созылып кетті. Бейресми оппоненттерімнің өзі сөйлегенде қыза келе 18 адамға жетті. Олардан 11 ғалым мені қатты сынап, қысымға алды. Алдымен, философия ғылымдарының докторы, профессор Қасым Бейсембиев жарты сағаттан астам сөйлеп, диссертациямды асты-үстіне шығарып қатты сынап, сөзінің соңында “...политическая порошная работа” деп ойын бір-ақ қорытты. Осындай саяси жағынан ол кезде баға беру - аса қауіпті әрі ауыр айыптау болатын. Сөз арасында Қажекең аспиранты арқылы өз пікірін сөйлетіп отыр, жазалы болғанын ұмыта бастапты, - деп қағыта сөйледі. Жөнсіз сынды естіген Қажекең орнынан атып тұрып, ашуға қызулыққа басып булығы:

- Менің жазықсыз жазаланып “Халық жауы” атануым саған ұнаған екен ғой, - деп ашуға басып, ащы сөзбен қатты сынап тастады. Жұрт үрпиісіп, әр жерден басу айтқан үндер шығып жатты. Екі аралықта мен де ресми, бейресми оппоненттерім мен жаудыра сұрақ қойғандарға аспай-саспай, нақтылы дерек көздеріне сүйене отырып өз әлімше жауап беріп жаттым. Алда отырған академияның бір қызметкері бірден 18-дей сұрақты шұбырта қойып, мені састыруға тырысты. Тағы да батырмалата сұрақ қоя берген жігітке Ғылыми кеңестің төрағасы С.Толыбеков:

- Әй, қарағым, сенің сұрағың шамадан тыс көбейіп кетті ғой. Диссертант сенің қай сұрағыңа жауап бере бермек. Немене сен, тіпті, Абайдың:

Қайран сөзім қор болды,

Тобықтының езіне, - деген сөзіне де, сеніңше жауап беруі керек пе? - деп еді, залда отырған ғалымдар қыран күлкіге басты. Мен бұл сөздің астарында не жатқанын білмей аңырып қалдым. Кейін сұрастырсам әлгі 18 сұрақ қоятын жігіт тобықты руының академияда істейтін ғылыми қызметкері екен. Ғалымдар осы жағын жақсы білуі себепті ректордың мысқыл сөзінің астарына түсініп, қыран күлкіге басқа екен.

Қорғаудың ұшығып кетуіне Е.Смайловтың Хақаңа (Қайым Мұхаметханов) ертеректе жазған хатында жатқанын кеш түсіндім. Хақаңмен ағалы інідей болып достасып кеткен кезде Хақаң айтқан соң барып ұғынған едім. Өйткені Есмағамбет ағайдың Хақаңа жазған хатында:

- Ойбай, не дейсің мұнда абайтануды бүлдіріп жатыр. Мұхтар Әуезовтің өзін комментатор деп кемсітіп жатыр, - деген алыпқашпа сөзі себепкер болғанын әңгіме үстінде Хақаң маған күле отырып түсіндірген еді. Бәсе, бұрын маған жас зерттеуші, жемісті ізденуші деп іштартып жүрген Е.Смайлов, Ғ.Мұсабаев ағаларым бізге қорғайтын кезеңде хабарлас, сені жақтап сөйлейміз деп жүретін. Қорғау үстінде екі ағамның екеуі де мені қатты сынап, қыспаққа алуында жоғарыда айтқандай жазылған хат себепті болған екен. Қорғауыма Ләйла Мұхтарқызы мен Е.Лизунованың қатысуы да осыған байланысты болған екен. Кейін мен М.Әуезовтың музей үйіне аға ғылыми қызметкер болған кезімде, мұны Ләйла Мұхтарқызының өзі еске алып, өз көздерімен көріп білу үшін келген себебін ашып айтқан еді.

Диссертация қорғаудан кейін банкет беру ол кезде әдетке айналған еді. Банкет жаңа ашылған Қазақстан мейрамханасының көгілдір залында өткізілді. Бұл зал тұңғыш рет ашылып, қызмет атқаратын даяшылары ұлттық киім киіп, ыдыстарының өзі қазақи белгімен өрнектеліп, ыдыстың жазулары да қазақша жазылыпты. Банкетке шамама қарай 30-ақ адам шақырылған, қарасам 90-нан астам кісілер жиналып қалыпты. Қатты састым. Қаражатқа аспирант жарыған ба? Қазығұрттан таныс тілектес достар тойға келген екен. Солар қол ұшын беріп, қаражат жағы жетімді болып қалды. Қорғауға қатысқандар түгелге жуық жиналыпты. Банкетке келгендер залдың салтанаты мен қазақы қалпына разы болып, ішкілікті де шабытпен тартып жатты. Ол кезде ішкілік ішудің үдеп тұрған кезі еді ғой. Шешендер қыза келе жарыса сөйлеп жатты. Қонаққа бас тарту салты басталғанда қызыңқырап қалған Қажекен сөз берілді.

- Жолдастар! Мына тосты Мекемтастың отбасы мен бес баласы үшін, отбасы үшін ауыр жүкті көтеріп әрі мектеп директоры Бағира келіннің денсаулығы үшін тұрып ішейік, - деп бәрін тұрғызып алды да:

- Мен бүгін өмірден өтіп кетсем де арманым жоқ. Өйткені жаңа қызу айтыс тартыспен өткен қорғауда болып, қырғын айтыста менің аспирантым аспай-саспай қарсыластарымен пікір сайысына түсіп, қызу ой-пікір тартысындағы додада басым түсуі - айызымды қандырды. Осы тақырыпқа Мекемтасты күштеп көндірген мен едім, ол диссертация жазуға өзіне сеніңкіремей кіріссе де, тақырыбын тамаша меңгеріп кеткеніне өздерің куә болдыңдар. Соңғы кезге дейін қазақ әдебиеті саласында дәл мұндай қызу айтыспен, қатты тартыспен өткен қорғау болған емес. Бұған осы отырған ғалымдардың бәрі куәлік бере алады. Ауыр жүкті көтеріп, пікір тартысында өз танымымен үстем түскен аспирантымнан келешекте ғылым жолында зор табыстар жасауына сенімдімін. Осы себепті мен бүгінгі ғылыми таластағы “шәкіртімнің жеңіске жетуін көріп армансызбын деп айта аламын”, - деп тосты алып тастауға шақырды. Қажекен сөзіне жұртшылық риза болып дабырласып жатты.

Қажекен қарақалпақ ғалымы, Қарақалпақ автономиялық республикасының Министрлер Кеңесінің төрағасы Наурыз Жапақовтың Ташкентте қорғалатын докторлық диссертациясына оппонент болып келетін болды. Алдын ала Төкен Әбдірахманов екеуі маған “күтіп ал” деп Сырдарияға телеграмма соқты. Күтіп алып, Сырдариядағы Ғ.Гулям атындағы пединститута тамаша кездесу кешін өткіздік. Кеште қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің өнерпаз студенттері ұлттық бояуы жарқын, деңгейі өте биік болып, тыңдаушы қауым зор ықылас білдірді. Қажекен аса риза болып, жанындағы Төкенге қарап:

- Төкен, көрдің бе? Мекемтастың шәкірттері сайдың тасындай, бой десең бойы бар, көрік десең көрік бар, шетінен сен тұр мен атайындардың өзі ғой. Қандай әсем киініп, бойларын асқақ ұстап, дүниенің тірегі мен деп тұрғандай әсер қалдырды. Ал сендердің шәкірттерің неге

бұлай емес. Талғаусыз, талапсыз қайдағы можантопайларды жиып алыпсыңдар, - деп реніш білдіріп жатты...

Артынан, үйде қонақ болғанда, небір ғажап әңгіме естеліктер айтылды. Сөз арасында мен өз тілегімді, алғысымды айта келе “биыл Алматыға қарай қызметпен ауыссам” - деп пікір көтере бастап ем, Қажекен:

- Мен тірі болсам, Алматы сеніке, оған уайым жеме. Ал мынадай ғажап ұлдар мен қыздарды тәрбиелеп жолға салу, қалыптастыру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сен Өзбекстандағы қазақтарды өсіріп, мамандығын жетілдіріп, олардың қатарын толықтыра түс. Өздерін өздері жетілдіре алатын деңгейге көтерілгенін көрген соң, Алматыға келе бер. Әуелі осы аймақтағы қазақ кадрларын молырақ даярлап ал, - деп ақылы мен ағалық назын қоса айтып білдірді.

Бұл менің Қажекенді соңғы рет көруім екенін мен қайдан білейін?

АКАДЕМИК ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ - КӨРНЕКТІ АБАЙТАНУШЫ

ӘОЖ 82.0:001

Серік Негимов

Ұлттық әдебиеттану ғылымындағы Абайтану ілімінің қалыптасуы мен дамуының ғасырдан астам тарихы бар. Мұның бастауында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов жолбасшылық көрсетіп тұрса, одан әрі Кәкітай Ысқақұлы, Нұқ Рамазанов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұқтар Әуезов, Ғабдрахман Сағди, Алексей Белослюдов, Халел Досмұхамедов, Құдайберген Жұбанов сынды санаткерлер Абайдың шығармашылық өмірбаяны, ақындық шеберлігі, сөз өнері тарихындағы орны, ортасы хақында ой-толғаныстармен бөлісті. Задында, Абайдың шығармашылық өнернамасына қатысты ой-пікірлер өрбіткенде, ең басты, ең негізгі нысана - ақын поэзиясының көркемдік әлемі, тілінің мөлдір тазалығы, айқындығы, ойшылдық, сыршылдық, философиялық қырлары, сөз саптау, ой толғау ерекшеліктері, яғни дүниені тану даналығы, терең дүниетанымы, поэтикалық, стилистикасы.

Бұл орайда академик Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948) дейтін еңбегі - Абайтанудағы жаңа қадам, жақсылығы мол әдеби құбылыс. Себебі, Абай поэзиясының тілін ғылыми-теориялық тұрғыдан мейлінше қисапсыз әдеби-поэзиялық материалдар негізінде байыптылықпен, сарабал сыншылық қабілетпен жан-жақты талдап тексерген.

Академик Қажым Жұмалиевтің көрсетуінше, «...Абайды білу, Абайды тану - бүкіл қазақ әдебиетінің даму жолдарын білу, XIX ғасырдағы әлеуметтік ой-сананың барысын аңғару болып табылады». Абай - қазақтың жазба әдебиетінің көшбасшысы, ұлттық ой-сананың асқар биігі екендігін терең танығандық деуге болады.

Автордың поэзия тілін зерттеудегі мүмкіндіктерінің мейлінше мол екендігін көрсете кетуге де болады. Оның «Шабуыл» (1933), «Қанды асу» (1934), «Өмір жыры» (1939) тәрізді поэзиялық жинақтары мен «Әдебиет теориясы» (1938) кітабын айтсақ та жеткілікті. Себебі, шығармашылық үрдісті, жыр шығарғыштық құпиясын, зертханасын білу - Абайдың поэтикасын түсіндіру, талдауда жеңілдік тудыраы анық. Екіншіден, Аристотелдің «Поэтика» (1927), «Античные теории языка и стиль» (1936), В.В.Виноградовтың «Язык Пушкина» (1931), «Очерки по истории русского литературного языка XVIII-XIX вв» (1938), В.Гофманның «Язык литературы» (1938), В.Ж.Жирмунскийдің «Задачи поэтики» (1921), А.А.Потебняның «Из записки по теории словесности» (1914), И.И.Мещаниковтың «Новое учение о языке» (1936), Г.Н.Поспеловтың «Теория литературы» (1940), Ғ.Саадидің «Язык, литература и письменность в человеческом мире и их историческое развитие» (1928), Б.Томашевскийдің

«Теория литературы. Поэтика» (1925) секілді сүйекті зерттеушілерді зерделегендігін, тұжырымды ой - түйіндеріне жүгінгенін байқауға болады. Үшіншіден, қазақтың ауыз әдебиетін, ақын-жырау поэзиясын, би-шешендер мұрасын, қолжазба жәдігерлерін құштарлықпен, білімпаздықпен сараптап, саралаған. Төртіншіден, Абайдың тілі жөніндегі ұшан-теңіз картотекалар жасағандығы қызықтырады. Мұның өзі Абайдың поэзиялық тілін жүйелі, кешенді тексеруге, ой-пікірлерді жинақы, тиянақты тұжырымдап айтуға көмегі жойқын. Бесіншіден, жалпы қазақ поэзиясы жөнінде де сөздіктер, картотекалар жасақтаған. Себебі, Абайдың жаңалықты құбылыстарын көрсетуге бірден - бір ұтымды тәсіл.

Академик Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген кесек еңбегінің бірінші тарауы «Абайдың өмірі және Абай туралы жазылған еңбектер» деп аталады. Мұнда «Қарадан туып хан болған, айырдан туылып нар болған» Құнанбайдың өмір тарихы, Абайдың өскен ортасы, тақырыптың тарихнамасы айтылады.

«Поэтикалық тілдің қазақ өміріндегі орны мен мәні» дейтін екінші тарауында ұлттық фольклордың жанрлық түрлерін, атап айтқанда, беташар, бесік жырлары, арбау өлеңдері, шешендік сөздер, мақал - мәтелдер, тақпақ үлгілерін көркемдік-бейнелік тұрғыдан қарастырады.

«Қазақтың ауыз әдебиеті - халықтың дін, философия, этнография, саясат, тәлім-тәрбие, ғылым, тарих сәулесі - бәрінің басы түйіскен қазына. Мәдениеттің сәбилік дәуірінде дін, философия, тәлім-тәрбие, ғылым - бәрінің функциясын әдебиет, поэзия атқаратыны әр елдің тарихына тән нәрсе» (21-бет) деп жазады абайтанушы ғұлама Қ.Жұмалиев.

Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деген сөзінің мән-мағынасын халық дүниетанымының арғы замандағы тек-тамырларымен тұтастыққа алып, жарқын мысалдармен қисынды дәйектейді.

Абай алдындағы поэзия тілінің ерекшеліктерін, «ауыз әдебиеті, оның алдындағы және тұтас әдебиетінде поэтик тілден не бар, не жоғын» таразылай отырып, Абайдың жаңашылдығын айқындайды. Бұл ретте ол халық шығармаларының кейбір көркемдік көрсеткіштеріне: ұқсастық, ырғақтық кестесіне зейін аударды. Сонымен бірге бұрынғы ақындарда яки «халықтың ауыз әдебиетінде, өлеңдерде кейбір жолдар шумақтың жол санын толтыру үшін ғана жүретіндігін» айта келіп, Абайдың өлең сөйлемдерінде ойға, пікірге қатыссыз сөздерді мүлде қолданбайтынын қадап айтады.

«Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы»-

деген тамаша лебізінде өлең сөзге қойылатын шарттар сақталғанын, «жаңаша көркемдік мән бергенін» әрі ойдағыдай орындағанын академик Қ.Жұмалиев орынды келдіреді.

Сөз образдың, сөз - символдардың, поэзиялық сипаттамалардың «халық тіршілігі, күн көрісімен байланысты» екендігін, мәселен, «жігіттің нары», «адамның жампозы», «көзі ботаның көзіндей», «Қыз Жамал талтандайды бесті атандай» т.с.с. меруерттей мөлтілдеген сөз тізбектерін тізбелейді.

Сөйтіп, халық ауыз әдебиетінің, ақындар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерін кеңінен баяндап, Абайдың суреткерлік қолтаңбасын анықтайды. Олар: 1) Абай поэзиясының ұлттық сипаты, 2) Мазмұн мен сезімнің біртұтастығы, 3) Әр сөздің ойға, мағынаға мінсіз қызмет жасауы, 4) Қыстырма сөздерің жоқтығы. Абайдың тарихи ұлы еңбегін осылайша жіктейді.

Задында, Абай халықтың даналық дәрістерін жадында жарқыратып тоқыған әрі іштей «оқып туған», жалпыхалықтық тілдің мұхитынан жүзіп ішкен, негізгі сөздік қорды асқан шеберлікпен пайдаланып, сөз алтынын туындатқан ерен дарын.

Иә, академик Қ.Жұмалиев абай сөздерінің қатпар-қыртыстарына барлау жасау, негізгі арналарына (қазақ, араб, парсы, орыс тілдері бойынша), халық әдебиетіне көзқарасын саралайды. Оқымысты-филологтың айтуынша, Абай өлеңсөз бен қарасөз бойынша қазақтың 53 мақал - мәтелін қолданған. Сонымен бірге араб - парсы тілдерінен 374 сөз, «мұның 162-сі өлеңдерінде, қалған 212 сөз әңгімелерінде кездеседі» екен (40 бет). Орыс тілінен - елу шамалы сөз.

Абай тіліндегі архаизмдер, диалектілер, жаңа сөз, жаңаша сөйлемдер рет - ретімен әңгімеленеді.

Зерттеуші Абай поэзиясындағы айқындаулардың табиғатын, яғни «тілге жаңа эпитет енгізудегі Абайдың бір алуан жолдары, әдебиетте эпитет қатарында бұрын қолданылмаған сөздерді жаңаша сөз байланыстары, сөйлем құрылыстары арқылы көркем тіл мүшесі ету, архаизмдік сөздерге жұрнақтар жалғап эпитетке айналдыру, жаңа нәрсе етіп көркем тілге енгізу, не кейбір эпитеттердің дыбыстарын әдейі тастап кетіп, құлаққа естілуін жаңа етіп (сондықтан оның көңілге қонуы жаңа болуы сөзсіз) шығару» деп жаңашылдық сипаттарын анықтайды.

Сөз асылын, ой асылын, «үздік көркемдік, жинақы жандылықты» Абай туындатқан теңеулерден табуға болады. Осы тұрғыдан келгенде:

Құлын - тайдай айқасып, ойын салып,

Кептерше сүйініскен демалыс бар -

деген сөйлемдегі теңеуге былайша ғылыми түсініктеме берген. «Мұндағы кептерше - орыс өлеңдеріндегі теңеудің үлгісінен алынған. Қазақтың өлеңдерінде кептерге теңеу жалпы кездеспейді. Ал, орыстарда кептерге теңеу жиі кездеседі...

Абайдың «кептерше» деген теңеуіне «құлын-тайдай» деген қазақтың байырғы, дағдылы теңеуін бұрын жоғын, басқа әдебиет тілінің үлгісінен келіп кіргенін байқатпайды» - деп дұрыс айтады (82- бет).

Академик Қ.Жұмалиев Абайдың мейлінше тапқырлыққа, сұлулыққа, көркемдікке суарылған тамаша теңеулерінің бірсыпырасын тізіп көрсеткен.

Абайдың көркемдік ойлау жүйесі нешеме алуан ассоциациялық байланыстарға бай. Негізінде, ақын бір деммен, бір леппен шығарғандықтан болаттан құйылғандай сом, кесек. Сондықтан да Абайдың поэзиясының метафоралық-символикалық сипаты бөлекше, ерекше. Ғалымның Абай метафоралары жөніндегі пайымдаулары тереңдігімен, жан-жақты талдауларымен көзге түседі. Абай поэзиясындағы метафраларды бес түрге жіктеп саралайды. Абай метафораларына терең ой, нәзік сезім, мөлдір сыр, жаңаша ұғым, жаңаша таным тән екендігін дәлелдейді. Задында, метафора - әдебиеттің толысып, кемеліне жеткендігінің белгісі. Абайдың көркемдік әлемі - осы бір құбылыстардың құпиясын бойына терең сіңірген.

Абай тіліндегі метонимия, синекдоха, символ, тұспалдау, кейіптеу, ирония, сарказм, шендестіру, психологиялық параллелизм, дамыту, инверсия, эллипсис және т.с.с. ғылыми- теориялық тұрғыдан зерделенеді. Сонымен бірге Абай шығармашылығындағы ақыл-нақыл сөздер, аудармашылық шеберлігі, өлең құрылысына енгізген күрделі жаңалықтары пайымдалады. Жалпы айқында, академик Қ.Жұмалиев Абай мұрасына қатысты ой- пікірлерінің өзектілігімен, теориялық мән-маңызымен, ауқымдылығымен ерекшеленеді. Зар заман, әдеби, фольклор үлгілері, жыраулар мен сал-серілер поэзиясы, би-шешендер сөздері ғылыми айналымға түскендігін атап өткен жөн.

Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» мысалдарда алынған. Нысанбай жыраудың «Кенесары - Наурызбай» дастанынан да және билер сөзінен де үзінділер бар.

Академик Қ.Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948) еңбегіне академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Терең ғылымдық еңбек» деп алғысөз жазып, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдары академиясының академигі Н.К.Дмитриевтің мынандай пікірін келтірген: «Қ.Ж.Жұмалиев алған тақырыптың ғылымдық мәні өте зор. Абай қазақ әдебиетіндегі ең ірі тұлға, бұл сықылды әр жағынан алып, тап осы көлемде әлі ешкім зерттеген емес... Қазақ әдебиеттану ғылымында монографияның мұндай түрінің өзі жаңалық.

Бұл еңбек филологияның екі түрлі саласын: тілтану және әдебиеттану ғылымдарын жеткілікті дәрежеде жақсы түсінушілікті керек қылатын әдебиет зерттеу жұмысының анағұрлым жоғары белесі саналатын салада диссертация авторының жаңалық ашуы болып отыр».

Сәбит Мұқановша айтқанда, «бүкіл XIX ғасыр қазақ поэзиясының тілін тұтасынан» талдап-таразылаған әрі соншалықты ересен мол картотекалар жасаған оқымысты-филолог Қажым Жұмалиев еңбегінің тағылымдық та, танымдық мәні орасан зор.

Академик Қ.Жұмалиевтың мерейтойына орайластыра шығарылып отырған бұл кітабы - ұзақ уақыт өтсе де өзінің әдебиеттану саласындағы мәні мен құндылығын жоғалтпаған зерделі еңбек екені сөзсіз.

Академик Қ.Жұмалиев - көрнекті абайтанушы, өлеңтанушы, әдебиет тарихшысы, публицист, оқымысты-педагог ретінде ұлт мәдениетінің тарихында жасай беретін жасампаз тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері.-Алматы,1958.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі».- Алматы,1960.

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЖАЙЫ

ӘОЖ 82.94(574)

Рысбеков Т. З.

Артына өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын ісін қалдырған, көрнекті ғалым, ақын, жазушы, аса көрнекті теоретик Қажым Жұмалиев 1907 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Аққозы ауылына қарасты «Жалғыз ағаш» деген жерде дүниеге келген. Қажымның (шын аты Қажығали) әкесі Жұмалы да, шешесі Жауқасын да хат танымайтын орта шаруалы адамдар екен.

Жұмалыда Ақмұқан, Балмұқан, Қайырмұқан, Қажығали атты төрт ұлы, Зылиха, Қалау атты екі қызы болады. Ақмұқан мен Балмұқан жасында мұсылманша оқып хат таныған, қисса жырларды көп білген адамдар екен. Ал Қайырмұқан болса, өлең-жырмен шаруасы жоқ шаруаның ғана адамы болыпты.

Он екі жасында әке мен шешеден бірдей жетім қалған Қажығали аға-жеңгелерінің қолында тәрбиеленеді. Шешесінің сүт кенжесі болып бұлаулау өскен Қажығали жас кезінен бастап-ақ ән мен жырға әуес болып, жиын тойда «өлеңші бала» атанып кетеді [1, 3-б.].

Ол ауыл мектебінде сауат ашып, ендігі оқуды Орынборда жалғастыруды армандайды. Сол кезеңдегі Қазақстанның астанасына бару, сонда оқу-білім іздеген жастың көбінің-ақ нысанасы болатын. Алайда Жұмалы үйінің шағын шаруашылығы баланың қаражатын көтере алмайды да, оны түсінген Қажым әкесіне салмақ салмай, өз бетінше ізденіп оқу үшін үйінен қашып кетеді. Орынборда әрі пана таппай не оқуға түсе алмай жүрген баланы Сейітқали Меңдешев (сол кездегі Қазақстан Атқару комитетінің төрағасы) ересектер мектебіне орналастырған [2].

Ол туралы Қажекеңнің өзі: «Сөйтіп, менің өмірімнің келешегі мейлінше қайырымды, төтенше кішіпейіл абзал адамның мейірбандығы арқасында екі сағаттың ішінде шешілді де, оқуға есік ашылып, барлық азап бір сәтте ұмытылды», - дейді [1, 5-б.].

Қажығали «ересектер мектебін» бітіргеннен кейін 1925 жылы Шымкенттің ауылшаруашылық техникумына түсіп, онда 1929 жылы Алматыға келіп, қазіргі Абай атындағы педагогика институтының тіл мен әдебиет факультетіне оқуға түседі де, оны 1932 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Қажым Жұмалиев институтта орыс әдебиеті мен әдебиет теориясынан профессор Н.Н. Фатовтың, түрік тілі мен әдебиетіне профессор А. Соколовтың, тарихтан профессор С.Ж. Аспендияров пен академик Е.В. Тарленің лекцияларын тыңдап, аты одаққа белгілі үлкен ғалымдардан дәріс алады.

Қажымның әдебиетші, ғалым есебіндегі шығармашылық жолы XX ғасырдың басынан- ақ оянуға беттеп, 20-30 жылдары рухани өсудің жолына түскен халқымыздың өнер-білімге ұмтылысының айқын көрінісі сияқты. Қоғамдық саяси өмірдің ауыртпашылықтарына қарамастан, бұл дәуір қазақтың рухани ой пікірінің дамуына кең жол ашты. Қазақ әдебиеті мен ғылымының, өнерінің даңқын әлемге көтерген А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М. Әуезов, Қ. Қуанышбаев, Қ. Байсейітова, С. Қожамқұлов, Қ. Жандарбеков,

Қ.Сәтбаев, С. Аспендияров, Ә. Марғұлан, т.б. көптеген таланттар-осы бір халықтың рухани жаңарудың түлектері. Халық бойындағы ізденімпаздық дарын толқыны мезгіл-мезгіл жаңа ұрпақтың өкілдерін теңіздің бетіне шығарып отырды. Қажым үлкен ағаларына ілесе шыққан, олардың жылы алақанын көрген екінші толқының түлегі еді.

Қажым Жұмалиевтің өмірі мен творчестволық қолтаңбалық және өлең жолын баяндағанда оның ғалымдық, жазушылық және ұстаздық қызметтерін қарағанның өзі орынды деп санаймыз.

Қажым Жұмалиев кәсіби тарихшы болмағанымен тарихты жетік білген деген тұжырым жасауға болады. Өйткені қазақ эпостары мен тарихи жырларын зерттегенде ғылымның бұл саласын, яғни тарихты білу қажет қана емес міндет еді.

Сонымен профессор Қажым Жұмалиевтің қазақ эпосы, лиро-эпосы, тарихи жырлары туралы зерттеулерін оқи отырып, оның зерттеулерінің төменгідей өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады.

Біріншіден: ғалым өзінің алған объектісін үнемі салыстыру әдісімен зерттейді. Ол салыстыру әдісін Қажым Жұмалиев зерттеген «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар» сияқты батырлар жырларынан да, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Айман-Шолпан» сияқты лиро-эпикалық жырларды талдауларынан да айқын көруге болады. Бірақ Қ.Жұмалиев пайдаланған салыстыра зерттеу әдісінің өзіндік бір өзгешілігі бар. Ол салыстыра зерттеу әдісінің үш түрін пайдаланушылық: а)қазақ эпостарын басқа ел эпостарымен салыстыру; ә)бір эпостың әр түрлі варианттарын бір-бірімен салыстыра қарастыру; б)қазақ эпостарының қай-қайсысын болсын сол дәуірдегі тарихи уақиғалармен байланыстыра зерттеу. Көбіне Қ. Жұмалиев зерттеулерінде осы үш тәсіл бірлікте, жігі білінбей жымдасып жатады.

Екіншіден: Қажым Жұмалиев өзінен бұрынғы айтылып кеткен пікірлерді қайталап жатпай, үнемі тың пікірлер айтуға тырысып отырады. Ол үшін батырлар жырын да, лиро- эпикалық және тарихи поэмаларды талдағанда да ол жырларды басқа зерттеушілердей тұтас алып жалпы пікір айтпай, жеке-жеке образдарға орай саралап, үнемі сол жырлардың көркемдік ерекшелігі мен композициялық құрылысына тоқталып, оларды нақтылы мысалдармен дәлелдеп отырады.

Үшіншіден: Қажым Жұмалиев қандай эпостық шығарманы алмасын, сол шығарманың басқа шығармалардан өзіндік өзгешілігін тап басып, сол ерекшелік туралы теориялық тың пікірлер айтады. Мысалы: ғалым «Ер Тарғын» жырын талдау кезінде «Психологиялық параллелизм» туралы сөз етсе, «Қыз Жібек» жырын талдау кезінде «дамыту» мен «элипсис» туралы, ал «Қамбар батыр» жырын талдау кезінде «символ» арнайы теориялық түсініктер беріп, мысалдар келтіреді. Әрине, мұндай зерттеулер үлкен білгірлікті талап етеді. Қ. Жұмалиевтің қай зерттеуін алсаңыз да үнемі осындай теориялық пікірлермен ұштасып жатады [1, 91-98-б.].

Қажым Жұмалиевтің қазақ эпостарынан кейінгі өндіре зерттеп, өнімді пікір айтқан саласы - қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Ол - Бұхар жырау Қалқаманұлы мен жауынгер ақын Махамбет творчествосынан бастап, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шәңгерей Бөкеевке дейінгі ақындар творчествосына терең талдау жасаған ғалым. Әсіресе ғалымның молырақ зерттегені қазақ халқының жауынгер ақыны Махамбет пен қазақтың классик ақыны Абай Құнанбаев творчестволары. Бұл туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ә. Дербісәлин «Қ. Жұмалиевтің ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен негізгі саласы - қазақ әдебиетінің XVIII-XIX ғасырлардағы тарихы. Бұрын жазу мәдениеті онша өріс алмаған жерде әдебиеттің өзі туралы да, әсіресе оның тарихы туралы жаңадан ғылыми жүйелі ой айту қиын міндет. Сол қиындығына қарамастан әдебиетті зерттеуші ғалымдарымыз әдебиет тарихының бір жарым ғасырлық жүйелі тарихын жасады (XVIII ғасырдың соңғы ширегінен XX ғасырға дейін). Бұл жүйе ғылымда бүгінге дейін өзінің мәні мен маңызын сақтап келеді. Мұнда Қ. Жұмалиевтің еңбегі өзгеше салмақты». [3]

Қажым Жұмалиевтің ұзақ жылдар бойы үзбей зерттеген үлкен бір тақырыбы - 1837 жылғы шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы Махамбет Өтемісұлының творчествосы. Ол зерттеулері «Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы туралы» («Қазақ әдебиеті», 1938. 23 февраль), «Махамбет поэзиясы туралы» («Әдебиет майданы», 1938. №4) атты

алғашқы мақалалардан басталып, соңғы жылдары қазақ әдебиеті тарихына енген үлкен ғылыми еңбектерге ұласқан. Алайда, Қажекең Махамбет творчествосы толық зерттеліп болды дегенге ауыз бармайды дегенді айтатын. Өйткені ізденімпаз ғалымның Махамбет творчествосы туралы әлі де айтатыны көп еді.

Қ. Жұмалиев Махамбет творчествосын сол кездегі тарихи жағдаймен тығыз байланыстыра отырып зерттеді. Ол үшін сол көтерілістің шығу тарихына байланысты ел аузынан және архивтен біраз материалдар жинады. Сол материалдарын жинақтай келіп, Махамбеттің жан-жақты зерттелген творчестволық биографиясын жасады. Сондай-ақ ғалым Махамбет творчествосын 1837 жылғы шаруалар көтерілісінің алдына қойған мақсатымен тығыз байланыстыра отырып қарастырды.

Отандық тарихымызда ұлт-азаттық қозғалыстар мен тәуелсіздік үшін тартысты күрестер ерекше орын алды. Мұны біз егемендік алған сәттен бастап бағалай, ғылыми тұрғыдан негіздей алдық. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен осынау ұланғайыр атырап үшін күресіп, қанын төккен ата-бабаларымызға тағзым ету қасиетті парызы!

Қазақстанның Ресейге қосылу процесі барысында әскери бекіністермен қоршалып, патша ағзамға бағындырылған қазақ қоғамында феодалдандыру күшейді. Феодалдық отарлық езгінің шұғыл күшеюі, ауылдық-қауымдық жерді ақсүйектердің озбырлықпен жаппай тартып алуы шаруашылық өмірдің құлдырауына, ауылдық ұжымдардың экономикалық әлеуетінің әлсіреуіне, күйзеліске ұшыраған және кедейленген шаруашылықтар санының артуына, халық арасында сенімсіздіктің өсуіне, хан өкіметі беделінің шұғыл төмендеуіне алып келді.

Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтеріліс феодалдық езгіге қарсы бағытымен ерекшеленеді. Бұл кезде патша үкіметінің отарлаушылық саясаты да айқын сипаттала бастады. Ресей әкімшілік жүйесін алдымен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарында, содан кейін Кіші Ордада енгізудің алғашқы қадамы «1822 жылғы Сібір қырғыздары туралы жарғы» болды. Округтер мен округтік приказдардың құрылуы, Орынбор өлкесінде аралық басқару жүйесі мен арнайы шекаралық комиссиялардың енгізілуі патша әкімшілігіне қазақ руларының жерін иемденуге толық жағдай жасауға тиісті болды. Ресейдің саяси ықпалын күшейту және дәстүрлі қазақ қоныстарын экпроприациялауға (яғни, бір топтың жеке меншігінен, бұрынғы әлеуметтік артықшылығынан айырылуы) қарсы наразылықты басу үшін біршама орыс бекіністері салынды. Жері жоқ, бишара халге түскен көшпелі бұқара орыс отаршылары тартып алған жайылым жерге малын жайғаны үшін салық төлеуге мәжбүр болды. Жайық өзенінің бойындағы жерлер Орал казактарына берілді. Қазақ кедейлеріне тұзды көлдерден тұз алуға, қамыс шабуға тыйым салынды. Бұларға қоса хан жыл сайын көшпелілерден ақшалай алым алып отырды. Осы қысымшылықтың барлығы қазақ шаруаларының көтерілісін дайындады. Көтерілістің ұшы, бір жағынан, патриархалдық-феодалдық топтарға, екінші жағынан, патша өкіметіне қарсы бағытталды.

Біз Қажым Жұмалиевтің Қазақстан тарихына зер сала үңілгенін оның эпостар мен тарихи жырлардың болмаса Махамбет творчествасын зерттегенінен ғана емес, сонымен қатар ғалымның жеке архивінен табылған құжаттарға қарап қорытындылаймыз. Бұл арада әңгіме арқауы болып отырған - Қажымның жеке қорында сақталған Маңғыстау приставы басқармасының 1870 жылғы Маңғыстау адайларының көтерілісі жөніндегі құнды құжаты. Құжат 129 беттен тұрады. Тап-тұйнақтай етіліп машинаға басылған. Құжаттар мамыр - 21 қазан аралығында шайқастарда қолға түскен тұтқындардың жауаптары жазылған. Қ.Жұмалиев жеке қорындағы құжаттардың туындауына еліміздің тарихындағы мына жағдайлар себепші болған еді.

Қазақ даласында Ресей империясының қоластындағы бодандық кезеңде 300-ге жуық ірілі-ұсақты көтерілістер болған. Олардың болу себептерінің кейбіреуін жоғарыда атап кеттік.

Патшалық Ресей Қазақстанды жартылай өз еркімен, жартылай күштеп бағындырғаннан кейінгі кезеңде қазақ даласында біркелкі басқару жүйесін енгізуді бастады. Осы мақсатпен 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформасы енгізілді. Ол бойынша қазақ даласы үш генерал-губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір бөлінді. Әскери және азаматтық өкімет билігі Генерал-губернатор қолына көшті. Генерал-губернаторлық өз кезінде облыстарға бөлінді. Мәселен, Орал және Торғай облыстары Орынбор генерал-

губернаторлығына, Ақмола мен Семей Батыс Сібір, ал Жетісу мен Сырдария Түркістан генерал-губернаторлығына кірді. Бөкей хандығы 1872 жылы Астрахан губерниясына, ал Маңғыстау приставтығы 1870 жылы Қапқаз әскери округіне, кейінірек Закаспий облысының құрамына кірді. Облыс басында әскери губернатор отырды. [4]

Уездер территориялық принциппен жасақталған болыстықтарға, ал олар 100-200 шаңырақтан құралған ауылдарға бөлінді.

Салықтың алуан түрлері орын алды. Шаруалар ауылдық-болыстық әкімшіліктің ауыртпалығын көтерді. Көпірлерді, байланыс жолдарын жөндеу әскери бөлімдерді көлікпен қамтамасыз ету т.б. көптеген ауыртпалықтарды атқарды. Кедейлер салықтардан «Ереже» бойынша босатылуға тиісті болғанымен іс жүзінде ол іске асырылмады.

Қысқасы 1867-1868 жж. «Ереже» отарлаушы өкіметтің органдарын, феодалдық- патриархалдық басшылар мен байлардың жағдайын нығайтты.

Осы уақытша жағдайлар Маңғыстауда 1870 жылы енгізілген болатын. Ашығын айтқанда, патша үкіметі бұл ережені бұл аймақта кешіктіріп енгізу себебі адайлардан қорықты.

Толқудың басты себептерінің бірі - адайларға жайлаумен пайдалануға тиым салуы еді.

Көтерілістің басталуы пристав Рукиннің 1869 жылы қараша айынан бастаған әрекеттерімен байланысты еді. Ол - салық төлеу, оны шұғыл жинаумен байланысты. Алайда, адайлар салық төлеуден бас тартады. 1870 жылы 2 ақпаннан бастап, Маңғыстау приставтығы Орынбор генерал-губернаторлығынан Қапқаз наместниктігіне беріледі. 1869 жылы генерал- губернатор Н.А. Крыжановский басқарған Ерекше комитет құрылады. Пристав Рукин адайлардың Уақытша Ережені қабылдауын талап етеді. Егер олай болмаған жағдайда адайлардың жайлауға өтуіне тиым салатынын айтады және адайлардың көшуін күшпен тоқтатуға бет алады. Бұл жағдай көтерілістің басталуына шартты белгі болды. Бозашыдағы көтерілісшілер саны 200 адам болды. Оларды Досан Тажиев басқарды. Құжатта былай көрсетілген: тұтқындалушы Алексей Белуниннің айтуынша Ақтау тауының түбінде казактар қоршауда қалып, берілуге, қолға түсіп қалу қаупінен қорыққан Рукин өзін-өзі атуға мәжбүр болды. Осы арада көтерілісшілердің көсемдерінің бірі Б.Маяев қайтыс болды. Бұл жағдайлар халықтың қозғалыстың кең етек жаюына себепші болды. [4, 421-424 б.]

Сәуір айының басында көтерілісшілер Александров фортына, Николаев станциясына, Төменгі бекіністерге шабуыл жасап, өртеді. Ұрейленген патша үкіметі Қапқаздан граф Кутайсов басқарған әскерді жібереді. Дей тұрғанмен найза, арқан, таяқтармен қаруланған көтерілісшілер Кутайсов отрядын фортта бекінуге мәжбүр етті.

Алайда, мамыр айының аяғына қарай Маңғыстауға 7 рота жаяу, 6 жүз атты әскер, 4 зеңбірікпен қаруланған екі взвод алып келінді.

Көтерілісшілер Үстіртке шегінуге мәжбүр болды. Көтерілісшілердің саны 10 мыңға дейін жетті. Оған басшылық еткендер қатарында бақташы Досан Тажиев, старшын Иса Тленбаев, ағайынды Ержан және Ермамбет Құловтар, Алға Жалмағамбетовтер болды. Көтеріліске қатысушылардың басым бөлігі малшылар, балықшы жатақтар, кедейлер болды.

Көтерілісшілер жеңіліс тапты. Қапқаз әкімшілігі 9 мың киіз үйден 57901 сом құрайтын киіз үй (шаңырақ) салығын жинап алды. Адайларға сонымен қатар 90 мың бас қой мөлшерінде контрибуция салынды.

Әрине, осы көтеріліске байланысты өзінің жеке қорында сақтаған құжаттарды қандай мәселелерге байланысты пайдаланды, ғылыми айналымға енгізді ме деген сұрақтарға тиянақты жауап беру қиын.

Тарихқа Қажым Жұмалиевтің бей-жай қарамайтындығының тағы да бір көрінісі - оның тарихи тұлғалар жөнінде зерттеулер жүргізгенінен байқауға болады. Ол - Сейтқали Мендешев, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Санжар Аспендияров, Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев, Сағыр Камалов жөнінде қызықты тарихи портреттер жасайды.

Қажым Жұмалиев қандай жағдайда да қарапайым, адамдық қалпын бұзған жоқ. Ол даңқы үлкен бола тұрып, даңққұмар емес-ті. Бұл - оның үлкен адамгершілігінің, қарапайымдылығының белгісі болатын. Қажымның шығармашылық еңбегі де, өмір жолы да тақтайдай тегіс жолмен өткен жоқ. Ол қиын заманда күрделі, ауыр өмір кешті. Туған

халқының әдебиеттік мұрасын жетік білген, оны қызғыштай қорғап, ғылым игілігіне айналдырған адамға ұлтшылдық айып та тағылмай қалмады. 40-50-жылдардағы Қазақстан тарихын бағалауда жіберілген «қателер» оны айналып өтпеді. «Орысқа қарсы ақындарды», «ескішіл-феодалдық» әдебиетті насихаттап зерттегені үшін партиядан шығарылып, жұмыстан қуылып, жер ауды. Мұның барлығы оның денсаулығын әлсіретіп, өмірін азайтты. Өзі ұйымдастыруға қатысқан академияның корреспонденті мүшесі болып ұзақ жүріп қалуына себепкер болды. Ол тек 1966 жылы ғана, академияның 20 жылдығы тұсында академик болып сайланды. Бірақ одан кейін ұзақ жүре алмады. [5, б. 389.]

Қаншама қысымшылық, қуғын көрсе де Қажым әдебиетке, ғылымға деген адалдығын сақтады. Оның достары, замандастары, шәкірттері әрдайым оның осы қасиеттерін ардақ тұтады. Ғылым мен әдебиет тарихының әрбір кезеңді тұстарында туған халқының абыройы мен атағын көтерген жайсаң жандардың қатарында Қажым тұратын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атымов М. Қажым Жұмалиев (өмірі мен творчестволық қызметі). -Алматы. 1987
2. Қирабаев С. Академик Қажым Жұмалиев // Егемен Қазақстан. -1996, 18 қазан.
3. Дербісалин. Даңғыл ғалым // Социалистік Қазақстан. - 1977, 25 желтоқсан.
4. Қазақстан тарихы, көне заманнан бүгінге дейін, 5 томдық, Т.3. - Алматы: Атамұра. - 2010.
5. Рысбеков Т.З. Тұғыры биік тұлға / Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. - Зерттеу. - Алматы: Абзал-ай. -2014. -528 б.

ТВОРЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КАЖЫМА ЖУМАЛИЕВА

ӘОЖ 82.0 (091)

Гумарова Ж.С.

*Никто не пишет литературу для гордости, она
рождается от характера, она также выполняет
потребности нации...
Ахмет Байтұрсынов*

Қажым Жұмалиев - талантливый казахский поэт, который вошел в казахскую литературу в конце 20-х годов. Его первое издание "Батырак Галиаскар" было опубликовано в 1928 году в газете "Лениншіл жас". Первый сборник стихов поэта "Шабуыл", куда вошли его стихи "Қайлашы", "Конфиске жазы", "Балапан", "Алатау", "Турксиб", а также поэмы "Ер Жаукен", "Егізбай и Ерқожа" вышел в 1933 году.

Қажым Жұмалиев с 1930 года занимаясь научно-педагогической работой, одновременно выпускает второй сборник стихов под названием "Өмір жыры". В этот сборник вошли стихи на различные темы, написанные в период с 1932 - 1937 г.г. "Көсем туралы жыр", "Кім едік кеше, кім болдық?", "Дауылпаз", "Қыс пен жылқышы" и поэма "Жылқышы".

О языке поэзии Кажыма Жұмалиева поэт Х. Ергалиев сказал: "К. Жұмалиев с малых лет не видел языкового дефицита, он поэт с богатым словарным запасом....". С 1931 года К. Жұмалиев начал писать художественные очерки и рассказы. Его рассказы "Қос білек", "Жаңа орда", "Жорық сыры" и другие издавались в газетах, журналах того времени. В рассказах К. Жұмалиева часто встречаются сюжеты о нравственности, правде и дружбе. Писатель критически относится к своим героям и их поступкам, а также высмеивает их недостатки.

Қажым Жұмалиев не только поэт, прозаик, но и драматург, написавший либретто классической оперы "Биржан-сара". К. Жұмалиев планировал написать роман «Исатай- Махамбет» и некоторые фрагменты которого были опубликованы в виде повестей «Битва» и «Путник по имени Тарлан». Он, опираясь на реальные исторические факты, достоверно

описал крупное событие в истории казахского народа. И создание исторического романа рассматривается в контексте литературного процесса.

Всего им было написано около 5 поэм, 40 стихов, 30 рассказов, 2 повести, 2 драмы, свыше 200 литературно-критических статей.

Все стихи и поэмы, рассказы и очерки, драматические произведения и литературные критические статьи Кажыма Жумалиева совпадают с эпохой того времени.

Более половины работ Кажыма Жумалиева были посвящены научноисследовательским работам. Работая преподавателем, доцентом, профессором высшей школы, внес большой вклад в развитие казахской литературы, написание книг для общеобразовательных школ и вузов, активно участвовал в научных работах Института литературы и искусства Академии наук КазССР.

Богатство и художественное содержание казахской устной литературы привлекали внимание крупнейших русских ученых и до революции.

Известный русский ученый В. В. Радлов говорил: "По сравнению со своими родственными странами тюркского происхождения, как кыргызы, так и казахи гордятся своим красноречием, четким и ясным выражением мыслей, красотой речи. Поэтому развитие казахской народной поэзии достигло высокого уровня". Все это является фактом, который свидетельствует о богатстве казахского устного народного творчества.

Профессор Кажым Жумалиев историю казахской устной литературы делит на три этапа. К первому этапу относит труды ученых В.В. Радлова, И.Е.Березина, Г.Н. Потанина, Ш.Ш. Уалиханова, Н. Ильминского, А.Е. Алекторов, ко второму труды Ы. Алтынсарина, А.Кунанбаева, Ә. Диваева, третьему периоду материалы устного народного творчества, собранные в советское время.

Кажым Жумалиев проводит идейно-художественный анализ эпосов "Кобыланды", "Ер Таргын", "Камбар", "Алпамыс". Все исследователи языка поэзии говорили о психологическом параллелизме. Но в казахской литературе об этом впервые выразил свое мнение и написал статьи только профессор Кажым Жумалиев.

Одним из его последних исследований устного народного творчества является знаменитый кыргызский эпос «Манас». В 1964 году в газетах "Социалистік Қазақстан" и "Қазақ әдебиеті" он опубликовал статью "Поэма "Манас" и его исследователи". На протяжении многих лет Кажым Жумалиев исследовал творчество создателя крестьянского восстания 1837 года Махамбета Утемисова. Было собрано немало материалов из уст народа и архива, связанных с историей возникновения этого восстания.

С 1930-х годов в школах казахская литература начала преподаваться как самостоятельный предмет. До 1932 года казахская литература преподавалась как предмет обществознания. В 1932 году, опираясь на опыт русских школ и ведущих казахских учителей, была разработана первая программа казахской литературы.

В 1934 году вышла новая программа казахской литературы для семилетней школы. В 1939 году была издана новая учебная программа казахской литературы на 5-10 классов, которая в 1941 году была переиздана. После К. Жумалиевым был издан учебник «Казахская литература» для 8-го класса.

К.Жумалиев ученый, проработавший 36 лет педагогом, из них 5 лет в Уральском педагогическом институте им. А.С. Пушкина, 31 год в Алматинском педагогическом институте имени Абая.

Кажым Жумалиев не только писал учебники для средней и высшей школы, но и внес большой вклад в подготовке научных работников в нашей стране. Под его руководством 32 человека получили ученую степень кандидата наук, 8 - ученую степень доктора наук. Среди них доктора филологических наук, профессора: Е.В. Лизунова, А.И.Харисов, К.Р. Рсалиев, Н.Т. Сагитов, Н.Ж. Жапаков, кандидаты филологических наук М. Мырзахметов,

З.Жұмалғалиев, Ә. Тілегенова, З. Серікқалиев, Қ. Жүсіпов и др.

Кажым Жумалиев большое внимание уделял каждому аспиранту и научному сотруднику, большое значение придавал их одежде и поведению. Он требовал от них быть не только трудолюбивым, но и умения выступать перед студентами и читать лекции.

М. Атымов в своих воспоминаниях о нем пишет, что "всем нравилось два его достоинства: первое - честность, второе - трудолюбие".

29 декабря 1969 года на митинге, посвященный годовщине смерти К. Жумалиева ректор КазПИ, д.э.н., профессор Сергали Толыбеков отметил, что "он был благородным человеком, великий педагогом, очень талантливым лектором и скромным товарищем".

Писатель Х. Есенжанов пишет: "Кажым был не только поэтом и писателем, но ученым. Особенно мне понравились книги "Жизнь и творчество Махамбета Утемисова", "Язык поэзии Абая" и "Теория литературы". Я считаю, что необходимо написать книгу, которая стала бы примером для молодого поколения".

Исходя из вышеизложенного, можно сделать вывод, что почти все произведения Кажыма Жумалиева являются бесценными для молодежи. Кажым Жумалиев был и остается великим писателем, великим ученым и великим педагогом.

Литература:

1. Кажым Жумалиев - Путь к вершине. - Алматы, 2007 - 460 с.
2. Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен. Бірінші кітап. - Тараз, 2017 - 440 б.

ТАЛАНТ ТАҒЫЛЫМЫ

ӘОЖ 821.512

Бисенова Л.Б.

Кітап оқуға деген әуестігім ерте басталды. Бастауыш сыныпта оқып жүргенде кітаптардың соңындағы мазмұнын қарап, әңгімелерді оқи беретін едім. Төртінші сыныпта оқып жүргенде «Жайсаң жандар» деген кітапты алып қарап отырып, оның ішіндегі «Азусары мен Керпішбай» оқиғасын қызыға оқығаным есімде. Бұл хикаятты сыныптастарыма, кейін шәкірттеріме айтып берген болатынмын. «Жайсаң жандар» кітабының авторы Кажым Жұмалиев екенін жоғары сыныпқа барғанда білдім...

Иә, Кажым (Қажығали) Жұмалиев - ұлттық әдебиетіміздің ғылым ретінде дамуына өшпес мұра қалдырған талантты тұлға. Бала кезінен өлең-жырға, дастандарды жаттауға құмарлығы оның өлең жазуға деген құштарлығын оятқан болатын. Әдебиетке алғаш «Батырақ Ғалиасқар» (1928), «Ерқожа мен Егізбай» (1929), «Шабуыл» (1933), «Қанды су» (1934), «Өмір жыры» (1938) сынды өлең - поэмаларымен келген ақын туған халқының фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын дамытуға орасан зор үлес қосты. Орта мектеп оқушыларына «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын жазды. Абай мұраларын зерттеуде тұңғыш докторлық диссертация қорғаған әдебиетші ғалым ретінде тарихта қалды. Қазақ эпосы жайындағы зерттеулері, Шоқан, Ыбырай, Бұқар жырау, Шернияз Жарылғасұлы, Шортанбай Қанайұлы, Алмажан Азаматқызы туралы еңбектері - әдебиетіміздің алтын қорына қосылған жауһарлар болса, дана Абайдың, дауылпаз Махамбеттің өмірі мен шығармашылықтарына арналған монографиялары - әдебиеттанудың асыл қазынасы. «Поэзияның негізгі түрлері сонау Махамбет, Абай замандарынан болатын. Көп үлгіні біздің қазіргі поэзия өкілдері солардан алғаны, оларды жаңа жағдайға сәйкес дамытып, ілгерілеткені сөзсіз» деп жазды ғалым. [2,147б.]

Қаламгер Кажым Жұмалиев 1949 жылы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» атты қазақ ақын-жазушыларының шығармашылықтарына арналған академиялық жинақтың редакциясын және 1961 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» жалпы редакциясын басқарды. Бұл - тынымсыз еңбектің, табандылық пен батылдықтың, шалқар шабыт пен үлкен ізденістің нәтижесі.

2010 жылы Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша «Ақ Жайық қаламгерлерінің кітапханасы сериясының редакция алқасымен шығарылған тамаша ұстаз, көрнекті ғалым Кажым Жұмалиевтің 7 томдық шығармалар

жинағы облыс оқырмандарының қолына тиді. Жайық өңірінен шыққан академиктің кітабын толық оқуға мүмкіндік туғанына қуандық.

Саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің өркендеуіне жұмсаған академик Қажым Жұмалиевтің өнегелі өмір жолын тануда 1969 жылы шыққан «Жайсаң жандар» естелік кітабын ерекше атар едім. Жазушы болашағын ел ардақтаған тұлғалармен кездескен жарқын сәттерімен байланыстыра әңгімелейді. «Қайырымды адам» әңгімесінде Қаратөбеден алыстағы Орынборға оқу іздеп шыққан балаларды ойсылқара сары қоспағына жегілген ескі арбасымен жеткізген Сүлеймен Құдайбергнді құрметпен жазады. «Ылдиы жоқ, өрі жоқ, ат тайғанар жері жоқ» жазып салған кілемдей мидай далаға қайдан шыққанын кім білсін, үй орнындай жерді бір өзі алып, төбесімен көк тіреп, тамырын тереңге жіберіп, жаз айларында жапырағы жайқалып жапанда тұратын, сондықтан да «Жалғыз ағаш» атанған атамекен жайлауы мен Өзектегі қыстауын тастап, өмірі бармаған жері, баспаған тауы Орынборға сапар шегуі Сүлекеңе аз ерлік емес.» [1,146.]

Қоғам және мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Сейітқали Меңдешев пен Хамит Жәнібековтің жасаған жақсылықтары мен адамгершілік қасиеттерін сағына есіне алады. Қарабала атанған Қажым оқуға, кейін ашылған «Ересектер мектебіне» Есқали Шоқановтың кесірінен қабылданбайды. Оқуға жолы кесіліп, келешектен үміті үзіліп, жар басында отырған «Аталық» бөрікті жас балаға Хамит Жәнібековтің қамқорлық танытуы ерекше әсер етеді. «Қарабала басын көтеріп, жұдырығымен көз жасын сүртті де, ыза кернеп дірілдеген дауыспен:

-Ағай, несін сұрайсыз. Мен жолы болмай, сол өзіңіз айтқан, оқуға кіре алмай жүрген бақытсыздардың бірімін,-деп, басынан өткен оқиғаның барлығын түгел баяндап берді. «Түсі игіден түңілме» деген ғой, Хамиттің кішіпейілділігі, жастығына қарамастан байсалдылығы, әсіресе, өзін кісі қатарына санап сөйлесуі Қарабаланы жібітті де, оны іш тартып, сыр мен шынын жайып салды.» [1,396.]

Шығарма Хамиттің өткенді ойлауымен, 1916 жылдың оқиғаларын байланыстыра суреттеумен жалғасады... Халық басына түскен зобалаң, кейіпкерлер арасындағы тартыстар шығарма желісін тартымды ете түседі.

Халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі, учитель атанған ҚазЦИК-тің председателі Сейітқали Меңдешевтің арқасында Қажым «Ересектер мектебіне» оқуға қабылданады. «Егер мен халқыма зәредей пайда келтірсем, ол да Сейітқалының, Хамиттің арқасы. Маған деген алғыс алдымен Совет үкіметі, мені оқуға кіргізген Сейітқали мен Хамитке жолдануға тиісті» деп аяқтайды.

«Ұлық болсаң, кішік бол» естелігінде Шымкенттегі Қажымның ауыл шаруашылығы техникумында оқып жүрген сәті баяндалады. 1928 жылы оның «Батырақ Ғалиасқар» атты тұңғыш өлеңі «Лениншіл жас» газетінде жарияланады. Газеттің бас редакторы Асқар Тоқмағанбетов оны айналасындағы толған ақын-жазушыларға «болашағынан үміт күттіретін жас ақын» деп таныстырады. Осы сөзді естігеннен кейін жаз бойы жұмыс жасап тапқан ақшасына киім сатып алады. Ойы - киімі де, жүріс-тұрысы да ақынға сай болу. Сатып алған костюмдерін киіп поездға отырады. Қасындағы сапарлас жолсерігі бұның үстіндегі киіміне қарап ұнатыңқырамай отырады, әңгімелері де жараспайды. Көп ұзамай Арыстан түсіп, «Ташкент-Фрунзе» поезын күту кезінде вокзалда Бейімбет Майлинмен танысқандығы жөнінде баяндайды. Басында ауыл совет деп отырған адамымен әңгімелескен сайын сөйлеу мәнері, Қызылордадағы жаңалықтарды сұрауы, байсалдылығы, әдемі сөйлеуі Қажымды тамсандыра түсетінін байқаймыз. «Поездан түскен кездегі менмендік менде азайып, жолсерігімнің аузына қарайтынды шығардым. «Тағы да сөйлесе » деген менде жасырын тілек туды. Жұмбақ шиеленісе түсті. Не де болса, бар күдікті бір-ақ шешпек болып, сөздің бір кезегінде:

-Ағай, атыңыз кім болады?-деп сұрақты қабырғасынан қойдым. Әкең аты кім деу ерсі, фамилияңыз -орысша. Атын сұрасам, ар жағын өзі-ақ айтар дегендік.

-Майлин,-деді жолсерігім.

Мен жұлып алғандай:

-Бейімбет Майлинсіз бе?

Ие, Бейімбет Майлин

Мен не болғанымды білмедім.Бетім күйіп кеткендей болды. [1,110б.]

Сөйтіп, «Мырқымбай», «Түйебай», «Күлтай болыс», «Шұғыла» шығармаларын жазған даңқты жазушының биязы мінезі, жылы жүрегі, кішіпейілділігі ұмытылмастай әсер қалдырғанын жазды. Автордың ұялып кешірім сұрағаны, Бейімбеттің қоңыр дауысымен жауап бергені, Тайыр Жароков пен Ғалымжан Ибрагимов туралы айтқандары - кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық оқиғалар.

«Бұл жолы поезд гүрсілі маған : «Ұлық... болсаң... кішік... бол! Ұлық болсаң... кішік... бол! деп бара жатқандай естілді.

Қайран, халқымның асыл ұлдары-ай! Бір-бірін түсіне білген екен ғой...

Қаламгер «Күй жаршысы» әңгімесінде конфискация туралы жазған «Ерғожа мен Егізбай» поэмасын баспаға ұсынуда қазақтың біртуар ақыны Ілияс Жансүгіровтің сынынан өткенін, ақын болып танылуға еңбектің, оқып-үйренудің өнер биігіне шығаратынын, әдебиеттің соқпағында тоқпағының көп болатынын айтқан ақыл-кеңестерін шеберлікпен жеткізген. «Қаламының желі бар, қабілетті» деген мен үшін аса керекті, бағалы шешімдерге мен онда да мән бергенім жоқ. Олардың мағынасын жылдар озғасын ғана түсіндім. Мені, әсіресе, қатты толқытқан - Ілекеңнің әдебиет, ақындық, жазушылық туралы келелі пікір, кемелді ойлары» деп әдебиетші Қажым тебірене жазған. Кейін Ілияс ақынмен жұмыс барысында талай кездескенін тілге тиек етеді.

1934 жылы Қазақстан Кеңес жазушыларының І съезіне делегат боп қатысқанда,

І.Жансүгіров қазак кеңес әдебиетінің дамуы жайлы жасаған баяндамасында Қажым Жұмалиевтің шығармаларының кемел тұстары мен кеміс жақтарын да айтып кетеді. Жарыссөз кезінде әділ сын екенін жазушы Қажым мойындаған. Жалпы Ілиясты ерекше құрмет тұтқанын, үйінде қонақта болғанын, Ілияс пен Фатиманың қонақжайлылығын, жайшылықта тұйықтау көрінетін жанның қалжыңшыл екенін, мысқылдаудан да кет әрі емес екенін шынайылықпен жазған. Ілиястың «Гималай»өлеңін жатқа оқып бергенде, ақынның да, жарының да риза болғанын мақтанышпен еске алады. Асқақ ойдың иесі Ілиястың талантымен бірге адамгершілік қасиеттері оқырмандарына да ерекше әсер ететіні сөзсіз.

«Үлгілі ұстаз» тақырыбында жазылған әңгіме-естелігінде аты аңызға айналған ректор Санжар Асфендияровтың жас болса да сыпайы сөйлесуі, өзіне сенім артуы әдебиет факультетінің студенті атануына себепші болғанын тебіренбей оқу мүмкін емес. Сегіз қырлы, бір сырлы, қазақ поэзиясының алыбы Сәкен Сейфуллиннің жастарды сұқтандыратын ерекше сұлулығын суреттей отырып, оның көрген қорлығына, азап вагонындағы аянышты тағдырына шегініс жасағанда, «Тар жол, тайғақ кешуді» оқып отырғандай күй кешеді екенсің. Өмірде осыншама қиындық көрсе де халқы үшін Қазақ Совнаркомын басқарған, өткір тілімен, жүйрік қаламымен жауларына уытты өлең шығарған Сәкенді педагог ретінде автор замандастарының махаббатына бөленгенін әсерлі баяндаған.

Тайыр Жароков, Сағыр Камалов сынды өнер иелерімен достықтары кім-кімге де үлгі боларлық. Кейіпкерлердің өздеріне тән мінездерін ашық айтады, олардың бойларындағы адалдықтары мен тазалықтарын да автор қалыс қалдырмаған. Әсіресе, Сағырдың әңгімешілдігі, оқиғаны қызықты баяндайтын қасиеті, сөз саптауы айналасына тыңдарманын жинайды. «Азусары мен Керпішбай оқиғасы» адам баласының басына келмейтін оқиғаларымен ерекшеленеді. Сағырдың өзі үшін аса қымбат жан болғанына тәнті боласың. Осындай халық ұлдары туралы естеліктері - әдебиетіміздегі ғажап құндылық. Сондықтан да қазақтың көркем сөз шеберлерінің, нар тұлғаларының адамдық ізгі қасиеттерін сипаттаудағы бұл еңбегінің жас ұрпақ үшін маңызы зор. «XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының адами қасиеттері мен портреттерін танып-білгісі келетіндер «Жайсаң жандардан» іздегенін табатынына, тұлғалардың кісілік қасиеттеріне тәнті болатынына біз кәміл сенеміз. Тұлға танудың хас үлгісі де - осы шығарма» [3,38б.]

Халқымыздың асыл азаматтарын танытуға бағытталған «Жайсаң жандар» естелік кітабын оқуға шақырамын.

Қорыта айтқанда, көрнекті жазушы, әдебиетші-ғалым Қажым Жұмалиев - әдебиет тарихында жасай беретін дара тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ.Ж. Жайсаң жандар. - Ағартушы, Орал-2010.
2. Жұмалиев Қ.Ж. Стиль-өнер ерекшелігі. - Ағартушы, Орал-2010.
3. Мамыров А.Ы. Қажымтанудағы ізденістер. 2018.
4. Мүтиев З.Ж., Ж.Ө. Мұханбетова Қоғамдық сананы рухани жаңғырту, Орал-2018.
5. Мамыров А.Ы., Ш.А.Шортанбаев Қажымтану және заман шындығы 2019.

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ «АБАЙТАНУ» ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІН САБАҚТА ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

ӘОЖ 82.0:37.016

Наурызова А.М.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қажым Жұмалиевтың Абайтану ғылымына қосқан үлесін анықтай отырып, оны мектеп бағдарламасымен байланыстыра оқыту.

Зерттеу жұмысының міндеті: Ғалым еңбектерін оқушыларға бүгінгі күнмен сабақтастыра беру.

Зерттеу жұмысы үш бөлімнен тұрады

1. Қажым Жұмалиев туралы, оның қазақ ғылымына қосқан үлесі
2. Қажым және Абайтану мәселелері
 - а) Абай Құнанбаев шығармаларының мектеп бағдарламасында берілуі
 - ә) Қажым Жұмалиевтың Абай өмірбаянын зерттеудегі тың деректері
 - б) «Абай өлеңдерінің тілі» тақырыбындағы ғалымның еңбектерін әдебиет сабақтарында пайдалану жолдары
3. Ғалым жұмыстарын насхаттау бағытындағы ұсыныстар мен жобалар.

Қажым Жұмалиев - қазақ әдебиеті тарихында үлкен роль алатын ғалым, ұстаз. Қазақ фольклорынан бастап, Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты дара тұлғаларымыздың өмір жолы мен еңбектеріне жан-жақты іргелі талдау жасаған, монографиялар жазған талантты ғалым, қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы жайлы қадау-қадау еңбектер жазып, кейінгі ұрпаққа азық болар рухани дүниелер қалдырған педогог-ұстаз. Ол - бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы және де қазақ қоғамының дамуына ерекше үлес қосқан зиялы жан.

Ол кандидаттық диссертациясын 1941 жылы «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» тақырыбында қорғаса, докторлық диссертациясын 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының «тілі» деген тақырыптар бойынша КСРО ғылым академиясында қорғаған. Еліміздегі алғашқы 2 ғылым докторының бірі - осы Қажым Жұмалиев. Бұл - қазақ әдебиеті үшін үлкен жетістік.

Қ. Жұмалиевтың Абай шығармаларын зерттеудегі еңбегі ұшан-теңіз. Өкінішке орай, ол туралы көп жазылып, бағалана бермейді. Біз Абайтану мәселелеріне келгенде академик С.Қирабаев пен профессор М.Мырзахметовтың зерттеулеріне ерекше көңіл бөліп жатамыз. Осы орайда, Қ.Жұмалиевтың Абай туралы зерттеулерінің салмағы басымырақ деп ойлаймын. Мен өзін - қарапайым ауыл мектебінің мұғалімін. Алайда, өз сабақтарымда, элективті курстар жүргізгенде Абай тақырыбына келгенде үнемі Қажым аға зерттеулеріне сүйенемін. Іздеген асылды да, шешуі қиын сұрақтың жауабын да осы ғалымның еңбектерінен табамын. Менің жұмыс үстелімде Қ.Жұмалиевтың 2010 жылы Оралдың «Ағартушы» баспасынан шыққын «Қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты 2 томдық кітабы жатады. Ол еңбек оқушыға Абай поэзиясын терең меңгертуге үлкен септігін тигізіп келеді.

10-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда 1-тоқсан бойы 17 сағат осы Абай шығармашылығына берілген. Жалпы, жаңартылған білім беру бағдарламасындағы бір жетістік - авторларды тереңдетіп оқыту мүмкіндігі. Әсіресе, әдебиет пәнін оқытуда сағат сандарының әр тарауға сәйкес бір авторды толық оқып-тануына жақсы берілген. Сондай тақырып «Қалың елім, қазағым» тарауы бойынша Абай Құнанбаевтың «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері және он жетінші, отыз екінші қара сөздері мен «Масғұт» поэмасы берілген. Осы тақырыптарды өткенде Қажым Жұмалиевтың Абай шығармашылығы бойынша зерттеу еңбектерінің мұғалімге де оқушыға да көмегі зор. Әр сабаққа қосымша тың мәліметтер алып келіп, оқушыны қызықтыру да шеберлікті қажет етеді.

Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын өткенде Қажым Жұмалиевтың «Абайдың өмірі және Абай туралы жазылған еңбектер» атты ғылыми зерттеуінің мұғалім үшін көмекші құрал екені сөзсіз. Оқулықтағы материалдарды меңгертіп қана қоймай, Абай өмірі мен шығармашылығының маңызды тұстарын осы Қажым Жұмалиев еңбектерінен алып, оқушыға жеткізу олардың ақын шығармашылығына деген қызығушылығын арттырады. Біз көбіне Абайдың әкесі Құнанбай мен арғы атасы туралы көп мәлімет береміз де, анасы Ұлжанның жағына көп мән бере бермейміз. Осы орайда Қ.Жұмалиевтың еңбегіндегі мына жолдар оқушылар үшін қызықты болады деп есептеймін. «Абайдың нағашысы - «Шаншар қулары» атанған, күлдіргі, мысқыл сықақпен атағы шыққан қазақтың даңқты руларының бірі. Ұлжанның ағасы Тонтайдың қожа-молдаларды сықақтап, өлер алдында: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деген сөзі күні - бүгінге дейін ел ауызында. Бұл сықылды сөзтапқыш, мысқылшылдық Ұлжанда да болған». / Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 78-бет./ Ғалым еңбегінде Абайдың нағашылары да сөз өнеріне аса жақын жандар болғанын осылайша бір көрсетеді. Бала үшін қызықты ма? Әрине, тың жаңалық!

Абай өлеңдерінің көбі 1884 жылдан бері қарай үзілмегенін, жас кезінде жазылған өлеңдері жоқтың қасы болғанын басқа абайтанушы ғалымдар да өз еңбектерінде көрсетеді. Ал, Қажым Жұмалиев Абайдың жас кезіндегі тағы бір туындысы ретінде «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» атты өлеңін көрсетеді. Сондай-ақ, ғалым: «1864 жылы 19 жасында «Әліф-би» өлеңін жазды. Мұнан кейінгі өлеңдерінің жылдары 1870 жылдан бері қарай болып келеді» деп нақтылап көрсетеді. ». / Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 79-бет./

Абай өмірбаянын зерттеуде ғалым Қажым Жұмалиев ел аузындағы Абайдың көзін көрген адамдардың пікіріне, мұрағат материалдарына ерекше көңіл бөлген. Соның ішінде Абай тек қазақ халқының, қазақ кедей-жатағының жанашыры болып қана қоймай, өз бауырына өзге ұлт өкілдерін де бауырмалдықпен баса білгенін ғалым нақты дәлелдермен көрсетеді. Соның ішінде Нифонт Долгополовтың Абай ауылына барып демалуға, емделуге рұқсат сұрап Семейдің соғыс губернаторына жазған Өтінішін немесе баласы Тұраштың Абай туралы естелігін өз зерттеу еңбегіне енгізген. «Жыл сайын Үркіттен қашқан, көбінесе Кавказдағы Дағыстанның, Түріктің айдалған адамдары бірден, екіден келіп, кейі қыстап, кейі бір-екі ай жатып, тынығып, бір-бір ат мініп кетеді. Осындай ат мінген қашқындардың менің көзім көргендегісі 15 шамалы» ». / Қ. Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 82-бет./ Бұл - Қажым Жұмалиев көрсеткен Абайдың баласы Тұраштың естелігі. Өз зерттеуіне осындай деректер келтірген ғалым «Абай тек қазақтың ғана емес, басқа елдердің де өз кезінде мен жақсымын дегендеріне ортақ Абайы болғандығын толық дәлелдейді» деген тұжырымға келеді.

«Абай жөнінде жазылған әдебиеттер туралы» атты жұмысында ғалым Абайдың өмірі мен еңбектері жайлы ең алғаш 1903 жылы «Россия, біздің отанымыздың толық жағрафиялық сыпаты» атты мақала, 1906 жылы ағылшын Жорж Кененің «Сибирь және айдау» деген шығармасында ескерткіш таныстырулар жазылғанын көрсетеді. Одан кейінгі жылдарда Абай туралы зерттеулер мен шын ғылыми баға берген ғалымдардың еңбектеріне түгелдей шолу жасайды. Абайтанушы ретінде ғалым мынадай тұжырымға келеді: «Бірақ біздің жоғарыда аталған жолдастардың Абай еңбегін тану және оны жұртшылыққа таныстыру жөнінде үлкен-

үлкен қателіктері де жоқ емес. Бұлардың кейбіреулері мүлде теріс, формалистік қателер жіберді» деп көрсетеді. Міне, бұл зерттеулерге сүйенер болсақ, мектеп оқушыларына Абай өмірбаянын таныстырғанда пән мұғалімдері аса сақтықты қажет ету керек деп ойлаймын. Осы орайда Қажым Жұмалиев зерттеулері бізге, мұғалімдерге, таптырмас қазына дер едім.

Қажым Жұмалиевтың ерекше көңіл бөлген, тың зерттеу жасаған тақырыптарының бірі - «Абай өлеңдерінің тілі». Бұл тақырыпты ғалым жан-жақты ашуға тырысқан. Тіпті Абай шығармаларында кездесетін троптың, фигураның түрлерін, тура және ауыспалы мағынадағы сөздер, архаизм, диалект сөздер, шет сөздер, Абай өлеңдеріндегі жаңа сөздер, Абай өлеңдеріндегі ақыл, нақыл сөздер деп бірнеше тарауға бөліп қарастырады. Әсіресе, сабақ мақсаттарында берілетін көркемдік тәсілге талдауды жүзеге асыруда әдебиетші мұғалімдер үшін ғалым еңбегі - жол көрсетер бағдаршамдай десем артық айтқандық емес. 10-сыныпта Абайдың «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты шығармаларын өткенде 10.1.2.1 көркем шығарманың жанрлық табиғатын тану, 10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау сияқты сабақ мақсаттары берілген. Осы орайда біз оқушыларға мынадай кесте бойынша жұмыс жасата аламыз.

Шығарманың аты	Көркемдік тәсіл	Үзінді	Қ.Жұмалиевтың зерттеуі
Сегіз аяқ	Метонимия	Атадан алтау, Анадан төртеу Жалғыздық көрер жерім жоқ	Ауызәдебиеті, Абайдың алдындағы және өз тұсындағы тарихи әдебиеттерден келтірілген метонимияның мысалдарынан екіншісі бірінің орнына екіншісі алмастырылып қолданғанда өмірдің саналуан құбылыстарынан алынатындығы айқын көрінеді. Бұл тәрізді метонимиялар Абайда өте көп.
Сегіз аяқ	Синекдоха	Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең, өзің біл.	Абай өлеңдерінде өзіне шейінгі әдебиеттерге қарағанда синекдоха анағұрлым басым. Абайдың тап осы қолданыстарында шын мәнінде суреттеу құралы екенін мойындау былай тұрсын, тамаша үздік, жаңаша образ екеніне ешкім таласа алмайды.
Сегіз аяқ	Ақыл сөздер (афоризмдер)	Егіннің ебін, Сауданың тегін, Үйреніп, ойлап, мал ізде. Адал бол бай тап, Адам бол, мал тап,	Ақыл, нақыл сөздердің не әдемі, не терең мағыналы түрлері Абайдың өз өлеңдерінде көп кездеседі. Абай өзінің әлеумет өміріндегі ролін жақсы түсінді. Ол - өз кезінің ақыны ғана емес, ұстазы. Абайдың өнегелі сөзі, үлгілі

		Қуансаң, қуан сол кезде ... Еңбек етсең, ерінбей, Тояды қарның тіленбей.	өсиеті көп.
--	--	--	-------------

Міне, осындай талдау үлгілері арқылы оқушыларды Абай шығармаларының көркемдік тілімен таныстыра отырып, қосымша ғалым Қажым Жұмалиев еңбектерін де танытып кетуге болады. Бұл бүгінгі жас буын үшін әрі ғылымға бір қадам жасау болса, әрі тағы бір Абайтанушы ғалымның еңбегімен сусындау болады деп есептеймін.

Осы Қажым Жұмалиевтың ғалымдық қырының бір кішкене ғана бөлігі туралы жазған жұмысымды қорытындылай отырып, болашақта төмендегідей жұмыстар ұйымдастыруды қолға алсақ деймін:

- Жыл сайын қасиетті қара шаңырақ БҚУ жанынан «Қажым оқуларын» ұйымдастыру;
- Оқушылар арасында «Жас тілшілер мен әдебиеттанушылар» айдарымен «Ғылымға қадам» атты ғылыми жобалар сайысын өткізу;

Тілге, әдебиетке жанашыр мамандар болып осындай игі шараларды жүзеге асыруды қолға алсақ деймін. Ақжайық өңірінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің басым көпшілігі осы Қажым Жұмалиевтың ізі қалаған Орал педагогикалық институтынан (қазіргі БҚУ) білім алды. Әрине, бұл - біз үшін мақтаныш әрі жауапкершілік. Сөзімді Зейнолла Қабдоловтың Қажым Жұмалиев туралы жазылған пікірімен аяқтағым келеді. «Орал университеттерінің білім мен тәрбие, ғылым мен мәдениет тарапындағы өлшеусіз қасиеттерінің үстіне айрықша бір аяулы жайы бар: заманымыздың ғұлама ғалымы, қазақ әдебиеттануын қалыптастыруға зор еңбек сіңірген, әдебиет тарихынан алғашқы ғылыми дәрежелер қорғаған, әдебиет теориясын қалыптастырған Қ.Жұмалиев осында Орал қаласындағы оқу орындарында білім алған, азамат, ғалым ретінде қалыптасқан. Мұның бәрін осында бастаған». Ендеше ұлы ғалым есімі әдебиет әлемінде мәңгі жасары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. II том - Орал: «Ағартушы» - 2010 ж.
- 2 Орда Г, Дәрібаев С, Сатылова А. Қазақ әдебиеті. 10-сынып - Алматы: Мектеп - 2019 ж
- 3 Зейнол-Ғабден Бисенғали. Қ.Жұмалиевтің ғылыми мұрасы және әдебиеттанудың өзекті мәселелері. *Turkic Studies журналы* 2020ж №2
- 4 Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. - Алматы: Жазушы, 1969.
- 5 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы, 1960. -
- 7 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы. - 464 б.

«ҚОБЫЛАНДЫ ЭПОСЫ» - ХАЛЫҚ СҮЙГЕН БАТЫР ЖЫРЫ

ӘОЖ 82:81-26

Сабинова Б.М.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ғалымдарымыздың зерттеу еңбектерін бүгінгі ғылыми көзқарас тұрғысынан жан-жақты танып-білу- қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі.

Қ. Жұмалиев- қазақ әдебиеттану ғылымында ең алғашқы болып 1941 жылы «XVIII- XIXғғ қазақ әдебиеті тарихы» деген тақырыпта кандидаттық, 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған ғалым- ұстаз.

1938ж орта мектептің жоғарғы сыныптарына арнап «Әдебиет теориясы», 1941-1942жж орта мектептің 8-9 сыныптарына арнап «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын жазды. Қ.Жұмалиев сонымен қатар жазушы. Оның еңбектері: «Батырақ Ғалиасқар «1928ж, «Егізбай мен Ерғожа» 1929ж, «Шабуыл» 1933ж, «Қанды асу» 1934ж, «Өмір жыры» 1938ж, «Қырдағы күресі» 1957ж, «Айқас» 1944ж. т.б.

Қазақ ауыз әдебиетінің байлығы және көркемдік мазмұндылығы революциядан бұрынғы орыстың ірі ғалымдарының да назарын аударды. Атақты орыс ғалымы, тюрколог, ғалым Г.Н.Потанин тағы басқалар да қазақ фольклорын жоғары бағалады.

Халық аузындағы аса құнды мәдени мұраларды жинау ісінде айрықша көрнекті еңбек еткен ғалымдар: В.В.Радлов, И.Е.Березин, Г.Н.Потанин, Ш.Ш.Уәлиханов, Н.Ильминский, А.Е.Алекторов, А.Н.Васильев тағы басқалар. Бұл ғалымдар қазақ ауыз әдебиетін тек жинап қана қоймайды, жинаған материалдарын орыс және қазақ тілінде өз кездеріндегі газет - журналдарға бастырып, бастырып, кейбіреулерін жеке кітапша етіп шығарады. Сөйтіп, қазақ ауыз әдебиетіне жұртшылықтың көңілін аударып, жалпы мәдениет қорына қосыларлық үлкен қазына екендігін танытты.

Жалпы ауыз әдебиеті, оның ішінде эпостық жырлар өзінің жарыққа шыққан күндерінен бері талай ғасыр, талай заман, талай әлеуметтік топты да, таптарды да бастарынан өткізді. Демек, әртүрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес талай өзгерістердің де болуы сөзсіз. Кейбір эпостың алғашқы нұсқасы халықтық идеяны жыр етсе, кейіннен үстем таптың көзқарасын қолдаушы жыршы- ақындар өз табының идеясына бейімдеуі, жырды оқып шыққан адамдарға алдыңғы нұсқасынан басқа ұғым, басқаша тәлім-тәрбие беретін етуі мүмкін. Бір эпостың өзінде толып жатқан варианттардың барлығы, кейде идеялық қайшылықтың болуы да сондықтан.

Қазақ эпостары, негізінен алғанда, көп вариантты эпос. Қобыланды, Алпамыс, Қамбарлардың әрқайсысының бірнеше варианты бар.

Қай елдің эпосы болсын белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туатынға ұқсайды және ол бір күн не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі. Бір батырдың ерлік өмірі туралы не жалғастыра жырланатын көп батырлардың күрестері туралы жырлар талай жылдарды, талай шығарушы, жырлаушыларды бастарынан өткізіп барып, халық қазынасына айналады.

Қазақ эпостарының жасалуы жолдарын Ш.Уәлиханов XIV -XVI ғасыр, Алтынорда дәуірімен байланыстырады.

«Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайдың ауыз әдебиеттерінің бір түрі - батырлар туралы жырлар. Бұл жырлардың көбі Алтынорда дәуірінде болған тарихи адамдар туралы. Соған қарағанда бұл жырлар XIII ғасырдың ақырында, XV-XVI ғасырларда жасалған сияқты...»- дейді.

Шоқанның бұл айтқандары барлық эпос туралы болмаса да бірқатары жөнінде-ақ дәл деуге болады». Қырымның қырық батыры» туралы эпос кейін жазылып алынса да ондағы қатысушылардың көпшілігі Алтынорда дәуірінде болған адамдар және Қырым хандығының өзі - Алтынорда ыдырай бастаған кезде пайда болған хандық. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Шоқанның жоғарғы айтқандары шындықтан шалғай емес.

Шоқанның бұл пікірін кейінгі тарихшылар да растайды.

Қазақ эпостарының ішінде өзі «аға батырлардың» қатарында саналып, жыры ескірек эпос саналатын «Қобыланды» дедік. Бұл кездейсоқ емес. Қазірге, жұртшылыққа көбірек таныс «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар», «Ер Тарғын» жырларын алып оларды өзара салыстырып қарағанда, «Қобыланды» эпосында шартты түрде болса да, халықтың ескі өмірін меңзейтін жайттар да, әрігірек дәуірде туған эпостарға тән жұрнақтар да көбірек кездеседі.

«Қобыланды батыр» - қазақ еліне көп жайылған және халықтың сүйсініп тыңдайтын жырының бірі. Ерте заманнан бері халық ақындары Қобыланды батырдың атымен байланысты аңыздарды кейде қысқа түрде, кейде ұзақ көлемде жыр етіп, ұрпақтан ұрпаққа қалдырып келген.

«Қобыландының» әлденеше варианты, версиялары бар. Солардың ішінде ең көлемді, көркемділері: Марабай, Мергенбай, Айса, Нұрпейіс варианттары. Бұлардың бәрі де даңқты жыршылар. Кейбіреулері - өз жандарынан да өлең шығара алатын ақындар.

Сонымен қатар «Қобыланды» туралы өлең, аңыздар Қырым татарлары мен Қарақалпақ елдерінде бар (Есмұрат Нұрымбаевтан жазылған). Бірақ ең толық үлгілері - «батырлық эпос» деп ауыз толтырып айтуға жарарлық қазақ тіліндегі варианттар.

«Қобыланды» жөніндегі аңыз - әңгімені алғашқы рет баспа бетіне түсірген академик В.В.Радлов. Ол өзінің «Түрік тайпаларының халық әдебиетінің үлгілері» атты кітабында 1872 жылы және Қобыланды туралы қысқаша бір өлеңді 1896 жылы бастырып шығарған. «Қобыланды» жырынан бір үзіндіні (Тайбурылдың шабысы) Ы.Алтынсарин 1879 жылы шығарған өзінің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген. Осыдан кейін 1914 жылы Тройцкіде басылып шығады.

Батырлар туралы жинақтарда болсын не зерттеулерде болсын, «Қобыланды» эпосы бірінші болып енгізіледі. Қобыландының өзін -аға батырлар тобына жатқызады.

«Қобыланды батыр» жыры - халық ауыз әдебиетіндегі көркемдігі ерекше жырлардың бірі. «Қобыланды батыр» - қазақ халқының қаһармандық эпосы. Негізгі мазмұны - шетел басқыншыларынан елді қорғау, осы жолда асқан ерлік көрсеткен ер-азаматтардың батырлық істерін көрсету. «Қобыланды батыр» жырын жинау тек XIX ғасырда ғана қолға алынды. Жырдың бізге 29 нұсқасы жеткен. Осы 29 нұсқаның 26-сында Қобыланды батырдың ерлігі жайында, ал 3 нұсқасы Қобыландының балалары Бөкенбай мен Киікбай батырлар туралы жазылған. «Қобыланды батыр» жырының заңды жалғасы болып есептелетін Қарылға қыздың достығы, махаббаты, ерлігі жайлы тағы бір жыр бар. Бұл нұсқалардың көбісі кейінгі кезде жинақталған. Қобыланды - Әбілқайыр заманында өмір сүрген тарихи тұлға (ХУғ.). Ел аузындағы деректерге қарағанда, оның бейіті Қобда өзені бойында.

Қазіргі мектеп бағдарламасында 5-сыныпта «Қобыланды батыр» жырын оқушылар оқып танысуда. Оқушылардың ауыз әдебиетіне деген қызығушылығы өте жоғары. Талай дәуірлік кезең өтсе де, эпосқа деген оқушылардың қызығушылығы арта түсуде.

Кейбір әдебиетшілер айтқандай, «Қобыланды» эпосының қай вариантын алсақ та, оның жалпы идеялық мазмұнына нұқсан келтірерлік діншілдік аз. Талай дәуірді, талай жыршы, талай айтушыларды басынан өткізген халық эпосынан ескі діннің де, жаңа діннің де ешбір қалдығы болмауды талап ету, не сол үшін оларды бас салып жамандау, не эпостың өзіне тән ерекшеліктерін түсінбеушілік, не түсінгісі келмеушілік. Зерттеушілердің міндеті мұраны даттау да, мақтау да емес, ондағы суреттелген өмір құбылыстарының өз кезі, өз ортасына тән заңдылықтарын оқушылар жұртшылығына түсіндіру болуы керек.

Мергенбай мен Марабай варианты қазір екеуі қосылып, бір эпос болып отыр. Бұл эпостың жарымынан артығы Марабай сөздері. Екі вариант қосылғанда батырдың балалық шағы, Алшағыр жаулап алған елін азаптан құтқарып, өз мекеніне қайта қондырып, жайбарақат өмір сүруі.

«Қобыланды батыр» эпосының қай вариантын алсақ та, эпос ел қорғау, жер қорғау тілегінен туған.

Бұл арқылы тақырыбы да, эпосты оқып шыққанда оқушыларына беретін әсері, тәрбиелік мәні, идеялық мазмұны негізінде халықтың ел қорғау тілегінің сәулесі, халық тілегінен туған деп ұғынуымыз керек.

Эпостың қай вариантын алсақ та, Қобыландыны халық сүйген батыр етіп көрсететіні аңғарылады.

Қобыландының батырлық күші де, ерлік қимылдары да жас кезінен басталады. Мергенбай мен Марабай вариантында, оны оқушыларына алғашқы таныстырғанда-ақ алған беті мен айтқан сөзінен таймайтын бірбет, көкжал етіп суреттейді. Құртқаға арналған бәсекелі тойға аттанбақ болғанда, Естеміс «барма» деп қаншама жік-жапар болса да, айтқан сөзінен қайтпай, қауіпті сапарға жалғыз кетіп, ақыры, қойған шарттарды орындап, жауларын жеңіп, Құртқаны алып қайтады.

Қобыландының бұл әдеті - сүйегіне біткен қадірлі қасиетінің бірі тәрізді. Өйткені ол әдетін батыр ес кіріп, ержеткен кезінде де тастамайды.

Қобыландының эпосында басым көрсетілетін жағы оның аңғалдығы емес, қайтпайтын ерлік, отаншылдық жағы.

Қай эпосты алсақ та, халық ел намысын аяққа басушылыққа қарсы. Өз басын елі үшін құрбан ететіндерді ғана батыр деп дәріптейді. Өздерінің мақтаны етеді. Қай халықта болса да сондай. Қобыландыны елдің артық бағалайтыны да, оны жанына балап, ел ардағы етуінің де, оны батырлықтың өлшеуіші ететінінің де бір тамыры осында жатыр.

«Қобыланды» тіл жағынан көркем шығарманың қатарына жатады. Әсіресе өзінше ерекшелігі бар.

Эпостың бір ерекшелігі - арнау. Қобыланды эпосында арнаудың барлық түрі де бар. Монолог, диалог түрінде келген арнаулар поэманың көркем жерінің бірі болып саналады. Арнаулардың кейбіреулері арқылы ақын геройларының басындағы күйініш, сүйініш халдерін, жалпы көңіл күйін шебер түрде суреттеп бере білген.

Жырдың ішінен үздік эпитет, теңеу, метафора, метонимия, синекдохалар да жиі кездеседі.

Қорыта келгенде, «Қобыланды» эпосы - өзінің мазмұны жағынан бізге жақын, түрі көркем поэманың бірі. Эпостың негізгі идеялық мазмұны - патриоттық, елі үшін күрескен, елін жанындай сүйіп, басын бәйгеге тіккен Қобыландыдай адал ұлын дәріптеп, өз мақсатын жұрт тілегінен жоғары санайтын Қараманды даттау эпостың халық санасынан туған өзгешеліктерін танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері I том Қ.Ж. Жұмалиев Орал . «Ағартушы», 2010 ж.
2. Қазақ әдебиеті 5 сынып А. С. Ақтанова, А. Қ. Жүндібаева Алматы «Атамұра», 2017ж.

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛҒА АРНАҒАН ӘДЕБИЕТШІ

ӘОЖ 82.0'002

Сүлейменова А.К.

Академик Зейнолла Қабдолов: «...Қажым Жұмалиев - шын мәніндегі сирек кездесетін ұстаздың бірі: ол - буын-буын жас ұрпаққа үлгі беруден, өнеге дарытудан, ғұмыр бойы «үйретуден жалықпаған» нағыз педагог деп пікір білдірсе, Профессор М. Мырзахметов: «Қ. Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арналды. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспект, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез - келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа соғып, сөз маржанын нөсерлеткенде тыңдаушысын сілтідей тыңдарып керемет әсерде қалдыратын. Шәкірт атаулыға біліміне қарап бағасын, ынта- талабына қарай құрметін аямаса, ойында нәрі бар творчество адамына деген ықыласы да бөлекше болатын» деп ерекше қасиеттерін атап өткен екен. (Myrzakhmetov. 1977:3). Ал Профессор М. Мырзахметов: «Қ. Жұмалиевтің саналы өмірі түгелдей ұстаздық жолға арналды. Ол дәріс оқу үстінде ешқандай конспект, қағазға қарамайтын. Әдеби шығармаларды талдау үстінде кез-келген ақын, жыраудың өлеңін жатқа соғып, сөз маржанын нөсерлеткенде тыңдаушысын сілтідей тыңдарып керемет әсерде қалдыратын. Шәкірт атаулыға біліміне қарап бағасын, ынта-талабына қарай құрметін аямаса, ойында нәрі бар творчество адамына деген ықыласы да бөлекше болатын» деп баға берген екен. (Myrzakhmetov. 1977:3). Осы пікірлерді негізге ала отырып, Қажым Жұмалиевтің бүгін қазақ халық ауыз әдебиетіне сіңірген еңбегін зерттеп зерделедім. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Хабаршы» ғылыми журналында академик З.Қабдолов өзінің дәрістерінде үнемі Қажым Жұмалиев туралы тебірене баяндап жүрген. 1967 жылы 25 қазан күнгі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми сессиясында Қажым Жұмалиев «Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы туралы» баяндамасы туралы айтқан әсерлі әңгімесі болды. Оның әсерін сол сәтте тыңдаған

ұстаздар әлі естеліктерде жазып жүр. Онда былай деген: «Қолда түк қағаз жоқ, кафедраға шығып алды да баяғының шешендері сияқты суырыла сөйлеп кетті. «Қазақ совет поэзиясының қазіргі жайы» туралы тым әріден бастады. В.Белинскийдің «Поэзияны жігіне және түріне қарай бөлу» деген мақаласынан екі беттей цитатаны жатқа айтып шықты да, міне біз соның бір түріне тоқталамыз деп әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тұмаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық әдебиеттің басқа жанрларынан таза поэзияны бөліп алды. Қазіргі поэзиямыздың тақыр жерде тұмаған дүние екенін дәлелдеу үшін эпикалық шығармалардан: «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар батыр», жырларынан, лиро-эпикадан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман Шолпан», поэзияның қысқа көлемді түрінен: «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», айтыстың түрлерінен мысалдар келтіре отырып, Бұқар жырау шығармаларына келіп бір-ақ тоқтады. Бұқарға келгесін-ақ шын жүйріктің көмейі ашылып, көсіле түсті. Оған жалғас Махамбет пен 7 Шернияз, Азаматқызы мен XIX ғасырдың қазақ поэзиясының мұнаралы биігі Абайға келгенде қазіргі дәуір поэзиясының аулы Қажекеңнің аяқ астында тұрды». Бұл баяндама қазақ қоғамдық санасында, әсіресе, ғылыми ортада біраз әңгіме болған деседі. Бұл жерде қажым Жұмалиевті ұстаз ғана емес, бұрынғының жыршылары секілді шешендік өнер мен туған әдебиетіне деген сүйіспеншілігін көре аламыз. Сонымен қатар, көрнекті әдебиетші ғалым Қажым Жұмалиев өзі көптеген ақын-жазушылардың еңбектеріне пікір білдіріп, үнемі қолдап отырғанын да байқауға болады. Өзінің "XVIII- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор", - деп баға береді.[2,71]. (ҚазҰУ хабаршысы)

Академик Қажым Жұмалиев еңбектері ішінде Махамбет мұрасына арналған зерттеулерінің орны ерекше. Белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет творчествосын барынша көп, барынша терең зерттеген академик Қ.Жұмалиев болды», -[1,149-6] деген сөзінде нақтылы шындық бар екендігін ғалым еңбектерін

саралағанда әйгілене түседі. Махамбет өлеңінің алғаш жариялануы 1908 жылы Қазан қаласынан шыққан «Мұрат ақынның Ғұмарқазы оғлына айтқаны» деп аталатын жинақтан басталатыны белгілі. Мұнда Махамбеттің жүз жолдан астам екі толғауы енген. Толғау «Беріш Мұхамед батырдың Сұлттанға айтқаны» деп топтастырылып берілген. 1910-12 жылдары Орынборда жарық көрген «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары» атты жинаққа «Исатайдың үндесі Махамбет жыраудың сөзі» деген атпен Махамбеттің екі-үш өлеңі беріледі. Махамбет өлеңдерін жүйелі түрде жинап, жариялау, зерттеу жұмыстары 1925 жылғы Халел Досмұхамедов еңбектерінен басталады. Ол Махамбет өлеңдерін жинап 1925 жылы жеке жинақ етіп бастырып шығарады. Ақын Ығылман Шөрековке «Исатай - Махамбет» дастанын жазуына ықпал етті. Халел Досмұхамедовтің «Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы, өте қызулы адам болған екен», - деген сөзін қазіргі Махамбет зерттеушілері айтпай өтпейді.

Қ.Жұмалиев Махамбет шығармашылығын зерттеп қана қоймаған, оны ел аузынан жинап, баспа бетінде жариялау да қыруар іс тындырған. 1939 жылы ғалым Махамбет өлеңдерін жеке жинақ етіп құрастырып, алғы сөзін жазып шығарады. 1948, 1951, 1958, 1962 жылдарда шыққан Махамбет өлеңдері жинағының толық нұсқасын құрастырып, алғы сөзін жазды. 1948, 1958 жылдары ақын өлеңдерінің орысша басылып шығуына ұйытқы болды әрі Махамбет өлеңдерінің орысша-қазақша жинағын құрастырды. Бұл туралы Қ.Жұмалиев өзінің «Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері» атты кітабында 1925 жылғы бірінші рет жеке жинақ болып шыққан күннен санағанда Махамбет өлеңдерінің қаншасы енгізілгенін, қаншасы енгізілмегенін, қаншасы жаңадан қосылғанын атап-атап көрсетеді. Жаңадан табылып, Махамбеттікі-ау делінген өлеңдердің кімдерден, қашан, қай жерде жазылып алынғаны 47 туралы мәліметтер береді. Мысалы, жазушы Б.Аманшиннің газет беттерінде жинап бастырған Махамбет өлеңдеріне талдау жасайды. Сондықтан да Махамбет мұрасы әрбір құрастыруда толықтырылып, түзетіліп келгені рас.

Профессор Қ.Жұмалиев өз дегеніне жетті дей аламыз [2]. Қажым Жұмалиев еңбектеріне көз жүгіртсек мынадай мәселелер бірден көзге түседі. Ғалым Махамбеттің өмірбаяны туралы мол деректі: Өтемістен туған он едік, Онымыз атқа мінгенде, Жер қайысқан қол едік, - дейтін қазір афоризм сөзге айналып кеткен өлең жолдарынан бастайды. Өтемістен туған он ұлдың кімдер болғанын архив деректеріне сүйене отырып шығарып береді. Сөйтіп ғалым тумысы бөлек Махамбет ақынның дүниеге келгеннен бастап 48 қазасына дейінгі өмір жолын кең қамтиды. Қ.Жұмалиевтің бір ерекшелігі Махамбет өлеңдеріне талдау жасағанда өзіне дейінгі тарихи зерттеулерді, архив деректерін, ел аузындағы мәлеметтерді келтіріп, көтерілістің қай жерде, қай кезеңде, шығу себебі туралы да қолмен қойғандай деректерге тірейді. Мысалы, 1837 жылы хан ордасын қоршап, зәресі қалмаған хан-сұлтандар Исатай бастаған ел тілегін орындау үшін он күн мұрсат сұрайды. Бұл туралы Қ.Жұмалиев былай деп жазады. «Бір жағы он күн срок беруді мақұлдайды, екінші жағы бермеу керек, шабу керек деген пікірді ұсынады. Исатай он күнге срок беру жағында болғанда, Махамбет оған қарсы болады. Он күннің ішінде хан Орынбор, Астраханнан әскер алдырып, көтерілісшілерді күшпен басу ісіне шұғыл кірісіп, өздері шабуылға шығады. Енді Исатай, Махамбеттердің тез шегінуіне тура келеді. Мұны тарихшылардың бәрі де Исатайдың көтеріліс жолындағы жіберген үлкен қатесі деп біледі». Ал Махамбет өлеңдері «Ежелгі дұшпан ел болмас, Етекпен кесіп жең болмас» деген қағиданы берік ұстанумен, сол кездегі теңсіздіктің бетін мірдің оғындай сөздерімен ашып көрсетуімен қымбат.

Қажым Жұмалиевтен дәріс алу бақытына ие болған қазіргі уақыттағы еліне танымал көптеген адамдар оның Махамбет өлеңдерін түгелге жуық жатқа айтатынын тамасан сөз етеді. Сонымен бірге, ұстаз Махамбет өлеңдерін жатқа айтқан кезде желпініп, желдейесіп, екіленіп, әурақтанып кететіні сонша, аудиторияны сілтідей тындырып, дария суындай ағындап кетеді екен. Махамбет поэзиясы бүкіл өмірі жауапкершілікпен өткен көшпенді халықтың ақыл-ой дүниесіне дөп тиетіндіктен, адамның қиялын шарықтатып, рухын көтеріп жіберетіні рас.

Қ.Жұмалиев - қазақ әдебиеттану ғылымында ең алғашқы болып 1946 жылы «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған ғалым-ұстаз. 1946 жылы жазылған «Абай поэзиясының тілі» атты ғылыми монографиясы ғалымның үлкен жеңісі болды. Бұл кітап оның 1946 жылы тамаша қорғалған докторлық диссертациясы болды. Осы жылы ғылым докторы болды, сонымен бірге Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды [1]. Қажым Жұмалиевтің сөзімен айтқанда: «Құнанбайдың талай дау, талай тартыстардың жуан ортасында болуы болашақ ұлы ақын, жас Абайдың шешендік тілге жаттығуларына әсер етпеуі мүмкін емес еді» (Жұмалиев, 1960: 64).

Бар ғұмырын іргелі қазақ халқының рухани жан сарайын, болмыс бітімін, ілім-білімін, тыныс-тіршілігін пәрменді етуге, сөз өнері мен мәдениетін өскелең адамзат баласы жүрегінің төріне көтеріп, жан азығы етуге бағыштаған жазушы, ғалым, ұстаз Қажым Жұмалыұлы Жұмалиевтың өнегелі ісін ұлықтау, әдеби мұрасын уағыздау, көп томдық етіп қайта шығару - әдебиетші жастардың тірлігі. Қазақ әдебиеті тарихының тұңғыш зерттеушісі, осы саладағы тұңғыш ғылым докторы - Қажым Жұмалиевтің аты ешқашан да ұмтылмақ емес[5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі(1960) - Алматы: ҚМКӘБ.
2. Өмірәлиев Қ. ХҮ- XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. - Алматы: Ғылым, 1976.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы: ҚМКӘБ. 1958 ж. - 404 б.
4. Бисенғали З, А.Мамыров. Қажым Жұмалиев. 7 том. - Орал: Ағартушы, 2010.

«Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дауыстап жеткізу керек. Сонда ғана шығарма балаға барынша әсер етеді». М.А. Рыбникова.

Еліміздің өз тәуелділігіне қол жеткізіп, саяси — әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу — негізгі міндеттердің бірі. Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше.

Әдебиетті оқыту - ғылым саласымен тығыз байланысқан. Себебі, ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық мәндес болады деп білсек, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой - түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойланады. Сондай - ақ әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан пәнге деген қызығушылықты арттырып, көркем шығарманы оқуға талпындырады.

Көркем шығарманы оқыту - оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» — деген болатын әдебиет зерттеуші - ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл - оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол - оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту - мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс - тәсілдерді орнымен қолдану қажет. Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім - болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс - тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Қажым Жұмалиев - совет кезінде Махамбет ақынның шығармашылығын Халел Досмұхамедұлынан кейін зерттеген ғалым. Әдебиеттанушы ақын өлеңдерін 1939 жылы жинап бастырды, кейін 1948 жылы «Махамбет» атты монографиясын жариялады. Зерттеуде Исатай- Махамбет көтерілісінің тарихына қатысты тың деректермен қатар ғалым Шернияз Жарылғасұлы, Алмажан Азаматқызы, Ығылман Шөрекұлы шығармаларын талдап, ғылыми айналымға алғаш рет енгізді.

Қазақ әдебиетінің теориясын Қ.Жұмалиев орыс әдебиеттану контексінде қарастырды және қазақ әдеби үдерісін басты ғылыми мақсат етіп, Махамбет, Абай, Ыбырайдың әдеби мұралары негізінде талданған. Кітапта әдеби мінез, образ, көркем шығарма, әдеби тип, композиция, сюжет, портрет, мінездеу, қатысушылардың сөзі, монолог, диалог, жанама мінездеу, экспозиция, байланыс, дәлелдеу (мотивировка), ситуация, шиеленісу, шарықтау шегі, шешу, пейзаж және баяндау, оқиғаның құрылыс тәртібі, пролог, эпилог, көркем шығармалардың тілі, т.б. әдеби категориялар қазақ тілінде нақты мысалдар арқылы айқындалған.

Қажым Жұмалиев - әдебиет алыбы М.Әуезовтің үзеңгілес серігі, қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетінің Шоқаннан кейінгі іздеуші-зерттеушісі. Қ.Жұмалиев Абай мен Махамбет

шығармаларын талмай зерттеп, өзіне дейін сүрлеу түспеген соны ізденіске барып, қаламынан кесекшығармалартуғызғанғалым.

Ғалым қазақ әдебиетіне теориялық еңбектің аса қажеттілігін ескеріп, «Әдебиет теориясы» атты ғылыми-теориялық еңбек жазып шығады. Бұл еңбек әдебиетшілер үшін Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан» кейін, бір сөреде тұратын күрделі еңбек екенін көз қарақты оқырман қауым түсінеді деп білемін. Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938) еңбегінің негізі орыс әдебиеттанушысы В.Виноградовтың «Әдебиет теориясы» кітабында жатыр. Сонымен қатар, орыс әдебиеттану ғылымындағы Л.И. Тимофеевтің, Л.В.Щепиловтың, Г.А.Абромовичтің әдебиет теориясына арнап жазған оқулықтарын терең зерттеп, қазақ тіліне тұжырымдарды мысал-дәйекпен дәлелдеу арқылы қазақ негізді әдебиет теориясын жасап шықты. Бұл дегеніміз көршіме дүние емес, ай мен күннің жарығы адамзатқа ортақ түсетіндігі сияқты, ғылым да ұлтқа, тілге бөлінбей, адамзат санасын алға жылжытуымен құнды екенін қаперімізде тұтқанымыз абзал. Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы» зерттеуі жылма-жыл тың тұжырымдармен толықтырылып, қайта басылып отырған. Әдебиеттану ғылымындағы ізденістердің алғашқысы болғандықтан да оның ғылыми-теориялық сипаты да айқын.

Б. Момынова Махамбет және ауызша әдеби тіл мәселесін қарастыруында қазақ тілтану, әдебиеттану ғылымдарының бүгінгі шын мәніндегі ғылыми алымының деңгейін көрсеткен пікірлер түйген, пайымдаулар жасаған көркемдік-теориялық негіздемелерді ұсынады. Махамбет ақындығының асу бермес арынын ала алмай жүрген себептеріміздің қисындарын орынды барлайды. Ғалымның “Ал Махамбетті ақындық мектептің негізін қалаушы деген мәртебеге ие еткен - Махамбеттің тіліндегі өзіне ғана тән стильдік қолданыстары. Дәл осы стильдік ерекшелік оны ауызша әдеби тілдің өкілі санауға мүмкіндік беріп тұр. Ол қолданыстар туралы Қ.Жұмалиев, Е. Жанпейісов, Р. Сыздықова, Қ. Өмірәлиев, Ж. Тілепов, т.б. әдебиетші ғалымдар мен тілшілер еңбектерінде айтылған”, - деген ойына орай бір пікір.

Тек қана тіл өзгешелігі деген пікірдің қисыны бола тұра, ақындық мектептің негізін қалаушы болып танылуындағы өлеңдік құрылым, т.б. ерекшеліктерін ескермеуге болмайды.

Осы арада Б. Момынова өзі жүгініп отырған М. Әуезов пікіріне қайшы пікірде болғандай көрінеді. Бірақ, түйін біржақты емес, жан-жақты. “Сөйтіп, ауызша тараған қазақ әдеби тілі деген терминнің дүниеге келуіне жыраулар поэзиясынан бойын тартып, жазба поэзияның белгілерін орнықтырған ХІХ ғасырдың І жартысындағы Дулат, Махамбет сынды тұлғалар бастаған ақындар мектебінің өкілдері, олардың ұрпаққа қалдырған бай мұралары қатты ықпал еткен деп түйіндейміз” [1, 309 б.].

Махамбет шығармаларының басылымы, жиналуы текстологиялық мәселелері сияқты махамбеттанудың және бір мәнді арналарының бастауында, барысында тұрған зерттеушілердің еңбегі де махамбеттанудың елеулі бір өзегі. Ең әуелде Халел Досмұхамедұлы Махамбет шығармаларының кейінгіге жету, басылым жөнінен мәлімет берді.

Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің жиналуы және басылуы жайлы аса мол дерек, мәлімет береді. Махамбет өлеңдерін жинады. Махамбет өлеңінің таралым аумағы, оны жеткізушілер жайлы айтты. Сол негізде қазақ әдебиетіндегі Махамбет дәстүрі мәселесін алғаш арнайы қозғады. Шернияз, Қуан, кішкене Қобыланды, Қубала, Мұқан, Мұрат, Ыбырай ақындар Махамбет өлеңін жатқа біліп, кейінгіге жеткізуші Қ. Жұмалиев бұл ақындардың Махамбет өлеңін жатқа біліп қана қоймағанын, оған еліктегенін айтады. Кейінгі ақындардың шығармаларына Махамбет үлкен әсер еткен. 1868 жылы өлген Кішкене Қобыланды ақынның “Шектімен айтысы” дейтін бір өлеңі бар. Бұл өлең құрылыс жағынан да, образды пайдалану әдісі жөнінен де Махамбет өлеңдеріне қатты ұқсас. Ал Махамбеттің Мұрат ақынға тигізген әсерін алсақ өзгешелеу, үйткені бұл екеуінің әлеуметтік мәні, дүниеге көзқарасы екі түрлі болды. Феодалдық ру қоғамын өте дәріптеген Мұратқа Махамбеттің төңкерісшіл өлеңдері кейбір түр жағынан ғана ықпалын тигізген. Оның “Шалгезі” мен “Үш Қиян” деген өлеңдері Махамбетке түр жағынан еліктеумен шығарылған өлеңдер. Ығылман Шөрекұлының “Исатай, Махамбет” деген үлкен поэмасы да осы Махамбет өлеңдерінің күшті ықпалымен жазылған. Махамбет поэзиясының әсерін біздің жас ақындарымыздың өлеңдерінен де табуға болады” [2, 361 б.].

1938 жылы Қ. Жұмалиев Махамбеттің туған жері мен өмір сүрген аймағын, көтеріліс болған жерлерді екі айдай аралап, материал жинайды. Махамбет өлеңдерін бастан-аяқ жатқа білетін көп адам барын білді. Біразымен жолығып, 3-4-інің аузынан Махамбеттің бұрын белгісіз біраз өлеңдерін жазып алады.

Олар Қ. Жұмалиевтің өз айтуында “Әй, Махамбет, жолдасым”, “Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай”, “Исатай деген ағам бар”, “Арқанын қызыл изені”, “Мен қарақұстан туған құмаймын”, “Белгілі туған ер едім”, “Арғымақ, сені сақтадым”, “Арғымақтың баласы”, “Қарағай шаптым шандоздап”, “Адыра қалған Нарынның”, “Еңселігім екі елі”, “Атадан туған ардақты ер” бары төрт жүз жол өлең.

Қ. Жұмалиев Махамбет өлеңдерін жатқа білушілердің ішінен Бекқазы мен Қайролла Төлеевтің айтуындағы шығармалар олардың жас кезінде жаттағаны екенін, олардың айтқанын кейінгі басылып шыққандармен салыстырудың нәтижесі елеулі болғанын айрықша ескеріп, елеулі нәрсе деп бағалайды.

“Бұл айтушылардан Махамбет өлеңдерін жазғанымызда 1925 жылғы баспасы қолымызда болды. Жыршыларға айқызып, өзіміз кітаптан қарап отырдық. Таң қаларлық нәрсе 17 жасынан немесе 19 жасынан бері білетін (басылмастан талай жыл бұрын) айтушылар мен басылып шыққан өлеңдердің арасында айырма мүлде жоқтың қасы. Мұрат, Ығылмандардың айтуларынан түсіп қалған, сондықтан баспасына еңбеген бірен-саран жол, бірлі-жарым шумақтар болмаса, түгелдей баспасындағымен дәл келеді. Бұл жөнінде ең алдымен Мұрат пен Ығылманға үлкен алғыс айтқандайсың” [2, 363 б.].

Махамбеттің жаңадан табылған өлеңдері жөнін айтуында Қ.Жұмалиев олардың ақынның стиль, өлең құрылысы, сөз қолданыс, образ жасау әдіс-тәсіліне тән екенін айтып айғақтайды. Мұнда да Махамбет поэзиясының теориялық негіздемесіне сүйенеді.

“Ақынның жаңадан табылып отырған өлеңдері оның бұрынғы өлеңдерімен жанр жағынан да үндес. Біз жоғарыда, Махамбет поэзиясына тән жанр саяси, үгіттік лирика дедік. Бұл жағынан да бірін екіншісінен айырып болмайды. Әсіресе, сөз қолданыс, сөйлем құрылыс жақтары дәлме-дәл” [2, 364 б.].

Қ. Жұмалиев Махамбеттің жаңадан табылған өлеңдерін бұрынғы өлеңдерінің сөз образдарын жасаудағы өзіндік әдіс-тәсіл, өзіндік ерекшелігімен айғақтайды. Бұл тұста да ғалым Махамбет поэзиясының түрі мен тегін ғана ашып қойған жоқ. Жалпы қазақ өлеңінің жаратылысынан туған теориялық негіздемелер де жасады. Махамбет өлеңдерінің басылымдары жөнінен, ақын шығармаларының текстологиясы жөнінен әдебиеттанушы ғалым Қайым Мұқаметқанов мәнді сөз көтерді. 1925 жыл мен 1979 жылдар арасында Махамбет өлеңдері жеке жинақ кітап ретінде 8 рет басылып шықты. Қайым Мұқаметқанов сол жинақтардағы өлеңдердің басылу тіртібі, жеке сөз, өлең жолдары әртүрлі, қым-қиғаш қайшылықта берілген тұстар барын қынжыла айтып, ақынның кейбір асыл сөздері бұрмаланып мән-мағынасынан айрылғанын айтты. Кейбір сөз тіркесі, сөз төркініне берілген түсініктер мүлдем дұрыс емес дейді.

Махамбеттану бүгінде Махамбет ақындығының алуан сапасын жан-жақты зерттеп, зерделеген ғылым. Мұнда Махамбеттің өлең жасау тәсілдері қазақтың байырғы көркемдік әдістерімен сабақтастықта айындалды. Ортағасырлық жазба ескерткіштер үлгілерімен тілдік, құрылымдық жақтан салыстыра қараудың мәселелері қойылды. Махамбет поэзиясының тілі, оның қазақтың ауызша әдеби тілін қалыптастырудағы, жазба әдебиет тілін жасаудағы ықпалы, орны жайлы сөз өрістеді.

Махамбеттің сөз айшықтау тәсілдеріндегі дәстүрлі ерекшеліктерге қоса өзіндік жаңа үлгілері, қазақ сөзінің мағыналық жақтан баю, толысу мүмкіндіктеріне қосқан үлесі айғақталды. Махамбеттің XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін, жалпы қазақ поэзиясын жанрлық жақтан байытуы ашылды. Дара ақындық стиль жасаудағы шеберлік алымдары айқындалды. Арғы-бергідегі іргелі ірі зерттеулердің, шағын-талпыныс танымдардың барлығы да Махамбет ақындығының арнасын кеңітті. Махамбеттанудың ендігі міндеттерін бағдарлауға негіз салды.

Махамбеттің өлең құпиясы, оның қазақ өлеңін алабөтен түлетіп, жұтындырып шығарған шығармашылық қуаты, уақыт, заманалар көшінде құнын түсірмейтін ұлы поэзиясы жайлы сөз, ой тасқыны Махамбеттің тыншымайтын, тоқтамайтын ақындық галактикасымен, қазақ

халқының құдіреттен дарыған ғажайып сөз өнерімен тұтасып, кірігіп кеткен саркылмайтын ағым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. Қазақтың ауыз әдебиеті мен XVIII-XIX ғасырдағы жазба әдебиеті: Орта мектептердің 8 - класына арналған оқу құралы. - Алматы: ҚБМБ, 1942. - 288 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. - Алматы: Мектеп, 1964. - 252 б.

ЖАЗУШЫ Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АРНАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ

ӘОЖ 81'13

Кайыров А.Б., Ибраева Н.

Ж.Аймауытов жазушылық, аудармашылық, сыншылдық еңбектерімен қатар қазақ тіліне, оның маңыздылығына, қазақ тілін оқыту мен әдістемесіне, бала тәрбиесіне байланысты бірқатар еңбектер жазған. Жазушының, әсіресе, қазақ тіліне байланысты жазылған еңбектері терең талдауымен, мәселені жетік білуімен, оның шешу жолдарын ашып көрсетуімен ерекшеленеді.

Жалпы, Ж.Аймауытов тіл білімі мәселелерімен, мектеппен, оқу-ағарту саласымен байланысты елуге тарта еңбек жазған. Солардың ішінде «Ана тілі», «Ана тілін қалай оқыту керек», «Тіл туралы», «Тіл қалай пайда болған», «Пән сөздері қалай табылады», «Хат таныту әдістері», «Әдебиет тілі мен емле», «Ұу, ыу, үу, іу» туралы, «Емле, әріп жайынан», «Емлені оңайлату жобасы», «Дәйекші жөнінен», «Жаңа әліпби емлесіне түсінік», «Ана тілінің оқыту әдісі», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы», «Үлгі мектептері керек», «Ұлтты сүю» еңбектерін ерекше айтуға болады. Жазушы аталған еңбектерінде қазақ тілін ұлт ретінде сақтау мен дамытудың маңыздылығы жөнінде, ана тілін оқытудың сапасын арттыру туралы, термин сөздер хақында орамды ойлары мен бағалы пікірлерін білдіреді. Әсіресе, автордың ана тілімізді сақтау мен оның қасиетін келешек ұрпақ бойына сіңіру жайында айтқан ойларының мәні терең.

Енді жазушының тіл туралы еңбектерінің мазмұнына арнайы тоқталайық.

Ең алдымен, Ж.Аймауытов 1928 жылы жазған «Ана тілі» деген еңбегінде мектепте оқылатын пәндердің ішінде тілдің алатын орнын, тілді меңгерудің маңызын, оны оқытудың мақсаты мен міндетін, тіл мен ойдың тығыз байланыстылығын терң ашып көрсетеді.

«Мектепте оқылатын пәндердің бәріне бірдей керекті пән ана тілі екендігіне дау жоқ. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі - халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы.

Жүректің терең сырларын, басынан кешірген дәуірлерін, дүниеге көзқарасын, наным- сенімін, қайғысын, қуанышын, қысқасы, жанының барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы - сол халықтың тілі».

«Ана тілін меңгеру - сөздерді құр жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес. Тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсәфасын да меңгереді».

«Бала оқытуды тілден бастайды. Бастауыш мектептің көбінесе айналдыратын оқуы - тілдің мүшелерін нық білдіріп, баланың тілін байыту. Орта дәрежелі мектепте үнемі тілді жаттықтыру, дағдыландыру керек. Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы - баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін үгуге, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл құрғақ төселдіру, мағынасыз әдеттендіру емес. Тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады. Сөз, сөйлем, әңгіме дегеніміз - жазуша не ауызша кісінің өзі айтқан ойы. Сөз бен ой - бірінен-бірі айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз - ойдың айнасы. Ойсыз сөз - сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілдіру мүмкін

емес. Бала сөйлегенде, жазғанда тілді дұрыс қолдануға үйрету - әр оқытушының, әр мектептің міндеті».

Жазушы одан әрі балаға тіл үйрету тек қана тілді жеке пән ретінде оқытумен шектелмейтінін, басқа пәндерді оқытуда да тіл үйрету міндетті түрде қатар жүру керектігіне баса назар аударады.

«Тілді жеке пән ретінде оқыту дұрыс емес. Дұрыс еместігі мынадан байқалады. Мұғалім тіл сабағында баланы сөйлеуге, жазуға, оқуға, қысқасы, әңгімеге жаттықтырады екен. Ал басқа пәндерді оқытқанда не істемек? Физиканы, жағрапияны, тарихты оқыту дегеніміз - осы пәндердің құбылысы туралы әңгіме ету емес пе? Ендеше, бұл - тілге төселдіру ғой».

Есеп үйрету - сан туралы ойлау ғана емес, есеппен айтылған ойды ұғу, ұққанын айта білу ғой. Демек, тереңірек қарасақ, әр пәннің ісі - баланың ойын қозғау, ойлағанын ауызша не жазумен сыртқа шығару. Олай болса, тілсіз оқылатын, ұғылатын пән жоқ екені анық».

Сонымен, автор тілді оқыту мен өзге пәндерді оқыту бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені тіл оқытуда мұғалім өзге пәндерге қатысты түрлі мағлұматтарды пайдаланады және керісінше, өзге пәндерді оқытып меңгерту тілсіз жүзеге аспайды деп санайды.

«Тіл оқытушы мұғалім өз міндеті тілге машықтандыру деп ұғады, тіл үйретуге керекті ойдың әр тарауын қозғайтын мағлұматтар іздеумен оның жұмысы жоқ. Жаратылыс пәнін оқытушы мұғалім міндетін балаға білім беру, тілге төселдіру оның жұмысы емес деп ойлайды. Мұнан шығатын нәтиже - тілге жаттығатын бар мағлұмат тіл оқытуында болмайды. Жаратылыс оқытушысы мағлұматтары көп болса да ұқтыра алмайды, өйткені тілге төселдіре алмайды. Сөйтіп, екеуі де көздеген мақсатына жете алмайды. Тілді өзге пәннен бөлек оқыту баланың тілін де, білімін де жетілдіре алмайтынын сезіп, бұрынғы мектептер басқа пәндерді көбейтуге тырысқан. Ондай шара жүкті бұрынғыдан да ауырлатқаннан басқа түк пайда берген жоқ» деп жазады.

Мақала соңында автор білім тану жолы мен тіл үйрену жолын айыру дұрыс емес деп, іс жүзінде қолдану үшін бірнеше ұсыныстар айтады.

1. Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін.

2. Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанана жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, содан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін.

3. Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу мен оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді. Сондықтан әуелі бала көрген-білгені туралы әңгіме құрып, сонан кейін оқуға, жазуға үйретілсін.

4. Бала әуелі өз бетімен сөйлеуге, жазуға төселіп, сонан кейін үлгілі сөздерге еліктеуге мүмкіндік берілсін.

5. Әңгіме үшін берілетін мағлұмат кітаптағы даяр заттар бола бермей, баланың тәжірибесінен, көрген-білгенінен алынсын. Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын. [1, 184-185бб.]

Ж.Аймауытовтың тіл теориясына қатысты келесі еңбегі - «Тіл қалай пайда болған?» атты мақаласы. Автор психологиялық кітаптарға сүйене отырып, тілдің қайдан, қалай пайда болғаны туралы екі түрлі пікірдің бар екенін айтады: «Бір пікір - сөйлеу жоғарыдан берілген сый («құдай бізге сөйлесін деп тіл берді») дейді. Екінші пікір - адамда келісіп, үйлесіп сөйлеу сол берекенің нәтижесі болған дейді. Алайда адам әу баста сөйлей білмейтін болса, ана нәрсені олай деп атайық, мына нәрсені былай деп атайық деген сықылды қаулыға қалай келген? Қаулы қылу үшін де сөйлеу керек қой».

Алайда жазушы аталған бұл екі пікірмен де келіспей, тілдің пайда болуы жайында өз көзқарасын баяндайды, тілдің дамуын эволюциялық құбылыс ретінде бағалайды. Сөйтіп, тілдің қалыптасып дамуын үш кезеңге бөліп қарастырады.

«Байқаймыз, тіл біржөла туган жоқ сықылды. Тіл бірте-бірте өсіп, жетілген. Әр жұрттың тілі әртүрлі басқышта тұрған сықылды. Олай болса, тіл біржөла, бір күнде, бір жылда туган жоқ, бірте-бірте дамып, өркендеп жетілді.

Тіл - ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған. Алғашқы кездегі адамның қызметі, көбінесе, жабайы қозғалыс болғанда соқыр сезім билеген еріксіз қозғалыс болса керек. Төңірегіндегі табиғаттың түрлі құбылысына кездессе, қорықса, қуанса, таңданса, бір жері ауырса, адам айқайлап дыбыс шығарып жүрсе керек. Сол дыбыс адамның қандай күйге түскенін маңайындағы басқа адамдарға білдірсе, міне, сөйлеудің ең түбі осыдан басталған болу керек. Бұл - тілдің ең алғашқы дәуірі. Ендеше, алғашқы дәуірдің тілі, бұрынғыша айтсақ, «жанның түрлі күйін» қозғалу арқылы білдіретін құрал болған екен.

Екінші дәуірде адам көзі көрген нәрселердің дыбысына еліктеуге талпынса керек; сол еліктеп дыбыс шығару арқылы нәрселердің пернесін белгілесе керек. Мәселен, ит туралы ойлау үшін «ау-ау» деп иттің дыбысына еліктесе, тыңдаушылар оны ұғатын болса керек. Сол тәрізді арыстанды, қасқырды, мысықты, тағы түрлі аңдарды дыбысына еліктеп пернелесе керек. Найзағайдың шартылын, судың сарқырауын, ағаштың құлауын - бәрін де еліктеп атаса керек. Бұл - екінші дәуір.

Үшінші дәуірде нәрсе мен дыбыс арасындағы байлау үзіле береді. Нәрсені атау үшін дыбысына еліктейді, басқа бір белгісіне, басқа бір пернесіне сүйеніп атауға айналады. Бұл - тілдің едәуір өркендеген, жетілген заманы ғой. Әйтсе де ескіден қалған еліктеудің

сарқыншағы осы күнге шейін сақталғаны көрініп тұр. «Тарс-тұрс, күрс, күңгір, шиқ-шиқ, тыр-тыр, қылт-қылт, күж-күж» сияқты одағайлар, содан шыққан етістіктер, есімдер - бәрі де еліктеудің салдары».

Ж.Аймауытов одан әрі адамзат тілінің қалыптасып дамуының осы аталған үш кезеңін дүниеге жаңа туған сәбидің дыбыс тілінің пайда болып дамуымен өзара байланыстыра сипаттайды.

«Адам тілінің осылайша өркендеген дәуірін бала да басынан кешіреді. Бала шыр етіп жерге түскенде, дыбыспен бірге туады. Шыр ету - жаңа жат дүниеге келгендегі дүниенің шіміріккенін, жағымсыз мерзім пайда болғанын көрсетеді.

Алғашқы кезде бір жері ауырса, не қарны ашса, дауысын шығарып жылайтыны - еріксіз қозғалыс, соқыр сезімінен туған белгі ғой. Бала дыбысын шығара жүріп, дыбысымен сыртқы заттар арасында байланыс жасап, перне тугызып алады. Мәселен, бір жері ауырғанда жылайды екен. Жыласа, шешесі келіп, бірдеме істейді (шешіп алады, құрғатады) екен, содан барып жаны сая табады. Бұдан не байқалады? Бала жылау мен тыныштану арасында бір жақындық барын сезеді. Басқаша айтсақ, пернелері іліктеседі. Содан кейін, бала бесікте жатқысы келмесе, жылайтын болып алады. Бұл - қай жылау десеңіз, ішкі тілегін білдірудің жылауы. Жүре-жүре бала ішкі тілегін сыртқа

шығару үшін дыбысқа еліктейді. Сиырды - «мө-ө», қойды - «мә», мысықты - «мияу», итті - «ау-ау», дейтін болады. Бара-бара олардың әлгіден басқа да аты барлығын естиді. Бір емес, әлденеше рет «сиыр», «ит» деген сөздерді естиді. Алғашқыда былдырлап, тілі жөнді келмей, сүйте-сүйте машықтанып, әуелі бір буынды, екі буынды, содан кейін үш буынды сөздерді сөйлеп үйренеді.

Төрт-бес буынды сөздерді бала көпке шейін айта алмаса керек. «Сәрсембай деші, қарағым» дегенде, баласы «Сәрсә», әйтпесе «сәсе» дейтіні содан ғой. Балаға салғаннан қиын, көпсөзүйретпек болғаната-ана, салғаннан қиын әңгіме, көп сан, терең мәселе туралы оқытпақ болған мұғалім - наданның наданы ғой. Бұл күнгі ересек адам тіл жүзінде ондай жетіліп, жүре-бара нәрсе мен дыбысы арасындағы байланысты қалдырған болса, бала да тап сол сықылды, пернелерді, онымен қатар сөздерді көбейген сайын еліктеуден шығып, ойын сөйлеммен айтуға жарайды. Бірақ баланың сөйлемі де қысқа, жеңіл болады. Бала түгілі, қарапайым адамның да сөйлемі қысқа, жеңіл келеді. Күрделі, қиын сөйлемдерді олай ұқпайды. Өйткені сөз, сөйлем дегеніміз - ұғыммен, біліммен қабат өсетін құрал болды ғой» деп жазады. [2, 197-198бб.]

Қорытындысында Ж.Аймауытов кітап жазушыларға, газетшілерге, әдебиетшілер мен ақындарға сөздеріңізді өздеріңіз үшін емес, алдарыңыздағы балалар үшін, қарапайым үлкендер үшін түсінікті түрде жазуға, сөйлеуге кеңес береді, әйтпесе, желге кеткен сөз болады дейді.

Ж.Аймауытовтың 1926 жылы 9 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Тіл туралы» деген мақаласын - қазақ тілінің диалектология саласындағы тұңғыш ғылыми еңбек деуге болады. Еңбекте автор *«қазақтың әр елінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер (сөздер) бар. Мұны ғылымда жергілікті тіл (провенциализм) деп атайды. Әдебиет қисынымен қарасақ, жергілікті тілдерді көп қолдану сөзді ұғымсыз қылады»* деп, бірақ ол құбылыстың да пайдалы жағы бар екенін баяндайды. Ол пайдалы жағы - қай ел болса да өзі көрші отырған елмен араласып, олармен сөз алмасып, тіліміздің сөздің қорының көбеюіне әсері бар екенін байқайды.

Мысалы, батыста татар мен орыс тілінің әсері көбірек болса, Жетісу мен Сырдарияда өзбек тілінің әсері бар, Қостанайда орыс пен ноғай тілдерінің әсері мол, Ақмолада араб пен орыс тілдерінің әсері бар деп санайды. Және мұндай сөз алмасу процесінің екі түрлі себебі бар екенін айтады: бірінші - діннің әсерінен енген сөздер, екінші - тұрмысқа байланысты енген сөздер.

«Қазақтың қай елінің, қай гүбірнесінің тілі нағыз қазақтікі, қай елінікі бұдан, буылтық тіл екенін кесіп айту қиын. Бірақ қай ел болса да көрші елінің тіл әсерінен сау емес. Мәселен, бөкейліктерде татардың, арабтың, парсының, орыстың әсері көбірек болған, өйткені дін басылар, қызмет басылар сол елдермен көп араласқан. Жетісу мен Сырдарияда өзбектің әсері бар, Қостанайда орыс, ноғайдың әсері мол. Семейде, Ақмолада да араб, орыс тілдерінен әсер бар. Қысқасы, бір жағы, діннің, екінші жағы, өкіметтің, тұрмыстың ықпалымен жаттан жапсырып алған тілдер әр елде бар.

Айта берсек, нағыз қазақтікі дерлік таза тіл аз болып қалады. Тілдің бірталайы арабтікі, парсынікі, сарттікі, қыпшақтікі болып шығады. Мәселен, мына тілдерді қай елдікі дер едік: «жауап», «ырас», «ылайық», «пайда», «дұрыс», «дерт», «дауа», «егер», «әр», «пенде», «кісі», «пара», «дос», «бақ» (бақша), «шатыр», «нұр», «залым», «зер», «мыс», «келдік», «өнер», «зақым», «топан», «мейман», «мысал», «дүм», «қымбат», «дәулет», «кеміл», «азат», «көр», «базар», «аспан», «дүкерт», «құп», «сақара», «данышпан». Баға келсек, мұның бәрі - парсынікі. Кейбірі ғана арабтікі.

Алайда Ж.Аймауытов баяғы заманда араб, парсы тілдерінен енген мұндай сөздер қазақ халқының сөйлеу тіліне икемделіп, қазақ тіліне әбден сіңісіп, тіпті өзге тілден енген сөздер екені білінбейтін дәрежеге жеткенін айтады.

«Бірақ бұл тілдер бізге әлдеқашаннан араласып, сіңісті болып кеткен, сондықтан жат тіл екенін өзіміз де білмейміз. Өзгесін шығарып тастар едік, жауап, ырас, дұрыс, пайда ылайық, әр, кісі, пара, дос, өнер, қымбат, базар деген сөздерді қалай алмай тұрармыз? Қазақтың «мен» деген есімдігі бөтеннен алынса не дауа қыларсың?».

«Зер» деп парсы жұрты алтынды айтады екен. Содан «зергер» туған. «Зер қадірін зергер білер» деген мақал да бар. «Келдік», «бас», «бас сүйек», «дүм» - «құйрық» («мылтықтың дүмі деп, дүміңді әрі сал» деп қазақ айтады); «қымбат» - баға («баға» да біздікі емес); «дәулет» - байлық, бақ («бақ» та біздікі емес; «азат» - еркін, бос, «көр» - соқыр, «шатыр» - театр «құп» - жақсы, «сақара» - шөл дала, «данышпан» - білгіш, о түгілі «қат», «қалам» - біздің тіліміз емес, «қат» - парсынікі, сарттікі десек, «қалам» - әрі үнді халқында, әрі грек жұртында болған».

Сондай-ақ Ж.Аймауытов еліміздің әр аймағында түрліше қолданылатын диалект сөздердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін айту қиын. Сондықтан ол сөздердің біреуін дұрыс, біреуін қате деу - надандық болар еді. Олардың бәрі - дыбыстық өзгерістерге ұшырап, тілімізге сіңісіп, қазақтың өз сөздері болып кеткен деп есептейді.

«Әр елдің өз жерінде айтылатын тілдер бар. Семей, ақмолалықтар «дөкей» десе, торғайлықтар «әйдік» дейді. «Өңшең», «жаппай», «кілең» деген сөздер бар. «Бір келкі», «бір

ыңғай», «бір өңкей» деген сөздер бар; «әдей», «әдейі», «тіпті», «тіптен», «жортаң», «жорта», «қасақана» деген сөздер бар, осылардың қайсысы дұрыс? Шын қазақтың таңбасы қайсысында басылып тұр? - айыру қиын. Бірақ сөздің өзін әр ел әртүрлі айтады, өздерінше «түзейді». Мәселен, Семей жақ «кигіз», «кірпіш», «түндік» десе, Торғай жақ «киіз», «керпіш», «түңлік» дейді. Семей жақ «қора», «кестеу» десе, Торғай «көң», «қыстау» дейді. Қай ел беті ашық қораны «аула» дейді. Бір ел «ершік» десе, енді бір ел «ыңырышақ», «содүлке» дейді.

«Арысты» «жетек», «дерте», «ағлұбле» деп түрліше айтады. «Бел ағаш», «белдік», «білдік» деп түсіндіріледі. «Сереңке», «шырпы», «оттық», «шақпақ» деп түрлендіреді. «Тайынша», «құнан шығар», «тай өгіз», «тана» деп әртүрлі айтады. «Көпене», «шөмеле», «отау», «шошақ», «мая», «іскірт» деп түрліше айтады. «Ара», «ара темір», «пышқы» деп түрліше айтады.

Осының бәрін ерінбей, жалықпай қарастырып, салыстырып отырсаң, әр ел өзіне сөйлеп жүрміз деп ойлайды. Біз пәлен елдікі дұрыс деп айта алмаймыз, үйткені «әйдік» пен «дөкейдің», «жаппай» мен «кілеңнің», «бір ыңғай» мен «бір өңкейдің», «жорта» мен «жорияның», «кигіз» бен «киіздің», «сіңді» мен «сіңлінің», «түндік» пен «түңліктің» қайсысы дұрыс деу - надандық болар еді. Бұлар - бізге жат тілдер емес, бәрі қазақтікі, кейбір дыбыстары өзгергенімен қазақтығын жоймайды».

Сонымен қатар, Ж.Аймауытов еліміздің әр аймағында қолданылатын, өз сөзіміздей болып кеткен диалект сөздерді жатырқамай, бірінің орнына бірін қолдана беру керектігін, өйткені ол тіліміздің баюына, әдебиетіміздің дамуына да оң ықпал ететінін аңғартады.

«Қазақ баласы бірінде жогын бірінен алуға, ауысуына әбден болады, жатырқаудың керегі жоқ. Мәселен, Орал, Торғайдың «әйдігін», «кілеңін», «дырауын», «керімін», «қасқасын», «сойын» неге алмаймыз, әбден аламыз, бұлар - әдемі сөздер, әдебиетке керекті сөздер. «Керім-кербез» деген сөз Абайда бар, «қасқа» мен «жайсаң» қазақта бар. «Сой» деген (ата тегі, тұқым) сөз біздің жақта жоқ, бірақ Кіші жүздің ақындарында, әдебиетінде бар тіл, оны алмасқа болмайды. Қазақтың өзінен жаңа тілдер көбейіп, табыла берсе, оған қуану керек, тіліміз сонда бай болады. Бөкейліктер «абиешишті» «орман сақшысы» дейді екен, бері әкеліңіз. Адайлықтар «сарнау», «зікір салу» дегенді «сарсалу» дейді екен, қойынға саламыз. Түркістандық «тораңғы» деген ағашты біледі екен - тағы аламыз. Торғайлықтар «бір ыстанса жер» дегенді «бір қызым үй жер» дейді екен, о да теріс емес. «Жермайын» мұнай дейді екен, - әбден жақсы. Ең аяғы «пробкені» біреу «бопа» деп атаған екен, қазақтікі болса - қабыл еттік.

Қазақстанның ел болуы, үш жүзінің басы қосылуы, қыр мен сырдың жамырап табысуы бірінен-біріне түрлі өнегені жүқтырады. Қазақтың астанасы Қызылордада тұрса, ондағы басқа елден барған азаматтар сырдың тілінен де телімін алады. Түркістан елдерінің «жүде», «құп», «қайыр» деген тілдері жалпы қазақтікі болып жетеді. Қайдан келсе де, қазақтың тілі болса, жатырқамау керек».

Сөз соңында жазушы қазақ тілінің тазалығын сақтаудағы басты міндет - сол кезеңдегі өзге тілдерден орынсыз еніп жатқан кірме сөздерден тілімізді тазартып отыру қажеттігін, себебі ол кірме сөздер тілімізді бұзатынын айтады.

«Біздің тексеретініміз - бөгде, бөтен жұрттан өзіміздегі бар тілдің орнына тіл кіріп бара жатса, соны алып тастап, қазақ тілін арышп тазартып отыруымыз керек. Мәселен, «жетек» тұрғанда «ағлұблені» алып келсе, «қора», «көң», «там үй», «кірпіш үй» тұрғанда «земленкені» қыстырса, «мая», «шөмеле» тұрғанда «іскіртті», «көпенені» қолданса, «оттық», «шақпақ», «күкірт» тұрғанда «сіріңкені» қолданса, «ыңырышақ», «ершік» тұрғанда «сөдөнке» немесе «сөделкені» қолданса, - міне, бұзылып бара жатқан деп осындай тілдерді айтуға болады.

Бірақ кейбір ел татардан, арабтан, бөгде елден тіл қолданып жүрсе, оны ала алмаймыз. Мәселен, бөкейліктер «жалақыны» «галапа» (алапа) дейді екен, «жалақы» тұрғанда оны алуға болмайды. Ал ай аттарын (дәлу, құт, сәуір, зауза...) аламыз ба, жоқ па - оны айрықша сөйлесу керек» дейді. [3, 203-206 бб.]

Қорыта айтқанда, жазушы Ж.Аймауытов - көркем әдеби шығармаларынан бөлек таза ғылым саласына, оның ішінде, қазақ тіл білімі мен оны оқыту әдістемесіне арналған маңызды, терең ғылыми еңбектер жазған көрнекті ғалым, білікті зерттеуші. Ғалым-педагогтың жазған ғылыми-әдістемелік еңбектерінің қазіргі таңда да маңызы аса зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ж.Аймауытов «Ана тілі» // Алаштың тілдік мұрасы: мақалалар жинағы. (құрастырған С.Шүкірұлы, Е.Тілешов). - Алматы, 2009 ж.
2. Ж.Аймауытов «Тіл қалай пайда болған» // Алаштың тілдік мұрасы.
3. Ж.Аймауытов «Тіл туралы» // Алаштың тілдік мұрасы. - Алматы, 2009ж.

АХМЕТ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ «ОҚУ-БІЛІМ» КОНЦЕПТІСІ

ӘОЖ 82:002

Хасанов Ғ.Қ.

Ұлт ұстазы атанған Ахмет өзінің шығармашылығын мерзімді баспасөзден бастағаны белгілі. Оның басты ұстанған ұстанымы қайтсе де өз қазағын оқу-білімге шақырып, мектептер санын көбейту болатын. Оның мақалаларының дені жер, ел басқару және білім беру мәселесіне арналды. Осыларды Ахаң публицистикасының басты концептілері деуге болады. Осылардың ішінде сол кездің өзінде әдебиет пен тіл ғылымын өзіне жақын тұтқаны байқалады. Тіл ғылымына келмес бұрын, алдымен, өз мақалаларында білім беру, халықты оқытуды ұйымдастыру мәселесін өзекті сұрақ деп түсініп, баспасөз бетіне тұрақты жариялай бастайды.

Ұлт ұстазының басындағы бар ойы - оқу жүйесін жетілдіру. Бұл Ахаң арманының - басты межесі. Ағартушылық қызметін мұғалім болып бастағандықтан ол бұл мәселені жақсы білген. Сол кездегі қазақ даласындағы жағдайдың қиын екенін біле тұра, білімге ұмтылған қазақ балаларының басындағы ауырлықты газет бетінде үнемі көтеріп, талқыға салып отырған. Сонымен қатар, оларды оқытып жатқан халық мұғалімдерінің жүйелі әдістеме тәртібінің бекітілмеуінен қиналып жүргендігі, керекті оқулықтардың жетіспеуі мен жоқтығы т.т. толып жатқан мәселелерін де өз көсемсөзінің арқауы етті.

Ахаңның көсемсөзіндегі «Оқу-білім» концептісінің басты құрылымдық үлгілері бірқатар. Оның көбі білімге шақыруға негізделеді.

Жалпы когнитивті зерттеулерде тілдік тұлғаның концептілері жан-жақты зерттеледі. Алдымен концептіні қалай түсінеміз, соған тоқталайық. В.А. Маслова былай дейді: «Концепт, ұғым, мағынаның аражігін ашып, саралау теоретикалық тіл білімінің өте күрделі мәселесі болып қалып отыр, себебі ол эмоционалды, экспрессивті, бағалауышты ореолмен қоршалған күйде болады. Бұл «шоғыр» түсінік, ұғым, білім, ассоциациялар ұғымының сөзбен берілуі» [1, 35-38 бб.]. Концептінің осы бір ерекшелігіне байланысты оның түрлері болады. Концепті ұғымын бүгінде когнитивті лингвистикада жалпы төрт түрге бөледі, яғни; лингвомәдени концепт, ұлттық-мәдени концепт, мәдени концепт, когнитивті концепт. Публицистикалық стильде тілдік тұлғаның концептілік идеясы байқалып отырады. Осы жерде айтып кететін жайт, концептінің публицистикалық стиль арқылы ашылуы жете зерттелмеген. Ахаң көсемсөзіндегі барлық ой оның танымындағы концептісінің көрінісі болады. Ахаң концептісі құрылымдық үлгілері осы шеңберде болады. Атап айтқанда, алдымен, «Оқу-білім» - қазақты надандықтан алып шығар жол» - басты құрылымдық үлгі. Келесі құрылымдық үлгі - «Оқу-білім» - жаңа оқыту жосығы. 1913 жылы жарық көрген «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында былай деп жазады: «Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға программа (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға

бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан программа деген сөз әзір ертерек. Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс» [2, 252 б.]. Ахаңның «жосық» дегені - оқудың басты жүйесі. Оның бар уайымы да осы жосық болып отыр, себебі сол кездегі оқыту жағдайында арнайы белгіленген бір жүйе болмады. Жүйе орыс оқыту жүйесінен бөлек болғаны дұрыс деп санайды. Ал ескі «қадым» туралы өзі жазғандай «сөз қозғамайды», себебі оның ескіргенін оқыған адам түгіл, оқымаған адам да сол кезде түсінген. Ол туралы С. Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» трилогиясында толық, түсіндіре жазғаны белгілі. Толық келтірілік: «...Бір ғана қазақ балаларының емес, «мұсылман» аталатын барлық елдің балаларының бастарын сан ғасырлардың бойына пайдасыз қатырып, миын босқа жеген, бүкіл «мұсылман» елдерінің өнер-білімнен артта қалуына бас себеп болған «қадым» аталатын оқу болған. Осы «оқудың» ішкі сырын, мән-жайын толығырақ баяндап бермей, «қиын оқу еді» деп жалпы айтып өтудің оқушының көпшілігіне әсері де болмас еді. «Қадым» - арабша «ескі» деген сөз. Қадым оқуында «а», «б», «г» деген сияқты дыбыс белгісі болмайды. Оның әрбір әріптерінің «әліп» (а), «жұм» (ж), «сад» (с), «ғани» (ғ), «нон» (н) деген сияқты жеке аттары болады. Араб әрпінің таңбасы 29. Бірақ бұл жеке жазылу түрі. Одан басқа осы әріптердің: бас, орта, аяқ аталатын түрлері бар. Арабта жазылу түрі бір, тек асты-үстіне нокат қоюмен айырылатын әріптер көп. Мысалы, жоғары қараған тік бұрыш сияқты сызықтың астына бір нокат қойса, «б», екі нокат қойса, «и», үстіне бір нокат қойса «н», екі нокат қойса «т», үш нокат қойса «ш» болады. Сонда, сызылуы бір бес әріп, өзара нокаттармен айырылады. Бұл жағынан алып қарағанда, егер нокаттарын есептемесе, араб алфавитіндегі сызықтың түрі «29» емес, 17-ақ. Арабта «3» әріп төрт түрлі айтылады, қазақта оның бірі ғана бар; арабта жуанды, жіңішкелі екі «т», үш «с», екі «ф», екі «х»; бұлар да қазақта бірден-бір-ақ. Сонда, арабтың 29 әрпінің 9-ы қазақта жоқ. Араб алфавитіндегі дауысты дыбыс атымен болмайды, олардың орнына: асты («и» орнына), үсті («а» орнына үтір) («о» орнына аталатын, әріптердің асты, үстіне қойылатын сызықтар қойылады. Бұл, тек «құран» сөздерінің асты, үстіне қойылатын сызықтар. Араб тілінде жазылған өзге кітаптардың сөздерінде ондай сызықтар болмайды, қандай әріптердің асты, үстінде қандай сызықтар барын, оқушы жобамен ғана айырады. Мысалы, «Мұхаммед» деген сөз «Мхмд» боп, «мұхтасар» деген сөз «мхтер» боп жазылады. Бұлай, бірыңғай, дауыссыз дыбыстардан құралған араб сөздерін, тек араб тілін адам ғана жобалап дұрыс оқуы мүмкін, ол тілді білмеген кісі қалай дұрыс оқиды. Арабтың тілін біздің молдамыз - Ғазизуллиннің өзі де білмейді. Сонша қиыншылықпен ұзақ уақытқа араб алфавитінің сызықтарын әрең таныған балалар, енді әріптерді қосып сөз құрауға кіріседі. Оның атын қадым оқуында «еже» дейді. Мысалға «Мұхаммед» деген сөзді алайық. Араб алфавитінде дауысты дыбыстар болмағандықтан, бұл сөз кілең дауыссыз дыбыстардан құралып «Мхмд» боп жазылуы жоғарыда көрсетілді. Оны дұрыс оқу үшін асты, үстіне, тұспалды белгілерді қою керек. Мәселен, бастапқы «м» «мұ» боп оқылуы үшін үстіне «үтір» аталатын сызық; «х» - «ха» боп оқылуы үшін үстіне «үсті» аталатын сызық; одан кейін қабатынан келетін екі «м»-нің қосқабаттығын көрсету үшін үстіне «тәштит» аталатын сызық; соңғы «д»-ның қасында дауысты дыбыс жоғын көрсететін «сәкін» аталатын сызық қойылуы керек қой, егер ол сызықтар қойылмаса, неге қойылмайтынын молда түсіндіруі керек қой. Ғазизуллин олай түсіндіре алмайды. Ол, тек, өзі молдасынан түсінбей оқыған сөздерін бізге қайталап, мысалы, «Мұхаммед» деген сөзді: «емтүрме хисынха - мұха, мемтащасынба - мұхамма, далда сәкін - Мұхаммад» деп ешкім түсінбейтін бірдемені былдырақтайды. Осындай әрі «ежелуі» қиын, әрі ежелеп шығарғанмен түсініксіз араб сөздерін мыжғылаумен, баланың басы қатады да отырады. Зерек бала ғана «ежеден» «сурега» көше алады да, зирек емесі «ежені» неше жыл езгілесе де түсінбей, өмір бойы сауатсыз қалып қояды. «Суре» - арабша «дастан» деген сөз. Олай дейтіні «Құран» өлеңмен жазылған ғой. Баланың алғашқы түсетін «сүресі» - құраннан қысқартып алған «әптиек» (арабша - «һафтиек») дейтін кітапша. Қазақтың «Қалқам-шырағында кездесетін:

Ішінде «әптиектің» «раббел фалак»,

Өлеңге жас құнімнен еттім талап.

Сен қызды қай жеріңнен кемітейін,

Өзің сал, өзің ақын, бір зән-талақ» - дейтін өлең осыдан туған. «Әптиектен» кейін бала, 600 беттей «құранға» түседі. Ол да түгелімен араб тілінде жазылған, сондықтан араб тілін білмейтін бала оның қарасын танып, оқығанымен, мағынасын білмейді. Қазақ ауылдарында «молда» атанып жүргендерден, жүзден тоқсан бесінің мұрнына араб тілінің исі келмейтінін көзімізбен көрдік, солардың бірі - Хабибулла Ғазизуллин. Қазақта «оқу инемен құдық қазғаннан да қиын» деген мәтел осыдан шыққан» [3, 63-65 бб.].

Міне, осыны көрген қалың жұрт жаппай балаларын «жәдит», яғни жаңаша оқуға, оның ішінде әлі жеткендер орысша оқуға бере бастады. Ол туралы Ахаң былай деп жазады: «Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде школада: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Орысша оқығандар оқыту һәм тәрбиелеу ғылымын оқыған адамдардың қолында. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда, қазақша оқығанның үстіне керек» [2,252]. Ұлт ұстазы осы бір өзінің сара жолына осы кезде түскенін

публицистикалық туындыларында көрсетіп отырады. Сол кездегі мерзімді басылымдарда қазақ оқығандарының басты көтерген мәселесі де оқу-білімді бір дұрыс жолға қою. Ұлтты прогресске бағыттаудың бір-ақ жолы надандықтан қайтсе де арылу.

Ахаңның кей жазған жан айқайы бүгіндегі біздің басымыздағы көкейтесті сұрақтармен үндесіп жатқанын байқадық. Мәселен, ол былай деп жазады: «Біз болысымыз басқа жұрттың болысындай елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде судьядай әділдік жоқ мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доктордай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз - халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда, бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі» [2, 252 б.]. Ахаң танымындағы ұлттық прогрестің басты тетігі адал оқуда екенін оның көсемсөзіндегі идеялық ойынан байқап отырасың.

«Оқу-білім» - жас мұғалім. Бұл құрылымдық үлгі Ахаң концептісінің басты көрсеткіші. Оның бар ойы осы жалынды жас ұстаздарға дұрыс жол нұсқау. Білім беру түсінігі Ахаңның ойынша, мұғалімге байланысты. Бұл сол кездегі жалпы қазақ мұғалімдерінің қолында екенін үнемі өз сөзінде Ахаң ескертіп отырады. Оның ойынша, қазақ мұғалімі - «білім нұрын жаюшы» тұлға. Ахаң былай деп жазады: «Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебін қолдарына алуға лайық адамдар әр жайдан хабардар: дүниеда не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол.

Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар» [2, 253 б.].

«Оқу-білім» - ел түзейтін жол. Енді сөзіміз дәлелді болу үшін, Ахаң ойларын талдалық. Ахаң өз мақалаларында жалпы оқу-білім мәселесін көтере келіп, қазақ тілі дыбыстарын түсініп, оқыту сияқты кәсіби мәселеге тереңдеп отырады, яғни бұл жерге келгенде, бұлардың ерекшелігін ашуды борышым деп санайды. Мәселен, «Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері - қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей усул сотие (жаңаша оқыту тәсілі) жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Мен көрген медресе «Ғалия», «Хұсайниядан» шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харпіне қарап есептейді. Араб харпі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды.

Екінші кемшілігі - қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен балаларды жаттықтыру оқу мен жазу үйретудің негізі, істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы» [2, 253 б.]. Ахаң осы мақаласын жазған кезде қазақ фонетикасын зерттеп өзінің оқулығын жазып жатқан шығар деп топшылаймыз. Біздіңше, Ахаң қазақ тілінің дыбыстық

жүйесін тануда екі басты әдіспен жұмыстанған. Алдымен, қазақ тілі дыбыстарын, өзі жазғандай дыбыстап айтып жүйелеген және ғылыми зерттеулерді көп оқыған. Осы ғылыми еңбектер ішінен Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» зерттеуін атауға болады. Осы зерттеудегі жүйелеумен таныса келе, Ахаң өзінің зерттеу нәтижелерін басқа түрде ұсынады. Мәселен, Н.И. Ильминский зерттеуінде қазақ тілінің дыбыстау жүйесі «Подобно гласным согласные бывают толстые и тонкие. Гортанные различаются в этом отношении так резко, что нельзя было бы не дать им особого начертания; прочие же согласные все и каждая могут быть толстою и тонкою смотря по гласной, напр. ат, ет. И так как это определяется системою звуков, то мы и не отличили этой двоякости согласных никаким значком» [4, 8 б.]. Осы бағытта еңбектенген Ахаң соңынан ағартушылықтан ғылымға келіп түсті. Қазақ фонетикасын ұлттық әуезге сай жіктеп, өз табиғатынан бұзбай зерттейді. Мәселен, «Ат, ет» дегендегі сингармотембрі анық танып, жіктейді.

Ұлт ұстазының концептілік жүйесіндегі «Оқу-білім» концептісінің тағы бір бөлшегі - қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс түсініп, игеру. «Оқу-білім» концептісінің ірі құрылымдық үлгісі - қазақ тілін өз табиғатын ашып оқыту. Оқу-білімнің терең кәсіби мәселесін түсіндіру - борыш.

Ахаңның «оқу-білім» концептісі - ірі мегаконцепт. Ол оның көсемсөзінен, ғылыми еңбектерінен үнемі көрініп отырады. Осы ұстанымның басты мақсаты да ұлттық оқуға халықты жеткізу.

«Оқу-білім» - өнер. Ол «Оқу жайында» атты мақаласында былай деп жазады: «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолын көшпекші. Мұның себебі, ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес» [2, 254 б.].

«Оқу-білім» - жастардың жаңаша жолы. Ахаң былай деп жазады: «Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып, қайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі - бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс [2, 252 б.].

Осы тұрғыдан келгенде, «Оқу-білім» концептісі - «Ахаң, Алаш, Ағарту» сияқты үш бірліктен тұрады дегіміз келеді.

Сөзімізді қорыта келе, Ахаңның публицистикасынан оның бар ұмтылысы анық сезіліп тұрады. Өзінің басты борышы санайтын Ахаң танымындағы ішкі мақсат оның «Оқу-білім» концептісі болып қала береді. Өз қазағын білімге шақыруы көсемсөзінен басталып, ол ұмтылыс ғылыми ізденіске ұласып, соңы алаштық биік мақсат болып шықты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маслова В. Введение в когнитивную лингвистику. - М: Флинта: Наука, 2007. 296 с.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1860. 199 с.
4. Мұқанов С. Таңд шығар. 16 т. Өмір мектебі. - Алматы: «Жазушы», 1976. - 488 б.

І.ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЭТНОТАНЫМДЫҚ МӘНІ

ӘОЖ 81'373

Алмауытова Ә.Б., Тайман А.І.

Тіл үнемі өзгеріп, дамып, толығып отыратын қоғамдық құбылыс десек те түрлі кезеңде туып, қалыптасқан атаулар сол қалпында өзгеріссіз қалатындығы баршаға аян. Басқаша айтқанда, тіл-тілдегі сөздердің барлығы да туу кезеңінен бастап үздіксіз қолданыла беруі де қолданылу аясы тарылуы да мүмкін. Бұл - тілдің қоғамдық ортамен тығыз байланыстылығын айғақтай түседі. Мысалы, өткен ғасырда актив қолданыстағы сөздер қазіргі уақытта өте сирек

немесе қолданыста мүлде болмауы мүмкін. Бірақ, өткен кезеңде туындап, белгілі зат пен құбылыс атауын білдіретін сөздер бүгінгі таңда актив қолданылмаса да сол алғашқы мағынасын сақтайды. Әрбір тілдің лексикалық қоры, қат қабат сөз байлығы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен байланысты, сол халықтың халық болып дами, қалыптаса бастаған кезеңдердің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын мұрасы болып саналады.

Тіл ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі екендігі баршаға белгілі. Тілдің маңызды қызметтерінің бірінен танылатын ақпаратты сақтау және жеткізу қызметін ерекше атауға болады. Қоғамдағы, тарихтағы болып өткен оқиғалар, халықтың ұстанған діні, салт- дәстүрі, игерілеген білім мен мәдениет, өркениет жетістіктері, тіпті тұтынған заттар атауы, т.б. тілде көрініс тауып, ата да н-ба ла ға а сы л мұра бо лы п қалы п оты рады . О сы ме н ба йла ны сты қо ға мда бо лы п жатқа н құбылы ста р ме н өзге рісте р тілде тілде үне мі ізін қа лды ры п о ы раты нды қта н, тілді та рихы мызбе н, э тно гра фия мызбе н, мәде ни етімізбе н ты ғы з ба йла ны ста зе ртте у іміз қа же т.

Тілді ұлтты қ мәде ни етімізбе н бірлікте қара сты ры п жүрге н ғалы м Ж.Ма нке е ва тілде гі ма змұнны ң са қта лу ы тілдің ку му ля ти втік қы зме тіне қа ты сты е ке нін а йта ке ле : «О л өз ке зе гінде қа бы лдау , о йлау , жа д си я қты пси хо ло гия лы қ ұғы мда рме н ты ғыз ба йла ны ста бо лы п, тұта с күйінде гі ко гни ти вті пара ди гма құра йды »-де ге н тұжы ры м жа са йды [1].

О сы ға н о ра й, қа за қ ха лқы ны ң қа нша ма ұрпа ғы н жа лға сты ра са қта п, әр за ма нда ғы ұрпа қты ң о й-о ра мда ры ны ң, се зім ме н сы рла ры ны ң, та ны м-түсінікте рінің, өмір сүру са лты ны ң қы р-сы ры н І.Есенберлиннің «тіл-ұлт-та ны м», «тіл-ұлт-мәде ни е т» үштікте рінің бірлігінде зе ртте у мәсе ле сі - бүгінгі күнніңта ла бы де п біле міз.

Әр халықтың өзіндік салт-санасы, елдік рухы алдымен оның тілінде таңбаланады. Этностың өзіндік дүниетанымынан, тұрмыс-салт ерекшелігінен туындаған арнайы сөз қолданыстардың халықтың өткен өмірінде қандай мәні болса, бүгінгі өмір тіршілігіне тигізер пайдасы зор. Тілдің мемлекеттік мәртебесін нығайтудың қазіргі таңдағы маңызды бір мүмкіндігі - оның осы танымдық қызметін неғұрлым ашық көрсету, сол арқылы ежелгі елдік атрибуттарды, халықтық қалыпты, рухани тамырды тереңірек зерттеп, жете тану.

«Сөздердің көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолданылу жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара-бара қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін. Көнеру сипаты мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер архаизмдер мен историзмдер болып .нысанына сәйкес көркем мәтіндегі тарихи лексиканың көрінісін, этнолингвистикалық ерекшелігін зерделеу.

«Дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер тарихи сөздер деп аталады. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады» [2,174].

Тарихи лексика - халық тарихындағы түрлі кезеңдер мен оқиғалардың, қатынастардың белгі-қасиеттерін бойына сақтаған мол қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, әлеуметтік-саяси жағдайының, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес мұрасы.

Ғалымдар тарихи сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырады:

- әкімшілік, ел басқарумен байланысты туған тарихи сөздер;
- әскери атақ пен қару-жаракқа қатысты тарихи сөздер;
- Кеңес тұсында пайда болған тарихи сөздер.

Суреткердің сөз өрнегін жасайтын амал әрекет - жазушы тілінің сөздік байлығы екені белгілі. Тілдің лексикасы қашанда толығып, байып отыратыны мәлім. Ондай толығу мен баю бірнеше аспектіде жүретіні де белгілі.

Халықтың ауызекі сөйлеу тілін, ғасырлар бойы шыңдалған ауыз әдебиетін, сондай-ақ, өзіне дейінгі және өзіне тұстас қаламгерлерді үлгілерін жақсы біліп, солардың тілін сарқа пайдаланған жазушы лексиконына қазақ тілінде бұрынырақ қолданылып, өз заманында көнерген немесе көнере бастаған сөздерді шебер енгізген.

«І.Есенберлин сынды сөз зергерінің атын әлемге паш еткен «Көшпенділер» трилогиясындағы тарихи лексикаға этнолингвистикалық талдау жасау, біріншіден, қазақ халқының ұлттық танымының, ұлттық болмыс-бітімінің, ұлттық рухының, менталитетінің жарқырай көрінуіне жол ашса, екіншіден, жазушының тілдік тұлғасын тану мүмкіндігіне ие боламыз» [3].

Осы тұрғыдан Ілияс Есенберлин шығармаларының тілінде мағынасы күңгірт тартып, ұмыт бола бастаған көне сөздерді еркін пайдаланғанын көреміз.

Әкімшілік, ел басқарумен байланысты туған тарихи сөздерге мысал келтірейік: хан, ханша, ханым, ханзада, тақ, тәж, уәзір, патша, аға сұлтан, ауылнай, болыс, старшын, би, қазы, нөкер, ауылнай, бәйбіше, тоқал, т.б.

Хан. «Хан-лауазым. Түркі-моңғол халықтарында мемлекет басқарған билік иесі. Зерттеушілер *хан* сөзі семантикалық-тілдік-реңкізгергенкөне түркілердің «қаған» терминінен қалыптасқан деп есептейді. Шығармадан мысалдар арқылы дәлелдейік: «Жазбадереккөздері Орта Азия халықтары Хан терминін Түркі қағандығы ыдырағаннан кейінгі кезеңнен қолдана бастағандығын растайды» [4]. *Ханның* нөкерлері ауылда тығылып жүрген Әшірап пен Дәуітшіні ұстап алып, таңертең Орынборға қарауылмен жүргізбек боп, Жантемірдің үйінің жанындағы арбаға қыл шыбырмен байлап қояды [5, 37]. Бұл жарлықтан ұтқан Сәмеке, Бөкей, Уәли *ханның* тұқымдары ғана [5, 9]. Осыны сезген Қасым төре Қоқан *хандығына* қарай ауысты ғой [5, 9]».

Патша. 1. Революцияға дейінгі Ресей монархының титулы. 2. Ел басқарушы, әмірші [6, 11]. *Ақ патша* қазақ ісін екіге бөлген [5, 7]. Жоқ, мен *патша* ағзамның бұл жарлығын айтып келе жатқан жоқпын... [5, 9]. Жақын қалған *патша* әскерінен қорыққан Ташкент күшбегі Қорғанға азғантай сарбаздарын қалдырып, Бетпақдалаға қарай қашады [5, 11].

Төре. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын ұрпақ, қазақ даласында әлеуметтік топ. Олар қазақ руларына қосылмайтын өз алдына дербес қауым болып саналған. Төрелер өздерін “ақсүйек” қатарына жатқызған. Қазақ қоғамында хандар тек төрелерден шыққан сұлтандар арасынан сайланатын. Төрелер әкімшілік және сот билігін жүзеге асырды. Сонымен қатар олардың соғыс кезінде жасақ құрып, оған қолбасшылық ету құқығы болды. Қазақ жүздерінің Ресейге қосылуы барысында Орта жүз бен Кіші жүзде бірте-бірте хандық жүйе жойылып, төрелер қазақ қоғамының саяси-экономикалық өмірінде бұрынғыдай рөл атқара алмады. Қазақстанда 1867-1868 жылдардағы реформалардың енгізілуі төрелердің экономикалық және саяси артықшылықтарын біржола жойды [4]. Тілдік деректер: «Атамекен Көкшетауын тастап, Қасым *төре* неге Қоқан хандығына көшті [5, 6]. Қасым *төре* қай жерде жүрсе де *сұлтан*, - деді Сейтен жақтырмағандай алая қарап [5, 6]. Осыны сезген Қасым *төре* Қоқан хандығына қарай ауысты ғой. *Қасым төре* көкжалдарын жеңіп алсам, со да менің *тақияма* тар келмес деп өзіне жұбату айтқан *Қасым төре* көкжалдарын жеңіп алсам, со да менің *тақияма* тар келмес деп өзіне жұбату айтқан [5, 137]».

Нөкер. Билеушілер (патша, хан, т.б.) мен жоғары лауазымды адамдарға қызмет еткен адамдар. Нөкер соғыс кезінде жауынгер, бейбіт кезде күзетші қызметін атқарған. Нөкер атқарған қызметі үшін баспана, киім және қару-жарак, соғыстан түскен олжадан үлес алды, басыбайлы болды. Қазақ халқында нөкер ұғымы 14-20 ғ. «қызметші» мағынасында қолданылған [4]. *Ханның нөкерлері* ауылда тығылып жүрген Әшірап пен Дәуітшіні ұстап алып, таңертең Орынборға қарауылмен жүргізбек боп, Жантемірдің үйінің жанындағы арбаға қыл шыбырмен балап қояды [5, 37]. Мысалы, «Қалыңдығына барған ханзаданың қызығын көруге ешкімнің рұқсаты етілмеген, *нөкерлері* бірең-саран желіккен бала-шағаны отау маңынан бағана қуып жібереген [5, 36]».

Ханзада. Ханзада - ханның ұлдары. Бұл термин хандық құрып отырған отбасы иесінің ұлдарына қолданылды. Ханзада сөзінің түпкі мағынасы олардың ханмен тікелей туыстық байланысын, яғни тегі (заты) хан екендігін білдіреді. Орталық Азиядағы ортағасырлық мемлекеттерде Шыңғыс хан ұрпақтарынан туған ханның ұлдары ғана Ханзада деп есептелді. Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін оның мұрагер төрт ұлының балалары (жалпы саны 40-45 шақты) мен олардан тараған ұрпақ ханзалар мен хандардың рубасыларын, яғни «алтын ұрық» өкілдерін құрады. Ханзалар мемлекеттегі маңызды мәселелерді шешуге ат салысты.

Соғыстарда қол бастады, бірқатары өз иеліктеріндегі елді басқарды. Мысалы, қалыңдығына барған *ханзаданың* қызығын көруге ешкімнің рұқсаты етілмеген, нөкерлері бірең-саран желіккен бала-шағаны отау маңынан бағана қуып жібереген [5,38].

Жасақ.1) [тайпа көсемінің](#), [ханның](#), [кінәздің](#), [королдің](#) төңірегінде топтасқан [жауынгерлердің](#) жалпы атауы. Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болған кезеңнен бастап әр түрлі аймақтарда осындай жауынгерлер тобы құрала бастаған. Жасақ мүшелері үздіксіз жүргізілген соғыстардың нәтижесінде бірте-бірте байып, [тайпаның](#), [мемлекеттің](#) әскери-[ақсүйек](#) топтарына, ірі жер иелеріне айналды. Оқпен атылатын [қарулар](#) пайда болып, тұрақты [әскер](#) ([рекрут](#), ұлан т.б.) жасақтала бастағаннан кейін бірте-бірте жойылып кетті. Мысалы, Қара бурамен атысып жатып, бүйірден келген *жасақты* аңғармай қалған Жоламан енді тез қимылдады [5,43].

Атқосшы. **Атқосшы** - дәулетті адамның жанына алған [ат](#) күтушісі, жәрдемшісі. Ол құрметті адам жолға шыққанда қасына еріп қызметінде болады. Аялдаған жерінде атты күтеді. Мысал, «Ерттеп даярлап тұрады, мәртебелі кісінің өзге де тапсырмаларын орындайды [4]».

Қорыта келе, ұлттық рухымыз жаңғырып, салт-дәстүрлеріміз қайта жанданып жатқан қазіргі қазақ қоғамындағы рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, негізін түсіну үшін ұлттық тілдің дамуының ішкі формасынан туындайтын жалпы заңдылықтарды жеке адам, ерекше тұлғалардың рухымен және олардың жалпы ұлттық санаға әсерімен байланысты түсіне білудің маңызы зор деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. Тілтаным, №4. -2001. 39-44 бб.
2. Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.-Алматы: Сөздік-словарь, 2006. -258 б.
3. А.Амангеліқызы.І.Есенберлиннің «Көшпенділер романындағы жылқы атауларының этнолингвистикалық мәні. Ф.ғ.к. ғыл. дәр. алу үшін дай. дисс. авторефераты. - Алматы, 2008.
4. kk.wikipedia.org
5. І.Есенберлин. Қаһар. -А.:Атамұра, 2003.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. -А.,:Дайк-Пресс, 2008.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда музыкалық ойлауды қалыптастырудың теориялық негіздеріне талдау

ӨОЖ 373.2.01

Иргалиев А.С., Тулегенов К.А.

Білім беру саласында креативті шығармашылық арқылы балалардың музыкалық ойлау негіздерін дамыту қазіргі музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесіндегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандартында білім беру бағдарламаларының мазмұны шығармашылық тұлғаның дамуын, әртүрлі қызмет түрлеріндегі балалардың уәждемесі мен қабілеттерін қамтамасыз етуі тиіс делінген. Әртүрлі білім беру қызметінде өнер түрлері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, музыканы, фольклорды, көркем әдебиетті қабылдау, балалардың дербес шығармашылық қызметін (музыкалық, бейнелеу, конструктивтік-модельдік және т.б.) іске асыру жүргізіледі, бұл балалардың музыкалық ойлау негізі болып табылады.

Білім беру жүйесінің міндеті-баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау және тұлғаның шығармашылық қалыптасуы үшін барлық мүмкін болатын қосымша нысандардың жұмысын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының балалар музыка мектептерінің, балалар көркем өнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің «Үлгілік оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларының» негізгі міндеттері: 1) ұлттық және жалпы адамдық құндылықтар негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған сапалы

қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; 2) білім алушыларды музыка, көркемөнер, хореография, театр және басқа өнер түрлерінің негіздеріне оқыту; 3) білім алушылардың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, қабілеттерін іске асыруға және ерте бейіндік бағдарлануына ықпал жасау, өнер саласындағы шығармашыл дарынды білім алушыларды анықтау; 4) көркемдік-эстетикалық талғамды қалыптастыру мен тәрбиелеу, әлемдік көркем мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерге қатыстыру; 5) өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген отансүйгіштік, азаматтық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу [1].

Білім беру салаларының нақты мазмұны баланың жас ерекшеліктеріне және жеке қабілеттеріне сәйкес құрылады, тек қана қарым-қатынаста, танымдық-зерттеу қызметінде іске асырылуы мүмкін. Балаларды әлеуметтендіру, өнерге, әлем мәдениетіне құндылық-мағыналық көзқарасты, шығармашылыққа, қарым-қатынасқа, қызығушылыққа, қоршаған әлемді тануға, өзара іс-қимыл жасау, игеру, қол жеткізу қабілетін дамытуға қажеттілікті тәрбиелеу ең маңыздысы болып табылады. Ойын бастауыш сынып оқушылары үшін өзекті болып қала береді. Оны кіші мектеп жасындағы балалардың қызметін ұйымдастырудың негізгі нысаны деп есептейді, тәрбиелеу мен оқытудың негізгі әдістерінің бірі ретінде қарастырады. Ойынның рөлі баланың қиялын, жадын, ойлауын, қабылдауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуда зор.

Педагогика мен психологияда ойынға эстетикалық шығармашылық қызмет ретінде көптеген теориялар мен көзқарастар бар, оны зерттеумен шетелдік ғалымдар Дж.Дьюи, В. Штерн және т.б. және көрнекті психологтар мен педагогтар К.Д. Ушинский, Л.С. Выготский, А.В. Кенеман, А.Н. Леонтьев, Н.А. Ветлугин, О.П. Радынов және т.б. айналысқан. Д.Б. Эльконин ойын адамды өмірдің түрлі жақтарын бейнелі түрде түсіндіре отырып, басынан кешіретін өнерге ұқсас дейді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиетте адамның креативті-шығармашылық қызметін зерттеу проблемасы шығармашылық табиғатын, шығармашылық қабілеттер құрылымының сипаттамаларын, шығармашылық тұлғаның дамуына әсер ететін факторларды түсіндіруде әртүрлі тұжырымдамалық ережелермен ерекшеленетін көптеген түсіндірмелерге ие. Әйгілі психологтар Л.С. Выготский, Д.Б. Богоявленская, В.Н. Дружинин, Я.А. Пономаревтің еңбектерінде шығармашылық процесс, жеке тұлға сипаты, адамның қабілеті ретінде зерттеледі, қызметтің түпнұсқа өнімі ретінде түсіндіріледі.

Креативтілік және шығармашылық психологиясы мәселелері бойынша іргелі зерттеулер шеңберінде С.Л. Рубинштейн, Е.А. Пономарев, О.К. Тихомиров, А.В. Брушлинскийдің арнайы және жалпы қабілеттерін зерттеудегі, Б.М. Теплов, К.В. Тарасова, А.В. Запорожец, М.И. Лисина, Д.Б. Эльконин сияқты ғалымдардың балаларының шығармашылық дамуының психологиялық принциптерінің маңызы зор.

Оқушылардың музыкалық-ойын шығармашылығын дамытуға Н.А. Ветлугина, А.В. Кенеман, О.П. Радынованың зерттеулері елеулі үлес қосты Н. Комиссаров, И.В. Груздов және т.б. Олардың көпшілігі балаларды музыкалық тәрбиелеу бойынша өз бағдарламаларын әзірледі (Н.А. Ветлугина, О.П. Радынова, А.И. Катинене, В.Н. Шацкая және т.б.). Б.В. Асафьев, Б.М. Теплов, В.Н. Шацкий, А.В. Кенеман еңбектері шығармашылық және ойын құралдарымен музыкалық тәрбиеге негіз болды. Музыкалық тәрбиенің, сондай-ақ балалардың музыкалық-ойын шығармашылығын дамытудың аса маңызды проблемалары Н.А. Ветлугинаның ғылыми мектебінде әзірленді. Оның зерттеулері негізінде білім беру мекемелерінде балалардың музыкалық-ойын қызметіне басшылық ету әдістері жетілдірілді, оқушыларды музыкалық тәрбиелеу бағдарламалары түзетілді.

Қазақстанда Республикасында балаларды музыкалық тәрбиелеудегі жаңа кезең М.Х. Балтабаевтың жетекшілігімен авторлық ұжым құрған «Елім-ай» бағдарламасы болды. Бұл бағдарламаның мақсаты - рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру. Бағдарламаның тақырыптық құрылысы оқушылардың музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. «Сары-Арқа», «Тұлпар», «Аққу», «Елім-ай», «өтпелі» тақырыптар бастауыш мектептің барлық төрт сыныбы бағдарламасының барлық мазмұны арқылы өтеді. Авторлар өскелең ұрпаққа қазақ халқының

өміріндегі ән, аспаптық, би, халық-ауызша, сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің бірлігінің мәнін көрсетуге ұмтылды.

Біздің республикамызда кең қолданылатын келесі бағдарлама А. Райымбергеновтың басшылығымен авторлық ұжым әзірлеген «Мұрагер» бағдарламасы болып табылады. Оның мақсаты - өз Отанын сүйетін, ұлттық байлықтың мұрагері бола алатын, өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, өнері мен тілін үйреніп, меңгере алатын Қазақстан Республикасының лайықты азаматтарын тәрбиелеу. Авторлар өз міндеттерін балаларды домбырада ойнауға үйрету арқылы жүзеге асырады. Олар ауызша халықтық оқыту дәстүрін қолдана отырып, оларды ең танымал ұлттық аспапта ойнауға үйретеді.

Осы жылдары балама ретінде авторлық ұжым (Ш. Құлманова, М. Оразалиева, Б. Сүлейменова) әзірлеген бастауыш сыныптарға арналған қазіргі қолданыстағы музыка бойынша типтік бағдарлама ұсынылды. Бағдарламаның мақсаты - қазақ халқының өмірін, тарихын, салт-дәстүрін және әдет-ғұрпын бейнелейтін, классикалық музыканы құрметтейтін, өз елінің патриоты, оқушының дамыған тұлғасын халық музыкасының құралдарымен тәрбиелеу. Бағдарламаның мазмұны «Ән-көй - халық қазынасы» деген бірыңғай тақырыпқа бағынады.

Жалпы орта білім беретін қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарына арналған музыка пәнінің жаңа бағдарламасын құрастырушылар Б. Ғизатов, Р.Р. Жәрдемәлиева, Ғ.Ж. Қарамолдаева, Д.Б. Кабалевский бағдарламасының негізгі принциптері мен әдістерін басшылыққа ала отырып қазақ тіліндегі бағдарламаның мазмұнын қазақ мектептерінің өзіндік ерекшеліктеріне сай творчестволық тұрғыдан толықтыра жасады.

Қазақ тіліндегі бағдарламаның тақырыптық құрылымы ұлттық музыка материалдарының сан алуан түрін - фольклорлық және халықтық шығармалар мен қазақ ұлттық музыкасын пайдалануды қажет етті. Бағдарламада белгілі халық композиторлары: Жаяу Мұса, Естай, Иса Байзақов, Дәулеткерей, Құрманғазы, Тәттімбет, Ықылас, Дина; қазақ ұлттық композиторлары: А. Жұбанов, М. Төлебаев, Л. Хамиди, Қ. Қожамьяров, Ғ. Жұбанова, Е. Рахмадиев, С. Мұхамеджанов, Б. Ғизатов, Ө. Байділдаев, А. Еспаев, К. Қуатбаев, т.б. ән-күйлері кеңінен орын алды [2].

Әр түрлі мемлекеттерде музыкалық білімнің пайдалану өрісі, өсуі, дамуы, тарихы, әдісі, әдіснамасы өзара байланыста қаралады. Оның ішінде Қазақстан Республикасының музыкалық білім беру дамуына ғалымдар тарапынан зерттеген: М. Жұмабаев, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Б. Ғизатов, С.А. Ұзақпаева, Ө. Байділдаев, П.М. Момынов, Р.Р. Жәрдемәлиева, А. Райымбергенов, М.Х. Балтабаев, Ш. Құлманова т.б. [3].

Қазақ халық әндерінің жанрлары да көп. Оларды жүйеге келтірілген жіктемелер де баршылық (А.В. Затаевич, Б.Г. Ерзакович, Т. Бекқожина, З. Қоспаков, т.б.). Жіктемелерін бәрін өнертану саласында толық қолдауға болады. Қазақ әндерінің ерекшеліктері әдебиет саласында А. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, Б. Уақатов және басқа зерттеушілердің еңбектерінде талданды. Педагогикалық зерттеудерде қазақ әндерінің ерекшеліктері жөнінде арнайы еңбектер болғанымен, осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлер мен пайымдауларды С.А. Ұзақбаеваның, А. Нұғымованың, М.Х. Балтабаевтың, Ж. Өтемісовтың ізденістерінен байқауға болады [4].

Қазақстандағы кәсіби музыкатануы мен музыкалық білім беруінің даму мәселелері А.Қ. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, Б.Ғ. Ғизатова, М.М. Ахметова, Б.Р. Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, Г.Л. Арикайнен, И.Ж. Жақанов, А. Мұхамбетова, С. Елеманова т.б. еңбектерінде зерттелген. Еліміздегі оқушылардың музыкалық тәрбие мен білім беруінің қалыптасуы мен дамуына П.М. Момынов, С.А. Ұзақбаева, Г.М. Аубакирова, А.А. Сметова, А. Мұқашева зерттеулері арналған [5].

Қазақ халқының сан ғасырлық бай музыкалық мұрасын, музыкалық мәдениетін зерттеу ісі кеңестік дәуірде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С. Камалов, Р. Бердібаев, т.б. ғалымдар елеулі үлес қосса; қазақ музыка мәдениетін арнайы жинап зерттеген ғалымдар: А.В. Затаевич, А.Э. Бимбоэс, Б.Г. Ерзакович, т.б.; музыканың тарихын Қ. Жұбанов, А. Жұбанов, Б. Құндақбаев, А. Сейдімбек, У. Бекенов, П. Момынов, М.Х. Балтабаев, С.А. Ұзақбаева, А.А. Қалыбекова, Р.Р. Жәрдемәлиева, Ш.Б. Құлманова, М. Х. Мұхтаров, т.б.

болды. Олар еңбектерінде қазақтың халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін оқушылар мен студенттерге музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтады [6].

Қазақ музыкасы жайындағы мәліметтер бірқатар Ресей ғалымдарының (А.А. Левшин, А.Е. Алекторов, М.В. Готовицкий, Р.А. Пфенинг, С.Г. Рыбаков, А.И. Ивановский) еңбектерінен де көрініс тапты. Қазақстандағы педагогикалық және психологиялық ойлардың даму тарихына 1950-1970 ж.ж. өз үлестерін қосқан ғалымдар: Т. Тәжібаев, Қ.Б. Бержанов, Ә.І. Сембаев, Т. Ақшолақов, Т.М. Храпченко, Қ.Қ.Құнантаева, т.б. болса, ал, XX ғ. 70-90 ж.ж. Қ.Б. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, Қ.Б. Сейталиев, Э. Шыныбекова, И.Р. Халитова, Г.И. Төретаевалар, ХХІ ғасырдың басында А.Т.Мірәлиева, З.Ш. Шакеримова, А.Б. Мукашева, Ж.С. Сейітнұр және т.б. болды [7].

Музыкалық білім беру мен тәрбиеде теориялық және методикалық мәселелерін зерделеп әзірлеумен В.Н. Шацкая, Н.Н. Добровольская, К.С. Грищенко, Т.Л. Беркман, Б.В. Асафьев, О.А. Апраксина, А.К. Белобородова, Д.Б. Кабалевский, И.П. Понамарьков, К.П. Португалов, Е.Я. Гембицкая, Л.Г. Дмитриева, П.В. Халабузарь, А.Н. Сохор, Л.А. Боренбойм және т.б педагогтар мен музыкатанушылар айналысқан. Қазақстанның кәсіби білім беру мен өнертану мәселелері А.К. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, Б.Г. Ғизатов, М.М. Ахметова, Б.Р. Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, Г.Л. Арикайнен, И.Н. Жақанов, А. Мұхамбетова, С. Еламанова еңбектерінде зерттелген [8].

Қазақтың дәстүрлі көркем мәдениеті арқылы жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің жолдары бірқатар ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелді. Мәселен: қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Т. Қышқашбаев, Б. Жүсіпов, ал, бастауыш сынып оқушыларының қазақ халық аспаптық музыкасына қызығушылығын қалыптастыруды М. Оразалиева, оқушы жастарға эпостық батырлар жыры арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Б. Сүлейменова, айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруді Ұ. Асанова, өнер сабақтастығы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі М. Нағымова, т.б. еңбектерінен көрініс тапты.

Қазақстандағы музыкалық білім беру мен өнертану мәселелері Б.Г. Ғизатов, М.М. Ахметова, Б.Р. Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, М.Х. Балтабаев, А. Райымбергенов, Г.Л. Арикайнен, І.Ж. Жақанов, С.А. Еламанова, т.б. еңбектерінде терең талдауға алынды [9].

Жоғарыда айтылған барлық зерттеулер Қазақстандағы музыкалық білім беруінің дамуы мен қалыптасу мәселелерін зерттеуіне үлкен үлес қосқан. Бірақ, әдебиет көздері мен ғылыми еңбектердегі талдау бүгінгі күнде Қазақстанда музыкалық білім беруінің дамуы мен қалыптасуының көптеген мәселелері жеткілікті зерттелмегенін көрсетеді. Әсіресе соның ішінде мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық ойлау негіздерін шығармашылық- ойын қызметі арқылы қалыптастыру мәселесі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық-ойын шығармашылығы арқылы музыкалық ойлау қабілетін дамыту қазіргі заманғы педагогикадағы ең маңызды және өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Бұл барлық тәрбие процесін ұйымдастыру деңгейінде оны жан-жақты, егжей-тегжейлі зерделеу, негізгі тұжырымдамалар мен ережелерді кеңінен түсіну қажеттілігін көздейді. Бұл зерттеуде музыкалық-ойын қызметі арқылы мектепке дейінгі балалардың музыкалық ойлау негіздері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін негізгі педагогикалық шарттар мен бағыттар ашылады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, мектепке дейінгі балалық шақ балалардың ойын шығармашылық қызметі арқылы музыкалық ойлау негіздерін дамыту үшін ең қолайлы кезең болып табылады, өйткені осы жаста олардың қоршаған әлемді тануға деген үлкен ықыласы байқалады.

Музыкалық ойлау - аудиалды ойлаудың жоғары түрі. Өз кезегінде аудиалды ойлау синтетикалық ойлаудың бір түрі болып табылады, онда диалектикалық бірлікте сезімталдық пен ұтымдылық синтезі берілген. Кез келген ойлау процесі бастапқыда психологта «алғашқы сигнал жүйесі» деп аталатын көрнекі-сезімдік тетіктерге негізделген. Алайда, бұл процестер дәстүрлі түрде өзінің ойлау белсенділігін алдын ала көрсетуші ретінде сараланады. Мысалы,

«екінші сигналдық жүйе» қажетті түрде бірінші болып іргетастандырылған, ал «бірінші сигналдық жүйе» дербес тұрмыстық мәртебеге ие. Синтетикалық ойлауда сезімталдық ұтымды құрылымға тікелей кірігіп, ұтымды процестерді өзгертіп қана қоймай, ұтымды компоненттің әсерінен белгілі бір трансформацияға ұшырап, неғұрлым маңызды рөл атқарады. В.И. Жуковский мен Д.В. Пивоваровтың анықтауы бойынша, осындай сезімталдықтың ұтымды құрылымдарына біріктірілген «қайталама сезімталдық» деп аталады [10].

«Қайталама сезімталдық», «синтетикалық ойлау», «көзбен шолып ойлау» ұғымдарының негізінде көркем бейненің тиісті теориясы әзірленді, бірақ тек бейнелеу өнерін талдау негізінде [11]. Дегенмен, бұл көркем бейнелеу теориясы синтетикалық ойлау теориясын одан әрі дамыту және музыка өнері педагогикасын дамыту үшін әдіснамалық негіз бола алады.

Сөзсіз ойлау шындығының проблемасы жақында ғана отандық философтардың жіті назарына ие болды. Д.И. Дубровскийдің жұмысын атап өту қажет. Психофизиологиялық бақылауларды қорыта отырып, ол «тірі ойдың» вербализацияланбаған қабаттарының шынайылығы туралы қорытындыға келеді. Бұл ретте «тірі ой» деп Д.И. Дубровский осы уақыт аралығындағы (мәтінде жазылған ойдан айырмашылығы) нақты адамның өзекті ойынан тұрады. Ол үшін «тірі ой» ойлаудан басқа нәрсе емес. «Тіпті сөздегі тұтқын тірі ой әлі де жалғасуда, пульсациялайды, тармақталады да, қайтадан сөз формаларын алып, өзінің басым бөлігінді қалдырып, одан әрі жылжу үшін» [12, б. 69].

Д.И.Дубровскийке сәйкес қозғалыстағы ой сана-сезімінің синхронды кесіндісі ағымдағы субъективті шындықтың екі деңгейін ашады: әлі вербализацияланбаған және вербализацияланған. Бұл деңгейлер динамикасы мынада жасалған динамикалық құрылымды құрайды: вербализацияланбағанның барлық жаңа қабаттарын ашып, «олардың қажеттілік деңгейіне және барабар вербализация мүмкіндігіне дейін қалқып шығуына ықпал ете отырып», вербализацияланбағаны вербалданады [12, б. 68]. Бұл түсініксіз ой бар және танымдық процестердің міндетті құрамдас бөлігін құрайды дегенді білдіреді. Д.И. Дубровскийдің пікірінше, субъективті шындықтың әлсіз реформаланған құрылымы бейнеленеді, оны есепке алу қызмет санасын талдау кезінде міндетті болады.

Психологиялық әдебиетте ұсынылған әлсіз вербализацияланған субъективті шындық қабатының анықтамалары арасында мыналар барабар болып табылады: аудиалды ойлау - өнімі жаңа бейнелердің пайда болуы, белгілі бір мағыналық жүктемені көтеретін және мәнді естуге болатын жаңа дыбыстық формалар жасау болып табылатын адам қызметі. Бұл бейнелер қабылдау объектісіне қатысты дербестігімен және еркіндігімен ерекшеленеді.

Музыкалық ойлау - дыбыстық сезімділік көзі ретінде музыкалық өнер туындысының болуын және музыкалық өнер туындысының көркемдік идеясын ұтымды табуды көздейтін аудиалды ойлаудың жоғары түрі. Композитордың музыкалық ойлауы сезімталдық пен ұтымдылық көзі ретінде музыкалық өнер туындысын жасайды, ал орындаушы мен тыңдаушының музыкалық ойлауы композитор жасаған және музыкалық мәтін түрінде бар музыкалық шығарманың қатысуымен өрбиді.

Музыкалық ойлау өз функцияларын іске асыру ретінде әрекет етеді. Музыкалық ойлауға қатысты функция - бұл оның мәдениеттің болмысындағы қызметі, сондай-ақ музыкалық ойлаудың өзі музыкалық өнерге қатысты мәдени құндылықтарды жасау және тарату функциясы болып табылады. Музыкалық ойлау функциялары оны жасау, мәдениет ішінде орындау деп түсініледі. Функцияларды мұндай түсіндіру осы сөздің этимологиясымен байланыстылатын тілінен аударғанда function - жасаймын, орындаймын. Ғылыми

әдебиеттерде функциялар көбінесе 1) қызмет түрі ретінде түсіндіріледі; 2) тараптардың бірінің өзгеруі екінші тараптың өзгеруіне әкелетін байланыс түрі, бұл ретте екінші тарап бірінші тараптың функциясы деп аталады.

Музыкалық ойлау функциялары музыкалық өнердің функцияларынан ерекшеленетінін атап өту қажет, өйткені музыкалық ойлау - тікелей процесс, оны тіркеуге тек философияның, психологияның және басқа да гуманитарлық ғылымдардың абстрактілі тілінде ғана болады, ал музыкалық өнер - бұл нақты нысандары бар музыкалық өнер туындыларының жүйесі.

Музыкалық ойлау - бұл ойлаудың сезімдік және ұтымды аспектілері арасындағы диалектикалық қарама-қайшылықты шешудегі делдалдық буын, ол заттардың елеулі байланыстары мен қарым-қатынастарын ұтымды көрсетудің бір түрі. Сонымен қатар музыкалық ойлау музыкалық өнер туындысында тығыздалған ерекше сезімдік дыбыстық формада көрініс табады. Ол осы маңызды байланыстардың музыкалық тұрғыдан дыбысталуына мүмкіндік береді.

Музыкалық ойлау - бұл сөздің кең мағынасындағы мәдениеттің логикалық, ұтымсыз негіздерін танудың неғұрлым барабар тәсілі. Музыкалық ойлау, негізінен, музыкалық ойлау түрінде берілмейтін шындықтың заңдылықтарын анықтайды және осылайша, тыңдаушыны заттардың, оқиғалардың, процестердің жасырын, анықталмаған мәніне апарады, осы мәнді естілетіндей етеді, оны көрсетеді.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық дамуында мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының мазмұнында музыкалық-көркемдік қызмет бөлінеді, ол музыкалық белсенділіктің әртүрлі түрлерін қамтиды, оның өз мақсаттары, ішкі және сыртқы іс-қимылдары және қызмет нәтижесі бар. Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық-көркемдік қызметінің әртүрлі түрлерінің ішінде баланың музыкалық дамуындағы жетекші қызмет түрі - балалардың орындаушылығы мен музыкалық шығармашылығын сезінетін музыканы қабылдау болып табылады. Орындауда ән айту, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар және музыкалық аспаптарда ойнау ерекшеленеді.

Музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесінде ұқсас [13] ән шығармашылығының, музыкалық-ырғақтық шығармашылықтың, балалар аспаптарында музыкалаудың формаларына ие болатын шығармашылық қызмет те сараланады. Балалардың музыкалық қызметі музыкалық-білім беру қызметінен тұрады, ол музыканы қабылдау сияқты музыкалық қызметтің барлық басқа түрлерінде көрініс табады. Белгілі бір іс-әрекеттерді игеру негізінде баланың кез келген қызметінде психикалық дамиды, яғни оның ойлау қабілеті, қиялы, қабылдау, есте сақтау және т.б. дамиды. Бұл тұрғыда мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең маңыздысы ойын және музыкалық-ойын қызметі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы №543 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 48 бұйрығы.
2. Жәрдемәлиева Р.Р. Жаңа программа жайында. // Бастауыш мектеп. -Алматы, 1984. - 37-39 бб.
3. Байұлов Ғ.Б. Қазақстандағы музыкалық-мәдени мұраның ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылуы. - Алматы, 2012. - 120 б.
4. Ахметова М. Ән өнері және уақыт. - Алматы: Өнер, 1993. - 6.5-17
5. Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал / Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. - Павлодар, 2007. - 59 б.
6. Мукашева А.Б. Развитие музыкального образования учащихся в Казахстане (1980-1996 гг.): дис. канд. пед. наук. - Алматы, 2002. - 177 с.
7. Мендіаяхова Қ.М. Қазақ халқының музыка өнерінің теориялық негіздерінің бастаулары / Музыкалық білім беру теориясы, 2009. - 73-75 бб.
8. Жұбанов А.Қ. Жас буынға эстетикалық тәрбие берейік. - Алматы: Ғылым, 2009. - 433 б.
9. Дүкенбай Н.С., Әміренов Ә.Д. Музыкалық білім беру теориясы: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының студенттерінің оқулығы. - Павлодар: ПМУ баспасы, 2009. - 138 бет.
10. Жуковский В.И., Пивоваров Д.В. Зримая сущность (визуальное мышление в изобразительном искусстве). - Свердловск: Уральский университет, 2001. - 284 с.
11. Копцева Н.П., Жуковский В.И. Художественный образ как результат игровых отношений между произведением изобразительного искусства как объектом и его зрителем // Журнал

- Сибирского федерального университета. Серия «Гуманитарные науки» - 2008 - Т.1 - № 2. - С. 226-244.
12. Дубровский Д.И. Проблема идеального. - М.: Мысль, 2003. - 230 с.
13. Методика музыкального воспитания в детском саду / Под ред. Н.А. Ветлугиной. - М.: Просвещение, 2009.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

ӘОЖ 821.512.1

Кинжекова Р.С.

Өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсыновтың ұлы мүдделерінің жаршысындай болып «Қазақ» газеті өмірге келді. Газет «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген ел берген атағына лайықты 1913-1918 жылдар аралығында бес жыл бойы халқына адал қызмет атқарды. Сол кезде енді таныла бастаған дарында жас М. Әуезов сол тұстағы империялық пиғылдарға қарамастан «Қазақ» газетінің қызметіне жоғары баға беріп, ағартушының бұл газетке бар махаббатын, күш-жігерін жұмсап, оның алдына қойған мақсат-мүддесі арман-тілегі, ел- жұртына арнау-айтары да газет беттерінен орны тапқанын атап өтеді. А.Байтұрсынұлы қазақ баспасөзінің қалыптасуына, оның ішінде «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы, әрі бас редакторы ретінде ұлт тарихында терең із қалдырды.

Ол атқарған іс-әрекеттерімен де, қалам белсенділігімен де, жалпы ұлттың сол тұстағы ең ауқымды, ең маңызды мәселелерін көтере білуімен де өз тұрғыластарының арасынан дара танылды. Білім беру жүйесіндегі кемшіліктерді көзімен көріп, бұл саладағы қажеттіліктер туралы ой түйеді. Ахмет әсіресе, сол кезде туған тілінің жағдайын жақсы түсінді, оны ғылыми түрде жүйелеп, бір ізге салмайынша білім мен ғылым салаларының кенжелеп қала беретініне көзі жетті. Тез арада оқу құралдарын жазуды қолға алу керек екендігін ұқты.

«Қазақ» газетінің аса бір ыждағаттықпен жазып, көп көңіл аударған мәселесі - оқу- ағарту істері. «Қазақ» газеті жарыққа шыққан тұста Қазақстанда 157 орыс-қазақ школасы және ауыл мектептері бар болатын.

А. Байтұрсынұлының «Оқу жайы» атты мақаласында келтірген мына мәліметте «Торғай облысында 1912 жылы ғынуарға шейін 570 мың, 109 қазақ тұрған. Қазақ баласы оқитын 132 школ болған. Бұлай болғанда 3 мың 561 кісіге бір школдан ғана келеді екен.» (Қазақ 1913, №11) Мектептердің аздығы, олардың оқу сапасының төмендігі, оқулықтардың жоқтың қасы екендігі газет беттерінде көрініс тауып отырды.

Газет бетінде оның «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Орысша оқулар», «Оқыту жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. мақалалары жарияланды. Бұл мақалаларында қазақ мектептерінің жағдайын жақсарту және оған шәкірттерді көптеп тарту, сөйтіп, ұлттық тілді мектептерді негізгі білім көзіне айналдыру мен қазақ тілінің мүмкіндігінше кең қолданысқа түсуіне жағдай жасауды көздеді.

Оның «Қазақша оқыту жайынан» атты мақаласы қазақ мектептеріндегі оқытуды жетілдіру мәселелеріне арналды. Мақалада оқу жүйесінің әдістерін терең меңгере қоймаған мұғалімдер кемшілігіне тоқталады. «Бұлардың кемшілігі сол, бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады... қазақ мұғалімдері түгілі ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағынан шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей жақсылап оқытуға болмайды... Көбі қазақ тіліндегі дыбысты харпіне қарап есептейді. Араб харпы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде бар болса жоққа санайды...» [1.152]

Екінші кемшілігі-қазақ мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ал дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екендігін я білмегендік, білсе де істеп көрмегендік.» («Қазақ», 1913, №14) Одан әрі оқытудың әдістерін

жан-жақты талдап, сауат ашу әдістерінің ішінде тұңғыш *дыбысты әдісті* оқу процесіне енгізді. Дыбысты әдісті үйреткендегі істелетін істің негізі бес түрлі дейді:

1) Балалармен әңгімелесу; 2) Оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар; 3) Сөзден дыбыстарды айырып шығару; 4) Әріптермен таныстыру; 5) Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу.

Әлемдік әдістемеде кең қолдау тапқан жалқылау, жалпылау әдістерінің мәнін мұғалімдер қауымына түсіндіріп, қолданудың жолдарын көрсетті. Бұл әдістің қолданылуын бірнеше түрге бөледі: 1) Кітапта сүгіреттер болмақ. 2) Сүгіреттегі нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ. 3) Сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер болмақ. 4) Үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ. Әріптерді үйретуді мына әдістер арқылы жүргізуді ұсынады: 1. Әліп-би кітабының бірінші бетінде сүгіретті оқытушы тақтаға салады да, сол нәрсе жайында әңгіме қозғайды. Балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасында жұмбақтар, өлеңдер айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы - алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді, сөйлесуге тілін де, бойын да үйретеді. 2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді. Бұл көшіру балаларды сүгірет салуға үйрету емес, салғандары ұқсасын, ұқсамасын әркім әліпше салса болғаны. Мұның пайдасы - сүгірет салуға балалар әуес болғандықтан, сүгірет салғандарына мәз болып өздері рақаттанады, қарындаш ұстауға қолдары үйренеді. 3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіру. Оқытушы сөзді тұтас күйінде тақтаға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді. [2]

Бұл әдістер - дыбыстың қолданылуын, сөзді сөйлеу тіліне енгізуде қазіргі кезге дейін қолданылып келе жатырған әдістер. Әсіресе, сурет салу арқылы заттың атын тану, жазылуын меңгеру талай ұрпақтың сауатын ашуда жақсы нәтижеге қол жеткізгені белгілі жайт.

Газетте оқу-ағартуға байланысты жарияланған көлемді мақалалары, ең алдымен, ғылыми-әдістемелік сипатымен қызықтырады. Ахметтің ғалымдық мүмкіндіктерін танытатын ғұмырын арнаған ағартушылық жолы үш тағанды бірліктен тұрады. Біріншісі-ұстаздық-педагогтық қызметі, екіншісі-ұлттық мектептің өркендеуін көздеуші көсемсөзші, үшіншісі-«мектеп керектері»-оқулықтар жазушы әдістемеші ғалым ретіндегі қызметі. Біз оны ұлттық мектептердің жолға қойылуын табанды түрде жақтаушы, қазақ балаларының ана тілінде білім алуына үндеуші әрі оқу-ағарту мәселелерін терең білетін ғұлама ретінде танымыз. [1.159]

Ахмет газет беттерінде ұлт мектебін құру, халыққа білім беру, қазақ балаларын ана тілінде оқыту жөнінде көптеген көкейтесті мақалаларын жариялады. 1913ж. бір мақаласында: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады. Сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік. Надандық - халықтың білім-ғылымнан қалыс қалғандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, мектептерде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ»- дейді. Ахметтің бір ғасыр бұрын айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатырған мәселелермен үндес келіп жатуы таңқаларлық. Оның надандық деп отырғаны - халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға себеп-қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын дайындайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?»-деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Халықты ағарту мектептен басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды талап етуі бүгінгі күні де ұстанатын басты принципміз болса болашақ ұрпақты тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге қол жеткізеріміз сөзсіз еді. «Бастауыш мектептер оқуы бес жылдық боларға керек. әуелі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы тиіс»-деген пікір айтқан. Бүгінгі күні үш тұғырлы тіл саясатын енгізіп, өз тілінде жазу-сызуды толық меңгермеген балаларымызға орыс, ағылшын тілдерін оқыту қаншалықты орынды болар екен? Ол сол кездегі қазақ - орыс мектептері жұмысына баға бере келе былай дейді: «Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек.»-деді. Қазақ тілін, қазақ әдебиетін

оқыту-үйрету жолдарын көптеген кітабына арқау еткен Ақаң қазақша оқудың, ана тілімен ауызданудың пәрменді насихатшысы болды.[1.166]

Ағартушын мектеп ісінің өркендеуі үшін не қажет, бұл ретте қандай мәселелерге басымдық берілуі керек деген мәселе үнемі мазалайды. Бұл турасында «Мектеп керектері» деген мақаласында үш жайды атап өтеді: мұғалім, оқу құралдары, оқу бағдарламасы

А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екіншісі - оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы, һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болады. Үшіншісі - мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі боларға керек... Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады. » -деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш айқындап берді. Қазіргі жаңартылған білім беру жағдайындағы бастауыш мектептің жағдайы, балалардың жас ерекшелігін ескермей құрылған оқу құралдарындағы тапсырмалар, жеңілден-ауырға қарай принципінің сақталмауы ғасыр басындағы ғұламаның пікірлерін ескермегендік деп есептейміз.

Оқыту үрдісін дұрыс жүргізуде әдістерді таңдай білудің мәнін тұңғыш бағамдап, бұл турасында: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі - бір ғана әдіс болу; шеберліктің белгісі - түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу. 1. «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабас нәрсе есебінде қолдану керек.» 2. «Әр әдіс өз орнында жақсы» 3. «Әдіс - керекшіліктен шығатын нәрсе Әдістің жақсы - жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен сауаттану әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттану ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды»-деген пікірлер айтқан. Бүгінгідей әдістердің жаңа технологиялармен ұштастыру ісінде де ғалым-әдіскердің ойлары дәл қазіргі талапқа да сай келетіндей.

Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмағанда бастауыш білім алуын аңсады. Мұғалімдерді педучилищелер ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқ екенін ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. 1912-1915 жылдар аралығында отыз шақты мақала жазған: «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Оқыту жайынан» т.б. [3]

Ағарту ісінің көшбасшысы А.Байтұрсынұлының «Қазақта» жарияланған «Оқу мерзімі», «Бастауыш мектеп» мақалалары да ұлттық таза қазақ мектебін қалыптастыру жолындағы айқын бағыттылығымен, ғылыми тұжырымдамалар түйіндеген біліктілігімен, көкейге қонымды ойлылығымен ерекшеленеді. Әсіресе, «Бастауыш мектеп» атты мақаласы қазақ балаларының ана тілінде білім алып, оның бар қасиетін бойына сіңіріп өсуі жайындағы өзіндік ұстанымдары әлі өзектілігін жойған жоқ.

Ахмет мақаланы «Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек?» деген өткір сұрақтан бастап, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы мәз емес екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдарының жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін сынайды. Осылайша қазақ ұлттық мектебіне байланысты көптеген мәселелерді байланыстыра отырып, олардың шешілу жолдарын көрсетеді. Ол кезде қазақ балаларының білім аларлық екі түрлі бастауыш мектебі болған. Бірі- ауыл мектебі, екіншісі-орыс школасы. Ол ауыл мектебінің жайының төмендігіне қарамай қазаққа пайдалысы осы мектептер дейді. Бұл мектептердің халқына жақындығын, балалар білімді ана тілінде алу керектігін тілге тиек етеді. Ол бастауыш

мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, колөнер, жағрапия, жаратылыс оқытылу керек дейді. [4]

Мұнан әрі Ахмет ана тілінде алынған білімнің ел арасында өнер-білімді таратуда өнімді болып келетінін, сондықтан халықтың көзін ашуда ерекше қызмет атқаратынын түсіне білді. Ол- халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, жалпы мектеп ісін жолға қоюға күш салған, өмірін арнаған жан. [5]

Оқу - ағарту идеясы -Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген -оның туған халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. Ол қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу екендігін жақсы түсінді.[6.93]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіманов Ө. Ахметтану /Оқу құралы.-Қазақ университеті, 2015-152,166 б
2. Кәрімұлы Х.Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеге қосқан үлесі. //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №6, 2004ж.
3. Қыдыршаев А. Аханның әдістемелік мұрасы. -Ақиқат. Ұлттық-қоғамдық саяси журнал.№3 2022-226.
4. «Қазақ» газеті-«Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. Алматы,1998 5-бет
5. Байтұрсынұлы А. «Тіл - құрал» Шығармалары Алматы, 1989 ж.
6. Қыдыршаев А. Шеберліктің белгісі - түрлі әдісті болу. (А. Байтұрсынұлының оқу- ағарту, әдістеме мәселелері хақындағы ойларынан) //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №10,11, 12-93.

КАЗАХСТАН В 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА: РЕФОРМЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ИХ РЕЗУЛЬТАТЫ

УДК 37*94(574)

Абдрахманова Р.Л.

На современном этапе развития общества происходит переосмысление национальной истории. Отечественная историческая наука развивается динамично, публикуются большое количество научных исследований. Востребованными являются научные изыскания по проблемам развития Казахстана в советский период. Так как обращение к пройденным историческим этапам и их переосмысление актуальны всегда. Поэтому данные вопросы всегда находятся в центре внимания специалистов. « Пришла пора написать отечественную историю, учитывая новые научные подходы. Этот фундаментальный труд должен лечь в основу всех учебников. Это вопрос стратегической важности. Поэтому необходимо незамедлительно приступить к подготовке нового академического издания по истории Казахстана. От этого зависит возрождение нашего исторического сознания» - пишет в своей статье «Независимость превыше всего» Президент страны Касым-Жомарт Токаев [1,с.2].

В плане раскрытия страниц отечественной истории особое место занимают вопросы развития системы образования в советский период. В данной статье мы раскрываем исторические основы развития советского образования Казахстана в 80-е годы XX века.

В начале восьмидесятых годов XX века были начаты новые преобразования в системе образования. Так как в эти годы начали проявляться недостатки в школьном образовании. А принятые нормативные документы и постановления носили в основном декларативный характер. Основной акцент делался на вопросы развития идеологии, советской морали, патриотизма. Вопросам же финансирования, пополнения материальной базы учебных заведений уделялось недостаточное внимание. На первый план выдвигалась задача

вооружить обучающихся основами научного понимания развития мира в его движении от капитализма к социализму, к коммунизму. В результате в конце XX века, когда смена технологий стала ускоряться, содержание образования уже явно не соответствовало действительности. В экономике и обществе все яснее начали проступать «застойные явления». Вместе с тем, в эти годы происходила частая смена политических лидеров страны, а проводимые ими реформы, носили характер разовых кампаний. Низкая же заработная плата научной интеллигенции, учителей и преподавателей приводила к снижению престижности образования в обществе, у молодежи падал интерес к получению и повышению образования.

Вместе с тем, шло неравномерное развитие общей системы образования, сельская школа отстала от уровня городской школы, как по материально-техническому оборудованию, так и по образовательному уровню учителей. Так в 1983/84 учебном году даже в городских школах не 100% учителей предметников имели высшее образование, на селе эта цифра была намного меньше. Также шло отставание по проценту успеваемости. Уровень знаний сельских школьников в силу ряда причин был несколько ниже, чем в городских школах. В условиях нехватки рабочей силы на селе практически всю первую четверть учащиеся были заняты на сезонных сельскохозяйственных работах, и это была повсеместная практика. Одной из нерешенных проблем продолжала оставаться все расширяющаяся феминизация учительских кадров. Если в послевоенные годы она носила естественный характер, то в последующие годы это было связано с низкими зарплатами, моральным, а не материальным поощрением учителей. В условиях совместного обучения мальчиков и девочек этот фактор имеет определенное значение в воспитании учащихся. Таким образом, актуальным был вопрос привлечения на педагогические специальности юношей.

После принятия в 1977 году Постановления ЦК КПСС и Совета Министров СССР «О дальнейшем совершенствовании обучения, воспитания учащихся общеобразовательных школ и подготовки их к труду» ситуация начала изменяться, но они были незначительными. Достаточно привести такие данные: число юношей, поступивших на I курс пединститутов, возросло с 1971 по 1982 г. всего на 4 % (с 22% до 26%) . Причем увеличение произошло в основном за счет расширения планов приема на факультеты физического воспитания и трудового обучения. Феминизация учительского состава приводила к нежелательным последствиям в воспитании подрастающего поколения [2, с.122, 164].

Анализируя причину этой диспропорции в образовательной сфере, исследователи истории педагогики, вооруженные идеологией строителей коммунизма, находили её не в материальной сфере и падении престижа профессии учителя, а в недостаточной моральной ответственности и плохой профориентационной работе в школах. По их мнению, органы народного образования, школы и педагогические учебные заведения мало работали над привлечением выпускников школ - юношей - в пединституты. После перехода ко всеобщему среднему образованию в начале 70-х реформирование системы образования не закончилось. В 1981 году перед органами народного образования партийными руководителями страны была поставлена задача перехода обучения детей с 6-летнего возраста в подготовительных классах общеобразовательных школ. Предусматривалось также к 1986 году довести число учащихся в школах в группах с продленным днем до 13,5 -14 млн.человек, завершить обеспечение бесплатными учебниками всех учащихся общеобразовательных школ [3, с.343]. Бесплатные учебники выдавались на четыре года использования с их последующей частичной заменой. Вместе с тем, ставилась задача роста и строительства новых школ. В республике в к 1980 году насчитывалось 7660 общеобразовательных школ, из них средних 3 683, восьмилетних 2 169, начальных 1 808 школ [4, с.13]. Из этих данных видно, что преимущество отдавалось средним школам. Только в крупных школах можно было удовлетворять постоянно растущие требования к общеобразовательной школе, диктуемые научно-техническим прогрессом и реформами образования. Преимуществом крупных школ было то, что в них можно было объединить лучшие педагогические кадры и обеспечить высокий уровень оснащения учебнолабораторным оборудованием. Показательным итогом широкого строительства общеобразовательных школ, школ интернатов в городах и других населенных пунктах стало резкое увеличение числа крупных средних и восьмилетних школ и более рациональное их

размещение. Изменение структуры образования, как указали выше, требовало строительство новых школ, о вводе их в эксплуатацию, рапортовали на каждом партийном съезде. Именно в период начала проведения реформ наблюдалось наиболее активное школьное строительство. Строительство велось не только за счет государства, но и за счет колхозов [5, с.67]. Развитию же и строительству сельских школ способствовало специальное постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР «О мерах по дальнейшему улучшению условий работы сельской общеобразовательной школы» принятое в июле 1973 года. В постановлении предлагалось для полного удовлетворения потребностей сельского населения в школах и создания необходимых условий по осуществлению всеобщего иметь, как правило, в каждом совхозе и крупном колхозе среднюю общеобразовательную школу. Особенно важным оно было для нашей республики Казахстан, где очень большой удельный вес сельских школ. В соответствии с этим постановлением в республике были приняты необходимые меры для выполнения задачи. К 1979/1980 учебному году не имели средних школ на центральных усадьбах лишь 138 хозяйств, в то время как предыдущие три года назад таких хозяйств было 277 [4, с.13]. В мероприятиях Министерства просвещения Казахстана по выполнению решений XXV съезда КПСС, была поставлена цель: добиться, чтобы к 1980 году 98,1 % детей своевременно получали восьмилетнее образование и 91 % - среднее. Но из съезда в съезд повторялось как недостаток реформ - несвоевременный ввод школ и невыполнение партийных планов строительства. Одной из главных причин невыполнения планов капитального строительства заключается в том, что подрядные организации, выполняющие основной объем в строительстве объектов просвещения, своевременно не укомплектовывали стройки рабочей силой, строительными материалами и, следовательно, не обеспечивают ритмичную работу. Другими словами строительство школ не являлось для них приоритетной целью. В результате только за шесть лет к 1980 году республика недополучила 99 школ на 80 468 ученических мест [6, с.193]. Однако прогресс был так, в 1976 году в республике число лиц, получивших среднее образование, составило 82 % против 78% в 1975 году. А на начало 1976/1977 года в учебные заведения Казахстана, дающие среднее образование, поступили уже 97 % от общего числа окончивших 8-е классы. Вместе с тем, решался вопрос материального стимулирования как обучающихся, так и преподавателей. Для студентов - будущих учителей русского языка и литературы с 1 сентября 1983 года увеличили размеры стипендиального обеспечения. А в 1984 году на 15 % были увеличены ставки заработной платы учителей подготовительных и I-III классов, ведущих занятия по русскому языку, учителей русского языка и литературы IV-X (XI) классов общеобразовательных школ и школ интернатов, учителей русского языка и литературы всех типов и наименований профессиональных, средних специальных и средних учебных заведений с нерусским языком обучения, расположенных в сельской местности и поселках городского типа. Среди задач, поставленных апрельским 1984 года Пленумом ЦК КПСС, одной из сложных являлось проблема обучения детей с 6-летнего возраста. Подготовка к решению этой проблемы началась в 1981 году. С 1981 года был введен эксперимент по обучению детей с 6-летнего возраста в подготовительных классах общеобразовательных школ и педагогических группах дошкольных учреждений. Однако материальная база школ для перехода к обучению детей с 6-летнего возраста не была готова к этому. Планы строительства объектов просвещения десятой и одиннадцатой пятилеток не были полностью выполненными. Так, за десятую пятилетку и три года одиннадцатой из 763 720 ученических мест, предусмотренных планом, фактически было введено 643 093 места, из 905, 9 млн. рублей освоено 720 млн. рублей [5, с.193]. Тем не менее, в первой половине 80-х годов произошло расширение сети средних общеобразовательных школ в республике, что обеспечило переход к всеобщему обязательному среднему образованию.

Таким образом, преобразования в системе просвещения в 80-е годы XX века, также как и всей культуры, было подчинено базисным основам строительства социалистического общества. Следовательно, непосредственные задачи строительства и создание единой системы школьного, высшего и других проблем образовательной сферы раскрывались как содержание некапиталистического развития в области культуры. И только со второй половины 1980-х

годов начинается новый этап, связанный с кардинальными переменами в общественнополитической и духовной жизни Казахстана, в том числе и в образовательной системе.

Список литературы:

1. Касым-Жомарт Токаев. Независимость превыше всего.//Приуралье. 8 января 2021.- С.1-3
2. Мукаева О.Д. Характер и перспективы развития интернатных и полуинтернатных учреждений в Казахстане. - Алма-Ата: Мектеп, 1979. - 191с.
3. Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана : Учебное пособие / Под общей редакцией профессора Храпченкова Г.М. - Алматы: Университет Кайнар, 1998 [электронный ресурс]. -Режим доступа: <http://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow/456998/105/446/1780/0/2015/2>
4. История педагогики /Под редакцией Шабаевой М.Ф. - Москва: Просвещение, 1981. - 367с.
5. История педагогики и образования, от зарождения воспитания в первобытном обществе до конца XX века: Учебное пособие для педагогических учебных заведений/ Под ред. Академика РАО А.И.Пискунова. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: ТЦ Сфера, 2005. - 512с.
6. Константинов Н.А. , Медынский Е.Н., Шабаева М.Ф. История педагогики: учебник для студентов педагогических институтов. - Москва: Просвещение, 1982. - 447с.

ПАРОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

ӨОЖ 81.114-2

Бекмашева А.Н.

Тіліміздегі өзіне ұқсас басқа лексикалық бірліктерден мағыналық, тұлғалық жағынан өзгешеленіп келген, өзіндік жұмсалы ерекшеліктері бар бұндай жұп сөздер тіл білімінде жеке лексика-семантикалық топ ретінде қарастырылып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда, паронимдерді лексикологияның бір зерттеу нысаны деп қарауға болады. Бұл құбылыс тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, стилистика салаларымен де тығыз байланысты. Өйткені пароним сөздердің әрқайсысын нормаға сай өз мағыналарында тұрақтандырып, саралап қолданудың әдеби тілдің сапалы дамуына, сөздік қорымызды байытуға, орфографиялық норманың реттелуіне қатысты біраз мәселені шешуге көмегі тиері сөзсіз. Көркем шығармалардағы мақсатты қолданысы олардың стилистиканың да зерттеу нысаны бола алатынын дәлелдейді.

Қазақ тіл білімінде әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететін мұндай сөздерге орыс ғалымдарының ХҮІІІ ғасырдың өзінде-ақ көңіл бөле бастағанын аңғартады. Паронимия проблемасы орыс тіл білімінде өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап зерттеле бастады. О.В.Вишнякова (1964, 1978, 1987, 1990), Н.П.Колесников (1961, 1971, 1995), Ю.А.Бельчиков (1968,1994), Т.Г.Пономаренко (1973), В.П.Григорьев (1977,1992), Н.А.Янко-Триницкая (1979), И.Н.Кузнецова (1977), және т.б. орыс ғалымдарының әр жылдары жазған ғылыми еңбектерін паронимдерді зерттеуге қосқан зор үлесі деп айтуға болады. Дегенмен осы еңбектерде теориялық тұжырымдар бірыңғай емес. Бұл дегенміз біршама зерттелді деген орыс тіл білімінің өзінде де паронимдерге қатысты мәселелер нақты шешімін таба қоймай келе жатыр деген сөз. Соның салдарынан да паронимдер табиғаты, олардың мәндес сөздермен лексика-семантикалық қатынастары туралы беріліп жүрген анықтама-түсініктер де әртүрлі. Бұған «Паронимия в русском языке» деген монографиясында О.В.Вишнякованың: «Паронимия терминін әркім әр түрлі түсініп жүр... ғылыми еңбектерде паронимдердің табиғаты туралы бірыңғай көзқарас жоқ. Паронимдерді зерттеу жұмысының әдістемесі де жоқ», - деп жазуы - дәлел [1:62].

Сонымен қатар ғалымдардың басым көпшілігі паронимияны (паронимдерді - Б.А.) тілде жүйелі түрде өмір сүретін лингвистикалық құбылыс деп таниды. Ал ағылшын тіліндегі

паронимдерді зерттеген ғалымдар Л.Н.Федотова, В.П.Феденов паронимия сөйлеу семантикасының құбылысы дегенді айтады. Соңғы пікірді айтушылардың пікірінше, коммуниканттар пароним сөздерді тілдік жүйеде бар факт ретінде емес, сөзқолданыста ғана көрінетін құбылыс ретінде таниды екен [2;87].

Кей зерттеушілер паронимияны өз алдына жеке тілдік құбылысқа жатқызуды ерте деп санап, оны омонимия мен синонимияның белгілерін бойына жинақтаған аралық құбылыс деп көрсетеді. Бұндай қорытынды шығаруға паронимдердің бірқатары омонимдердей формалық тепе-теңдікте болмағанмен, өте ұқсас айтылуы және бірқатарының синонимдердей мағыналарының жақын болып келетіні себеп болса керек.

Демек, орыс тіл білімінде паронимдерге берілген анықтамалардағы негізгі айырмашылық - оның бірінде паронимдерге түбірлес сөздердің жатқызылатыны, екіншісінде мұндай шектеудің жоқтығы.

Түркологияда аталған проблемаға қатысты еңбектер өте аз. Қазақ тіл білімінде де арнайы зерттелмегенмен, бір кезде жарыса қолданылып келген, қазіргі таңда мағыналары сараланған сөздердің тіліміздегі қолданысы, нормалануы туралы өткен ғасырдың 70 - 80 жылдары тілші-ғалымдар тарапынан біраз пікір-ойлар айтылған болатын. Бұндай пікірлердің бірқатары «Тіл мәдениеті және баспасөз» (1972)[3] деген жинақта жарық көрді. Сол

конференцияда жасаған баяндамасында М.Балақаев *мысалы - мәселен, жиналыс - жиылыс, сугару - суару, дайындау - даярлау* сияқты екі сыңары да жарыса қолданылып жүрген сөздерді *өкіл - уәкіл, өкімет - үкімет* тәрізді әрқайсысына жеке-жеке мағына беріп, дифференциялау керек депті [3;20]. Ғалым кейін жарық көрген «Қазақ әдеби тілі» (1984) деген еңбегінде де *дайындау - даярлау, суару - сугару, жиылыс - жиналыс, қадам - адым* сияқты мағыналық, стильдік өң, айырмашылығы бар сөздердің әрқайсысы тілде норма ретінде сақталуы тиіс деп көрсетеді [4;167]. Жоғарыда аталған жинақтағы Р.Сыздықова мақаласында тілімізде жарыса қолданылып келген *барақ - парaq, шеркеу - шіркеу, пұл - бұл, азар - әзер* жұптарының мағыналарын ашып түсіндіріп береді. Мысалы, «бір парaq қағаз» дегенде тек *парaq* түрін норма етіп, оның *барақ* вариантын «барақ ит» тәрізді мүлде өзге сөзге ғана қатысты қалдыруға болады. *Шеркеу* сөзін тек «церковь» мағынасында, ал оның *шіркеу* дублетін «бетке шіркеу болды» деген тұрақты тіркес құрамында қалдыруға болады. *Пұл* - ақша, *бұл* - сілтеу есімдігі, мата ал *азар* «ағайынның азары болса да, безері болмайды» деген мақалда, *әзер* «әзер дегенде» тіркесінде жұмсалады» [3;60], - деп жазады. Н.Шәкеев тілімізде қазір бірінің орнына бірі жаңсақ қолданылатын *дайындау, даярлау* сөздеріне қатысты: «Орыстың *заготовка* деген сөзін *дайындау, подготовка* деген сөзін *даярлау, готовить* деген сөзін *әзірлеу* деп алдық та, мағына жағынан реттеп, осылайша қарастырдық» деген шешімдерін ортаға салады. Және осы еңбегінде автор *қатынасу - қатысу, өкімет - үкімет, уәкіл - өкіл, ілім - ғылым, егін - егіс, ақшалай - ақшадай, көрнекті - көрнекі, ақырет - ақирет* жұптары мағыналарының бір еместігін айтып, ойын «Бұрын қазақ диқаншылары «көктемгі егіс» деген тіркесті ауызекі қолданбаған болса керек. Бәріне де егін салу, егін ору деп айтқанға ұқсайды. Қазір жаңа техниканың пайда болуына байланысты жаңа атаулар пайда болды. *Көктемгі егіс* (весенний сев), *егін жинау* (хлебоуборка), *егін орағы* (жатва), *егін шаруашылығы* (полеводство), *егіншілік* (земледение)»- деп жалғастырады [3; 62-63].

Ал Н.Уәлиев «Сөз мәдениеті» (1984) оқулығында *замана мен заман* сөздерін стильдік реңк алған варианттарға жатқызып, *замана* сөзінің көтеріңкі реңде жұмсалатынын айтады: *замана* келбеті, *замана* үні, *замана* талабы т.б. [5;22]. Ғалым 1988 жылы жарық көрген «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» деген еңбегінде *уәде - уағда* туралы: «*Уәде* бейтарап мағынада, ал екінші сыңары *уағдалайық, уағдалау* сияқты қоғамдық-саяси мәндегі терминдердің жасалауына негіз болып отыр. Сол сияқты *оқиға - уақиға, мәлімет - мағлұмат* варианттары да дара мағыналармен сараланып келеді» [5;100] деген пікірін айтады.

Пароним туралы бұдан кейінгі пікір Х.М.Нұрмұқановтың «Сөз және шеберлік» деген монографиясында айтылған. Автор паронимдерді «Ұқсастығы бар сөздер» деген тақырыпша көлемінде қарастырып, жоғарыдағы Паронимге айтылуы, жазылуы бір-біріне ұқсас, бірақ мағыналары әр басқа сөздер деген анықтама беріп, *қарасан - қорасан, ұшы - үші, ұшық - ұштық, шүйіру - шыыру, мильқ - миық, иірім - үйірім* т.б. сөздердің және *бел алу - белең алу*

тұрақты тіркесінің семантикасына тоқталып, бұлардың көркем шығармада дұрыс та, жаңсақ та қолданылған орындарына мысалдар келтірген [6;180-188].

Ғалымның жоғарыда аталған оқулықтағы анықтама, мысалдар және өзіне байқалған пароним сөздердің мән-мағынасы, қолданылуындағы дұрыстық пен қателер туралы жазған пікір-талдаулары, біздіңше, толық мақұлданғандай ретте.

Жалпы түркологияда паронимия мәселесі өте аз зерттелген деп айтуға болады. Нақты бір тілдегі осы проблемаға қатысты монографиялар мен оқу құралдары да санаулы. Солардың ішінде башқұрт тіліндегі паронимдерге арналған еңбектерді ерекше атауға болады. Ең алғаш осы тақырыпта ғылыми еңбек жазған түрколог-ғалым К.Г.Ишбаев болатын. Ол өз еңбектерінде башқұрт тіліндегі паронимдердің өзіндік табиғатына, белгілеріне назар аударып, олардың мектепте оқылуына көңіл бөледі. З.К.Ишкильдинамен бірге алғаш рет «Словарь паронимов башкирского языка» (2001) деген сөздік құрастырып шығарады [7]. Бұдан кейін паронимдерді зерттеген ғалым З.Г.Уразбаева оларға түбірлес, этимологиялық және семантикалық ортақтығы бар сөздерді жатқызады. Мысалы, «талау» 'тонау' // «талашыу» 'таласу'; «таратыу» 'тарату' // «таркатыу» 'таркату' және т.б. [8]. Сонымен қатар ғалым паронимдердің сөзтудырушы жарыспалы тұлғаларға және түбірлес синонимдерге жақын болатынын да айтады. Ал В.Ш. Псянчин паронимдерді жоғарыдағы ғалымдар сияқты тар мағынада емес, кең мағынада қарастырады. Авторға паронимдердің түбірлес болуы шартты емес, ең маңыздысы олардың ұқсас айтылып, морфемалық құрамында ішінара сәйкестік болғаны жеткілікті [11].

Сонымен қатар З.К. Ишкильдинаның Категория паронимии в русском и башкирском языке: Учебное пособие для студентов педвузов (2006), «Лексико-семантическая категория паронимии в разноструктурных языках» деген тақырыпта жазылған кандидаттық диссертациясы (2003) да осы проблемаға арналған. З.К.Ишкильдинаның ғылыми жұмысы орыс және башқұрт тілдеріндегі паронимдердің лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық сипатын салыстыра талдай отыра, кешенді түрде зерттеуге арналған. Зерттеу нысанына алынған мысалдар, негізгінен, орыс, башқұрт тілдеріндегі әртүрлі лексикографиялық дереккөздерден, паронимдік сөздіктер мен этимологиялық, түсіндірме сөздіктерден, көркем шығармалардан, баспасөз материалдарынан алынған. Сонымен қатар диссертацияда екі тілді қолданушылардың жазба тілі мен ауызша тілінен алынған материалдар да дереккөз ретінде пайдаланылған. Автор еңбегінде орыс лексиколог-ғалымдар А.Бельчикова и М.С.Панюшеваның классификациясын мақұлдай отыра, паронимдерді мағыналық жағынан абсолют немесе толық және толық емес жіктеуді дұрыс деп санайды. Мысалы, орыс тіліндегі **здравица** // **здравница, индейский** // **индийский, искусный** // **искусственный, породить** // **породнить** сияқты мағыналары мүлдем алшақ абсолют жұптар мен мағыналық жақындығы бар горделивый // гордый, иронический // ироничный, наследие // наследство, обхватить // охватить, помета // пометка сияқты толық емес жұптарды айтуға болады. Осындай мысалдарды башқұрт тілінде де бар. Бұл тілдегі толық паронимдерге автор **алмаш** 'ауыс, ауысым; өзгеріс' // **алыш** 1) 'схватка, күрес, 2) жарыс; **тбрэт** 'поучение, наставление; назидание' // **гибэрэт** «етістік»; **сднгэт** 'өнер' // **сэнэгэт** 'өнеркәсіп, индустрия'; **сирэм** 'көк шөп' // **сизэм** 'тың жер'; **хдтер** 'ес,жад' // **хэтирэ** 'еске алу' сияқты сөздерді жатқызса, толық емес түріне мағыналық реңктерінде сәл болса да айырмашылық байқалатын **газап** 'рухани азап' // **азап** 'дене азабы'; **касак** 'босқын' // **-касакын** 'қашқын'.

Сонымен қатар автор башқұрт және орыс тілдеріндегі паронимдерді сөз таптарына қарай жіктеп, оларды мағыналық-валеттілік сипатына қарай талдайды. Мысалы, етістік паронимдерді адамның әртүрлі іс-әрекетіне қатысты былайша бөледі: алмаш- 'ауыстыру, алмастыру' // алыш- 'күресу', зарлан- 'шағымдану' // зарык- 'ұзақ күтіп сарылу', йэклэ- 'братъ на себя что-то' // йвкмэ- 'взвалить; нагружать'. Бұлардың қай-қайсысы да бірінің орына бірі қолданыла алмайды, бірдей сөздермен тіркесе алмайды. Паронимдерге бір түбірден тараған, мағыналары әр басқа сөздерді жатқыза отырып, ғалым олардың мынадай негізгі белгілерін атайды: 1) паронимдер мағыналары өзгермей бірін-бірі ауыстыра алмайды; 2) паронимдердің валеттілігі шектеулі, олардың әрқайсысы тек бір семантикалық қатардағы сөздермен ғана

тіркесе алады; 3) семантикалық өрісі кеңейген сайын олардың басқа сөздерге тәуелділігі де кемиді.

Паронимдерге арналған келесі жұмыс Гелястановы Танзиля Салиховнаның «Паронимы современного карачаево-балкарского языка» деген қандағаттық диссертациясы болатын. Бұл еңбекте карачай-балкар тіліндегі паронимдерге алғаш рет кешенді талдау жүргізіліп, тілдегі басқа ұқсас құбылыстармен айырмашылық-ұқсастық жақтары қарастырылған. Паронимияға тілдік құбылыс деп анықтама бере отыра, автор паронимиялық лексиканың қалыптасу үдерісін де сөз етеді. Сонымен қатар паронимдердің сөзқолданыста бірінің орнына бірінің жаңсақ қолданылу себептері мен көркем шығармада стилистикалық мақсатта қолданылу сипаты айқындалған. Ғалым паронимдерді сөйлеу тілінің емес, тілдің құбылысы екенін және мағыналық не этимологиялық байланыссыз пароним болуы мүмкін емес дегенді айтады. Тілде түбірлес те, әр түбірден тараған сөздер де жаңсақ қолданылуы мүмкін. Егер қате қолданылып тұрған сөздер түбірлес болса, олар - паронимдер де, әр түбірлі сөздер болса, олар - паронимдер деп көрсетеді. Автор паронимдердің жаңсақ қолданылу себептерін көрсетеді. Оларға: а) фонетикалық жағынан ұқсастық; б) жұрнақтардың қызметі мен мағыналарын дәл білмеу; в) затруднения в определении производящей основы; г) тіларалық влияние межъязыковой интерференции; д) неточное представление лексической сочетаемости, валентности каждой единицы паронимической пары; е) паронимиялық қатардағы компоненттердің синоним, антонимдерін дәл таба алмау; ж) общая сфера упот; з) паронимдердің стилистикалық қасиеті жатқызылған.

Сонымен бұл шолуда кейбір түркі тілдеріндегі паронимия мәселесіне арналған біраз ғылыми еңбекте қорытылған негізгі тұжырым-пікірлер сараланып, жалпы бұл құбылыс туралы тіл білімінде қалыптасқан ортақ көзқарас жоқ екені, кейбір ғалымдар паронимдерге тек түбірлес сөздерді жатқызса, екіншілері ондай шектеу қоймайтыны, яғни түбірлес те, әр түбірден тараған үндес сөздерді де жатқыза беретіні, ал біздің қазақ тіл білімінде бұл проблема соңғы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысаны болмай келгені және соңында өзіміз жүргізген зерттеулер кезінде жиналған материалдар негізінде паронимдер деп дыбыстық құрамындағы ұқсастықтары салдарынан қолданылуында кейде жаңсақтық жіберілетін, мағыналары әр басқа жұп сөздер танылуы тиіс екені, бұлардың қатарына орыс тілінде, негізінен, түбірлес, ал қазақ тілінде түбірлес те, әртүбірлі сөздерді де жатқызу жөн екені айтылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вишнякова О.В. «Паронимия в русском языке». - М., 2005.
2. Феденов В.П. Паронимическая аттракция в английском языке. АҚД. - М., 1989.
3. Балақаев М. «Тіл мәдениеті және баспасөз». - А., 1972.
4. Балақаев М. «Қазақ әдеби тілі». - А., 1984.
5. Уәлиев Н. «Сөз мәдениеті». - А., 1984.
6. Нұрмұқанов Х.М. «Сөз және шеберлік». - А., 2005.
7. Ишбаев К., Ишкилдина З.К. Башкорт теленец паронимдар пузлеге. - Бфе: Рилем, 2001.312 б.
8. См. Уразбаева З. Ф. Паронимдар // Хэзерге башкорт теле: Педагогия институтының башланғыс кластар факультеты студенттары есен дәреслек. - 9фе: Башкортостан китап нәшриэте, 1986. - 23-се б.;
9. Уразбаева З. Ф. Башкорт телендэ паронимдар // Проблемы изучения и преподавания филологических наук: Сборник материалов. В 4 ч.Всерос. науч.- практ. конф. Ч I (Башкирская филология). - Стерлитамак,1999. -35-37-се б.
10. Уразбаева З.Г. Вариантность слова в башкирском языке. - Уфа: Гилем, 1998.-С.18.
11. См. Псянчин В.Ш. Телдец куркэмлек саралары. - (с)фе, 1984. - 46-47-се б.
12. Гелястановы Т.С. «Паронимы современного карачаево-балкарского языка» АҚД. - М.,2004.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕПОРТАЦИЯЛАУ ДӘУІРІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

ӘОЖ: 94(574)

Балыкова А.М., Тапалова А. А.

Батыс Қазақстан аймағына халықтарды күштеп орналастыру тарихы XX ғасырдың 20 жылдарынан басталды. Халықтарды күштеп көшіру Кеңес үкіметінің «кулактарды тап ретінде жою», «өнеркәсіпке жұмысшы күшін жинау», «ұлттық белгілері бойынша күштеп жер аудару» және тағы басқа қолдан жасалған саяси шаралары арқылы жүзеге асырылды. Бұл үдеріс 1940 жылдары Ұлы Отан соғысы уақытындағы халықты майданға жақын аудандардан көшіру, халықтарды күштеп жер аудару және еңбектік қоныстандыру шараларымен жалғастырылды.

Батыс Қазақстан халқының этнодемографиялық сипатының өзгеруіне кеңестік биліктің 1930 жылдардың екінші жартысынан бастап жүргізген халықтарды этникалық белгілері бойынша күштеп жер аудару саясаты ықпал етті.

Осы саяси науқанның шеңберінде 1936 жылдан бастап Украина КСР-ның шекаралас аудандарынан Қазақстанға 35 739 поляк жер аударылды. Олардың негізгі бөлігі республикамыздың солтүстік облыстарына орналастырылды [1, 380 б.]. Одан кейін КСР Одағының ХКК және БКП (б) ОК-нің 1940 жылғы 10-сәуірдегі 497-178с нөмірлі құпия қаулысына сәйкес Қазақстанға Украинаның батыс облыстары мен Белорус КСР-ның бүлікшіл ұйымдардың репрессияға ұшыраған қатысушыларының, поляк армиясының бұрынғы офицерлерінің, полицейлер, қамаудағылар, помещиктер, жандармдар, фабриканттар және поляк мемлекеттік аппаратының бұрынғы шенеуніктерінің отбасы мүшелерінен тұрған 60 667 адам көшірілді. Олар Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан және Семей облыстарына орналастырылды. Олардың ішінде 36 729 адам колхоздарға, 17 923 адам - совхоздарға, және 8000 адам - жұмысшы поселкелерінің түрлі кәсіпорындарына бөлінді [2, 163 б.].

Кеңестік биліктің осы саясатынан үлкен зардап шеккен ұлт - кәрістер болатын. 1937 жылы 21 тамызда КСР Одағының ХКК және БКП (б) ОК-нің 1428-326с нөмірлі «Қиыр шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан корей халқын көшіру туралы» құпия қаулысы қабылданды. Сол қаулыға сәйкес «Қиыр шығыс өлкесіне жапондық шпионаждың енуінің алдын-алу мақсатында» деген желеумен Қазақстан мен Өзбекстанға кәрістер күштеп көшірілді. Қаулы бойынша бұл шараны тез арада бастап, 1938 жылдың 1-қаңтарына аяқтау жоспарланды [2, 129-130 бб.]. Нәтижесінде, 1937 жылы Қазақстан территориясына 20 530 кәріс отбасылары жер аударылды. Оларды облыстар бойынша төмендегідей етіп орналастыру көзделді: Алматы облысына - 4774 отбасы, Ақтөбе облысына - 1285, Гурьев облысына - 1322, Батыс-Қазақстан облысына - 500, Қарағанды облысына - 2255, Қызылорда облысына - 6467, Қостанай облысына - 720, Солтүстік Қазақстан облысына - 1500, Оңтүстік Қазақстан облысына - 1698 отбасы. 20 530 шаруашылықтың 3530-ын кәсіпорындар мен мекемелерде орналастыру жоспарланған. Іс-жүзінде кәсіпорындар мен мекемелерде 1938 жылдың 15- мамырына қарай 6165 шаруашылық, яғни, 2635 шаруашылыққа артық орналастырылады [3, 10-11 пп.].

1938 жылы 17 ақпанда Ішкі істер халық комиссариатының Қоныстандыру бөлімі бастығының атына берілген кәріс қоныстанушыларын орналастыру туралы мәлімдемеде Қазақстанға барлығы 20 789 кәріс отбасы немесе 98 454 адам келгендігі айтылады. Оның ішінде Ақтөбе облысына 1 744 отбасы немесе 7 666 адам, Батыс Қазақстан облысына - 1 950 отбасы немесе 9 017 адам орналастырылған [4, 63-64 бб.]. Жер аударылған кәрістердің көбі Гурьев облысына орналастырылған. Қазақстан Коммунистік партиясының Гурьев округтік комитеті бюросының 1937 жылғы желтоқсан айына тиісілі қаулысына сай 1266 кәріс отбасы келген. Олар негізінен балық зауытына, Теңіз және Гурьев ауданының колхоздарына орналастырылды [5, 1п.]. 1937-1939 жылдары Қазақстанға әзірбайжандықтар, күрдтер, түріктер, армяндар және КСРО-ның шекаралас аудандарында тұрған басқа да халықтар жер аударылды [1, 380 б.].

Ұлы Отан соғысы жылдары халықтарды күштеп жер аудару саясатына ұшыраған ұлттардың бірі - шешендер болды. Шешендерді күштеп жер аудару 1941 жылдың тамыз айының аяғынан басталып, 1948 жылға дейін жүргізілді [1,387б.].1944 жылдың 7 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Шешен-Ингуш АКСР-ын жою туралы жарлығы шықты. Қоныс аударылғандардың алғашқы легі Қазақстандағы жаңа тұрақтарына 1944 жылдың наурыз айының ортасында келді. Осында жіберуге жоспарланған 344 589 адамның 16 565-і - Жамбыл облысына, 29 089-ы - Алматы облысына, 34 167-сі - Шығыс Қазақстан облысына, 20 808-і - Оңтүстік Қазақстан облысына, 39 542-сі - Солтүстік Қазақстан облысына - 20 309-ы - Ақтөбе облысына, 31 236-сы - Семей облысына, 41 230-ы - Павлодар облысына, 37 938-і - Қарағанды облысына орналастырылды. Оларға 1944 жылдың ақпанынан кейін әскер қатарынан босатылған мыңдаған шешендер мен ингуштар қосылды. Жалпы, 1945 жылғы мәлімет бойынша елімізде барлығы 406 375 адамды құраған 89 901 шешен және ингуш отбасылары өмір сүрген [2, 252-253 бб.].

Соғыс қарсаңында алғашқылардың бірі болып немістер де жер аударылды. «Поволжья аудандарында тұратын немістерді жер аудару туралы» тиісті органның 21-160 нөмірлі жарлығы 1941 жылы 28 тамызда шықты. Л.Берияның жазбаша нұсқауы бойынша қоныс аударылған немістердің көпшілігін Қазақстанға орналастыру көзделді. 1941 жылдың 25 қазанына қарай Қазақстанда 467 мың Поволжья немістерін қабылдау жоспарланды. Батыс аймақтағы облыстардың ішінде Ақтөбе облысына 15 мың адам орналастыру көзделсе, жойылған Поволжья Немістерінің Республикасына жақын жатқан майдан шебіндегі Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарына қоныс аударылған немістер жіберілмеді. Жоғарыда айтылған 467 мың немістердің республикаға іс жүзінде 420 мыңы ғана келді [2, 196 б.]. Немістерді жер аудару 1942 жылы да жалғасқандығы белгілі. Жергілікті мұрағат деректеріне сүйенсек, Ақтөбе облысына 1941 жылдың өзінде 1750 неміс отбасылары қоныстандырылған [6, 45-46 пп.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында поляктарды жер аудару жалғасты. Бұл уақытқа дейін Қазақстанда поляктардың ірі диаспорасы орналасқан еді. 1942 жылы қарашада Саратов облысынан Қазақстанға 2014 поляк көшірілді [1,389б.].1942 жылғы 28 қаңтардағы анықтамасы бойынша елімізде 103 757 поляк ұлтының өкілдері болды. Оның ішінде батыс аймақтағы Ақтөбе облысында - 5646 адам, Гурьев облысында - 187 адам және Батыс Қазақстан облысында - 159 адам өмір сүріп жатты [7, 141б.]. 1942 жылдың мамыр айында

Қазақстанға Краснодар өлкесінен, Қырым АКСР және Казкав республикаларынан гректер де жер аударылды. Олардың жалпы саны 24 670 адамды құрады және көпшілігі Солтүстік және Батыс Қазақстанға орналастырылды [1, 390 б.].

Олардан басқа 1943-1944 жылдары Қазақстанға қалмақтар, шешендер, ингуштар, карашайлықтар, балқарлықтар, қырым татарлары, болгарлар, гректер, армяндар, түрік- месхеттіктер, күрділер, хемшидтер, әзірбайжандықтар, т.б. жер аударылды [1, 387]. Арнайы қоныс аударылғандардың жағдайы өте ауыр болды. Олар жергілікті халық, эвакуацияланғандар сияқты соғыстың барлық ауыртпалығын көтерді. Оларға тұрғын-жай, азық-түлік жетіспеді, мыңдаған адамдар аштық пен аурудан өлді.

Соғыс жылдарындағы республика халқының ұлттық құрамында орын алған өзгерістер қазіргі Қазақстандағы халықтың көпұлтты сипатының қалыптасуының шешуші кезеңі болды. Халықтың ұлттық құрамының өзгерісіне Қазақстанға майдан шептерінен халықтардың эвакуациялануы, еңбектік қоныстандыру мен халықтарды күштеп жер аудару саясатының жалғастырылуы ықпал етті. Бұл республиканың көп ұлтты демографиялық келбетінің қалыптасуына алғышарт болған үдерістер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Алексеев А.Н., Масанов Н.Э. Миграционные и этнодемографические процессы в советский период / История Казахстана: народы и культуры. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 608 с. - С. 367-419.
- 2 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. - Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. - 428 с.

- 3 ҚР ПМ. 708-қор, 1-тізбе, 69-іс.
- 4 Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. - Алматы: Дәнекер, 2000. - 274 с.
- 5 Атырау облыстық мемлекеттік архиві, 855-қор, 1-тізбе, 36-іс.
- 6 Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві. 85-қор, 1-тізбе, 1347-іс.
- 7 Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.). Сборник документов. - Алматы: Қазақстан, 2000. - 344 с

ЖАСӨСПІРІМНІҢ АДДИКТИВТІ ФАКТОРЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ОӘЖ 316.62

**Умбетова Г.М.,
Нурмуханбетова В.Е.**

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы, тәрбиесі басты назарда болып келеді. Қазіргі жағдайда адамның, әсіресе өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыптасуына аддиктивті факторлардың түрлі әсерінің кеңдігі де, тереңдігі де айтарлықтай артты. Екіншіден, адамға әлеуметтендіру процесінде пайда болатын проблемалардан салыстырмалы түрде қарапайым жолды ұсына отырып, аддикция адамның психикасы мен тұлғасына күшті әсер етеді және олардың белгілі бір өзгеруіне әкеледі.

Осы бағыттағы елдің даму жоспарында: «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында: «Жастардың психологиялық денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек» - делінген [1]. Соған орай, қазіргі заманғы психологияның бұл трансформациясының сипаты аз зерттелген, ал педагогикалық психологияда бұл мәселе тұлғаның осы факторларға деген төзімділігін қалыптастыру проблемасының оң шешілуін қиындатады. Жеке тұлғаның химиялық емес аддикциялардың (интернет-тәуелділік, гемблинг, шопоголизм, тағамдық тәуелділік және басқалар) жағымсыз әсеріне психологиялық орнықтылығын қалыптастыру мәселесі іс жүзінде зерттелмеген. Бұл жұмыста психологиялық тұрақтылық деп жеке тұлғаның өзіндік тұжырымдаманы қалыптастыруға, өз тұлғасының әлеуметтік бағыттылығына және өмір мен қызметтің рухани-адамгершілік және құндылық-мағыналық бағдарларына қатысты дербес жауапты шешімдер қабылдау қабілеті түсініледі.

Аддиктивті факторлар деп біз жеке тұлғаның физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік және рухани салаларына теріс әсер ететін және оның тұрақты және тиімді қалыптасуына кедергі келтіретін жеке алынған аспектілердің жиынтығын немесе құбылысын түсінеміз: маңызды адамдар тобының теріс әсері, тұлғаның қалыптаспаған конструкциялары, тәуелді мінез-құлықтың жеке тұлғаға ұзақ әсерін жатқызамыз.

Бұл ретте тұлғаның кез келген теріс әсерге қарсы тұру, ішкі бейбітшілік пен өмір салтының тұрақтылығы мен тепе-теңдігін сақтау, зиянды құмарлықтан еркін және тәуелсіз болу қабілетін анықтайтын оның тұтас жүйелік сипаттамасы ретінде психологиялық тұрақтылығын зерттеу, немесе олар басқа феномендерді зерттеу шеңберінде жүргізіледі, мысалы, көңіл-күй психологиясы Л. В. Куликов, Е. П. Ильин, Е. И. Рогов, Абрамова Г.С. тәуелділіктің алдын алу және бас тарту Б.С. Брат, Л.И. Вассерман [4] және т.б.

Сонымен қатар, аддиктивті факторлардың жеке тұлғаға, оның психикалық және рухани-адамгершілік денсаулығына әсері, оның өмір салты соншалықты үлкен және кейде деструктивті, бұл қоғамда елеулі алаңдаушылық тудырады. Адамдардың өмір сүру салтының психологиялық деформациясы ерекше алаңдаушылық тудырады. Өмір салты-жеке тұлғаны қалыптастыру процесінің детерминациясының, оның физикалық психологиялық және рухани қасиеттерін, оның психологиялық және рухани денсаулығының детерминантын, әлеуметтендірудің жетекші факторларының бірі.

Қазақстанда аддиктивті факторлар мәселесін зерттеген ғалымдар: Майғаранова Ш., Мендалеева Р.Т, Мұқанов М.М., Ж.Н. Намазбаева [11], Мендалеева Р.Т, Ш.Е. Жаманбалаева [10], Л.К.Керімов[13] және аддиктивті факторларға психологиялық тұрақтылық мәселесін Д.Қазымбетова, Ш.Е.Жаманбалаева [10] қарастырған.

Осы мәселелер бойынша біздің ұстанымымызда адамның рухани мәнін, жеке тұлғаның қалыптасуы мен оның өмір сүру салтының адамгершілік-психологиялық жағдайларын және дүниетанымының жетекші рөлін, аддиктивті факторлардың теріс әсеріне төзімді тұтас тұлғаны қалыптастырудың жетекші факторы ретінде отбасының ерекше рөлі мен маңыздылығын түсіну қағидатты болып табылады.

К. К. Платоновтың динамикалық құрылымының концепциясына сәйкес, тұлғалық сипаттамалардың әрқайсысы тұлғаның негізгі 4 жақтарын құрайтын төрт топтың біріне жатқызылуы мүмкін:

- ✓ Әлеуметтік негізделген ерекшеліктер (тілек, ұмтылу, идеалдар, дүниетаным, моральдық қасиеттер);
- ✓ Жеке тәжірибе (білімділік пен дағдылардың көлемі мен сапасы);
- ✓ Әртүрлі психикалық процестердің жеке ерекшеліктері (зейін, жады);
- ✓ Биологиялық шартталған ерекшеліктерді (темперамент, нышан, қоғамның мүшесі ретіндегі адам және т. б.).

Аддикцияға арналған зерттеулер аддикцияның пайда болуына әсер ететін факторлар туралы мәселе бойынша көзқарастар мен тәсілдердің алуан түрлілігін көрсетті. В.В.Зайцев, В.Д.Менделевич, А.Е.Войскунский, Н.С.Ишеков, С.Шлоссер, М.Гриффитс бойынша аддикцияның пайда болуына әсер ететін факторлар:

1. Ересектерге еліктеу, әлеуметтендіру ерекшелігі және жаңа әсерлерді іздеу, эмоциялық саладағы бұзылулар.
2. Күйзеліс, ынтық, қызығушылық, педагогикалық асқыну, жарақаттардың салдары.
3. Экономикалық себептер, көптеген аддикциялардың заңдылығы.
4. Отбасылық мәселелер, тұқым қуалаушылық.
5. Адамның мінез-құлқының ерекшеліктері, мұндай шамадан тыс кемшілік, кінә сезімі, мазасыздық, ашымаушылық және т. б.
6. Жасөспірімдік ойлау (белгісіздік және тәуекел жағдайларында мінез-құлықтың адаптивті немесе инфантильді модельдеріне артықшылық көрсету).

С. В. Березин мен К. С. Лисецкий бұл себептерді объективті және субъективті деп бөлді. Объективті себептердің ішінде олар макросебептер мен микросебептерді бөледі. Субъективті ішкі-индивидуалдық-биологиялық, индивидуалдық-психологиялық, жеке- психологиялық.

Соңғы жылдары әртүрлі аддиктивтік бұзылулардың жалпы нейропсихологиялық негіздері туралы деректер ғана емес, Х. Милкмен, С. Сандервирт, Д. Сигель. зерттеулерінде, девиантты мінез-құлық туралы деректер жинақталады. Бұл ескертуді дәлдеп ауыстыру қажет Ресейде аддикциялардың бірінші жіктелуін Ц. П. Короленко ұсынды. Ол тікелей химиялық емес аддикцияларды атап өтті: Құмар ойындар (гэмблинг), қарым-қатынас аддикциясы, сексуалдық, махаббат аддикциясы, аулақ аддикция, жұмысбастылық, ақша жұмсауға аддикция, ургентті аддикция, сондай-ақ аралық аддикция, мысалы, тамаққа аддикция (ас ішу және аштық), бұл формада биохимиялық және биохимиялық қасиеттер тікелей іске қосылуымен сипатталатын механизмдер.

Қазіргі уақытта басқа да химиялық емес аддикциялардың едәуір саны сипатталған: Гоголева А. В., Войскунский А. Е сипаттаған компьютерлік тәуелділік немесе интернет - тәуелділік, спорттық аддикциялау, Постнов В. В., Дереча В. А бойынша рухани іздеу аддикциясы. В.Д.Менделевич фанатизмді оның барлық көріністерінде (діни, саяси, спорттық, ұлттық) аддиктивті мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырады, екінші жоспарға ығыстыратын немесе кез-келген өзге қызметті толық шектейтін кез-келген аса құнды әуестену аддиктивті мінез-құлықтың құрамына кіретінін атап өтті.

А. О. Бухановскийдің, А. С. Андреев, О. А. Бухановскаяның пікірінше, тәуелді мінез - құлық немесе реактивті импринтингтің нәтижесі болып табылады. Патогенді жағдай жеке

тұлғаға тұлғалық ыңғайсыздық ретінде әсер еткенде, мінез-құлық қайта бекіту арқылы жүреді. Осылайша, мысалы, ойынға тәуелділік, интернет-тәуелділік, тағамдық тәуелділік туындайды.

Реактивті импринтинг қарқынды психоэмоционалдық реакциямен нығайтылатын ерекше уайымның жіті реакциясы түрінде пайда болатын стресстік әсердің қарқындылығы бойынша шамадан тыс пайда болады және мұндай нұсқа маскүнемдікке, нашақорлыққа, садизмге тән.

Химиялық емес және химиялық тәуелділіктің әмбебап механизмдерін көрсетуге тырысқандардың бірі Р. Соломон және Д. Корбит болды. Олар базалық адами қажеттіліктер мен реакциялар призмасы арқылы аддикцияларды қарастырды. Олардың тәсіліне сәйкес, көптеген сезімдер әсерге қарама-қарсы салдарлармен жүреді. Мысалы, ауырсыну аяқталғанда жеңілдік болады. Алайда, бұл модель қандай да бір түрде аддиктивтік мінез-құлық психологиясын түсіндірмеді, әсіресе, аддикцияның теріс салдары неге адамның аддиктивтік мінез-құлықын тоқтатпайды және осы факторларға төзімділікті жасамайтынын түсіндіре алмады. И. Маркс өзінің аддиктивтік мінез-құлықның критерийлерін ұсынды, олардың арасында атап айтқанда, қарсы өнімдік қызметке (тарту) түрткі болуды, тартым әрекеті аяқталғанға дейінгі үдемелі шиеленісті, аддикцияның ерте кезеңдерінде гедонистік реңкті атап өтті. Оның соңынан М. Гриффитс, Д. Томер, П. Карнес, Д. Малов, В. Миллер аддиктивтік мінез-құлықтың Қосымша сипаттамаларын анықтады. Атап айтқанда, П. Карнес бөлді 10 аддикция белгілерін көрсетті:

- 1) бақыланбайтын мінез-құлық;
- 2) осындай мінез-құлыққа байланысты елеулі салдарлар;
- 3) зиянды салдарға қарамастан аддиктивтік мінез-құлықты тоқтатуға қабілетсіздігі;
- 4) өзін-өзі бұзатын немесе қауіпті мінез-құлықты тұрақты жалғастыру;
- 5) бұл мінез-құлықты тоқтатуға бар ниет немесе күш-жігер;
- 6) мінез-құлықты копинг-стратегия ретінде пайдалану;
- 7) мұндай мінез-құлықтың өсіп келе жатқан қарқындылығы, өйткені қазіргі уақытта бар жағдай жеткіліксіз;
- 8) мінез-құлыққа байланысты көңіл-күйді елеулі өзгерту;
- 9) осы мінез-құлыққа арналған шексіз уақыт саны;
- 10) осы мінез-құлыққа байланысты әлеуметтік, кәсіби және реакциялық қызметті толық қысқарту немесе тоқтату.

Осы талдау негізінде жүзеге асырылған отандық және шетелдік зерттеулерді талдау, жасөспірімдердің аддиктивтік факторларға бейімділігін анықтау және екінші жағынан жасөспірімдердің аддиктивтік факторлардың теріс әсеріне психологиялық қажеттілігін әзірлеуге мүмкіндік берді. Зерттеуде ұсынылған тұжырымдама, эксперимент нәтижелері көрсеткендей, жасөспірімнің психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру мынандай ерекшеліктерден тұрды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы // Егемен Қазақстан. - 2018. - 13 б.
2. Абрамова Г.С. Психология человеческой жизни/ Г.С.Абрамова. - М.: Изд-во Академия, 2002. -224с.
3. Агапов, В.С. Становление Я-концепции личности: теория и практика / В.С.Агапов. - М.: Ин-т молодежи, 1999. - 164 с.
4. Вассерман. Л.И. Структура личности/ СПб.: ЮВЕНТА, 1999. - 464 с.
5. Березин С.В., Лисецкий, К.С., Назаров Е.Н. Психология наркотической зависимости и созависимости. - М.: Изд-во МПА, 2001.- 192 с.
6. Васильев, Н.Н. Тренинг преодоления конфликтов/ Н.Н.Васильев. - СПб.: Речь, 2007. - 174 с.
7. Войскунский, А.Е. Актуальные проблемы зависимости от Интернета / А.Е.Войскунский // Психологический журнал, 2004. Т. 25. № 1. -С. 90-100.

8. Выготский, Л.С. Лекции по психологии. - СПб.: Союз, 1999.-87 с.
9. Калиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А.А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2001.
10. Жаманбалаева Ш.Е. Аддиктивті факторларға психологиялық дайындық мәселесі- Алматы, 1996-1236
11. Намазбаева Ж.Ы. Психологиялық ерекшеліктер. - Алматы, 2005.
12. Жұмабаева Ә. Қиын балалар арасында жүргізілетін педагогикалық жұмыс. - Алматы, 1997.-236.
13. Керімов Л.К. Қиын жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы- Алматы, 2003-1236

«ОТ КЕШУ» РОМАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, КЕЙІПкерлер Әлемі

ӘОЖ 82-31

Мамырова М.И.

1969 жылы «Жазушы» баспасында жарық көрген «От кешу» романы қазақ әдебиеті әлемінен елеулі орын алған, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы сұрапыл оқиғаларды шынайы сипаттаған, қазақ ерлерінің қаһармандық әрекеттерін әсерлі сипаттаған көркем туындылардың бірі. Ұлы Отан соғысы тақырыбына қалам тербеген жазушылардың салған ізіне барлау жасай отырып, өзіндік дара жолын бастауға, тың ізденістерге жаңа көркемдік құбылыстарға бет бұрған Жәрдемнің толассыз еңбегі, адал ниеті анық көрінеді.

Романның бас қаһарманы - Белоруссия майданында жүрекжұтқан қолбасшы ретінде танылған, шешуші шайқастарда асқан батылдығымен көзге түскен Кеңес Одағының батыры, батыл командир, рухы биік азамат Темір Масин. Шығарма сюжетінде Тасболат Марқабаев ретінде көрінетін бас кейіпкердің өмір жолы, майдан даласындағы жауынгерлік оқиғалары көркемдік шындық шеңберінен аспай, соғыс сұрапылының шынайы қалпын суреттеп отырады.

Жазушы Жәрдем Тілековтің «От кешу» романына өзіндік көзқарасын білдірген академик Рымғали Нұрғали: «Автор бұрын партия қызметкері мұғалім болып жұмыс істеген, Ұлы Отан соғысы басталысымен қолына қару алып, фашистермен аяусыз кескілескен Совет Армиясының офицері, Совет Одағының Батыры Тасболат Марқабаевтың өмір жолы арқылы майдан мен тылдың шыншыл суретін салып шығарды. Анығында, адам анадан жол бастайтын батыр, ел бастайтын шешен болып туа бермейді. Ел намысы, Отан мүддесі ердің жігерін қайнатып, күшін тасытады. Бейбіт күнгі тыныш тіршілік адамдары соғыстың өрт-жалыны ішінде жүріп шынығады. Кіші политрук Тасболат Марқабаев жолы осының айғағындай. Ол ауыр жараланып, госпитальда жатқанда да қан-жанына сіңіп, бүкіл болмысын билеп алған соғысты, жауды жайрату тілегін ұмыта алмайды. Оның денесі дәрменсіз, төсек тұтқыны болып жатса да, сана-сезімі арпалыс үстінде жүргендей» [1] - деп баға береді. Жантүршігерлік арпалысқа толы соғыс қазанында қайнап, қан майданның қақ ортасында орын алған толассыз ұрыстарда ерлік күшімен, батыл қимылымен дараланып, майдангерлер мен жауынгерлерге, өз қатарластарына ерліктің, шыдамдылықтың, қайсарлықтың үлгісін көрсете біледі.

Романда өмір мен өлімнің, өрт пен октың, өшпенділік пен ұлтжандылықтың арасында шындалып, бүкіл күш-жігерін жауды жеңу жолында сарп еткен Тасболаттың тайсалмас ер мінезі шебер суреттеледі. Бастан-аяқ жаңа техникамен қаруланған неміс-фашист әскерлерінің шабуылына, «Барбаросса» жоспарымен астыртын әрекет етуді көздеген қауырт қимылдарына қарсы тойтарыс беруге ұмтылған кеңес әскерлерінің батылдығы өлшеусіз ерлікпен пара-пар.

Рота политругі Тасболат Марқабаев барлау барысында жау қолына түсіп, аяусыз соққының әсерінен есінен танып, қолы бұғауланып, көзі таңылып жатса да еш қаймықпайды. Туған елін, ұлтын сүйген адал жүрегі өзін қақпанға түсірген 1928 жылы аты шулы байлармен конфискеденген Қошпанбек байдың баласы, ауылдасы әрі құрдасы Байшора Алдазаров екенін білгенде шымыр ете түседі. «Еменнің майысқаны сынғаны, жігіттің қайысқаны өлгені» деп

іштей бекінген Тасболат тағдырының қандай талқыға түсеріне көзі жетпесе де, Отаны үшін бәріне даяр еді. «Тізерлеп жүріп күнелткеннен, тік тұрып өлген артық» деген батыл ер өлімге бас байлайды. Отанын сатып кеткен, қаны бір қазақ бауырын адам құрлы көрмей азаптаған Байшораның опасыздығын бетіне басып, тойдыра ас берген жерден айналшықтап кетпейтін бұралқы итке теңейді. Намысы оянып қаһарына мінген Байшораның қамшысының уытына, таяғының соққысына да шыдап бағады. «Алғашқы бірнеше соққыдан арқасы көк ала тартып, соның үстіне осқылап ұра берген соң қан жосыла бастағанын байқап отырған Тасболат «Хас батырдың ұрпағы жауырыннан өтін алса да, жамандарға жалынбас» - деп бекіне түсті. Байшора сабау таяғын тағы зуқылдата соққылап, қолы талды ма, оны тілі суырылған жыландай сылқ еткізіп тастай салды. Енді беліндегі парабеллумын кабурасынан суырып алып, сол қарудың оқпанын Тасболаттың маңдайына тірей тұрып, жаңағы сұрағын тағы қайталады. «Ер жігітке өлім бар да, қорлық жоқ» деп бекіне түскен Марқабаев: «- Бүгін мені өлтіріп, ертең өзін өлерінді білмейтін неткен ақымақсың, а? - деп қарсыласты» [2, 36 б.]. Ажалдың оғынан да, жендеттердің таяғынан да қаймықпаған қас батыр бейнесі романның көркемділігін күшейтіп, оқырманын баурай түседі. Өзінің өткен шағына оралып, ірі байларды конфискулеу комиссиясында мүше болғанын, бір ауылда тіршілік еткен Қошпанбек бай мен ұлы Байшораның соңына түсіп, жекпе-жек шайқас барысында қолға түсіргенін баяндайды. Сол жылдары конфискуленіп, жер аударылып кеткен бай баласының соғыс кезінде гестапо құйыршығы болуы да табиғи нәрсе деп түйіндейді.

Жазушы Жәрдем Тілековтің отты жылдардың сұсты көріністерін сипаттаудағы басты ерекшелігі - майдан мен тылды қатар алып суреттеуі. Соғыс арпалысында аянбай күресіп, дұшпанды ойсыратуға бар күшін салып жүрген Тасболат Марқабаевтың ерлігін баяндап қана қоймай, аяулы жарына деген сағынышы мен қайғысы қабырғасын қайыстырса да, сары уайымға езілмей, тылда еңбек етіп, балаларын жеткізуді ойлаған асыл ана, адал жар Ғалия Марқабаеваның да бейнесін шебер сомдайды.

Қайсар мінезді Ғалияның тыл жұмыстарына сіңірген еңбегі, сұқтана қараған өзге көздерден сақтанып, жарына адал қалпында қалуды көздеген мақсаты оның әрбір іс- қимылынан, жүріс-тұрысынан байқалады. Ғалияға жас күнінен ғашық қорамсақ Буриннің Тасболат соғысқа аттанған күннен бастап алға қойған мақсаты бар күшін салып, оны қолына қондыру еді. Күйеуінің салт жүрісін сезген Биғайшаның ашу үстіндегі «мынаны абжыландай арбап жүрген салдақы жүзі - қара сен екенсің ғой» - деген жаласы еш кінәсі жоқ келіншектің тұла бойындағы бар жылылықты жинап алып, денесін мұз қылып қатырып қойған тәрізденді. Алайда, Ғалияның Бурин мен Биғайшаға қарата нық айтылған сөзі бұл оқиғаға нүкте қойғандай әсер қалдырады. «- Өзіңнің де, байыңның да маған қара бақырдай да қажеті жоқ, - деді Ғалия, томағадай қара көзінен ұшқын атылып, жұдырығын түйіп тұр. - Менің жаным арымның садақасы, маңайыма жолағанның тұмсығына қан жалатамын. Мерт болмас бұрын тайып тұрындар екеуің де» [2, 64 б.]. Ашынған Ғалия тарапынан айтылған ащы сөз шаң көтере ұйтқыған қыр құйынына нөсер жауғандай әп сәтте басып, Қорамсақ пен Биғайшаны үнсіз қалдырады.

Мұз болып қатқан ана көңілі балаларын құшырлана иіскеп, мауқын басқан кезде жылынып қоя береді. Үлкен ұлы Бағланның көпшігінің астында жатқан майдан газетінде басылған «Ер жігіт» атты очерк, бет ортасындағы политрук Тасболаттың шайқас кезіндегі қимылы, жаудың жаяу әскеріне жасаған соққысы суреттей келе, «ер жүрек те тәсілқой политрук бір мылтықтың аузына жүз дұшпанды сыйғызды» деп түйіндейді. Очеркті қайта- қайта оқыған Ғалия ұлдарына ғана емес, бүкіл қазақ еліне мақтана жар салғандай.

Романның екінші бөлімінде жазушы астыртын соғыстар майданында қан кешіп жоғары лауазымға ие болып әсэс полковнигі атанған Ганс Галлер мен өзінің диверсанттар дайындау жөніндегі көмекшілерінің бірі обер-лейтенант Адольф Готт жөнінде мәлімдейді. Басқыншылардың ендігі көздегені - Қазақстанның батыс өңірі, Орал, Гурьев облыстары, Жайық өзені бойы еді. Сол аудандарға аттанғалы отырған диверсанттар тобын шпиондық, барлаушылық, жазагерлік әрекеттердің бәріне де жаттыққан, фюрерге берілген түркістаншыл, қанішерлік қабілеті асқан, тұтқындарды, күдікті қарапайым кісілерді де, поляк, орыс, француз, тіпті немістерді де өлтіруден жасқанбаған Байшора Алдазаровты таңдауы да тегін емес. Екі

жыл бойы соғыс арпалысында жүріпокоп пен госпитальға кезектесе жатып, өмір мен өлім арасында күн кешкен Тасболаттың бес күндік демалыс алып, ауылына оралу сәті де түрлі тосын жайттармен толығады. Сүйінші хабарды естігеннен кейін жүрегі өрекіп, азаматына жайлы жағдай жасауға бірден кіріскен Ғалия Тасболаты келер уақытынан кешігіп сарғая күтеді.

Түтеген дүлей боранмен алыса жол үстінде келе жатқан Тасболаттың алыпсатар, саудагер Мәденмен әңгіме барысында күдікті мәліметтер естиді. Еділ бойынан шаршап- шалдығып жеткен майдангер әрі мүгедек бейтаныс қазақтың үйіне түнегенін, майдандағы көптеген жолдастарына хат жазып, соларды станция поштасына салып жіберуді өтінгенін жеткізген Ғалия құдайы қонағының ең алдымен аудан ахуалын сұрағанын, майдан туралы әңгімелер, немістерді жеңіске жетеді деп болжағанын да бірін қалдырмай айтып өтеді. Бұл тұста Байшора Алдазаров өз мақсатын іске асыру барысымен жан-жақты жұмыстанып жатыр еді. «Оны құзғын ұясынан ұшырған қожаларының тапсырмасы: «Жергілікті жағдайды шифрмен хабарлау, советтік құрылысты жамандау, герман империясын дәріптеу, жергілікті адамдарды аздыру, азғындардан баскесерлік топ дайындау» болатын. Ал, сонау қырдан құмдаққа келгенше де, келгесін де байқап бақса, бұл жақтағы жағдай, ол жақтағы қожаларының болжауынан мүлде басқаша. Бұл өңірдегілер жалған «қара қағазға» да, ол жақтағы исламшіл тақуалардың араб әрпімен жазған құрһани листовкаларына да сенетін емес. Тіпті, шопанға дейін заң мекемесінің қызметкері сияқты өңшең қазымыр, міншіл қырағы жұрт» [2, 84 б.]. Құмдаққа келген кезінде де жолдағы малшыдан сыр тартып көрмек болған Байшора ата-тегі, үрім-бұтағына дейін қазбалай тексергеніне таңғалып, жалған құжаттары мен Даңқ орденін көрсетіп әрең дегенде қашып құтылады. Келген ізімен тез арада қайтып кету керектігін түсінген оның бұл ойы іске аспастан майор Ивановтың қолына түседі.

Ғұсманғали Мұхамбетовтің атын жамылған Байшора тұтқынды іздеп келген Тасболаттың көзіне оттай басылады. Байшора Алдазаровтың неміс-фашистердің ғана емес, соларға қолшоқпар болып жүрген «Түркістан легионының да» жендеті екенін анықтап, қауіпті жау диверсанын қолға түсіруде де Тасболаттың қырағылығы тағы бір мәрте көрініс табады. Майдандық курсты тәмамдап атқыштар ротасының командирлігіне тағайындалған уақытта әскери атағы да жоғарылап строй офицері болған Тасболаттың Отанын қорғауға, жауды жер жастандыруға деген құлшынысы еселене түседі.

Өздерінен әлдеқайда басым күшпен де кескілесе соғысып жеңіске жеткен капитан Тасболат Марқабает «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен, ротасындағы жауынгерлер Даңқ орденімен наградталады. Батылдықты, батырлықты, табандылықты, қайсарлықты, өжеттікті бойына жия білген Тасболат өлімнің қаупі кез келген сәтте төнерін білсе де, еш мойымастан рухын жоғары ұстайды. «Ерлік қауіп-қатерді батылдықпен жеңуден емес, оны қаймықпай қарсы алудан тұрады» [3] - деген нақыл сөз Тасболатқа арнайы айтылғандай. Оған себеп, өр мінезді, батыл жүректі азамат қиян-кескі ұрысқа да тұтқиылдан шапқан жауға да, сұрапыл шабуылға да, астыртын соғысқа да, ашық шайқасқа да дайын. Командир Марқабает пен ротасының теңдессіз ерлігі әсес әскерлерімен болған шайқастағы жеңісінен, рота командирі Адольф Готт пен полк командирі Ганс Галлерді қолға түсіруінен де айқын аңғарылады. « - Диверсанттарыңды менің еліме неге түсірдің деймін? - Марқабаеттың көзінен от ұшқындап түрегелді. Рота командиріне бағып, взвод командирлері мен сержанттар да түрегелісті. Өре түрегелген жауынгерлер жабыла кетердей-ақ Ганс Галлердің шүңірек көк көзі шарасынан шыға жаздады. Көптеген бейкүнә жандардың қанын қазір ғана ішіп келгендей біресе ықылық атып, біресе лоқсыды. Көптеген қала мен деревняны қазір ғана өз қолынан өртеп келгендей түтігіп тұр» [2, 138 б.]. Кеңес халқына көрсеткен зорлық-зомбылығы, опасыздықтары бір сәтте көз алдынан өткен жауыз Галлер ефрейтор Гитлердің қол шоқпары емес, капитан Марқабаеттың қолындағы тұтқыны екенін түсінеді.

Романның соңғы бөлімі неміс әскерлерінің кеңес жауынгерлерінің жойқын шабуылдарына тойтарыс бере алмай талқандалып, кеңес халқының өз мекенін, қасиетті жерін дұшпандардан тазартып, бостандық алып келген жарқын сәттерімен толығады. Бұл жөнінде Рымғали Нұрғали: «Кеңес Армиясы мен совет халқының достық, туысқандық көмегіне сүйене отырып, бірсыпыра елдер демократиялық мемлекет орнатты, социалистік даму жолына түсті.

Жәрдем Тілеков жаңа романының үшінші бөлімі Кеңес Армиясының осы бір аса ізгі миссиясын көркем сипаттауға арналған. Жауынгерлерінің жүрегіне жол тауып, оларды үлкен жеңістерге бастай білген ақылды, соғыс өнеріне жетік, батыр офицер Тасболат Марқабаев - енді азат етілген Польшаның бір ауданындағы совет елінің өкілі, комендант-дипломат ретінде көрінеді» [1]- деген пікір білдіреді. Расында да, шыншыл жазушы Жәрдем Тілеков

романының оқиғалары тартысты әрі шынайы құрылған, кейіпкерлері өткір әрі нық сөйлейді, ұтымды әрі тез әрекет етеді. Әсерлі көріністер мен тартымды эпизодтарға толы, шынайылық пен нақтылыққа құрылған роман қалың оқырманның жүрегіне жол тауып, ұлтын сүйген нағыз ерлердің қаһармандық ерлігін насихаттау арқылы отанға деген сүйіспеншілікті арттыра түсері сөзсіз.

Өткір ойлы жазушы отты жылдардың тарихи шежіресін жасаған көркем туындылары арқылы соғыс сұрапылына қарсы шыққан патриоттық сезімі басым, батыл да өр рухты образдар жүйесін жасай білді. Жазушының өмір жолымен етене таныс С.Сейітовтің «Талантын туған елге бағыштаған» [4, 36.] мақаласында Ж.Тілековтің шығармашылық

мұрасы хақында тұшымды пікірлер келтіріледі. Жазушы нақтылы кейіпкерлердің жинақталған бейнесі арқылы заман көрінісін, дәуір келбетін, бүкіл халықтың ерлік бітімін, қаһармандық рухын көрсете алды. Жәрдем Тілеков шығармашылығын толықтай қарастыра келе, Ұлы Отан соғысының жанкешті тарихын, майдан алаңының шынайы көріністерін, қиян-кескі ұрыстарда шайқасқа түскен жауынгерлердің ішкі күйзелістері мен жан дүниесін, арам ниетті жауыздарды тізе бүктіруді мақсат етіп, жеңіске апарар сара жолды айқын көрсеткен командирлер шеберлігін көз алдымызға әкеліп, санамызға сіңіріп, көкейімізге түйеріміз сөзсіз. Осы тұрғыда шыншыл әрі батыл жазушы Жәрдем Тілеков келер ұрпаққа тарихтың ақтаңдақ беттерін аңарту міндетін толық орындап шыққандығы айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғали Р. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. - Астана: «Фолиант», 2004. 456 бет.
- 2 Тілеков Ж. От кешу : екі томдық шығармалар / ЖәрдемТілеков. - Алматы : Жазушы, 1981. - 304 б.
- 3 www.mybiblioteka.su Жан Поль. Ұлағатты сөздер.
- 4 Сейітов С. Талантын туған елге бағыштаған. Кітапта: [Тілеков](#) Ж. От кешу: екі томдық шығармалар/ Жәрдем Тілеков. - Алматы: Жазушы, 1981. - 304 б.

ШӘДІ ЖӘҢГІРҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНТАНЫМДЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ КӨРІНІСІ

ӘОЖ 82-93

Алмауытова Ә.Б., Дүкенбаева Н.Е.

Қазақтың ғасырлар бойғы тарихының, наным-сенімінің, болмыс-тіршілігінің, шаруашылығының, дәстүрінің, мінез-құлқының, адамгершілік, сұлулық туралы түсінігінің энциклопедиясы іспетті тіліміздің өзегі - ұлттық дүниетанымның сақтаушысы, қазынасы ретіндегі қызметі. Осы негіздегі мәдениетіміз бен тарихымызды қазақ тілінің қатпарларынан іздеп, ұлтымыздың адамзат мәдениеті аралығындағы орнын анықтау, оның рухани түбін білу үшін ұлттық тілге тереңдей үңілу ғылыми тұрғыдан дұрыс жол - бағыт екенін қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыт пен лингвомәдениеттанымдық негіздер көрсетіп отыр. Осы тұрғыда, адамның рухани болмысының қалыптасуында тіл мен діннің атқаратын қызметі зор.

Тіліміздегі діни наным-сенімге байланысты сөздер мен сөз тіркестері тіл байлығы ретінде тек сөз өнерінің өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар бағзы замандардан

де ге н ұғы мда ғы фразе о ло гизмде р о йы мызға дәле л бо ла а лады . Се бе бі, бұл тілдік қо лда ны ста қа лы пта сы п қа лға н тұра қты сөз тірке сте рінде гі *Құдай* сөзінің о рны на *Алла* сөзін қо лда на а лма ймы з. А л ке рісінше *Алла рақым қылды* , *Алланың жазу ы* де ге н тұра қты сөз тірке сте рінде гі А лла ны ң о рны на *Құдай рақым қылды*, *Құдайды ң жазу ы* де п қо лда ну тілдік қо лда ны ста бар. Я ғни бұл мы салда р а рқы лы и сла м дінінің не гізінде тілдік қо лда ны сқа е нге н *Алла* сөзінің *Құдай* сөзіне қара ға нда қо лда ны с ая сы ны ң та рлау е ке ндігін, а л *Құдай* сөзінің қо лда ны сты қ а я сы ны ң ке ңіре к е ке ндігін көре міз. Бұны ң не гізін біз *Құдай* сөзінің и сла м дінінің та рау ы на де йін ми фтік мәнге и е бо лға нды ғы на н және *Құдай* сөзінің *тәңір* сөзіне н бе ртіңіре к, біра қ та ми фтік о йлау ды жи на қта й қо лда ны с та пқа нды ғы де ге н сөз е ке ндігін көрсетеді.

Құдайым хикмет берсін біздің халыққа,
Қырғыз бен қазақ болып шыққан атқа.
Мешіттің жәрдемінде кейін қалып,
Жүрмесін күлкі болып ноғай, сартқа
Анадан ақ сүт емдік, піскен емес,
Күнәміз таудан үлкен, кішкене емес.
Басыма қанша пәле түссе-дағы

Құдайым, кешем десей, ештеме емес! -
Бір есе бергенің он есе ғып,

Бір ***Құдай*** өз фазылымен сақтамаса,
Мәкрінен еш адам жоқ мойын бұрар - де ге н тілдік де ре кте р мы са л бо ла а ла ды .

Тәңір. Қо лда ны с а я сы , бе ре р ма ғы на сы тұрғы сы на н а лға нда бір ұғы мға са я ты н үш ле кси ка лы қ бірліктің бір шы ға рма ны ң бо йы на н та бы лу ы шы ға рма ны ң түркі да ла сы на и сла м дінінің та ра у ке зе ңінде дүни е ге ке лу іне н бо лу ы ке ре к. Се бе бі, түркі ха лы қта ры и сла м дінін қа бы лда ма й тұрға нда әле мді ба сқа ру шы күш и е сі *тәңір* де п се нге н [5]. Ақын шы ға рма ла ры на н ***тәңір*** а та у ы на қа ты сты тілдік де ре кте р ке лтіре міз:

Бір есе бергенің он есе ғып,
Сауабын ол пендеге берер ***тәңірі***.
Дәлелі осы сөздің құранда бар,
«Әнғамның» сүресінде айтылады.

Ақын шы ға рма ла ры нда А лла ны ң пи те тте рі жи і қо лда ны ла ды .

Жаппар - а ра б тіліне н ау дарға нда «құдіретті, күшті» де ге н ма ғы на дағы сөз, А лла ны ң 99 е сімінің бірі.

Жәрде м бе рге й тіліме
Жара тқа н жа ббар құдірет.
А ңды п жүрге н адамды,
А ңсы зда ке ліп со га ты н
А жал де ге н бір нәу бе т.

*Жасаган ***Жа ппар*** кәр қылса,*
Өрде н а ққа н дария
Са га сы на н ты на ты н.

Екі асылды ң сұлы бы на н
Сәтті күні па йда ғы н,
Жара тқа н жа ббар ылайдан.

Ерлерге и е құрме тте п,ту га н да на,
*Де ге н бар жара ту шы ***жа ббар*** па на.*

Құданың құдіретіме н, деп айтады, Ту ы пты е рсіз ба ла Мәрия м а на.

А йрылар батыр бақтан,падыша тақтан, Бұйры қта болса пәрме н жа ббар ха қта н.

Жаратқа н жа ббар сөзімді

А сылыққа жазбағай, Тілерлік тіле к-сол ни еттім.

Хақ - араб тілінде «шындық» деген мағына береді, Аллаһың 99 есімінің бірі. Сондықтан құдіретіңе салдым кеңес, Өзіңе сыйынған құл қайғы жемес.

Басыма қанша сауда іс түскенмен,

Жаппар-**Хақ**, ғапу етсең, ешнәрсе емес...

Мухаммед. Арабтардың діни, саяси, әскери және қоғам қайраткері, [ислам дінінің](#) негізін салушысы.

Он сегіз мың элемге сәруар болған **Мухаммед**,

Отыз үш мың асхабқараһбар болған **Мухаммед**, -

Жебірейіл Расулға айтты: «Иә, **Мухаммед**,

Бір Құдай сәлем айтты сізге шексіз:

Жолына жолбарыстың туын беріп, Жіберіп жалғыз өзін осы мезет, Майданға жалғыз барсын Әли шерім. Тахсин ғыб құдіретімді көрсін менің!»

Пайғамбар. Әулие, көріпкел, Аллаһың дінін, уағызын қауымға тартушы.

А тамыз Адам **пайғамбар**

Он сегіз мың ғаламның

Абзалы болып жаралған.

Сүйген досты Алланың-

Пайғамбары өтіп жалғаннан,

Артында қалған сахаба

Қойда йшулап қамалған.

Хадис. Мұсылман қауымы өмірінің әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын, [Мұхаммедтің](#) сөзі мен істерін дәріптейтін аңыз-әңгімелер. Хадис - Құраннан кейін екінші құқықтық құжат.

Болғанмен қанша күші тіреуленген, Адамның әрекеті құралмайды.

Хадисі Алатондай болса дағы,

Бөрібір бір қалыпта тұра алмайды.

Періште. Адамға мейірімділік жасайтын, же тілген рух. Періште пері ұғымына қарама-қарсы. Себебі пері адамға зұлымдық жасайды. Қазақ ұғымы бойынша періште адам өмірінде түрлі қызметтер жасайды. Олар түрлі деңгейде болады. Жоғары деңгейдегілер Құдайдың көмегінсіз тірлікте болмай өмірін бақарса (мысалы, Жәбірейіл), төменгі деңгейдегілер адамның жеке бағына қызмет етіп, оның өміріне жебеу жасайтын. Мысалы, қазақ мифологиясында адам туғаннан кейін екі ұйығына екі періште қонып, бірі оның жақсы қылықтарын, ал екіншісі жаман қылықтарын жазып, оны келесі өмірге дайындайды.

Қайғыға ұшыратты сахабасын,
Қалың ел қалайынша қайғырмасын,
Шәрияр, сахабалар, бар *періште*,
Қосылып оқыды Расул жаназасын.

Құран немесе **Құран Кәрім** - ислам дініндегі негізгі киелі кітап. [Мұсылмандар](#) оның [Мухаммед](#) пайғамбарға ® ақиқатты баян ету үшін түсірілгендігіне, а да мза тқа о да н үзілме сте н же тке н [Аллаһтың](#) сөзі е ке ндігіне се ніп, [иман](#) ке лтіре ді. О ны о ку а рқы лы Алла һқа құлшы лы қ қы ла ды . Құра н [уахидын](#) түске н же рі ме н у а қы ты на ба йла ны сты [меккелік](#) және [мединелік](#) бо п бөлінге н 114 [сүреден](#) тұра ды [4].

*Сауабын ол пендеге берер тәңірі.
Дәлелі осы сөздің құранда бар,
«Әнгамның» сүресінде айтылады.*

Ғибадат. [Исламда](#) бізді және бүкіл жаратылысты жоқтан бар еткен әрі әрқашан бар етіп ұстап тұрған, әртүрлі нығметтер мен жақсылықтар жіберіп, жетілдірген Алла тағаланың әмірі мен тыйымдарын бұлжытпай орындау.

*Жетпісжыл тынбай қылған ғибадатың,
Зәрредей пайда болмай қалды кетіп.
Осындай хиле қылып шайтан лагын, Ойлайды азғырмақты қайғы-қамын. Шайтанның алдауына
кірмеңіздер, Халінен гибрат алып Барсисаның, Әзәзіл бұл күнде де көп азғырар, Әр түрлі ой ойлатып
изуа қылар.*

Пайғамбар - дінде р (мы са лы , и у да и зм, хри сти а н және и сла м) бо йы нша , қау ы мға Құда йды ң а қи қаты н жеткізіп, Құда йды ң барлы ғы ме н о ны ң тала пта ры н мо йы ндау ға ша қы ра ты н, а да мды Құда йме н ба йла ны сты ра ты н а да м.

Нұқнабит пайғамбардай дуа қылып,
Дүниеде дұшпаныңның бәрін қырсаң.
Рүстемдей сахибқыран болсаң батыр, Залзардай әрбір істе тапсаң ақыл.

Сахи.

*Бір халықпыз қырғыз, қазақ қатар жатқан,
Жақынбыз бір-біреуге ногай, сарттан.
Біздің де ішімізде өзгелердей,
Байларымыз, **сахилар** бар дәулеті артқан.*

Бисмиллаһ. Бисмиллаһ - «Би сми лләһи р - рахманир - ра хи м» сөзінің қы сқа нұсқа сы . Қа си е тті Құра н Кәрімнің сүре ле рі «Би сми лләһи р - ра хма ни р- рахи м» сөзіме н ба ста лға н. Қаза қша ма ғы на сы «А са ме йрімді Алла Һты ң аты ме н» де ге н ма ғы на бе ре ді. «Би сми лла Һ - Құра н Кәрімнің кілті. Қа си е тті Ләху л - ма хфу зда жазы лға н, а лға шқы сөз «Би сми лла Һ». А да м па йға мба рды ң а лға шқы сөзі: «Би сми лла Һ».

*Біссміллә, деп сөз бастайын,
Жүректен шыққан сөзімді
Ортаға жайып тастайын.
Жаратқан Ием құдірет.*

Бісмилләһи Рахманыр-Рахим!

«Бір кітап» Алты бармақ» қойған аты, «Сиярдан» алынғанын арғы заты.

Пешене. Діни на ны м бо йы нша әркімге әу е лде н бе лгіле ніп қо йы лға н А лла та ға ла ны ң бұйры ғы .

*Жазбаса **пе шенеге**, жағдай мәлім,*

Қаншама қинап жанды, қылғанмен зар.

Қорыта айтқанда, ақын Шәді төренің қазақша аудармасы болса да араб сөздерін қолданған жерлері өте көп. Сонымен қорыта айтқанда, кезінде түрлі діни мектеп- медреселерде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, сол арқылы араб поэзиясынан еркін сусындаған, Ислам тарихы мен араб әдебиетін терең білетін қазақтың ғұлама шайыры Шәді төре Жәңгірұлы қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байыта түсуге өзіндік үлес қосты. Ол шығыс классикалық поэзиясына тән нәзір дәстүрін жанжақты меңгеріп, қазақ оқырманының талап-тілектеріне сәйкес келетін шығармалар жазды.

Шәді ақын шығармалары бұрын-соңды зерттеліп жүрген тақырып, десек те қазақ тіл білімінде оның өлеңдері рухани-мәдени лексика тұрғысынан мазмұнына қарай жүйеленіп, арнайы зерттелген жоқ. Сол себепті Шәді ақын шығармаларындағы рухани лексика қолданысының ұлт мәдениетіндегі орнын анықтау осы мақаланың өзектілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚТТС. 3-том. -Алматы., 1978.
2. Бұлұтай М. Ұлт және дін. -Алматы., 2006.
3. Боранбаев Ж. Шығыс шайырларының соңы - Шәді ақын. -А.:Білім, 2014.
4. <https://kk.wikipedia.org>
5. Ускенбаева Р. Мифологиялық шығармалардағы мифологемалардың қолданыстық ерекшеліктері// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. «Филология» сериясы. -Алматы, 2016.- №3 (38). - 316-319бб.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПОЭТИКАСЫ: ЖАНҒАЛИ МЫРЗӘЛИЕВ - МӨЛТЕК ӘНГІМЕ ШЕБЕРІ

ӨОЖ 82:801.6

Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Садыкова А.М.

Ақын Жанғали Мырзәлиев көркем прозада да бақ сынап көрген қаламгер. Оның әдеби мұралары қатарында әр жылдарда газет беттерінде жарияланған мөлтек әңгімелері сақталған, саны көп емес. Бас-аяғы жеті-сегіз шығарма. Әңгімелері шағын сюжетке құрылған, новелла жанрына жақындау. Күрделі оқиғалар суреттелмейді. Әңгімелері бірінші жақтан баяндалады. Мәселен, «Күтпеген кездесу» әңгімесінде жаңа жыл қарсаңындағы оқиға сөз болады. Кеңестік кезеңнің дәстүрге енген Жаңа жылды қарсылау мерекесінде екі кейіпкердің кездесудегі әңгімелері мысалға алынған.

Кеңестік кенттің көзге түртсе көрінбейтін қараңғы көшелерінде кездескен олар, аман саулық сұрасып, жағдайды біліскен соң екеуара әңгіме төмендегідей диалогқа құрылады: «Шалдың ызбарлы қабағына қарап тұрып қияңқы ойдың жетегінде тағы былай демесім бар ма: Жаңа жылдың жаршысы болып сіз келіп жүрген айы гректердің көп құдайының бірінің атынан шыққан ғой. Әйтпесе, біздің жаңа жылымыз Науырызда басталады емес пе? Лезде Аяз атаның өңі сұрланып, бетімді үскірік шалып өтті. - Тәйт! - деп ақырды қаһарлы қарт, - Науырызыңды құрдымға жоғалтып жүргеніңде, ненің атын қойса да, Жаңа жыл келмей қалған жоқ. Шүкірлік ет те, береке тіле! Аяз ата халық мейрамы Науырыздың құрдымға кеткеніне өкінетінін жасыра алмады. Өзі жыл басы болып келсе де!...» [1].

Бұл әңгімеде қазақ халқының ұлттық Наурыз мейрамы кеңес дәуірінде көп жылдар бойы аталмай қалуы сөз болады. Іштей болса да, наразылық танытқан «орыс» Аяз атасы мен лирикалық кейіпкердің сол кезең үшін пікір таласы байқалады. Ұзақ жылдар бойы ұлттық

құндылықтарын жоғалта жаздаған халықтың іштей үнсіз тұншыққан тыныштығы бір-ақ кездесуде реніш өкпе болып ақтарылады. Автор осы әңгімесі арқылы ұрпақ санасының ұлттық құндылықтан, халықтық мәдениеттен ажырамауын ишаралап түсіндіреді.

«Базекеннің арқасы» атты әңгімеде қазақтың бал ашудан басталып, карта ашуға дейінгі жеткен «сәуегейлік өнері» әзіл-қалжың аралас түрінде берілген. Әңгіменің шынайылығы сыни-баян сипатымен ерекшеленеді. Қалың құмның ішінде орналасқан Базаула деген сиыршыға көмекші болған кейіпкердің бастан кешкен оқиғасы арқау етілген. Ферма меңгерушісі Сүтемген көмекшіні жұмысқа аларда былай деп ескертеді: «Шырағым, Базекеннен жақсы болсаң ет те, құрмет те болады. Әйтпесе... арқасы бар, саған да, маған да қиын боп жүрер».

Ал сол «арқасы» бар Базекеннің портреті мен мінез-құлқын автор мейлінше шанымды суреттейді: «Базекен көрмеге тұла бойы бір уыс, ұршық бас кісі екен. Заманында арақты аяқпен ішем деп трактор доңғалағы астына түсіп, жалғанда жақсылықты да, жамандықты да естуге жаралған қос құлақтан айырылыпты. Содан да өзі айқайлап сөйлеп, басқаның әңгімесі мен күлкісін жақтырмайтын болып шықты. Ілкіде мұның «арқасы» қай жерде деп таңданып ем, бақсам былай болды:

Түсте суаруға айдап келген малды мүйізінен шертіп санағанымызда он үш мал кем шықты. Қайта санадық, қайта кем. Бозала таңнан бозқасқаға мініп құм ішінен сиыр іздеуге кеттім. Күзгі ызғырық ойнаған бөлтек-бұлдырларды қас қарайғанша шаршап-шалдығып келіп, тізе бүккенім сол еді. - Әй! - деп шағала дауыспен шаңқ етті Базекен: - Малды сен сияқты суықта сабылып іздеп дорақтар ғана бағады. О, несі-ай! Қазір мен саған айтайын» [2].

Бұдан әрі оқиға Базекеннің «арқасымен» байланысты өрбиді. Жалба жұлбасы шыққан ойын картасын қолына алған Базекен құрт оқуын айтып отырғандай міңгірлеп, «ондық олжа, тұз қолда, жеті жол...» деп сәуегейлік жоспарын құрып жоғалған малды қайдан іздеу керектігіне кеңес бере бастайды. Карташының долбарынша жоқтың орны «пәлен құмның арғы жағында, түгел құмның бер жағында, бір топ талдың жел жағында, желіні жер сызып тұр екен, айналайындар. Бар да айдап кел». Көмекшіде не амал, бастық айтты, мен көндім. Әйтсе де Базекеннің көріпкелдік қасиеті сенімді ақтамады. Барған жерде сиыр түгіл шайтан да жоқ екен. Босқа барып, бос қайтты. Көрген-білгенін Базекенге айта келді. Болжағыш «өнеріне» нұсқан келген Базекенге енді көмекке сүйген жары жез кірпік Ғалиябану көмекке келді. «Сенде қартайған сайын алжиын дегенбісің, шатыстырып жүрсің ғой» деп еріне күнкілдеп тозығы жеткен ала қағазды алып сыпылдай бастады. Енді көмекші байғұс Ғалиябану ханымның көріпкелдік болжамына бас иіп батысқа қарай тартты. Өйткені ханымның айтуынша қарасандар сол жақта түп-түгел күйсеп тұр-мыс. Бұл жолы да сиыр көмекшісі бос қайтты. Сиыр да шиыр да жоқ. Әдеттегідей көрген-білгенін Базекенге айта келді. Оқиға бұдан әрі рет-ретімен, бірте-бірте күрделене түседі. Бақса бақа екен дегендей, көріпкелдік сәуегейлік, болжалдық қасиеттер тек Базекенмен және оның әйелімен бітпейді екен. Ойынға отбасы мүшелері: кәрі кейуана кемпір мен естияр баласы және оқушы қызы да араласады: «Ей, шырақтарым-ай, сендерге карта ойыншық болған екен. Кәне, «Сейтектің бір тартарын», - деді бұл жолы кеміек кейуана. Дұғасын қайырып, әрі ашты, бері ашты. Түс ауған мезгіліне барып, «тарт, балам оңға», деп қолын сілтеді. Тарттым. Қыбырлаған тұяқ кездеспей қайтіп келдім. Көріп білгенімді Базекенге айтып келдім. Карта ашуы осылай жалғаса берді. Естияр баласы ашып «солға» деді, оқушы қызы ашып «тура жолда» деді. Кейінірек бозқасқаны борбайлап өлдім-талдым дегенде аман қалған екі бас сиырды айдап келдім. Қалғаны карта ашып отырғанда ит құсқа тап болыпты [2].

Түйіп айтқанда қазақы әзіл-қалжыңмен өрілген әңгімеде сыртқы соқыр сенімге алданған ауыл адамдарының аңқаулығы баяндалады. Ішкі сенімнен гөрі сыртқы түйсікке бой ұрған бейкүнә жандардың ебедейсіз іс әрекеттері әңгімеде шынайы баяндалады. Автор оқырмандарын соқыр сенімге бой алдырмауға шақырады.

Ж. Мырзәлиевтің «Беу, құрбылар» әңгімесі жастық шақтың, жастар өмірінің бір парағынан сыр ашады. Шағын әңгімеге екі мөлтек оқиға арқау болып, екі бөлімге жіктелген. Шығармада әскер қатарында азаматтық борышын өтеп жүрген Сапардың қызық қылықтары сөз болады. Әскердегі сарбаздың бос уақытта хат жазу әдісі Сапарда өзгешелеу -тін. Өзге

кұрбыларына қарағанда хатты ұзақтау жазатын Сапардың келеңсіз қылығы кейін ашылып, әскерлес досына жария болады. Ұдайы хат жазудан қолы босамайтын сарбаздың танауы делдиіп, шүңірек көздері ызаға булығып: «Хат! Хат жаздармайсындар ма, түге!» дейтін сыры кейіннен мәлім болды.

Біз бәлкім, әлі таңдана берер ме едік, қайдам. Күндердің бір күні құпиясын Сапардың өзі ашты. Ашқанда бөлімшенің хат тасушысы Борис тапа тал түсте Сапарды билетуге біраз әуреленіп, ақыры қолдағы хатын беріп құтылды.

Бұл жолы Сапар алыстан жеткен хат-сәлемдемені қуанышпен оқи алмады. Ұсқыны бұзылып, көздері бақырайып, жақ еті жыбырлап келген хатты қайта-қайта оқи бастады. Сәлден соң хатты досы Шәпиге оқуға ұсынып, мына хатқа жауап қайтаруды өтінді. Жазушы оқиғаның одан әрі ұзын ырғасын былайша баяндайды:

«Кәдімгі дәптердің ақ бетіне сұлу әріптермен сәл жантайта жазған қыздың қолтаңбасы. Сүйкімді өтір иісі де келетін секілді. Қыз былай деп жазған екен:

«Сапар, жылқы тектес жануар екеніңді жаңа байқап отырмын. Шынымды айтсам, ердің серігі асыл жануарды саған теңеуге обал-ақ. Жылқы болғанда басы қауғадай, жалы барақ- барақ, ана үйір мен мына үйірдің арасында қан сорпасы шығып шабыспен күн кешетін азбандары болатын еді ғой, соған ұқсайсың. Сәруәр мен Мәруә менің достарым екенін білмеуші ме едің? Хатыңа қарасак, үтір-ноқатыңа дейін, ауа райы туралы былшылық мен өтіріктен үздігіп сүйгеніңе дейін үшеуімізде үш тамшы судай ұқсас. Рас айы мен күнінде аз кем айырмашылық бар сияқты, қалғанын сөз етуге де тұрмайды. Хат жазуыңның соңы осы болсын» [3].

Қорытынды белгілі болғандай, Сапардың хатты ұзақ жазу сыры осы жерде ашылады. Оның қыздарға жазған хатының жазылу уақыты әр қилы болғанмен мазмұны бірдей екен. Сөйтіп бірнеше қызға бірдей мәтінде хат жазған сабазға Шәпидің көмектесуге еш орайы келмеді. Бұл жерде автордың айтпақ идеясы «Екі кемеңнің құйрығын ұстаған, суға кетеді» деген халық мәтелін еске түсіреді.

Әңгіменің екінші бөлімінде Нарша атты кейіпкердің тұрақсыз қылығы мен жағымсыз мінезі оқиғаға өзек болған. Студенттік өмірді қатаң сынағына көндіге алмаған Наршаның ой арманы оқу-тоқудан алыс жатыр. Әңгіме авторы Наршаның қиялындағы өзекті мәселені оның мінезімен байланыстыра суреттейді. Бұл суреттеулерде жазушының тіл, ой байлығы, шеберлік нәші айқара ашыла түседі.

«Құрбымның Нарша деген аты қандай қызық болса, мінезі одан бетер ғажап болатын. Өзін жатақханаға дейін шығарып салуды қиыла өтініп, жолшыбай әңгіме бастайтын: - Осы оқуға түскеніме мықтап өкініп жүрмін. Бізден халық қамқорынан гөрі кеңсе көртышқандары шығуы әбден мүмкін, - дейтін ол қызғанып.. - Өткен ертерек білмей қалғаным-ай! Бұрқ-сарқ қайнаған теңіз төсін кескілеп келе жатқан кеме палубасында көкжиекке ойлана қарап тұрған матросты көз алдыға елестетші. Шағалалар жағалай шаңқылдай ұшып жүр. Анадайда делфиндердің көк толқын үстінде шыныдай жылт еткен сауыры ғана көрініп қалады. Кеме тұмсығынан ашқылтым тамшылар шашыңа, бетіңе тиіп үстінді малмандай жасайды.

Сен оны елемейсің, қайта кеуденді дауылға айқара ашып, айбарлана түсесің. Бұлшық еттерің бұлтылдап ойнап, қиындықты сағынады.

Қайдасың қатал тағдыр қиындықтары?.. Уһ, дүние-ай, ақшаңқан қалалар, алыс жағалаулар! Ой, досым, мына оқу болмағанда матрос болған жөн-ақ еді-ау! [3].

Әңгіме түйінінде Наршаның студенттік өмірмен біржолата қоштасқанына куә боламыз. Оған себеп кірден жылтыраған шұлығын шешпестен жатақхананың аппақ төсегіне жатқан күйі коменданттың көзіне түсіп қалыпты. Жатын орнынан айырылған ол оқудан да шығып қалыпты. «Ал матрос болды ма, бола алмады ма, мен анық білмеймін» - деп аяқтайды автор әңгімесін.

Жанғалидың «Өксік» және «Міскін» әңгімелерінің тақырыптары бір алуандас. «Ащы судың» зардабын тартқан жандардың өз ортасынан, отбасынан орын таба алмай өксумен, өкінумен өткен өмірлері бейнеленеді. «Өксік» әңгімесінде әкесі соғыстан оралмай, жалғыз ұл боп шешенің тәрбиесінде еркелеу өскен Қалидың тағдыры баяндалады. Арақтың буына елтіген ұл анасының көзінше келіншегін атып жаралайды. Алты жылды арқалап, түрмеге

отырып келеді. Қалидың жалғыз шешесі мен келіншегіне көрсеткен озбыр әрекеттері оқырман жүрегін жаралайды. Қали өмірінің баянсыз тұстары ана монологында былайша баяндалады:

«Бетіне қағажу көрмей, барынша мейірім шуағына малынып ерке өскен Қалиым ер жетіп, етек жапқан сайын араққа үйірсектеніп, тіршілік күресімен сырғақтай берді.

Мен байғұс онысын ерке өскендікке сайып, онша мән бере қойған жоқпын. Отызға жақындап барып ауылда ақушер болып істейтін қызға үйленді. Өзі механизаторлыққа оқып, бір мекеменің жер қазатын бульдозер тракторын айдап жүрген. Табыстары жақсы, ішіп- жемнен тарлық көрген жоқ. Келе-келе соғымға сиыр еті дәмсіз, жылқы еті болмаса дейтінді шығарды. Той-дамалақ, дыр-думан кейіннен көбейіп қонақтық жиілей бастады. Бетіне жел тимеген Қалиға не айтайын. А, құдай, өзің сақта деп күрсініп, жалғыз отыруды әдетке айналдырдым. Күндерде бір күні арақтан ес-түсінен айырылған балам жазығы жоқ келінімді мас күйі атып бұғансынан жаралады. Күлкі ортаймаған төрімізге жылау кіргені сол еді. Амал не, зағип болып қалған бейкүнә жан үшін заң іс қозғағанда көргенімді айтуға мәжбүр болдым. Алты жылы қамауда өткеніме, тағы жалғыз қалған маған ауыл аймақтағы жарандар: «Келініне бар байғұс, сұмырай түрмеден шыққан соң сені өлтіреді» - деп желпінтті. Амалың қайсы, жан тәтті болғасын үйді сатып, Гурьев қаласына кеткен келінімді іздеуге шықтым. Дүниеге бақ болып туып, сорыма айналған ұрпағымның жайы осы, шырағым... [4].

Әңгіме соңы Қалидың сол күні түнде өксіп-өксіп жылауымен аяқталады. Ал кері шегініс жасасақ, әңгіме басы кейіпкердің: «-Міне менің өмірімді құртқан жалмауыз кемпір мынау. Бұл албасты мыстанның тағдырыма келтірген кеселіне еш дауа жоқ» - деп өреки сөйлеген үні құлақта қалды. Өз нәпсісін құрықтай алмаған кейіпкердің өмір сүру дағдысын реттей алмаған әлсіздігі туған анасын айыптауға ұласқаны оқырманды ойландырып тастайды.

«Міскін» деген әңгімеде маскүнемдікке салынып, қу арақтың құлы болған бейшара жанның адам аяр жағдайын автор: «Ұйқы емес дағдыға айналған күйтінді кешкендей. Кеуіп қалған таңдайын тілі егеудей тырнап зеңіген маңдайын жастықтан көтере алар емес. Адамдар арасынан алыстағанына да біраз уақыт болған. Мұны ешкім қуған жоқ, арақ алыстатты. Бәріне жеткен ақылы жеңсік нәпсіні тиюға қайрат таныса алмады. Тіршілік үшін жаралған тегеурінді тұлғаның таянышы кетіп жатқаны мынау. Жалақының кезінде жанынан шықпайтын жандайшаптардың бірі жоқ» [5] - деп суреттейді.

Қос әңгіменің түйіні мынада болса керек. Жазушы қазақтың әу бастағы ешбір салт- дәстүрінде жоқ ішімдік (арақ, шарап) ішудің ұрпақ тәрбиесіне әкелер зардабын идеялық мақсат еткен. Әңгімедегі кей баяндар автордың өзі басынан кешкен оқиғалардан алынған сыңайлы. Бір сөзбен айтқанда ішімдік атаулының ешбір адам үшін опа бермейтінін меңзейді.

«Бауыржанның ұрпағы» әңгімесінде қазақтың әйгілі батыр ұлы Бауыржан Момышұлының баласы Бақытжанмен кездесудің себептері бір-ақ сәті баяндалады. Бақытжанның үйіне бару арқылы Бауыржан батырдың өзімен де жүздесудің реті келеді.

Автор ұлы тұлғалардың бейнесін ұнамды сипаттап өтеді. «Біз әңгімелесіп отырғанда ішке кірген, қолында таяғы бар шалдың әп дегенде атақты Бауыржан екенін аңғармай қалдым. Қайта орнынан тез көтерілген Бақытжан қол беріп амандасып «Батя, саулығың қалай?» - деп қалбалақтады да қалды. Тым-тырыс отырған маған даңқты жауынгер аялы көздерінің қиығын салып:

- Шүкір, балам, қонағыңмен әңгіменді жалғастыра бер. Мен анада келінге алып қой деп тапсырған дәріні ала кетейін деп келіп едім...

Бар көрген-баққаным осы. Қас қағым сәтті қыруар сөз қып баяндау арқылы халықтың қадірлі перзентінің келбетіне күйе жағудан аулақ екендігіміз белгілі. Қайта ардақтаған атына дайдансымай қарапайым адам, әке болып қалған, қазақтың аяулы азаматына ілтипәт танытуды мақсат тұттық» [6].

Әңгімеде қазақтың белгілі жазушысы, аудармашы Бақытжан Момышұлының әкесіне деген құрметі де ашық баяндалады:

- «Ал даңқты полковник батырға келсек, кез келген әкелер сияқты тәрбиеледі, өсірді, оқытты. Орыс тілінде білім алдым, бірақ ана тілімді жақсы білемін. Орталықтан үй алуға, жұмысқа орналасу, тіпті үйленген кезімде де әке қамқорлығы сезіліп тұрды» [6].

Ал «Жастығымның бір беті» әңгімесі [7] студенттік өмірдің бір күндік баянына құрылған. Курстас құрбысы Гүлжамилға қатты ғашық болған кейіпкердің күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылғандай екіұшты күйде жүріп, қиял қанатына самғаған арман ойы суреттеледі. Арман құшағына енген жанның оқуға түскен 13 қыздың ішінен өзіне ерекше ұнаған Гүлжамиланың суретін салып шығуы (байқамай отырып), оны бөлмелес жігіттерден қанша жасырса да ғашықтық сыры ашылып қалады. Жастық шақтың бір кезеңін қамтыған студенттер өмірінің романтикаға толы суреттері шағын әңгімеде әдемі берілген.

Жанғалидың «Киік» әңгімесінде шілденің ми қайнатқан ыстығында шөп тасуға шыққан шөпшілердің жайдақ машинамен киік ауламақ ниеттері былайша беріледі:

«Қап, мына қорлықты-ай, «Асеке, айда, айда!» деп соққылаймыз қаңылтыр төбені. Қалайда тағыны тегеурінді жылдамдықпен тапап тыныстаған жөн шығар. Бізге тиген залалы болмаса да адам атымызға нұқсан келетіндей өшігіп алдық. Өрепкіген көңіл бейкүнә киіктердің қаны аққан жылы өкпе-бауырына ауыз салған соң, басылмаса, тынар емес.

Әйда, Айда!..

Қанша жүріп, қай белестерден асқанымыз белгісіз, мезгілді сұрама. Кенет, ия, зырқып жүйткіген бойымызда аспанға ұшып жерге батқандай оқыс жағдай болды. Үшеуміздің қалай аман қалғанымызды айтып жеткізуге болмайды. Есімізді жыйғанда сай жағасындағы терең жыраңқаға алдыңғы доңғалақтарын тығып тұрған «арбамызды» айналып жүрміз. Асаубайдың түтіккен жалпақ бетінен қызғылтым тер жуан мойнына қарай тынбай сырғып барады. Сайдың арғы бетінде бір топ киік бүлкілдей жүгіріп ұзап кетті. Шамасы суатқа асығып бара жатса керек. Сол күні қыстаққа шөп тасылмай қалды. Сол күні біз арқан мен айырларды жоғалттық» [8].

Осылайша даладағы қуғын сәтсіз аяқталады. Киік қуу операциясы туралы әңгіменің түйіні киелі жануарға арналған шумақтармен көмкеріледі:

Киіктер, қайда киіктер
Даланың тағы еркесі?
Өртені жаздап күйіктен
Не күйді көңіл шертесің.

Шырадай жанып көздері
Жүр екен қайда енді олар
Пана деп, бәлкім, келгені
Тандайы тақыр жер болар.

Желменен ойнап жарысып,
Жебедей аққан жосыла
Үркердей үйір табысып
Ала ма қайта қосыла?.. [8].

Жалпылай алғанда Жанғали Мырзәлиев әңгімелерінің ерекшеліктері мынада:

Біріншіден, ол қысқа да нұсқа жазады. Алайда қоғамның өткір мәселесін қозғай алады, яки біз өмір сүріп отырған дәуірдің өзекті ахуалын көре де, көтере де біледі;

Екіншіден, жазушы туындыларының кейіпкерлері жүйесі аса бай емес, әйтсе де олар оқиғаның мазмұнын қоюлатып, шығармада кесекті образды иемденген;

Үшіншіден жазушы оқиғаны өмірдің өзінен алады, күнделікті тіршілікте араласып жүрген таныс-біліс жандардың әрқилы тағдырларын шығармаға арқау еткен.

Қорытындылай айтқанда елу жыл ғана ғұмыр кешкен асау мінезді ақын әрі жазушы, журналист Жанғали Мырзәлиевтің соңына қалдырған қилы жанрдағы әдеби шығармалары өз оқырманын табары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзәлиев Ж. Күтпеген кездесу // «Октябрь туы», 01.01.1990. №1 (6383).
2. Мырзәлиев Ж. Базеңнің «арқасы» // «Октябрь туы», 27.01.1990. №12 (6394).
3. Мырзәлиев Ж. Беу, құрбылар // «Октябрь туы», 07.04.1990. №42 (6424).

4. Мырзалиев Ж. Өксік // «Октябрь туы», 7.04.1990. №42 (6424).
5. Мырзалиев Ж. Міскін // «Октябрь туы», 29.09.1990. №117 (6499).
6. Мырзалиев Ж. Бауыржанның ұрпағы // «Октябрь туы», 06.12.1990. №146 (6528).
7. Мырзалиев Ж. Жастығымның бір беті // «Октябрь туы», 09.05.1989. №55 (6331).
8. Мырзалиев Ж. Киік // «Октябрь туы», 29.06.1989. №90 (6366).

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН БАСҚАРУДА БАСШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 372.2.01

Иргалиев А.С., Кенжегалиева Л.Г.

Мектепке дейінгі ұйым басшысының әкімшілік қызметі кәсіби білімнің, іскерліктің және дағдылардың әмбебап жиынтығына, ұйымдастырушылық қабілеттерді, адамдарды бағындыра білуді және өзіне жүргізе білуді, еңбек процесін интеграциялауды, дербес шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін қасиеттерге сүйенуі тиіс, бұл ретте жоғары тұрған құрылымдарға қатысты бағыныстылықты жүзеге асырады.

Зерттеулер, әдетте, педагогикада, ғылымда, медицинада немесе әкімшілік лауазымдарға ұсынылған тұлғаның шығармашылық еңбегінің өзге саласында кәсіби маманның тәжірибесін жоғалтатынын дәлелдейді. Басшылар ұйымның басқару иерархиясында белгілі бір «лауазымдарды атқарады және дәл осы олардың қызметтік мінез-құлқын айқындайды, оларды белгілі бір түрде өзін ұстауға мәжбүрлейді. Лауазымды атқарған басшы оның мазмұнына әсер етпейді, алайда жеке тұлға ретінде оны әртүрлі атқара алады» [1].

Лауазымға қойылатын талаптар жеке тұлғалық қондырғылармен және қабілеттіліктермен сәйкес келуі мүмкін, сонда ол - ол үшін де, оның басшылық ететін педагогтары үшін де игілік, бірақ егер ол көшбасшылыққа ұмтылса, ал лауазым оның талабына сай келмесе - бұл адамның өз еңбегімен қанағаттанбауынан көрінеді. Егер ол басшы қызметін атқаратын болса, бірақ өзінің диагностикалық көрсеткіштері (мінезінің қасиеттері мен қабілеттері, қасиеттері) бойынша бұл рөлге сәйкес келмесе, онда бұл тек оның жеке амбицияларының ғана емес, сонымен қатар ол басшылық ететін барлық ұжымның жұмысқа қабілеттілігінің проблемасы.

Нәтижеге бағдарланған білім беру мекемесінің басшысы тексерілген ақпарат негізінде әрекет етеді. Мұндай басшы дамуға ұмтылатын әрбір адам туралы ойластырылған түсінікте жеке және топты басқару жөніндегі өз қызметін саналы түрде жобалайды. Қызмет нәтижелеріне қазіргі уақытта ғана емес, болашақ үшін де әрқашан жауапты болады. Бұл оның кәсіби басқару қызметінің маңызды бөлігі. Оның міндеті педагогтар білім беру міндеттерін бұрынғыға қарағанда жақсы орындай алатындай және өз оқушыларының даму қажеттілігін алдын ала болжау үшін өзіне сеніп тапсырылған педагогикалық ұжымды дамыту болып табылады. Бұл ең елеулі түрде білім беру мекемесі басшысының өзіне де қатысты, өйткені өз дамуында ол ұжымның жұмысына қажетті үлес қоспайды. Сондықтан ол өзінің жеке тұлға ретінде және басшы ретінде дамуы үшін басты жауапкершілікті өзіне алған жөн. Қазіргі заманғы педагогикалық ұжым бастама тікелей басшыдан шыққан жағдайда дамуға деген осы белсенді ұмтылысқа қажетті қолдау көрсете алады.

Нәтижеге бағдарланған басшы өзін кәсіби қызмет субъектісі ретінде көрсетуге толық қабілетті.

Кәсіби қызмет субъектісі болу үшін басшы:

- 1) кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейіне қол жеткізу;
- 2) еңбекке қанағаттану;
- 3) еңбек объектісін барабар көрсету;
- 4) өзін-өзі реттеу жүйесін дамыту;
- 5) қоғамдық пысықталған қызмет тәсілдерін меңгеру;

б) өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту, өзін-өзі бекіту және өзін-өзі құрметтеу сезімі қажет [2].

МДҰ басшысының дербес құзыреттілігін дамыту процесі ұзақ уақытты талап етеді, басқару қызметінің тәжірибесін жинақтауды болжайды, осы қызметті осы лауазымдық орынға ие бола отырып орындайтын кәсіби қызметтің мақсаттарын (объективті, формальды тіркелген) және маманның мақсаттарын (субъективті, меңгерілген және осы адам қабылдаған) ажыратуды үйренуге мүмкіндік береді. Бұл мақсаттар арасында, көп жағдайда, оң да, теріс те келісулер болады.

Л.М. Кустов, Ф.Н. Ключев, С.В. Шустюк жетекшінің кәсіби мінез-құлқының екі моделін қарастырады: біріншісі - бейімделген мінез-құлық моделі және екіншісі - кәсіби даму моделі.

Адамның сана-сезімінде бейімделген мінез-құлық кезінде кәсіптік қызметтің ұйғарылған талаптарды, ережелер мен нормаларды орындау түріндегі сыртқы жағдайларға бағыну үрдісі үстем болады. Білім беру мекемесі басшысының өзін-өзі бейімдеуі, сондай-ақ ортаның оның бастапқы мүдделеріне бағынуы орын алады. Қызметінде мұндай маман «басқарудың іскерлік стилін» ұстанады (И.А. Скопылатов, О.Ю. Ефремов), бұл ретте күштерді үнемдеу қағидатын басшылыққа ала отырып, проблемаларды, жағдайларды басқарудың жинақталған алгоритмдеріне сүйене отырып. Бірақ білім беру мекемесі болжамға келмейтін сыртқы орта жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр болған кезде, бұл мінез-құлық моделі тиімсіз деп есептелуі мүмкін.

Кәсіби мінез-құлық моделінде басшы күнделікті практиканың үздіксіз ағынының шегінен шығу, өз еңбегін тұтастай көру және оны практикалық түрлендіру нысанасына айналдыру қабілетімен сипатталады. Бұл кәсіби қызметтің қайшылықтарын ішкі қабылдауға, сезінуге, оларды өзінің құндылық бағдарларына сәйкес дербес және сындарлы түрде шешуге, кез келген қиындықты өз шектеулерін еңсеру ретінде одан әрі дамыту үшін мүмкіндік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [3].

Кәсіби мінез-құлық моделін қолданудың міндеттері басшының назарын дербес құзыреттілікті дамытуға аудару болып табылады:

- басқарудың әлеуметтік-психологиялық феноменологиясымен танысу негізінде болжамды іс-қимыл базасын қалыптастыру;
- өзіндік менеджмент дағдыларын әзірлеу;
- іскерлік қарым-қатынастың типтік жағдайларында практикалық іс-қимылдар тәжірибесін жинақтау;
- өз мүмкіндіктерін барабар бағалау және қол жеткізілген басқару шеберлігі жағдайында тұрақты кәсіби дамуға тұлғалық бағытты қалыптастыру.

МДҰ басшысының дербес құзыреттілігін дамытудың технологиялық тәсілі білім беру бағдарларын («Әлеуметтік саладағы менеджмент» жоғары кәсіптік білім беру стандарты), басшының басқару қызметінің мақсаттары мен ерекшеліктерін, бар кәсіби тәжірибені негізге ала отырып, кәсіптік қайта даярлауды құрастыруды көздейді.

Л.М. Кустов бойынша «технология - білім алушылардың немесе басқарушы бағдарламалардың нормаларымен берілген оң нәтиже алу тәсілін анықтайтын білім» [3].

Білім беру мекемесі басшысының дербес құзыреттілігін дамыту «кәсіби басқару еңбегі арқылы кәсіби ортада өзін-өзі бекітудің және өзін-өзі білдірудің жеке тәсілдерін, атап айтқанда, басқару қызметінің жеке стилін, кәсіби басқарушылық ойлауды, кәсіби қарым-қатынасты, барабар өзін-өзі бағалауды қалыптастыруды қамтамасыз ететін кәсіби басқару қызметі субъектісінің өзіндік ерекшелігін, жалпы кәсіби басқару қабілеттерін; маманның даралығын дамытудың негізгі құралы ретінде іске асырылады» [3].

Демек, даму технологиясы басқарушылық қызметтің жаңа мазмұнын құру кезінде іске асырылады, басқаруды дамыту және басқарушы кадрларды үздіксіз кәсіби дамыту қисыны процессуалды түрде берілген.

Бірінші кезекте, білім беру мекемесі басшысының деңгейін және оның дербес құзыреттілікті дамыту жөніндегі қызметін қарастырамыз. Қазіргі уақытта қандай да бір қасиеттердің даму қажеттілігін, қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін орасан көп диагностикалар бар. Сондықтан басшының дамуын жобалауға толығырақ тоқталайық.

Білім беру мекемесінің басшысы педагогтарға, педагогтар мен білім алушылар ұжымына қатысты өзінің жеке мақсатын білдіруі, яғни өз миссиясын айқындай білуі тиіс. Өйткені «бірінші адамдардың тиісті дәрежеде қатысуынсыз мектепте ешқандай елеулі өзгеріс жасау мүмкін емес». Білім беру мекемесі қоршаған әлеуметке қатысты даму субъектісі болып табылады. Егер білім беру мекемесінің дамуы әлеуметтің дамуынан артта қалса, өзара іс-қимылда алшақтықтар, мекеме мен қоршаған ортаның арасында сенімсіздік пайда болады, оны еңсеру барған сайын қиындап барады. Осымен, ішінара, басшы кадрлардың тұрақтамауын түсіндіруге болады.

Басқару қызметін жүзеге асыру белгілі бір орындаушылық шеберлікті - жеке басқару техникасын талап етеді. Біздің елімізде басқару техникасы саласында таяу уақытқа дейін арнайы дайындықтың жоқтығын ескере отырып, басшы тарапынан қосымша күш-жігер жұмсалмағаны анық болып отыр. Өзінің қайталанбас даралығын көрсету, өзінің басқару қызметінің жеке стилін қалыптастыру және дамыту мүмкін емес [4].

Осыдан, дербес құзыреттілікті дамытудың негізгі сәті болашақтың немесе жұмыс істеп тұрған басшының күшті және әлсіз жақтарының өзін-өзі бағалауы, сондай-ақ басқару қызметін сараптамалық бағалау болып табылады.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту технологиясының құрылымында мынадай салыстырмалы түрде дербес элементтерді бөліп көрсету керек:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесінің МДҰ басшыларының кәсіби жетістіктеріне қажеттілік деңгейін бағалау;
- МДҰ басшыларының кәсіби сұраныстары мен әлеуетті мүмкіндіктерін зерделеу;
- МДҰ басшыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін талдау;
- кәсіби-біліктілік моделі негізінде МДҰ басшыларының кәсіби құзыреттілігінің нормативтік және нақты деңгейі арасында келіспеушіліктерді белгілеу;
- кәсіби қайта даярлау және МДҰ басшыларының кәсіби шектеулерін еңсеру және кәсіби даму бағыттарын айқындау тәсілдерін әзірлеу;
- «басқару» алаңдарында қызмет тәжірибесімен алмасу, бұл жұмыс істеп тұрған басшылардың қызмет тәжірибесін талдауға және өзіндік басқару еңбегінің рефлексиясын жүргізуге мүмкіндік береді.

МДҰ басшысының дамуына ынталандыру ретінде жаңа басқарушылық технологияларды қолдану; басшының айналасындағылардың көзінше беделі; педагогтарды құрметтеу; материалдық әлауқатты арттыру; жеке маңызы бар ойларды жүзеге асыру; басқару қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу; ғылыми, эксперименттік-зерттеу жұмыстарына қатысу; лауазымдық өсу және т.б.

МДҰ басшысы өз дамуының келешегін болжауды үйренуі қажет. Бұл басқару қызметі мен өзін-өзі дамыту мақсаттарын үйлестіруге негізделген сыртқы басқарылатын мақсатты бағытталған процесс.

Басқарушының басқару еңбегінің сапасын және басшының табыстылығын арттыруға ғана емес, сондай-ақ ашық әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде МДҰ дамытуға ықпал ететін белсенді шығармашылық қызметке ынталандыратын кәсіби қажеттіліктерді сезінуі қажет.

Басқару функцияларын табысты орындау үшін осы лауазымдық санаттың басшылары тереңдік дәрежесі бірдей теория мен әдістеменің барлық мәселелерін білмеуі тиіс. Сондықтан кәсіби білімнің мазмұнымен қатар басқару қызметінің әрбір бағыты (тақырып, пән) бойынша олардың нормативтік деңгейін айқындау қажет.

Шартты түрде мынадай белгілермен сипатталатын дербес құзыреттіліктің төрт деңгейін бөліп көрсетуге болады:

- I - проблема (басқару объектісі) туралы жалпы түсініктің болуы;
- II - теория негіздерін, басқарушылық технологияларды, тәжірибені және оларды қолдану саласын білу;
- III - тәжірибеде білу және қолдана білу (басқару технологияларын меңгеру);
- IV - әріптестер мен бағыныштыларды білу, қолдана білу, қолдану және оқыту (кеңес беру).

Модельдің соңғы элементі алынған білімді практикада оқыту және қолдану болып табылады. Кәсіби оқыту нысандары мен тыңдаушылардың практикалық әзірлемелері (басқарушылық жобалар, біліктілік бітіру жұмыстары) білім алудан оларды практикалық қолдануға қысқаша көшуді, басшының кәсіби өсуі мен даярлығының дәрежесін сараптамалық бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Кәсіби білімнің қол жеткізілген деңгейін және оларды практикалық қолдану нәтижелерін бағалауды лауазымдық жоғарылатуға немесе тиісті біліктілік санатын белгілеуге қатысты кейіннен тұжырымдармен бірге басшыны аттестаттаудың негізіне қою керек.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қазіргі басшысы - бұл ұйымдастыру қабілеті мен болжау қабілеті бар кәсіби-функционалдық білім саласындағы білімді басшы, бұл оған ұйым ортасының өзгерістеріне оңай бейімделуге, білім беру жағдайына жауап беретін оңтайлы басқарушылық шешімдер қабылдауға және персоналды алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шпалинский В.В. Психология менеджмента: Учеб. пособие. - М.: Изд-во УРАО, 2010. - 183 с.
2. Психология работы с персоналом / Сост. и общ. ред. ЛЪ. Винокурова. - СПб.: Питер, 2011. - 512 с.
3. Ключев Ф.Н., Кустов Л.М., Шутюк С.В. Проблема развития управленческих кадров профессионального образования в системе повышения квалификации: Монография. - Челябинск: Акме-Проф, 1998. - 168 с.
4. Третьяков П.И., Белая К.Ю. Дошкольное образовательное учреждение: управление по результатам. - М.: Новая школа, 2013. - 304 с.

ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

ӘОЖ 94(574)

Шүренбаева Э.Ә.

Қай тарихи уақытты қарасақ та, қоғам дамуы елдің экономикалық және саяси институттар жұмысының белсенділігімен емес. Қазіргі таңдағы жаһанданумен қатар келген қоғамның руханияты, әлеуметтік-мәдени өміріндегі өзгерістер барынша назар аударуды талап етеді. Қазақстан қоғамын дамыту жағдайында рухани құндылықтар сабақтастығы, жаңа қоғам мүшелерінің, жас ұрпақтың қарама-қайшылықтар кезеңінде өмір сүруінің әлеуметтік маңызын, сонымен бірге қоғамдағы діни көзқарастар қайшылығы, материалдық құндылықтардың алға шығуы, адамгершілік қағидаларының аяқ асты болуы сияқты маңызды мәселелердің алдын алу мен салдарын зерттеудің маңызы зор.

Құндылық - белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады. Алайда оның маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, объектінің ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті бағалануынан болады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауында орын алады. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Қазіргі қоғамдағы адам ортасының негізгі сипаттамасы-әлеуметтік өзгерістер болып табылады. Қазіргі заманды ғана емес, кез келген дәуірді сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылықтар қарама-қарсы құндылықтарға ашық қоғам құндылықтары мен жабық қоғам құндылықтарына бөлінеді. Индивидуалистік және ұжымшылдық қоғамдардың арасында

жатқан аралық қоғамдардың құндылықтары осы полярлық қоғамдардың құндылықтарының кейбір үйлесімін білдіреді. Мысалға алсақ, ашық қоғамда бостандық- бұл жеке адамның

таңдауы және өзге адамдардың сәйкес еркіндігіне кедергі келтірмейтін дүниелерді жасай алуы болса, жабық қоғамда бостандық саналы қажеттілік, яғни жасау қажеттілігі. Бұл қоғамның басты мақсатын жүзеге асыру үшін не қажет дейтін болсақ, қоғам деңгейінде мемлекеттік деңгейде жарияланған нақты әлеуметтік құндылықтар арасындағы елеулі сәйкессіздік әлеуметтік наразылықты, сенімсіздікті тудырады. Жалпыадамзаттық құндылықтар - бұл барлық кезеңдегі адамдар үшін маңызды, аса қажетті, қалаулы өтініші емес, жынысына, ұлтына, нәсіліне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына, діни сеніміне және т.б. байланыссыз әр адам үшін іс жүзінде мағынасы зор құндылықтар. [1]

Жалпыадамзаттық құндылықтар қазіргі таңда адамдардың бірлігі үшін, қоғамға қажеттіліктері, адамзаттың қызығушылықтары мен мұқтаждықтары-на жауап беретін кез келген мемлекет үшін маңызы өте зор. Қоғам дегеніміздің өзі тұрақты қауымдастық, ұлт немесе бір аумақтағы экономикалық, мәдени және саяси байланыстарды және әлеуметтік сенімдерді тоғыстыратын үлкен топтастық. Құндылық-белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Сырттай құндылық зат немесе құбылыстың қасиеті болып анықталады. Алайда, оның маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, объектінің ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті бағалануынан болады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым- қатынасының орнауында орын алады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан үшін рухани, мәдени құндылықтардың өзектілігіне көп көңіл бөлуіміз керек. Осы тұрғыда ұлтымыздың, еліміздің жаңғыруына тірек бола алатын қазақ қоғамының мәдениеті, тарихы мен құндылықтарының инновациялық жағдайын нақтылау қажеттілігінен көрінеді. Сонымен қатар еліміздің бүгінгі жағдайында тұрақты, қалыпты дамуын қамтамасыз ету, қоғам мәдениеті, тарихымыз және саяси мәдениет құндылықтары оның нормаларын қалыптастыру, діни құндылықтар тұжырымдары, ұлтаралық, дінаралық мәселелерге назар аудару қазіргі таң заман талабынан туындап отырғаны сөзсіз. Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың жолдауларында да Қазақстанды жүйелі жаңғыртуды реформалаудың тарихи маңыздылығы айтылуда. Осы мәселеде еліміздің барлық этнос өкілдерінің мәдениеті, тарихы, ментальді әлемі мен рухани, діни әртүрлілігінің роліне ерекше көңіл аударамыз. Соған байланысты еліміз өзінің мәдени дамуының үлгілеріне де баса көңіл бөлуіміз керек.

Бүгінгі таңдағы елімізде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің ұлттық мәдениеті мен тарихының діни көзқарастарының әртүрлілігінің маңызы зор. Сол себепті де басты құндылықтар мен стратегиялық идеялар ғылыми зерттеулердің негізгі өзегі болуымен қатар, қазіргі жағдайда әртүрлі мәдениеттердің байланысы мен ықпалдастығында жалғасын тапқаны жөн. Бүгінгі Қазақстанның құндылықтар әлеміне Батыстың ғана емес, Шығыстың әсерінің барын, қазіргі таңдағы жан-жақта көрініс алып отырған оқиғалар бізді мәдени- рухани, тарихи құндылықтарымызға өткенімізге оралып, қазіргі таңдағы осы шақ пен болашақ турасында ойлануға әсерін береді. Тәуелсіз еліміздің ұлттық идеясы тарихи құндылықтарымызға қауіп төндіретін әр түрлі этносаралық, мәдениетаралық қатынастардың байланысын, қоғамның, саяси биліктің арасындағы қайшылықтарды дұрыс қалыптастыруымыз керек. Ынтымақтастық, мәдени байланыстар адамдар арасында өркениетті дамуға әсерін береді. Бұл елімізде жақсы дамып келеді. Сонымен бірге, бүгінгі таңда тіл тақырыбы да қазақ әліп биін латынға ауыстыру да қоғамда әлі талдау, дұрыс шешімдер қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Бүгінгі әлемдік мәдениет жағдайында құндылықтарды қайта бағалап қарауымыз артық болмас. Неміс философы Фридрих Ницшенің «барлық құндылық атаулыға қайта баға беру» қажеттілігі туындап отырғаны рас. Ұлтымыздың тарихын дәріптеу, оның сан ғасырлық тағылымына мән беру, сабақ алу аса қажет мәселе. Сол кезде ғана ұлттық сана қалыптасып, тарихи таным кеңі түседі. Соның негізінде тарихи зердесі күшті халықтың рухы да жоғары болады. Ал, рухы мықты, жоғары ел ғана қазіргі дамыған жағдайда өзінің рухани құндылықтарымен рухани ұлт болып сақталып қалады. Елдің, ұлттың жарқын болашағы жастардың алған бағытының дұрыстығына байланысты. Біз ұлттық тарихи

сананы қалыптастыра білуіміз керек. Бұл тарихи санаға барлық қазақ халқының дүниетанымы, өнері, әні, әдебиеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жатады. Осылардың барлығы тарихи құндылықтарды қалыптастыруда маңызы зор. Қандай ұлт, халық болмасын ұлттық идеясыз, дінсіз, салт-дәстүрсіз болашағы тұман болатыны анық. Осыдан ұлттық сана мен тарихи танымды қалыптастыратын оның тарихы екендігі даусыз. Ұлттық құндылықтар жайлы айта беретін болсақ шегі жоқ. Қазақ оюлары, қазақ тілі, қазақ халқы, қазақтың құндылықтары десе ең алғаш ойымызға өз еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны келеді. Әлем қазақ елін осы оюымен, оюлы домбырасымен және оюлы көк туымен таниды. Келесі құндылықтарымыздың бірі ол-мәдени ескерткіштеріміз. Сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару - жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді.

Бүгінгі күнде, әлемдік білім беру кеңістігінде жастардың бойына көптүрлі мәдениетті құрметтеуге, тәрбиелеуге, рухани-адамгершілік қызығушылықтарын оята отырып, өскелең ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамыту барысында қоғам үлкен жауапкершілікпен баса назар аударып отыр. Сонымен қоса, еліміз білім беру жүйесін адамгершілік пен руханилықты дамытуға бағыттауда. [3]

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі - баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». [2] Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат - сол ұлт тарихының таңбасы.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея - қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу - ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала - жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” - деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маданов Х.М. Қазақ мәдениетінің тарихы. -А:1998
2. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Раритет, 2005
3. Қазақстан тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі уақытқа дейін. Бес томдық. Алматы: 2000.

ЗАМАНАУИ ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

ӘОЖ 37.013

МирзалиеваБ.О., Уалиханова Б.С.

Қазіргі уақытта елімізде білім беру жүйесінің жаңа шаралары қабылданып, заман талабына сай көптеген өзгерістер еніп жатқандығы белгілі. Осы мәселелерге байланысты бүгінгі уақытта түрлі технологиялық жетістіктерге негізделіп жасалған жаңа педагогикалық жүйелердің орны аса ерекше. Жалпы білім беретін көптеген мектептердің оқу-тәрбие үрдістерін жаңаша бағытта дамыту және нәтиженің болуын қадағалау тек қана жаңашыл педагогтардың ғана қолынан келетін іс десе артық айтқандығымыз болмас.

Бүгінгі ақпараттар ағылған технологиялық мәдениет дәуірінде заманауи ұстаздық қызметтің жауапкершілігі мол. Кәсіптік шеберлікті, заманауи ақпараттық технологияларды толық игерсе ғана, бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын және жаңартатын мол мүмкіндіктерге жол ашылатыны тәжірибеде дәлелденді.

XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономиялық реформалар сияқты көріністермен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты тәрбиелеу - әр ұстаздың міндеті.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық инновациялық технологиялардың танымалдыққа ие: саралап оқыту; дамыта оқыту деңгейлеп оқыту; шоғырландырып, қарқынды оқыту; модульдік оқыту; жобалап оқыту; технологиялармен қатар, тікелей ақпараттық - коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын компьютерлік технология; мультимедия технологиясы; қашықтықтан оқыту технологиясы; желілік технология; интернет технология; интерактивтік технология деп аталатын түрлерін білім берудегі инновациялық технологиялар қатарына жатқызамыз.

Ақпараттық технологиялардың негізгі міндеттері:

Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану;

Практикалық шараларды анықтап, жүзеге асыру;

Ғылыми-ізденушілік және оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізу.

Жаңашыл түрде ойлайтын мұғалімдердің негізгі міндеттерінің бірі- оқушыларға сапалы түрде білім беру, әрі білім алушылардың жеке тұлғалар болып қалыптасуына жағдай жасау. Осы орайда, жаңашыл педагогтарымыздың педагогикалық жаңа түрдегі технологиялары көптеп саналады. Мысалы, В.В.Давыдовтың дамыту түрінде оқыту технологиялары, Эрдниевтің ірі блоктармен оқытудың технологиясы, Ш.Амонашвилидің ізгілікті тұлға етіп оқытудың технологиясы т.б. Яғни, педагогикалық технологиялар- педагогикалық тұрғыдан белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылатын түрлі іс-амалдармен әдіснамалық құрылғылардың жиынтығы болып саналады. Оқыту ісінде жаңа технологияларды М.М. Поташник бірнеше критерийлер қою арқылы бағалаған болатын. Оларға:

- Ел мен аймақтың, қалалардың талап-тілегі бойынша мектепте деген әлеуметтік сұраныс;
- Қазіргі ғылымның адамзат мәселелері бойынша жетістіктері мен қол жеткізген табыстары.

Бұл критерийлер арқылы педагогикалық жаңа технологиялардың: мектептің мүмкіндігіне әрі нақты жағдайларға сай болуы; жүйелі түрде болуы; мектеп пен оқушыларға тиімділігі ескерілуі тиіс екендігін аңғарамыз. Ал оқытудың қазіргі кезде жүргізіліп жатқан жаңа технологиялары елімізді егемендігінің негізі болып, көптеген қуатты дағдарыстардан шығуына алып келген жүйелі технологиялардың бірі болды [1]. Кез келген нәрсенің істен шығатын уақыты болатыны секілді, бұрынғы дәстүрлі педагогикалық технологияларда қазіргі оқушыларды бірізділік бағыт пен оқытудың бір шама тиімсіз екендігін аңғартты. Себебі, жаңа заман оқушыларының көпшілігі ақпараттық ғасырда өмір сүруге бейімделіп, жаңа технологиялармен жұмыс жасауға белсенді түрде қарайтындығында деп ойлаймын. Ендеше, оқушыларды жаңа ізденістер мен шығармашылық тұрғыда дамытып қана қоймай, жан-жақты дамуына жағдай жасайтын бірнеше педагогикалық жаңа технологияларды ұсына кетсем:

Тұлғалық бағдарланған оқыту - бұл жаңа технология түрі оқушылардың тұлғасын білім берудің жаңа жүйесінің орталығына қою арқылы жүзеге асады. Бұл технология арқылы білім алушы субъекты тұрғысында ғана емес, басымдылыққа ие адам ретінде сипатталады. Бұл педагогикалық сабақтың ең бір артықшылығы - педагогтың оқушыларға өзін іс жүзінде танытуға мүмкіндік алуында. Бұл педагогикалық технологияның әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндердің ішіндегі алгебра, геометрия пәндерінің арасындағы белсенділігі жоғары технология түрі.

Келесі бір жаңа технология түрі - әртүрлі деңгейлік тұрғысында оқыту технологиясы. Бұл технология түрі- материалдарды меңгеруге берілетін уақытты шектемеген жағдайдағы оқушылардың қабілеттерін зерттеуге және мынадай санаттарға бөліп көрсетеді: Қабілеттері тым аз, отар оқу уақыттарының көп бөлігін жұмсаған жағдайда ғана білім мен машықтарының алдын ала белгіленген деңгейге жетуге де қабілетсіз; дарынды оқушылар (шамамен 5 %), олар басқа оқушылардың шамасы келмейтін дүниелерді орындауға талапты; білімді меңгеру деген қабілеттері оқу уақыттарын талапты түрде жұмсауға байланысты қабілетті. Олар оқушылардың шамамен 90 %. құрайды. Бұл оқыту әдістері арқылы білім алушылар өздерінің шығармашылық деңгейлері мен қатар дүниетанымдарының қалыптасуына әсер етеді [2].

Сонымен бергеппедогогтар қауымы оқушыларды оқытудың әртүрлі әдістерін жасай білді. Оларға: *Дамытушылық оқыту* (В.В. Давыдов, Л.В. Занков) теориялық ойлау мен оқушының жеке басын дамытатын оқу іс-әрекетіне бағытталған.

Проблемалық оқыту әдісі шығармашылық тәсілге ие (М.И.Махмутов). Оның мақсаты - оқушылардың арнайы танымдық есептерді-проблемаларды шешу және проблемалық жағдайларды модельдеу арқылы пәндік материалды игеруі.

Шығармашылық педагогика шығармашылықтың табиғатына сәйкес келеді. Оның міндеті-тұлғаның шығармашылық қасиеттерінің кешенін дамыту, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту негізінде шығармашылық қызмет тәжірибесін алу [3].

Мұғалім ретінде өзінің міндетімді оқушылардың жаңа білімді игеру мақсатында оқу материалын шығармашылық қайта құруды жүзеге асыру қажеттілігін қалыптастыратындай етіп, оқу қызметін ұйымдастырудан көремін.Өз жұмысымда мен әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолданамын:

- сабақ-конкурс
- сабақ-ойын,
- сабақ-сайыс,
- сабақ-шығармашылық

Мұндай инновациялық технологияны қолдану- әр баланың уақытында жеке-жеке, сынып, параллель, жалпы мектептің дамуын объективті, бейтарап бақылауға мүмкіндік береді. Кейбір модификациялармен ол сыныпты жалпылама бақылауды дайындауда, оқу жоспарының кез-келген пәнін оқытудың жай-күйін зерттеуде, жеке мұғалімнің жұмыс жүйесін зерттеуде таптырмас құрал бола алады.

Ал, тақырыпты қайталау немесе жалпылау үшін мен сабақтарды үш кезеңде жарысу түрінде өткіземін. Бірінші кезеңде анықтау, ережелерді білу, белгілі бір мәселені шешуде осы ережелерді қолдану бойынша тесттерді шешу бойынша жеке дара өтеді. Екінші кезеңде карточкалар бойынша тапсырмаларды орындау бойынша үш команда жарысы өтеді. Бұл ретте команда капитандары команданың әрбір мүшесінің жұмысының нәтижелілігін бағалайды. Үшінші кезеңде блиц-сауалнама командаларының ойыны. Сабақ соңында сұрақтар, жауаптар талданады, шешілмеген тапсырмалар талданады, барлық командаларға баға беріледі, әр ойыншының жеке үлесі және жеңімпаз команданы марапаттау.

Жоғарыда, аталған әдіс-тәсілдер сабақтарды қолдау арқылы білім берудің озық үлгісіне жете білуге болады. “Жаңаны зерттеу білімнің ажырамас бөлігі болуы керек”- деп белгілі ғалымдар айтқандай, педагогикалық жаңа технологиялардың оқушы өміріндегі маңызы зор.

Жалпы қорыта айтқанда, «... бала өзіне қол жетімді нәрсені және оған тиесілі құралдарды пайдаланады, сондықтан баланы қоршаған орта қаншалықты мәдени бай болса, соғұрлым ол күрделі мәдени құралдарды игеруге ұмтылады және бұл оған осы ортаны кеңінен қолдануға

мүмкіндік береді» -деп П.П. Блонский айтқандай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту оқушылардың жан-жақты болуына жағдай жасайды. Ендеше, жаңа педагогикалық технологияларды білім алушыларға меңгерту арқылы, жасөспірім ұрпақтың бойына білім дәнін сеуіп, одан жеміс алуға және де еліміздің болашағының жарқын болуына үлес қосайық дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасын 2011-2020 жылдарға Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 07. 2012.

1. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. — Москва: Просвещение, 1985. — 208 с.

2. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / Под. Ред. П.И. Пидкасистого. — М: Педаг. Общество, 1998. — 640 с.

3. М.Жұмабаев. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ӘКЕ МЕН БАЛА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕНУІ

ӨОЖ 82-3

Салықбаева А.

С. Мұқановтың еңгі туындысы бөліп табылатын «Аққан жұлдыз» романы қазақ ұлтының биік тұлғаеы Шоқан ғұмырының тек бір кезеңін емее, дүниеге келген шағынан баеап, ақырғы өмір жолдарына дейінгі уақыт аралығын қамтып, еуреттейді. Хандық биліктің қауқары кетіп, патшалық отаршылдық биліктің халық өміріне енун, оның қоғам тіршілігіне елеулі өзгеріетер әкелгенін, бар мәеелені ақша, байлық емее, қазақ халқының қараңғылықтан шығуы үшін ең алдымен білім, оқу баеты рөл атқаратынын көресте білді. Бұл шығармаеында көркем еөздің кәнігі шебері Шоқан өмірін, оның өекен ортаеын жан-жақты еуреттей отырып, тарихи оқиғалар тереңіне барады. Жазушының «Аққан жұлдыз» романы жайында: «Алғашқы екі кітап шиыршық атқан тартые, ширақ композицияеымен ғана емее, тұтае бір дәуірдің тұлғалы еуретін танытуымен құнды», - дейді С. Доеанов «Шежіре» мақалаеында.

Романдағы баеты тұлға Шоқан Еуропаша білім алған. Сол елдің озық мәдениетін бойына еіңірген. Өз елін мәдениеті, әдебиеті, ғылымы дамыған өркениетті елдердің қатарына коеуды мақеат тұтқан Шоқан өз жұртында қалыптаеқан еекі еалт-еанаға қареы. Шоқан түеінігінде жары мен жұбайы еүйіп коеылуы керек. Атаетыру дегенді ол мүлдем түеінбейді. Қараңғы халықтың еанаеына таетай еіңген бұл ғұрыпты қайтіп бұзбақ? Ол жолда күрееуде мүлде жалғыз. Кім қаламайды ғашық адамдардың еүйіп коеылуын, бақытқа жетуін! Бірақ шараеыздыққа бой ұрған халық күрееуге бел байламақ емее. Сондықтан қазақ далаеында Шоқан жалғыз күреекер, халық маңдайына біткен жарық жұлдыз. Халық үшін күрее жолында кейіпкер еан қилы тартыетарға түееді. Өз төңірегінен өрбіген, бітпейтін дау, жанжал, қалың мал, барымта еиякты еекінің еарқыншақтарынан шыға алмай, іетерге шара жоқ, жылаудан көз ашпай отырған қараша халқын көргенде болашақ ғалым оны оеы шырмаудан құтқару жолын іздейді. Біз айтып отырған еекі еалт-еана, ата дәетүр роман баеалғаннан, алғашқы оқиғалардан көрініе табады. Шоқанның әкееі Шыңғыетың баеынан өткен оеы бір жағдайды біз қараетырып отырған диалог үлгілерінен табуға болады.

« - Апа, - деді Шыңғые, еөздерін қалжың түрінде баетағыеы кеп, - біз көп қатын алып үйренген тұқым емеепіз бе?

- Ар жағын айта бер! - деді Айғаным жауап күткендей жымия қарап, аз тоқыраған балаеына, еуық өңін жылыптай.

- Маған да болмай ма, еөйтуте?»

- Болсын. Бірақ, әуелі «құдай десіп, құйрық, бауыр жесіп», бата оқып құда болған Шорманның қызын аласың. Сонымен бірер жыл отасып, қызық-қызметін көресің. Содан кейін жүз қатын алсаң да мейлің.
- Басқаша болса қайтер еді, апа?
- Қалай?
- Естектің қызынан бастасақ?...
- Неге?
- Әуелі өзің сол қызды көрші, апа!
- Не қылам, көріп? Мен қатын қылам ба?
- Ол бір ғажап жан, апа...
- Несімен?...
- Ажарымен, сымбатымен, қылығымен...
- Әй, қалай-қалай дөңгелетпекшісің, мені? - деді Айғаным

Шыңғыстың сөзін бөле, жекіп, - ол былшылды қой, сен! Айтқаным айтқан: менің өлігімді аттамай ала алмайсың, ол қызды...» [1, 59 б].

Ауыр да болса бұл қойылған ана шарты. Анасының өлімге өкім шығаруға бары анық. Шарасыздықтан көнуге тура келеді. Тектері төре тұқымынан тараған ұрпақ үшін басына төнген бұл жағдай басты мәселе емес. Өйткені қалыңмалын берсе, қыз табылады. Бақыт деген үлкен ұғымды байлық, ақша алмастырған заманның кебін киетіндер олар емес. Зар илеп қалатын қара халық өкілдері еңіреп қыздарын тоқалдыққа береді. Құдалық мәселесін де өз пайдасына шешетін ескі қоғам заңы жоғарыдағы диалог үлгісінен көрінеді. Төре тұқымының басы - ел қадірлеген Айғаным тек баласы емес, еліне, халқына сөзін жүргізе білген адам. Дау- дамайды көпке созбай, аз уақыт ішінде шешімін таба білген Айғаным осы жолы да сол дағдысын ұстап, ұлын көндіре сала, неке қидыру мәселесіне сол жерде кіріседі.

С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында диалогтың сан түрлі үлгілері қолданылады. Қым-қиғаш, шешімі қиын оқиғаларға толы шығармада диалогтың өзгеше формалары кездеседі. Құрылым ерекшелігіне келсек, өзге диалогтармен теңдес келетін мына бір диалог үлгісі мүлдем басқа мақсатта қолданылған. Екі кейіпкер бір-біріне сыр білдірмейді. Шыңғыстың Ұлпанға көз тастап, қызыға қарағанын байқаған, іштей сезген Есенеі әйелінің ойын білу ниетімен жек көре тұра, мақтай жөнелгені. Бұл жайды аңғара қойған Ұлпан оған да керісінше дау айтады. Белгілі-бір мақсатта қолданылған диалог үлгісін келтіре кетейік:

«Шыңғыс аттанып кеткенде, тысқа шығып, артынан көз тастаған себебі де осы еді. Есенеідің қызғанғанын Ұлпан бет бейнесінен түсінді. Ұлпаннан сыр тартқысы келген Есенеі Шыңғыс аттана, оны:

- Уәлінің мына баласы сымбатты, сұлу жігіт болып өскен екен! - деп мақтаған болып еді, Ұлпан қасақана дау айтып:

- «Төре тұқымы тыраш келеді» деуші еді, рас қой деймін сол. Кісіге жұғымы жоқ, кекірейген біреу ғой, Шыңғысың! Кескіні не керек оның, ас құйып іше ме, әдемі болып? - деді. Қай сөзі екенін Есенеі аңғара алмады» [1, 96 б].

Бұл диалогтан Есенеідің байқағыш, қырағы көз, есесін жібермейтін, өз мақсатына жетуде қулыққа да баратын ел ағасы екенін көрсек, Ұлпанның да бойында алдай білетін және өз сөзіне сендіре алатын ұтқыр қасиеттері бар адам екені байқалады. Диалог екі кейіпкердің белгілі-бір ситуациядағы жай-күйін, психологиясын айқын ашып берген.

Шыңғыс сескенуді білмейтін, төрелігімен бірге өз күшіне сенетін адам. Жасқанудан бойы аулақ Шыңғыс төренің осындай қасиеттері Ұлпанмен тілдесуінен аңғарылады:

« - Атыңның басын бұл жаққа тағы да бұрам деп, біздің шалдың ауылын айнала құрған қақпанының біреуіне түсіп қап жүрме, төрем. Қақпаны қатты болады оның, бір шапса босатпайды. Бойыңды бұл ауылдан аулақ сал!

- Көрерміз, - деді Шыңғыс» [1, 100 б]. Өз ойын Шыңғыс бір ғана сөзбен жеткізеді. Өзін өзгеден жоғары санайтын Шыңғыс Есенеіден сақтанатын адам емесін білдіреді. «Кімді кім қақпанға түсіргендей» сықылды сенімді түрде жауап қайтарады.

Есенеідің Шыңғыспен жауласуы ашық түрде емес, керісінше жасырын түрде жалғасын табады. Ақылмен бірге қулыққа салатын қарт Есенеі Шыңғыстан жәбір көрушілерді өз

жағына шығарып айдап салу ниетіне көшеді. Романда бір-біріне өшіккен, қарсы адамдар кек қайтару жолында қандай іске болмасын баратыны, ол жолда ештеңеден тайынбайтыны, адам бойындағы қулық, арамдық, қара ниеттілік сияқты қасиеттері де анық көрініп отырады. Есенеі Шыңғыспен ашық түрде жауласпай, дұшпанынан жәбірленушілерін айдап салу арқылы кегін қайтару ісіне кіріседі. Есенеідің осындай қылығы сол елден қуылған Қожық арасындағы диалог арқылы көрінеді:

«Сөзден тосылған Қожық, бұрынғыдан жаман тұтығып, ызадан жылап жіберді.

- Еркек адам, ер адам деп жүрсем, сен де осындай жасық па едің, тәйірі, - деді Есенеі, - еркекше қару жұмсаудың орнына, қатынша жылағаның не қылғаның?!... Ұялғандай көзін сүрте бастаған Қожықты, Есенеі омыраулай түсіп:

- Тый әрмен-әрі көз жасыңды! - деді жекіп, - мықты болсаң әрі жерінді тартып алып қаңғыртып жіберген, әрі ерінді өлтірген - Шыңғыстан кек ал, әйтпесе, өшір, «Қожық» деген атыңды...

- Со-со-сонда? - деп кекештене ақыл сұраған Қожыққа:

- Қазір жыға алмайсың белдесіп оны, - деді Есенеі, - қарын алыстан ұрып талдыру керек!

- Со-со-сонда?

- Шыңғыс Орынбор мен Сібірдің шекарасында отыр. Сібір жағын өшіктіруді міндетіме мен алайын, Орынбор жағын сен ал.

- Қа-қа-қалай?

- Орынбор жағындағы байлардың жылқыларын ұрлатып, Сібір жаққа айдат та отыр. Шыңғысқа барса, тендік берме! Содан кейін екі оттың ортасында қалады да қояды. Мықты болса, күймей шығып көрсін, содан» [1, 110 б].

Қожық қулық дегенді білмейтін адам. Шыңғыста екі бірдей есесі кеткен, осы үшін хан тұқымынан кек қайтарғысы келеді. Ал Есенеі болса, Қожықты аяғандықтан емес, өз мақсатына пайдалануда барын салады. Кек қайтарудың бірнеше жолдарын айтады. Өтірік жағымпазданып, намысын оятпақ ниетін де білдіреді. Кек қайтарам деп бекігенмен, Қожық табиғатынан жасық адам. Көпті көрген Есенеі кек қайтарудың небір жолдарын айтқанда, Қожық тілі күрмеліп, тұтыға сөйлейді. Ызаға булыққан жаны еркін сөйлетпей, одан әрі тұтықтыра түседі.

«БІМ, ишара, қимыл көркем диалогта маңызды рөлді аз атқармайды. Көп жағдайда ым, қимылдық репликалар сөзге қарағанда жауапты бұрын береді. Басқа жағдайда ым-ишара, қимыл әр түрлі дәрежеде айтылған сөздердің мәнін өзгертіп отырады. Диалогта тек кейіпкерлер сөздерінің эмоционалды-экспрессивті мәні қамтылып қана қоймайды, сонымен бірге оның жас өлшемін, әлеуметтік, психологиялық белгілерін және кейіпкерлердің басқа да ерекшелігі танылады. Сөйлеушінің сөзінен оның көңіл-күйін де аңғаруға болады. Кейіпкерлердің сол сәттегі әңгімесінен, физиологиялық ерекшелігінен (тұтығу, кекештену, қабағын шытуы) көп нәрсе аңғарылады» деген жас ғалым З. Дотмурзиева тұжырымы жоғарыда келтірілген диалог қызметіне қатысты ойымызды дәлелдей түседі.

Осы орайда әдебиетші ғалым Г. Пірәлиева «Көркем прозадағы психологияның кейбір мәселелері» (2003) [2] атты монографиясында бейвербалды ишараттарды зерттеу барысында диалогты аттап өту мүмкін еместігін айтады.

«Ақиқатында да кейіпкердің шын бет-пердесі осы диалог үстінде, кейіпкерді сөйлестіру сәтінде көрінері сөзсіз» екенін айта келіп, «Диалогта айтылған әр сөздің адамға әсері, сол сәтте оның бет-әлпеті олардың ішкі ойынан сыр шашып қалатын шақтар аз емес. Сондықтан әрбір сезімдік, эмоционалдық құбылыстар мен тосыннан пайда болған денесіндегі қимыл - қозғалыстар, іс - әрекеттер осы диалог үстіндегі бейвербалды ишараттар арқылы жүзеге асатындығына» көңіл бөлген. Ғалым Толстой шығармасындағы диалогтарға тоқтай келіп, романдағы диалог сәтіндегі әрбір кейіпкердің бет-әлпетіндегі, дене қозғалысындағы әрбір детальды, тіпті болмашы бір өзгерісті де қалт жібермей қадағаланатындығын айтып өтеді. Толстойдың «Анна Каренинасындағы» Левин мен профессор Метровтың кездесуіндегі диалог ақсүйектік әңгіме үстіндегі ишараның (жестің) типологиясы жасалғандығын және қазақ әдебиетінде де мұндай ақсүйектік айтысулар, шешендер арасындағы дау-дамайларда,

ақындар, билер арасындағы айтыстарда бейвербальды ишараттар көп көрініс табатындығын және оның озық үлгілері М. Әуезовтің «Лбай жолы», Ә. Кекілбаевтің «Үркер», «Лңыздың ақыры» тарихи романында кездесетінін өз еңбегінде баса айтқан.

Бала Шоқанның жастайынан қыңыр мінезді, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей, өз дегенімен жүретін, еркін ойлы қайтпас мінезін тумысынан байқаған Шыңғыс баласының қандай қиын жағдайларда қалдырса да, өзгеден емес, осы Шоқаннан үміт күтеді. Қазақ даласында хандық биліктің құзыры тартылып, белгілі-бір мақсатта ғана қазақ сұлтандарын бүтін халықты сырттай басқарып, билеу үшін патша тарапынан тағайындалған жай орындаушылар ретінде қалғаны Шыңғыс жанына қатты батады. Орысша оқуының арқасында ғана осы чинін сақтап қалған Шыңғыс бүтін елді алақанында ұстауға тіптен қауқары кеткен еді. Осы жағдайын пайдаланып, маңайында отырған қас дұшпандары да аяқтан шалудан қалыс қалып жатқан жоқ. Осындай қиын жағдайда қалған әкенің бар үміті Шоқанда. Төреліктің төбе билігін ендігі жерде қалай қайтармақ. Патша тарапынан қазақ елін басқарып отырған басшылар үстінен қарайтын Батыс Сібір генерал губернаторлығынан арнайы адамдар тағайындалып отырған. Солардың бірі - Драгомиров болатын. Ол Шыңғысқа жақын, ақылын айтып, кеңесін беріп отырады. Елде болып жатқан саяси оқиғаларды үнемі бағдарлап, саралай білген Драгомиров ел билігінің тізгіні әскери біліммен қаруланған адамдарға тиетіндігін ашық білдіреді. Хандық дәуірдің дәурені өткенін анық түсінген Шыңғыс Драгомировтың кеңесімен Шоқанды Омбыдағы Кадет корпусына апаруға шешім қабылдайды. Луылдың ерке тентегі болып өскен өр Шоқанға бұл жағдай төбесіне жай түсіргендей болады. Өзі білімге, оқуға құштар, ауыз әдебиетіне, сурет өнеріне қызығушылықпен қарайтын Шоқан оқудан қашпақ емес. Бірақ елден жырақ шықпаған балаға ауылынан жалғыз кетуі, оған қоса әкесінің ол үшін шешім қабылдап қоюы ауыр тиеді. Әкесінің істеріне сырттай қарсы болып келген бала Шоқан енді тайсалмай қарсылық көрсетеді. «Оқуға бармаймын» деп қыңырлана түскеніне қарамастан өз дегенінен қайтпайтын, көздегенін алмай қоймайтын Шыңғыс Шоқанды күштеуге кіріседі. Әке мен бала арасындағы қарсылық ашық тартыс тудырады. Осы жағдайды әке мен бала арасындағы диалог үлгілерінен іздеп көрейік.

« - Әкел, - деді Шыңғыс Лбаға, Шоқанның арпалысып келе жатқанын көріп, арбаға таңып аламыз.

Жолға алған шумақ қыл арқанды бір жігіт арбадан алып жаза бергенде:

- Байлатпа! - деді, дәрмені кеткен Шоқан әкесіне, - Лбылай тұқымынан байланғандар, айдалғандар жетерлік болған!

- Ендеше, мін, мына арбаға! - деді Шыңғыс Шоқанға, күймені нұсқап.

- Босат! - деді Шоқан Лбаға» [1, 168 б].

Келтірілген диалог екі кейіпкердің бір-біріне қарсы келуін анық көрсетіп тұр. Көпті көрген азулы Шыңғыстың ұлына, ал кіші болса да әкесіне теңдес адамдай ұлының қарсы келуі бір ғана оқу мәселесінде емес. Шоқан әке ісіне жанымен қарсы. Талай адамдарды айдатып, қан жылатқанын көрген Шоқан әкесінің қаталдық әрекеттерінен жиренеді. Оның әрекетіне, ісіне, ойына қарсы болған Шоқан әкесіне батыл түрде қарсылық көрсетеді. Жай ғана айтқанын тыңдамай, сөз таластырып қана қоймай, әке әрекеттерін батыл түрде бетіне басады. Осал тұстарын дәл тауып, бетіне басу арқылы Шоқан сөзден жеңе түседі. Сөз тартысының құрылымына, атқарған қызметіне қарап, бұл диалог үлгісін - *диалог-тартыс* деп атауға болатындай.

С. Мұқановтың «Лққан жұлдыз» романында да өзге туындыларында кездесетін диалог түрлері көрініс тапқан. Солардың ішінде әр түрлі бағытта қолданылып, көп кездесетін тұрмыстық диалог үлгілері. Лл бұл диалог үлгілерінің өз ішінен бірнеше топқа бөлінетіндігі белгілі. Кейде диалог арқылы алдағы істен хабарлама жасалып отырса, болатын істің әйтеуір бір белгісі көрініп отырады. Кейде алдағы істің мән-жайынан ешқандай белгі берілмейді. Бірақ диалогқа қатысушы кейіпкерлердің бір-біріне ешқандай сырларын айтпаса да, белгілі бір себеппен ескерту жасауы арқылы екінші кейіпкердің ойына болжам жасалынады. Мысалы:

«Маслихат тарқағанда Жарылғамыс бірер күнге қалып қойды да, оңаша сөйлескен Шыңғысқа бір жайда ақыл айтты.

- Лқанға көшерде, - деді ол. - Сен Малтабардың қалыңдығын қысқы

орданды күзететіндерге қалдырып кет.

- Неге?

- Сырдың борі бірдей айтыла бермейді гой, сұлтаным. Мен саған қалтқысыз дос адаммын. Бұл - достық сөзім. Осы тілімді ал. Неге бұлай деуімнің мән-жайын кейінірек айтам. Қазір қыстама!» [3, 49 б].

Мұқанов шығармаларындағы алдағы істен хабар беріп отыратын, сюжет дамытушылық қызметін қоса атқарып отырған бұл диалог түрін - *диалог-болжам* деп айтуға болады.

Әрі қарай Айжанды алу туралы әңгіме Жарылғамыс пен Малтабар арасында өрбиді. Диалог барысында екі кейіпкердің де характері ашыла түседі. Малтабарға Айжанның болашағы қызықтырмайды. Көрген бетінен көңілі толып, бар дүниесін берсе де, қандай шартқа болса да көнуге дайын. Қыздың құны қалың малдың күші болған заманда қолында дүние мүлкі жетерлік байларға еріксіз ұзатылатын қыздардың басына түскен жағдайда Айжан не істей алмақ. Осы жағдайды және Малтабардың өз характерін диалогтағы соңғы сөйлем аңғартқандай. Малтабар өзіне емес, ақшасына, қолындағы дүние-мүлкіне сенімді. «Берген қолым алаған демей ме?», «қалың малы төленген соң қыз менікі емес пе?» деген сұрау жай түрде айтылмай, кейіпкердің жауабын беріп тұрғандай. Енді осы екі кейіпкер арасынағы диалог үлгісін келтірейік.

« - Маған дүние қымбат емес, адам қымбат, - деді ол. - Көрдім қызды, көзім де, көңілім де толды. Денедегі екі жұдырықты жалқылап қайтеміз, екеуін де тұтас берем.

- Екі мыңды ма?! - деді Малтабардың мырзалығына қайран қалған Жарылғамыс, сөзіне сенер-сенбестен білмегендей, анықтап алғысы келгендей.

- Әрине! - деді Малтабар жымыып.

- Ойдөйт дерсің!... - деді қуанып кеткен Жарылғамыс.

- Қашан?

- Осы жәрмеңкеден орала.

- Атбасардан ба?

- Әрине. Не саған, не сен сияқты біреуіне, не сұлтанның өзіне қолма-қол тапсырып кетем. Тағы да айта кететін бір сөзім - бұларым сұраусыз ақша. Және де ескертерім - қыздың қара басын әкетсем болды, жасау-масау, көлік-мөлік дегендер керек емес.

- Сонда, сол Атбасар базарынан қайтқан жолыңда ала кетпекпісің, қалыңдығыңды? - деді Жарылғамыс, Малтабардың сөзіне түсіне тұра, анықтап алғысы кеп.

- Әрине! «Берген қолым алаған» демей ме? Қалың малы төленген соң, қыз менікі емес пе?

- Рас.» [3, 48 б].

Осы диалог үстінде тек Малтабардың характері ғана емес, Жарылғамыстың да мінезінің өзіндік қырлары ашыла түседі.. Жарылғамыс жағынан қойылған сауалдардың барлығы дерлік авторлық ремаркалар арқылы беріліп отырады. Осы кейіпкердің мінезін ашуда жазушы авторлық ремаркаларға көп жүк артады. Малтабардың сөзіне, айтқан жауабына түсіне тұра, анықтап алу мақсатында сұрақтарын қайталап қояды. Бұның өзі Жарылғамыстың аңғал еместігін, өз ісіне мығым, тапсырылған іске жай қарай салмайтын адам екендігін көрсетеді. Өз қызметіне, құрылымына қарай бұл диалог үлгісін шартты түрде бөлген *характертанытқыш диалогқа* жатқызуға болатындай.

Ана мен бала арасындағы үндестікке құрылған бұл диалог үлгісінен өз шешіміне мықтап бекіген Шоқанның шарт қоюға дейін барғанын көреміз.

« - Некелерінді кім қиып еді? - деді Зейнеп сасқанынан.

- Екеуіміздің де арымыз!... «Жаным - арымның садағасы» деген мақалды мана тегін айтқан жоқпын да, мен не үйлену сертіме жетем, не өлем!...

- Соңғы сөзді айта көрме, Қанашжан!

- Айтпайын, апа!... Өлмейін!... Өлудің керегі де жоқ. Бұл жайды қазақшылық қамалап бара жатса, өзім жақсы білетін орыс заңына иек арта қоям. Оған қарсы тұруға бір Шыңғыс түгіл, мың Шыңғыстың әлі келмейді!

- Әкең оған көнсе!...

- Бір-ақ адам бар, оны көндіре алатын...

- Кім?
- Сен!...
- Мен?!...
- Ие, сен!... Әкем сыртқа «Шыңғыспын!» деп күпілдегенмен, үйдегі биі - сенсің. «Еркек - бас, әйел - мойын» дегенді қазақ бекерге айтпаған. Мойын қайда бұрылса, бас - сонда. Сен күшті мойынсың, апа! Сен оның адал жарысың, әрі сөзінді өткізе алатын адамысың: - Саған салмақ салуым осы>ааіі, апа!» [3, 137-138 бб].

Диалог құрылымы жазушы шеберлігіне байланысты әр түрлі болып келеді. Қысқа құрылымға құрылған диалогтар Ғабит Мүсіреповтің жазушылық шеберлігіне тән болып келсе, ұзақ сөйлесуді қамтитын көлемді диалогтар Сәбит Мұқанов шығармаларында жиі кездесіп отырады. Біз осы диалог үлгісін зерттеу жұмысымыздың құрылымына сәйкес ықшамдап алып отырмыз. Халық ауыз әдебиетінің бай мұрасымен сусындаған, халық шежіресіне жүрегі етене жақын қаламгердің әр шығармасынан осы үлгілерді кездестіріп отырсақ, олар көбіне әңгімелеу, баяндау барысында көрініп отырса, біз келтіріп отырған диалогта қаламгер белгілі- бір мақсатта мақал-мәтелдерді көптеп келтіргені диалог барысында байқалады. Диалогқа қатысушының өз ойын білдірту, шешендігін көрсету мақсатында мақал-мәтелдерді диалогты сөйлесуде қолдануы қаламгердің жазушылық шеберлігінің бір қырын көрсетеді. Осы диалог үлгісі көлемді бола тұра, тартымды, оқырманын жалықтырмайтын, шығарманың көркемдік құнын жоғалтпайтын, керісінше туындыға әр беретін ауқымды диалогтар көркем шығарма құрылысында сюжеттік байланыс, даму, шиеленіске жол ашатын бірден-бір таптырмас құрал болғандығы айқын.

Енді Құнанбай мен Абай арасындағы қатынасты айшықты түрде танытар М. Әуезов диалогына қайта оралсақ. Роман-эпопеяда жазушы кейіпкерлердің бір-біріне деген қарсылығын ашық түрде көрсете бермейді.

«Құнанбай салқын жүзбен, кінәлай қарады:

- Сен оқыдың да, білім алдың, ұстаз көрдің. Біз надан өстік. Бірақ сол білімнің жұрт алдында ата сыйлауды неге білдірмейді саған? Көп көзінше таласып кеп, әкенді сүрінткенде не мұратқа жетпексің?

Әкесі жеңілгенін біліпті. Енді суық жүзі солғындап, үлкен бойы басылып, кішірейіп қалғандай. Өлдеқандай бала сияқты, кінә тағып, өкпе айтып отыр. Үлкен алдында жас қарызы, ата алдында бала парызы - әдеп пен сый екені рас. Абай бұған дауласқысы келмеді.

- Ол кінәңіз орынды. Айып менде екені рас. Ғафу етіңіз! - деді.

Осымен сөз біткен шығар деп ойлады. Бірақ әкесінің тағы да бір айтпағы бар екен. Ол азырақ бөгеліп отырды да, қайта сөйледі.

- Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда! - деді. Абай:

- Айтыңыз, әке! - деп, Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

- Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіндегі барынды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! - деді.

Бұл сөздің түкпірін Абай оңай таныды. Жас жігіттің өз жүрегіндегі нәрім мен барым деп жүргеніне шабуыл жасап отыр. Әкеге ермей, өз өмірін өзгеше беттетем дегендегі көп сырлары осы арада болатын. Баласының басындағы басқалықты Құнанбай да танып, тауып айтты. Бірақ Абай ендігі өз ішін дүниенің қай күшіне болса да көндірмек емес. Намыскер жүректің ызалы толқыны білінді. Жаңа үйде отырған шақта пайда болған шабыт, қызу қайта келген еді. Бұл тұста Абай:

- Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам. Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз -жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су

болғанды артық санаймын. Екінші, ел алатын тәсілді айтқаныңыз. Ел билейтіндердің мінезін айтқаныңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болады. Бір қора қойды жалғыз шипы «ай» десе өргізіп, «шайт» десе жусататын болған. Вертін келе, ел түйе сияқты болады. Алдына тас лақтырып «шөк» десең, аңырап барып қана бұрылған. Ал қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болады. Аяз бен боранда, жауын мен шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ған баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады... Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өз елі үшін де дүниенің ең асылы - білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас... - деді.

Құнанбай тыңдап болды да күрсініп қойды. Шарасыздық ажары білінді. Вірақ үн қатқан жоқ. Сөз осымен біткен еді. Абай қоштасты да, жүріп кетті» [4, 306 б].

Келтірілген диалог үлгісінен әке мен бала арасындағы қарым-қатынас қайшылығы басқа қырынан көрінеді. Мұнда Абайдың Тәкежанға айтқандай қатқыл даусы, кесіп айтқан шешімі, ашық қарсылық білдіруі, бұйырып сөйлеуі сынды ишараттар білінбейді, керісінше сыпайы, сыйластықтың лебізі сезілетіндей. Диалогтағы «айтқаныңыз», «теңгердіңіз», «айттыңыз» секілді сыпайы формадағы етістіктердің келуінің өзі осыны аңғартады. Әке сөзін тыңдағаннан кейін, «дүниенің қай күші болса да өз ішін көндірмейтініне» сенімді Абай бір тоқтамға келіп, әке сынына дау айтады. Әке шешіміне қанша рет қарсы болғанымен, дәл осындай бетпе-бет келіп ашық әңгімеге түспеген еді. Әке ісіне іштей қарсылығын осы жерде анық байқатады. Вұл сөздер тек Құнанбай мен Абай арасындағы алшақтықты танытпайды, сонымен қатар қазақ қауымындағы мүдделері қайшы келетін екі көзқарас иелерінің де бейнелерін айқындап тұр.

Велгілі ғалым Р. Вердібай Әуезов шығармашылығына қатысты еңбегінде екі кейіпкер арасындағы осы диалогқа арнайы тоқталады, аталған диалогтың үлкен идеялық - көркемдік жүк көтеріп тұрғанын, Абай мен қарт ру басының сөз жарысы екі түрлі көзқарастағы адамдардың, жаңалықтың ескілікпен бетпе-бет келуі секілді философиялық мәнге ие екендігін баса айтады.

«Диалог дегеніміз әйтеуір кейіпкер атаулының талғаусыз сөзі емес, ол дүниетаным, мінез айқындаудың ең төте жолы екені мәлім» [5,91 б] екендігін ескерсек, ғалым Әуезов шығармашылығына қатысты өз ойларын, яғни диалогқа қатысты пікірін «диалог мінездің, ақыл-ой алғырлығының ғана емес, дүниетанымның да шайқасы» деп қорытады. Қарап отырсақ, жоғарыда келтірілген екі диалог та сарындас келген. Түпкі төркіні - тартыс, дау. Жазушы осыны түрлендіріп, құбылтып, екі түрлі формада берген. Жазушы әр қилы диалог түрлерін қолданудың ғана емес, түбі бір диалогтың өзін бірнеше формада құбылтып қолданудың қас шебері екенін оның жазушылық шеберлігінде екендігін жоғарыдағы ғалым пікірі дәлелдейді. Вұл айтылған жайлар Әуезов шығармашылығына қатысты диалогқа байланысты пікірлер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. Бірінші кітап. - А: Жазушы, 1967. - 424 б.
2. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. - Алматы: Алаш, 2003. - 328 б.
3. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. Аққан жұлдыз. Екінші кітап. - Алматы: Жазушы, 1976. - 8 т. - 496 б.
4. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап: Абай. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 320 б.
5. Вердібаев Р. Қазақ тарихи романы. - Алматы: Ғылым, 1979. - 240 б.

ШЫНШЫЛ ПРОЗАШЫ СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙДЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ШЫНАЙЫ БЕЙНЕЛЕУДЕГІ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

ӨОЖ 82-3

Кенжеғалиева Р.А.

Тәуелсіздік - қазақ халқының қайтпас табандылығымен, өшпес ерлігімен келген тәтті жеңіс, есепсіз төгілген қанның, сансыз үзілген ғұмырдың отымен келген ұлы күн. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті кеңестік жүйе ыдырағаннан кейін қатал саясаттың шырмауынан босап, азат күн кешкен халықтың ұлттық болмысы мен ұлттық ерекшеліктерін, рухани сана- сезімін жаңартқан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қайта жаңғыртқан көркем туындыларымен ерекшеленеді.

Кеңестік дәуір қысымымен айтылмай келген ақиқат, ашылмай келген шындық, жазушыларымыздың көкейінен шыға алмай тұншыққан мұң мен қасірет тәуелсіздігімізге қол жеткізген сәттен бастап бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша зерделенген өзекті тақырыптарға айналды. Ұлттық сананы оятып, ұлттық болмысқа жан бітірген, рухани әлемге қозғау салған еркіндік қазақ халқының жүріп өткен жолына қайта үңілдіріп, талай жылдар бойы тасада бүркемеленіп, айтылмай келген ащы ақиқатты жарыққа шығарып, халқымыздың қасіретке толы тарихындағы ауыр кезеңдерді толықтай тануға мүмкіндік ашты.

Дәуір тынысына қарай өзгеріп, жаңаша сипатта жарық көре бастаған Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау», Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері», Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе», Әкім Таразидің «Қорқау жұлдыз», Адам Мекебаевтың «Қазына сыры», Баққожа Мұқайдың «Өмірзая» романдары, Тұрысбек Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс», Сәкен Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» повестері, Қасым Тоғызақовтың «Әли қарт» поэмасы - бүгінгі ұлттық болмыстың, танымның, парасаттың көркемдік көрінісі, ұлт тарихына, қазақ халқының басынан өткерген қилы кезеңдеріне деген ыстық ықыластың белгісі.

Белгілі академик Рымғали Нұрғали өзінің «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты еңбегінде: «Әр заман, әр дәуір сол кезеңдегі өнерден өз келбетін, өз рухын, өз жүрегінің дүрсіл тынысын, қан тамырының бүлкілді ағысын көруге құштар. Өмір мен өнер орайындағы бұл сабақтастықты ешбір суреткер аттап өте алған емес. Тарихтың жабылып кеткен көне беттерін ақтарып, соларды шығармасына тиек қылған жазушының өзінің мақамынан ұқтырмақ, ұсынбақ мұратынан оның дәуірімен қаншалықты ет бауырлықта, үндестікте екенін аңғару қиынға соқпайды» [1, 355-б.] - деп атап көрсетеді. Шындығында да, қазақ халқының өткен тарихы мен бүгінгі өмір көріністерін көркем бейнелер арқылы тығыз байланыстыра отырып, ұлттық тарихымыздың арғы түкпірін қопара ашып, бастау көздерін қайта қалпына келтіріп, рухани құндылықтарымызды жаңғыртуда тәуелсіздік дәуір романдарының алатын орны ерекше.

Осы тұрғыда, ұлтымыздың бастан кешкен азапқа толы тағдырының еш жерде айтылмаған ақиқатқа толы беттерін, тарихтың жазылмаған шындығын өз туындыларына арқау етіп, бүгінгі ұрпақтың, кейінгі жас буынның жан-дүниесіне жеткізе білуді мақсат еткен, өзіне тән жазушылық үнімен, ұлттық тарихымыздың сұсты кезең көріністерін, ұлттық болмысты, ұлттық характерді шебер сомдай білуімен ерекшеленіп, қазақ көркем прозасына көркемдік-идеялық жаңашылдық әкелген қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің бірі - Смағұл Елубай.

Танымал академик, белгілі әдебиетші Тұрсын Сыдықов: «XX ғасыр қазақ халқына қасақана ұйымдастырылған қылкөпір, тамұқ, тозақтарға толылығымен төбе шашынды тік тұрғызады. Өткенсіз бүгін жоқ. Біз ұрпақты тарихпен, халықтың жадындағы ащы шындықпен көзін ашып, көкірегіне сәуле құйсақ ғана өз азаматтық парызымызды өтейміз. Белгілі жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясын оқып шыққанда, оның мігірсіз, инемен құдық қазғандай азапты еңбегі, өз халқының темір құрсаулы, тар шеңберлі жүйеде өткен шерлі шежіре парақтарынан мол білімі, неге аңсары ауса соны сары майдан қылшық суырғандай

еркін игеретін қаламгер екеніне шүбәміз қалмады. Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» трилогиясы - тәуелсіздігімізді алғаннан бергі жылдардың жемісі» [2, 9-б.] - деп орынды пікірін білдіреді.

Смағұл Елубай халқымыздың кеңестік дәуірде бастан кешкен қиын кезеңдерін, ашаршылыққа ұшыраған халықтың хал-ахуалын, асыра сілтеп, ел ішін әуре-сарсаңға салған, ел басқарғанып билік басында отырғандардың қылықтарын, пасықтығын әшкере етіп, небір зұлмат күндерді, аласапыран түндерді басынан кешіп, қиындықтың сан түріне кезіксе де, туған еліне деген сүйіспеншіліктерін, атақонысқа деген қимастық сезімдерін жоғалтпаған халықтың мұң-мұқтажын қамтыған «Ақ боз үй», «Мінәжат» романдарын өзінің арман- мақсатын қалың ел тілегімен ұштастыра отырып жазады. Осы романдардың жалғасы ретінде, «тоқырау заманы» кезеңіне арналған, XX ғасырдың сексенінші жылдарындағы қоғамға жат құбылыстар өршіген, ел шырғалаңға түскен, халық рухани азғындаған заманды ашына суреттеген «Жалған дүние» романын жарыққа шығарады. Қоғам бейнесінен сыр шертіп, заман көрінісін әсерлі сипаттайтын «Ойсылқара», «Туған күн», «Тарзан», «Кешкі әңгіме», «Түс», «Саттар соқпағы», «Қиямет-қайым ғасыры», «Жарық дүние», «Жалғыз», «Жез бақай», «Екі бала» хикаяттары мен әңгімелерін әдебиет әлеміне алып келеді.

Жазушының суреткерлік әлеміне үңілсек «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» романдары мен шағын прозалық туындылары арқылы уақыт тынысын, заман келбетін, өмір қатпарларын шынайы бейнелеп, өзі өмір сүріп отырған кезеңнің соққан желіне қарсы тұрып, кезіккен қиындықтарға жығылмай, қоғамның әлеуметтік хал-жағдайын, ел ішіндегі рухани дағдарысты мейлінше ұтымды, шебер зерделеп, халық тағдырының мән-жайын, ұлттық болмысты жан-жақты таразыға салып, жазушылық қасиетінің, қаламгерлік қуатының, суреткерлік шеберлігінің мол екендігін толықтай дәлелдеді.

Жазушы «Ақ боз үй» роман-трилогиясында Пахраддин, Хансұлу, Шеге, Едіге, Сұржекей, Қозбағар, Түгелхан, Үміт, Ждақай секілді кейіпкерлердің өмір белестеріндегі қым- қуыт, жұмбақ қимыл- әрекеттері арқылы тұтастай қоғамның, адамзат қауымының шешімін табу қиын, жауабы бұлыңғыр құпиясын көркемдік тұрғыдан ашуға күш салған. Кеңестік озбыр саясат тұсындағы адам тағдырының қарама-қайшылыққа толы болмыс-бітімін, бүтін бір дәуірдің тыныс-тіршілігін кейіпкерлер әрекетімен сабақтастыра отырып, қалың оқырманның санасына сіндіруге, үлкен сезімталдықпен сендіруге тырысқан. Роман-трилогияда бағытынан адасқан қоғам, ондағы әбден күйзеліске ұшыраған адам өмірінің мәні, адам мен қоғам арасындағы тығыз қарым-қатынас, олардың сұрапыл заман жағдайындағы сан-саққа тарамдалған қалпы жайындағы жазушының ішкі толғанысы, жан айқайы шынайы бейнеленіп, дәуірдің келбеті кестеленген.

Жазушының «Ақ боз үй» трилогиясының маңыздылығы хақында журналист Өміржан Әбдіхалық: «Қазақ әдебиетінің алтын ғасырына баланатын өткен ғасырдың орта шенінде әдебиетке келген қаламгерлер жаңашыл заманның кейіпкерін таппай толғаныс пен ізденіс үстінде жүрген шақта жазушы Смағұл Елубай тарихи жылнамаларда дерексіз қалған, қазақтың жанына қанды таңба салған, қазақ ұлтына қолдан жасалған қорлық ашаршылықпен отыз жеті мен отыз сегіздегі ұлттың асқақ ойлы азаматтарын қорғасынмен құрбандыққа шалған одан кейін жетпіс жыл илеуінде ұстаған қызыл империяның ұлтсыздандыру саясатына дейінгі бодан тарихтың үш бірдей кезеңін қамтыған «Ақ боз үй» тарихи роман трилогиясы бір кітап болып жарыққа шығып өз оқырманына жол тартты» [3, 9-б.] - деп оңды пікір білдіреді. Сонымен қатар Еуразия Жазушылар Одағының төрағасы Якуб Омероглы жазушының бұл тарихи роман-трилогиясының тек қазақ ұлты үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарына ортақ құнды туынды екендігін атап өтеді: «Смағұл Елубаев батыл жазушы, жүрек жұтқан қаламгер. Өйткені сонау сексенінші жылдары бұндай тақырыпты қозғау мүмкін емес еді. Елубаев - түркі дүниесінің шебер жазушысы» [4, 6-б.]. Автордың толассыз ізденісі пен тынымсыз еңбегінің нәтижесінде қол жеткізген құнды туындылары қазақ ұлтының өткенін қайта жаңғыртып, жоғала бастаған тарихын кері қалпына келтіріп, еш уайымсыз, қайғысыз күн кешіп, бейбіт елде өмір сүріп жүрген бүгінгі ұрпаққа мағыналы ой сала алғандығы айқын.

Арпалысқа өрілген аласапыран заманның, тартысқа толы дәуірдің, қайшылықты кезеңнің сан түрін бастан өткерген қазақ халқы XX ғасырдың бірінші ширегін қамтыған азабы мол дүрбелеңдерге де, шешімі жоқ шырғалаңдарға да кезігеді. «Ашаршылық - қазақтың

ұлттық қасіреті. Сол жылдары халқымыз жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Ұлттық қасіретін ұлықтай алмаған ұлт - ұлт емес. Ұлт болуымыздың кепілі - осы ұлттық қасіретімізді ұлықтай білуімізде. Егер де біз бұл ұлттық қасіретті өз деңгейінде ұлықтай алмасақ, болашақ алдында, тарих алдында жүзіміз жарқын болмақ емес. Бұл ұлықтаудың ұлтқа сын екендігі осыдан» [5, 2-б.]. Сұрқия заманның ауып соққан желі еш жазықсыз елді есінен тандыра есеңгіретіп, бойынан күші сарқылмаған алпамсадай ерлерін жолынан адастырып, әйелдері мен сәбилерін адам төзгісіз азапқа салып, қитұрқы саясаттың не түрлі әрекеттерін алға тартып, қарапайым халықты ақ-қараны айыра алмастай қылып, бағыттарынан жаңылдырып, талайлардың сағын сындырып, есуастардай пұшайман күй кештіргені, жылдар бойы мекен еткен атамекендерінен бездіріп, ас-сусыз өңештерін кептіріп, өзектерін талдырып, дүние-мүліктерінен, ата қоныстарынан айырып, бастары ауған жаққа көшулеріне мәжбүр қылғандығы жазушы шығармалары арқылы кеңінен ашыла түседі.

Талантты қаламгер Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй», «Мінәжат», «Жалған дүние» романдарын, «Асау», «Жарық дүние», «Жалғыз» хикаяттарын оқу барысында осы бір сүреңсіз жылдардың адамзат ғұмырына салған қатпарлы іздеріне куә боламыз, қатерлі жылдардың қасіретіне, қиын заманның қилы кейпіне көз жеткізе түсеміз.

«Әр кездің өз суреті, әр дәуірдің өз шындығы бар. Көңіл төрін мекен етер сол сурет, сол шындықты көріп-танып, қаз-қалпы електен өткізе білер, көркемдік тез бен халықтық қалыпқа салар, ерінбей еңбек етіп, ерлік пен елдік мінездерді екшей алар суреткерлік таным мен қаламгерлік қарым ақ қағаздың айдынын адалынан өрнектеген тұста ғана шын мәніндегі үлкен әдебиет жасалмақ. Қазақ көркемсөзі мен көркем ойының үлкенді-кішілі білгірлері мен сарапшылары есімін осындай мойнына ауыр жүк артар, қажетті жерінде қақыратып сөзін айтар «үлкен әдебиет» жасаушылар санатына қосып әлдеқашан үлгерген Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» романының дүниеге келуі өз кезінде автор талантының жаңа қырын, эпикалық баяндау үрдісін танытып қана қойған жоқ, есін жиып, етегін жапқан еліктеу мен солықтау кезеңінен өткен тұтас бір буынның, жаңа биікке көтерілген қазақ прозасының жаңа беттерінің мінез-кескінін аңғартар соны туындыдай елес берген болатын» [6] - деп пікір білдіреді Нұрлан Оразалин өзінің «Ақ боз үйдің түтіні (Смағұл Елубай хақындағы сөз)» атты мақаласында.

Автор шығармаларының басты кейіпкерлерінің, өз романдарына арқау еткен Пахраддин, Хансұлу, Шеге, Едігелердің тағдыры - бір адамның ғана емес, сұрқия саясаттың, сұрапыл заманның қаһарына ұшырап, жазықсыздан жазықсыз жапа шеккен миллиондаған адамның тағдыры. Пахраддиннің ұлтжандылығы - елінің болашағы үшін қиналып, ұлтының келешегін ойлап қамын жер әр қазақтың бойында болар қасиет. Едігенің мұңы - көп нәрсенің ақиқатына көз жеткізіп, шынайылықтың кермек дәмін сезсе де, көзбен көргенін айта алмай, көненің көздерінен естіген әңгімелерін жаза алмай қиналған, айбарлы әрекетімен, қаһарлы саясатымен айтқанына көндірген кеңестік идеологияның құрығынан босай алмай, ұлт тарихының жабулы беттерін қайта ашып, өткеннің қасіретті жылдарын бүгінгі ұрпаққа қаламның күшімен жеткізуді мақсат тұтқан әр жазушының мұңы. Хансұлудың күйі - келешегіне деген сенімі жоғалған, ұрпағының болашағы үшін шырылдап, отбасы амандығы үшін басын тауға да, тасқа да соққан ананың, асыл еріне адал жар бола білген қазақ әйелінің халі. Бұл тұрғыда әдебиеттанушы, сыншы Владимир Карцев: «Смағұл Елубай - Нұх кемесі секілді. Оның кейіпкерлерінің мінезі қарымды, олар өлмейді, олар жоғалмайды, бізбен мәңгі бірге болады. Кітапты оқып бітуге таяғанда, мені үйіріп әкетті. Соңында кейіпкерлердің жұлдызды аспан астында ажал құшуы қиын тиді. Тіпті көзіме жас үйірді. Смағұлдың кітабын басқа елдерге насихаттау қажет. Біз ағылшын тіліне сапалы аударып шықтық» [7] - деп тебірене пікір білдіреді.

Осылайша жазушы әр кейіпкердің нанымды образын жасап, ішкі жан-дүниесіне терең үңіле білген, заманның сұсты кейпі туындатқан әр сауалға шынайы жауап іздеп, ақырында заманның ырқына көнген кейіпкерлерімен бірге қиналып, Пахраддинше күңіреніп, Шеге секілді құлазып, Хансұлумен бірге жалғызсырап, Едігемен бірге мұңға беріліп, дәуір тынысын шебер әрі шынайы суреттейді.

Шығарманың оқырман жүрегінен орын алуы, сипатталған шындықтың көзге анық көрініп тұруы, кейіпкерлер әрекетінің шынайы болуы жазушының суреткерлік шеберлігі мен тақырыпты терең игеруіне байланысты екендігі ақиқат. Осы тұрғыда, Смағұл Елубай романдарының басты тақырыбы да, негізгі идеясы да, қаламгерлік шешімі де, авторлық көзқарасы да тұтас туындыға арқау болып, орынды қызмет атқарып тұрғандығын аңғарамыз. «Қанға құныққан жыртқыштар мен қорқаулар дәуірлеген кеңестік жүйе «бұл адамды сырттай да, іштей де бүлдіре беретін, аяғында жұтатып шығаратын» мұндай шошырлық қылық-әрекеті оның саяси құрылысы, мазмұнына тәндігін «Ақ боз үй» романында көзі жіті, көңілі қырағы суреткер Смағұл Елубай көңілінде дүдәмал қалдырмай, қапысыз көркем бейнелеген. Ол өзі қалам тербеп отырған кезеңнің саяси-әлеуметтік, қоғамдық жағдайын терең зерттеген. Қатпар-қалтарыстары, уақыт психологиясы мен заман адамдарын революция қалай бұзып, құлқын өзгертіп жібергеніне дейін айнытпай беруге тырысқан» Бейбіт күнді аңсаған халықтың елінің ертеңін, ұлтының келешегін ойлап саяси дауылға қарсы тұрғандығы, ақыр соңында ашаршылыққа ұшырап, тоз-тоз болып бытырап, сан соғып қалғандығы, тіршіліктің мәнін түсіне алмай, өмірден түңіліп, кімнің дос, кімнің дұшпан екендігін анық айыра алмай бағытынан жаңылған қалпы, жолынан адасқан бейшара кейпі кім-кімді де бей-жай қалдырмайды.

Жазушы Смағұлдың қаламгерлік қасиетіне зер салсақ, оның кез-келген жазушының батылы бара бермейтін өткір әлеуметтік мәселелерге қалам тербейтіндігін, таңдаған тақырыбын тереңнен қозғайтындығын және не туралы жазса да, биік парасаттылықпен, үлкен ізденіспен терең зерттеп, шындыққа бойлай еніп жазатындығына көз жеткіздік. Қиялы ұшқыр суреткер қай дәуірдің шындығын жазса да, қай кезеңнің оқиғаларын талдаса да, қай әлеуметтік мәселені қозғаса да, қай кейіпкердің тағдырын сипаттаса да, ең алдымен адамзат тағдырын, халықтың тыныс-тіршілігін, өмір ағысындағы күрес-тартысын, қақтығысқа толы әрекеттерін, қоғамдағы алар орнын тереңнен қазып танытуды мақсат етеді. Жазушы адам мен қоғам, адам мен әлеуметтік орта арасындағы байланысты әруақытта алдыңғы орынға шығарып, қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді алға тартқандығымен ерекшеленеді. Оның туындыларының өн бойында сан алуан тағдыр иелері өздерінің арман-қиялымен, мұң-зарымен, қуаныш-қайғысымен, қасірет-ренішімен бой көрсетіп, күнделікті қарапайым тіршілігі арқылы өздері өмір сүріп отырған кезең шындығын, уақыт бедерін танытып, таразыға салып отырады. Шебер суреткерге тән боларлық басты қасиет кейіпкер психологиясын сәтті аша білуі десек, жазушы жасаған образдар, сомдаған кейіпкерлер болмыстарының шынайылығымен, ұлттық характерлерге тән қасиеттерімен, мінез-құлықтарымен дараланады. Смағұл Елубай ұлт тарихын арқау еткен шығармаларында тарихтың ақтандақ беттеріне барлау жасап отырады, сол арқылы өткенді бүгінгімен, бүгінгіні келешекпен тығыз байланыста алып, бірлікте қарауға ұмтылады.

Қазіргі қазақ әдебиетіне өзінің көркем прозалық туындыларымен, тарихты тереңнен қозғаған роман, хикаяттарымен ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, рухани қазынамызға үлкен үлес қосқан кемел тұлға, көрнекті жазушы, шебер суреткер Смағұл Елубай шығармашылығы бүгінгі және келер ұрпақтың санасына мағыналы ой салып, рухани дүниетанымын, ұлттық мінезін қалыптастырып, үлгі боларлық тағылымымен қазақ ұлтына рухани қызмет ете береді. Талантты жазушы Қажығали Мұхамбетқалиев: «XX ғасыр басында небір зұлматты басынан кешірген қазақ халқының басына төнген нәубеттің бірі кешегі аштық жылдарын, одан кейінгі қуғын-сүргін жылдардағы ел ішіндегі шолақ белсенділердің атқа қонып айбар көрсеткені, лаң салғаны соңғы кітаптағы Кеңес идеологиясына басыбайлы беріліп кеткендермен, жүрегінде дақ қалған баяғы еркін өмірді, өзінің ішкі ділінің сау кезін сағынатын Хансұлу сияқты адамдардың жан-дүниесі, ортадағы қарама-қайшылық, Хансұлудай кісілерден естігенімен өскен Едіге азаматтың қилы заман жайлы ойлануы осының бәрі әр кезеңдегі қазақ қоғамындағы адамдардың тағдыры үш кітапқа сыйған. Бұл кітапты эпопея деп айтуға болады. Жұрт не десе о десін. Смағұлдың бұл кітабы қазақтың басына түскен үлкен нәубеттің бір кесегін суреттеген дүние ретінде біздің әдебиетімізде қалады» [8, 8 б.] - деп қорытынды жасайды. Смағұл Елубайдың заман шындығынан, дәуір болмысынан өнер туындысын, көркем дүниені жасау жолындағы толассыз ізденістері мен жеткен

жетістіктері жазушының күнделікті өмір құбылыстарын, тұрмыс-тіршіліктерін жинақтаудағы суреткерлік шеберлігі мен биік мақсатына негізделеді.

Смағұл Елубай өзіндік жазушылық шеберлігімен танылып, шыншыл прозасымен ерекшеленіп, бүркемеленіп келген қазақ ұлтының сұсты тарихын, зарлы күйін, ащы өмірі мен кең пейілді, қазақи мінезді адамдардың қилы тағдырын, күнделікті тұрмыс-тіршілігін шынайы бейнелеу арқылы ұлттық мінез бен ұлт тағдырын көркем сөзбен кестелеп, астарлы оймен, шұрайлы сөзбен шебер суреттеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - Астана, 2002. - 402 б.
- 2 Сыдықов Т. «Ақ боз үйдегі» тағдырлар // Егемен Қазақстан, №50 (29031). - 2017 ж., 13 наурыз. - 14 б.
- 3 Әбдіхалық Ө. Мақалада: «Ақ боз үй» - XX ғасырдың қасіреті. // Әдебиет айдыны, №15 (61). - 2006 ж., 26 сәуір. - 9 бет.
- 4 Омероглы Я. Кітапта: Елубаев С. Ақ боз үй. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: «Ан Арыс», 2016 ж. - 480 б.
- 5 Елубай С. Ұлттық қасіретті ұлықтай білу - ұлт болуымыздың кепілі // Ана тілі. - 2012 ж., 31 мамыр.
- 6 Оразалин Н. Ақ боз үйдің түтіні (Смағұл Елубаев хақындағы сөз) // 2017 ж., 10 наурыз
- 7 Карцев В. Бағдарламада: «Смағұл Елубай - 70 жаста. Түндігінен түтін ширатылған ақ боз үй» // 2017 ж., 13 наурыз.
- 8 Мұхамбетқалиев Қ. Мақалада: «Ақ боз үй» - XX ғасырдың қасіреті. // Әдебиет айдыны, №15 (61). - 2006 ж., 26 сәуір. - 15 бет.

АСЫҚ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ - ӨРІСІН ДАМУ

ӘОЖ 373.2.02

Умбетова Г.М., Бердигалиева А.

Қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай баланың интеллектуалды, жеке және табиғи дамуын қамтамасыз ету жүйесін тұрақты дамытуға мүмкіндік береді.

2016 жылғы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай -ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру» - делінген. Осы бағдарламаның мақсатына сүйенсек, қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу және дамыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр [1].

Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі - білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың ұлттық патриоттық санасын ояту, тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, ақыл-ойын дамыту - мектепке дейінгі ұйымдар мен тәрбиеленушілердің адамгершілік, интеллектуалдық мәдениеттілігімен дамуын қамтамасыз ететін ізгілендірілген, демократияландырылған білім сатысы болуы шарт деп есептеледі. Мұнда тәрбие мен білім беру тығыз бірлікте қарастырылып, олардың мазмұны және сапалары бойынша біртұтас кіріктірілген кешенді жүйеде жүргізіледі.

Жалпы асықтың қадірін алаш баласынан артық білген ешкім жоқ. Осы асықты ойнау арқылы, асықты жинау арқылы қазақтың баласы көптеген дүниедегі тәлім-тәрбие алған. Оның ішінде асық ойнау арқылы олар түрлі отыру, тұру сияқты гимнастика жасап жүгіреді және ұсақ қол маторикасын дамытады, яғни ұсақ қол маторикасын дамыту дегеніміз ақыл- ойын, ой-өрісін дамыту деген сөз. Ал оны жинау арқылы ол өзінің ең алғашқы мал жинау, яғни болмаса қазіргі замандағы тілмен айтқанда коммерциялық тұрғыдан өзінің кәсіби бастауды осы асықтар арқылы үйренген. Енді бүгінгі заманда ХХІ ғасырда бұл асықты жалпы ойнап жүрген баланы некен-саян көреміз. Қалалық жерлерде тіпті мүлдем көрмейміз десек те болады. Қалалық жерлерде асығы бар балалардың өзі бұны тек дорбаларда ойыншық арасында сақтап жүреді. Ал енді осы асықтарды бүгінгі таңда осы балаларға тәлім -тәрбие құралы ретінде көрсеткіміз келеді. Мектепке дейінгі мекемелерде қазір көп нәрсе бар, ата - ананың талабы бойынша бар, біздің мемлекетіміздің білім беру стандарты бойынша мектепке дейін мекемелер қандай әдістемелер қолдану керек, типтік бағдарлама бар. Ал сонымен қатар бала даму үшін қосымша баланың ойлау қабілетін, зейінін физиологиялық жан - жақты дамуы үшін әр түрлі методиканы қолданады. Асық ойыны - біздің ұлттық спортымыздың бір түрі. Асық ойыны-қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Халқымыз асықты қастерлеген. Біз пәлен ғасырдан бері мал шаруашылығымен айналысып, малға қатысты мәселенің бәрінің майын ішкен халықпыз. Өмір салтымыз, әдет-ғұрпымыз төрт түлік малға мейлінше байланысты. Қаншама атау, ұғым-түсінік, таным мен пайым соған қатысты. Одан өрбитін сөз де, мақал-мәтел де жеткілікті. Мысалы, қазақта «Асығың алшысынан түссін» деген ізгі тілек бар. Ол сәті түсіп, жол болып тұрғандығын білдіреді. Сондай-ақ халықтың «Қой асығы деменіз, қолға жақса сақа тұт, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға тұт» дегеніне түсінген адамға астарында үлкен мән жатыр.

Сонымен қатар, қазіргі таңда баланың қабілетін, ақыл-ой деңгейін анықтап онымен дұрыс жұмыстана білу басты міндеттердің бірі ретінде танылуда. Логикалық ойлау деңгейі жоғары балаларға тек ақыл-ойы жетік дамыған жақсы үлгілі оқушылар ғана емес, сонымен қатар қалыпты емес ойлай алатын шығармашылық қабілеті жоғары дамыған балалар тобын жатқызамыз.

Белгілі психолог Л.С.Выготский: «Қандай да бір оқыту үшін тиімді, яғни өте бір қолайлы мерзімдер болады. Олардан жоғары, не төмен талапта ауытқу, яғни тым ерте, не болмаса тым кеш оқыту мерзімдері баланың ақыл - ойының даму барысына қолайсыз әсерін тигізеді» деген. Осы орайда, «Балаларды мектепке дайындау - оларды оқытып, санатып, әйтеуір білім беріп шығару» - деп, білімділік, тәрбиелік үрдістерді дәстүрлі мектеп сабағы түрінде жүргізу ойдағыдай нәтиже бермейтіндігі сөзсіз. Мектепке дейінгі балалардың жасы мен психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту, тәрбиелеу жұмыстарында түрлі әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын қолданып, ойын түрінде ұйымдастыру нәтижелі болмақ. Ал, осы талаптағы шығармашылық ізденістері мен шеберлігін қажет етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға жақын, олардың танымдық, білімдік, іскерлік әрекеттеріндегі жетекші әрекет - ойын болғандықтан, ойын түрінде ойландыра отырып оқыту, тәрбиелеудің тиімді жолдарын айқындау, соның ішінде ұлттық асық-ойынына көңіл бөлу маңызды [2].

Қоғам дамуының өтпелі кезеңіндегі әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелердің кең икемділігі қоғам талабына сай жас ұрпақты тәрбиелеп жекелікті дамытудың, олардың өзіндік жетілуіне мүмкіндік беру, жеке жұмыстанудың тиімді жолдарын іздестіру міндеттерін өзекті ете түседі.

Бұл міндеттердің шешім табуы, әсіресе ой-өрісі мен интеллектуалдық ойлау қабілетін анықтап, онымен дұрыс бағытта үйлесімді жұмыстану болашақ еліміздің көркеюі үшін, әрі бала өмірде өз орнын таба білу үшін өте маңызды орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму мәселесін зерттеген ғалымдар Выготский Л.С., Дружинина В.Н. [2], Немов Р.С. [3], Ушинский К.Д. [4], Ядэшко В.И., Сохина Ф.А. [5], Усова А.П. [6], Эльконин Д.Б. [7]. Асық мәселесін зерттеген ғалымдар: Аюбай Құралұлы [8], Ә. Доспанбетов[9], Б.Төтенаев[10], Г.Т.Ерғожина[11], Дулат Аманжол, Е. Сағындықов[12], Н.Жүсіп [13], С. Қалиев, М. Оразаев [14], Т.Асқартегі [15], Ш.Ыбыраев [16].

Балабақшадағы оқу -тәрбие үрдісінде асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Кезінде ұмыт бастаған осы асық ойындарын қайта жаңғырту қазіргі кезеңде өте маңызды деп есептеймін. Балабақшада «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын басшылыққа ала отырып, салт- дәстүрлерімізді қастерлеп, бабалар ерлігін, даңқты істерін үнемі насихаттап, тарихи тұлғаларға еліктеуге, сондай-ақ ұлттық ойындарымызды үйретуді мақсат етіп, халқымыздың ата-дәстүрін жаңғыртып, жас ұрпақтың санасына сіңіру, балаларымызды асық ойынына деген қызығушылықтарын арттырып, ұлттық ойындар туралы білімдерін жетілдіру. Осы мәселені қозғай отырып, ұлттық ойындарды дұрыс пайдалана білуге, балабақшаларда асық ойындарын жүйелі түрде пайдаланып іс жүзінде қолға алуға болатынынын байқаймыз. Бүгінгі ұрпағымызға осы ұмыт бола бастаған асық ойындарын қайта қолға алып, балабақшадан бастап үйрету, әліде болса жетілдіре түсу жолдарын қарастыру керек. Асық ойындары- баланың бойында тұлғалық жақсы қасиеттерін қалыптастыруға, әлеуметтік өмірдегі процестерге өзінше баға беру мен пайымдай алушылыққа үйретіп, құрдастарымен және де отбасындағы адамдармен де дұрыс қарым-қатынас жасауға септігін тигізетінінбайқадық. Балалардың асық ойындарын ойнау арқылы зейінділік, есте сақтау қабілеттері дамиды екен. Осы асық ойындары арқылы балалар ұйымшылдыққа үйренеді, топта бір-бірімен өзара сыйластыққа баулиды. Асық ешқандай да кері әсер келтірмейді деген ойға келдік. Оны санаса да, ұстаса да болады. Адамның алақанында әр түрлі нүктелер бар. Қалай айналдырса да асық өте қолайлы. Бұрын қазақ халқы асықты тек ойын құралы ретінде қолданған. Енді біз бұл асықты оқу дамыту құралы ретінде жан - жақты баланы мектепке дайындап және физиологиялық, психологиялық жағынан қолдануға болады. Асық балаларға физиологиялық жағынан денсаулық сақтау жағынан да пайдалы. Келесі ой асықтарды тесіп бір жіпке өткізетін болсақ, тіпті баланың көзі көру қабілетін, нақтылық, мергендігін және асықтарды түрлі-түсті түске бояп оны өткізіп жіпке өткізгенде баланың қол моторикасы дамиды [17].

Ал асық ойыны арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Сондықтан ойын балалар үшін өзіне тән жүру барысымен, мақсатымен маңызды. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл - ойы дамиды. Міне, осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады, дамиды. Бұл қазіргі заманға өте қажет. Өйткені, бұл компьютер ғасыры.

1. Асық ойнату, соның ішінде балаларға **«Бес тас»** ойынының ойналу ережесін түсіндіру, баланың икемділігін арттыру, ой - өрісін дамыту, ептілікке тәрбиелеу, қазақ халқының тарихи- мәдени мұрасына тәлім-тәрбие, құрмет сезімін қалыптастыру, сондай-ақ ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулу, қазақтың ұлттық ойындарын білуге құштарлығын арттырады. Бұл ойын барысында ақыл-ой қабілеттері дамиды. Ой -өрісі, логикалық бағдарлау дамиды, қолдары жаттығады.

Баланың дамуы, қабілетінің ашылуы көбіне тәрбиешінің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Өте күрделі мәселе- балалардың ой-өрісін, дүниетанымын, зейін, ойлау процестерін анықтау болып табылады.

2. **Ұлттық ойын «Асық ату».** Ұлттық ойындар арқылы балаларды белсенділікке, тапқырлыққа, дәлдікке, көрегендікке және күштілікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

3. **«Хан талапай» ойыны.** Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету.

4. **«Алшы» ойыны.** Ұлттық ойындардың мәнін,мақсатын теориялық және іс жүзінде ұғындыру арқылы балалардың ой - өрісін кеңейту,ұлттық ойындар арқылы белсенділікке, тапқырлыққа, дәлдікке, көрегенділікке және күштілікке тәрбиелеу.

Сіздерге ұсынылып отырылған ойын-тапсырмалар топтамасы балаларды жан - жақты дайындауға, ақыл-ойының, ой-өрісінің танымдық қабілеттерінің шыңдалуына үлкен көмегін тигізеді.

Баланың ақыл-ойын, ой-өрісін дамытуға жәрдемдесетін, сөйлеу әрекетін күшейте түсетін қызықты ойын - тапсырмалар, асық ойындары балалардың ой-өрісін дамытудың көзі болып табылады.

Баланың ақыл-ойын дамыту оқуына ықпал ету үшін танымдық әрекеттерінің даму дәрежесі ықтиярлы түрде меңгеруден басқа, баланың белгілі қабылдау сапасы мен ойлауын да қамтиды.

Баланың санасында қалыптасқан түсініктер мен психикалық таным процестерінің көрінісін, сипатын әңгіме түрінде асық ойыны барысында бақылау жасалады.

Асық ойыны барысында тапсырмалардың берілу тәртібі олардың өсу деңгейлеріне қарай беріледі, яғни қарапайымнан күрделіге дейін принципі қолданылады.

Асық ойыны барысында тапсырмалардың бірте - бірте қиындық келтіруі балаларға алға қарай өсуіне және өздігінен жетілуіне, яғни баланың тек орындаушылық сипатын қалыптастыратын, бәрі түсіндіру арқылы берілетін оқыту әдісіне қарағанда өзінің шығармашылық қабілетін және ой-өрісін дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан балаға тапсырманың орындалу тәсілі мен тәртібін түсіндіруге, сөзбен немесе қимылмен, көзқарасымен жасырып айтуға болмайды. Тапсырманы практика түрінде өзі жүзеге асыра отырып, бала барлығын шынайы өмірден өзі алуға үйренеді [19].

Асық ойындарының көпшілігі берілген тапсырмалармен шектелмейді, балаларға және ата - аналарға тапсырманың жаңа үлгілерін жасауға және тіпті жаңа дамыту ойынын ойлап табуға, яғни жоғарғы деңгейде шығармашылық іс - әрекетпен айналысуға мүмкіндік береді. Асық ойындары әрбір балаға даму деңгейі бұдан да гөрі табыстырақ болатын өз мүмкіндіктерінің шырқау шегіне дейін көтерілуге мүмкіндік береді.

Асық ойындары баланың кішкене кезінен бастап шығармашылық дамуын өрістетуге мүмкіндік береді: олардың сатылық - тапсырмалары үнемі даму қабілеттілігінен асып - түсіп жататын шарттар қояды: олар мазмұны жағынан әртүрлі, еркін және көңілді шығармашылық атмосфера қалыптастырады. Ата - аналар осы ойындарды балаларымен бірге ойнай отырып, өзі де байқамай өте қажетті біліктілік - ұстамдылық, баланың өзі ойлауына кедергі келтірмеу, бала жасай алатын нәрсені ол үшін өзі жасамау секілді әдеттерге дағдыланады.

Асық ойындарының түрлері әртүрлі тұлғалық: көңіл аудару, есте сақтау, әсіресе зейінділік сипаттарын, тәуелділік пен аяқтау біліктіліктерін табу, материалды топтау және жүйелеу, құрастыру қабілеттіліктерін дамытады, яғни қолда бар элементтер, бөлшектер, заттардан жаңа комбинациялар құру біліктілігі, қате тұстарын және кемшіліктерін табу біліктілігі, қиялдау және көз алдына елестету кеңістігін, өз әрекетінің нәтижесін көру қабілеттілігін дамытады. Осы қасиеттердің жиынтығы ойдың шығармашылық қатпарлары, зеректік, ойлап тапқыштық деп аталатын қасиеттерді құрайды [20].

Асық ойыны барысында ақыл - ой және практикалық іс - әрекеттер арасында баланың дамуына алып келетін қажетті байланыс орнайды. Ойын барысында бала мақсаттылық және табандылық қасиеттерін қалыптастыратын іс-әрекеттерді орындайды.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін асық ойыны - ақыл-ой, ой-өрісін дамыту тұлғаның аса құнды қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.-Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 №499. <https://adilet.zan.kz>
2. Дружинина В.Н. Жалпы қабілеттілік психологиясы. - М., 2015
3. Немов Р.С. Психология - 3 кітап, М: Владос - 2013.95-98 б.
4. Ушинский К.Д. «Таңдамалы шығармалары» .-Алматы: Жазушы, 2009-V том.-б.341
5. Ядешко В.И, Сохина Ф.А. «Мектепке дейінгі педагогика» . Алматы, мектеп, 2009. 6.133-150.
6. Усова А.П.Обучение в детском саду.М.Просвещение.2009
7. Эльконин Д.Б.Детская психология.-М.Просвещение, 2010.-б.317
8. Аюбай Құралұлы «Ұлттық дүниетаным»- Алматы. 2017жыл
9. Доспанбетов Ә. «Қырық қазынамыз-асық ойнау»- Алматы, 2007

10. Төтенаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994)
11. Ерғожина Г.Т. Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелік рөлі мен мәні // Қазақстан-Заман. 2012. 22 наурыз. № 13. - 16 б.
12. Сағындықов Е. Қазақтың асық ойындары. Алматы: Рауан, 2011. - 176 б.
13. Жүсіп Н. «Тутанхамонның асығы» // Егемен Қазақстан-2011- 6.11
14. Қалиев С., Оразаев М. «Қазақ халқының салт дәстүрлері», Алматы 2004
15. Асқартегі Т. Асық - мергендікке тәрбиелейді. // Азия транзит. - 2014. № 6. Б. 53-55.
16. Ыбыраев Ш. «Соқыртеке: ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері»- Алматы: Өнер, 2011. -176-бет.
17. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка.- М., 2008. с.416
18. Фребель Ф. Педагогические сочинения. Том 2. Детский сад. Москва.,2013. С.593
19. Бралина Г. «Танымдық қызушылық пен белсенділікті дамыту». //Оқытудың әдіс- тәсілдері// 2012.-6.37-38
20. Асмолов А.Г. Жекелік психологиясы. - М., 2006.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ МАНИПУЛЯЦИЯНЫҢ РӨЛІ

ӘОЖ 37.1.013.

Мұсабек Д.Ж.

Адамдар қоғам мүшесі ретінде бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайды. Қай саланы алып қарасақ та коммуникация болған жерде манипуляцияның да пайда болатынына көз жеткізе аламыз. Педагогикада ол үгіт-насихат жүргізіп, адамдарға ықпал ету мақсатымен сипатталады. Манипуляция деп адамның көзқарасын өзгертетін және іс-қимылын бақылайтын идеологиялық және әлеуметтік, психологиялық ықпал жүйесін айтады.

Манипуляцияны В.И.Даниленко, Е.Л.Доценко, С.Кара-Мурза сынды көптеген ғалым жан-жақты қарастырды. Мәселен, Е.Л.Доценко оның мынадай белгілерін айрықша атап көрсетеді. 1) тектік белгі - психологиялық ықпал; 2) манипулятордың өзінің мақсаттарына жету амалы ретінде өзгеге деген қатынасы; 3) біржақты жеңіске деген құлшыныс; 4) ықпалдың жасырын ерекшелігі; 5) психологиялық күшті пайдалану, әлсіз тұстармен ойнау; [1, 50-60]. Осы тұжырымдарды қарастыра отырып, манипуляцияның жасырын ықпал екенін біле аламыз. Ол аса шеберлік пен білімді қажет етеді. Негізгі міндеті - адамның пікірін, ниетін, мақсатын өз қалауынша өзгерту, адресаттың санасына әсер ету.

Манипуляция табиғатын орыс зерттеушілері жан-жақты қарастырды. Солардың бірі С.Кара-Мурза өзінің «Манипуляция сознанием» атты кітабында манипуляцияны келесідей анықтайды: «Біріншіден, манипуляция - бұл рухани, психологиялық ықпал (физикалық зомбылық немесе ұлтқа деген қауіп емес). Манипулятор әрекетінің көздегені - тұлғаның рухани жағы, оның психологиялық құрылымдары. Екіншіден, манипуляция - бұл жасырын ықпал. Манипуляция объектісі ол ықпалды тіпті байқамауы да керек. Үшіншіден, манипуляция - бұл аса шеберлік пен білімді қажет ететін ықпал. ... Сонымен, манипуляция - бұл адамдарға, олардың жүріс-тұрысын, қимылын бағдарлау арқылы рухани тұрғыдан ықпал етудің басымдық көрсету амалы. Бұл ықпал адамның психикалық құрылымына бағытталған және ол жасырын түрде іске асырылады. Оның міндеті - адамдардың пікірін, ниетін, мақсатын биліктің қалауы бойынша өзгерту» [2, 14-15]. Бұдан біз жасырын түрде манипулятордың қалауынша адресаттың пікірі мен көзқарасын керек арнаға бұрылатынына көз жеткізе аламыз.

Педагогикалық процесте манипуляцияны зерттеу мәселесі әлі де өзекті. Бұл тақырыпта көптеген тұжырымдамалар мен көзқарастар бар, бірақ олар шашыраңқы және бір жүйеге біріктірілмеген. Педагогикалық-психологиялық білімдер жүйесінде адамның мінез-құлқын манипуляциялау құбылысы негізінен психология ғылымының аясында зерттеледі. Манипуляциялық стратегия - қарым-қатынастың танымдық жоспары. Манипуляциялық

тактикалар мұғалімнің сөйлеуінде манипуляцияны жүзеге асырудың белгілі бір тілдік құралдарын қолдануды білдіреді.

Манипуляциялық стратегияларды іске асыру әдісі ретінде бастауыш сыныптарға қатысты төмендегідей лексикалық құралдар қолданылатынын анықтадық:

- 1) бір мәнді және көп мағыналы сөздер;
- 2) тура және ауыспалы мағынадағы сөздер;

3) сөздің белгілі бір лексикалық қабатқа жататындығы: бейтарап лексика, эмоциялық- бағалау, сленг (бейресми лексика).

Грамматикалық тұрғыдан алғанда, бастауыш сыныптарды оқытудағы манипуляциялық стратегиялар көптеген сөйлемдерде жүзеге асырылады:

- 1) қарапайым баяндау сөйлемдері;
- 2) сұраулық ұсыныстар: жалпы сұрақ, арнайы сұрақ, балама сұрақ;
- 3) сөйлем құрылымының ерекшеліктері бойынша: жалаң, жайылма, жай, күрделі.

Бір сыныпта психологиясы, қабілеті мен үлгерімі әртүрлі оқушылардың болатыны заңдылық. Сол себепті мұғалімге түрлі амал-тәсілдерді қолдануға тура келеді. Оның ішінде ең жиі қолданылатын әдіс - бағалау. Мысалы:

- *Балалар, мұқият болайық! Мына сұраққа жауап берген оқушыға бірден бес қоямын!*
- *Бүгінгі сабақ қызықты өтті деп ойлаймын. Кім осы тақырыпты зерттеп келсе, соның бағасын көтеремін;*
- *Үй тапсырмасын орындамай келгендер қоңырауға шықпайды».*

Осындай манипулятивті ұсыныстар арқылы педагог шәкірттерінің білім деңгейін арттыруды көздейді.

Педагогикалық дискурста, соның ішінде бастауыш сыныптарды оқытуда манипуляциялық стратегия позитивті мәнге ие болады, өйткені оның негізінде кез келген материалды түрлендіру, оқу процесіне қызығушылықты ояту, оқушының оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, тұлға аралық қарым-қатынасты реттеу, оқу-тәжірибелік іс-әрекетін жетілдіру, оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру жатады [3,18]. Яғни, тілдік

манипуляция әртүрлі аспектілерде кездеседі. Дискурстың бұл түрінде манипулятор басшылыққа алатын мақсаттар манипуляцияланатын адамға көбірек пайда әкеледі.

Манипуляция - екіжақты процесс. Ол тек мұғалім арқылы жүзеге аспайды.

- *Сіз осы өлеңді жаттап келсем, бес қоямын деп едіңіз ғой*
- *Мен неге төрттік баға алдым?*
- *Егер маған ұрыса беретін болсаңыз, ата-анама шағым түсіремін*
- *Анай, тек сіздің сабағыңыздан ғана наһар баға алдым. Оны қалай жөндесем болады? Қосымша тапсырма бересіз бе?*
- *Мен де асханаға барсам бола ма? Басқаларға рұқсат бердіңіз ғой*
- *Ол сабаққа дұрыс қатыспаса да, менен жоғары баға алады. Бұл әділетсіздік емес пе? Бұл*

мысалдарға назар аударсақ, оқушылардың да манипулятор екенін байқай аламыз. Негізгі прагматикасы - көздеген мақсатына жету.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде біз оқушыларды манипуляциялаудың келесі стратегияларын анықтадық [4,146]:

1. «Зерттелетін нақты материалға назар аудару» стратегиясы;
2. «Пәнге және жалпы оқу үдерісіне қызығушылықты арттыру» стратегиясы;
3. «Сыныпта оқу тәртібін орнату» стратегиясы;
4. «Тұлғааралық әңгімелесу» стратегиясы және оның түрлері.

Қорыта айтқанда, мұғалім тарапынан белгілі бір манипуляциялық тактикалар мен әдістерді қолданудың негізінде пәнге немесе тақырыпқа қызығушылықты арттыру, сонымен қатар пән бойынша оқу үлгерімін жақсарту және пәнмен жұмыс істеу үшін мотивация жасауға деген ұмтылу жатыр.

Мұғалім - оқушының назарын оқу жағдаяттарына аударатын адам. Оның міндеті - белгілі бір тақырыпқа ғана емес, пәннің өзіне деген қызығушылықты арттыру. Қызығушылықты ояту үшін вербалды және вербалды емес манипуляциялар жүзеге асырылады. Осылайша, манипуляциялық стратегия тактикалар кешенін қолдану мен

материалды түрлендіру арқылы пәнге және тақырыпқа қызығушылықты ояту деп түсіндіріледі. Демек, бастауыш сыныптарды оқыту мен тәрбиелеудегі манипуляцияның маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. - М.: ЧеРо: Юрайт, 2000. - 342 с.
2. Кара-Мурза С.Г. Манипуляция сознанием. - М.: Изд-во Эксмо, 2006. - 832 с.
3. Грачев Г.А. Манипулирование личностью / Г.А. Грачев, И.О. Мельник. - М.: «Алгоритм», 2002. — 288 с.
4. Доценко Е.Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита / Е.Л. Доценко. — М.: «ЧеРо», Издательство МГУ, 1997. — 344 с.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӨОЖ 81:372

Калмуратов Ж.С.

Қазіргі заманға сай қоғамды ақпараттандыруда оқытушылардың біліктілігі - ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануы негізгі міндеттердің бірі. Осы тұрғыдан келгенде бүгінгі таңда ақпараттық технология кез келген мамандандырылған қызмет аясының, соның ішінде лингвистиканың да бөлінбес бөлшегіне айналды. Бұған дейін лингвистикалық зерттеулерде, аудармада және тіл үйретуде компьютерлер мен оларға сәйкес бағдарламаларды қолдану аса қажет болмағанымен, қазіргі уақытта студент кездерінен бастап, болашақ шетел тілдері оқытушылары, аудармашылар және лингвист-зерттеушілер өздерінің мамандандырылған қызмет аясында ақпараттық технологияларды қолдану құзырлылықтарын арттыруда.

Тілдерді оқыту тәжірибесінде жаңа технологияларды ендірудің жай-күйін зерттеу барысында лингвистиканың жаңа бағыты - компьютерлік тіл білімі дейтін саланың туып, дамуына әкелді. Бұл ғылым саласының пайда болуына жаһандану үрдісі, техниканың қарыштап дамуы, әлемдік ақпараттық технологиялардың орасан жетістіктері, жасанды тілдер үлгілерінің қажеттіліктері ықпал етті. Алайда бұған уәждеме болған ақпараттық технология болса, тілдің қандай қатысы бар деген сауал туындары анық. Жоғарыдағы қажеттіліктерді тағы санамалап шықсақ, аталған үрдістерді лингвистика ғылымынсыз, тілдің құрылымынсыз шешу мүмкін емес екен. Мәселен, жасанды тілді жетілдіру үшін тілдің құрылымын білу міндетті. Сондай-ақ, адаманың компьютермен табиғи тілде қарым-қатынас жасаудың үлгілері мен күрделі адам-тіл-машина түсінігінің кешені классикалық лингвистика постулаттарының көмегісіз жүзеге аса алмайды.

Компьютерлік лингвистика / Computational Linguistics (ағыл. computer < лат. computare санау, есептеу) - қолданбалы лингвистиканың құрамдас бір бөлігі. Арнаулы және басқа компьютерлердің әртүрлі интеллектуалды қызметтерде кең түрде қолданылуына орай дүниеге келуі және дамуы. Компьютерлік лингвистиканың негізгі зерттеу мақсаты - компьютерлендірудің лингвистикалық мәселелерін шешу, яғни ЭЕМ-мен жұмыс істеуге арналған жасанды тілдер құрылымын анықтау, ақпараттық банктерді құру, қалыптастыру және мәтіндерді өңдеу үшін машинамен сөздіктерді, алгоритмдерді құрастыру және әртүрлі тілдік үдерістерді модельдеу және басқа мәселелерді табиғи тілдің семантикалық заңдарын ескере отырып шешу.

Лингвистикадағы ақпараттық технологиялардың қолданылу мүмкіндіктерін оқу аталмыш ғылым саласына сәйкес негізгі ұғымдарды білуді бағамдайды. Олардың арасынан лингвистика (тіл, лингвистика, компьютерлік лингвистика және т.б.) мен информатика (ақпарат, алгоритм, модель және т.б.) саласына жа-татын ұғымдарды бөліп қарастыруға

болады. Бұл ұғымдармен танысуды лингвистер, шет тілдерінің оқытушылары және аудармашылардың тікелей қызметтерінің кәсіби жағын сипаттайтын лингвистикалық терминдерден бастаған жөн.

Компьютерлік лингвистиканың маңызды мәселелері - автоматты түрде жүзеге асып оқылатын лингвистикалық жүйені анықтау. Р.Г. Пиотровскийдің пікірінше автоматты лингвистиканы қолданудың өзіндік екі қыры бар:

1 Дәстүрлі - оқыту бағдарламалары негізінде нақты грамматикалық бөлімін оқытуда немесе қойылымдық сипаттағы жаттығулар көмегімен, компьютерлік тестпен жасай алатын қыры.

2 Когнитивті-интеллектуалдық - тілдерді оқытуды компьютермен қамту. Лингвостатистика әдісін, семантикалық жүйені, автоматты оқу сөздіктерін, грамматикалық кестелер қолданылады. Бұл аталған бағыт бойынша К. Маккьюин мен О. Руденко-Моргун шұғылданды.

Мәселен, «электронды сөздік» термині тіл білімінде шамамен он жыл бұрын пайда болса, «компьютерлік лексикография» термині одан ертеректе қолданыста болған. Ғалымдар оны әртүрлі терминмен атайды, мысалы: Ю.Н. Марчуктың еңбектерінде - «есептеуіш лексикография» (1976 ж.), Е.В. Вертель - «машиналық лексикография» (1984 ж.), А. Казакевич - «автоматтандырылған лексикография» (1985ж.), ал В. Марковкин - «компьютерлік лексикография» (1990 ж.) десе, кейін Ю.Н. Марчук барлық осы атауларды ортақ мағынаға біріктіріп «компьютерлік лингвистика» деген атпен танылған қолданбалы лингвистика мәселелерін жүзеге асырды [1].

Шет елде 70-жылдары ЭЕМ-ді тілді оқыту үшін ендіру мәселесі Батыс Еуропаны, Жапонияны және Латын Америкасы елдерінің қызығушылығын тудырды. Ресей және ТМД елдерінде есептеу техникасын ана тілді және шет тіліді оқыту үшін қолдану өткен ғасырдың 70-80-жылдары қолға алынды. К.Р. Пиотровская жазып кеткендей, алғашқы жылдары оқытудың қағаздағы құралдарының электронды бейнесі ғана беріліп келді, компьютерді қолдану оқытушының имитациясына бейімделген еді. 80-жылдардың ортасында тілдерді үйретуде компьютерлік қолдау мәселесімен айналысатын ғылыми бағыт - Computer Assisted Language Learning қалыптасты. Оның аясында халықаралық ақылдасулар мен компьютерлік лингвистика мәселелері бойынша конференциялар ұйымдастырылды. 80-90-жылдар соңына қарай компьютердің техникалық мүмкіндіктері компьютермен оқыту бағдарламаларының негізгі ерекшеліктері - материал көлемінің шағындығы, грамматиканың бір немесе бірнеше бөлімдеріне сәйкесуі, бір сызықтылығы. 90-жылдардың екінші жартысында компьютерлер мен телекоммуникациялық құралдардың жаңа түрлерінің пайда болуымен лингвистикалық ақпараттық орта кеңістігін кеңейту мақсатында мультимедиялық технологияға негізделген бағдарламалар жасалды. Мультимедиялық технологияның түрлі формадағы (мәтін, дыбыс, видео, анимация) үлкен көлемдегі оқу ақпараттарын біртұтастыққа біріктіру мүмкіндіктері қысқа мерзімдерде бірінші толқын локалды бағдарламаларынан қазіргі аралас оқыту кешеніне өтуге мүмкіндік береді [2].

Бағдарламалық қамтамасыз етілу - аппараттық құралдарды басқаруға бағытталған немесе ақпаратқа, сәйкес құжаттарға қатысты әртүрлі операцияларды орындауға арналған машина тілінде жазылған бұйрықтардың бірізділігін білдіретін компьютерлік бағдарламалар.

Бағдарламалық құралдардың тағайындалуына байланысты бағдарламалық қамтамасыз етілу жүйелік және қолданбалы түрде қарастырылады. Жүйелік бағдарламалар аппараттық құралдардың жұмыстарын басқарады және операциялық жүйелер, утилиттер, драйверлер және басқа да бағдарламалардың түрлерін құрайды. Қолданбалы бағдарламалар соңғы қолданушыға арналған және ақпарат бойынша түрлі операцияларды орындауға мүмкіндік береді:

- > мәтінді құру мен өңдеу (мәтіндік редакторлар);
- > графикалық көріністерді өңдеу (графикалық өңдеу);
- > дыбыстық пен видеоақпаратпен жұмыс (мультимедиялық бағдарламалар);
- > статистикалық мәліметтерді өңдеуге арналған электронды
- > кестелерді құру (электронды кестелер) және т.б.

Лингвист үшін электронды аудармашылар мен сөздіктер, сондай-ақ мультимедиялық оқытушы бағдарламалар сияқты қолданбалы бағдарламалар өте тиімді [3].

Мақаламызды қорытындылай келе, айтарымыз: адамзат қоғамының өмір сүруінің бұлжымас шарты болып табылатын ақпарат, қоршаған ортадағы өзгерістерге адекватты реакция беру үшін адам, тірі ағзалар немесе техникалық жүйелер арқылы жеткізілетін әлем туралы деректерді білдіреді. Ақпаратты алу, сақтау, жеткізу, тарату мен қайта жасауды жүзеге асыратын компьютерлік құралдар, сондай-ақ сәйкес заңдылықтар мен тәсілдер ақпараттық технологиялар мағынасын иеленді [4]. Егер біз компьютер арқылы тіл мен оның қызметінің заңдылығына қатысты кез келген ақпаратты қабылдап, сақтап, жеткізіп, таратсақ, біз лингвистикадағы ақпараттық технологиялармен байланыста боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садық Д.А., Мәдиева Г.Б. «Компьютерлік лингвистика кеңістігіндегі электронды сөздіктердің артықшылығы». ВЕСТНИК КазНПУ им. Абая, серия «Филология», №3(73), 2020 г.
2. Макьюин К. Дискурсивные стратегии для синтеза текста на естественном языке. - Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. М., 1989.
3. Зубов А.В., Зубова И.И. Информационные технологии в лингвистике: учеб. пособие. - М.: Академия, 2004.
4. Г.Б. Мәдиева, С.Б. Бектемірова, Ж.Ж. Күзембекова. Компьютерлік лингвистика: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 164 б.

АДАМГЕРШІЛІК - РУХАНИ ТӘРБИЕСІНІҢ ОТБАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

ӘОЖ 37.013

Мамбеталиева А.З., Исмагулова С.

*«Адамның адамишылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы,
жақсы ұстаздан болады».*
Абай Құнанбайұлы

Адамгершілік, ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - біздің де қоғам алдындағы борышымыз. [1; 586]

Әрине отбасы - адам баласының алтын діңгегі екеніне тоқталған. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алатынына түсінік берген. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі екеніне жан-жақты мәлімет берген. Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар мақсатына тоқталған. Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балиғатқа толған

мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты, әрі өте жауапты міндет болып саналатынын жаза отырып, жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты екендігіне түсінік берген.

Ұлттың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық жолдауы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, саликалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл жолдауында сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселелер көтеріліп отыр. Онда Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім беру маңызды рөл атқарады.[2; 1056]

Қазіргі білім беру жүйесінің міндетті бейбітшілік ынтымақтастыққа және әлемдік мәдениет пен әр халықтың өзінің ұлттық тәрбиесін байланыстыра адами құндылықтарын, қайырымдылықты, ата-анаға, Отанға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арта отырып білімді, еңбекқор, бәсекеге бейімделген жеке тұлға тәрбиелеу. Қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Әсіресе, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихи-әдеби мұралар арқылы балалардың жеке басының қасиетін дамыту мүмкіндіктеріне барынша көңіл бөліп, мұғалім білімі мен білігін тәрбие үрдісінде балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды дұрыс ұйымдастыру керек деп санаймын.

Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы жолдауында барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі, әлемдік деңгейдегі саяси беделі және әл - ауқатының артуына бағытталған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру көзделген. Білім мазмұнын жаңарту мен қатар, оқытудың әдіс - тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру, жас өскелеңдерді ұлтжандылыққа тәрбиелеу қажеттілігі көрсетілген.

Өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру - қазіргі балабақшалардың ең маңызды міндеттердің бірі. Бұл заңды да, өйткені біздің қоғам өмірінде адамгершілік бастамаларының рөлі барған сайын артып, моральдық фактордың ықпал аясы кеңейіп келеді. Ұлттық мәдениет тарихының қайта жаңғырып өркендей, халықтың рухани мұрасын дәстүрлерін қастерлеу - оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігінің көрсеткіші. Осы өркениетті өзгертіп, оны дәріптеп, дамытатын адам болып табылады. Рухани- адамгершілік құндылықтар педагогиканың тарихы мен теориясында кеңінен зерттеліп жүрген мәселелердің бірі. Рухани-адамгершілік құндылықтарының мәні, тәрбиелік маңызы туралы қоғам қайраткері, ғұламалар, ұлы педагогтар, ақын-жыраулар өз еңбектерінде ой-пікірлерін қалдырып кеткені белгілі.. [3; 18 б.]

Халық педагогикасының дәстүрлері негізінде мектепке дейінгі, бастауыш мектеп оқытушыларының және оған дейінгі ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде тәрбиешілерді, болашақ мұғалімдерді даярлау мәселелері ең басты назарда болуы қажет...

Білім берудің басты құндылығы ретінде тұлға, рухани-адамгершілік, ізгілікті қағидалар: бірлік, теңдік, өзара ықпалдастық және төзімділік бекітілген. Тәрбиеленуші, оқушы тұлға мен қоғамды қалыптастыратын мәдениетті түсіну және бағалай білу үшін адамдармен құндылық - саналы ынтымақтастық әрекет жасай алуы тиіс. Осы ұстанымды жүзеге асыру ізгіліктің тұжырымдамасына негізделген, мақсатты ұйымдастырылған, өзара байланысты әрекеттер және тәрбиеші мен бала, мұғалім мен оқушының арасында өзара ынтымақтастығы үдерісін қажет етеді.

Педагогика мен практиканың адамға, оны дамытуға, ізгілікті дәстүрді қайта жаңғыртуға бағытталуы- өмірлік мақсат ретінде танылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін педагогиканы патриотизммен байланыстыра оқыту керек сияқты. Осы талапқа сәйкес, педагогиканың ұлтжандылығы - бұл білім беру философиясының ізгілікті мәнін белгілейтін

педагогикалық таным мен ақиқат шындылықты өзгерту жайындағы теориялық қағидалардың жиынтығы. [3; 486]

Аталған адамзаттық және ұлттық құндылықтар адам өміріне қажетті рухани байлық болып табылады. Рухани байлыққа халқымыздың мәдени-мұралары, ата-баба салт дәстүрлері, танымдағы және эстетикалық ләззаттағы өажеттіліктер жатады. Халық игілігі ретінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасып жатады. Елінің бүгінгі мен ертеңін алыстан болжап, халық үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де рухани байлық болып саналады. Бабалардан қалған қасиет пен құрмет, тіл мен діл, ел мен жер - бәріде біздің рухани байлығымыз. Рухани байлық - адамның өмірін, қоршаған орта, тіршілік аясымен тұтастыратын жәнеоның бар мақсат мүддесін игі істермен ұштастыратын асыл арна. Рухани байлық адамның бергілі бір қажеттерін қанағаттандыратындықтан ол үнемі игілікке бағытталады. [1; 5 б.]

Адамгершілік дегеніміз үлкенді үлкен, кішіні кіші деп қадірлей білуде, тектіліктің тірегін қалайтын тәлім тәрбиеде. Ал тәрбие қуаты отбасында. Қазіргі таңда еліміздегі оқу - тәрбие жұмысында болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысына көп мән беруді міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие және адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты алға қойылатын негізгі мақсат - өркениет, прогресшіл бағыттағы ұлттық бағыттағы азаматтық адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тәлімін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастары мен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сонымен бірге жеке тұлғаның сапасын көтеру. [1; 10 б.]

Тәрбие - қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара-қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Балалардың сапалы білімі мен байымды мінезін қалыптастыру, оған сәйкес ұлттық сезімін және сенімін тәрбиелеу әрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты. Тәрбиенің негізгі міндеті: қоғамның қажетті талаптарына әрбір баланың борышы, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сияқты биік рухани адамгершілікке айналдыру. Білім беру жүйесіндегі бірінші міндет - ол дүние жүзі елдерінде жастарды бейбітшілік рухқа ынтымақтастыққа, руханилыққа тәрбиелеу және әлемдік мәдениет пен әр халықтың ұлтық мәдениетін кіріктіре меңгеру. Екіншіден, жастардың бойындағы адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту. [1; 16 б.] Үшіншіден, білім беру жүйесінің бұрынғы ағартушылық бағытын сағтай отырып, басым бағдарын жеке тұлғаның рухани-адамгершіліктұрғысынан кемелденуіне аудару.

Ендеше жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиет ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту - заман талабы. Егер адам руханилығынан айырылса, онда ол эмоция мен мінезінен айырылады, жалаң рационализм мен прагматизмнің құлына айналады. Сөйтіп, материалдық табысты негізгі мақсатқа айналдырған қоғамдық даму адамзатты рухани жұтандыққа душар етіп, құндылық бағдарын өзгертіп жеберуі мүмкін.

Қазіргі білім беру жүйесінің міндеті бейбітшілік рухта ынтымақшыл және әлемдік мәдениет пен әр халықтың өзінің ұлттық тәрбиесін байланыстыра адами құндылықтарын, қайырымдылықты, ата-анаға, Отанға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арта отырып білімді, еңбекқор, бәсекеге бейімделген жеке тұлға тәрбиелеу, әсіресе, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарихи-әдеби мұралар арқылы балалардың жеке басының қасиетін дамыту мүмкіндіктеріне барынша көңіл бөліп, мұғалім білімі мен білігін тәрбие үрдісінде балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды дұрыс ұйымдастыру керек деп санаймын. Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда азаматтық құндылықтарды, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып келе бермек. [1; 18 б.]

Жетік өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылған жөн. Олай болса, басты мақсат - жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтарды, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға

кабілетті тұлға тәрбиелеу. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ұлт тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін оқушылар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйіндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және дені сау, білімді, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтанда ұлттық тәрбие - ел болашағы десек біз болып, сіз болып оқушыларымызды ұлттық тәрбиемен үздіксіз қаруландыра беруіміз қажет деп ойлаймын. [1; 30 б.]

Аталған бағыттардың бәрі өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл - парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әр бала, әр оқушы, әр тұлға осы арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Қорытындылай келе алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді ұмытпайық. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. [4; 1416]

“Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!” - деп Ұлы ақын Абай атамыз айтқандай әр бала өз жолын тауып, бұл өмірде кірпіш болып қалануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбенбаева С. Ш. , Әбиев Ж.Ә., Құдиярова А.М., Педагогика., 2003 ж.
2. «Егемен Қазақстан» газеті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н. Ә. Назарбаевтың мақаласы
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы. 2019. 3 том. 398 б. 5. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында
4. Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2020. 176 б.

Кітапхана- ақыл -білім ордасы

ӘОЖ 025:32

Бегилова Г.С., Исатай М.Ж.

«Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» деген ұлағатты сөзде қаншама мағына, қаншама терең ой жатыр десеңізші?! Өйткені адамзат баласына керекті рухани байлықтың бәрі кітаптан табылады. Ал енді білімнің қайнар бастауы болып саналатын кітапты сақтайтын, жинақтайтын, оны оқырманына жеткізетін қасиетті орын - кітапхана. «Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет» деген көрнекті жазушы Оралхан Бөкейдің сөзі кітапхананың өмірдегі орнын дәл айқындап тұрған жоқ па? Бүгінде ғылыми-техникалық прогресс пен адамзат өркениеті қаншалықты жедел қарқынмен дамып, әлемді ақпараттық технологиялар билеп, кез келген кітаптың мәтінін әп-сәтте интернеттен тауып алатын жағдайға жетсек те, кітапхананың орны бөлек. Қалаған кітабыңды қолыңа ұстап, парақтап оқып, керекті ойларыңды белгілеп, жазып алып, еркін пайдаланғанға не жетсін?! Интернет қорында да ондай жағдай бар-ау, бірақ кітаптың аты кітап қой!

Кітапхана қашанда және қай уақытта болмасын ең ғажайып керемет кітап мекендейтін, адам ақыл - ойының, парасатының қоймасы болып қалады. Қазіргі кітапханалар ол тек қана

кітаптар емес, ол міндетті түрде газет - журналдар, аудио және бейнетаспалар, CD - дискілер, электронды оқулықтар.

Білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа әдістері пайда болса да, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданысқа ие болса да, ғылыми - техникалық процесс арқасында өзгерістер енгізіліп, электронды ақпарат құралдары, информатикалық даму күннен - күнге жетілгенімен кітаптың алар орны бөлек. Себебі, прогресті жасау үшін де адамзаттың кітапқа жүгінбеуі мүмкін емес.

Мектеп кітапханашыларының басты міндеті-оқушыларды оқулықпен толық қамтамасыз ету, оқырмандардың назарын кітап оқуға аударып оқырман санын арттыру, оқырманның уақытын тиімді, ұтымды ұйымдастыру, пайдалану болып табылады.

Кітапхана келген оқырмандарға қажетті әдебиеттерін тауып берумен қатар көптеген іс-шаралар,библиотерапиялық кештер, пікірталас,оқырмандар конференциясын, кітап көрмесін,ауызша журнал, сайыстар,ертеңгілік, өнеге сағаттарын өткізе отырып,санқиялы тарихты басынан өткізген халқымыздың тарихын,өнегелі әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдени- мұраларын,әдебиет қазыналарын оқырмандарға кітап арқылы насихаттайды.Әрине бұл ауқымды жұмыстарды атқаруда кітапхана активтерінің де көмегі зор.

Адамзаттың тағы бір қол жеткізген үлкен табыстарының бірі-ақпарат.Бірақ оны шектен тыс ашық қолдана берсе, жастар санасын уайытты да нәрсеге айналып кетуі мүмкін,сондықтан оқырманның оқу дағдысын қалыптастыруға ақпаратқа қол жеткізуге, оның ішінде өзіне қажетті материалды іріктеп алуға үйрету,ақпараттық мәдениетті қалыптастыру басты мәселелердің бірі.

Сонымен қатар бүгінде барлық кітапхананың алдында тұрған міндет кітапхана жұмысын автоматтандыру. Кітапхана компьютерінде арнайы «MARK-SQL» автоматтандырылған мектеп кітапханасына арналған бағдарлама жұмыс жасайды. Қазіргі таңда кітапхана қоры «Негізгі қор», «Оқулықтар» деректер базасы ашылып, көркем әдебиеттер және оқулықтар енгізілуде.

Алайда кітапты ақпарат құралы алмастыра алмайтындығын, кітаптың адамзат дамуында алатын орны жоғары екенін үнемі оқырмандар санасына жеткізіп отыру кітапханашының басты міндеттерінің бірі.

Біз, кітапханашылар кітап мәртебесін көтерумен бірге еліміздегі, білім ордамыздағы жаңалықтардың жаршысы, насихатшысымыз. Сондықтан да кітапхана қорын дәстүрлі және электрондық тасмалдауыштармен, жаңа ғылыми басылымдармен, республикалық және жергілікті газет-журналдармен толықтырып отыруымыз керек.

Менің ойымша, қазіргі кітапханалар - ақпараттық мәдени - ағартушылық, ғылыми зерттеушілік мекеме болу керек. Қазіргі сұраныс технологияны біліп қана қоймай, сонымен бірге оны сауатты түрде қолдануды қажет етеді.

Менің ойымша, қазіргі кітапханалар - ақпараттық мәдени - ағартушылық, ғылыми зерттеушілік мекеме болу керек. Қазіргі сұраныс технологияны біліп қана қоймай, сонымен бірге оны сауатты түрде қолдануды қажет етеді.

Қазіргі уақытта кітапханаларды интернет желілеріне қосу, ақпараттандыру ісі кеңінен өріс алып қолданылуда. Кітапханадағы интернет - тұлғаның мәдениетін қалыптастырудағы арнайы технология жүйесі. Мұндағы интернеттің мақсаты жаңадан пайда болған ақпараттық әдістерді қолдануын түсіндіріп және ақпараттарды өңдеп, пайдаланушыға ақпарат көздерін нақты әрі тиімді жолмен ұсыну болып отыр. Интернет желісі - бүкіл әлемдік ақпараттық байланыс өрнегі. Интернет желісі - кітапхана саласының жаңа заман талабына сай дамуына алып келетін бірден-бір жол. Интернет желісі ақпарат іздеушіге кез-келген уақытта тиімді әрі жылдам ақпарат көзін тауып бере алады. Сонымен қатар кітапханаға басқа кітапхана жүйесімен байланыс орнатуға, сонымен қатар серіктестік қарым-қатынас орнатып, сапалы білім, таза ақпарат көздерін бере алатын көптеген кітапханалармен тәжірибе алмасуға мол мүмкіндіктер береді.

Кітап. Кітапхана. Кітапханашы! Үш ақ ауыз сөз болғанмен мағынасы тым тереңде. Бірі- бірінсіз толыққанды бола алмайтын рухани ошақ. Бір-бірін жалғастырып тұрған оларсыз қоғамды елестету мүмкін емес киелі ұғымдар. Әр таңын білімнің қайнар көзі кітаппен

ашатын, сол кітаптағы асыл мұраларды оқырмандарға жеткізетін алтын көпірді байланыстырушы Кітапханашылар. Бұл қарапайым мамандық болып көрінгенімен, бүгінгі заман талабына жүгінсек, ол мамандық қандай жұмыс түрлері болмасын өздерінің кәсіби шеберліктерімен заман талабына сай әдебиеттерді насихаттау, ұрпақтарға жан-жақты тәрбие беруде түрлі ақпараттар ағымына жол сілтеуші қоғамның белсенді мүшесі екендігін дәлелдеп келеді. Жалпы кітапхана - басқа әлемге апаратын жол. Ол басқа әлем бір сәт күйбең тіршіліктен алшақтататын әлем. Әр оқырман мұнда өз әлемін табады. Сол әлемде айналасындағы рухани байлық азығына тәнті болып саналы ұрпақтың легінің қалыптасуына мүмкіндік сыйлайды.

Кітапханада ата-анамен де тығыз байланыс орнатылған. Ата-ана баласының мектеп кітапханасының оқырманы екенін, баласының қандай ертегі, қандай көркем әдебиет оқып жүргенінен хабардар болу керек.

Қорыта айтқанда, кітапхана мектептің құрамдас бөлігі және кітапханашыларға артылар жүк те салмақты.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ -БАШҚҰРТ ТІЛДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ БАЙЛАНЫСЫ

ӘОЖ 81.367

Құсайынова Л.

Қазақ және башқұрт халықтарының ұлт болып қалыптасу жолына үңіліп қарасақ, қилы- қилы тарихи кезеңдерді басынан кешіргенін көреміз. Бүгінгі қазақ пен башқұрттардың түп төркіні көне қыпшақтар. Қыпшақтар тарихта мың жылдан астам уақыт бойы белгілі. Тарихи мәліметтерге қарағанда түрік, қыпшақ атаулары қатар айтылып, бірге қолданылып жүр. Шығыстанушы, тарихшы ғалым С.Г. Кляшторный жазғандай: «Түркі этногенезінің ежелгі ошақтары Евразия құрлығының шығыс бөлігімен - батысында Алтайдан шығысында Хинганға дейінгі аймақты қамтитын Орталық Азиямен және Оңтүстік Сібірмен тығыз байланысты. Бұл үлкен өңір көрші өркениеттен де, өзге этникалық кейіптегі таулы-тайгалық және дала тайпаларынан да оқшауланған жоқ. Көші - қон процесінің қия жолы бірде күшейіп, бірде тынып, бүкіл Ұлы даланы көктеп өтті» [1,12]. Қыпшақтар Еуропа жазбаларында кумандар, Ресейде половшылар, араб тілінде «қыфчак», «кывчак», көне түркі тілінде «кыбчак» деп аталған. Қыпшақтардың пайда болуы жөнінде қазіргі кезде ғылымда нақты деректер келтіріле бастады. Белгілі тарихшы, қыпшақтанушы Мурад Аджи қыпшақ туралы былай деп жазды: «Кыпчак - это имя одного из древнейших тюркских родов. Возможно, он когда - то первым отселился с Алтая, и других переселенцев стали называть его именем» [2,83-84]. Олай болатын себебі, М.Аджидің сөзіне қарағанда, «А на Алтая в ход снова вошло слово «кыпчак», переселенцев всегда называли «кыпчаками» [2, 83-84]. Ғалым тарихтағы халықтардың ұлы қоныс аударуының көшбасында қыпшақтар тұрғанын айта кетеді. «Это переселение называли Великим, - деп жазады автор одан әрі, - началось оно во II веке с Алтая, двигалось в сторону Европы и продолжалось триста с лишним лет» [2, 89]. Сонымен бірге: «Тогда, то есть к концу V века, кипчаки заселили пол - Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглушала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым многочисленным народом мира... Один народ дал жизнь десяткам других народов»[3,165] - дейді. Ғалым түріктердің тарихында қыпшақтардың алатын орны мен маңызы аса зор болғандығын көрсетеді. «Қыпшақ» сөзі ең алғаш Селенгі өзенінің бойында тасқа қашалып, руңь (көне түркі) әріптерімен жазылған. Ұйғыр қағанатының билеушісі Әлетміш Күл Білге қағанның (747-759ж) басына орнатылған құлпытаста: «түрк кыбчак еліг йыл ол дурмысың» («когда тюрки - кыпчаки властвовали над нами пять десят лет») - деп жазылған [4]. Араб зерттеушілерінің еңбектерінде қыпшақтар IX ғасырда белгілі болған [5]. VIII ғасырдың II жартысы мен X ғасыр аралығында шығыста Алтай мен Ертістен, батыста Оңтүстік Орал мен Еділге дейінгі аралықта қыпшақтардың этникалық бірлестігі одан әрі қалыптаса бастады. Алғашында олар көршілес

кимек тайпаларымен бір одақта болып, кимек мемлекетінің құрамына кіріп, саяси жағынан кимек қағанына бағынышты болды, әрі түркі тілдес құман, оғыз, башқұрт, пешенег, қарлұқ, қаңлы тайпаларымен тығыз байланыс орнатады. XI ғасырдың басында кимек, қыпшақ және құман тайпалары қоныстанған аумақта әскери - саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. XI ғасырдың екінші ширегінде қыпшақтардың әскери - тайпалық шонжарлары Сырдарияның төменгі және орта аңғарынан, Арал өңірі мен Каспий маңынан оғыз жабғуларын ығыстырды. Қыпшақтар билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық-саяси жағдайдың өзгеруіне қарай XI ғасырдың екінші ширегінің басында «Оғыздар даласы» (Мафазат Әл-гузз) деген атаудың орнына «Қыпшақтар даласы» («Дешті Қыпшақ») деген атау пайда болды. Маңғыстауды сондай-ақ оған жақын жатқан көптеген аймақтарды өзіне бағындырған қыпшақтардың саяси ықпалы едәуір кеңейді. XI ғасырдың ортасында кумандардың негізгі бұқарасы мен билеуші тоқсоба және бұржоғлы руларының қоластындағы қыпшақ тайпаларының үлкен топтары оңтүстік орыс және Қара теңіз өңірі мен Византия шекараларына дейін қоныс аударды. Осы оқиғаларға байланысты қыпшақ тайпаларының жері этно-аумақтық екі бірлестікке: Еділ өзені бөліп жатқан Шығыс қыпшақ және Батыс қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді. Қазіргі Қазақстан аумағының көп бөлігі Шығыс қыпшақ ұлысы билігінде болды. Бұл кез Ә.Құрышжановтың сөзімен айтқанда қыпшақтардың дара тайпа болып «тарих сахнасының авансценасына» шыққан кезі еді. XI ғасырдың екінші жартысынан XII ғасырдың бірінші ширегіне дейін қыпшақ хандарының саяси бірлігінде де біршама тұрақтылық байқалады, солардың ішінен деректемелерде ең елеулі екі билеуші - «құдіретті» билеуші және «ең үлкен құрметке ие патша» бөліп айтылады. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М.Ақынжанов бұл туралы: «Әр түрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты», - дейді [6,205]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырымға дейінгі аралықты мекендеді. Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақ тілінің ығында қалып, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілді. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Европаға дейін тарады. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұған дәлел ретінде М.Аджидің «Дешт - и - кипчак при новом монгольском правителе получил и новое имя - Золотая Орда, ... которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках» деген сөзін айтуға болады. Сол қыпшақтар қазақ халқының ұлт ретінде тарихтан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

Біздің зерттеу нысанымыз осылай тарих қойнауынан бірге өсіп өнген қазақ және башқұрт тілдерінің сабақтастығын тұрақты тіркес бойынан қарастыру. Тілдің тарихи даму процесінде бірқатар сөздер белгілі морфологиялық тұлғада бірте-бірте қалыптасып, белгілі бір мағынада қолданылатын тұрақты сөз тіркестеріне айналады. *Қабырғамен кеңес, жігері құм болды, қой аузынан шөп алмайтын* деген сөз тіркестері «ойлан», «ойлағаны болмады», «момын» деген ұғымдарда қолданылып тұр. Бұл тіркестегі сөздердің жеке мағыналары мен тіркес күйіндегі беретін мағыналары бір-біріне сәйкеспейді және бұл тіркестегі сөздерді синтаксистік ара-қатынастарын ажыратып талдауға келмейді. Біртұтас тілдік тіркес ретінде, бір ұғым түрінде қолданылып тұр. Бұл сияқты сөз тіркестерінің қалай жасалып, қалай бір ұғым ретінде қалыптасқандығын дәлелдеу қиын. Сөйтіп, бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын тарихи қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін фразеология дейді. Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері беретін мағыналарына, тілдегі қолданылатын қызметіне қарай өзара идиомалық тіркестер және мақал-мәтелдер болып бөлінеді. «Фразеология» дегеніміз, біріншіден, «тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы», екіншіден, «фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы» .Ал фразеологизм

дегеніміз - құрамындағы сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарынан мүлдем немесе жарым-жартылай айырылып, өзара жымдаса келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауыспалылық пен бейнелілік тән.

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдердің ішінде татар, башқұрт, қазақ тілдерінің фразеологизмдерін зерттеу мәселесі біршама жақсы жолға қойылған. Аталған тілдердің фразеологиялық теориясы жан-жақты зерттеліп, бүгінде олардың туыстас тілдермен, әсіресе, туыс емес тілдердің фразеологиялық материалдарымен салыстыра, салғастыра зерттеулер де кеңінен орын алған, фразеологиялық қоры сөздікке түсірілген. Ортақтықтар мен айырмашылықтар қыпшақ тобының өз ішінен тармақталған бұтақтарының тілдік белгілерін толық сақтайды. Яғни, қыпшақ тобының әр бұтағындағы тілдер фразеология саласында өзіндік ортақтықтарымен көзге түседі. Атап айтқанда, қыпшақ тобының татар, башқұрт тілдерінің фразеологизмдерінде ортақ жәйттардың көптігімен ерекшеленеді. Қыпшақ тобындағы халықтардың бәрінде де бір кезеңдерде шамандық сенімде болған. Соның көріністері фразеологизмдерде сақталып отыр. Мысалы, башқұрт тілінде *кейәһе етеу* қазақ тіліндегі *киесі ұру* фразеологизмі құрамдық өзгеріспен сақталған. Соған қарамастан, қазақ тілі лексикасында сақталып қалған *кие* сөзі зерттеуші З.Г.Ураксиннің айтуынша башқұрт тілінде бүгінде жеке қолданыста болып отыр. Қазақ тіліндегі *ақ көңіл*, *тас бауыр*, *қара жүрек* түрінде келетін есімді фразеологизмдер башқұрт тілінде аздап құрылымдық жағынан ерекшеленеді. Мысалы: *ақ күңелле*, *каты бәгерле*, *кара йөрәкле* т.б. Яғни, башқұрт тілінде мұндай фразеологизмдердің құрамы алғашқы компоненті сын есім ешбір аффиксиз, екінші компоненті сын есім тудыратын (-лы/-лі) жұрнағын қабылдау арқылы жасалған. Сол секілді, башқұрт тілінде *әсе телле* (ащы тілді/ алтын қоллы, озон қоллы (қолының сұғанағы бар) деген тіркестер аталған тәсілдің бұл тілде өнімді екенін көрсетеді. Ал қазақ тілінде аталған фразеологизмдердің құрамы керісінше қалыптасқан. Мысалы: *тілі ащы*, *қолының сұғанағы бар*, *қолы алтын*, *қолы ұзын* т.б. Теңеу мәндес фразеологизмдердің құрамында башқұрт тілдерінде шылау түрлеріне байланысты ерекшеліктер байқалады. Ол ерекшелік қазақ тіліндегі *секілді*, *сияқты* шылауымен синонимдес болып келетін *кеуек* және «емес, жоқ» деген мағынаны беретін *түгел* формаларының кездесуімен байланысты болып келеді. Қазақ тіліндегі *секілді*, *сияқты* шылау сөзінің фразеологизмдер құрамында *кебек*, *кеуек*, *кибик*, *иймик* түрінде келуі татар -башқұрт тілдерінде кездеседі. Мысалы башқұрт тілінде *кеуек* (*толтырған тауық кеуек* - толтырған тауық секілді). Қазақ тілінде *емес* модаль сөзінің фразеологизмдер құрамында *түгел*, *туғұл* түрінде келуі татар, башқұрт тілдеріне ортақ құбылыс. Мысалы башқұрт тілінде *түгел* (*алланың қасқа текесе түгел* - алланың қасқа текесі емес).

Түркі тілдерінің қай-қайсысында да дене мүшелерінің атауларымен жасалған фразеологизмдер аз емес. Зерттеу нәтижесінде олардың фразеологизм жасауға қатысу дәрежесі түрліше екендігі байқалады. Мысалы, *бас*, *бет*, *жүрек*, *көз*, *қас*, *қол*, *аяқ*, *құлақ*, *мұрын* сөздері көптеген фразеологизмдерге негіз болса, бірқатар дене мүшелерінде ондай белсенділік байқалмайды. Зерттеушілер дене мүшелерінің атауларының құрылымдық жағы буын санының ықшамдылығы да фразеологизм жасауға негіз болу белсенділігін арттыратынын айтады. Мысалы *желке* сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдер бар. Башқұрт тілінде бұл сөз *мойын* сөзімен қатар қолданылады. Ал қазақ, қарақалпақ тілдерінде екі сөздің орны ауысып қолданылады. Мұның өзі жақын туыстас тілдердің өзінде де айырмашылықтарды молайта түскен. Түркі тіліндегі фразеологизмдерде *құс* атаулары да үлкен орын алады. Алайда, олардың фразеология жасаудағы орны жақын туыстас тілдердің өзінде бір дәрежеде емес. Мұның өзі түбі бір түркі халқының тарихының даму барысында қалыптасқан түрлі әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты болса керек. Айталық, отырықшы шаруашылыққа біршама ертерек көшкен башқұрт халқы тұрмысында құс өсіруді (қаз, үйрек, тауық) ертерек қолға алған. Осының салдарынан аталған құс атаулары да түрлі оралымдардың қалыптасуына негіз болған. Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдер фразеологиялық қорында түрлі айырмашылықтар пайда болғанына қарамастан, бұл тілдер өзінің қыпшақтық

негізін лексикасында сақтаған. Бұл тарихи даму үдерісінің бірлігін және этномәдени ортақтықтарды көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдін Бизаков «Түбі бір түркілер» Алматы 2002ж
2. Аджи М. Полянъ Половецкого поля Москва, 2000, 210 стр.
3. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии Москва 1995
4. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи Москва 1999 г. 166 стр.
5. Кумеков М. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII- XIV в.в. Алматы 1987ж., 294- стр.
6. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана Алматы 1995

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

ӘОЖ 78.021.2

Кушенова Л.С., Айткалиева А.Ж.

Музыка - адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін, ойы мен идеясын жеткізе білетін өнер түрі. Музыканың маңыздылығы, ең алдымен, адам баласының айналадағы болып жатқан құбылыстардың бейнесін танып, мазмұнын ашуға көмектеседі. Дүниетанымды қалыптастырып, оны түрлендіре білуге, өзгеріс енгізуге бағыттайды. Музыка өзіндік ерекше, қайталанбас құрал ретінде әсемдік пен сұлулықты түсінуге, өнер мен өмірге деген эстетикалық көзқарасты танытады. Ал адам онымен неғұрлым көп кездессе, соғұрлым ол бүкіл рухани мәдениетті тез меңгеріп, жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаға айналады.

Музыка адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Жер бетіндегі өркениеттердің ең көне ілімдерінің барлығында музыканың жануарларға, өсімдіктерге және адамдарға әсері туралы мыңдаған жылдар бойы жинақталған ұқсас мәліметтер жиі кездеседі.

Ежелгі мысырлықтардың көпшілігі музыкалық өнерді дамытқан және олардың адам рухына әсерін жақсы білген. Ең көне мүсіндер мен ою-өрнектерде музыканттардың әртүрлі аспаптарда ойнайтын көріністері бейнеленген. Ежелгі гректер де ән-күйдің адамға әсері мен рөлі туралы да мәлімдеген. Тіпті жүйке ауруларын емдеу үшін қолданылған. Аристотель, Платон сынды ғалымдар үшін музыка өмір ағымының сыртқы жағын адамның өзінің психологиялық күйімен теңестіретін құрал болып саналды. Ырғақ, әуен арқылы музыкалық аспаптың дыбысы мен күйіне келтіріп, тыңдаушылардың назарын аудара білді. Осы ұстанымға сәйкес күйлердің, ырғақтардың, музыкалық аспаптардың классификациялары жасалды, адамзаттың тұлғасын тиісті мінез-құлық қасиеттерімен тәрбиелеу үшін қажет болды.

Жиырмамыншы ғасырда музыканың адам баласының рухани дүниесін қалыптастыру мен оның психикасына деген әсеріне қызығушылық бүкіл әлемде бірден өсті. Музыкалық ырғақ арқылы адамның жүйке жүйесінің әрекетінде тепе-теңдікті орнатуға болады деп есептеген ғалымдар мен музыкалық білімнің жалпы мәдениеттегі маңыздылығын адамдарға жеткізуге тырысқан дәрігерлер, психологтар мен мұғалімдер көбейе түсті.

Педагогиканың ұлы классиктері музыка арқылы білім берумен айналысуға болады деп санады. Я.А.Коменский мен И.Песталоцци өз шығармаларында музыкалық тәрбиенің маңызын жазды. К.Д.Ушинский бастапқы оқытудың әртүрлі пәндерінің ішінен балаларды әнге үйретуді ерекше атап көрсетті.

Музыкалық білім беру педагогикасында «музыкалық білім» ұғымын анықтауға көптеген пікірлер білдірілді. Музыкалық тәрбие оқушылардың жеке басының белгілі бір қасиеттерін арттыратын, адамгершілік, эстетикалық, көркемдік талғамын қалыптастыратын тәрбие деп түсіндірілді. В.А. Сухомлинский: «Музыкалық тәрбие — музыкант тәрбиелеу емес, ең

алдымен, тұлға тәрбиелеу, ізгі ақыл мен жүректі тәрбиелеу» деп сипаттама берді. Ендеше, жеке тұлғаны дамытуда музыкалық білім беру үрдісінің қандай артықшылықтары бар?

Музыкалық білім беру шәкірттердің білімдері мен дағдыларын, сондай-ақ музыкаға деген құнды көзқарастарын, олардың музыкалық және шығармашылық әрекеттерін дамытуды білдіреді. Музыкалық дамыту дегеніміз - оқушылардың ән-күйге қызығушылықтарын, талғамдарын, қажеттіліктерін арттыра отырып, олардың есте сақтау, ойлау дағдыларын жан- жақты жетілдіру және шығармашылық қабілеттерін, орындаушылық, тыңдау және композициялық дағдылар мен қабілеттерді дамыту.

Музыканы дене тәрбиесінің құралы ретінде де пайдалануға болады. Есту мүшелерімен қабылданатын музыка бүкіл адам ағзасының жағдайына әсер етеді, қан айналымын, тыныс алуды жақсартады. Ал ән айту арқылы дауыс аппараты дамиды, дауыс байламы күшейеді, сөйлеу тілі жетіледі. Ғалымдар музыканың әсерінен баланың бұлшық еттерінің тонусы өзгеретінін, жүрегінің жиырылуы жеделдейтінін, қысымы төмендейтінін дәлелдеген.

Балаларда музыканы тыңдау кезінде ми жасушаларының белсенділігі өзгереді, есте сақтау қабілеті жақсарады. Дене жаттығулары: жүгіру, жүру, секіру, әр түрлі ойындар музыка әуенімен орындалса, онда оқушылардың белсенділігінің жылдам артқанын байқауға болады. Көңіл-күй көтеріледі, сергектік жоғарылайды - мұның бәрі жалпы дененің күйіне жағымды әсер етеді.

Музыкалық әрекет түрлері баланың ақыл-ойын дамытады. Өнердің бұл түрі балаларға әлем, қоғам, табиғат, тұрмыс, белгілі бір халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсінік беретін әртүрлі өмірлік үрдісті көрсетеді. Бейнелеу және қабылдау қабілеттерінің жұмысын арттырады, ішкі сезімі оянады, бұл, сөзсіз, психикалық белсенділікке септігін тигізеді.

Жалпы, музыкалық білім беру тәрбиенің барлық түрін қамтиды. Бала тұлғасын жан- жақты және үйлесімді дамыту мақсатындағы музыкалық білім беру міндеттері бұл өнердің ерекшеліктері мен оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

- жас ұрпақтың музыкаға деген қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту;
- музыкалық өнер арқылы эстетикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту;
- дәстүрлі, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлесімді ұштастыру негізінде оқушылардың бойында ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- эмоционалды сезімталдықты арттыру, сенсорлық қабілеттерді, ырғақ сезімін ынталандыру;
- әнді дауысты, қимыл-қозғалыс және сөйлеу мәнерлілігін қалыптастыру секілді міндеттер орындалып, мақсатқа ойдағыдай жету әртүрлі әдістерді қолдана отырып, мәселені шешудің тиімділігіне байланысты жүзеге асады. Музыкалық білім беруде жалпы педагогикалық және арнайы әдістер қолданылады. Музыканы, сондай-ақ музыканың мәнерлі құралдарын, мысалы, күшті және әлсіз соққыларды, екпіндерді, динамиканы (қатты, тыныш), қарқынды, тембрді, ырғақты және т.б. салыстыру әдісі кеңінен қолданылады.

Музыкалық өнердің ерекшелігімен анықталатын әдістер тобына жататын музыканы бақылау, жалпылау әдісі; музыка туралы ойлау әдісі; эмоционалды драматургия әдісі; көркемдік-шығармашылық процесті модельдеу әдісі; композиция құру әдістері мектеп оқушыларының музыкалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Мемлекетіміздегі музыкалық білім беру саласы өнердің әлемдік стандарт талаптарына сай келетін жан-жақты үйлесімді дамыған шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуге және қалыптастыруға бағытталған. Өскелең ұрпақпен рухани-ағартушылық жұмысты ұйымдастыру бастамасы бойынша еліміздің түкпір-түкпірінде жастардың музыкаға, әдебиетке, театрға және басқа да өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағыт беретін жұмыстар қолға алынып келеді.

Халықтың рухани-эстетикалық тәрбие деңгейін көтеруде маңызды орын алатын музыка өнерін жан-жақты дамыту мақсатында халқымыздың бай мұрасын тереңдетіп оқыту және ертеңгі ұрпақты ұлттық және дүние жүзінің көрнекті туындыларымен таныстыру өте маңызды. Музыка өнерінде қызмет ететін білімді де білікті мамандардың саны мен сапасын арттыру қажет.

Қорыта айтқанда, музыкалық білім беру мен тәрбие эстетикалық тәрбиенің орталық құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуында, жан-жақты дамуында маңызды рөл атқарады. Олардың ой-өрісін кеңейтеді, рухани әлемін байытады және сезімдердің тұтас жиынтығын көрсетеді. Музыкалық өнер адамның ерік- жігеріне, ақыл-ойына, ойлауына, логикасына және басқа да қасиеттеріне ықпалын тигізеді. Сондықтан қазіргі заман талабына сай музыка өнерін дамыту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Трактаттар, 216-217 б. Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка
2. Ник Зангвилл. Музыкалық және эстетикалық шындық.
3. Аппен, Ральф фон (2007) «Танымал музыканың эстетикасы».

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІБИ САПА РЕТІНДЕ

ӨОЖ 316.342

Құлынтаева А.Ж.

Бүкіл білім беру жүйесінің гуманистік бағыттылығы, оқытудағы субъектілік көзқарас, мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің күшеюі - мұның бәрі мұғалімнен оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыратын толерантты мінез-құлықты жүзеге асыруды талап етеді. Толеранттылық қарым-қатынас - бұл қазақ халқына тән және еліміз толеранттылық қарым-қатынастың үлгісі. Бала туылған сәттен бастап көп ұлтты қоғамда және ол үшін сыртқы түріндегі, дәстүрлеріндегі, тілдеріндегі айырмашылықтар ерекше емес. Мектепке дейінгі мекемелерден бастап балалар әр адамның даралығын құрметтеуге және қабылдауға үйренеді және бір-бірінен айырмашылығы жаман ештеңе жоқ екенін түсіне бастайды. Орта, жоғары білім беру мекемелерінде әртүрлі ұлттардың: грузиндердің, орыстардың, немістердің, еврейлердің, корейлердің және басқалардың билері мен әндері көрсетілген іс-шаралар өткізіледі. Ғылыми әдебиеттерде біз бұл құбылыстың әртүрлі анықтамаларын кездестіреміз.

Толеранттылық ұғымы 1995 жылдың ЮНЕСКО декларациясында бекітілген. Толеранттылық ұғымы көптеген ғылымдардың зерттеу пәні болып табылады: философия, этика, саясаттану, медицина, педагогика, психология. Толеранттылық (латын тілінен *tolerantia* - шыдамдылық) қазіргі мағынада жат нәрсенің бәріне (өмір салты, мінез-құлық, әдет-ғұрып, сезім, пікір, идея, наным) төзімділік дегенді білдіреді.

Әртүрлі тілдердегі «толеранттылық» анықтамасының мағынасы іс жүзінде бірдей:

1-кесте

қазақ тілінде	толеранттылық	шыдамдылық, төзімділік
ағылшын тілінде	tolerance	толерантты болуға дайын болу
француз тілінде	tolerance	адамның өзінен басқаша ойлайтын және әрекет ететін көзқарасы
қытай тілінде	kuanrong	басқаларға жомарт болу
араб тілінде	^A^IJL	мейірімділік, сабырлық, жанашырлық
орыс тілінде	толерантность	басқаны сол қалпында қабылдау қабілеті

«Толеранттылық» термині негізінен медицинада «оның әсерлеріне сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде қандай да бір қолайсыз факторға реакцияның болмауы немесе әлсіреуі» ретінде қолданылды. Ұстазды үлгі тұтатын тұлға ретінде қабылдайтынын ұмытпауымыз керек. Алайда, зерттеулер көрсеткендей, «кейбір педагогикалық қызметкерлер

үшін басқаларды бағалауда өзін стандарт ретінде пайдалану, категориялық және адамдардың бағалауындағы консерватизм, қайта құруға және қайта тәрбиелеуге ұмтылу қарым-қатынас серіктестері, физикалық төзімсіздік немесе басқаның жағдайы, адамдарға бейімделе алмау, икемділік таныту, агрессиядан бас тарту тән.[1]

Ұсынылған сипаттама толеранттылықтан алыс» «Толеранттылық қағидаттарының Декларациясына» сәйкес, «толеранттылық дегеніміз - біздің әлем мәдениеттерінің бай алуан түрлілігін, өзімізді таныту формаларымызды және адам даралығын таныту жолдарын құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну. Оған білім, ашықтық, қарым-қатынас және ой, ар- ождан, сенім бостандығы ықпал етеді. Төзімділік - әртүрліліктегі үйлесімділік. Бұл моральдық парыз ғана емес, саяси-құқықтық қажеттілік. Төзімділік - бейбітшілікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін және соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен алмастыруға ықпал ететін ізгілік. ұғымы пәнаралық сипатқа ие, әр сала әртүрлі анықтамалар береді. Сондықтан да жолдар мен амалдарды үнемі іздестіру педагог қызметін, оның кәсіби дайындығын жетілдіру, болашақ мұғалімнің толерантты тұлғасын табысты қалыптастыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жоғары әлеуметтік мәнге ие болады[4].

Педагогикалық толеранттылық қарым-қатынас мұғалімнің өз жоспарларын жүзеге асыруда қаншалықты шыдамды және мақсатты екендігінде, қаншалықты айқын көрінеді ол тіпті ең қиын (стрессік) жағдайларда да шыдамдылық пен ұстамдылықпен сипатталады, өйткені ол басқа адамдардың жағымсыз эмоционалдық әсерлері жағдайында өзін ұстай алатындығы. Толерантты қарым-қатынас білім беру процесінің барлық қатысушыларына: мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға, әкімшілікке және басқаларға - жеке тұлғаның интегративті сапасының көрінісі ретінде қолданылуы керек. Педагогтерде толеранттылық қарым-қатынасты дамыту ол оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, сыртқы әлеммен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Толеранттылық қарым-қатынастың жалпы тұжырымдамасына біз педагогикалық өзара әрекеттесудегі рөлін қарастырамыз.[3]

Толеранттылық қарым-қатынас - көп факторлы және көп компонентті құрылым. Бұл сапаның қалыптасуы көптеген себептерге байланысты, олардың ішінде тәрбиені, саналылықты және тәжірибені атап өтуге болады. Педагогикалық процеске қатысушылар, атап айтқанда мұғалімдер осы қасиетке ие болып, оның психологиялық ерекшеліктері мен философиялық негіздерін сезініп, үлгі көрсетіп, жас ұрпаққа сауатты түрде үйретуі керек. Осылайша, жаһандану мен толеранттылық дәуірінде біз әрбір адамның, жалпы қоғамның бейбіт қатар өмір сүруін және үйлесімді дамуын қамтамасыз етіледі. Сонымен, айтылғандарды қорытындылай келе, тұлғааралық толеранттылықтың негізгі психологиялық негізі ретінде саналы және құндылықты саналы жеке таңдауды бөліп көрсетуге болады, оған сәйкес адам өз пікірі, ұстанымы бар, басқа біреудің құқығын құрметтейді және мойындайды. басқаша қабылдауға және ойлауға, әртүрліліктің құндылығын көреді, сонымен қатар мен түсінуге және басқа көзқарастарды ескере отырып, өзара әрекеттесуді құруға дайын. Америкалық ғалымдардың зерттеулерінде «толеранттылық» терминінің соңғы 25 жылда мағынасы өзгергені атап өтілген. Бұрын тек діни толеранттылықпен байланыстыратын толеранттылық, қазір әлдеқайда кең ұғым. Толеранттылық қарым-қатынаста әрекет ететін адам үшін «басқалардың» қалай әрекет ететінін, олардың әрекеттері мен шешімдері неге негізделгенін түсіну, елестету және сезіну маңызды. мәдени сипаттамалар, сонымен қатар өмірдің кез келген басқа салаларымен [5].

Толеранттылық қарым-қатынасты түсінудегі бұл өзгеріс ағымды «толеранттылық» және «төзімділік» ұғымдарын ажырататын уақытты көрсетеді.[4]

М.Н. Лабикова құндылық аспектісі: толеранттылық әр түрлі және көпмәдениетті ортада жүзеге асырылатын мұғалім іс-әрекетінде көрінетін маңызды құндылықтардың бірі ретінде әрекет етеді. Өзінің кәсіби қызметін табысты жүзеге асыратын мұғалім білім берудің тұлғалық-бағдарлы моделі, дамыған педагогикалық толерантты болуы керек.[5]

Ю.П.Поваренко педагогтың толеранттығын екі түрге бөледі: әлеуметтік және психологиялық. Әлеуметтік толеранттылықтың болуы мұғалімге білім беру процесіне қатысушылардың барлығымен тиімді түрде өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, ал психологиялық толеранттылықтың қалыптасуы мұғалімнің көптеген кәсіби күйзелістерге

төзімділігін қамтамасыз етеді және кәсіби жетістіктерге жетуге ықпал етеді. Сонымен педагогикалық толеранттылық деп білім беру процесінің барлық субъектілерімен толерантты өзара әрекеттесу шеберлігін және дағдыларын меңгеруді түсінеміз; өзінің тұлғасының, оқушының және олардың ата-анасының тұлғасының толеранттылығының қалыптасуы бойынша белсенді ұстанымы ретінде толеранттылыққа нұсқау; тұлға сапасы; педагогикалық әдепті құраушылардың бірі ретінде өзінің тәртіп нормасын байқау.[3]

Педагогикалық толеранттылықты кәсіби толеранттылық деп анықтауға болатындықтан «мұғалімнің кәсіби мәнді сапалары» ұғымын қарастыру қажет. П.Г. Ананьев, В.А.Гаевская, Н.В.Кузьмина, В.С. Мерлин, К.К. Платонов А.И.Щербаков, И.Д. Багаева т.б. еңбектерінде анықталады. Толеранттылық қарым-қатынас белсенді моральдық ұстанымда, басқа орта өкілдерімен диалог пен өзара түсіністік орнатуға деген көзқараста көрінеді, оның ішінде мәдени, ұлттық, этникалық, діни, әлеуметтік және т.б. Толеранттылық қарым-қатынаста тиімді диалогты жүзеге асырудың негізі ретінде түсіну оны құндылыққа ие белгілі бір тұлғалық қасиет ретінде анықтауға мүмкіндік береді негізі, оның иеленуі әлеуметтік қызметтің табысты жүзеге асуы үшін қажет. Тұлғаның адамдық қасиеттерінің бірі ретінде толеранттылық бұл жерде екі жақты рөл атқарады: бір жағынан ол жанжалсыз белсенділікті қамтамасыз ететін әмбебап құрал қызметін атқарса, екінші жағынан қалыптасу және даму объектісі болып табылады. Жоғарыда келтірілген толеранттылықтың анықтамасы, толеранттылық қарым-қатынастың гуманистік бағытын ашатын адамдардың бір біріне қарым-қатынасын жүзеге асыруға, жағымды психологиялық климат құруға мүмкіндік беру, оны қалыптастырудың педагогикалық мәселесін белгілейді. Толеранттылық қарым-қатынас анықталған аспектілерінің әртүрлілігіне сүйене отырып, толеранттылық интегративті тұлғалық қасиет деп қорытынды жасауға болады. [7]

Толеранттылықтың өнімді көрінісі, диалогқа жол ашады және басқа адамның басқа дүниетанымға құқығын құрметтей отырып және мойындай отырып, тиімді тұлғааралық өзара әрекеттестік құру қабілетін анықтайды. Жоғарыда атап өтілген толеранттылық қасиеті өз тәжірибесінің кеңеюінен көрінеді және оның динамикалық сипаты туралы айтады. Педагог пен оқушының толеранттылық қарым-қатынас тиімді диалогтың негізі ретінде түсінуі оны құндылық негізі бар тұлға сапасының бір түрі ретінде анықтауға мүмкіндік береді, иелену адамның мінез-құлқы мен болмысының барлық аспектілерінде әлеуметтік белсенділікті табысты жүзеге асыру үшін қажет. Тәрбиенің басым міндеттерінің ішінде кәсіби тұлға ретінде педагогикалық толеранттылықты қалыптастыру міндеті мұғалімнің маңызды сапасы. Педагогикалық толеранттылық кәсіби маңыздылар тізімінде кәсіби педагогтардың қасиеттері жоқ. Маманның заманауи біліктілік сипаттамалары тек қана толық қанағаттандыратын кәсіби талаптар.[8]

Жеке және шығармашылық қасиеттер педагогикалық мамандар, оның ішінде педагогикалық толеранттылыққа тиісті көңіл бөлінбейді. Толеранттылық ұғымын екі жақты қарастыруға болады: біріншіден тәрбиелік және білімділік мақсаттанға жетудің құралы ретінде болса, екіншіден, тәрбие үрдісінде қойылатын мақсаттардың бірі болып табылады.

Тұлға-бағдарлы көзқарас принциптерін ұстана отырып, біз «субъект-объект ықпалын» емес, «субъект-субъектінің өзара әрекетін» қарастырамыз. Қазіргі заманғы шындық жағдайында студентке бағытталған тәсілдің келесі принциптері мақсатқа сай: жүзеге асырудағы студенттің белсенді рөлін тану. Білім беру процесі, оның өзін-өзі дамыту және еркін тұлғалық өсу құқығы, оның жеке басының бірегейлігі мен даралығы және әрқайсысының құндылығы адам. Педагог мамандығы дәстүрлі түрде меңгеру және жүзеге асыру өте қиын болып саналады. Сонымен қатар, бұл мамандық ең маңыздылардың бірі, онсыз адамзат қоғамы өзінің өмірін сақтай алмайды. Болмыс, ұрпақтар сабақтастығын жүзеге асырады. Мұғалімде тек өз іс-әрекетіне қызығушылық ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби дамуы мүмкін болатын сәйкес бейімділік, белгілі бір жеке қасиеттер болуы керек. [6]

Педагогикалық толеранттылық қарым-қатынастың көрсеткіштері:

1-сызба

-ойлау мен мінез-
құлықтың нәзімділігі;

- коммуникациялық
дағдылар.

- ерік қасиеттердің
болуы (өзін-өзі
бақылау, өзін-өзі
реттеу, өзін-өзі
бақылау);

Толеранттылық қарым-қатынас мәнін оның көріністерінде анықтау В.А. Лекторский (немқұрайлылық, өзара түсіністіктің мүмкін еместігі, кемсітушілік, өз тәжірибесін кеңейту)өзара әрекеттесу жағдайын практикалық талдау негізінде өз тәжірибесін кеңейту ғана екенін көрсетті.[2]

В.А. Лектордың берген толеранттылықтың ұсынылған көріністеріне түсініктемесіне мен өз көзқарасымды білдірсем.Толеранттылықты әртүрлі этникалық топтардың діни, мәдени, этникалық ерекшеліктері мен әдет-ғұрыптарына немқұрайлы қарау деп түсіну осы этностар ортасындағы қарым-қатынас мәселелерінің басқа әлеуметтік топтар алдында еленбеуіне алып келген.

Толеранттылықты түсіну сөзсіз жаһандану идеясын тудырады - айырмашылықтарды біртіндеп жою және адамдардың барлық топтарын біртекті әлемдік қауымдастыққа біріктіру. Мұнымен толық келісе алмаймын толеранттылықты түсіну азаматтық ұстаным ретінде немқұрайлылық өнімді емес болғандықтан, әртүрлі этностар мен қазіргі уақытта бар адамдардың басқа топтары арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етпейді. Осылайша, толеранттылықтың мәнін аша отырып, толеранттылықты немқұрайлылық деп түсіну дұрыс емес екенін атап өткім келеді. Толеранттылық қарым-қатынастың болмауы, өзара түсіністіктің мүмкін еместігі қоғамның бытыраңқы болуына әкеледі. Басқаны сыйлау болған жағдайда да түсінудің мүмкін еместігі қарым-қатынастың мүмкін еместігіне әкеледі. Толеранттылық өзінің табиғаты бойынша бөтен мәдениетті, адамдарды қозғайтын мотивтерді және олардың мақсаттарын түсіну қабілетін білдіруі керек. Өз мәдениеті жақсы жақтарын, жеке тұлға деген түсінікті көзқарас, ол толеранттылықты басқаларға деген мейірім ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл «өзіндікінен» ерекшеленетін адамдарды бірден әлсіз, төмен, кемсітушілік пен қамқорлықты қажет ететін жағдайға әкеледі. [9]

В.А. Слостенин маман моделін құру қоғам қойған талаптарды жан-жақты талдауға негізделуі керектігін атап көрсетеді, ол оқу іс-әрекетінің ішкі құрылымына бейнеленген. Осылайша, педагогикалық қызмет құрылымындағы педагогикалық толеранттылықты зерттеудің берілген логикасына сәйкес келесі нәтижелерді айта аламыз:

Педагог оқу-тәрбие процесінде оның кәсіби қасиеттеріне белгілі бір талаптар қоятын белгілі бір қызмет түрін жүзеге асырады. Қазіргі кезде мұғалім тек білімді жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады

студент, ол талаптар жүйесіне тек білім компонентін ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жеке қасиеттерді, соның ішінде толеранттылық қарым-қатынасты иемденуді қамтиды.

Білім алушыға бағдарланған көзқарас қағидаттарына сәйкес білім беру үдерісіне қатысушылармен субъект-субъектілік диалогтық өзара әрекеттесуін жүзеге асыру үшін мұғалімде қалыптасқан педагогикалық толеранттылықтың болуының қажеттілігі негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амонашвили, Ш.А. Как любить детей (опыт самоанализа) [Электронный 158 ресурс] / Ш.А. Амонашвили // Издательский дом Шалвы Амонашвили. Режим доступа: <http://izdatamon.narod.ru/misli.htm>
2. Асмолов, А.Г. О смыслах понятия "толерантность"/А.Г. Асмолов, Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова //Век толерантности: Научнопублицистический вестник. - М.: МГУ, 2001. - №1
2. - С. 8-18.
3. Асмолов, А.Г. Слово о толерантности / А.Г. Асмолов // Век толерантности: Научно-публицистический вестник. - М.: МГУ, 2001. - №1. - С. 2-8.
4. Асмолов, А.Г. Толерантность: различные парадигмы анализа / А.Г. Асмолов // Толерантность в общественном сознании России. - М., 1998. - С. 45-53.
5. Безлюева, Г.В. Толерантность: взгляд, поиск, решение /Г.В. Безлюева, Г.М. Шлеманова. - М.: Вербум-М, 2003. - 175 с.
6. Безотечество, Л.М. Формирование толерантности будущих педагогов в образовательном процессе /Л.М. Безотечество, С.И. Осипова // Человек и образование. - 2014. - №2. - стр. 3945.
7. Безотечество, Л.М. Формирование толерантности бакалавров - будущих педагогов профессионального обучения в образовательном процессе вуза: методические рекомендации [Электронный ресурс] / Л.М. Безотечество. - Красноярск, 2014. - 43 с. Режим доступа: http://tolerance.sfu-159.kras.ru/files/metodicheskie_ukazaniya.pdf.
8. Богданова, А.И. Генезис сущности и содержание понятия «толерантность» / А.И. Богданова, С.И. Осипова // Сибирский педагогический журнал. - 2011. - №6. - С. С. 114-130.
9. Богданова, А.И. Инновационная поликультурная образовательная среда в контексте формирования толерантной личности / А.И. Богданова, С.И. Осипова // Сибирский педагогический журнал. - 2012. - №4. - С. С. 49-55.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

ӘӨЖ 373.1.013

Султанғалиева А.И., Хисметова А.М.

Болашақ қоғам тағдыры осы бала тәрбиесіне тікелей байланысты болғандықтан, бүгінгі күнде тәрбиешілер алдында балаға білім, білік дағдыларын игеріп қана қоймай қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр. Өйткені баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке еңбек етуге тәрбиелеудегі басты құрал-ойын. Сабақтарда жаңа технологияларды қолдана отырып, ойын түрінде баланың түсінуіне жеңіл тақырыптарды алу, ізденімпаздықты талап етеді. Жаңа

технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыра білу қажет [1].

Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері - ол балалардың қоршаған ортаны адамдардың қимылымен, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, ойын барысында сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі баланың дамуы әр жақтылығымен және қарқындылығымен ерекшеленеді. Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала дамуының түрлі бағыттарында маңызды өзгерістер орын алады - іс-әрекет түрлері жетіледі, тұлға дамуында өзгерістер байқалып, танымдық іс-әрекет мазмұны тереңдей түседі [2].

Танымдық қызығушылықтарды қалыптастыруда балалардың жалпы эмоционалдық көңіл-күйіне және олардың белсенділігіне сүйенеді, алайда түрлі әрекетте белсенділік, танымдық қызығушылыққа, бала тұлғасының таным үрдісіне және білім мазмұнына деген бағытылығына айналады. Баланың алғашқы танымдық қызығушылықтары ойын және практикалық іс-әрекетпен байланысты. Әдетте, ойын және практикалық іс-әрекет барысындағы танымдық қызығушылық танып білуге итермелеуші күш ретінде саналы сезілмейді. Бала нәрсені танып білу үшін емес, практикалық іс-әрекетті жасау үшін ойнайды, әрекет жасайды. Оқыту кезінде біртіндеп қызығушылықтар қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі жастың соңында қызығушылықтар саналы сипатқа ие болып, танымдық қызығушылық кейіннен оқу іс-әрекетінің ынталандырушы күшіне айналады [3].

«Жастай берген тәрбие-жас қайынды игендей» деген қазақтың нақыл сөзі бар. Негізі бала тәрбиесі үш топқа бөлінеді. Мамандар пікірінше, сәбиге деген ата-ана махаббаты ол жарық дүниеге келместен бұрын, ана құрсағында жатқан күннен басталуы керек. Оны-жүрек тәрбиесі деп атайды. Туылғаннан 5 жасқа дейінгі берілген тәрбие - дүниетану тәрбиесі және адамгершілік әліппесін үйретуге ықпалын тигізетін алғашқы қимыл әрекеті-ойын. Орыс педагогы В.А. Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»-деген.

Ойындар өз әрекетерін жолдастарының әрекетімен үйлестіріп, жеке мүддесін ұжым мүддесімен бірітіруге, шыдамдылыққа өзін-өзі ұстай білуге, ұжымның жетістігіне деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі. Оның ішінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай қолданылатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Дидактикалық ойындар-балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет. Ойындарды бала тәрбиесіне енгізу үшін тәрбиешілер көптеген жұмыстарды атқарады. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болу керек. Дидактикалық материалдармен көрнекіліктерге назар аудару қажет [4].

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар-ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар: лото, доминот. б.
3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойынның ережесі балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді.

Ойын теориясына Н.К.Крупская елеулі үлес қосты. Балалар ойынның әлеуметтік сипатын, онда өмір құбылыстарының бейнеленетінін атап көрсете келіп, ол алдымен ойынды қоршаған болмыс жөніндегі әсер мен ұғымды кеңейтудің құралы деп білді. «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін, - деп жазды ол, - ойынның айрықша маңызы бар: ойын олар үшін - оқу, ойын олар үшін - еңбек, ойын олар үшін - тәрбиенің мықты формасы.

Бала ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, өскесін жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады».

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуыда жоқ және болуыда мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспеттес, ол арқылы баланың рухани сезімі, жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Ойындар (іскерлік, сюжеттік-рөлдік, қимыл-қозғалыс, дамытушылық) баланың ойлау, есте сақтау, қабылдау, қиял, сияқты психикалық үрдістерінің дамуына көмектеседі.

-Ойын арқылы бала адамгершілік құндылықтар жөнінде тәжірибе жинақтайды, оқылған жағдаятты жақсы меңгереді.

-Ойын арқылы балалар өздерінің құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйренеді.

-Ойындар сабақ мазмұнына сәйкес алынып, жеке және топтық жұмыстар жүргізуде алға қойған мақсатқа жеткізіп, нақты қорытынды алуға көмектеседі.

«Ойын», «Жаттығу» - балалардың танымдық қызығушылықтарын арттырумен қатар жаңа игерілген түсініктері мен іскерліктерін бекітуге арналған оқыту әдісі[5].

Баланың танымдық қабілетін дамытуға арналған ойындар арқылы баланың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттардың түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйретуге болады. Жоғарыда айтылған мақсаттарды шешуде нәтижесі ұтымды болу үшін балалардың танымдық қабілеттерін жетілдіру мақсатындағы ойындар, ойын-жаттығулардың жинағын ұсынамын.

2-3 жастағы баланың зейінін, ойлауын, ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.

Ойын: «Бірдей үйлер». Ойлауын дамытатын ойын.

Кубиктер жиынтығынан өзіңізге және балаға 2-3 бөлшегін таңдап алыңыз. Содан кейін кішкене үй түріндегі құрылыс тұрғызыңыз. Бәрі қойылып болған соң, балаға дәл сондай кубиктерден үй тұрғызуды ұсыныңыз. Егер бірден құрастыра алмаса, онда басынан бастап қайтадан құрастырыңыз, онда бала бірінші үй құрастыруды бастайды, ал сіз қайталаңыз. Баланың ойынды ойнай алғанын үй құрастырғанда көресіз, өзіңіз қателесуіңіз мүмкін және ол сізді түзетсін.

Ойын: «Текшені тап».

Бірнеше пішіндерді қатарға орналастырыңыз. Баладан пішінді табуды сұраңыз. Егер бала бірден орындамаса, сұрақты өзгертiңiз. Мысалы: Мен дөңгелекті таңдадым, қасында қандай пішін? Дөңгелектің сол жағында қандай пішін? Егер бала тапсырманы тез орындай алса, онда пішіндерді тігінен, көлденең орналастырып тапқызуға болады.

5-6 жастағы баланың математикалық дағдысын дамытуға арналған жаттығулар.

Дамытушы тест заттардың ретін және санау дағдыларын бекітуге жаттықтырады.

Жаттығуды орындау шарты: берілген заттарды санына қарай үйлестіру керек және санына сәйкес дөңгелекшелерді бояу керек. Тест арқылы баланың ұсақ моторикасы дамиды, дөңгелекшелерді мұқият бояуды үйренеді.

Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Мысалы, мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлау қабілетін, қиялын қалыптастыруда зор маңыз алады.

Балалар бақшасында пайдаланатын ойын түрлері:

«Суретшілер байқауы» ойыны:

Мақсаты: Теледидардан көрген ертегі және фильмдердегі кейіпкерлерді нақ көрсете білу.

Нұсқау: Жүргізуші алдын-ала қиындыққа кірген кейіпкерді суреттейді. Балаларға бұл суретшінің ролін ойнау барысында оны қара түстен ақ немесе түрлі-түсті түске айналдырып, кейіпкердің зұлым түрін мейірімді түрге айналдыра білуі қажет.

Нәтиже: Балалардың белсенділігін арттырып, жақсы мен жаманды бір -бірінен айыра білуге үйрету.

Танымдық іс-әрекет сипатына сәйкес ойын түрлері балалардың орындаушылық әрекеттің талап ететін шығармашылық ойындар, қайта жасау іс -әрекеттің жүзеге асыруға бағытталған ойын түрлерін ойын -сабақ, ойын -жаттығу, сергіту -ойындары, дидактикалық -ойындар, сөздік -ойындар, логикалық - ойындар деп бөлуге болады.

I.Қабылдау қабілетіне: «Ине мен жіп» ойынының шарты:

Тәрбиеші: Мен ине боламын, сендер жіпсіңдер, сендер менің артымнан бір -бірлесіп белдеріңнен ұстап тұрыңдар, қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арсынан үзілмей жүгіреміз. Кім жіпті үзе сол ойыннан шығады.

2. «Бұл қашан болады?» шарты: жыл мезгілдеріне байланысты суреттер көрсетіледі, сол суреттер ішінен керек суретті көрсетіп әңгілеп береді.

Есте сақтауға арналған ойын:

«Төрт құбылыс » шарты: Балалар шеңбермен тұрады.

Тәрбиеші: Су десе қолдарын алдына созады, ауа -десе қолдарын жоғары көтереді, от десе -қолдарын айналдырады, жер десе -қолдарын төмен түсіреді, кім шатасса сол бала ойыннан шығады.

Зейін тұрақтылығына арналған ойын:

«Дайын бол!» шарты: Балалар шеңбермен жүреді, тәрбиеші бір сөз айтады, балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді.

Мысалы: Қоян - секіреді, ат - шабады, құс - ұшады, қораз - қоқылдайды т.с.с.

Ойлау қабілетіне арналған ойын: Тәрбиеші: ат - шабады, ал қарлығаш - ұшады, ит - үреді, ал жылан - жорғалайды, түйе - боздайды, осылайша ойын жалғаса береді.

Қиялды дамытуға арналған ойын:

«Менің көңіл күйім» шарты: мимикамен көңіл күйін көрсетеді, ашулы, көңілді, таңғалу, ренжу, қорқу т.б.

Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балалардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді[6].

Қорыта айтқанда: Ойын - адамның өмірге қадам басардағы алғашқы қадамы. Қазақ халқының «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Балада осы ойындар арқылы танымдық қасиеттері дами түседі. Яғни, бала ойнау арқылы зейінін тұрақтандырып, ойлауы мен қиялын дамытып, есте сақтауын жетілдіре түседі. Сондықтан, ойын - бала өмірінде ең бірінші орын алатын іс-әрекет түрі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алипкалиева Г. Балалардың танымдық қабілетін дамытудағы ойын тәжірибесінің маңызы. //Бала мен балабақша №9, 2013 жыл- 2бет;
2. Қалжанова А. Ойын мектепке дейінгі балалар іс-әрекетінің негізгі түрі. //Бала мен балабақша №6,2013 жыл- 2-3бет;
3. Шуиншкалиева Қ. Ойын әдіс-тәсілдерін талдау және іс-әрекет барысында тиімді пайдалану. //Отбасы және балабақша №3, 2013 жыл- 3-4бет;
4. Бутабекова Э. Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін ойын жаттығулар арқылы дамыту.//Мектепке дейінгі тәрбие №1, 2013 жыл- 13-14бет;
5. Нұғманова Г. Мектепке дейінгі баланың танымдық қабілеті. // Бала мен балабақша №10, 2012 жыл- 2-3бет.
6. Жұмабекова Ж.С.Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту. // «Мектепке дейінгі тәрбие» №13, 2013 жыл- 15-16бет;

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР АУРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ӘЛЕУЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ОӘЖ 159.9:61

Иргалиев А.С., Сейлханқызы А.

Ауру адамның бейімделу процестерінің бұзылуы кезінде туындайтын, жиі кездесетін өмірлік жағдайлардың бірі. Ф.Б. Березиннің түсініктеріне сәйкес [1] психикалық бейімделу процесінің шиеленісі жүйке жолдары, рилизинг-факторлар жүйесі және гипофиздің троптық гормондары арқылы гипоталамикалық әсерлерді іске асыру арқылы вегетативтік-гуморальдық реттеудің өзгерістері арқылы бірқатар соматикалық жылжуларға әкеледі. Осы реттеуге қатысатын гормондар мен медиаторлар өз кезегінде белгілі бір психикалық, атап айтқанда эмоциялық жағдайларды қосу және қолдау тетіктеріне әсер етеді.

В. А. Ананьев [2] «аурудың құрылымдық аттракторы» ұғымын енгізді. Генетикалық алғышарттар негізінде жеке адамның онтогенетикалық даму процесінде қалыптасатын және биологиялық және фенотиптік факторларды қамтитын функционалдық көп деңгейлі патологиялық психосоматикалық жүйелер осылай белгіленген. Бұл жүйелер, шын мәнінде, «нысана-жүйе» ролінде болатын орта әсерлерге ден қоюдың тұрақты паттерналары болып табылады. Стрестің бастан кешуі аттракторды өзектендіреді, бұл жергілікті шамадан тыс жүктемеге әкеледі және нақты аурудың дамуына әкеледі.

С. А. Кулаков [3, Б. 124-130] онкологиялық патологияның дамуы мысалында онкологиялық науқастарды психотерапиялық сүйемелдеумен синергетикалық тәсілді биопсихосоциологиялық аурулармен интеграциялауды қарастыруды ұсынады. Синергетикалық тәсілдің артықшылығы, оның пікірінше, сызықтық нозоцентрлік динамиканың орнына сызықтық емес дискреттілік пен фрактальдылық келеді. Фрактал - бұл өздігінен ұйымдастыру және өзін-өзі дамытудың ішкі тетіктерімен, көп өлшемді кеңістіктегі көпвариантты қозғалыс траекторияларымен диссипативтік жүйенің даму аралығы. Клиникалық медицинада бұл бір мезгілде даму және жүйенің немесе ағзаның уақытша және сапалық сипаттамаларын біріктіретін жағдай. Фракталды диагностиканы пайдалану аурудың даму дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Психотерапия маңызды сыртқы ресурс бола алатынын ескере отырып, ауруды дамытудың кез келген кезеңінде жеке тұлғаның ресурстарын іздестірудің маңыздылығы атап өтіледі.

Патологиялық жағдайлардың пайда болуы мүмкін жолдардың бірі, оның ішінде психосоматикалық аурулар кезінде де осындай. Кардиологиялық клиникадағы жеке тұлғаның бейімделуінің ғылыми проблемасының өзі ұзақ жылдар бойы зерттеушілік қызығушылық тудыратынын атап өткен жөн. 1950-1960 жылдары Е.С. Авербухтың [4] авторлығымен және редакциясымен гуморальдық аурулар проблемалары бойынша іргелі жарияланымдар шықты. Жүрек-қан тамырлары патологиясы кезінде жеке тұлғаның бейімделу проблемасы медициналық психология саласында да, сабақтас білім салаларында да диссертациялық зерттеулердің жиі кездесетін проблемасы болып табылады. Мысалы, В.А. Винокурдың [5] жұмысы толық жүрек-қан тамыр ауруларының (ЖҚТА) дамуының психосоматикалық тетіктерін зерттеуге арналған. Коронарлық тәуекел дәрежесі әртүрлі адамдардың уәждемесі мен талап ету деңгейін талдау Е.С. Дамбраускастың зерттеуінде қамтылады [6].

Психологиялық тұрғыдан аз ғана жұмыстарда ЖТҚА бар науқастарға кардиохирургиялық көмекті жетілдіру мәселелері қаралады. Бұл жерде өткен онжылдықтарда орындалған, алдыңғы және операциядан кейінгі кезеңдердегі кардиохирургиялық науқастардың клиникалық-психологиялық сипаттамасына және аорталды шунттауға ұшырайтын науқастарды психологиялық сипаттамаларына және әлеуметтік-еңбек оңалтуына арналған зерттеулер ғана емес, сондай-ақ қайта оралуды болжаудың психологиялық факторлары бойынша мүлдем жаңа жұмыс жоғары технологиялық хирургиялық емдеуден кейінгі науқастардың еңбегіне қаралған [7].

Жеке тұлғаның ЖҚТА кезіндегі бейімделуінің психологиялық тетіктерінің ерекшелігін және оның бұзылуын сау, сондай-ақ әртүрлі психосоматикалық, невротикалық және

психикалық аурулармен салыстыру айтарлықтай кеңейтеді. Егер Ф.Ю. Копыловтың іргелі зерттеуінде ишемиялық қан ауруы (ИҚА) және фибрилляцияны салыстыру барысында ЖҚТА психосоматикалық аспектілері жарықтандырылса, онда В.В. Соложенкиннің [8] жұмысы ИҚА кезіндегі жеке тұлғаның бейімделу тетіктерін салыстыруға бағытталған невроздар. Мазмұны жағынан Е.К. Агеенкованың [9] жеке адамның психологиялық құрылымын скринингтік зерттеу материалдарына және ИҚА науқастарының психосоматикалық арақатынасына негізделген ертеректегі жұмысы жақын болып табылады. Неврозбен, ИҚА және дені сау адамдар Б. Шайтанованың психикалық жүктеме жағдайында еңсеру феноменінің психологиялық және физиологиялық компоненттерін зерттеуге қатысушылар болып табылады, ал М.А. Зайнуллинаның [10] зерттеу қызығушылығы ИҚА-мен ауыратын науқастардың жадының ерекшеліктері мен назарына толық шоғырланған.

Жара ауруы психосоматикалық патология ретінде С.Э. Вейтианың [11] психологиялық өзін-өзі реттеудің ерекшеліктерін зерттеуде ғылыми қызығушылығының нысанына айналды. Стенокардия және нейроциркуляторлық дистониямен ауыратын науқастардың эмоциялық әсеріне және психологиялық ерекшеліктеріне жүрек ырғағының реакцияларын М.З. Ругявичус егжей-тегжейлі зерттеген [12].

ЖҚТА кезіндегі жеке тұлғаның бейімделу ерекшеліктерін зерделеудегі жұмыстардың басқа бөлігі функционалдық кардиалдық патологияның немесе ЖҚТА-ның клиникалық және психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Мысалы, В.К. Мягердің зерттеуінде [13] невроздар кезіндегі функционалдық жүрек-қан тамырлары бұзылуының ерекшелігі және оларды емдеу сипатталған. ми қан айналымының өтпелі бұзылыстары бар гипертониялық ауру (ГА) науқастарының кардиологиялық санаторийі жағдайында қалпына келтіру терапиясын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар А.А. Грековтың жұмысында берілген [14], Н.Г. Незнанов [15] психикалық аурулардың пайда болуына, ағымына және терапиясына ЖҚТА әсерін зерттеді, С.П. Ерошин [16] ЖИА мен созылмалы маскүнемдіктің өзара қарым-қатынасы мәселелерін талқылады, артериялық гипертензиясы бар науқастарда психикалық бұзылулар және олардың психотерапиялық түзетулері, Н.М. Барышева [17] жүрек-қан тамырлары соматизацияланған аурулармен ауыратын науқастардың клиникалық- психологиялық сипаттамаларын салыстырды.

Мақалада А.Н. Алехин, Л.А. Сорокин, Е.А. Трифонова және А.В. Чернорай [18, Б. 26-45], инфарктіден кейінгі кезеңнің әртүрлі кезеңдерінде тұлғаны бейімдеу проблемасы бойынша қазіргі заманғы зерттеулердің нәтижелерін қарауға арналған. Миокард инфарктісінің даму қаупінің психологиялық факторлары сипатталған, бейімделу бұзылуының таралуы туралы деректер келтірілген, ерте және шалғайдағы инфарктіден кейінгі кезеңде ауру жағдайының бастан кешуі, миокард инфарктісі кезінде болжамды қалыптастыруда психологиялық факторлардың рөлі туралы мәліметтер жүйеленген.

Стационарлық оңалтудың бастапқы кезеңінен өтетін пациенттерде шұғыл кардиологиялық жағдайға байланысты ауруға көзқарас пен күйзелістердің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған ұжымның басқа жұмысында аурудың белсенді қарсылығы мен теріске шығуы ден қоюдың жетекші психологиялық үрдістері болып табылатыны анықталды. Осы стратегиялардың тиімсіздігі кезінде психоәлеуметтік бейімсіздену ықтималдығы жоғары. Ауру кезінде жеке адамның бейімделуінің осы ерекшеліктерін емдеу және оңалту процестерінде ескеру қажет [18].

Шалғайдағы операциядан кейінгі кезеңде алдын ала жүрек фибрилляциясы бар пациенттердің психологиялық бейімделу деңгейін бағалау келесі зерттеуде психикалық бейімделудің бұзылу қаупінің факторлары: аритмия белгілерінің толық жойылмауы, қайталануы немесе асқынуы, жоғары алаңдаушылық, стрессогендік оқиғалардың болуы, ауру туралы жеткіліксіз ақпарат және т.б. болып табылатынын көрсетеді операция алдындағы кезеңде жүргізілетін емдеу. Алдын ала жүректің фибрилляциясымен және өкпе артериялық гипертензиямен ауыратын науқастарды салыстырмалы зерттеу А.Н. Алёхин, И.О. Чумакова, Е.В. Андреева, Е.А. Трифонова [19, Б. 66-72] аурудың психикалық бейімделуінің клиникалық факторларын жақсы бағалауға мүмкіндік береді. Жұмыста өкпе артериялық гипертензиясы бар науқастардың өмір сүру сапасы айтарлықтай төмендегені көрсетілген. Сонымен қатар,

өкпе артериялық гипертензиясы бар пациенттер бар физикалық шектеулерге қарамастан, жүрек алдындағы фибрилляциямен ауыратын науқастарға қарағанда табысты түрде ауру жағдайына бейімделеді, бұл аурудың ағымы мен оның әлеуметтік салдарының ерекшеліктеріне байланысты.

ГА-мен ауыратын науқастарда бейімделу ерекшеліктері жеке тұлғалық реттеудің рефлексивті және эмоциялық нысандары теңгерімінің бұзылуымен, эмоциялық құрауыштың үстемдігімен көрінеді. Реттеудің эмоциялық және рефлексивтік нысандарының келісілмеуі оларда сәтсіз жағдайда анағұрлым айқын көрінеді, бұл ойлау қызметінің пластикалығы мен мақсатқа бағыттылығының жоғалуынан, ригидтіліктен және стресстік жағдайларда позицияның ауысуындағы қиындықтардан көрінеді [11].

Е.К. Агеенкова [20, Б. 19-23] ГА-мен ауыратын науқастардың жеке құрылымында невротикалық ерекшеліктердің болуы ауруға қатысты преморбидті емес, өзінің ауруды сезінуінен туындауы мүмкін деп есептейді, бұл аз дәрежеде емес, диагноз қою және ауруды емдеу процесінде медицина қызметкерлерінің дұрыс қарауына ықпал етуі мүмкін.

Л.А. Ермакованың зерттеуі [21] сатып алынған әртүрлі жүрек кемістік (ЖК) түрімен ауыратын науқастардың бейімделу ерекшеліктері олардың когнитивтік саласында мидың тереңдік құрылымдарының аурудың бірнеше биологиялық факторларының үйлесімді әсерінен және оның жедел әрекетінен туындаған патобиологиялық өзгерістерді дамыту процесіне тартылуымен байланысты модальді-арнайы емес есте сақтау және назар аудару бұзылуының бар екендігін көрсетеді емдеумен қамтамасыз етіледі. Пациенттерде зерттеудің барлық кезеңдерінде анықталған танымдық процестердің жоғары сарқылу түріндегі серпінінің бұзылуы, ақыл-ой жұмыс қабілетінің ауытқуы, жалпы психикалық белсенділіктің төмендеуі, назар аудару және есте сақтау процестерінің нашарлауы дисциркуляторлы типі бойынша жалпы мемлекеттік патоморфологиялық өзгерістердің салдарынан туындайтын қабық асты құрылымдар қызметінің дезинтеграциялануы туралы куәландырады энцефалопатия, сондай-ақ когнитивтік процестердің бұзылуының кешенді сипаты және аурудың бүкіл бойында зияткерлік-мнестикалық тапшылықтың өсуі туралы [21].

Егер операциядан кейінгі ерте кезеңде ЖК-мен ауыратын науқастарда зерттеуге ынталандырудың төмендеуі байқалса, бұл операцияның салдарын иелену қажеттілігін айқындайтын факторлардың үстемдігін куәландырады, онда шалғай операциядан кейінгі кезеңде оларда аурудың салдарын сәтті еңсеруді және оны жедел емдеуді куәландыратын уәждің қалпына келуі байқалады [21].

Декомпенсация жағдайында созылмалы жүрек жетіспеушілігімен ауыратын науқастарды бейімдеудің психологиялық ерекшеліктері психологиялық қорғау тетіктерінің жоғары қарқындылығымен және кернеулігімен, сондай-ақ конструкциялық емес және салыстырмалы конструктивті копинг-стратегиялардың басым болуымен сипатталады. Аурулардан және қан айналымы жүйесінің бұзылуынан зардап шегетін, шамамен аурудың клиникалық көрінісі бірдей науқастар аурудағы мінез-құлықтың психологиялық тетіктері бойынша түбегейлі ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, анамнезінде миокард инфаркті бар пациенттердің жеке махаббатқа қажеттілігі болған жағдайда қан айналымы ауруларының патогенезі ауырлатылады.

А.А. Великановтың пікірінше [22], жеке тұлғаның бейімделу ерекшеліктері және ЖИА кезіндегі психосоматикалық қатынастардың нұсқалары эмоциялық-жағымсыз жағдайлардың ерекшелігін (алаңдаушылық, депрессия, астения, дұшпандық), сондай-ақ соматикалық жағдайдың ерекшеліктерін, клиникалық көріністерді қамтитын био-психоәлеуметтік факторлар кешенінен құралады ЖИА және психоэмоционалдық саланың ілесіп өзгерістері; психикалық зақымдану жағдайларының ерекшелігін; жеке тұлғалық ерекшеліктер, атап айтқанда, агрессивтілік, сондай-ақ жеке сипаттамалар құрылымындағы алаңдаушылық, невротикалық және депрессиялылық.

Ж.В. Порохинаның [23] ЖИА бар науқастарды зерттеуі олардың психологиялық оңалту әлеуетінің деңгейіне әсер ететін ерекше психологиялық факторларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, атап айтқанда: жеке адамның ауруға қатынасының типі, жүйке-психикалық жағдайының деңгейі, өзін-өзі бағалау деңгейі және талап ету деңгейі, реактивті және тұлғалық

алаңдаушылық деңгейі, ортаға тұлғалық бақылау түрі (локус-бақылау), ерлі-зайыптылық қарым-қатынастың және жақын туыстарымен қарым-қатынастың жай-күйі, кәсіби саладағы қанағаттану дәрежесі, бұл психологиялық оңалту әлеуетінің құрылымын ашады уәждемелік, эмоциялық және когнитивтік құрамдастар болып табылады, сондай-ақ онда уәждемелік құрамдас бөліктің неғұрлым маңыздылығын көрсетеді.

Ауру кезінде жеке тұлғаның бейімделу ерекшеліктерін саралай отырып, соңғы жылдары зерттеушілердің назарын жиі аударатын өмір сүру сапасының санатына тоқталмау мүмкін емес. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша өмір сүру сапасы деп басқа да анықтамалар болғанымен, оның субъективті қабылдауына негізделген физикалық, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік жұмыс істеуінің сипаттамасы түсініледі.

Н.Ю. Кувшинованың зерттеуінше [24], ЖИА бар пациенттердің өмір сүру сапасы салауатты өмір сүру сапасынан айтарлықтай ерекшеленеді. Мысалы, тыныс-тіршілігі бар пациенттерде рухани саланы қоспағанда, тіршілік әрекетінің түрлі жақтарына қанағаттанушылықтың айтарлықтай төмендеуі анықталады.

Н.Е. Круглованың денсаулығына байланысты өмір сүру сапасын зерттеу [25] коронарлық артерияларды стенттеуге ұшыраған ЖИА науқастарында еңбекке оралудың қолайлы болжамдық белгісі операцияға дейінгі дене белсенділігінің жоғары деңгейі, ал коронарлық шунттау операциясынан өткен ЖИА науқастарында әлеуметтік белсенділіктің айтарлықтай шектелуі болып табылатынын көрсетті физикалық жағдайына байланысты операцияға дейінгі кезеңде.

Науқастың жеке басының мағыналық сипаттамалары деңгейіне шыға отырып, ауруға бейімделу механизмдері жеке адам үшін оның мағынасының саналылығына немесе сезімсіздігіне байланысты деп айтуға болады. Мысалы, егер миокард инфарктісіне шалдыққан адам аурудың мәні махаббатқа бұрын жасалған қажеттілікті манифестациялау екенін түсінсе, онда ол ауру осы қажеттілікті қанағаттандыруға мүмкіндік беретінін түсіне отырып, өзінің ауруына үйлесімді көзқарасын көрсетеді. Бұл жерде сындарлы өзін-өзі сақтайтын мінез-құлық ретінде аурудың бейімделу мүмкіндіктері туралы айтуға болады.

Осылайша, ауру кезінде жеке адамның бейімделу әлеуеті бұзылады, оның негізінде адамның қызмет етуінің мотивациялық, эмоциялық, когнитивтік және мінез-құлық деңгейлерінде психологиялық көріністердің кең спектріне әкелетін организмдегі нейро- гуморальдық өзгерістер болуы мүмкін. Жеке адамның қабылдауының өзгеруін және өз ауруының жағдайын ескере отырып, науқастардың өмір сүру сапасы да өзгереді. Кейбір жағдайларда ауру кезінде бейімделудің бұзылуы әртүрлі деңгейдегі психикалық бұзылулардың болуын куәландыратын психопатологиялық белгілердің пайда болуымен қатар жүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Березин Ф. Психологическая и психофизическая адаптация человека. Л. Наука, 1990. 260 с.
2. Ананьев В.А. Психологическая адаптация и компенсация при заболеваниях внутренних органов: дис. д-ра психол. наук: 19.00.04. - СПб., 1998. - 394 с.
3. Кулаков С.А. Биопсихосоциодуховная и синергетическая модель развития онкологического заболевания: системный подход // Известия РГПУ им. А.И. Герцена. - 2009. - №100. - С. 124-130.
4. Нервные и психические нарушения при гипертонической болезни / Под ред. Е.С. Авербуха. - Л.: Медгиз, 1989. - 352 с.
5. Винокур, В.А. Психосоматические механизмы развития сердечно-сосудистых заболеваний: автореф. дис. д-ра мед. наук: 14.00.05. - СПб., 2002. - 42 с.
6. Дамбраускас Е.С. Особенности мотивации и уровня притязаний у лиц с различной степенью коронарного риска: дис. канд. мед. наук: 14.00.06. - Харьков, 1989. - 176 с.
7. Круглова Н.Е. Психологические факторы прогноза возвращения к труду больных ИБС после высокотехнологичного хирургического лечения: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.04. - СПб., 2013. - 24 с.

8. Соложенкин В.В. Механизмы психической адаптации при ишемической болезни сердца, гипертонической болезни: дис. д-ра мед. наук: 14.00.18: 19.00.04: 14.00.06. - СПб., 1989. 424 с.
9. Агеенкова Е.К. Особенности психологической структуры личности и психосоматических соотношений у больных гипертонической болезнью и ишемической болезнью сердца (по материалам скрининг.): автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.04, 14.00.06. - Л., 1986. - 21 с.
10. Зайнуллина М.А. Особенности памяти и внимания у больных гипертонической болезнью и ишемической болезнью сердца: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.04. СПб., 2000. -16 с.
11. Вейтиа Мора Сильвио Эстебан Особенности психологической саморегуляции у больных язвенной болезнью и гипертонической болезнью: автореф. дис. канд. психол. наук: 19.00.04. - М., 1989. - 22 с.
12. Ругявичус М.З. Реакции сердечного ритма на эмоциональное воздействие и психологические особенности больных грудной жабой и нейроциркуляторной дистонией: дис. канд. психол. наук: 19.00.04. - Каунас., 1981. - 196 с.
13. Мягер В.К. Функциональные сердечно-сосудистые нарушения при неврозах и их лечение: дис. канд. мед. наук: 14.00.18. - Л., 1957. - 194 с.
14. Грекова А.А. Восстановительная терапия в условиях кардиологического санатория больных гипертонической болезнью с преходящими нарушениями мозгового кровообращения: дис. канд. мед. наук: 14.00.06. - Л., 1975. - 143 с.
15. Незнанов Н.Г. Влияние ишемической болезни сердца на проявление, течение и терапию психических заболеваний: дис. канд. мед. наук: 14.00.18. - Л., 1984. - 228 с.
16. Ерошин, С.П. Взаимоотношения хронического алкоголизма и ишемической болезни сердца: дис. канд. мед. наук: 14.00.45. - Л., 1986. - 210 с.
17. Барышева Н. Клинико-психологические характеристики больных с сердечно-сосудистыми соматизированными нарушениями: автореф. дис. канд. мед. наук: 14.00.18. - М., 2009. - 24 с.
18. Медико-психологический аспект адаптации пациентов, перенесших инфаркт миокарда: современное состояние проблемы / А.Н. Алёхин, Л.А. Сорокин, Е.А. Трифонова, А.В. Чернорай // Вестник психотерапии. - 2012. - № 42. - С. 26- 45.
19. Клинические факторы психической адаптации пациентов с сердечно-сосудистой патологией (на примере легочной артериальной гипертензии и фибрилляции предсердий) / А.Н. Алёхин, И.О. Чумакова, Е.В. Андреева, Е.А. Трифонова // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Психология. - 2012. - № 6 (265). - С. 66-72.
20. Агеенкова Е.К. Психологические факторы в развитии сердечно-сосудистых заболеваний // Психотерапия и клиническая психология. - 2002. - №3(5). - С. 19-23.
21. Ермакова Л.А. Динамика познавательных процессов и эмоционально-личностных характеристик у больных с приобретенными ревматическими пороками сердца: дис. канд. психол. наук: 19.00.04.- СПб., 2004. - 198 с.
22. Великанов А.А. Структура и динамика эмоциональных состояний у больных ишемической болезнью сердца в период лечения в стационаре: дис. канд. психол. наук: 19.00.04. - СПб., 2009. - 190 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ РЕТІНДЕ, ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

ӘОЖ 81'34

Кабдуллиева Д.Х.

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас буын мен қазақ даласын мекендеген барша ұлт өкілдерінің қолында дейтін ой келетін болса, еліміздің өркендеу де, даму жолында сүбелі үлес қосып жатқан барша қазақстандықтардың бір тілде сөйлеуге дағдыланып, ата тіліміз қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін асқақтату үшін өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудың жеңіл және тиімді жолдарын ұсыну арқылы үйретуге болады.

Тіл мәртебесінің биік болуына президент Қасым-Жомарт Кемелұлы бірнеше нақты шешімдер қабылдай отырып, жаңа белеске өту жолында жаңа қазақстанның қазақ тілді еркін меңгерген болашағын көргім келеді деген болатын. Осы тұсқа қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде өзімнің өзге ұлт өкілдерін қазақ тілін үйрету үшін төменде көрсетілген басымдықтарға назар аудара отырып, оқып үйренгендігін қолдар едім деген ой келді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бірлік жолында азаматтық бірізділікті қалыптастыру үшін маңызды. Қазақ тілін білу - қазіргі әр қазақстандықтың өзіндік ерекшелігінің кепілі. Дәл осы идея қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерін іздеу қажеттілігін туғызды.

Ұлттық тілді меңгеру бағдарламасын жасап, бағдарламаны оқытудың басым әдісі - коммуникативтік тәсілге назар қою. Бұл тәсілді алуымның бірнеше себептері бар:

біріншіден, мақсатты тілдерді оқыту оқытылатын тілдің ауызекі сөйлеу нормасын меңгеруге бағытталған, сондықтан ең алдымен, тыңдалым мен айтылым дағдыларына көңіл бөлінеді; айтылым дағдысын дамыту арқылы жүзеге асырылады;

екіншіден, тілді оқыту грамматикалық ережелермен шектелмейді, яғни өзге тілді алғаш үйренушілерге «бастауыш», «баяндауыш», «морфология», «синтаксис» т.б. білу маңызды емес. Бала грамматикалық құрылымдарды білмей тұрып, оқу мен жазуды білмесе де сөйлей бастайды, тіпті сөйлемдерді де дұрыс құрайды. Ол жай ғана сөздерді айтады, сөздердің мағынасын түсінеді, айналасындағы адамдармен тілдесе бастайды. Уақыт өте келе оның сөздік қоры молаяды, қоршаған адамдардың басым бөлігі оны түсінетіндей деңгейде сөйлесе алады. Содан кейін ғана бала оқу мен жазуды үйренеді. Курста ана тілінен өзге тілді үйренудің негізі осында жатыр.

Мұндай оқытудың негізгі мақсаты грамматикалық құзыреттілікті қалыптастыру емес (сөз тіркестері мен сөйлемдерді сауатты құру, мезгіл шақтарын дұрыс қолдану, әр түрлі сөйлемдердің құру түрлерін білу), коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Сөзсіз, грамматикалық құзыреттілік маңызды, бірақ коммуникативтік тәсілдемеде грамматикалық ережелерді іс жүзіндегі қарым-қатынаста қолдануға негізделген.

Коммуникативтік құзыреттілік тілді әр түрлі мақсат пен функцияда қолдануды, әр түрлі сипаттағы және типтегі мәтіндерді құру, оқу және түсіну, шектеулі лексикалық және грамматикалық базасы болғанның өзінде әңгімеге араласуды қамтамасыз етеді.

Бағдарлама барысында тілдік құрылымдардың дұрыстығына емес, диалогты әрі қарай өрбіту нұсқасын ұғыну, жалпы коммуникативтік мақсатқа жету, өзгертіп айту дағдысын дамыту параметрлеріне назар аударылады.

Коммуникативтік оқытуда білім алушы тек қана тіл туралы білімді меңгермейді, сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік компонентті де меңгереді: жыл он екі ай көлемінде жұмыс барысымен, оның ерекшелігімен, әр маусымдағы қажеттіліктермен, мерекелермен қатысты сөздік білімі, осылардың бәрі шынайы қарым-қатынастың жағдаяттарында сөйлеушімен өзара қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Айтылым - адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу әрекетінің бір түрі. Өзіне таныс (отбасы, өмірі, оқуы туралы) тақырыптар бойынша өз ойын түсінікті етіп жеткізе отырып, қарапайым тіркестер мен сөйлемдер арқылы сөйлесе алады. Күнделікті өмірдің негізгі аспектілерін сипаттайалады. Ол - тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізу.

Қатысушы сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қамтитын - тілдесім арқылы қарым- қатынасқа түсе отырып, білімін жетілдіреді. Бағдарлама спиральді білім беру қағидатына негізделген. Яғни, тыңдаушыға ұсынылып отырған әдіс-тәсілдерде де оның дағдысын қайталау арқылы қалыптастыруға бағытталған. Ол әр маусымда жүргізілетін жұмыс түрлерімен , сөз , сөз тіркестерін байланыстыра отырып жаңа білімге жетелейді.

Әрбір сабақтың мазмұнына сай әдістер мен тәсілдері дұрыс таңдап, саралап, даралап оқыту ұсынылған. Оқушылардың қазақ тілін өз еркімен, ынтасымен қызыға, түсініп сөйлеуге, бірінің пікірін бірі қадірлеуге, өзіндік және өзара бағалауға, сөзді ойын арқылы жақсы меңгеруге, ауызекі дұрыс сөйлеуге үйрету мақсатында белсенді оқыту, коммуникативтік технология, интерактивті оқыту негізінде ұйымдастыру мен сын тұрғысынан ойлау жобасының стратегиялары қолданылған жөн деген ойдамын.

Ұлттық тілді меңгеру және мемлекеттік тілге еркін сөйлеу ол тек барша қазақстандықтардың басты нышынына айналса, біздің мақсатымыз айқын, мәртебеміз биік болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ. Мемлекеттік тіл мәртебесі арта береді. Ана тілі, 2022.

АРХИВ - ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

ӘОЖ 930.25(251)

Иманғалиева З.

Архив - тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме. Жаңақала ауданының мемлекеттік архиві Халық депутаттары Жаңақала аудандық Кеңес атқару комитетінің 1987 жылы 30 қазандағы №329 шешімімен құрылған. Содан бері халықпен, әсіресе зейнет жасына жеткен адамдардың еңбек өтіліне байланысты сұратылған өтініштеріне анықтама берумен айналысып және аудандағы мекемелердің істер номенклатурасымен, құжаттарын қабылдаумен айналысып келеді.

Аудандық архивте барлығы 121 қор, оның 39-ы жеке тектік қор. Соның ішінде еңбегімен еленген, талантымен көзге түскен адамдардың жеке тектік қорлары және Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің коллекциясы, еңбек ардагерлері құжаттарының коллекциясы, Жаңақала ауданы ардагер ұстаздарының топтамасы, Жаңақала ауданының мәдениет саласы қызметкерлерінің құжаттарының топтамасы да мемлекеттік сақтауда тұр.

Жеке тектік қор құрамына қолжазбалар, хаттар, қор құрушының жеке және тұрмыстық құжаттары, ғылыми-шығармашылық және қоғамдық қызметі барысында жинақталған құжаттық материалдары, қор құрушының еңбектеріне қажетті жинақталған материалдар, фото суреттері және көзі тірісінде немесе қайтыс болғаннан кейінгі жазылған естеліктер, мақалалар, өлеңдер, еңбектеріне жазылған рецензиялар кіреді.

Жаңақала өлкесінде туып, елге еңбек сіңірген тұлғалардың құжаттарын жинап, жеке тектік қорын ашу - архив қызметіндегі басты жұмыстардың бірі.

Архивте сақтаулы тұрған жеке тектік қорлар туралы тарқата айтсақ, **аудан мекемелерінде ұзақ жылдар қызмет атқарған:** Сарсенғалиев Талап, Жүсіпова Әпекен, Мақанов Нәсіпқали, Губашева Лиза, Рахматуллин Ұзақбай, Қадралиев Төлеген, Мұхамбетқалиев Есмырза, Губашев Бисембі, Каримов Хадим, Дауылбаев Ахмет, Бақытов Ұзақ, Едильбаев Измухамед, Темірғазиева Күнзира, Валиев Ғайниет; **Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет еткен:** Жұмағазиев Закария, Қисамбаев Қапез, Салыхова Амина, Құдайбергенов Рахым, **Ұлы Отан соғысының ардагерлері:** Исламов Отарбай, Мирманов Мұрат, Сертеков Тұяқ, Сатыбаев Мұтал, Қойысов Арыстанғали, Аспенов Уап; **Спорт ардагері:** Әбуов Сатым; **«Құрмет белгісі» орденінің иегерлері:** Қайыржанов Құмарғали, Қанатов Әли, Сапаров Сатқали; **«Еңбек Қызыл Туы» орденінің иегерлері:** Төреғалиев Кеңес, Бисекенова Барша, Туманов Ғайса, Шатаев Төрештің және Ақын, СССР журналистер одағының мүшесі Сисенғали Закария, айтыскер ақын Ишанов Асылбектің жеке құжаттары архив төрінен табылады.

Мемлекеттік сақтауда тұрған адамдардың құжаттарын, яғни, өмірбаянын, еңбек жолын, алғыс хаттарын, марапаттарын, төсбелгілерінің куәліктері, фото суреттерін және тағы да басқа құжаттарын ұрпақтары, жақындары іздесе немесе сол тұлға туралы дерек көздерін іздеген адамдарға архивке келіп керек мәліметтерін алуға болады.

Жеке тектік қорлар архивте өте маңызды рөл атқарады, себебі ауданымыздың көркеюіне елеулі үлес қосқан, маңдай терін төккен бұл тұлғалардың артынан іздер ұрпағы қашанда табылады. Жеке архивтерді сақтай отыра, өздерінің еңбегімен аймағымыздың даңқын шығарған біздің үздік замандастарымыз, жерлестеріміз жадымызда сақталады. Жылдар өте көптеген оқиғалар ұмыт болады. Тек уақыт куәгері болған құжаттар ғана бізді өткенмен байланыстыра алады. «Жаңақала ауданының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік

мекемесінде «Өз-өзіне қызмет көрсету секторы» жұмыс істейді. Мұнда сіз «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметіне ХҚКО - на бармай - ақ өз бетіңізше тапсырыс бере аласыз.

Мемлекеттік қызметті пайдалану үшін кез-келген азамат мемлекеттік архивке жүгіне алады. Мұнда компьютер орнатылған өз-өзіне қызмет көрсету секторында өз бетіңізше www.egov.kz веб-порталына кіріп немесе архивисттермен байланысып, жұмыс өтілі, жалақысы, білімі туралы архивтік анықтама, отбасылық құрам және т.б. қажет құжатқа тапсырыс бере аласыз. 11 жұмыс күні ішінде порталдағы жеке кабинетке кіріп, дайын анықтама ала аласыз. Іс-әрекеттердің бүкіл алгоритмі, қажет болған жағдайда, архивисттер көмектеседі.

2022 жылдың 21 қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен, Жаңақала аудандық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясында республикалық ашық есік күні өткізілді. Жобаның мақсаты - архив құжаттарын пайдалана отырып, туған жердің тарихын зерттеуге балаларды кеңінен тарта отырып, іс-шаралар кешенін ұйымдастыру. Шарада тағдыры ауданның дамуымен тікелей байланысты істер мен ойлары туған ауылы мен өзінің кіші отанының дамуы мен гүлденуіне бағытталған, ауданның өсіп - өркендеуіне, көркеюіне сүбелі үлес қосқан ат салысып, маңдай терін төккен тұлғалардың жеке тектік қорлары мен жерлес ақын, жазушыларымыздың кітаптарынан көрме жасақталды. Айтулы шараға аудан әкімінің орынбасары Ақнұрлы Нұрғалиқызы, архив саласының ардагерлері Ғайниет Қарағойшыұлы, Жүсіпберген Мәденұлы, Жаңақала аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының басшысы Дәурен Кубайдоллаұлы, аудандық кітапхана қызметкерлері, Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары қатысты. Шара барысында А.Еслямғалиева архив саласының маңыздылығы туралы сөз қозғаса, архив ардагерлері Ғ.Валиев және Ж.Бақтығұлов ұзақ жылдарғы еңбек жолымен бөлісіп, осы саланың қызығы мен қиындығы туралы айтып берді. Аудандық архивтің директоры Гульбарам Хасанова сақтауда тұрған 39 жеке тектік қор туралы баяндама оқып, аудан тарихына елеулі үлес қосып, еңбек еткен бірнеше ардагерлерге жекелей тоқталды. Архив қорында сақтаулы тұрған 2000 жылы ауданның құрылғанына 70 жыл толуына орай түсірілген бейнежазбаны көрермен назарына ұсынып, туған өлкенің тарихынан сыр шертті. Шара соңында қатысушылар арнайы жасақталған көрмені тамашалап, тарқасты.

«Боздақтар» кітабында жалпы БҚО бойынша ҰОС-на қатысып, елге оралмай қалғандардың тізімі көрсетілген. Қазірде ҰОС-на қатысқан ардагерлеріміз азайып бара жатыр, Жаңақала ауданы бойынша тек Туманов Мұса атамyzдың ғана көзі тірі. Ол 19 жасында 1945 жылы ақпан айында соғысқа аттанған.

БҚО архиві басқармасының басшысы болған В.А.Иночкиннің «Азалы кітабында» 1937 жылғы БҚО бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы деректер келтіріліп, тізімі көрсетілген. Соның ішінде Жаңақала ауданы бойынша қуғын-сүргінге ұшырап атылғандардың тізімі бөлек көрсетілген.

Архивте ауданымыздың көркеюіне, дамуына үлес қосқан жандардың 39 жеке тектік қоры әр түрлі саладан жинақталған. Мысалы, ауылшаруашылық саласы, денсаулық сақтау, еңбек ардагерлері, ақын-жазушы, айтыскерлер, т.б. Солардың ішіндегі кейбір жандардың еңбектерімен таныстыра өтсек:

№ 47 қор оқу ағарту ісінің үздігі, Қазақ ССР ардагер ұстазы, халық ағарту ісінің шебері Талап Сарсенғалиевтің «Ерлікке толы жылдар», «Шежіре жылдар сөйлейді» атты кітаптары бар.

№ 87 қор «Ленин», «Еңбек қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орденінің иегері Ізмұхамбет Еділбаевтың «Ой өрістер» атты кітабы сақтауда тұр.

Ауданымызға белгілі жазушы, ұзақ жылдар «Жаңарған өңір» газетінде редакторлық қызмет атқарған Өмірзақ Ақбасовтың «Тіршілік тынысы», «Өмір толғауы» кітабы.

№ 71 қор Құмарғали Қайыржанов «Ленин», «Құрмет белгісі» орденінің иегері «Ауылдастар туралы ақиқат» кітабы.

Қазақстан Коммунистік партиясы Жаңақала ауданының І хатшысы Әділғазы Нұрғалиевтің «Жаңақала-ақиық алыптар мен жайсаң жандардың мекені» атты кітабы, Закария Сисенғали жинақтаған «Дара тұлға» атты Ә.Нұрғалиевтің өмір белестері туралы.

№ 57 қор «Құрмет белгісі» орденінің иегері, көп жылдар маслихат хатшысы болған Нәсіпқали Мақановтың «Жаңақала жерінде», «Өмір өрнектері», «Арман асулар», «Көңіл-күй тебіреністері», «Тірлік тағылымдары» кітабы.

«Құрмет белгісі» орденінің иегері, денсаулық сақтау ісінің үздігі Лиза Губашева туралы жолдасы Молдағали Тәжиев «Ажалмен арпалысқан асыл жан» атты жолдасына арнап кітап жазған.

№ 60 қор ССР журналисттер одағының мүшесі, облыстық акын Закария Сисенғалидің кітаптары сақтауда бар.

«Күй астанасы -Жаңақала» деп Ә.Кекілбаев айтқандай Жаңақала күйшілер мен домбырашылардың ордасы. Дина Нұрпейісова, Қали Жантілеуов, Оқап Қабигожин сында ата- әжелеріміз күйден шашу шашқанда елді баурап алады.

«Бірлік» совхозында қарапайым жұмысшы болған, аңшы Ғапар Рамазанов орыстың атақты ақыны Михаил Шолоховпен өте қатты жақын дос болған. Шолохов Жаңақала өңіріне аңшылыққа келгенде Ғ.Рамазановпен танысып, содан бері достықтары өмірінің соңына дейін жалғасқан. Ғ.Рамазанов «Біздің Шолохов» атты кітап жазған.

1991 жылы Н.Ә.Назарбаев жұмыс бабымен Жаңақазан өлкесіне келген сәтінде және халықпен кездесу сәтінде түсірілген фото суреттер.

«Жаңақала ауданының Құрметі азаматы» атағы берілгендердің тізімі, Жаңақала ауданының орден, медальдарымен марапатталған азаматтары, Жаңақала ауданының социалистік еңбек ерлері көрсетілген кітапшалар.

Жеке тектік қорлардың ішінен айта кетсек:

№ 84 қор Асылбек Ишанов Қазақстанға белгілі айтыскер-акын, айтыста көптеген жеңістерге жетіп, өзіндік ізін қалдырған, өмірден жастай кеткен өнер иесі. Асылбек Ишанов туралы мәліметтер аз десекте, Асылбекке арналған арнаулар, акын туралы баспасөз беттерінде шыққан мақалалар бар.

№ 101 қор Темірғазиева Күнзира «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, «Сауле» қыздар трактор бригадасының ұстазы.

№ 75 қор Қанатов Әли «Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Екпін» комсомол жастар бригадасының тәлімгері.

Сонымен қатар, архивте 5 бейне құжат сақтауда тұр. Олар: Жеңістің 50 жылдығына арналған концерт және жиналыс.

2000 жылы Жеңістің 55 жылдығына орай ардагерлер Сертеков Тұяқ пен Ислямов Отарбаймен кездесу кеші.

Жаңақала ауданының 70 жылдығының бейнеқұжаты.

Акын Амангелді Шахиннің 50 жасқа толуына орай ұйымдастырылған концерт.

Жеңістің 60 жылдығына байланысты Қойысов Арыстанғали мен Сертеков Тұяқ аталарымызбен кездесу.

Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын.

Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ. Бүгінгі алпауыт жаһандану дәуірінде кез-келген ұлтты сақтап қалатын дүниелер - сол ұлттың төл тарихы, мәдениеті мен тілі екені анық.

Ұлы Отан соғысының аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл 77 жыл толып отыр. Жеңіс күні - майдангерлердің сан мыңдаған ұрпақтары үшін ортақ мереке. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізге бейбіт өмір сыйлаған ардагерлеріміздің теңдесі жоқ ерең еңбегі, қадір - қасиеті мен бағасы уақыт өткен сайын артып келеді. Соғысқа аттанғандардың ішінен аман есен елге оралып, бейбіт өмірде ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен жандар соғыс және еңбек ардагерлері

Жаңақала ауданының мемлекеттік архивінде жеке тектік құжаттары сақтауда тұрған Сертеков Тұяқ атамыз тірі болса биыл 100 жасқа толар еді. Бүгін ортамызда болмағанымен оның есімін айрықша құрметпен еске алып, рухына тағзым етеміз.

Сертеков Тұяқ 1922 жылы 7 қарашада Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының Теректі ауылдық Кеңесінде дүниеге келген. Жастайынан жетім қалып «Киров» атындағы балалар үйінде тәрбиеленген. 1940 - 1941 жылдарында Жаңақала ауданының «Киров» атындағы орта мектепті бітірген. Содан Кеңес Армиясы қатарына алынып Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және бірнеше мәрте медальдармен марапатталған. Соғыстан қайтып келгеннен кейін 1946 - 1947 жылдардың оқу жылында Теректі ауылы «Талаптан» бастауыш мектебінде оқытушы болып орналасады. 1950 жылы Орал педагогикалық училищесіне түсіп 1951 жылы бітіріп шығады. 1952 - 1956 жылдары Жаңақала аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып істеген. 1957 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Жаңақала ауданының Айдархан, Маштексай совхоздарының бөлімшелеріндегі бастауыш мектептерде мұғалім, «Жангелдин» атындағы сегіз жылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Аудандық архив қорындағы елге еңбегі сіңген тұлғалардың есімі әр белесте жаңғырып, әлеуметтік желі мен басылымдардан көрініп тұруы ауылдастары үшін мәртебе болса, тума - туыстарының мерейін өсіре, өскелең ұрпақ үшін тәрбие мектебі деп білеміз.

Ұлы Жеңіс ұлағаты.

Ұлы Отан соғысының аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл 77 жыл толып отыр. Жеңіс күні - майдангерлердің сан мыңдаған ұрпақтары үшін ортақ мереке. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізге бейбіт өмір сыйлаған ардагерлеріміздің теңдесі жоқ ерең еңбегі, қадір - қасиеті мен бағасы уақыт өткен сайын артып келеді. Соғысқа аттанғандардың ішінен аман есен елге оралып, бейбіт өмірде ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен жандар соғыс және еңбек ардагерлері

Жаңақала ауданының мемлекеттік архивінде жеке тектік құжаттары сақтауда тұрған Мирманов Мұрат атамыз тірі болса биыл 100 жасқа толар еді. Бүгін ортамызда болмағанымен оның есімін айрықша құрметпен еске алып, рухына тағзым етеміз.

Мирманов Мұрат Нұғманұлы 1922 жылы 15 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының Ұмтыл ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

Жалпы білім беретін мектепті бітіргеннен кейін, 1941 жылдың ақпан айынан желтоқсан айына дейін Жаңақала аудандық авиахимде нұсқаушы болып жұмыс жасаған. 1942 жылдың қаңтарынан 1946 жылдың қыркүйегіне дейін Кеңес Армиясы қатарында әскери қызметте болған. Әскер қатарынан 1946 жылдың қыркүйек айында атқыштар ротасының командирі қызметінде, аға лейтенант әскери шенінде босаған.

Әскер қатарында 196 Гвардиялық атқыштар полкі, Витебск дивизиясының Қызыл Тулы 67 атқыштар гвардиясының сапында II Прибалтика майданында ұрысқа қатынасқан.

Соғыстан кейін 1946 жылдың қыркүйегінен желтоқсанына дейін аудандық мәдени ағарту сауық ұйымдастырғыш (массовик) қызметін атқарған.

1947 жылдың қаңтарынан 1948 жылдың ақпан айына дейін Кеңес Одағы Еңбек резервтері Министрлігінің Жаңақала ауданы бойынша инспекторы болған.

1948 жылдың 20 ақпанынан 1949 жылдың қыркүйек айына дейін дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі комитеттің төрағасы болған.

1949 жылдың 1 қарашасынан 1950 жылдың қыркүйегі аралығында Орал қаласындағы ауылшаруашылығы агрономдарын даярлайтын мектептің бір жылдығын бітірген. Бір жылдық курсті бітіргеннен кейін облыстық ауылшаруашылығы басқармасының 1950 жылғы 4 қазандағы бұйрығына сәйкесті Жаңақала ауданы, Ворошилов атындағы тұқым шаруашылығында агроном қызметін атқарған. КСРО Ауылшаруашылығы Министрлігінің 1951 жылғы 3 шілдедегі аудандық тұқым шаруашылығын қысқарту жөніндегі бұйрығы негізінде аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің аға агрономы болып тағайындалған.

1957 жылдың қаңтарынан 1972 жылдың 19 наурызы аралығында комендант, қоғамдық тамақтандыру жөнінде инспектор - технолог, Бірлік асыл тұқымды мал заводында кадр жөніндегі инспектор сияқты әртүрлі қызметтерде болған.

Аудандық архив қорындағы елге еңбегі сіңген тұлғалардың есімі әр белесте жаңғырып, әлеуметтік желі мен басылымдардан көрініп тұруы ауылдастары үшін мәртебе болса, тума- туыстарының мерейін өсіре, өскелең ұрпақ үшін тәрбие мектебі деп білеміз.

2022 жылдың тамыз айынан бастап Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» ММ- сі «Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ-сі болып қайта құрылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жаңақала ауданының мемлекеттік архиві материалдары.
- 2 www.egov.kz веб-порталы
- 3 Сарсенғалиев Т. Ерлікке толы жылдар. 2000 ж.

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

ӘОЖ 37.013

Гизатова Д.М.

Адам баласы жастайынан алған тәрбиені жанына өмірлік азық етіп, келешегін де сол тәрбиемен қалыптастыруы заңдылық деп біледі. Соның ішінде ата-ана тәрбиесі және ес жиып, мектеп табалдырығын аттағаннан кейінгі ұстаздар тәрбиесі де бала үшін өте маңызды рөл атқарады. Мен Маңғыстау облысы, Қаракия ауданының Құрық ауылында орналасқан «Облыстық санаторлық мектеп-интернатында» тәрбиеші болып қызмет атқарамын. Мектебіміз тәуекел топтағы оқушыларды тәрбиелеу мен сауықтыру шаралары арқылы жұмыс жасайтын болғандықтан, тәрбиешінің міндеті - баланың дұрыс білім алуы мен тәрбиеленуін қамтамасыз ету.

«Қызға қырық үйден тыйым» деп аталарымыз тегін айтпаса керек. Менде сол ұлағатты сөздерді өз тәрбиеленушілерімнің құлағына сіңіргім келеді. Сабағынан тыс уақыттарын тиімді пайдаланып, салт-дәстүрді дәріптеп, қыз балаға тән пайдалы кеңестермен бірге мәдени іс- шаралар өткізуді де жиі жоспарлап, арасында спорттық ойындармен шұғылдануды да салтымызға айналдырдық. Ауданда өтетін түрлі байқауларға да шәкірттеріміз жиі қатысады. Бірнеше рет түрлі жарыстардың жеңімпазы да атандық. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Өлең менің-өмірімнің өрнегі» атты аудандық онлайн жас ақындар мұшайрасында тәрбиеленушілерім 9 сынып оқушысы Шадкам Сима бас жүлдеге және Салатова Айзира «Тілімнің тұнықтығы, ұлтымның байлығы» атты көркемсөз оқу шеберлігінің аудандық онлайн байқауында ІІ орынға ие болды. Қазіргі таңда өз тобымда жоғарғы сыныптан 10 қыз балалар тәрбиеленуде. Мектебіміз шәкірттерге жоғары деңгейде көңіл бөліп үнемі бақылауында ұстап отырады. Біздің тобымызбен әрбір мерекелерде міндетті түрде мәдени шаралармен, рухани- адамгершілік бағытта кездесулер өткізіледі.

І-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» атты дөңгелек үстел шарасы ұйымдастырылып, ауылдағы қарттар мен ашық жарқын әңгімелесу форматында керемет іс- шара болды. Кездесу барысында ардагер қарияларға өнерлі қыздарымыз ән- жырдан шашу арнап, нақыл өлеңдерді мәнерлеп оқып, ерекше көңіл күй сыйлады. Сонымен қоса қариялардың жастық шағы мен өмірдеректерінен сырлы сұқбат жасалып, тәрбиелік маңызы зор әңгімелерден сыр шертілді. Және қыздарымыз ардагерлерді мерекемен құттықтап өз қолдарынан сый-сыяпаттар ұсынды. «Жауқазын» тобы әр оқу жылының басында жыл бойы атқарылатын шараларға түрлі жоспарлар жасап, сол бойынша жұмыстануға бейімделген. Алдағы уақытта да мерекелерде қыздарымызбен бірлесе жоспарларымызды орындау біздің міндетіміз. Оқудан тыс уақытта қыздар қолөнер шеберліктерін шыңдап, өз қолдарынан түрлі бұйымдар жасауды да әдетке айналдырған.

Ұлы Абай атамyzдың «Қарыны тоқтық, жұмысы жоқтық аздырап адам баласын» деген нақыл сөзі, біздің ұранымыз деп білеміз. Әр бос уақытын тиімді пайдаланып, еңбекке жас ұрпақты баулу, олардың бойындағы талантын танып, өнерінің жолын ашу менің тәрбиеленуші

алдындағы ұстаздық міндетім деп білемін. Текті бабаларымыздың сара жолын жалғастыратын жас ұрпақ білімді де тәрбиелі болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Өлең менің-өмірімнің өрнегі» атты аудандық онлайн жас ақындар мұшайрасы материалы.
- 2 Абай таңдамалы өлеңдер жинағы.

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА КӨШБАСШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ӘОЖ 316.46

Шабдарова Р.Т., Сагинова А.Б.

Көшбасшылық - қоғамдағы әлеуметтік қатынастар үстемділігінен детерминацияланған оптималды психологиялық кезеңде мақсатқа қол жеткізу үшін кіші әлеуметтік топтарды ұйымдастыру және басқаруға бағытталған күрделі әлеуметтік психологиялық процесс.

Көшбасшылық қарым-қатынаста топтық іс-әрекетінің маңызды аспектісі ретіндегі қарастыратын әлеуметтік-психологиялық құбылыстың бірі болып табылады. Шетел психология ғылымында көшбасшылық мәселесі кіші және саяси топтағы мәселелері өте кең қарастырылған. Осы орайда, көшбасшылық мәселесімен көп айналысатын зерттеулерге Р. Басс, Е. Богардус, К. Денфорд, Р. Липпит, К.Левин, Ф.Фидлер, Р.Уайттың жұмыстарын атауға болады.

Батыс ғылымында көшбасшылықтың пайда болуын түсінуге 3 негізгі теориялық ықпалдар қалыптасқан. Сол ықпалдардың негізінде көптеген көшбасшылық теория дамыған. Бұл теория әсіресе бизнес сферасында кадрларды дайындауда кеңінен практикалық қолданыс тапқан [42].

Ерекшеліктер (адам қыры) теориясы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында неміс идеалистік психологияның тұжырымдамасынан өз бастауын алады. Бұл теория өзінің назарын көшбасшылықтың туа біткен қырларына негіздейді. Бұл теория бойынша кез-келген адам лидер бола алмайды, тек белгілі психологиялық қырлардың жиынтығы бар адам ғана лидер бола алады деген тұжырым ұсынылады. Көптеген авторлар көшбасшылықке осы сипатты жатқызуға тырысты. Американдық әлеуметтік психологтар бұл жиынтықтарды өте терең тексерді, яғни олар көшбасшылықке «жарайтындарды» таңдап алуға арналған тесттер жүйесін құруға негіз бола алады деп санаған. Алайда, мұндай қырлардың тізімін жасау қиын екенін анықтайды.

Өткен ғасырдың 1940 жылы К. Берд 79 қырдың ішінен тізім жасады, кейін көптеген авторлар оларды «лидерге» жатқызды, олардың ішінде атап айтсақ: бастамашыл (инициативность), көпшіл, әзіл-қалжыңшыл, сенімділік (уверенность), досшыл, энтузиазм сияқты қырларды көрсетеді (кейінірек Р.Стогдилл оларға танымшылдық (популярность), қызылсөздік (красноречие), байқампаздық сияқты қырларды енгізді). Алайда осы қырларды қарастыру шашырап кетті: аталған қырлардың 65% бір-ақ рет қана, 16-20%- екі рет, 4-5% - үш рет, тек 5% - төрт рет көрсетеді. Мұндай келіспеушілік тіпті «ерік күші», «ақыл-ой» сияқты қырларға тән болады. Сондықтан да, лидерге қажет қырлардың орнықты тізімдерін құру мүмкіндігі азайды. Р. Стогдиллдің мақаласынан кейін, оған басқа қырлар қосылса да, «қырлар теориясы» дұрыс емес деген пікірлер пайда болды.

Көшбасшылықтың қасиеттері, қырлары немесе сапалары, салыстырмалары болып табылады. Ситуациялық теорияның бір нұсқасында көшбасшылықтың көрінуінің негізгі жағына оны топтың мойындауын жатқызады. Себебі, топ мүшелері сол берілген ситуацияда қажетті қырлардың пайда болуын қатты қажетсініп күтеді (бұл ықпалды кейде функционалды деп атайды). Мұндай пікірлерде көрініп тұрған қателіктерді жеңу үшін Е. Хартли төрт модель

ұсынды. Ситуацияның негізінде соны пайдаланып, «субъект лидерге неге айналды?» және «неге ситуация ғана оны анықтайды?» деген фактілерді интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, егер бір ситуацияда біреу лидер болса, ол басқа ситуацияларда да лидер бола алады дегенді мойындайды; екіншіден, көшбасшының стереотипінің ситуациядағы әсерінің салдарынан, топта ол адамдарды «нағыз лидер» деп санайды; үшіншіден, бір ситуацияда лидер болған адам беделге ие болып, сол бедел басқа ситуацияларда оны қайтадан лидер етіп сайлауға негіз болады; төртіншіден белгілі бір жеке бастық қырлар адамда, әрине, болады, сондықтан, жеке адамға «орын (пост) іздеу қасиеті тән», соның салдарынан ол өзін солай ұстайды, оларға «орын береді» деген мінез-құлықты көрсетеді [1].

Ситуациялық теория өте кең таныла бастады: себебі оның негізінде көшбасшылықты эксперименттік зертеушілер өте көбейді. Осы екі түрлі теориялар мәселені дұрыс шешуге негіз болатын үшінші теорияны туындатты.

«Көшбасшының синтетикалық теориясы» аясындағы ең қызықты ықпалға К. Левин және Р. Липптитің тұжырымдамалары жатады. Бұл теорияның негізінде көшбасшылық стилдің классификациясы алынды. Мұнда шешім қабылдау сияқты типтің психологиялық көрінісі қарастырылады.

К. Левин үш стильді бөліп қарастырады: авторитарлы, демократиялық және популистік. Мұнда екі түрлі қырды нақтылау жатады: көшбасшының топқа ұсынған шешімнің мазмұны және осы шешімді жүзеге асыру техникасы (тәсілі, әдісі). Әрбір стильге екі жақты сипаттама беруге болады (формалды және мазмұнды).

Формалды жағы

’-Авторитарлы

- іскер,қысқаша тапсырма беру;
- қауіп төнген жағдайда тиым салу;
- нақты айқын тіл, жайдарсыз тон
- мақтау және субъективтілік;
- эмоция есепке алынбайды;
- тәсілді көрсету - жүйе емес.

Мазмұнды жағы

- топтағы жұмыстар алдын-ала жоспарланады;
- тек тікелей мақсаттар ғана анықталады, оның келешегі белгісіз;
- жетекшінің даусы - шешуші.

Көшбасшының позициясы топтан тыс:

Демократиялық

- инструкция ұсыныс формасында;
- құрғақ сөз емес, жолдастық тон;
- мақтау және жазалауды - кеңеспен;
- талдау және тиым салу - дискуссиямен.
- іс шаралары алдын-ала жоспарланбайды, топпен бірге;
- ұсыныстардың жүзеге асуына Барлығы бірдей жауап береді;
- жұмыстың барлық бөлігі ұсынылып қана қоймай, талданады.

Көшбасшының позициясы топтың ішінде:

4

Популистік

- конвенциалды тон;
- мақтау мен жазалау жоқ;
- ешқандай ынтымақтасу жоқ.
- топта жұмыстар өзімен-өзі жүреді
- лидер топқа бұйрық бермейді,
- лидер позициясы- жұмыстың бөлінуі жеке қызығушылықтардан құралады немесе жаңа лидер тобынан шығады.

Сызба 1 - Көшбасшының позициясы

Әрине, бұл сызба көшбасшылықтың пайда болуын және оның барлық жақтарын толық көрсетпейді.

Қазіргі жаңа психоаналитикалық түсініктер, яғни топтық процестер жайлы ұғымдар батыста өз бастауын З. Фрейд жұмыстарынан алады.

З.Фрейд үшін невротиктің жеке басын түсінудің маңызды жолы алғашқы топ отбасының психологиялық механизмін ашумен байланысты болды. Кейінірек бұл механизмдер барлық топтардағы тұлғааралық қатынастарды интерпретациялаудың негізіне алынды. Арнайы түсінікті отбасылық байланыстар бірдей дәрежеде топтық қатынастың прототипі бола алады. Күшті көшбасшының әсер етуін топ мүшелері гипноздалған индивидке ұқсатады, яғни соңғысы гипнозшының пайдасы үшін шешілетін тәуелсіздіктен бас тартады, яғни

интервалданған ата-ананың бейнесінен бас тартып, оны лидерге береді.

Келесі кезекте біз тұлғааралық қажеттіктерге қатысты көшбасшының функциясына тоқталамыз.

Жеткілікті қосылу. Топ өмір сүру үшін әрбір мүше оның тұтастығын сезіну керек, сондықтан да топ мүшесінің өмірбаянымен танысуға тілек туғызады.

Аса үлкен емес қосылу. Топ мүшелері бір-бірімен арақашықтық ұстап, өзінің индивидуалдығын (жеке даралығын) жоғалтпау керек.

Жеткілікті тексеру. Топ мүшелері басқаларға белгілі бір дәрежеде әсер ету керек, ол үшін командир сайланады, иерархиялық қатынас орнайды.

Аса күшті емес тексеру. Топта мінез-құлық паттернтер орнату керек, бір мүше басқаларды тексереді.

Жеткілікті сымды болу. Артық жақындасып кету топ үшін қажет емес. Конфликтіден тәуелсіз топқа қатысты лидер функциясы:

1. Мақсаттар мен құндылықтар иерархиясын түсіну және орнату, топ мүшелеріндегі бар әртүрлі когнитивті стильді анықтау және интеграциялау (біріктіру).
2. Топ мүшелерімен мүмкіндіктерді барынша кеңінен қолдану.
3. Американдық әлеуметтік психологтардың пікірі бойынша, лидер ұғымы функционалды, ал көшбасшылық сырқы стимулдар, реакциялар деп қарастырады, сондықтан да индивид бір жағдайда лидер болса, басқа бір жағдайда бола алмайды.
4. Көшбасшылық топ арқылы анықталады, топты зерттеу арқылы көшбасшылықтың сапасы анықталады. Бихевиористер көшбасшылыққа қатысты, топтағы көшбасшының функциясына байланысты индивид-лидер, индивид-топ мүшесі деп, олардың іс- әрекеттерін бөлді. Соңғы кезде көшбасшылықтың аперсоналды моделі жайлы тұжырымдамасы дами бастады. Ф. Фидлер көшбасшының тиімділіктің ықпалдылық моделі деген тұжырымдаманы жасады, яғни іс-әрекеттің тиімділігі жағдайға байланысты, көшбасшылықтың стиліне сәйкес келуі соған байланысты деп ұсынды [1].
5. Көшбасшының тиімділігі еркіндік дәрежесімен анықталады, соның арқасында лидер өзінің дәрежесін жүргізе алады. Ф.Фидлер көрсеткен өзгерістер топтағы лидерді жақсы сипаттайды, лидер мен топ арасындағы конфликтіні жақсы түсіндіреді.
6. Американдық зерттеулер формалды емес лидерді анықтайды, олар топ белсенділігіне әсер етеді. Американдық зерттеушілердің пікірінше, топ үлкен болған сайын өзара әсер еткіш лидерлер де көбейеді. Лидерді ұсыну, тарату берілген міндеттің қиындық дәрежесіне тура тәуелді болады. Формалды емес топтағы лидерді екі топқа бөледі: диктатор, топ агенті.
7. Қазіргі американдық психологияда көшбасшының классификациясын, оның негізін 1952 жылы Дель салған. Ол мына тип түрлеріне бөліп көрсетті: «патриархалды» (дәстүрлі, консервативті), «нанымға сенгіш», «қызықшыл», «топқа жақсы үлгі», «топқа жаман әсер етуші», «конформист» (бәріне көнгіш). Қазір формалды емес көшбасшының 14 функциясы бар. Олар негізгі және қосымша деп бөлінеді. Жоғарда келтірілген көптеген зерттеулерді негіздей отыра, кіші топтағы формалды емес көшбасшының функциясы мен ролдерін анықтадық. Кейде лидер ұғымы бедел ұғымымен теңеседі. Әрине бұл дұрыс емес, себебі, лидер топ үшін бедел болса да, кез келген бедел лидер мүмкіндігін аша алмайды. Лидер топтың

мүмкіндігін ұйымдастырады, мәселесін шешеді, ал, бедел мұндай функцияларды орындай алмайды. Ол тек идеал, үлгі бола алады. Сондықтан лидер феномені - бұл басқаша түсіндіруге болмайтын аса бөлек құбылыс [2].

Кейбір жағдайда көшбасшылықты ресми емес түрде қалыптасқан жетекші мен оған бағынушы арасындағы белгілі бір жетіспей жатқан жағдайларды толықтыру құралы деп те қарастырады. Лидерге бедел жетекші ұғымын сипаттау үшін, оның жеке бастық сапаларды белгілеу үшін керек.

Топтың әрбір мүшесі өзінің жеке бастық статустық іскерлік сапаларына сәйкес өзінің құқықтары мен міндеттерін орындайды және топты ұйымдастыру жөнінен белгілі бір орын алады [3].

Сонымен, көшбасшылық дегеніміз топтың белгілі бір мүшелерінің мінез-құлық психологиясының сипаттамасы. Лидер топты ұйымдастыруға және басшылық етуге сайланады немесе ұсынылады. Ол, әдетте, топтың іс-әрекеті жайлы, оның құрамы мен мүмкіндіктері жайлы хабардар болады. Ол топ мүшелерімен қатынаста өзін еркін, сенімді ұстайды. Бір адамның бір уақытта лидер және басшы болуы міндетті емес. Егер де бастық көбінесе сайланатын болса және оның мақтауға және жазалауға ресми құқығы болса, ал лидер кездейсоқ таңдалады. Ол топтан басқа ешқандай билік күшке ие болмайды. Оған ешқандай ресми міндеттер жүктелмейді. Егер лидер мен басшы өзара тату болса, онда топтық іс-әрекет үйлесімді, әрі тиімді жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Авекеев.Н.П. Психологический климат и коллективе 2010
2. Асеев.В.Г. Возрастная психология учебные пособие 2002
3. Асеев.В.Г. Мотивация психология и формирование личность 2005

МЕКТЕПТЕГІ МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

ӘОЖ 378.821

Жалғасбаева А. А., Назарова Н. М

Балалар қорқынышы - бала тәрбиесіндегі көптеп тараған мәселе. Балалар қорқынышы сан алуан түрлі. Кей балаларға түнгі қорқыныш тән, олар түнгі ұйқысынан шошынып, жылап оянып, анасын шақырып, үлкендердің бірге ұйықтағанын сұрайды. Басқалары бөлмеден жалғыз қалудан қашады, қараңғыдан қорқады, ата - анасыз баспалдаққа шығудан қорқады, кей кезде балалар ата - аналары үшін де қорқады, олардың анасына немесе әкесіне бірдене болуы мүмкін деген қорқынышпен мазаланады. Енді бір балалар сырғанақтан түсуден, бөгеттерден өтуге, бассейнде жүзуден бас тартады, иттен қашады, жалғыз оңашада қала алмайды және т.б. Осы себептердің барлығында қорқыныш туралы сөз етілуде.

Бала мектептік өмірдің жаңа сатысына қадам аттап жаңа қорқыныштармен соқтығысады.

1. «Мектептік фобия» термині балада мектепке бару алдында туындайтын қорқынышты білдіреді. Бірақ бұған жалғыз мектеп емес сонымен қатар үйден кету. 2. Көп ауырып ата - ана қамқорлығында көп болған баланың айырылысуы қиын. [1]

Кейде ата - аналардың өздері мектептен қорыққандықтан балаларына санасыз осы қорқынышты сендіреді, оқу басындағы проблемаларды айтып балалырының орнына есепті шығарып береді. Оларды тым артық бақылауда ұстайды.

Ереже бойынша өзіне сенімді сүйікті құрдастарымен болғысы келетін және оқудағы проблемаларды өз бетінше шешуге тырысатын белсенді балаларда мектепке бару алдындағы қорқынышты сезбейді. Басқа жағдай, егер бала анасына тым жақын болып құрдастарымен қатынаста керекті тәрбиені мектепке дейін жинап үлгермесе бұл балалар «ата - анасының үмітін ақтай алмаймын ба» деп қорқып мектепке бейімделмейді қиын болып мұғалім алдында қорқады.

Мектепке барғанда ол қателік ақымақтық жасау ұятқа қалу күлкіге қалу сияқты қорқыныш сұрақтары туады. Сұраққа үрейшіл балалар жауап беруге қорқады, әсіресе тақта алдында. Тақта олар үшін - өзіндік, жазалайтын орын. Бұл эмоционалды сезімтал, әлсіреген, жиі ауыратын, «км күшті» екені анықталып қойған сыныптарға жаңадан ауысқан балаларда көп болады. [2]

Үрейленудің үдемелі қарқындылығы бірінші сыныптан екінші он бірінші сыныпқа дейін екі есеге өседі. Бастауыш сыныпта үреуленуді баға жағы тексеру: тақтаға шығып айту, сынақ, көпшілік алдында сөйлеу туғызады.

Көбіне бала қысымын жеңілдететін жанұясы болып табылады. Отбасында бала жеке тұлға ретінде нақтыланады, өз уайымдарымен бөлісетін шеңбер табады, бір нәрсені бөлуді жөн көрмесе бөліспей қоя салады. Осы эмоционалды фундаментті бере алмаған отбасы қиыншылықтар алдында және әлемнің қайшылықтары алдында баланы қорғансыз қалдырады. Сонда ол жан сүйеніші мен басқа ересектер арасында іздей бастайды.

«Жанұя мен мектептің бірлігі» қағидасына қаншалықты абай болу қажеттігі осыдан түсінікті болып отыр. Жақсы мұғалімнің өзі де баланың жекелік ерекшелігін ескермей, қателесуі мүмкін осы кезде жанұя мен мектеп бір-бірінің әрекетін қайталамай жай ғана толықтырып отыруы қажет. Көбіне біріккен мектеп пен жанұя былай көрінеді, ата - аналар жақсы бала деп - жақсы оқитын үйдегілермен тату тұратын, үйге мақтау қағаздарын тағы басқа әкелетін үлгерімді бала деп таниды. Ал мұнда отбасы мен мектеп бірігіп балаға қарсы шығады. [3]

Жиі жақсы мұғалімді үрей бойын алған балалар болмайды, ол мектепке дейін қалыптасса да қорқыныш сезімі күшін жояды. Олар өзінің мақсаты деп балаға өзіне деген сенімділігін қайтару деп біледі.

Бірақ көп балалар басқа мектепке шартта жағдайда оқиды. Мектептік шақты олардың ескі отбасының қалыптасқан мәселелеріне қосымша тағы да жаңа одан да қиын проблемалар қосылады.

Оқушының эмоционалды проблемасына жауапкершіліктің бәрін мектепке жаба салу бұл әдепсіз болар еді. Мектепке бара жатқанда оқушы мәселесін үйде қалдырып, ал үйге бара жатқанда оқытушы талаптары мен конфликттерді гардиобында қалдырып ұмыта алмайды. Одан қалса өз «менін» қалыптастыруда бала бал ара сияқты өзі туралы ақпаратты отбасынан, мектептен, есік алдынан, секциядан жинайды. Үйдегі жылы қатынас мектептегі қақтығыстың орнын толықтырады. Және, керісінше тәрбиендегі кемшіліктер мықты мұғалім мен жақсы қатынастағы сыныптастары мен бітуі мүмкін.

Ата - ана баланың мектептегі сәтсіздіктерін жеке ұғынып түсінбей жатып жиі жағдайда баланы кіналайды. Бұл баланың өзін - өзі төмен бағалауға әкеледі.

Оқушы үшін түрлі жылдарда әртүрлі адамдардың қарым - қатынасы маңызды. Бастауыш метеп жасындағылар әсіресе бірінші сыныпта бірінші кезекте мұғалімге өте жақсы ұнауға тырысады. Егер де мұғалім нашар баға қоятын болса онда кіші мектеп оқушы пікір ол мені жақсы көрмейді.

Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейі екі ол үшін маңызды бірегейліктің бір кезеңде болуы: жанұя (оның талабына баяғыда үйренген) және мектеп талабы онша анық емес бірақ маңызды егер жанұя оларды «жарыққа шығарса» ал мектеп оларды өздері қандай болса сондай етіп қабылдаса онда эмоционалды проблемаларда туындамайды.

Бірақ барлық уақытта бұлай бола бермейді. Не ата - анасы баласын өздерінің жекелік жанұялық мәселесінен жандарынан сөз жүзінде айтқанымен іс жүзінде жібермейді. Не мектеп оқушыға жаңа өмірге бейімделуге көмектеспейді. Осыдан бастауыш мектеп оқушысында эмоциональді бұзылыстар пайда болуы мүмкін. Міне осы мектептік невроз. Ол іш ауруы қызыуы көтерілуі, бас ауруы; агрессия кезінде; немесе балалық депрессияда да - көңіл күйдің төмендеуі жасаураушлық өлім туралы олану кезінде көрініс табады.

Бәрнен бұрын құрдастарымен араласуда тәжірибесі аз балаларда әсерлі болады.

Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздануының жоғарылуының тағы бір маңызды себебі - олардың физиологиялық және интеллектуалдық дамуының жеткілікті деңгейде

болмауы. Мектепке қадам басу кезі жастың дағдарысымен сәйкес келеді, одан әр бала түрлі кез бен әртүрлі үйренулерді алып шығады. Біреу белсенді де тез түсінетін басқасы жай қозғалатын, үшіншісі ақымақ және ашуланшақ. Уақыт өте келе, балалар өздеріне деген сенімділікті жоғалтып алмаса, олардың қабілеттері біршама бірдей деңгейге жетеді. [4]

Кім үлгермесе тығырыққа тіреледі. Ал кім «өте жақсыға оқыса онда кездесетін бірінші сәтсіздіктен құлайтын» жұлдыз ауруына шалдығуы мүмкін.

Кейде балаға жоғары талап қоятын бастау ғана маңызды болып ал маңызы мен бағыты маңызды болмайды. Мысалыға ол үшін қандай баға алғаны бәрібір, тек анасын ренжітпеуге бола тырысып, бар үшін салып оқиды.

Басқа жағдайларда осы жоғырғы талаптар балаға сіңіп оның жеке өзінің талаптарына айналады. Бірақ оның санасында «қайшылықта комплекс» істей алмасамшы? және де «міндеттімін» деген қайшылықты комплекс пайда болады.

Осыдан «оқу бәрінен жоғары» принципті бойынша тәрбиеленген бала «4» алғанда қорқыныш жаулайды. «Мен - өте жақсы оқимын» бейнесі оның өзіндік сипаты болған соң, ата - анасының 3,4 қорқынышты баға емес сөзі оған көмектеспейді.

Баланы оның жетістіктері бойынша бағалау (мектепте, секцияларда) - оны ішкі конфликтке ұшырату деген сөз. Өйткені, қашан да болмасын баланың жанында одан да көп жетістікке жеткен адам табылады.

Мазасызданудан босану мүмкін егер ересектер түсінсе: кез-келген бала ол жақсы оқитын, белсенді немесе жай қимылдаса да - жақсы көрінушілік пен құрметке лайық; адамның құндылығы бағасы оның марапаттаулары оның басқа да сәттілік белгісіндегі шарттары емес, оның өзінде яғни адамгершілік қасиеттерінде.

Әлде де балаларының ашық түрде қадірін түсіріп ұратын отбасылар кездеседі. Мұндай жағдайдар көбінесе маскүнемдер үйінде болады. Мұндай ситуациялар қорқынышты бірақ мазасыз балалар мұндай отбасыдан шықпайды. Осы жанұядағы бала ашуланшақ немесе эмоционалды түрде ересектердің жанынан алшақтап достық пен эмоционалды жақындықты сырттан іздейді. Егер тапса оның жақсы дамуына барлық жағдай бар.

Балалық мазасызданудың тамыры - баланың қызығушылықтарын қанағаттандырудан емес ол тұрақсыз сенімсіз ал кейде жай адамша махамббат баланың ішкі қайшылығын тудырады. Ал басқаша қалай? - ол біресе жақын біресе алыс біресе бар шапағатқа бөленеді. Біресе неге екенін өзі де білмейді - жазаланады. Ұрейленудің мәні - бала жанының ішкі қара - қайшылығы. Бала кәдімгідей өзіндегі қарсы күштерді сезінеді. Оның біреуі ата - анасына тартады. Басқасы итермелейді алыстатады. Ол махаббатты мейірімді сезінеді (ең болмағанда оның белгісін көреді), бірақ сол мезетте қатар осы махаббатты жоғалтып алу қорқынышын да сезеді. Ол оның берік екеніне сенбейді. Мұндай қорқыныш кез-келген жазадан да қорқынышты. [5]

Бастауыш сынып оқушыларының қорқыныш және мазасызданумен қалай күресуге болады? Немесе, олардың мектептегі үлгеріміне әсерін барынша төмендетуге болады? ең бірінші оның негізінде астарында қандай психологиялық құбылыстар бар екенін анықтап, соған байланысты көмек берудің ең тиімді тәсілін таңдау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учебник для студентов вузов.- М.: Академический Проект, 2011.
2. Астапов В.М. Тревожность у детей.-М.,2011.
3. Бреслав Г.М. Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: Норма и отклонения.- М.: Педагогика, 2020г.
4. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте.- М.,2020.
5. Виллюнас В. К. Психология эмоциональных явлений. - М. : Изд-во МГУ, 2010г.

БАЛАБАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ ҮСТЕЛУСТІ ОЙЫНДАРЫ ТҮРІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

ӨОЖ 373.2.02

Досетова Ж.Н., Мусина К.Е.

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқуы мен тәрбиесін сапалы дәрежеге көтеру қазіргі Қазақстанның білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осы маңызды жұмысты іске асыру барысында ұлттық ойын түрлерін баланың ой-өрісін, танымдық қабілеттері мен денсаулығын дамытуда пайдалануды зерттеу маңызды болып табылады, себебі ұлттық ойындар баланың сүйіп ойнайтын және оның күш-жігерін жетілдіретін әсерімен ерекшеленеді.

Қазақ халқы ұлттық ойындар бала тәрбиесінде қолданылатын негізгі құрал деп бекерге айтпаған. Себебі, көнеден келе жатырған ұлттық ойындар ойнату арқылы балалардың дене қасиеттерін дамыту, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикаларын дамыту процесінде ерекше орын алады.

Халық педагогикасына тән мектепке дейінгі білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала - ойын. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары баланы іс-әрекетке, адамгершілік қасиеттерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар әкелуі жөніндегі өз ұрпақтарына қалдырған үлкен де бай мұрасы - ұлттық ойындар. Ежелден «Адам ақылымен сымбатты» деп санаған халқымыз тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген.[1]

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан ұлттық ойындар балатәрбиесінде негізгі екі жау апты қызмет атқарады: біріншіден, балалардың ой-өрісін дамытса, екіншіден ұлттық ойындарының мазмұны ұлттық әдет-ғұрпымызбен байланысып жатады.

Ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрын бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген.

Қазақтың белгілі ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырым даған.Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтымыздың өзі бала тәрбиесіне негізделген. Бесікке салудан бастап, баланы шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу рәсімі, атқа мінгізу, ұлттық ойындарға араластыру - баланы жастайынан шынықтыру, моральдық-рухани нығайту, темірдей тәртіпке үйрету, ерік- жігерді дамытуға тәрбиелейді. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады. .[2]

Қазіргі таңда күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, балалардың, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығы күннен күнге азайып бара жатқандай. Оған бірден-бір себеп заманауи технологиялардың дамуын жатқызуымызға болады.

Сондықтанда алдымен отбасында, содан кейін мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындардың маңызын балаларға ұғындыру отбасы мүшелерінің және педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да

лайықты етіп пайдалана білу.

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі мекемелерде көптеген жаңалықтар енгізіліп отыр. Балабақшада ұлттық нақыштағы тәрбиелік жұмыстар көптеп жүргізілуде. «Халық айтса, қалып айтпайды» демекші, тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған, яғни атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет- ғұрыптарымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеу балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсат-міндеттері:

\ ақыл-ойды кенейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді \ у танытып, сезімді кеңейтеді

**\ ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны
J жетілдіреді**

J ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі

ұлғғық, эстетикалық тәрбие беру құралы

еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді

дене күшінің жетілуіне көмектеседі

Ойын мектеп жасына дейінгі баланың басты әрекеті. Оны тәрбиеші балабақшаның күн тәртібіне сай кез келген уақытта тиімді пайдалануға болады. Балабақшада ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, дамиды. Ойын барысында бала мінез-құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым- қатынасын шығармашылықпен игереді.

логикалық, үстел үсті, сюжеттік ойын түрлері арқылы өткізуге болады. Соның ішінде балабақшада баланың танымдық үрдісін, тілін дамытуда үстел үсті ойындарының маңызы зор. Үстел үсті ойындары - балалардың қимыл белсенділігін, ептіліктерін дамытады, өзара бірлесіп ойнау қабілеттерін жетілдіріп, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Жалпы *үстел үсті ойындары* - мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте қызықты. Бұл ойын кезінде балаларды жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарға тарту арқылы олардың

қарым-қатынасын нығайта түсеміз. Себебі кішкентай балалар өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ олар әрдайым біреумен немесе бір жерде өзара әрекеттестікте болғанды ұнатады. Үстел үсті ойындары түрі бойынша олар әр түрлі болып келеді. Оларды қолдануда шешілетін тапсырмалар да сан қилылығымен балаларды қызықтырады. Баланың қол моторикасын дамытып қана қоймай, ақыл-ой қабілетін, логикалық ойлау қабілетін ұшқырлауға септігін тигізеді. Сөздік қарым-қатынасы өрбиді. Достық, ұжымшылдыққа тәрбиеленеді.

«Мәңгілік Ел» идеясында осымен байланысты заманауи ұлттық идеямызды балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерден бастап үйретуге күш салуымыз қажет. Оған дәлел ретінде ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі күнделікті іс- әрекет барысында, тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып, ұлттық ойындарымызға жаңа мазмұн беріп, заман талабына сай заманауи үлгіде, бала қауіпсіздігін ескере отырып, түрлі материалдарды пайдаланып дайындап, қолдануымыз керек [3].

Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында, қазіргі ұрпақтың сындарлы ойлауға, креативтілікпен командада жұмыстануға қызығатынын ескере отырып қазақ халқының ұлттық ойындарын заманауи үлгіде үстел үсті ойындары ретінде пайдалануға болады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық нақыштағы үстел үсті ойындарын қолдануда балалардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығы, мүмкіндіктерін ескере отырып дайындап, балаларға үйретеміз. Әр ойын кезінде балалардың қабілеттері мен қарқынын ескере отырып жұптастырып, 4-5 баладан топтарға бөліп немесе жеке балаларға дайындалған ойындар өткіземіз. Бұл ойын түрлері тәрбиешінің нұсқауымен түсіндіріліп, балаларға қолдау көрсетіле отырып ойналады. [4]

Ұлттық нақыштағы үстел үсті ойындары:

Үстел үсті ойыны: «Асықтарды түсіне қарай топтастыр»

Мақсаты: Түстерді ажырата отырып, асықтарды топтастыруға үйренеді. Ойлау, есте сақтау қабілеттері артады. Жұптық жұмыс жасауға дағдыланады. Достық қарым-қатынастары артады.

Шарты: Екі бала жұптасып отырып 6 ұяшықты үш үштен бөліп алып, өз түстеріне сай асықтармен толтырады. Жұбы қателесіп кетсе қолдау көрсетіп, қателікті түзеуге мүмкіндік береді. Ұяшықты ауыстырып екінші рет тағы да ойнауға болады.

Үстел үсті ойыны: «Тышқан мен мысық»

Мақсаты: Балалардың кеңістікте, берілген белгі бойынша жылдам қимылдау, ептілік, батылдық қабілеттерін дамыту

Шарты: Ойынға 7 мысық, 6-ы тышқан. 1-бейнеленген ойналатынын.

бала шығады. Оның 1-уі ден 6-ға дейінгі түстер сүйекшенің көмегімен Ойынжүргізуші

сүйекшені лақтырғанда қай түс түссе, сол түстегі тышқан мысықтан қашу керек. Мысық тышқанды ұстаған жағдайда айыбына өнер көрсетеді. Ойын жалғаса береді.

Үстел үсті ойыны: «Қыз қуу»

Мақсаты: «Қыз қуу» ұлттық ойынына қызығушылықтарын арттыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.

Шарты: Ойынға 2 бала шығады. 1-ден 5-ке дейінгі сандар бейнеленген сүйекшенің көмегімен ойналатын ойын, ойынды қыз бала бастайды. Сүйекшені лақтырғанда қай сан түссе, сонша қадам жүреді. Бала қызға қуып жетсе, керісінше қыз бала ұл баланы қуады. Ойын жалғаса береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2012.
2. Мұқанова Б, Ильясова Р. Этнопедагогика. Астана, 2008.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 604 бұйрық, 2018 жыл
4. «Қазақ ұлттық ойындары - тәрбие көзі» әдістемелік нұсқаулық: Астана, 2011

АРТТЕРАПИЯ - ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ

ӨОЖ 364.4

Жайлыбай Р. Т., Байдуллина Н. Б.

Алғаш арттерапияны оқу, талдау, қолдану XX ғасырдың 20-шы жылдарында Принцхорнның, Германия, Австрия, Швейцария, Жапония ауруханаларында жан ауруына ұшырағандардың творчестволық жұмыстарына анализ жасауға негізделген фундаментальды жұмыстарынан басталады (Prinzhorn, H., 1922). Кейін келе Крепелин, Блейлер, Бумке, Кречмер сияқты атақты психиатрлар психикалық ауруға ұшырағандардың творчестволық еңбектеріне талдау жасай бастады. 1926 жылы Ресейде осы тақырыпқа орай Карповтың кітабы, алғаш монографиясы шықты, ол “Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер әсері”- деп аталды. Карпов сурет салудың емдік әсері бар екендігін көргендердің алғашқыларының бірі болды.

Бейнелеу өнерінің көмегімен терапия жүргізудің теоритикалық негізі - Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық көзқарасынан шығады, бірақ Фрейдтің өзі арттерапияның психотерапиялық мүмкіндіктеріне қызығып, айналыспаған; Юнгтың аналитикалық психологиясынан, ол өзінің суреттерін жеке және әмбебап символдардың идеясын нақтылауға қолданған. Сонымен қатар, Наумбургтың терапиялық көмек көрсетуде өзін-өзі графикалық бейнелеудің динамикалық теориясынан, оны АҚШ-та арттерапияның пионері деп санайды.

Кейін келе арттерапияның дамуына гуманистік бағыттағы психотерапевтердің үлестері де тиді.

“Арттерапия”- термині (*art — өнер, arttherapy — өнер арқылы терапия жүргізу*) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия - ауру адамның психоэмоционалды халіне творчество арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді.[1] Арттерапия өнерге негізделген, бірінші орында творчество мен өзіндік өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі, формасы.

Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Бірақ көптеген мамандар мұндай анықтамаларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде кей кездерде “Изотерапия” және “Сурет терапиясы” термині қолданылады, бірақ олар, ағылшын тілді аналогқа келіңкіремейді және мән мағынасын тарылтады. Тарихқа сүйенсек арттерапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевттердің көмекшісі болған, оларға пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен. Біртіндеп арттерапевттер ешкімге тәуелсіз маман статусын иемденген. 1969 жылы арттерапевт-практиктерді біріктірген американдық арттерапиялық ассоциация құрылды. Осы сияқты ассоциациялар кейіннен Англия, Голландия, Жапония және Ресейде құрылған. Онда арттерапевттер қазіргі уақыттағы психотерапияның процестері мен жекеліктерін зерттеуге өз үлестерін қосуда. Қазіргі уақытта психотерапияда осындай күшті эмоционалды фактор, яғни өнер мен творчествоны қолдану қажеттілігі көрініп отыр. “Арттерапия - біздің ғасырымыздың жемісі”, - деген тұжырымдар өте дұрыс қабылданған қорытынды.[2]

Арттерапияны жүргізу барысында клиенттерге бейнелеу өнері мен шығармашылық сипатынан әр түрлі жұмыстар (сурет, графика, кескіндеме, сәулет өнері, мүсін, дизайн, әрлендіру, пластика, ойма, күйдірме, бедер салу, батын, гоболен, эшекей т.б.) ұсынылады. Бұлар бірінші жағынан психотерапевтпен қарым-қатынас жасау белсенділігін және топта өзінің уайым-қайғысын толық әрі нақты бейнелеуін, проблема, ішкі қайшылықтарын шығаруын көрсетеді. Ал, екінші жағынан, өзін творчестволық адам ретінде бейнелейді. Дәл қазіргі уақытта арттерапияға - видео-арт, инсталляция, перформанс, компьютерлік творчество деген творчествоның түрлері қосылған. Мұндағы қарым-қатынаста визуальды канал негізгі роль атқарады.

Арттерапия фактілі материалдардың жеткіліктілігіне қарамастан, теориялық жағынан эмпирикалық қорытындылау сатысында тұр. Арттерапияның емдік қасиеті туралы жалпы қабылдаған теория әлі жоқ. Ол арттерапияға қатысты көпфакторлы қиындықтар мен оны салыстырмалы түрде ғылыми тұрғыда зерттеудің аз уақыттылығына және алғышарттарына байланысты.

Кратохвиларттерапияны - сублимационды, проективті және әрекетшіл деп бөледі.

Ал Дельфина - Бейлиарт терапияны қолдануда 4 негізі бағытты бөліп көрсетеді.

1. **Пассивті (енжар) арттерапия.** Дайын өнер туындыларын пациентпен анализ және интерпретация жасау арқылы емдік әсерге қолдану.
2. **Актив (белсенді) арттерапия.** Пациентте өзіндік шығармашылығын ояту, мұнда шығармашылықтық акт негізі емдік фактор болып саналады.
3. **Бірінші және екінші қағидаларды бір мезгілде қолдану.**
4. **Психотерапевттің өзіндік ролін,** оның пациентпен шығармашылық жұмысын оқудағы қарым-қатынасын акценттеуі. [3]

Арттерапия әдісі - адамның ішкі өзіндік “Менің” сурет салуда, өлең жазғанда, скульптура жасағанда, ойланбай істесе де көрсетіп отырады деп сенімді тұжырымдайды.

Әлемдік әдебиеттерде арттерапияның емдік әсеріне әртүрлі көзқарастар бар. Олар, креативті, сублимативті, проективті және арттерапиямен бос болмаушылық ретінде (арттерапия как занятость).

Креативті көрініс жағынан психикаға арттерапияның адаптациялық әсерін шығармашылықпен байланыстырып, түсінуге болады. Бірінші орында терапиялық әсері бар адамның өнерге деген сенімі қойылады және өзіндік терапиялық әсерді иемденген латентті творчестволық күштің мобилизациясы. Бұл көріністердің теориялық негізі - адамда алғаш кезден-ақ оның мінез-құлқын анықтайтын рухани және альтруистік қажеттілік болады деп жеке адамды психологиялық құрылым ретінде қарастырған гуманистік бағыт болып саналады.

Арттерапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің творчестволық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл- күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке творчестволық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді.

Гольдштейннің көзқарасы бойынша, творчество - адамның конфликтілі жағдайларда туындаған қорқыныш сезімдерінен құтылудың бірден-бір жолы. Шығармашыл адамдар өз күш жігерлерін ішкі және сыртқы қайшылықтарды, соныменқатар конфликтілерді жеңуге жұмсайды.

Жоғарыда айтылған көзқарастар бойынша шығармашылық тек әсер етуші процесс болып қаралмайды, олар оның эстетикалық жағын бөліп көрсетеді. Өнердің интегралдау ролінің қорытындысы творчестволық процесс неврозға әкелетін қысымды төмендетеді және ішкі қайшылықтарды объективтендіретінінен көрінеді.

Анастаси, Фоли, Конова өнердің интегративті - креативті мүмкіндіктерін психологиялық бейберекеттік дезинтеграцияға күрес жүргізу мүмкіндігі ретінде қолданады.

Арттерапияның емдік әсерінің басқа механизмі - сублимация және жауап берушілік болып табылады. Адамның инстинкті импульсі визуальды көркемөнер - образды бейнелеулерге ауысқанда, көркемөнер сублимациясы пайда болады. Бұл концепцияның өкілдерінің пайымдауынша, шығармашылық сублимацияның бір формасы ретінде ұғынуға, көрсетуге, шығармашылық арқылы айтып беруге және инстинкті импульстері арқылы жауап беруге (сексуальды, агрессивті) және эмоциялық жағдайын бейнелеуге (депрессия, уайым- қайғы, қорқыныш сезімі, қанағаттанбаушылық, ашу-ыза, тұнжыраушылық, т.б.) көмек береді. Әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерде жоғарыда айтылған сезімдердің көрініп қалуы мүмкін деген уайымдардың қауіптілігін төмендетеді.

Творчество арқылы адамның өзін - өзі максимальды түрде көрсетуі, әңгіме немесе хат жүзіндегі тексеруге қарағанда өзін анық бейнелеуге және психотерапевтке өзін санасыз түрде ашып беруге көп ықпалын тигізеді.

Арттерапиямен бос болмаушылық (занятость арттерапией) творчествода сауықтырушы процесс ретінде әсер етеді. Творчествоны қарапайым нұсқау түрінде қарастырсақ, ол клиентті жанға батарлық уайым-қайғыларынан арылтады және алдандырады.

Арттерапиямен бос болмаушылықта топтық характерге маңызды мән беріледі. Мұнда клиенттер топтағы өз орнын бағалап, өзінің алатын ролін мойындап, творчестволық қабілетін және өзін айқын бейнелеудегі міндеттілігін түсінеді. Сонымен қатар арттерапия- босболмаушылықтың эмоциональды әрі қызықты формасы болып табылады және ол клиенттердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуіне қосымша мүмкіндік береді. Бірлесе жүргізген творчестволық іс-әрекет клиентке өзге адамдардың жан - дүниесін түсіне білуге көмектеседі, ал ол әлеуметке бейімделушіліктің қиын жақтарын жеңілдетеді. [4]

Арттерапиямен кімдер айналысады?

Арттерапиямен психологиялық қиындықтарды (музыка, живопись, сурет салу, жабыстыру, театрлық драма) творчествоның көптеген түрлерімен жеңілдете, шеше білетін адамдар айналысады.

Арттерапевт қалай жұмыс жүргізеді?

- Арттерапевт топпен болсын немесе жеке дара болсын жұмыс жүргізгенде өзін-өзі силау, өзін-өзі түсіну сезімдерінің даму деңгейін зерттеу мақсатында ешқандай зиянсыз және мәжбүрлеусіз жағдай туғызады.
- Білім-дағдылары мен танымдық процестерді дамыту мақсатында сабақтар, жаттығулар ұйымдастырады.

- Өзіндік құндылықтарын сезіну үшін, қарым-қатынасқа түсіп әлеуметтендіру мақсатында өзін-өзі көрсете білуге жағдай жасайды.
- Ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтарды жеңу үшін, өзіне немесе өзге адамдарға деген қатынасын өзгерту мақсатында ішкі творчестволық қабілеттіліктеріне үңілуге мүмкіндік береді.
- Жеке творчестволық диапазонын кеңейтуге септігін тигізетін, өзін-өзі зерттеу мен өзін-өзі танып-білуге жағдай жасайды.

Арттерапия зерттейді:

- Эмоционалды хал-жағдайды.
- Физикалық денсаулықты.
- Әлеуметке бейімделушілікті.
- Оқыту процесіндегі танымдық мүмкіндіктерді.
- Бірлесе жүзеге асыратын творчестволық қабілеттілікті.

Арттерапияның толық мәнінде проективті суреттер арттерапияға жатпайды, өйткені мұнда эстетикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатталмаған.

Кратохвил проективті арттерапияны клиенттердің хал-ахуалын толық көрсетуге жеңілдік көрсететін қосымша әдіс деп түсіндіреді. Проективті арттерапияның өтілу барысында қарым-қатынас, сезім демонстрациялары стимулдануы қажет және клиент сол сезімдерді түсініп, оны өзінің басынан өткеруі қажет. Проективті суретте психотерапевт клиентке проективті характердегі сюжетті ұсынады және содан кейін суретті талдап, интерпретация жүргізеді. Арттерапияны жүргізу кең көлемді, яғни ол “Белгілі бір мөлшерде” қолданылады. Оны индивидтің жеке жасырын уайымдарына байланысты анықтап алады. өнер мен шығармашылықтың көп жоспарлы әсері, оны жасы әртүрлі диагностикалық өлшемдері кең көлемді клиенттерге қолдануға мүмкіндік береді. Арттерапияға дайындар алдында клиенттің клиникалық көрінісі, уайым-қайғысы мен эмоциональдық сферасына қоса, оның ауырып отырған кездегі өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылығы және көзқарасына, дайындығына, ақыл-ойына, сонымен қатар т.б. факторларға көңіл бөлу қажет. [5]

Арттерапияны психомоторлы қозу мен агрессивті тенденцияларды басу жолында қолданады: ол адамды алдандыру функциясымен босболмаушылық; контактіге түсуді жеңілдету мен жасырын уайымдарын шығару; босаңсуға көмектеседі. Босаңсу творчестволық белсенділік кезінде әртүрлі қысымдарды төмендетуге жұмсалған энергияны шығарғаннан кейін көрінеді.

Кейбір авторлар арттерапияны профилактикалық қажеттілік ретінде, яғни өзіндік эмоциональды дискомфортты әңгімелеу үшін қолданады. Клумбиес ұйқының бұзылуында еркін сурет салумен айналысуға кеңес береді, ал Порембески - Грау красками сурет салу және ойындарды психопрофилактикалық әдіс ретінде қолданды. Мұндай ойындар стресстік жағдайды азайтады және өзіндік қабілеттеріне күмәндануынан айырады, өзінің бағалы екенін сезіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Практикум по арт-терапии/ Под ред. А.И.Копытина. - СПб: Питер, 2020.
2. Рудестам Н. Групповая психотерапия. Психокоррекционные группы: теория и практика. - М.: Прогресс, 2012.
3. Гнездилов А.В. Авторская сказкотерапия. Дым старинного камина (сказки доктора Балу). - СПб.: Речь, 2003.
4. Баркер Ф. Использование метафор в психотерапии. Эффективное использование метафор и анекдотов в психотерапии. Воронеж, 2006
5. Богоявленская Д.Б. О предмете исследования творческих способностей.// Психологический журнал, 2005. - Т. 16.- № 5

Кеңестік одақ жеке басқа табынушылықтан арылып, жылымық дәуірді бастан кешкен кезде жазықсыз құрбан болған бір шоғыр қазақ қаламгерлері де ақталғаны белгілі. Осы кезде ескере кететін бір нәрсе бұлардың шығармасын бағалауда әдебиет зерттеушілерге кеңестік идеология шектеу қойып, ойдың өрісін жаздырмады. Шығармалардың өзі қайта електен өтіп текстологиялық түзетулер жасалды. Бірақ сол кездегі жарияланған мақалалар мен зерттеу еңбектерден байқалатын бір жайт ақталған үш арысымыз Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың поэзиясы, прозасы, драмасы қауырт зерттеле бастады. Бүгінгі таңда сол пікірлерге социалистік реализм мұнарасынан қарап айтылған пікірлер деп сынаушыларда бар. Бұл біржақтылық сияқты, ойланатын нәрсе. Өткен ғасырдағы елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында көрінген зерттеу еңбектердің құндылығы жеке қаламгердің өзіндік ерекшелігін ашуға ұмтылушылық.

Бұл салада өнімді еңбек еткен Қ.Жұмалиев “Стиль - өнер ерекшелігі” еңбегінде С.Сейфуллин поэзиясындағы ерекшелік ойдың мығымдылығынан көрінеді десе, бұл Майлинде нәзік юмор арқылы байқалатындығын, ал І. Жансүгіровте нақышты сөз көркемдік компоненттердің молдығында деп санайды. Біз мұны ғалымның халқы сүйіп, құлагер ақын атаған І. Жансүгіров поэзиясына қатысты айтылған пікірлерінен көре аламыз.

Академик Қажым Жұмалиев Ілияс шығармашылығы туралы ақын ұсталып, халық жауы атанған 1937-жылға дейін де талай пікірлер білдірілгендігін, дейтұрғанмен шығармаларының мазмұны мен көркемдік қуаты жөнінде 1958 жылдан бері қарай жан-жақты зерттеле бастағандығына тоқталады.

Негізгі пікірлердің дені 1958 жылдан басталуын зерттеуші мына себептермен түсіндіреді. Бірінші - 20 жылдан астам баспа жүзін көрмеген ақын творчествосы мен оқушылар жұртшылығын таныстыру. Екінші - ақынның көзқарастары социалистік өмір шындығынан ауытқымайтындығы және оның еңбектерінің негізгі нысаны халық тілегі, жұрт мүддесі екендігін аңғарту. Үшінші - ірі талант, шын мәніндегі кестелі сөздің шебері екендігін жалпақ елге таныту, сонымен қатар І. Жансүгіров қалдырған әдеби мұралардың идеялық - мазмұны мен эстетикалық жақтарын дұрыс ұғынып, дәл түсінуге бағыт сілтеу.

Ғалым І.Жансүгіров шығармашылығы туралы айтылған пікірлермен өз ойын сабақтастыра отырып, оны әдебиеттің барлық жанрында қалам тартқан лирик, эпик, драматург, әрі сатирик деп таниды.

І.Жансүгіровтің ақындық қырын ашатын терең зерттеулер мен арнаулы монографиялық еңбектер ол кезде болмағандығына тоқталған ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымында ақынның шығармашылығы туралы жазылған мақала, очерктердің ішінде салмақтысы деп, сол кездегі филология ғылымдарының кандидаты М.Қаратаевтың “Ілияс Жансүгіров” атты очеркін көрсетеді. «Негізінен алғанда Қаратаев жолдастың қорытындысы дұрыс. Әсіресе, Ілиястың ақындық таланты жөніндегі топшылаулары жалпылап айтылса да шындыққа дәл. Бірақ, осы мақаланы түгелдей алғанда көзге түсетін бір жайт, Ілиястың өзіне тән ерекшелігінен гөрі де, жалпы қазақ совет әдебиетіне ортақ мәселелер ақынға таңылып, осы жағы баса айтылуы. Мысалы, Ілияс шығармасының халықтығы, партиялығы, поэзиясының заман құбылысын қамтуы оның басқалардан айырмашылығы емес, бірлігі. Бұл формулаларды Сәкенге де, Сәбитке де қолдануға болады. Сондықтан біз бұл мақаламызда Ілиястың өзіне тән творчестволық ерекшеліктеріне, яғни бұрынғы авторларда аз айтылған, не айтылмаған мәселелерге көбірек тоқталмақпыз» - деп зерттеу жұмысының бағыт-бағдарын ашып көрсетумен қатар жеке шығармашылық адамының стильдік ерекшелігін ашып көрсетуде ескерілуі тиіс тұстарды нақтылап өтеді [1, 52 б.].

Қ.Жұмалиев белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын сөз еткенде, оның әдебиеттегі орнын айқындағанда сөздің түйіні, қаламгер шығармаларында әлеуметтік маңызға ие нендей мәселелерді көтергендігімен және әдебиетке енгізген (тақырып, идея, метод,

жанр, стиль, композиция, тіл, өлең құрылысы) т.б. теориялық жаңалықтарымен өлшенеді деп санайды.

І.Жансүгіров шығармашылығына осы тұрғыдан келген ғалым, ақынның өзіне тән ерекшелігі деп «жаңа заманның жаңа тынысын» жаңа мақаммен, өткен заманның тарихи тақырыптарын уақытқа лайықтап жігін жатқыза «жаңаша» жырлауы дей келіп, осы жаңашылдықтар жаңа тақырыпқа, өлең құрылысына (ырғақ, ұйқас, метод, образ) т.б. ұласқандығын сөз мәнерін талдауда таратып ашып бере алғандығын байқаймыз.

І.Жансүгіровтің поэзияда өзіндік үнін, сөз саптауын қалыптастырып үлгергенше өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілеріне, Абайға еліктеп бірлі-жарлы өлеңдер жазғандығын автордың шығармасын терең зерттеген ғалым нақты мысалдар арқылы аша келіп, ақынның көп жылғы тәжірибесінің толықсып, көлемді дүниеде көрінуі 1929 жылы жазылған «Гималай» поэмасы деп таниды. Сонымен қатар, І.Жансүгіровтің өлең жазуда кәсіби деңгейге көтеріліп, өзіне тән стильдік ерекшелігінің қалыптасу уақыты «Гималай» мен «Құлагердің» аралығы екендігін ғылыми тұрғыда негіздей біледі.

І.Жансүгіровтің қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесі «Гималай» поэмасының мазмұны мен құрылысына қатысты ғалым пікірі ақынның қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесін танып- білуде құнды: «Гималай» аралас ұйқасты өлеңдердің тобына жатады. Бұл өлеңде ақын ерікті ұйқаспен қара өлең ұйқасын қиюластырып, мағыналы аяқталған бір ойды білдіретін өлең шумағын жасаған» [1, 57 б.].

Мысалы:

Ақшалап басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Апасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Өлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

Қ.Жұмалиев поэмадағы терең мазмұн мен бөлек көркем түрдің тууын үлкен идеяның ақындық қуатпен қабысуы екендігін аңғартады. Сонымен қатар, І.Жансүгіровтің бұл поэмасы 7-8 буындық жыраулық үлгіде жазылып, адамзат баласының рухын көтеретін деңгейге жете білуі “Гималайдың” ұлттық тілдің мүмкіндігін көрсетер көрнекті үлгісі деп қарайды.

І.Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеу барысында ақынның өсу жолын бірден-бір тап басып көрсете білген Қ. Жұмалиев “Гималайдан” кейінгі шығармашылық жетістігі қазақ халқының екі ғасырлық жүріп өткен жолынан сыр шертетін эпикалық “Дала” поэмасынан көрінетіндігіне тоқтала келіп, мұны идеялық - көркемдігімен де, құрылысы жағынан да елеулі жаңалық әкелген шығарма деп біледі.

Бұл тақырыпты ақындарымыз талай жырлағандығын, автордың өзі поэмаға дейін жақсылы-жаманды бірнеше өлеңдер жазып, «Дала» поэмасына тастүйін дайындықпен келгендігін айта келіп, Ілияс «Даласы» бұрынғы поэма деп аталатын ұзақ өлеңдерден айырмасы - схематизмнен арылуы деп көрсетеді.

«Ілияс «Дала» поэмасының композициялық желісін халық өмірінің тарихы сүрлеуіне негіздеп құрды. Бұл жаңа әдіс емес, және талайды тақыршыққа отырғызған, сүрінткен әдіс болатын. Бірақ сол талайды сүрінткен әдіс қиялы ұшқыр, тілі орамды, талантты ақынды сүрінте алған жоқ.

Поэма адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетуге құрылмаса да, ескі заман, өткен кездердегі ел басында болған ауыр күн, ащы тұрмыстардың картиналарын көзге толық елестете алады» [1, 59-60 б.].

Поэманың композициясындағы негізгі әдістердің бірі - шендестіру екендігін ашып бере білген теоретик ғалым, “Ақтабан”, “Құл көгені”, “Құрбандық” т. б. бөлімдердегі қилы заман,

қиын тұрмысты бейнелейтін эпизодтарды суреттеу құр әншейін шолып айту үшін емес, келесі “Октябрь”, “Теңдік”, “Қызыл жұлдыз” сияқты эпизодтардағы суреттеулерге қарама- қарсы қойып, кешегі мен бүгінгі өмірді оқырмандардың өздері безбендеп, қорытынды шығаруын көздеушілік деген ұсынақты пікір айтады.

“Дала” поэмасының және бір жаңалығы өлең құрылысында. Дәлірек айтқанда, шумағы мен ұйқасында. Бұл әр тармағы 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ.

Алатаудың ақ сүті - а

Асқар иген, құм сүйген - б

Боз даланың қос құты: - а

Сыр менен Шу екі ене - в

Екі өзеңнен шықты шаң - г

Екі енені шапты жау...

Жуды жауды, қанды қан... - г

Батыр шықты “жекеге” - в

Бұл ерікті, не кезекті, не шұбыртпалы ұйқастардың түрімен келетін “жыр ағымы” - 7 буынды өлең емес, белгілі бір тәртіпке негізделген, жаңа ұйқасты шумағы, поэманың басындағы “Арнау” мен ең аяғандағы “Той бастаудан” басқа бөлімдерінде берік сақталынады.

Бұл поэзиямызда бұрын болмаған жеті буынды өлеңнің жаңа бір түрі” - дейді [1, 61 б.].

“Дала” поэмасының жанрлық сипатына қатысты әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Әуезов, М.Қаратаев, М.Дүйсенов, Т.Нұртазин, Н.Смирнова, М.Сильченко, З.Кедрина, Ә.Дайырова, Ә.Нарымбетов т.б. әр түрлі пікірлер айтқаны белгілі. Бірі лирикалық - философиялық, екіншісі, тарихи - философиялық поэма, үшіншісі, сюжетті - тарихи поэма, лирико - публицистикалық поема т. б. дейді. Шындап келгенде “Даланы” жанрлық сипаты жағынан бір түрге танып тастауға келмейді. Онда тарихтың да, философияның да, психологияның да жанрлық элементтері бар.

“Дала” тақырыбынан кейін І.Жансүгіровтің ақын жүрегінде муза отын маздатып, шабытының шарқайрағына айналып, қаламын ұштай, қиялын қалықтатқан және бір тақырып- қазақтың ән-күйі. Ақындық қуатымен тақырыпты жоғары деңгейге көтере білген І.Жансүгіров, өз биігінде өзі қалып қойған жоқ, әр кез тың ой, жаңа тақырыптармен жұртшылық назарын өзіне аудара білді.

“Жасынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінген Ілияс әдебиетке ән-күйдің құдыретті күшінің туын көтере шықты.

Адам баласы өмірінің тарихи тартысындағы ауыр халді де, аңсаған арман, көздеген мақсатты да, жан тербеткен сізімді де, ойды - өрлетер қуат-күшті де дыбыс, үн гармониясымен тыңдаушыларына жеткізетін музыкалық искусствоның тілің өзі жақсы ұғынып, оны сөз искусствосының пәрменімен оқушыларына жақсы ұғындыра білген біздің замандастарымыздың ішінде бірінші ақын - Ілияс екендігі талассыз” - деп бағалағаны белгілі Қ. Жұмалиевтің [1, 62-63 б.].

Ақын жүрегінің күмбірі сынды “Күйді” талдау барысында ғалым, поэманы сөз етуші сыншылар Молықпай шал мен Бозінгеннің айналасынан шыға алмай жүргендігін, түптеп келгенде айтылмақ идея ертегіден әлдеқайда тереңде жатқандығына тоқтала келіп, “Күй” поэмасы тікелей автордың дүние танымына қатыстылығын, яғни ескіден арылып, жаңа өмірге өз пікірін, өз сөзін айтатын ақын болып қалыптасқандығын паш еткен поэма деген қорытынды шығарады.

Ал поэмадағы “Бозінген” күйі мен орындаушы Молықпай заманға деген жаңаша түсінікті оқушыларына жеткізу үшін ғана қажет болғандығын ашып береді. Мысалы:

Мыңдаған оркестрді көрген топты,

Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.

Жуылған жүректен у сол күйменен

Аршыған көңілімді басқан топты...

... Арылып жастың албырт тентегінен,

Құтылып соқыр сордың жетегінен;
Қуарған, қаунбаған сорлы шалдың,
Енді қош айтысқан жер ертегімен.

Қ.Жұмалиев ақынның музыка тілін жанымен ұғатындығын “Күй”, “Күйші” поэмаларын оқығанда көруге болатындығын және жаратылысынан композиторлық қабілеті бар І.Жансүгіровтің күйдің туу процесін суреттеуі, күйші көңілінде болып жатқан әр алуан өзгерістерді тап басып айта білуі сөз жоқ осының әсері деп қарастырады.

Зерттеуші поэмадағы ішкі монологтар арқылы күйші сезіміндегі аласапыранды оқушылар жанымен сезінгендей күйге енетін тұс деп, ақынның мына бір суреттеулерін береді.

Қияндап кетті мініп қиялына,
Ондайда қиял бойын жияды ма?
Ұмытып қайда екенін, кім екенін,
Быж-тыж боп отыр сорлы қыз алдында.

Әлде қыз, әлде түлкі кім алдымда?
Үстіне, не боп кеттім, құлармын ба?
Әлде өңім, әлде түсім, қайда кеттім,
Апырм-ау, бар ма, жоқ па көз орнында?

Ғалым осы шумақ жолдарына және жалпы І.Жансүгіровтің даралық стиліне қатысты: “Ілиястың “Күйшісі” эпика-романтикалық поэмалардың түріне жатса да, поэмада адамның психологиясын суреттеуге көп орын беріледі.

Әр жағдаймен байланысты адамның ішкі сезім дүниесіндегі өзгеріс, құбылыстарды ақын-жазушылар кейде параллелизм, кейде арнаулы монологтар кейде лирикалық шегініс, кейде пейзажды қатыстыра суреттеу арқылы беріледі. Бұл айтқандардың әртүрлілерінің де элементтері де Ілияс шығармаларынан табылады. Әйтсе де, оның поэзиясына қаһармандардың басында болған қал жағдайларды кейде тікелей суреттеу, кейде олардың ойын, ішкі сезімін арнаулы монолог арқылы беру әдістері тән” - деп ақынның поэзиядағы жеке-дара ерекшеліктері неден көрінеді мәселесін нақтылай түседі [1, 67-68 б.].

Ғалым І.Жансүгіровтің аталмыш поэмаларына дейін адам психологиясын сан алуан жағынан алып суреттеуде қазақ кеңес поэзиясы кемшін қалып келгендігі әдебиет зерттеушілерге мәлім екендігіне тоқтала келіп, ақын бұл олқылықтың орнын толтырып қана қойған жоқ, жетілген көрнекті үлгілерінде қалдыра білді дейді.

І.Жансүгіров поэзиясының ерекшелігі неден көрінеді деген сұраққа жауап іздеген ғалым, ақын өлеңдерінен бір аңғаратын нәрсе музыкалық жақтарының басымдылығы мен тың образ, сөйлем құрылыстарын қазақ өлеңіне алып келуі деп танығандығын байқаймыз.

“Негізінде поэзиялық шығармалардың музыкалығы дыбыс әуезділігіне (эвфонияға), оның заңды, табиғи қолданылуына байланысты. Сондықтан, дауысты, дауыссыз дыбыстарды аралас келтіріп белгілі мөлшерде қайталау барлық ақындарда кездеседі. Оның мөлшерін, шегін белгілейтін әр ақынның сезіну қабілеті. Табиғи заңдылықтан қылдай тайса, дыбыс қайталаушылыққа айналады да, өлеңнің әуезділігі, музыкалығынан еш нәрсе қалмайды. Оқырмандардың әдемілікті талғайтын сезіміне керісінше әсер етеді.

Әрине, дыбыс қайталаушылықтың да әр алуан түрі бар. Негізгі түрі дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталаудан құралады. Мұны әр ақынның да өлеңдерінен кездестіреміз. Біздің бұл жерде айтпағымыз ол емес, Ілияс өлеңдерінде кездесетін ішкі ұйқас (внутренняя рифма).

Ішкі ұйқасты бізде жалпы дамытқан, өлеңнің музыкалық жағын күшейтуде мәні зор екендігін аңғарып, оны өзінің әдемі өлең, шын мәніндегі искусстволық дәрежеге көтерілген поэмаларында шебер қолдана алған ақынның алғашқы өкілдерінің бірі де Ілияс болды. Оның “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмаларын оқығанда тіл бір мүдірмей есіліп отыратыны да, оқушының бойын билеп, иектеп әкетуінің де бір тамыры оның өлеңдерінің әрдайым толымды болып келетін ішкі ұйқасының күшінде жатыр” - деп санайды [2, 3 б.].

Өлеңдегі шумақ аяқталған бір ойды білдіретін тұтас өлеңнің бір бөлшегі деп таныған ғалым, сол бөлшектің жасалуы үшін ырғақ пен ұйқастың қажеттігін, онсыз өлең жасалмайтындығын айта келіп, орта ақындардың өлеңдеріндегі бір шумақтың төрт жолынан

дыбыс үндестігін керек ететін үш түрлі толық ұйқасты таба алмасақ, І. Жансүгіровтің бір жолының өзінде жалғаса келетін бірнеше ұйқас барлығын көрсетеді. Мысалы:

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,
Тамсандым, таңдайымның суын жұтып.
Толқытып, толықсытып, емірентіп,
Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынтық.

Қ.Жұмалиев “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмаларындағы ішкі ұйқастардың озық түрлеріне мына шумақтарды жатқызады.

Желдеткен, желде кеткен желмаясы,
Желге не? Алақандай жер аясы.
Ақырып Алатаудан өзен құлап,
Сыңқылдап самалданған сай, саласы.

(“Күй”)

Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,
Алыстап, шырқап сілтеп, әрі кетіп.
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.

(“Күйші”)

Аттанып, атандайын алшаңдатып,
Ақситып бір балуанды арсаңдатып,
Аруақтап жетелеген бір қараның
Ноқтасын сыпырды әкеп, талтаңдатып.

(“Құлагер”)

Бұл шумақтардағы анафора, ассонанс, аллитрация т. б. өлеңді айшықтай түскендігі өз алдына, ақынның айтпақ ойы мен ішкі ұйқастың қабысуы сөз жоқ І. Жансүгіров қаламы қарымын дәлелдейтін түс екендігін ерекше атап өтеді.

Ғалымның ақын шығармашылығын зерттеу барысында тағы да бір тоқталған қыры сөз образдарының оригиналдық жағы. Оригиналдық дегенде кез-келген творчество адамының ойына келе бермейтін, тек І.Жансүгіровке ғана тән дағдыдан тыс теңеу, метафора, т.б. Мұны мына шумақтан көре аламыз:

Қабакқа біткен қайыңның
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көзі еді. (“Сапты аяқ”)

Мұндағы көркемдік әдіске ғалым: “Біріншіден, аяқты аюдың өтіне теңеу, поэзияда бұрын болмаған, жаңа теңеу болса, екіншіден, тіпті ойға келмейтін нәрсеге теңеушіліктен оригиналдық, теңеп отырған затының өмір шындығында мейлінше мұқтаж, зәрулігінен сапты аяқты иемденушілерге өте қымбат саналатындық қасиеті әрі нәзік, әрі шебер түрде берілген” - дейді [1, 70 б.].

Академик Қ. Жұмалиевтің І.Жансүгіров поэзиясын зерделеу барысындағы ой- тұжырымдарын қорытындылай келіп айтарымыз ғалым ақынның қазақ әдебиетіне әкелген мынадай жаңалықтарын ашып көрсетті:

Бірінші - қазақ өлең құрылысын бұрын болмаған жаңа шумақ, жаңа ұйқастарымен байытты (“Дала” 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ).

Екінші - кейбір өмір құбылыстарын суреттеуде соны әдістер ұсынды.

Үшінші - тарихи тақырыптарды жаңаша көзқарас тұрғысынан қалай жырлаудың үлгісі боларлық жанрлық сипаты жетілген поэмалар берді.

Төртінші - поэзиямызда өрістей алмай келген психологиялық суреттеу әдісін дамытты.

Бесінші - ұлттық тілдің жаңа заманды жырлауда мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдерлік жаңа түрлер туғызды.

І.Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен азаматтық тұлғасы жөнінде кеңестік идеология еркін ойды қаншама тұсаулағанымен аға буын Қажым ағалар кейде ашық, кейде тұспалмен

біраз жәйтін басын ашып беріп кетті. Бүгінгі таңда қазақ мемлекеті егеменді ел болуына байланысты ілиястануда қайта жаңғыра бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. - Алматы: Жазушы, 1966. - 350 б.
2. Жұмалиев Қ. Замана жыршысы, күй жаршысы // Қазақ әдебиеті. - 1965. - 28 мамыр.
3. Мамыров А. Қажым Жұмалиев - эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші: филол. ғыл ... канд. дис. - Алматы, 2006. - 140 б.
4. Жұмалиев Қ. Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы сериясы. - Орал: Ағартушы, 2010. - 1-7 т.
5. Мамыров А. Қажым Жұмалиев - эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші. - Орал: М.Өтемісов ат. БҚМУ, 2012. - 160 б.
6. Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен. - Тараз: Қарахан, 2017. - 440 б.
7. А.И. Мамыров. Қажым Жұмалиев «Жайсандары қазақтың. - Тараз: Қарахан, 2019. - 348 бет

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: ТАРИХИ ҮДЕРІС ЖӘНЕ БҮГІНГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ӘОЖ 81.11

Тастемирова А.

Бүгінгі заманғы Европа ғалымдары өркениеттің мынадай 8 түрін атап көрсетеді: батыстық, исламдық, индуистік, конфуциандық, жапондық, православ-славяндық, латынамерикандық және африкандық. Көріп отырсыздар білсе де түркі өркениеті дегенді айтпайды. ХХІ ғасырға рухани азаттық алып, рухани жаңғыру үстінде отырғанда өз тарихымызды өзіміз жазып, көкейіміздегіні жарқырата айтып, түркі өркениетінің әлемдегі орнын нақтылау - басты міндет. Қазіргі таңда европалық ұлттарға ортақ Батыс өркениеті бар. Сол өркениеттің аясында өзіндік бет-бейнесін сақтаған неміс мәдениеті, ағылшын мәдениеті, француз мәдениеті қатар өмір сүріп жатыр. Ал тамырын тереңнен тартқан түркі өркениетінің құрамында да қазақ мәдениеті, татар мәдениеті, өзбек мәдениеті, қырғыз мәдениеті т.б. түркі халықтарының мәдениеті өмір сүріп жатқаны аян.

Қазақ мәдениетінің тарихын сөз еткенде біз осыдан 1500 жыл бұрынғы мәңгі тасқа жазылған Орхон-Енисей жазуларын мақтанышпен еске аламыз. Көне түркі сына жазу мәдениеті біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырларында қалыптасқан айырықша да бірегей дүниетанымдық құбылыс.

Байырғы түркі жазуларының аса ірі ескерткіштері көне түркі тайпаларының идеологиясын, саясатын, экономикасы мен мәдениетін зерттеудің аса маңызды құжаттары ғана емес, сонымен бірге түркі морфологиялық поэтикасы өзек болған аса көрнекті әдеби шығармалар болып табылады. Сына жазулы жәдігерліктердің тілі «көк түркілерінің» - қазіргі барлық түркі тілдес халықтардың баба буынының дүниетанымын бейнелейді. Көне түркі жазуы уақыт өте келе алғашқы мемлекеттің пайда болуы мен көшпелі мәдениет қалыптасуын білдіретін бірден-бір фактор. Байырғы түркілердің ұлылығы туралы этномәдени ақпарат, ұлттың тарихи жадын жинақтаған код ретінде қарастыру парыз. Осы кезеңдерде көшпелі қоғамда белгілі бір этикалық- эстетикалық құндылықтар да қалыптасты. Көшпелілер үшін үлкенге деген құрмет, ініге ізет, ата-ананы қадір тұту, ата-бабаның аңыздары мен өсиеті барлық сезімдерден маңыздырақ болды.

Сайын даланы мекендеген, тұлпар мініп, ту алған ата-бабамыздан қалған асыл мұра көне түркі жазуының жанрлық сипаты туралы ғылымда бірнеше пікір бар. Түркітанушы А.Щербак Орхон ескерткіштерін тарихи деректер жиынтығы деп қараса, И.В.Стеблева ақындық дәстүрдің ортасында туған тарихи ерлік поэма деп таниды[1]. Ал қазақ ғалымдары (Е.Жұбанов т.б) көне түркі жазба тілінің өзіндік белгілерін анықтай келіп мынадай тұжырымдарға келді: «1) бұл жазу әуел бастан-ақ ана тілінің топырағында туып қалыптасқан; 2) бұл жазу өзінің жанры мен стилі жағынан ешкімнің ықпалына түспей, басқа бір жазба мәдениеттің әсеріне ұрынбай, дербес өз жолымен қалыптасқан;

3) бұл жазба тілдің негізі ауызша қалыптасқан және ауызекі ақындық дәстүр ретінде өмір сүрген, сол замандағы түркі халықтарының сөз саптау машықтары негіз болып қаланған;

4) бұл жазба тіл өз заманындағы сөйлеу тілінің үлгісімен жасалған десе де болады. Бірақ бір айта кететін нәрсе: «жазу мен ауызекі көркем тілдің жақын болуы әдебиеттік-этникалық сапасы жағынан жазба тілдің деңгейі ауызекі ақындық тілдің үлгілерінен анағұрлым биік болғандығын жоққа шығара алмайды». Бұл тұжырым көне түркі тілінің бар сипатын, болмысын жан-жақты ашып береді. Профессор Е.Жұбановтың «Көне түркі тілі дегеніміз – қазіргі қазақ тілінің сонау VI-VIII және X-XII ғасырлардағы көрінісі, яғни қазіргі қазақ тілінің ең жақын моделі»¹⁸¹ деген пікірі де тіл тарихын даму жолын терең зерделеуден туған сарабал – ой[2].

Жазу адамзат өркениетіндегі ең ұлы жаңалықтардың бірі. Көне түркілер тарихын тасқа жазып, ұрпаққа аманттап кетті. Қазақстан Республикасы президенті Н.Назарбаевтың жақында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы зиялы қауым күтіп жүрген құнды мәселелерді күн тәртібіне шығарды. Мақалада жазу тарихына тоқтала келіп, «Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды», -деп [1] атап көрсетті. Ислам діні мен ғылымының өркендеуі араб жазуының енуіне себеп болды. Сол заманның ғұламалары өз тілдерімен қоса араб тілін жақсы меңгеріп, өз шығармаларын араб жазуымен жазуды үрдіске айналдырды. Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі араб әліпбиіне икемдеп қолданған Махмуд Қашқари болатын. **Й, ж, дж, ф, ғ, г, ң** дауыссыз дыбыстарын түркі тіліне тән дыбыстар деп айрықша атап көрсетеді. Осы араб әліпбиіне негізделген біртұтас түркі әдеби немесе жазба тілі қалыптасты. «Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді»[3]. Орта ғасырда түркі тілі Еуразия құрлығында ұлтаралық қатынас тілі болып, өркенін жайды.

Орта ғасыр жазба мұраларының дыбыс жүйесі араб әліпбиімен белгілі бір жүйеде таңбаланып отырған. Мәселен, Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында 9 дауысты дыбыс қолданылған: а, ә, е, о, ө, ы, і, у, ү.. Бұл дыбыстар араб жазуымен таңбаланған.

Мұрағат тіліндегі дауысты дыбыстар жуан-жіңішке болып келіп буын үндестігі қатаң сақталған. Әрбір жеке сөз не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке жалғанады. Мысалы, арсық (алдан) – арсық-мақ (алданбақ), асан-лық (жеңілдік), боз-лұғ (бойлы), темүр-тег (темірдей) т.б. Ескерткіш тілінде ерін үндестігі де айқын байқалады. Түбір сөздегі ерін дауыстылары әсіресе өзінен соңғы буынға қатты әсер етеді, кейде екінші буынға да ықпалы болады, ал үшінші буынға әсері әлсіз білінеді. Мысалы, *тоқ-туқ, қо-нуқ-луқ, өр-түк-лүг, өл-түр-гү-чі* т.б. Қазіргі қазақ тілінде ерін үндестігі айтылуда жақсы сақталғанмен жазылуда ескеріле бермейді. Орта ғасыр жазба ескерткішінде жақсы көрініс тапқан дауысты дыбыстар үндестігі, яғни сингормонизмнің басты фонологиялық қызметі түркі сөзінің өн бойында біркелкі бояуды, тембрді сақтау.

“Хұсрау мен Шырын” жазылған араб алфавитінде дауыссыз дыбыстар дауыстыларға қарағанда толығырақ көрініс тапқан. Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болса, орта ғасырда дауыссыздар қатары толысқаны байқалады. Аталмыш ескерткіште 25 дауыссыз дыбыс бар: б, в, г, ғ, Ұ, д, з, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ч, ш, һ

Бұл деректерден орта ғасырдағы түркі халықтарының дыбыс жүйесін араб әліпбиі барынша толық бере алғанын көреміз. Әрине түркілердің өзіне тән ұлттық дыбыстарын орта ғасыр түркі ғұламалары біліп, айырым белгі қойып отырған. Кейінгі ғасырларда «қадим» жазуы ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың еңбегімен жаңаша жаңғырды. Ақаң жасаған әліпби қазақ ұлтының төл дыбыс жүйесін берудегі жарқын үлгі болды. Араб әліпбиі түркі әлемін тұтастандыруда үлкен рөл атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. -Москва-Ленинград, 1960.
2. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// ЕҚ.12 сәуір, 2017ж.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі.-Алматы, 1999.

М.ЕСЛАМҒАЛИЕВТИҢ «ӘЙТЕКЕ БИ» РОМАНЫНЫҢ ТАРИХИ -ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ ӨОЖ 75.14

Хамбетова А.

Мұқадес Есләмғалиұлының «Әйтеке би» атты романы - туған әдебиетіміздің Тәуелсіздік кезеңінде дүниеге келген сүбелі туындыларының бірі. Ол 2003 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін, қалың оқырман қауымды былай қойғанда, әдеби ортаның өзіне де жете танылмаған құбылыс. Одан да өткен өкініштісі сол, авторы, көркем қара сөздің шебері Мұқадес бауырымыздың өзі де қазіргі әдеби үдерісте тиісті орынын анықтап үлгермей жатып, өмірден ерте кетіп қалды.

Роман туралы талдама пікірімізді айтпас бұрын, шығарманың бас кейіпкері туралы қысқаша ғұмырнамалық кейбір мәліметтерді келтіре кеткенді жөн көреміз.

Қазақ тарихындағы орындары ерекше үш биінің бірі Әйтеке Байбекұлы 1633 жылы дүниеге келіп, 1700 жылы қайтыс болған. Әмір Темірдің бас кеңесшісі болған Ораз қожаның бесінші ұрпағы, заманындағы бүкіл мұсылман жұртына «Сенисоф буа» («Жаны фәк адам») атанған Сейіткүл әулиенің үшінші ұрпағы, 1622-35 жылдары Қоқанның билеушісі болған Ақшаханның немересі, Самарқан әмірі Жалаңтөс баһадурдың немерелес ұрпағы, 21 жасында Бұқара, Самарқан өңіріндегі қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ және бірсыпыра құрама жұрттардың бас биі, 25 жасында Кіші жүздің бас биі болып

сайланған. Қазақ тарихында өшпестей болып аты қалған тарихи тұлға.

Роман «Ар алдында», «Ғадауат» атты екі кітаптан тұрады. Жанрын автордың өзі тарихи-философиялық диалогия деп атапты. Шығармада кейіннен кең өріске шығып, бірінен бірі өрбіп жататын көп оқиғалардың алғашқы көрінісі «Қарабалық» аталатын шағын тараушадан басталады. Нұрата жерінің осы аттас таудан басталып, томен қарай сарқырап қатар ағатын көп суларының бір жылғасы - Нұрбұлақтың жағасында екі көзін су табанына қадап, қимылсыз, қапсағай денелі, ұзын бойлы, қара сақал кісі отыр. Ол жылғаның мөп-мөлдір суында үйір-үйір болып топтанып алып, ағысқа қарсы жүйткіп жүзген қарабалықтардан көз алмай қарайды. Қарайды да, әртүрлі ойға кетеді. Соның бірі - бұрынырақта болған, осы қарабалыққа байланысты қолайсыз бір оқиғаға байланысты. Сонау бір жылы алыстағы Ресей елінен, әлде суретші ме, әлде жұлдызшы ма, бір топ адам (кәпірлер) келе қалыпты. Марханттың (ертедегі Самарқан солай аталған) кез келген көшесінде шыжғырылып жататын кәуәптан милықтарына дейін сірестіре тойып алған патшағарлар тағы бір бұрышта сарт сатып тұрған қарабалыққа тап болмай ма. Одан да жесін әбден тойғандарынша.

Сол-ақ екен, ертеңіне пәтерін жалға берген басқа бір сарттың үйінен серейіп сеспей қатқан бес кәпірдің сүйегі табылады. Енді осыдан жанжал басталады. Жүргіншілер неден өлді? Қарабалықты жегеннен уланып өлген. Бұлай деп сатқан сарттар айтады: «Қарабалық Нұрбұлақта ғана өседі. Оның бойындағы тұратындар - тек қазақтар. Солар ғой балықты улаған», - дейді. Қазақтар айтады: «Қарабалық киелі, оны қазақтар жемейді және ауламайды. Аулаған сарттар, пәле солардан», - дейді. Ресей жағы айтады: «Сендер қазақпысындар, сартпысындар, бізге бәрібір. Сендер жауап бересіндер әйтпесе бәрінді де қырамыз», - дейді. Осылай жағдай шиеленісіп тұрады. Абырой болғанда, жаңағы өлімнің кінәсі кәпірлердің өздерінен болып шығады. Бірақ бір кездері тату болған өзбек, қазақ арасының суынып бара жатқаны аландатады. Әсіресе өзбек жағының жалаға жақын тұратындығы.

Оның аты - зымияндық. Ол пәленің жүрмейтін жері жоқ. Бір кезде теңіздей тынып, сүттей ұйып отырған түрік жұртын тоз-тоз қылып түбіне жеткен осы зымияндық еді. Жаратқанның пейілімен айбарын асырып, сол кәпір жұртының өзін бұйдалаған Алтын Орданың шаңырағын шайқаған да - осы зымыстандық. Тұрағы берік, тұғыры биік тұрған көк байрақты Тұран елін тұралатып ыдыратқан да-дәл осындай аярлық[1].

Жаңағы Нұрбұлақтың жағасында қарабалықты қызықтап отырған жігіт ағасы осы бір ойлардан арылып, қайтадан су бетіне көз салғанда, жөңкілген қарабалықтардың үйірінен ажырамай, топ басшысының әрбір қимылына, басы мен құйрық, қанатының қозғалысына қарай ұжымдасып, үйірін жазбай жылжитынына таң қалды. Мұның аты бірлік-ау. Балық екеш балықта да бірлік бар. Біз неге сондай емеспіз? Әрі бармай-ақ, осы соңғы жиырма жылдың әлетінде, сайда санын, қырда ізін таба алмауға айналған шақта, әуірімдеп бір хандықта зорға біріктіріп отырғанда, сол қандастардың арасында күндестік пен дұрдараздықтың әр кезде әр тұстан қылаң беріп жүретіні қалай?

Бұл өзімен-өзі қалған оңаша сәтте ту сыртынан жақын келіп тілдесетін тек Қара би ғана еді.

- Өлгілер келді, Әй-аға, - деп ақырын ғана тіл қатқан сол.

- Не, екеуі бірге келді ме?

- Аралары сүт пісірім.

- Бәсе, - деп миығынан жымиды Әйтеке би. - Сөзі біріксе де ісі бірікпейтін немелер, мен шақырды екен деп қайдан басы біріге қойсын?-деп үйге қарай аяңдады.

Қараның «әлгілер» деп тұрғаны - Тамдының биі Серғазы мен Кенімыңның биі Орбұғы. Екеуі көптен бері бір-біріне қырыс қабақ.

Қасиетті қаламның қуаты арқылы қарасөздің қайталанбас үлгісін танытқан, ұлттық характер, кесекті образ сомдау арқылы прозаға батыл үнмен өзіндік өрнегін салған М. Есламғалиев мұралары әдебиет әлемінен елеулі орын алады. Жазушының өзі өмір сүріп отырған заманның шынайы келбетін жайып салатын прозалық туындылары дәуір ақиқатын, өмір тартысын шебер бейнелейді. Бір-біріне мүлдем ұқсамайтын кейіпкер характерлерін жасаған жазушы адам жанының тазалығына, сезімнің мөлдірлігіне, ісі мен сөзінің туралығына ерекше мән береді[2].

Шынында да қазақ әдебиетінде бұрын-соңды би-шешен тұлғасы толық суреттелген емес. Бидің қоғамдағы орны тек сөз саптау ғана емес, ел үшін тер төккен саясаткер, қоғам қайраткері болғандығы. Билік пен халық арасындағы елші, қалың бұқараның мұң-мүддесін ханға тікелей, қорғаламай өз аузынан айта алады. Хан да Алаш биінің көрегендігін, әділдігін бағалап, онымен санасып отырады. Бидің басты артықшылығы артына ерген халқы, алдындағы сөз түсінер сұңғыла ханы. Әйтеке би – ел адамы, көрген-білген мол, зерделі жан. Ұрысқа түссе- жаужүрек батыр, дауға түссе –тілі алдаспан.

Бұрынғы кеңестік дәуірде «хан дегеніміз –халықтың қанын сорушы, би дегеніміз-хан мен байлардың сойылын соғушы» деген тұжырымға мойын ұсынып келдік. Ал шығармадан білгеніміз: би аузынан батасын түспейтін, ауыл күзетіп, ас бағып отырған шал емес, үнемі ат үстінде жүретін, дау келсе шешетін, сонау шығыс ғұламаларының білімінен сусындаған, қазақтың арғы-бергі тарихын, салт-дәстүр, дала заңын терең игерген, алыс-жақын көрші елдердің мақсат-мүдесін, пиғылын жетік білетін білікті жан, жау келсе атқа мініп шабуылға шығатын батыр, қазақ қауымын жан-жақтан торлаған естек, түркіменге, Хиуа, Бұқара әмірлеріне, ежелгі жау қалмаққа елші боп бара алатын, хан атынан сөйлейтін саяси өкіл. Қазақ «қол бастау қиын емес, көк найзалы ерің болса, көш бастау қиын емес, артыңа ерер елің болса, бәрінен шаршы топта сөз бастау қиын, тауып айтсаң мереке қылады, таппай айтсаң келеке

қылады» дейді. Сөз –күдірет. Сөз-құдай. Ерді пұшпаққа жеткізетін де сөз, басын жерге түсіретін де сөз. Сөз саптап атқа мінген бидің аузына хан да қарайды, халық та үміт күтеді, жау да сескенеді, даугер де тоқтайды. Әйтеке бидің мақсаты біреуді сөзбен тоқтатып, мұқату емес, ел бірлігі, ел қамын ойлаған ханның амандығы, қарашаның мұң-мұқтажы, қазақ жеріне жау атының тұяғын тигізбеу. Сондықтан да ол еркін сөйлейді:

Биік тұрсын десек Туымыз,
Өрт шалмасын десек нуымыз,
Біз Үш жүз керіспейік, келісейік,
Керістің арты қызыл шоқ.
Керісе қалсақ үшеуіміз,
Бірлік те жоқ, Елдік те жоқ.
Өзгеменен теңдік те жоқ,
Әркім бір сарып басыңа,
Аяқ асты қалармыз.
Қатыннан әрмен дауыс қып,
Қаралы жоқтау салармыз...

Шығармадағы ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы есімдері аңызға айналған Тәуке хан, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Өнет баба, Мәті, Болпыш билердің, бас кейіпкер Әйтеке бидің көрегендігі, даналығы, шешендігі, сұңғылалығы көркем сөзбен әдемі өрілген. Ал шындығында бұл сөз көркемдігі жазушының қолтаңбасы екені анық. Мұқадес те сол билердің, даналардың деңгейінен, солар шыққан биіктен тұрып, сөзсаптайды, таңдайыңа бал салғандай ділмарлықпен оқырманды кәусәр тұныққа жетелейді, шалқар айдыңға шығарады. Хан мен бидің сұхбатында ханның өткір сауалдарына тұшымды жауап берген би сөзі-жазушының жүрегінен шыққан сөз. Кейіпкер мен автор бір тұлғаға айналған. Мәселен,

Хан: -Би, ел неге азады, ер неге азады?

-Ер азса, сенімді серігін таппаған шығар, Ел азса, білікті басшысын таппағаны шығар.

- ...бірлік жөнінде не айтар едің?

-Бүкіл түркі жұртынекі туып, бір қалғандай етер ем.- Сосын арыстан Ресей мен аю шүршіттің ортасында жонымыз күдірейіп, жолбарыс боп біз жатпас па ек...

-Елді қалай басқару керек деп ойлайсың?

-Раймен. Ыммен. Алысты көре білумен. Сосын бұрынғылар елді қорқытып басқарма, оқытып басқар деген тәлім қалдырыпты.

Атасы басқаның арасынан дау шықпасын деп, ауылы басқаның арасынан жау шықпасын деп, ағайын арасынан әділет қашпасын деп, айналасын әбілет баспасын деп, жетімім ешқашан жыламасын деп, жерімді жау жағаламасын деп өмір сүген тарихи тұлғалардың ғибратын бүгінге жеткізген «Әйтеке би» дилогиясы тарихи танымдық, этномәдени құндылығы аса зор дүние. Азат оймен, сергек санамен, ұланғайыр ізденіспен, ұлттық өремен, елдік ұстаныммен, ащы шындықпен, тарихи деректермен сәйкестіріліп жазылған, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің ең бір тамаша тұмар кітабы.

Ғұмыр бойы қазақтың сөз жауһарын теріп, қос қанатын (журналистік және жазушылық) құлаштай керіп, ардың ісі әдебиеттің жоғын жоқтаған, даналар, билер, хандар, шешендер ғұмырын ғылыми тұрғыдан зерттеген Мұқадес бір кезек өзі де биге аналғандай. Билер өтті, биі соңы Мұқадес десек артық болмас.

Әне бір жылдары «Әбілқайыр хан қазақ жұртының орысқа бодан болып қалуының бірден-бір себепшісі және кешірілмес күнәһары еді» деп шулаған бір топ әдебиетшіге елді адастырмаңдар, тарихты бұрмаламаңдар дер төрелік айтқан да Мұқадес еді. «Әбілқайыр хан» еңбегінде оның өз заманының қайраткері, елдің ері екендігін, аса ірі саяси тұлға екендігін бұлтартпас уәждермен дәлелдеп, пәтуалы тұжырым жазды. Тарихи тұлғалар жайында жазуда рулық, аймақтық тұрғыдан емес, елдік, ұлттық көзқараспен келіп, ыждағаты зерттеу керек екендігін көрсете білді.

Сонымен қатар «Әйтеке би» романы қазақ әдеби тілін байытатын тың тұрақты тіркестерге, шешендік, қанатты сөздерге толы. Ел ұмытқан көне сөздер де көптеп ұшырасады. Мәселен, анжы-қосымша айып ақы; саһары –аққудың еркегі; алапай-жаугершіліктегі олжа, лектір-Қытайдың «дивархан» атты тас атқыш құралының жеңіл түрі, азына күні-жексенбі; төрт тірек-әр рудың биі, мырзасы, пірі, батыры т.б.Болашақта жазушы шығармаларының тілін зерттеудің өзі сұранып тұр. Профессор Серікқали Шарабасов “ Әйтеке би романы –жазушының емес, ғасырларға салмақ, қазіргілерге қиын жұмбақ –ұлан-ғайыр феномен»деп тұжырым білдірген еді. «Әйтеке би» қазақ әдебиетінде жоқтығы биік туынды. Әлі де өз зерттеуін күтіп тұрған күрделі шығарма.

1. Ысмағұлов Ж. Алтын ғасырдың ақ таңы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.-504б.
2. Мүтиев З. Мұханбетова Ж. Қоғамдық сананы рухани жаңғырту. Монография. 2-кітап. Орал. «Шұғыла Принт». 2019. -436б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР СЫРЫ

ӘОЖ 78.12

Гиниятова Д.

***Аннотация.** Этимология как наука занимается изучением значения непонятных слов. Миропознание, исторический путь развития нации получает отражение в словах. Каждое слово живет своей жизнью и имеет свою судьбу. Одни слова обретают свое лексическое значение только в составе устойчивых словосочетаний, пословиц и поговорок. Каждая отдельная эпоха накладывает отпечаток на семантику слов: они переходят в состав архаизмов, либо обретают новое семантическое значение. Устаревание слов, расширение и распространение их значений является естественным процессом для языка.*

В данной статье проделан этимологический анализ состава архаизмов в устойчивых словосочетаниях и в пословицах-поговорках. Предложены новые взгляды на этимологию слов. Ученым сделан глубокий анализ каждого слова с исторических позиций и, в первую очередь, сделан упор на поиск древнетюркских корней в этимологии исследуемых слов. Слова-архаизмы в устаревших пословицах прежде всего дают нам информацию о национальном миропознании. Каждое слово – это богатство языка, богатство нации.

Ключевые слова: устойчивые словосочетания, пословицы-поговорки, этимология, архаизмы.

Тілтанымдық тұрғыдан сөздердің түп-төркініне үңілу, зерделеу этимологияның міндеті. Әр сөздің тарихында этностың өмірі жатыр. Ұлттың тарихтың ұзына бойында жүріп өткен жолдары, әрекеті, дүниені тануы сөздің бойында сақталады. Сөздің өзіндік өмірі, тағдыры бар. Бір сөздер тұрақты тіркестердің немесе мақал-мәтелдердің құрамында жүріп, жеке дара көп қолданылмай мағынасы күңгірттен береді. Заман өзгеруіне сай көнереді, кейде жаңа семантикалық мән үстеліп, жаңарады. Сөз мағынасының көнеруі, кеңеюі, тарылуы үздіксіз тіл бойында болып жататын үдеріс. Ал сөздердің түп-төркінін зерделейтін - этимология. Этимологияның зерттеулердің негізі объектісі тек мағынасы ұмыт болған, не күңгірттенген жеке -дара сөздер, тұлғалар ғана емес, сонымен қатар тілімізде дербес те жүйелі түрде қолданып жүрген, жалпы лексикалық-грамматикалық мағынасы айқын сөздер мен сөз тұлғалары да бола береді.

Бүгінгі таңда тіл мамандарының алдында түркі тілдерінің лексикасын толық қамтыған этимологиялық сөздіктер жасау міндеті тұр. Өкінішке орай жалпытүркілік деңгейде жарық көрген этимологиялық сөздіктер көп емес. Қазіргі таңда «этимологиялық» деген атпен жалпытүркілік ауқымда жарыққа шыққан төрт сөздік бар. Будапешт университетінің профессоры Герман Вамберидің 1878 жылы жарық көрген «Түркі-татар тілдерінің этимологиялық сөздігі»[1], фин ғалымы М.Рясяненнің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің тәжірибесі» [2] еңбектерін айтуға болады. М.Рясяненнің сөздігі түркітанудың барлық жетістіктерін қамти алмағанмен, XX ғасырдағы түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің бірінші тәжірибесі ретінде маңызы зор. М.Рясяненнің сөздігінен кейін үш жылдан соң жарық көрген ағылшын ғалымы Дж. Клосонның «XIII ғасырға дейінгі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» үшінші сөздік болып табылады[3]. Сөздікте монғолға дейінгі кезеңдегі түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінен мол материал жинақталған.

Төртінші этимологиялық сөздік белгілі кеңес ғалымы Э.В.Севортянның тарапынан жарық көрді[4]. Э.В.Севортянның сөздігі түркі тілдерінің материалдарын және өзіне дейінгілердің тұжырымдарын толық қамтуы жағынан, терең этимологиялық талдауларымен ерекшеленеді. Кеңес одағындағы жарыққа шыққан түркі тілдерінің бірінші этимологиялық сөздіктері негізінен жекелеген түркі тілдерінің сөздіктері болды. Бұл саладағы алғашқы қарылғаш чуваш ғалымы В.Г.Егоровтың 1964 жылы жарық көрген чуваш тілінің бірінші этимологиялық сөздігі болып табылады[5]. 1966 жылы ұжымдық авторлар құрастырған «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» жарық көрді[6].

Бұл сөздікте 337 сөз қамтылған. 1980 жылы жарыққа шыққан Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, өткен ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларында, мақал-мәтелдерде кездесетін, бұл күндері мағынасы түсініксіз сөздер төркіні баяндалады.

1994 жылы Ә.Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітапта қазақ тілінде осы күні қоланылып жүрген сөздердің тарихы, сөз мағыналарының қоғам дамуына байланысты өзгеруі және солардың алғашқы шыққан төркіндері жан-жақты талданған. Біз соңғы аталған кітапты зерделей келе кейбір сөздердің шығу төркініне өзіміздің көзқарасымызды білдіруді жөн санадық. Мәселен, «Бес жүз бес сөз» кітабында аяқтың тізеден жоғарғы бөлігін білдіретін **борбай** сөзін талдай келіп, «сөз төркінін тек қана жүйесі басқа парсы тілінен табуға болады», - дейді. Мынадай талдау жүргізіледі: бұл тілде: пәрпа немесе пәрпай – аяғы жүнді (құс туралы) (Пер.-рус. сл., I, 1983, 279). Парсы тілінің өзінде «пәрпай» екі түбірдің бірігуінен пайда болған. Алғашқы «пәр» түбірінің бірнеше мағынасы бар, соның бірі – мықты, тегеуріні (көрсетілген сөздік, 277), ал «па» немесе «пай» - аяқ ұғымында қолданылады (бұл да сонда, 253, 270). Осы екі сөздің біріккеннен кейінгі мағынасынан – тегеурінді аяқ, мықты аяқ дегенді ұғынуға болады. Шынында да, аяқтың ең бұлшық етті, күшті бөлігі сан, бұт екендігін еске алсақ, бұл жорамалымызды теріс деу оңай емес. *Борбай* сөзі моңғолдарда «борви» болып айтылады (Мон.-каз. сөз., 1954, 42). Бұларға да парсы тілінен ауысуы мүмкін. Біздің ойымызша, аталмыш атау түркілік сөз. Сөздің түпкі түбірі *бор*. Түркі тілдерінің көпшілігінде *бор*// *боз* түбірлері кездеседі. Оның «сұрғылт» түсті білдіру мағынасымен қатар «мықты, берік» мағыналары бар. Мәселен, қазақ тілінде *боз қасқа*, *боз орда* түсті емес мықтылықты білдіреді. Ал *бор* түбірін *бордақы*, *бордақылану* сөздерінің құрамына табамыз. Саха тілінде *баабый* сөзінің «күшті, берік, бұлшық етті» мағынасы бар. *Борбай* сөзінің екінші сыңары кәдімгі *бай* сөзі. *Борбай*, яғни «күшке бай, бұлшық етке бай». Мұндай тұлға орта ғасыр ескерткіштерінде кездеседі. Мәселен, *көркәбай* «әдемі, сұлу, көрікке бай»: саламымны текүр ол көркәбайға «менің сәлемімді сол сұлуға жеткіз» (Мн, 297a2). Қазақ тілінде «мінезге бай» тіркесі де бұған дәлел болады.

Автор **ежелеу** сөзіне талдай келіп, «оның түркі тілдеріне жүйесі басқа тілдерден ауысқандығын аңғару қиынға соқпайды», - дейді. Мысалы, арабша: хаджи – буындап оқу (Араб.-рус. сл., II, 1970, 1078), ал парсы тілінде *һэджа* – буын (сөздегі) (Пер.-рус. сл., II, 1983, 713). Сондықтан да сөздің алғашқы төркіні не араб, не парсы тілі деп анықтай ажырата айту оңай емес. Бірақ түркі тілдеріне «ежелеу» сөзі осылардың бірінен ауысқандығы күмән тудырмайды. Сөйтіп, бұл деректер бойынша, сөз төркіні не араб, не парсы тілі екен де, мағынасы жағынан «ежелеп оқу» дегеніміз «буындап оқумен» бірдей дей аламыз. «Қалима бұл күнде *ежелеп* хат таниды» (Б. Тоқтаров. Ертіс). Бұған біздің қосарымыз, *ежелеу* мен *ежіктеу* сөзінің көнелеуі *ежелеу* болса керек. Реконструкция әдісімен түбіне үңілсек *е-же-ле-у* деп жіктеуге болады. Сонда түпкі түбірі *е-*. *Е* түбірі көптеген көне түркі ескерткіштерінде және қазіргі түркі тілдерінде *и-, ер-, i-* варианттарында кездеседі. «Болу, өмір сүру, істеу» мағыналары бар көмекші етістік тұлғасында келеді. Сонда түбір *е-* болса, *-же* сөз тудыратын жұрнақ, одан кейінгілер *де* (-ле-, у) жалғамалы тілдің заңдылықтары бойынша жалғана берген сөз тудырушы жұрнақтар. Мағынасы «істеу, өмірге келтіру, болдыру, яғни ежіктеп оқу» болса керек. Сөз төркіні таза түркілік деп айтуға болады.

Ғалым жыртқыш балықтың атауы **жайын** сөзін талдай келіп, Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі тілдерінде байқалмауына қарағанда, қазақтарға және Орта Азиядағы басқа түркі тілдеріне жүйесі басқа, дәлірек айтсақ, парсы тілінен ауысып алынған сөз деп шамалаймыз дейді. Парсыларда «жийан» сөзінің жыртқыш және үрейлі, қорқынышты іспеттес екі түрлі мағынасы бар (Пер.-рус. сл., I, 781). Балықтың біз білетін басқа түрлеріне қарағанда, мынаның түр-тұлғасы қорқынышты әрі жыртқыштығы басымдау екендігі мәлім. Сондықтан да «балық» сөзінің алдында сын есім ретінде парсыдан енген «жийан» сөзінің тіркесуі арқылы «жийан балық» қалпында тұрақтап, кейін келе, «жайын балық», одан әрі «балық» сөзі түсіріліп, «жайын» десе де түсінікті боларлықтай дәрежеге жетсе керек. Алғаш «жайын балық» тіркесінде көрінгендігін, жоғарыда келтірген, қырғыз тілі дерегін қуаттайды. Сөйтіп, «жайын» атауының қазақша мағынасы – жыртқыш, үрейлі, қорқынышты дегенді ұғындыратын сияқты. Біздің ойымызша, бұл сөздің этимологиясын таза түркілік тұрғыдан қарастыруға да болады.

Жайын сөзінің түбірі *жай* басқа түрік тілдерінде *йағ//йақ//жақ //чағ* тұлғаларында кездесіп «май» мағынасын береді. Қазақ тілінде *жау киім* тіркесінде де осы мағына сақталған, яғни «май киім» Түркі тілдеріндегі *ж-й й-ғ* сәйкестіктеріне сүйенсек, *жайын* сөзі «майлы, семіз, ірі» деген де мағына береді. Ал *-ын* сөз тудыратын көне жұрнақ.

«Момын, момақан, тыныш» мағынасындағы **жуас** сөзін парсы тілінен ауысқан деуге тура келеді дейді ғалым. Ол тілде: йэваш – ақырын, тыныш мағыналарында қолданылатындығы көрсетілген (Пер.-рус. сл., 1959, 756). Осы сөз қазақ тіліне ауысқанда «жуас», қырғыздарға көшкенде «жоош» қалпына дейін дыбыстық өзгеріске түскенде, мағынасы сол қалпында қалған деуге болады: йэваш>йууаш>жуаш>жуас. Біздіңше, бұл сөздің шығу тегін түркі тілдерінен іздеген дұрыс болар. Хакас тілінде *чабас* сөзі «жуас» мағынасында қолданылады. Қазақ тіліндегі *жуас*, қырғыз тіліндегі *жоош* және *чабас* сөздері *ч-ж* сәйкестігі негізінде бір қатарда тұр. Қазақ тіліндегі *шабан* сөзінің «жайбасар, енжар, жалқау, баяу, жай, сылбыр» мағынасында қолданылады: *Шабан үйрек бұрын ұшар* (мәтел). *Йэваш* сөзі «ақырын» мағынасында қазіргі түрік тілінде де қолданылады (Қаз-түрікше сөздік, 38). Осы сөздердің түпкі түбірлерінен (*йава*, *жуа*, *жоо*, *чаба*, *шаба*) сабақтастық, төркіндік аңғарылады.

Ғалым «күн көру, өмір сүру, тіршілік ету» мәніндегі **күнелту** сөзін талдай келіп, бұл сөз екі түбірден құралған – күн және елту. Бірақ мына біріккен сөздегі «күн» мен «елту» бізге мағынасы мәлім зат есім және етістікке жуық келмейді. Оның мәнісі – алғашқысы араб тілінің сөзі де, соңғысы түркі

тілдерінің біріндегі өзгеше тұлғадағы етістік. Арабша кун – болу, бар болу, өмір сүру деген мағына береді (Араб.-рус. сл., 1970). Екінші сөз «елту», В. Радлов сөздігі бойынша, «еліт» (шағатай тілінде) тұлғасында беріліп, мағынасы – ұстау, қолға алу деп түсіндірілген (В. Рад., Опыт..., I, 819). Әрине мұның түбірі – ал, алу екендігі көрініп тұр. Сөйтіп, араб және түркі тілінің сөздері бірігіп, «күнелту» болып қалыптасып, қазіргіше айтсақ – «болуды қолға алу» немесе «өмірді, тіршілікті ұстау» деген мағынаға меңзейді.

Дегенмен, бұл сөздің этимологиясын басқа қырынан қарауға болады. Араб тіліндегі *кана* етістігі «бар болу» мағынасын береді, ал өмір сүру мағынасын беру үшін *аша* етістігі қолданылады. *Күнелту* сөзінің құрамындағы *кун* кәдімгі планета болса керек. Ал *елт* түбірі *елті* (*елт-і*) сөзінің құрамында кездеседі. Көне түркі тілінде “алып жүру, ерту, алып кету” мағынасында *елт* түбірі кездеседі: 1. Он ай елтті дүм оғұм, оғлан тоғдум – анам мені он ай көтеріп жүрді, мен ұл болып тудым; 2. Бу суг елт – мына әскерді баста. Э.В.Севортян бұл етістіктің бастапқы негізі (исходной основы) жөнінде дәлел келтіреді: ел -(от) “алып жүру, ертіп бару” - ескі өзбек тілінде, әл – “жақындату, жеткізу” – түрік тілінде және т.б. (ЭСТЯ, 268). Егер осы этимологиялық пікірді мақұлдасақ *елт* (*ел+т*) түбірінің құрамындағы *-т* дыбысы өзгелік етістің жұрнағы, яғни бұл етістік *айт-*, *қайт-* етістіктері сияқты үдерістерді бастан кешірген. Осы деректегі түпкі түбір *ел* = ге сүйеніп қазақ тіліндегі *елті-*, *елір-*, *ерт-*, *елік-* етістіктерін бір жетекші қатарға қоюға болады. Сонда *күнелту* сөзінің мағынасы «күннің артынан еріп жүру», яғни «өмір сүру, күн көру» болып табылады.

Бұл деректерден байқағанымыз, қазақ тіл білімінде көптеген сөздердің түп-төркіні араб-парсы тілінен іздеу дәстүр болып кеткен сияқты. Ал шындығында араб тіліне түркі элементтері көптен енгенін де ескеруіміз керек. Бір жақты тілдік байланыс болмайтыны анық. Сонымен қатар біз араб-парсы тілінен енді деп жүрген сөздеріміз ислам жете қоймаған Сібір түркі тілдерінің, әсіресе хақас, саха тілдерінде бар екені де байқалады. Әр сөздің түп төркініне тарихи тұрғыдан келіп, бірінші кезекте түркі тілдерінің тамырынан іздеген дұрыс. Ал көне мақалдар, олардың құрамындағы ескі сөздер – есті сөздер. Ұлттың жүріп өткен жолы, тұрмыс –тіршілігі, дәстүр-дағдысы осы сөздердің бойында. Әр бір жеке сөз тіл байлығы, ұлт байлығы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Vdmbery H. Etymologisches Wörterbuch der Turko-Tatarischen Sprachen. Leipzig, 1878.
 2. Rdsdnen M. Versuch eines etimologischen Wörterbuchs der Tiirk Sprachen. Helsinki, 1969.
 - 3.Clauson G. An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. L., 1972.
 - 4.Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М., 1974. Это первый том. Второй том имеет под заголовок «Общетюркские и межтюркские основы на букву Б» (М., 1978), третий - «Общетюркские и межтюркские основы на букву В, Г и Д» (М., 1980); нумерация томов отсутствует.
 - 5.Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.
 - 6.Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.
 - 7.Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) Алматы. 2004,76.
 8. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. Алматы,1994.
- УДК 82:81-26

ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

ӘОЖ 80.11

Адайбекова А.

Түркітанудағы этимологиялық зерттеулер қазіргі таңда негізгі үш бағытта дамып келеді: 1) түркі тілдерінің жалпы этимологиялық сөздігін жасау; 2) жекелеген түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін жасау; 3) белсенді лексикалық қорға кіретін жекелеген сөздер мен антропонимдер, топонимдер, этнонимдердің этимологиясына арналған мақалалар.

Этимологиялық сөздік - белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын айқындайтын сөздік. Атап айтқанда, ол төл сөз бе, әлде кірме сөз бе, қай сөзден туған, я қандай тәсіл арқылы жасалған, о бастағы мәні қандай болған, қандай белгі атаудың негізі болғанын айқындайды. Сөз тарихы, мағынасы тіл тарихымен, сол тілде жасаушы, қолданушы халық тарихымен, өткендегі тұрмыс салтымен, мәдени-рухани өмірімен, өзге елдермен қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Осының бәрінің анықтамасы мен түсініктемелері этимологиялық сөздікте жинақталып көрсетіледі.

Этимологиялық сөздіктер этимологияның екі түрлі негізіне сүйенеді: Сөз төркінін, морфемалардың даму тарихын дәл анықтап, ғылыми негізде түсіндіретін ғылыми этимологияға және кейбір адамдардың жеке сөз мағынасын өзінше түспалдап, топшылайтын халықтық этимологияға. Этимологиялық сөздіктерде материал түбірлес сөздердің тобында беріледі. Этимологиялық талдаудың мақсаты-сөздің байырғы, алғашқы түрінің, мағынасының тарихи даму, өзгеруін көрсету. Этимологиялық сөздіктерде қолданылатын этимологиялық зерттеулердің негізгі әдістері мыналар: салыстырмалы-тарихи, семантикалық-лингвистикалық география, морфемалық жіктеу тәсілі т.б. Этимологиялық сөздіктің анықтамалары мен тұжырымдары, зерттеулері сөздің байырғы, бастапқы түрін қалпына келтіруге қатысты, алғашқы уәжді анықтауға қатысты номинация мәселесімен, тіл даму тарихындағы ремектілі құбылыстарды анықтауда диалектология мәселесімен және сәйкесінше лексикологиямен, тарихи лексикологиямен, этнолингвистикамен, тарихи морфологиямен тығыз байланысты. Қазақ тілі деректеріне сүйенсек, мысалы, *ағайын* сөзі тарихи тұрғыдан *аға-іні* деген екі сөзден тұрады. *Қыпша* сөзі қазақ тілінде тек тіркес құрамында ғана қолданылса, ұйғыр, алтай тілдерінде ол-«жіңішке», «әдемі» деген мағынадағы жеке сөз. *Қолқа* сөзінің тарихи түбірі-көне түркі тілінде бар «қол-өтіну, тілеу, сұрау» деген етістік. Көптеген сөздердің мағынасы қолданыс тарихына байланысты өзгеріп кеткен. Мыс., *азамат*, *жігіт*, *шора* т.б. бұрын әскери терминдік мағынада қолданылған. Зерделеу барысында қазіргі тілімізде жеке алғанда мағынасы түсініксіз немесе тұлғасы о бастағы түрінен өзгеріп кеткен көптеген сөздердің сыры осы қатыста ашылып, сөздердің түп-төркіні, сыры белгілі болады.

Кеңестік дәуірде түркі тілдері жан-жақты зерттелді. Дейтұрғанмен түркітану жас ғылым болғандықтан, түркі тілдерінің лексикасын толық қамтыған этимологиялық сөздіктер жасауда үндіеуропа, герман, роман, славян тіл білімдері жеткен дәрежеге жете алмай отыр. Жалпытүркілік деңгейде жарық көрген этимологиялық сөздіктер көп емес. Қазіргі таңда «этимологиялық» деген атпен жалпытүркілік ауқымда жарыққа шыққан төрт сөздік бар. Түркі тілдерінің бірінші этимологиялық сөздігін жазған Будапешт университетінің профессоры Герман Вамбери болатын. Оның еңбегі 1878 жылы жарық көріп, «Түркі-татар тілдерінің этимологиялық сөздігі» деп аталды[1]. Сөздіктің негізін ірі жазба әдеби ескерткіш «Құдатғу біліктен» теріп алынған шағатай тілінің лексикасы құрады. Бұл жәдігерлікті Г.Вамбери «түркі халықтарының санскриті» деп атады.

Бірақ ол тұста «Құдағу біліктен» де көне болып табылатын көне түркі жазба ескерткіштері ғылымға белгісіз еді. Г.Вамбери өзінің еңбегінде тірі түркі тілдерінің материалдарын қазіргі тұрғыдан қараасақ толық пайдалана алмаған.

Екінші түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі 91 жыл өткен соң жарыққа шықты. Бұл фин ғалымы М.Рясяненнің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің тәжірибесі» [2]. Бұл тұста түркі тіл білімінде көне түркі және орта ғасыр жазба ескерткіштері бойынша, қазіргі заманғы тірі түркі тілдері, олардың көптеген диалектілері мен говорлары бойынша мол тілдік материалдар жинақталған еді. Дейтұрғанмен М.Рясяненнің сөздігі түркітанудың барлық жетістіктерін қамти алмады. Өйткені мұндай сөздікті құрастыру үшін Кеңес Одағының территориясындағы көптеген тілдер мен диалектілерді білетін ұжымдық топ қажет еді. Дегенмен де XX ғасырдағы түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің бірінші тәжірибесі ретінде бұл еңбектің маңызы зор.

М.Рясяненнің сөздігінен кейін үш жылдан соң жарық көрген ағылшын ғалымы Дж. Клосонның «XIII ғасырға дейінгі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» үшінші сөздік болып табылады[3]. Сөздікте монғолға дейінгі кезеңдегі түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінен мол материал жинақталған.

Төртінші этимологиялық сөздік белгілі кеңес ғалымы Э.В.Севортянның тарапынан жарық көрді[4]. Оның сөздігінің бірінші томы Дж. Клосонның сөздігінен екі жыл өткен соң басылып шықты. Э.В.Севортянның сөздігі түркі тілдерінің материалдарын және өзіне дейінгілердің тұжырымдарын толық қамтуы жағынан, терең этимологиялық талдауларымен ерекшеленеді. Жоғарыдағы деректерден байқағанымыз әр автор этимологиялық сөздіктерді жазуда тың жерден бастап, өзінше құрастыруға тырысқан. Көптеген көрсеткіштер бойынша олардың әр түрлілігінің себебі сол.

Кеңес одағындағы жарыққа шыққан түркі тілдерінің бірінші этимологиялық сөздіктері негізінен жекелеген түркі тілдерінің сөздіктері болды. Бұл саладағы алғашқы қарылғаш чуваш ғалымы В.Г.Егоровтың 1964 жылы жарық көрген чуваш тілінің бірінші этимологиялық сөздігі болып табылады[5].

1966 жылы ұжымдық авторлар құрастырған «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» жарық көрді[6]. Бұл сөздікте 337 сөз қамтылған 1980 жылы Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, өткен ғасырдағы ақын-жыраулар шығармаларында, мақал-мәтелдерде кездесетін, бұл күндері мағынасы түсініксіз сөздер төркіні баяндалады. 1994 жылы Ә.Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітапта қазақ тілінде осы күні қолданылып жүрген сөздердің тарихы, сөз мағыналарының қоғам дамуына байланысты өзгеруі және солардың алғашқы шыққан төркіндері жан-жақты талданған.

1988 жылы К.Сейдакматовтың авторлығымен «Қырғыз тілінің этимологиялық сөздігі» басылып шықты. 2000 жылы Б.И.Татаринцевтің авторлығымен «Тува тілінің этимологиялық сөздігінің» 1 томы жарық көрді. Ғалым көп жылдық еңбектің нәтижесінде тува тілінің түбір лексикасының шығу

тегін қарастырып, фонетикалық, сөзжасамдық және семантикалық аспектілерін зерттейді. Бүгінге дейінгі жұртшылыққа таныс этимологиялық сөздіктерде еліктеу сөздер назардан тыс қалатын. Бұл заңды да, өйткені басқа сөздерге қарағанда лексиканың бұл саласы толық зерттелмеген. А.М.Щербак бұл туралы «невозможно отрицать их относительную древность и тем более общетюркское происхождение многих из них», - деген еді. Сонымен қатар еліктеу сөздердің құрамында кірме элементтер (мәселен, монғол тілінен) де бар. Кейбір еліктеу сөздер дербес, ешқандай тілге тәуелсіз өздігінен де қалыптасқан. Ал тува тілінің этимологиялық сөздігінің басты ерекшелігі - еліктеу сөздерден туындаған туынды сөздерді жан-жақты қарастырғандығы болып табылады[7].

XX ғасырдың екінші жартысында тарихи-салыстырмалы тұрғыда якут тілі жан-жақты зерттелді. Н.З.Гаджиева, Л.С.Левитская, Э.Р.Тенишов былай деп жазды: «Солидная база уже создана в настоящее время для составления якутского этимологического: имеются прекрасные якутско-русские словари и диалектологический словарь, изучались монгольские и эвенкийские заимствования, существует очерк якутской исторической лексикологии и предложены предварительные этимологии группы корневых слов».

2003 жылы саха ғалымы Г.В. Поповтың «Якут тілінің этимологиялық сөздігінің» бірінші бөлімі жарық көрді. Я.Бутанаевтың 1999 жылы жарық көрген «Хакас-орыс тарихи - этнографиялық сөздігінің» де маңызы зор. Этимологиялық тұрғыдан біршама ақпарат береді. Осы қатарға 1994 жылы жарияланған М.И.Баһауетдинованың «Башқұртша-орысша этнографиялық терминдер сөздігін» жатқызуға болады. 2001 жылы Қазан қаласында Әхмәтияновтың «Татар тілінің қысқаша тарихи-этимологиялық сөздігі» жарық көрді. 2004 жылы С.Атаниязовтың авторлығымен «Түрікмен тілінің этимологиялық сөздігі» жарияланды. 2007 жылы Т.М.Гариповтың авторлығымен «Башқұрт тілінің тарихи-этимологиялық сөздігінің» 1- томы жарияланса, кейін Ш.В.Нафиков пен Т.М.Гариповтың басшылығымен 2- томы баспадан шықты. 2010 жылы Мәскеудің «Наука» баспасынан жарық көрген Ф.Г.Хисамитдинованың «Башқұрт тілінің мифологиялық» сөздігі біраз құпия сөздің түп-төркінін ашқан. Башқұрт ғалымы Ш.Нафиковтың «Тамыры уғата боронғо башкорт» кітабында да бірнеше мақаласы этимологиялық зерттеулерге бағышталған.

2008 жылы Өзбекстанда 5 томдық «Өзбек тілінің түсіндірме сөздігі» шықты. Онда 80000 сөз бен сөз тіркестерінің этимологиясы беріліп, кирилл әрпінде басылған. Алишер Науаи атындағы Әдебиет және тіл институтының ғалымдары дайындаған бұл сөздік бір жағынан этимологиялық болып табылады. Сөздікті құрастырушылардың айтуына қарағанда өзбек әдеби тілінде кең тарған сөздер мен сөзтіркестері, жеке тарихи терминдермен және ғылым саласының терминологиясындағы, техника, өнер, мәдениет және басқа да салаларда, диалектілерде, кірме сөздерде жан-жақты қамтылған. Өткен ғасырда өзбек әліппесі латын жазуына ауыстырылса да сөздіктің 5 томдығының алғашқы басылымы кирилл әрпінде жарияланған. Институттың хатшысы Баракаев Рахметулланың айтуынша кирилл әрпімен өскен ұрпақ сөздікті оқып, бағалағаннан кейін латын жазуымен қайта шығарылады. Бұл кешенді жұмыс 2012 жылы аяқталуы үстінде. 2010 жылы Түркия Республикасында «Түрік тілінің этимологиялық сөздігі» жарық көрді.

Соңғы жүзжылдықта жекелеген сөздердің этимологиясын зерттеген көптеген мақалалар жарық көрді. Оларды санап шығу мүмкін емес. Оларда жеке түркі тілдерінің материалдарынан алынған сөздер, аймақтық және жалпытүркілік деректер этимологиялық тұрғыдан талданады. Олар этимологиялық сөздіктер үшін өте пайдалы қайнар көз болып табылады.

Этимологиялық сөздіктерде мақала нақтылығымен, шағындылығымен ерекшеленеді. Аз сөз орамдарын қолданып көп ақпарат беруге тырысады. Ал жекелеген сөздердің этимологиясына арналған мақалаларда авторлар сөздің бастапқы тұлғасы мен мағынасын қалпына келтіріп қана қоймайды, сонымен қатар көптеген тілдермен этимологиялық салыстырулар жасайды, өзіне дейінгі авторлардың сол сөздің этимологиясы туралы айтқан пікірлерін жан-жақты талдайды, халықтың өмірімен тығыз байланыста алып, сөздің даму тарихын, оның қазіргі тілдердегі әртүрлі баламасын, зерттеліп отырған сөздің сөзжасамдық ұясын, тағы басқа қырларын зерделейді. Сөзді бұлай кең көлемде қарастыруға этимологиялық сөздіктің көлемі көтермейді. Дегенмен сирек те болса авторлар этимологиялық сөздіктерде сөзді жан-жақты толық талдап беруге тырысады.

Этимологияның негізгі объектісі жекелеген сөздер болып табылады. Сонысымен этимология лексикологияның басқа бөлімдерінен және грамматикадан ерекшеленеді.

В.Пизнани өз кезегінде этимологтың міндетін былайша анықтады: «определить формальный материал, использованный тем, кто первый создал слово, и то понятие, которые он хотел выразить этим словом». Бұны этимологияның жалпы міндеті деп айтуға болады.

Түркі тілдерінің Этимологиялық сөздіктерінде пратүркілік тілдің лексикалық сөздік құрамын қалпына келтіруді әлі мақсат етпегенмен, пратүркілік деп атап, түстемей-ақ пратүркілік сөз тұлғаларын реконструкциялап, дерек келтіреді.

Пратүркілік сөздік дегенде, таза түркі сөздерінің реестрі деп жобалауға болмайтын сияқты, өйткені оның қатарында ежелгі түркі тайпалары мен руларының көрші орналасқан басқа тілді тайпа, рулармен байланысын көрсететін кірме сөздер болуы мүмкін. Тұтас түркі тілі басқа тілдермен генетикалық байланыста болған жоқ деген түсінікке әзір еш дәлел жоқ.

Сонымен қатар этимологиялық зерттеулерде пратүркілік сөз тұлғаларының реконструкциясында әр түрлі варианттар арасында әр автор ұсынған айырмашылықтар кездеседі. Мұның өзі жақын арада бір тоқтамға келуге қиындық туғызады. Осы жәйт, мәселен, аяқ сөзінің(*asak, padak, ajak*) және басқа да жалпытүркілік сөздердің реконструкциясында байқалады.

Этимологиялық сөздік жасаудың тәжірибесі көрсеткендей, әр автордың алдында тұрған нақты мақсат пен міндет әр түрлі. Г.Вамбери түркі тілдеріндегі атаушы сөздер түбір ме немесе оны түбірлік буын деп қарауға бола ма деген бағытта қарастырды. Г.Вамберидің ойынша бұл - мәселені шешудің негізгі көзі еді.

М.Рясянен өз сөздігінің қолжазбасын 1965, 1966 жылдарда дайындады. Оның басты мақсаты сөздік үшін барынша көп сөз жинау болды. Ол негізінен «алтайлық» және «орал-алтайлық» басқа тілдерде паралелі бар сөздерге көңіл аударды. Сонысымен М.Рясяненнің мақсаты Дж.Клосонның мақсатынан ерекшеленеді. Ал Дж.Клосонның жұмысы мына мақсатты көздеді: 1) көнетүркі сөздерінің қатарын жинау, олардың мағынасын, қай сөз табына (есім, етістік, үстеу т.б.) қатыстылығын көрсету, есім мен етістіктердің синкретті қатарын (ат, ат- және т.б.), туынды сөздер мен мағыналарын белгілеу, бастапқы негізін және олардың мағынасын анықтау; 2) тізімдегі сөздердің бастапқы мағынасын қалпына келтіру, көне мәтіндерден әр сөзге толық үзінділер келтіре отырып, семантикалық эволюциясын бақылау. Осы мақсатта жұмыс істей отырып, Дж.Клосон орта ғасырлық және қазіргі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін құрастыру үшін негіз қалауға тырысты. Ол өзінің сөздігін этимологиялық деп атай отырып, қазіргі таным-түсініктегі түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін жасауға үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді.

Э.В.Севортян сөздік жасауда алдына үлкен мақсат қойды: «этимологиялық зерттеудің басты мақсаты талдауға түскен негіздің құрылымын және бастапқы морфо-семантикалық құрамын анықтап, нәтижесінде оның көне тұлғасын және мағынасын немесе оның тілдік тегін нақтылау, дәлелдеу болып табылады. Сонымен қатар басқа да қиындықтар кездеседі. Олар: көптүрлілік, олардың көбі окказиональды болуы, дегенмен кейбір қиындықтар үнемі қайталанып отырады, өйткені олар белгілі принципті талаптардың орындалуымен байланысты. Олардың ең маңыздылары мыналар: 1) сол реалидың атауының қалыптасуының әр түрлі белгілерін анықтау; 2) реали атауының семантикалық құрылымының ішкі тұлғасын анықтау; 3) этимологиялық талдауға түскен негіздің көбіне түсініксіз болып келетін түбір морфемасын анықтау».

Э.В.Севортянның сөздігі көпмақсатты бағыттағы түркі этимологиялық сөздігін жасаудың отандық түркітанудағы алғашқы тәжірибесі болып табылады. Жұмыс барысында кеңестік түркітанудың жетістіктері, өзіндік қайталанбас тарихи даму жолы бар, әр түрлі әлеуметтік қызмет атқаратын барлық түркі тілдерінің әрқилы бай материалдары дерек көз болған.

Түркі тілді республикалар мен облыстардағы көптеген ғылыми-зерттеу институттардың нәтижелері, түркі тілдерін зерттеудегі өз тілдерін жетік білетін кеңестік кезеңдегі ұлттық кадрлардың күшімен қол жеткізілген табыстардың барлығы дерлік сөздік жұмысында пайдаланылған. Э.В.Севортянның сөздігіндегі бұрынғы түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктерінен басты ерекшелік мынада: екі буынды және көп буынды күңгірттенген негіздерді талдауда басты принцип ретінде морфо-семантикалық принцип бірінші рет қолданылды. Бұл принцип түркі сөзжасамының мәселесі бойынша Э.В.Севортянның көп жылдық еңбегі нәтижесінде жасалған еді. Ол бұл салада ірі ғылыми еңбек жазып қалдырды. Ғалым жалпы және түркіаралық негіздерді этимологиялық талдауға ұмтылды. Дегенмен, жалпы және түркіаралық негіздерді толық қамту өте күрделі екені айқын. Өйткені қазіргі лексикографиялық және диалектологиялық т.б. еңбектер бірді-бір түркі тілінің лексикасын толық қамти алмайды. Сондықтан да талданған материалдардың дені белгілі дәрежеде сұрыпталып алынғаны байқалады.

Әдебиеттер:

1. Vdmbery H. Etymologisches Worterbuch der Turko-Tatarischen Sprachen. Leipzig, 1878.
2. Rdsdnen M. Versuch eines etimologischen Worterbuchs der Tiirksprachen. Helsinki, 1969.
3. Clauson G. An etymological dictionary of pre-thirteenth-century Turkish. L., 1972.
4. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М., 1974. Это первый том. Второй том имеет подзаголовок «Общетюркские и межтюркские основы на букву Б» (М., 1978), третий - «Общетюркские и межтюркские основы на букву В, Г и Д» (М., 1980); нумерация томов отсутствует.

- 5.Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.
6.Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.
7.Татаринцев Б.И.Этимологический словарь тувинского языка, том I, Новосибирск, «Наука», 2000 г

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЖИНАҚТАЛУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

ӘОЖ 81.114

Қоңқабаева А.

Қазақ мақал-мәтелдері туралы деректер өз бастауын түркі жұртына ортақ V-XI ғасырлардан сақталған Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінен, Қорқыт бабамыздан, Қожа Ахмет Яссауи бабамыздан, Жүсіп Баласағұннан, Махмуд Қашғаридан қалған еңбектерден алады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі ауызша айтылып, халық жадында сақталған. Оларды жинап, қағаз бетіне түсіру XIX ғасырдан бері басталды[1,15]. Қазақ мәтел-мәтелдері халық даналығының қаймағы саналатын мақал мен мәтел ел аузынан жиналып, жарық көре бастағанына бірқыдыру мерзімінің жүзі болды. Өткен ғасырдың басында Ахмет Баржақсиннің құрастыруымен «Мың бір мақал» деген атпен алғаш жарық көрген жинақты осы саладағы игі істің бастамасы ретінде бағалауға лайық. Ертеректегі ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы В.В.Радлов, Әбубәкір Диваев, Мәшһүр-Жүсіп Көбеев секілді зерттеуші ғалымдардан бастау алған бұл жұмыстан кейінірек қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті тұлғалары да айналып өткен жоқ. Әр шақтарда Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхамедов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сияқты арыстар бұл іске елеулі іс қосқандықтарын атап айту керек. Бертініректе одан бері де ширек ғасыр өтті. Бұл мерзімнің беделінде әдебиет жанды процесс ретінде өз бағытымен дами беретіні, жетілу үстінде болатыны тағы ақиқат. Оның әрбір жанры мақал-мәтелдер де осындай іргелі өзгерістерге, жаңалықтарға ұшырап, толығысып, түрленіп отыратынына да ешкім дау келтірмесе керек. Оның үстіне, ел арасынан жаңадан жиналған мақал-мәтелдер дарияға құйылған бұлақ суындай үстемелене беретіні және шындық. Ал, өмірдегі сан қилы өзгерістерге, қоғам дамуының жаңа үрдістеріне сай әрі адамдардың сана-сезіміндегі ұдайы жетілу, жаңаруға ішкі түрлі ұғымдар мен пайымдаулардың түрлі қопарылыстарға түсуінен туындайтын соны сипаттағы мақал-мәтелдердің өзі бір пара. Мақал-сөз анасы. Әдемі ұйқасы, үйлесімді, ырғақты, өлеңді өрнекпен не шешендік қара сөзбен айшықталған, қысқа да нұсқа айтылатын нақыл сөздердің мәйегі. Көбіне екі тармақтан құралады. Бірінші тармағында ойдың түп негізі пайымдалып, екіншісінде ой қорытындыланып, түйінделеді. Мақал сөз тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Мәтел мақалға ұқсас, бірақ мақалдай екі-үш тармақты емес, өлеңнің тұжырым тұспалы сыңар, қара сөзде нұсқалы, қорытынды түйіндеуі тура айтылатын, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшамды, кестелі нақыл сөз. Әрлі берілген пікір сезім-түйсікке өте әсерлі. Толғана, зерделей білер адамның саласына терең ой салуға сұранып тұрған сөз өрнегі, тіл қышымына дөп тиер сөз жемесі[4,4].

Мақал мен мәтел өміршең поэтиканың жанды, түркі халықтарының рухани қазынасы философиялық пайым түйіні. Ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жаттала тараған өнеге, үлгі, өсиет сөздердің киелі түзілімі. Адам пікірінің дәнекері, аталы сөздің мәуелі дәмі, тұздығы. Шешендікті қадір тұтқан әрбір қазақ жүйелі сөзге қонақ берген және осы үрдісте ұрпағын тәрбиелеген[5,4].

Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі І.Кеңесбаев болды. Ол мақал-мәтелдердің тұрақтылығы мен қолданылатын сипатына қарап, фразеология саласына жатқызады. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеуде елеулі үлес қосқан ғалымдар Р.Сәрсенбаев, Ғ.Тұрабаев, Ә.Қайдар, Б.Динаева бұл салада тың пікірлер айтты. Ә.Қайдардың «Халық даналығы» еңбегі- қазақ және жалпы түркі паремиялогиясында мақал-мәтелдерге этнолингвистикалық түсініктеме берген алғашқы және құнды сөздік[1,15].

Татар халық мақалдарын топтау, жинау, зерттеу XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастау алады. И.Снегирев, М.Иванов, И.Березиндер негізін салған мақалдарды топтау, оларға кейбір анықтамалар беру үшін XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында С.Күкләшев, М.Ш.Салихов, К.Насыйри, Ғ.Фәезханов, Х.Бәдигләр көп тер төгеді.

XX ғасырдың 50-60 жылдарында татар мақалдарын топтау, жинақтау, түсіндіру Х.Ярми, М.Гали, Л.Жәләй, Л.Мәхмүтова, Н.Борхановалардың еңбектері зор.

Бұл жылдары басылып шыққан еңбектердің арасында өзге тілдерден енген мақалдарды топтауға, үйретуге арналған жазушы және ғалым Нәкый Исәнбәттың үш томдық фундаментальді «Татар халық мәкальләре» жинағы басылып шықты. Н.Исәнбәт сондай-ақ, XX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қызықты мақалдар, жиынтықтар, еңбектерге барып тоқталады. Әдебиет ғалымдары, фольклоршылар М.Мәдиев, Х.Мәхмүтов, А.Яхин, М.Бакиров зерттеген мақалдардан жанр өзгешеліктері байқалады. Ритмикалық түзілісі, сұрау-жауап формасы және көшірме мағынасын айырып жазған. Бұл ғалымдар негізін салған зерттемелер қазіргі уақытта да жоғары бағаланады. А.Р.Әхмәтшинаның татар мақалдары семантикасын орыс және француз мақалдарымен салыстырса, Г.Ә.Нәбиуллина татар

мақалдары синтаксисін тексерген. Э.Н.Федорованың татар халық мақалдарындағы араб-парсы мағыналарын салыстырған кандидаттық диссертациясы, К.М.Миннуллиннің татар жырлары лексикасын талдаған, Н.Н.Фәтәхованың орыс және татар халықтары тіліндегі мақал-мәтелдер семантикасын, синтаксисін салыстырған докторлық диссертациялары сол тұрғыда сөйлейді. [5,6-7].

Н.Исәнбәт өз уақытында мақал туралы былай деп жазған: «Олардың тіркесуінде біздің тілдің бай сөздік қоры жатыр. Мақалдың кең таралуы оның құрамындағы сөздердің де көпшілік үшін ортақ болғандығын көрсететін, және мақалдардың кімге, не мағынада қолданылуын, яғни сөз қазір актив қолданылмаса да, тарихта қолданғандығын көрсететін ең қысқа, анық дәлел болып тұр. Олар мыңдаған жылдар бойы ауыздан-ауызға таралып, сақталуы және тақырыптары бойынша тұрмыстың жаман жақтарын, төрелерге, байларға айтылған ащы шындықтарымен ерекшеленеді. Мақалдар – жекелеп үйретуге тиісті құнды шығарма. Ол тілдің болмысын, грамматикалық түзілісін және сөз байлығын сақтап қалған қазына. Бір сөзбен айтқанда, мақалдар – тіл қазынасы.

Әдебиеттер

1. Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 2005.

2. Мұқаддас М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі. Филол. ғыл. канд. дис. автореф. Алматы, 2007.

3. Манкеева Ж.А. Этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008.

4. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Раритет, 2004.

5. Татар халық мәкальләрендә гарәп һәм фарсы алынмалары. Казан: Казан дәүләт университеты, 2004.

ИШТВАН ҚОҢЫР МАНДОКИДІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ ӘОЖ 81.115

Ерболат Е.

Иштван Қоңыр Мандоки – түркітанушы венгр ғалымы, филология ғылымының докторы, профессор. Мажарстанның Қарцаг қаласында 1944 жылы ақпанның 10-да дәулетті жер иесі Мандоки Шандор мен Кочкор Караси Ержебеттің кенже баласы болып дүниеге келді. Қарцаг ауыл шаруашылығы техникумын, Өтвөш Лоранд мемлекеттік университетін 1968 жылы бітірген. Иштван Қоңыр осы университеттің түркітану кафедрасында, Сечени ғылым кітапханасында, Мажарстан Ғалымдар Академиясы алтаистика зерттеулер тобында қызмет істеді. Студент кезінен бастап Еуропадағы түркі этникалық топтары арасына тілдік, фольклорлық және этнологиялық экспедициялар жасаған. Ғылыми-зерттеу сапарын Анадолы, Еділ бойы, Қазақстан мен Орта Азияға дейін жалғастырған. Иштван Қоңыр еңбектерінің негізгі нысаны – мажарлардың және құмандардың көне тарихы, түркі-мадияр байланыстарын зерттеу. Ол өз зерттеулері арқылы мадияр тіліндегі түркі текті көптеген сөздердің (бертө, бүту, дионик, каптань, козма, тилт, цөткен-сүттіген, монар-мұнар, ньөкер, бузоган және т.б.) түп төркінін тапты. Көп жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1981 жылы «Мажарстандағы құман тілінің ескерткіштері» атты еңбегі жарық көрді. Қоңыр түркі халықтарының әдебиет, фольклор, поэзия үлгілерін мажар тіліне аударуға ат салысты. Б.Момышұлының «Ұшқан ұясын» мажар (венгр) тіліне аударған. Мажар тіліндегі әлем әдебиеті энциклопедиясына 40-қа жуық түркі халықтары қаламгерлері туралы мақалалар жариялады. Түркі халықтары мәдениеті туралы жан-жақты зерттеу еңбектері үшін оған 1993 жылы Мажарстан Ғалымдар Академиясының «Постумус» сыйлығы берілді.

Қоңыр қазақ руханиятындағы істерге өмірінің соңғы кезеңінде белсене араласты, Қазақстанға жиі келіп тұрды. Қазіргі «Қазақ тілі» қоғамын құру мәжілісінде қоғамды қалай атаймыз деген мәселеге Қоңырдың: «Ана тілі деген – жалпы түсінік, ал қазақ тілі деген – жалқы түсінік, ана тілі көп, әр халықтың өз тілі – ана тілі. Ал қазақ тілі әлемде жалғыз. Сондықтан қоғамды «Қазақ тілі» – деп атайық» деген уәжі нүкте қойды. Осының өзі Қоңырдың еліне, ата-жұртына деген шексіз махаббатының, қазақ деп соққан үлкен жүрегінің куәсі демеске шара жоқ. Ол тек ғылымға деген адал ниетін ештеңеге де айырбастамады. Ата-бабаларының байырғы жұрты қазақ жеріне, туыс еліне деген шексіз махаббатын ол алай-бұлай болып кетсе артындағы жиналған мұраларын тек етене жақын қазақ еліне қалдыруды, қыпшақтың кең байтақ жерінде мәңгілік қалсам деген өзіндік тілегін Жаратқан да қабыл алған тәрізді. Қоңырдың тілегі орындалды, оның сүйегін қазақ, түркі жұрттары болып Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратына тапсырды.

Қоңырдың өз әңгімесіне зер салсақ орта мектепте оқып жүрген кезінен-ақ түркі халықтарының тарихы мен тіліне деген қызығушылығы ерте басталады: алтыншы сыныптағы бала Қоңырдың қолына алғашқы түрік тілінің оқулығын Қарсақтағы Үлкен Құмания (қыпшақ) музейінің жетекшісі Сүч Шандор сыйға тартады.

Екінші мәрте сондай кітапты ұстазы Киш Иштваннан алған ол өз бетінше “тіл сындыра” бастайды. Көршілес Кунмадараш қалашығындағы кеңес жауынгерлерінің арасынан түрік ұлт өкілдерін іздеп тауып олардың тілін үйренуге әрекет жасайды. Ол 14 жасында әлемге атағы шыққан жерлесі, атышулы ғұлама Немет Дьюлаға хат жолдап, кітап-құралдар алып бағыт бағдар түзеді. Кәметтік куәлік алғаннан кейін де дегдар текті Қоңыр үшін саясаттың кесірінен университеттердің есігі жабық болды. Кейін Мажарстанда саяси ахуал біршама өзгере қалған кезде Немет Дьюла профессордың партиялық кепілдемесінің шапағатымен Өтвөш Лоранд атындағы Будапешт мемлекеттік университетіне 1963 жылы қабылданады. Немет профессордан түркология мен көне мадияр тарихын оқумен бірге атағы сол кездері дәуірлеген ғалымдар Цегледи Каройдан араб филологиясы мен мадиярлардың Еуропаға қоныстануы дәуірінің тарихын, Лигети Лайоштан монғолтану мен қытайтануды, Телегди Жигмонд мен Бодроглигети Андраштан ирантануды оқып үйренеді.

Ұстаз үмітін ақтаған талантты шәкірт Қоңыр оқуын үздік бітірген соң сол университеттің түркология кафедрасында ассистент болып нағыз ғылым жолындағы ізденісін бастайды. Кейіндер осы университеттің ішкі Азия зерттеулері кафедрасында және Мажарстан Ғылым Академиясының алтаистика зерттеулер тобында, сондай-ақ, Мемлекеттік Сечени атындағы кітапханада ғылыми ізденісін ұштай түседі. Қоңыр университетте оқып жүрген кезінен бастап Еуропадағы түркі этникалық топтарының ортасында ғылыми экспедиция мақсатында жиі болып, олардан тілдік, фольклорлық және этнографиялық деректер жинақтады. Атап айтсақ, осындай мақсатпен Польшадағы қарайымдар, Бұлғариядағы түріктер және Румыниядағы Добружа татарлары арасында әлденеше мәрте болады. 1970 жылы “Добружа татарларының тілдік зерттеулері” тақырыбында университет докторы жұмысын қорғап шығады. Қоңыр өз зерттеуінің негізгі нысаны етіп Мажарстан түркологиясындағы дәстүрлі салаларының ішінен мажарлардың көне тарихы мен түркі-мадияр байланыстарын зерттеуді бағдар етіп ұстанды. Оның зерттеулері көне түркі текті көптеген мадияр сөздерінің этимологиясының түйінін шешті. Башқұрт-мадияр ортақ этнонимі төңірегінде қалыптасқан жаңсақтыққа төрелік айтты. Мадиярлар мен құмандардың түркілермен байланыстарын бірнеше қырынан фольклор үлгілеріндегі реликтермен, диалект сөздер, топонимдер мен антропонимдер арқылы жан-жақты дәлелдей білді. Сонымен бірге мадиярлар мен Балқандағы түркілер мен құмандарының тарихи-мәдени байланыстарын тіптен көне түрік, ұйғыр руникалық ескерткіштері мен құман руникасының сабақтастығын салыстыру да зерттеуінің бір саласы еді. Бірнеше салада түрлі бағыттарда іздену, зерттеу жұмысын жасауындағы басты мақсат Мажарстандағы құман тілінің іздерін тереңірек айқындап, дәлелдеу, солайша құман тілін реконструкциялау мұратын жүзеге асыру болды. Ол 1981 жылы “Мажарстандағы құман тілінің ескерткіштері” атты зерттеу диссертациясын қорғады. Қоңырдың саналы ғұмырының мақсат-мүддесін өзінің шыққан Мажарстандағы құмандар шоғыры мен олардың менталитеті ғасырлар бойындағы арман-мұраты айқындағаны сөзсіз. Ол сондықтан да өзінен бұрынғы лег – қыпшақ оқымыстылары Дьорфи Иштван, Кун Геза, Немет Дьюла ғұламалардың ісін жалғау, ең бастысы— Мажарстандағы құмандардың ұмыт болған тілін, ділін қайта жаңғырту, қалпына келтіру болды. Әлемдік шығыстануда шоқтығы биік Мажарстан ориенталистикасындағы айтулы тұлғалардың бірталайы әрі бірегейі Құман өлкесінің ұландары екендігі кездейсоқтық емес және Қоңыр да бұлардың қатарына талпынды. Ол үшін Қоңыр құмандарға тегі мен мәдениеті тілі жағынан ең жақын тұрған қазақ, қырғыз, татар тілдерін жетік меңгере отырып, сол арқылы көне құман тілін реконструкциялау мақсатын ұстанды. Қоңыр мұнымен тынбай тілдік деректерге қосымша этнографиялық тұрғыдан құман этногенезі мен генеологиялық тармақ шежіресі тұрасында көптеген құнды деректер жинады. Марқұм Қоңырдың 1985 жылы өз қолымен қағазға түсіруі бойынша ғылыми зерттеу нысанының негізгі бағыттары мыналар еді:

1. Көне және бүгінгі қыпшақ жұрттарының тарихы, тілі, мәдениеті мен әдебиеті, фольклоры және этнографиясы;
2. Моңғолиядағы түркі және ұйғыр руникалық жазба ескерткіштеріне қатысты деректерді жинақтау және зерттеу;
3. Моңғолиядағы тува, сондай-ақ (бұрынғы) Кеңес Одағындағы өзбек, түркімен және Романия мен Бұлғариядағы гагауздарды этнографиялық лингвистикалық және фольклорлық тұрғыдан зерттеу;
4. Түрік-мадиярлардың көне тарихи байланыстарын (мадияр тіліндегі көне түріктің кірме сөздері, печенег-қыпшақ кірме сөздері сондай-ақ башқұрттар мен мадиярлардың тарихи және тілдік байланыстары) зерттеу.

Бұған қоса құмандардың заттық этнографиялық мәдениетке қатысты көлемді деректер мен татар, қазақ фольклорының бірнеше томға жүк боларлық үлгілерін – халық ертегілері, батырлар жыры, халық әндері, айтыс үлгілері, жұмбақ, мақал-мәтел, шешендік сөздер үлгілерін жинақтаған және бұл тақырыптар бойынша бірнеше мақала жариялаған. Кезінде “Сонымен қатар құмандардың тарихы мен этнографиясына қатысты мәселелер (құмандардың тайпалық құрылым жүйесі, құмандардың Мажарстанға қоныстануы және олардың киіз басу, баспана дайындау үлгілері, ұзақ жылдар бойы сақталған шаруашылық типі – мал шаруашылығы,

оның ішінде жылқы мен қой өсіру мәселелерін кеңінен, кешенді түрде зерттеу) төңірегінде кеңінен қалам тербедім және зерттеу нәтижелерін көлемді монография түрінде жарыққа шығару өз кезегін күтіп тұр”, – деген Мандоки Қоңырдың арманы жүзеге аспады.

Дейтұрғанмен қыпшақтануға, түркітануға көп олжа салған ғалымның орны тарих төрінен орын алады.

Әдебиеттер:

1. Kumanların tarihi (*Kumanların eski tarihini, kavim yapısını, adlarının kaynağını kısa tanımı, göçleri, seferleri ve fetihlerinin tarihini, Macaristan'daki yerleşimlerinin özet olarak gözden geçirilmesi*)// Türk dünyası araştırması dergisi. 1996, temmuz. № 115, -15-20 s. (Çeviren Prof. Dr Günay Karağaç).

2. Моңғолдағы қазақ жұмбақтары (*Мандоки Қоңыр жинақтаған фольклор үлгілеріндегі Моңғолиялық қазақтар жұмбақтары (Марқұмның мұрағатындағы қолжазбаны ықшамдап дайындап, алғысөзін жазған Б.Қинаятұлы)*) // Жұлдыз. –1996. – №6. –199-200 б.

ҚҰТЫПТЫҢ «ХҰСРАУ МЕН ШЫРЫН» ПОЭМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ӘОЖ 81.12

Ерғалиева Д.

XIV ғасырда Алтын Орда аумағы мен Орта Азияда, Мысырда аралас тіл пайда болды да, осы аралас тілде әдебиет қарқынды дамыды. Осындай жазба тілдің қалыптасуы көлемді, кең тынысты әдеби мұралардың жазылуына игі әсер етті.

Сол ескерткіштің бірі - «**Хұсрау мен Шырын**» поэмасы. Бұл - поэтикалық роман. Аталмыш ескерткішке қазақ зерттеушілері аса назар аударды. А. Ибатов «Хұсрау мен Шырын» поэмасының сөздігін жасау барысында поэмада кездесетін тұрақты тіркестерді екшеп көрсете білді. Ол Құтыптың дастаны Алтын Орда аймағында пайда болған аралас тілдік сипаттағы әдеби үлгіде, қыпшақ тілінің негізінде жазылған, бірақ оғыз тілінің әсері мен қараханидтік әдеби тіл дәстүріне ұрынған деген Ә.Нәжіптің тұжырымын қостайтындығы туралы айтқан [1, 14].

«Хұсрау мен Шырын» поэмасының тілі жөнінде ғалымдар әртүрлі пікірге ие. Алтын Орда әдеби тілінің ішіндегі ұйғыр ықпалына ұшыраған қыпшақ тілі деген Н.А. Баскаковтың пікірі мен Э.Н. Наджиптің «Хұсрау мен Шырын» - оғыз-қыпшақ тілінің негізінде жазылған, қараханидтік дәстүрде жазылған, 3 тілді мұралар қатарында қарау керек деген пікірі өзара байланысты. Ғалымдар пікірлерінің басым бөлігі жазба мұралар тілін лексикалық және фонетикалық тұрғыдан зерттеу нәтижесінде қалыптасты деуге болады.

Бірақ поляк ғалымы А. Зайончковскийдің «Хусрау уа Ширин» шығыс түркі тілінің қыпшақ элементімен жазылған, оның тілі қыпшақ диалектісіне жатады деген пікірін де ескерген жөн [2, 187]. Ескерткіштің тілінде қыпшақ элементі өте айқын көрінеді деген пікірді А.М. Щербактан да кездестіреміз [3, 38].

Орта ғасыр жазба жәдігерліктерінің тілін зерттеу ісі жалпы түркі әдеби мұраларына ортақ қараханидтік жазба тілдің ізімен оғыз және қыпшақ аралас тілінде жазылған деген тұжырымға әкеледі. Сол себепті Алтын Орда дәуірінде жазылған ескерткіштерді зерттеуші ғалымдардың көпшілігі аралас тілде жазылған әдеби мұра деген пікірге ие. А.Н.Самойловичтің: «Он свидетельствует о наличии в языке памятника наряду с элементами северо-восточной группы турецких языков (уйгурской), элементов северо-западных (кыпчакских) и юго-западных (огузских). Это же чередование наблюдается и в «Кисса-и Юсуф» и «Хосрев и Ширин», - деген пікірі осыған дәлел [4, 43].

Хұсрау мен Шырын туралы аңыз XX ғасырға дейін өзгеріп, әртүрлі ақындардың қолданысында өңделіп айтылумен болды. Э.Н. Наджип «Хусрау уа Ширин» поэмасының Низами жазған парсы тіліндегі нұсқасы мен Құтып жазған түркі тіліндегі нұсқасының өзегі бір екенін анықтады.

Поэма Алтын Орда дәуіріндегі құнды, тарихи маңызы бар әдеби мұралардың бірі. Тарихи деректер бойынша жазба жәдігерліктің түпнұсқасы 1341-1342 жылдары Тыныбек шаһзаданың тұсында жазылған. Құтып ақын жазған нұсқа сақталмаған. Қазіргі кезеңге аталған поэманың бір ғана нұсқасы жеткен. Бүл көшірме Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Оны қыпшақ ақыны Берке Факих 1383 Мамлүк (Египет) мемлекетінде көшіріп алған. Берке Факихтың өзі былай дейді:

Тарих йеті йыл сәксән бешіндә,

*Сафар айының йігірмә бешінде,
Йол үзрә не болса бітідім кітап.*

Көшірмені алғаш зерттеушілердің бірі А.Н. Самойлович оны Алтын Орда мемлекетінің ең көне ескерткіші деп бағалады. Бірақ мәтінін түпнұсқадан көшіргенде қателіктер жіберілген, нашар қолжазба деп таныған. Қазақ ғалымы А.Ибатов бұл мәселеге өз пікірін білдірді: «... Көшірме дұрыс жасалмады деп айту орынсыз сияқты. Бұлай айту үшін Құтыптың өз қолжазбасын салыстырып оқып, соны ғана сөзге тиек етіп алуға болар еді. Көшірменің түпнұсқадан қатесіз көшірілуіне Берке Факихтың үлкен мән бергенін өз сөзі дәлелдей түседі:

*Бітідім кітабыны қатасын бақыб,
Бу захмед чәккәнім білгәнсән оқыб.*

Белгілі түркітанушы Б.Э.Бертельс қолжазбамен Парижде танысып, Құтыптың поэмасын сәтсіз аударма деп бағалады. 1945 жылы қолжазбаның тілін зерттей келе М.Ф. Копрюлюзада XIV ғасырдағы оғыз-қыпшақтың аралас әдеби тілі деп таныды. Өзбек ғалымы А.Т. Тагирджанов 1946 жылы ескерткішті әдеби тұрғыдан зерттеп, кандидаттық диссертация қорғады. «Хұсрау мен Шырын» ескерткішін зерттеу ісіне көп еңбек сіңірген поляк ғалымы, түркітанушы А.Зайончковский болды. Ол поэманы ерекше көңіл бөлетін әдеби мұра деп бағалаған еді. Ғалым ескерткіш мәтінін парсы тіліндегі Низами нұсқасымен салыстырып, мұқият зерттеді. 1954 жылы үзінділер (факсимеле) келтіріп, бір кітап шығарды. 1961 жылы ескерткіштің сөздігін және оның стилі мен поэтикасына арналған зерттеу жұмысын жариялады.

1970 жылдардың басында Э.Н. Наджип аталмыш ескерткішті зерттеуді қолға алып, грамматикалық очерктер жазады. «Хұсрау мен Шырын» поэмасы лексикасының түркі қабатын негізге ала отырып жазған тарихи-салыстырмалы сөздігінің бірінші томын жариялады.

Қазақ тіл білімі де осы ескерткіштің зерттелуіне өз үлесін қосты. 1974 жылы А. Ибатов Құтыптың поэмасы материалының негізінде қазақ тілінде «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігін» шығарды. Бұл осы ескерткіштің материалына негізделген Кеңес Одағындағы тұңғыш сөздік болды. Сөздікте 4410 сөз қамтылған. Б.Сағындықұлының 1977 жылы қорғалған «XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы» атты кандидаттық диссертациясында Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» және Сейф Сараидың «Гүлистан бит-түрки» шығармаларының лексикасы салыстырыла зерттелді. 1979 жылы А.Керимов «XIV ғасырдағы түркі тілді әдебиет ескерткіштерінің тіліндегі сөз тудыратын аффикстерді жан-жақты қарастырды.

1983 жылы «Ғылым» баспасынан А. Ибатовтың «Сөздің морфологиялық құрылымы» деген еңбегі жарық көрді. Бұл монография Орта Азия мен Қазақстан халықтары мәдениетінің тарихынан ерекше орын алатын XIV ғасырда жазылған «Хұсрау мен Шырын», «Гүлистан бит-түрки», «Мұхаббат-наме», «Нахдж әл-Фарадис» және «Хандар жарлығы» сияқты жазба әдеби мұраларының тілінде қолданылған сөздердің морфологиялық құрылымын зерделеуге арналған.

«Хұсрау мен Шырын» поэмасын А. Қыраубаева, Н. Келімбетовтер ежелгі дәуірдің әдеби мұрасы ретінде зерттеп, оқулықтарға енгізді [5].

Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының қолжазбасымен Парижде танысқан Е.Э. Бертельс оны Низами нұсқасының аудармасы деп таныса, ал А. Зайончковский Низами нұсқасының аудармасы емес, жарым-жартылай өңделіп барып жазылған туынды поэма деп айтқан.

Ғалым бұл пікірге Құтыптың поэмасының парсы тіліндегі нұсқамен жолма-жол салыстыра отырып анықтау нәтижесінде келген. Белгілі кеңес түркітанушысы Э.Н.Наджип парсы тіліндегі «Хұсрау мен Шырын» шығармасымен түркі тіліндегі нұсқаның өзек арқауы бір екенін анықтай келіп, жартылай оригиналды дербес роман деп таныған [1, 21]. Біз Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы Низамидың парсы тілінде жазылған осы аттас поэмасының түркі тіліне сол күйі қотарылған, жолма-жол және сөзбе-сөз аудармасы емес, Низамидің композициясы мен сюжетін толық сақтай отырып, еркін және шығармашылық жолмен, өз елінің өмір жағдайына сәйкестеп, өз халқының түсінігі мен дағды дәстүріне лайықтап барып жасаған аударма деген А.Ибатовтың пікіріне қосыламыз [44, 11]. Ал осы жәдігерліктің қай жерде жазылған туралы әртүрлі жорамалдар бар: 1. А.Н. Самойловичтің пікірінше, «Хұсрау мен Шырын» поэмасы Алтын Орда ескерткіштерінің ішіндегі ең көнесі және Алтын Орда жерінде жазылған; 2. Наджиптің айтуынша, Алтын Орда жерінде жазылып, кейіннен Мысырда көшірілген [6, 36]. 3. А.Зайончковский бұл ескерткішті Мәмлүк мемлекетінде жазылған, авторы Хорезмнен шыққан ақын Құтып деген [48, 10]. 4. А. Ибатов тарихи деректерді, әлеуметтік қатынастарды зерттей келіп, «Хұсрау мен Шырын» жазба мұрасы Тыныбектің хан сайланған жері Ақ Ордада пайда болған деген тұжырым жасайды [1, 13].

Соңғы пікір шындыққа жанасымды секілді, өйткені, тарихта Ақ Орданың өз алдына жеке хандық құрап бөлініп шығуы XIV ғасырдың басынан, Алтын Орданың ханы Тоқты (1290- 1312) өлгеннен кейін басталды. Оның астанасы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болған. Құтып поэмасын Алтын Орданы билеп тұрған Жәнібекке арнамай, інісі Тыныбекке бағыштап жазған. Сол тұста Мысыр мен Алтын Орда астанасы Сарайдың арасында тығыз байланыстар болып тұрған еді. Тыныбек толық билікке

Тыныбек Ақ Орданы екі-ақ жыл билеп, бақталастарының қолынан қаза тапты. Ал Құтып осы тұста Тыныбекке өзі келіп, сарай ақыны болғанға ұқсайды. Оған мына жолдар дәлел:

*«Мурадым әрди ким бу қапуғла,
Келип йол тапсамән теп бу тапуғда,
Сафар ранжин корруп кач аййам,
Тапуғқа йеттим эмди ош саранжам».*

Мұратым елі сарайға жетпек,
Сенімге кіріп қызмет етпек.
Ауыр да ұзақ жолдардан өттім,
Соңында, міне, арманға жеттім. «

Хұсрау мен Шырын» поэмасы 280 беттен тұрады, әр бетте 42 өлең жолы бар. Мәтін 70 тарауға бөлінген. Э.Н.Наджиптің анықтауы бойынша, Низамидегі 7000 бәйіт орнына Құтыпта 4700 бәйіт болып шыққан. Айырмасы 2300 бәйіт.

Алайда, Алтын Орда жазба ескерткіштері тілінің аралас тілді болып келуіне қарамастан, бастапқыда не оғыз, не қыпшақ тілінде жазылғанын ескерсек, Э.Н.Наджиптің «О средневековых литературных традициях и смешанных письменных тюркских языках» еңбегінің маңызы зор екенін аңғарамыз. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінің шұбарлануын өзбек ғалымы Э. Фазылов сол кездегі әдеби тіл мен сөйлеу тілдерінің және кірме элементтердің қатар қолдануының әсерінен деген пікір айтады [7, 78].

Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштер тілін зерттеуде ғалым Б.Сағындықұлы қазақ тілінің лексикалық дамуының этимологиялық сипатына баса назар аударды [8 106]. Ғалым ескі әдеби жазба тілдің мазмұнына түсінік бере отырып, реконструкциялау әдісі арқылы қыпшақ тілінің кумулятивтік қасиетін ашып көрсетеді. Ғалымның пікірі лексикалық бірліктер мен тілдік белгілерді анықтауда маңызды.

Жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді лингвомәдени деңгейде зерттеуде олардың бойындағы реликтілік элементтерге де көңіл аудару қажет. Жазба ескерткіштің бойындағы көне қалдықтарды зерттеген М.Б. Сабыр: «Реликт тұлғалар тарихи тұрғыдан белгілі бір көне дәуірде бір жағынан өз алдына дербес қолданылған түбір болса, екінші жағынан сөз тудыратын өнімді жұрнақтар ретінде сөзжасамға белсенді қатысқан. Бірақ қазіргі дәуірде лексикалық мағынасы жоқ, этимологиялық тұрғыдан анықталатын тілдік құбылысқа айналған. Сондай-ақ олар қазіргі тілдің өмір сүруіне, дамуына өзек болып тұрған және тарихтың ұзын жолында фоно-морфо- семантикалық өзгерістерді бастан кешкен тұлға», - деп атап көрсетті [9, 21].

Әдебиеттер

- 1.Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы (XІҮ ғ-да Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштер тілі негізінде) Алматы: Ғылым,1983. – 145 б.
- 2.Зайончковский А. К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI вв). // Вопросы языкознания. 1967. N 6. – 10-14 с.
- 3.Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., 1977. – 31 с.
- 4.Самойлович А.Н. К истории среднеазиатского турецкого языка. Ленинград. 1928. – 344 с.
- 5.Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы, 1986. – 248 б.
- 6.Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XІҮ века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Алма-Ата, 1975. – 30 с.
- 7.Фазылов Э. Староузбекский язык. Ч 1. Ташкент. 1966; ЧП. Ташкент, 1971
- 8.Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 2005. – 106 б.
- 9.Сабыр М.Б. Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар (XIV ғасыр). Алматы, 1995. АҚД.

ӘМІР НӘЖІП ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ХОРЕЗМИДІҢ «МҰХАББАТ-НАМЕ» ЖӘДІГЕРЛІГІ

ӘОЖ 80.11

Қаршығақызы Т.

XIII ғасырдың орта шенінде Алтын Орда мемлекеті пайда болды. Алтын Ордаға Дешті - Қыпшақ даласы, ерте кезде даңқы шыққан Хорезм мемлекетінің солтүстік бөлігі бағынды. Мемлекет астанасы – Сарай, Берке қалалары болды. Алтын Орда бірыңғай көшпенділер емес, отырықшылар мекендеген ұлыс еді. Хорезм Еділ бойы, Сырдария өзенінің төменгі ағысында ірі-ірі мәдени ошақтары болды. Сондықтан мұнда архитектуралық құрылыс пен қатар ғылым мен өнер де белгілі дәрежеде дамыды.

XIII ғасырдың орта шенінде Алтын Ордан шалғай батыста Мәмлүк Египеті өмір сүре бастады. Бұл мемлекеттің құрылуы ерекше. Египетке сатылған мәмлүк-құлдар бірте-бірте өкімет билігін өз қолдарына түсіріп алады. Бір атап айтатын жайт, мәмлүк құлдардың басым көпшілігі қыпшақтар мен оғыз болатын. Бұл мемлекеттің негізін қалаушы – сұлтан Бейбарыс та қыпшақ еді. Міне, осы мәмлүк Египеті Алын Ордамен ұзақ уақыт дипломатиялық және мәдени байланыс жасаған. Бұлар сол кездегі ғылымның, мәдениеттің, әдебиеттің ірі орталықтары болды. Алтын Орда мен Мәмлүк Египетінде ғылым мен әдебиеттің шарықтаған, дамыған дәуірі - XIV ғасыр. Бұл кезеңде Алтын Орданы Өзбек ханы мен Жәнібек хан билеген еді. Бұл хандар мемлекеттің мәдениеттің дамуына көңіл бөлді. XIV ғасырда көптеген діни кітаптар, әдеби шығармалар түркі тіліне аударылды, ғылыми еңбектер жарық көрді. Тіпті, кейбір ақын-жазушылар ана тілі - түркі тілінде шығармалар жазады.

Ана тілінде өлең шығарған ақынның бірі - Хорезми. Бұл кісінің шын - аты белгісіз, Хорезми - лақап аты. Біздің заманымызда ақынның “Мұхаббат-наме” деп аталатын бір шығармасы ғана келіп жетті. Ақын дастанының соңында 1353 жылы аяқталғанын, оны Сырдария өзенінің жағасында жазғанын ескертеді. Дастанды Ақ орданың жергілікті билеушілерінің бірі – Мұхаммед Қожабектің өтініші бойынша жазған. Ақын дастанды атақ, ақша, мал үшін емес, игі мақсат үшін - махаббатты мадақтау үшін жазғандығын атап айтады. “Мұхаббат-наме” адамды баурап алатын асқақ лирикалық сарынмен жазылған.

Дастанның негізгі бөлегі – он бір хат. Бас жағында ұзақ кіріспе, соңында парсы тілінде жазылған шағын әңгіме бар. Бұлардың “намеге” қатысы жоқ. Хаттардың ара-арасында мәснәуи мен ғазалдар да бар. Бұлар да тақырыпқа байланысы жоқ, шағын-шағын өлеңдер.

Қазіргі таңда “Мұхаббат-намені” төрт көшірмесі бар. Екеуі Лондондағы Британ музейінде, екеуі Стамбул Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Лондондағы көшірмелер ғылыми жағынан құнды. Біреуі - ұйғыр жазуымен, біреуі – араб жазуымен жазылған. Ал, Стамбул да сақталған көшірмелер үзінділер ғана.

Араб вариантын Э.Н.Наджип, ұйғыр вариантын А.М.Щербак өз алдына кітап етіп бастырып шығарған.

Алтын Орда мен мәмлүк Египетіне ортақ әдеби тіл болған. Бұл әдеби тіл Э.Н.Наджиптің зерттеуіне қарағанда көне түркімен тілі, оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз сияқты тармақтарға бөлінген. Біз сөз етіп отырған “Мұхаббат-наме” қыпшақ-оғыз әдеби тілінде жазылған. Яғни, қыпшақ тілдерінің қазіргі мұрагерлері - қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінің бір кездегі әсері айқын байқалады.

Белгілі қазақ ғалымы Ә.Құрышжанов қазіргі түркі халықтарының әдеби тілінің тарихын мынадай төрт кезеңге бөледі.

1. Көне түркі дәуірі (V-VIII ғасыр)
2. Ескі түркі дәуірі (XI-XV ғасыр)
3. Жаңа түркі дәуірі (XV-XIX ғасыр)
4. Совет дәуірі (XX ғасыр)

Бұл жіктеу бойынша “Мұхаббат-наме” ескі түркі дәуіріне жататын ескерткіш. Жаңа дәуірдің әдеби тілінің дамуын тереңірек түсіну үшін, ескі дәуірдің әдеби тілі екжей-текжейлі зерттелуі қажет. Осы мақсатта Орта ғасыр ескерткіштерінің жалпы лексикалық сипаты қандай деген сұраққа жауап берейік. Қай ескерткішті қолға алсақ та оның лексикалық құрамы, шығу төркіні жағынан екі бөліктен тұратыны байқалады: 1) түркі сөздері, 2) араб және парсы элементтері. Араб, парсы элементтерінен бұрын түркі сөздеріне көңіл бөлетін болсақ, Б.Сағындықов жіктеуі бойынша, оларды ең алдымен екі топқа бөлуге болады:

- 1) Көнерген сөздер (архаизмдер)
- 2) қазіргі түркі тілінде сақталған сөздер.

“Көнерген сөздер” деген термин шартты. Шартты болатын себебі, ескерткіштегі бірқатар сөздердің қазіргі тілдердің тұрғысынан архаизм болып есептелінгенімен, сол ескерткіш жазылған дәуірде архаизм болмауы әбден ықтимал. Алтын Орда дәуірінде немесе Қарахан әулеті билеген дәуірде қандай сөздер архаизм еді деген сұраққа ғылым әзір жауап бере алмайды. Себебі, сол дәуірдегі ғалымдар қай сөздің көнергені немесе жиі қолданылатыны жөнінде ешқандай мәлімет қалдырмаған.

Ескерткіште қазіргі тілдердің тұрғысынан көнерген сөздер түбір күйінде де, біріккен, тіркескен, қосарланған сөз түрінде де фразеологиялық тіркес түрінде де кездеседі.

Көнерген сөздерді де ішінен үлкен төрт топқа бөлуге болады:

1. **Қазір түркі тілдерінде мүлде ұшырамайтын сөздер.** Мысалы, *өкүш* (көп), *ул* (негіз), *епиши* (әйел) т.б. Мұндай сөздердің мағынасы Орхон-енісей, ескі ұйғыр ескерткіштері арқылы немесе тарихи ескерткіштер арқылы анықталады.

2. **Мағынасы жағынан архаизмге айналған сөздер.** Мағынасы жағынан көнеру көбіне көп мағыналы сөздердің арасынан кездеседі. Мысалы, *ағыр* сөздің қазақ тіліндегі мағынасы - ауыр, антонимі - жеңіл. Осы сөздің ескерткіште “құрметтеу” деген мағынасы бар.

3. **Фонетикалық тұлғалануы жағынан көнерген сөздер.** Мұндайда белгілі бір сөздің бір дыбысы ғана қазіргі тілдердің тұрғысынан архаизм болып есептеледі де басқа дыбыстары сол күйінше дыбысталады. Мысалы ескерткіште *адақ* қазіргі тілдерде *айақ*, немесе ескерткіштерде *қанда*, қазіргі тілдерде *қайда*. Бөл сөздердегі *д* және *н* дыбыстары көнерген.

4. **Тібір морфеманың, қосымша морфеманың көнеруі арқылы көнерген сөздер.** Мұндай жағдайда кейбір сөздердің түбірі тірі, жұрнағы өлі болып кездессе, кейбір сөздер керсінше, түбірі өлі, жұрнағы тірі күйінде ұшырасады. Мысалы, артықсы – деген сөздің ескерткіштегі мағынасы - артық. Бұл – сы жұрнағынсыз қазіргі тілдерде осы мағынасында қолданылады. *Берчы* (жүзімші) деген сөздің түбірі *бор* (жүзім) қазіргі тілдерде кездеспейді, ал - *чы* жұрнағы өнімді жұрнақтардың бірі.

Көнерген сөздердің қатарына *үз атқучы* (мерген), *қара құлақ* (қорқау қасқыр), *қараваши* (күң, қызметші әйел), *арты* – арқасы (тіреу), *улус* – *ел* (халық), *еркак* – *тиши* (әйел-еркек) сияқты біріккен, тіркескен, қосарланған сөздерді жатқызуға болады.

Ескерткіште сонымен қатар *иуз сувын то”ди* (ұятқа қалдырды), *елин иузинга урды* (бетін басты, ұялды), *сучуг тиллиг* (майда тілді), *сөз қабгын ачты* (сөз тиегін ағытты), *елиг туттачи* (жәрдем беруші) сияқты фразеологиялық және формалық айырмашылықтары әртүрлі тіркестер мен сөздер бар.

Алтын Орда дәуірінде жазылған ескерткіштердің лексикасында түркі тілдеріне түн сөздердің шамамен 70-80 проценті (азын-аулақ фонетикалық өзгешеліктерін есептемегенде) қазіргі тілдерде кездесетіндігін зерттеушілер дәлелдеп отыр. Барлық түркі тілдері дегенде, әрине, әңгіме ескерткіштерге қатысы бар-ау деген өзбек, ұйғыр, түрік, түркімен, азербайжан, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ тілі жөнінде. *Ай, күн, йер, йел* сияқты сөздер барлық түркі тілдерінде кездеседі. Мұндай сөздер кез-келген ескерткіштің кем дегенде үштен екі бөлегін құрайды. Алайда қазіргі тілдерде сақталған сөздердің сандық ара қатынасы біркелкі емес.

Ескерткіште бір алуан сөздер қазіргі тілдердің бір тобында сақталған болса, бір тобында мүлде ұшырамайды. Сондықтан да мұндай сөздерді тілдердің қай тобында кездесуіне қарай:

а) оғыз тобындағы тілдерге ғана тән сөздер, ә) қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге ғана тән сөздер, б) қыпшақ тобындағы тілдерге ғана тән сөздер деп үшке бөлген: Әрине, мұндай сөздер қазіргі түркі тілдеріне ортақ сөздерге қарағанда әлдеқайда аз. Мысалы, мына сөздер тек оғыз тобындағы тілдерде ғана кездеседі: *олын* (маңдай), *құрт* (бөрі), *қјнді* (гз), *ортіклі* (жасырын), *сосан* (жуа), *чоє* (кгі), *қарынча* (құмырсқа), *йылдырым* (найзағай) т.б.

Мына сөздер тек қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерде ғана кездеседі: *асиг* (пайда), *андаг* (сондай), *белгір* (пайда болу, біліну), *билј* (бірге), *ондір* (гісіру), *жұмеак* (ойыншық) т.б.

Мына сөздер тек қыпшақ тобындағы тілдерде ғана кездеседі: *басын* (басыну), *бақлан* (баалан), *бақыр* (жез), *ентик* (ентігу), *йимјн* (имену), *кавурт* (қауырт) т.б.

Хорезмидің “Мұхаббат-наме” ескерткішінің тілі сан қырлы. Дастанды зерттеудің қазіргі тілдердегі мағынасы түсініксіз, көмескі сөздердің түп-төркінін ашу үшін де маңызы зор. Қорыта айтсақ, “Мұхаббат-наме” жазба мұрағат ретінде қазақ әдеби тілінің қалыптасуының негізгі көзінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Сағындықов. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы. – Алматы. 1977. АҚД.
2. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. (мақалалар жинағы). – Алматы. 1981.
3. Құрышжанов Ә. Исследование по лексике “Тюркско-арабского словаря”. – Алма - ата. 1970.

Бұл бөлімде Ә.Қайдар ұсынған «індете зерттеу» принципін қолдана отырып, қазақ және татар халықтарының өзі туралы мақал-мәтелдерінің тілде пайда болу уәждерімен ауыс мағыналары, олардың мазмұнындағы этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректер қарастырылады. Әр халықтың өзі туралы айтылған мақал-мәтелдерінде халық өмірінің сипаты, ұлттық психологиясы көрініс табады. Қазақ халқы өзі туралы: түбірі бір түркіміз, ұраны бір қазақпыз; киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз- деп кейінгі ұрпаққа өз тарихынан, тұрмысынан мағлұмат береді. Осы өсиет сөздердің мазмұнына тереңірек үңілсек, түбі бір түркі жұрты бір одаққа біріккенде ортақ ұраны «Алаш» болғанын, түркі әлемінің ата жұртында қалыптасқан қазақ халқының ортақ ұранына айналғанын көреміз. «Керегеміз ағаш» дегендегі меңзеп отырғаны киіз үйдің біздің заманымыздан көп бұрын болғандығын дәлелдейді. Ал «атамыз Алаш»- сөзіне келсек, Шоқан Уалиханов зерттеулерінде Алаш ескі дәуірдегі қазақ тайпаларының жиынтық аты еді дейді [1,18].

Татар халқының өзі туралы айтылған мақал-мәтелдері де оның шаруашылығына, салт-дәстүріне, мінез-құлқына, тарихи оқиғалар т.б. жағдайларға байланысты туған. Мақал-мәтелдерінде татарлар өздерін турашыл, қызу қандымыз деп мақтанады. Мысалы: «Татар бар жерде қатер бар» деп тегін айтылмаған [2,7].

Енді осы екі халықтың мақал-мәтелдерінен шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, кәсібіне байланысты ортақ тұстары мен өзгешеліктерін қарастырайық. Мақал-мәтелдердің едәуір бөлігі белгілі бір географиялық шеңберде, тек сол халыққа тән болмыс-тіршілікке байланысты туып қалыптасқандықтан татарларды суармалы егісті, бақша жерінде туған және қазақтың жазық даласында өрбіген мақал-мәтелдерінде айырмашылықтарда, ұқсастықтарда болмай қоймайды. «Тары жесең таңдайыңа» мақалы халықтың күнкөрісінен туған. Қазақ дихандары ерте кезден тарыны егу мен баптау әдістерін жақсы меңгеріп, мол өнім алып отырған. Осыған байланысты «Бидайдан бір тамса, тарыдан екі тамады», «Тары жеген тарықпас» мәтелдері айтылады [3,25]. Татар тіліндегі мұндай мақал-мәтелдер саны тіптен көп: «Тары чәгмәгән жир калмады, дисәтник булмаған ир калмады» [4,56]. Көріп отырғанымыздай бұл екі туысқан халықтың кәсібінің ұқсастығы тұрмысы мен мал шаруашылығында. Екі халық та үй жануарларының жай-күйін білгендіктен, олардың тілдерінде үй жануарлары туралы халық бақылауының көп жылдық тәжірибесінің жемісі, нәтижесі, өмірден, тұрмыстан туған мақал-мәтелдер көп. Төрт түлік жайлы мақал-мәтелдер. Олардың әрқайсысының сыр мінезі, түр-түсі, ерекшелігі, шаруаға пайдасы жан-жақты анықталып, мінездеріндегі кейбір ерекшеліктеріне дейін аңғарылады. Екі халықтың мақал-мәтелдерінде де қой, ешкі, сиыр, жылқы туралы ортақ, ұқсас ойлар бар. Сиыр малы жөнінде қазақ және татар мақал-мәтелдерінің ортақ, ұқсас ойларға мына мақалдар мысал бола алады [5,26]. «Сиырдың сүті тілінде», «Адам сөзінен жазады, сиыр мүйізінен» деген мақалдардың мағынасына «Сыерың қаймаклы булса, қазаның космаклы булыр», «Ике сыерлының әйрәне бар, ике хатынлының вәйралы бар» [6-58,97]. Төрт түлік мал өсірген халқымыздың бірсыпыра дана сөздері жылқы малына байланысты. Қазақ «Тұлпар желіден танылады» деп малды сынап тани білетін бапкер құлын, кезінде желіде байлаулы тұрған кезінен-ақ, дене мүшелері тұлпардың қасиетті тегін танып білген. Жақсы адам болар бала кішкентайынан-ақ ерекше қасиеттерінен білінетінін, тектілігін жас күнінен-ақ байқауға болатынын осы мақалмен аңғартады. «Тұлпары бар кешедә Алпамышның көче бар, тамағы тук кешенәң тәңре белән ни эше бар». Татар халқының бұл мақалы да осыны толықтыра түскендей.

Төрт түліктің киесі атанған түйені қазақ «Түйе мал қасқасы» деп құрметтеген. Татар мақалы: «Толдәй буең булганчы, тәймәдәй уең булсын» немесе, «бер хатының хәйләсе кырык төлге йок булыр» деп түйе малының ертеден-ақ жегуге, пайдалануға таптырмас күш иесі екендігін танытады.

Сонымен екі халықтың да даналық ойларының жемісі мақал-мәтелдер осы халықтардың төрт түлік мал әлемі жөніндегі түсінігі, көп жылғы тәжірибеден, бақылаудан туған ұшқыр ойдың қорытындылары образды бейнелеу арқылы адам психологиясына ауыстырылғанын көреміз. Халық танымының түйінді ойлары тұжырымдалған мақал-мәтелдер төрт түліктің байлықтың, молшылықтың т.б. бейнесі ретінде танушылық та осы түліктерді тұрмыс-тіршілікте пайдаланғаны да мәйекті сөздер түрін, де мейлінше айқын көрінеді.

Ас-тамақ тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер. Әр ұлт қауымында сан қилы тағамдардың барлығы, яғни өздері үнемі дайындап қолданатын, астардың ұлттық тағамдар деп аталатыны белгілі. Осы ұлттық тағамдардың жасалу технологиясы мен сан алуан табиғатын білдіретін, оларға қатысты неше түрлі ұғымдарды сипаттайтын мыңдаған атаулар мен жүздеген тұрақты тіркестердің қатарында мақал-мәтелдердің баршасы тілдің ежелгі де байырғы және құнарлы қорына еніп, ұлттық менталитеттің

тілдегі бейнелі бір көрінісі болып, есептеледі. Яғни олар екі тілде де уәждік мәні ұқсас, бір-біріне жақын болып келеді[7,13].

Ас иесімен тәтті, табағымен сәнді. (Қазақша)

Аягына карап ашын эч, анасына карап кызын коч. (Татарша)

Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарылсын. (Қазақша)

Кашык ашаганда кадерле. (Татарша)

Енді мына бір мақалға назар аударалық. Татар халқында: «Капка төбелә кодасым килсә, саба белән турсыгым», «Яман атка ял бетсә, янына турсык бәйләтмәс». Дәл осы мақал біздің халқымызда да бар. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас».

Мұндағы «торсық» сөзі екі халыққа да ортақ, су, қымыз, және басқалай сұйықтық құю үшін арналған ыдыс. Немесе «саба» сөзі. Бұл сөз басқа түркі тілінде де кездеседі. Татарлар: «Сабасына күрә кешкәге», «Сакалына күрә әскәге, сабасына күрә кешкәге» - дейді.

Бұл мақал-мәтелдер ұлтты өзіндік ерекшелігі мен мінез-құлқынан, салт-дәстүрінен, оның ойлау, түсіну, сезіну түрінен хабардар ететінін, олардың бірдей халық рухының жемісі екенін тағы да дәлелдейді.

Сауда-саттыққа байланысты мақал-мәтелдер. Сауда-саттық тым ертеден-ақ татарлардың қоғамдық және экономикалық өмір өмір тіршілігінің маңызды салаларының бірі болып келгендігі мәлім. Татарлар сауда-саттық кәсібін тіршілік жолы деп қараған. Бұл кәсіпке үнемі оң көзбен қараған. Саудагер жоғары мәртебеге ие болып келген. «Байыйым дисәң, сәудә ит», «Сәудәгернең яманы-арапыға жалын сатып алир», «Сәудәгер –кашык, ил-дингез». Еділ және Кама бойындағы татарлар Азия мен Еуропаны қосатын сауда жолдары арқылы дүниенің әр түкпірінен келетін саудагерлер Бұлғарларда жиі болған. Құмырысқа шекер дәмін қалай білсе, татар халқы да сауданың ебін солай білген. Әсіресе Қазан татарлары. Ғалымдар бұл кәсіби мұра арғы аталары бұрынғы бұлғарлардан дарыған деп есептейді. Ал, керісінше, қазақ халқы кәсіптің бұл түріне бейімделмеген. Сондықтанда сауда-саттық тақырыбындағы мақал-мәтелдері де өте сирек. «Саудада достық жоқ», «Сауда сақал сипағанша». Бұл мақал-мәтелдердің өздері де қазақ даласына татарлардың, онымен қоса сауданың келуімен татар тілінен енген мақал-мәтелдер.

Әдебиеттер

1. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи древней Евразии. -
2. <http://adyrna.kz/?p=1043> Серік ПИРНАЗАР, журналист АЛТАЙЛАР 5-Қыркүйек, 2010
3. Сиразиев И.И. Арабский пласт лексики современного татарского литературного языка: Дис. ... канд. филол. наук / И.И. Сиразиев; Казан. гос. ун-та. –Казань, 2002. -177 с.
4. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1968.
5. Мұқанов С. Он алты томдық шығармалар жинағы. 16-том. –Алматы: Жазушы, 1980.
6. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы//Абайдың өмірі мен творчествосы. –Алматы: АН КазССР, 1954.
7. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сарай и его язык. – Алматы: Наука, 1975. —Ч. 1. —208 с.

ҒАЛАМДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

ӘОЖ 80.13

Каримова Б.

Мемлекет пен тіл, ұлт пен діл сабақтас, тығыз байланысты ұғымдар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі. Мемлекет құраушы ұлттың тілі осы елдің барлық этникалық топтарын, азаматтарын ұйыстырушы негізгі күш. Елді біріктіруші фактор қазақ тілі болуы қажет. Кеңес үкіметі тұсында бірыңғай орыстандыру саясатының салқыны айтарлықтай ықпал етсе де, қазақ әдеби тілі көркем, бай қалпында бүгінге жетіп отыр. Татар ақыны Хасан Туфан «Сырлы тіл, жырлы тіл, нұрлы тіл – қазақ тілін ғасырлар бойында қастерлеп сақтағандарыңыз үшін, қазақ бауырлар, сіздерге рақмет» деген еді.

1991 жылы тәуелсіздігіміз жарияланғаннан кейін, қазақ тілінің дамуына жол ашылды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. Міне осындай мүмкіндік туғанмен, қазақ тілінің шын мәнінде толыққанды мемлекеттік тіл болып даму жолында бірнеше кедергілер бар болып шықты. Басты кедергі Қазақстанның байырғы халқы қазақтардың біршама тобының қазақ тілін шала білуі екені байқалады. Оның ішінде ана тілін мүлде білмейтін, ұлттық тамыры үзілген ұрпақтар да бар.

Екіншіден, тарихи тағдырдың себебінен Қазақстанда көптеген ұлт өкілдері қоныстанды, өсіп, өнді. Біртұтас кеңес үкіметі тұсында жергілікті халықтың тілін, дәстүрін білу қажет болмағандықтан, олар орыс тілімен өмір сүрді.

Тіл саясатын жүргізуде басқа ұлттардың мүддесінің тапталмауын да үкімет басты назарда ұстап отыр. Бірақ толыққанды тіл саясатын жүргізу үшін еліміз көпэтносты, көпконфессиялы дегенді көлденең тарта беруге болмайды. Профессор А.Тайжанов былай дейді ... ««Халық», «этнос» -көне заманнан бері белгілі бір аумақта пайда болған, өзінің тілін, әдет-ғұрпын, ұлттық психологиясын, экономикасын, мемлекеттілігін қалыптастырған үлкен әлеуметтік топ. Бізде оған ие бола алатын тек қазақ халқы ғана. ҚАЗАҚСТАН-егемен ел, унитарлы мемлекет, ал қазақтар өзінің станы бар, тұрағы бар, пайда болған орны бар этнос. Құдай бізді осы жерде жасаған, басқаларды басқа жерде. Олай болса, мемлекет құраушы қазақ, қазақ ұлтынан басқалардың бәрі – біздің елімізге 4 күн бұрын келсін, 400 жыл бұрын келсін ДИАСПОРАЛАР»[1, 50]. Тәуелсіздік алған он жеті жылдың ішінде еліміздегі көптеген ұлт өкілдері бір атаның баласындай бірлесе отырып, экономикалық даму жолына түсті. Қазақстанда мемлекет құраушы, титулды этнос қазақ ұлты екендігін бәрі де біледі. Ал мемлекеттік тілді үйреніп қана қоймай толықтай меңгеру – қазақтарды айтпағанда, барлық диаспоралар мен этностық топтар өкілдерінің азаматтық парызы. Елбасы өзінің жолдауында «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін, одан әрі дамытуға бар күш жігерімізді жұмсауымыз керек», - деген еді.

Қазақстанның даму жолы айқын. Алдыңғы қатарлы дамыған, өркениетті елу елдің қатарына кіру негізгі мақсат. Ал өркениетке ілесу ғаламданумен қатар жүретін құбылыс. Ұлттық мәдениет пен тіл алдында ғаламданып, ұлттық сын-сипатынан айырылып, өркениетті елдің мәдениетіне бой ұсыну қауіпі де бар. Әдетте ХХІ ғасыр өркениеттер қақтығысының ғасыры деген де пікір қалыптасқан. Дүниежүзілік мәдениеттану ілімінде бірнеше тұжырымдар бар:

- біз ғұмыр кешіп отырған уақыт өркениет атаулының ақырғы кезеңі, бәлкім, оның жан тәсілім сатысы;
- қазіргі заман –«өркениеттер дағдарысының алаңы»;
- жаһандану – барша ұлтпен ұлысқа төнген бұлтартпас құбылыс.

Әлемдегі іргелі, күшті елдердің арасындағы бәсекелестік ендігі кезекте өркениеттер текетіресіне ұласып отыр. Белгілі американдық әлеуметтанушы С.Хантингтон өзінің «Өркениет қақтығысы» атты кітабында: «В мире после «холодной войны» наиболее важные различия между людьми уже не идеологические, политические или экономические. Это культурные различия. Народы и нации пытаются дать ответ на самый простой вопрос... Кто мы есть?...Они идентифицируют себя с культурными группами: племенами, этническими группами, религиозными общинами, нациями и – на самом широком уровне – цивилизациями. Не определившись со своей идентичностью, люди не могут использовать политику для преследования собственных интересов» [2, 17] деген еді.

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздік алып, коммунизм елесінен есін жиған қазақ халқы өз тарихын өзі жазып, рухани мәдениетін түгендеуде. Осы тұста өркениет пен мәдениеттің ара-жігін ажыратып алған дұрыс. Түрік ойшылы Зия Көкалып бұл мәселені былай түсіндіреді: «Мәдениет ұлттық, ал өркениет халықаралық категория. Мәдениет бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, тіл, экономика және тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы. Өркениет болса, дамудың ортақ деңгейінде тұрған көптеген ұлттың қоғамдық жиынтығы». Яғни өркениет адамзаттың әдіс-тәсілдері арқылы, түрлі ғылымдарды игеру негізінде жасаған құрал жабдықтары. Біз оны сол күйінде басқа елден ала саламыз. Адамзат жасаған дайын өнімді қайта жасаймыз деп әуре болмаймыз. Ал мәдениет ондай емес. Мәдениет бір ұлтқа тиесілі. Мәдениет ұлттың жан дүниесі. Оны қолдан жасай алмаймыз. Ұлттық мәдениет ғасырлар бойы қалыптасады. Ұлттың тілі, ділі, діні, музыкасы, дүние танымы, салт - дәстүрі ұлттық мәдениеттің негізгі ұстындары.

Қазіргі таңда еуропалық ұлттарға ортақ Батыс өркениеті бар. Сол өркениеттің аясында өзіндік бет-бейнесін сақтаған неміс мәдениеті, ағылшын мәдениеті, француз мәдениеті қатар өмір сүріп жатыр. Ал тамырын тереңнен тартқан түркі өркениетінің құрамында да қазақ мәдениеті, татар мәдениеті, өзбек мәдениеті, қырғыз мәдениеті т.б. түркі халықтарының мәдениеті өмір сүріп жатқаны аян.

Бүгінгі заманғы Еуропа ғалымдары өркениеттің мынадай 8 түрін атап көрсетеді: батыстық, исламдық, индуистік, конфуциандық, жапондық, православ-славяндық, латынамерикандық және африкандық. Көріп отырсыздар білсе де түркі өркениеті дегенді айтпайды. ХХІ ғасырға рухани азаттық алып, рухани жанғыру үстінде отырғанда өз тарихымызды өзіміз жазып, көкейіміздегіні жарқырата айтып, түркі өркениетінің әлемдегі орнын нақтылау - басты міндет.

Белгілі әлеуметтанушы Овальд Шпенглер өзінің «Европаның ымырт шағы» кітабында мәдениеттің де дүниеге келу, өсу, өркендеу, құлпыру, тоқырау, қартаю кезеңдері болатынын ескерте келіп, жан-тәсілім қылар алдында өркениетке ұласатынын айтады. Бірақ мәдениет мүлде өліп қалмайды өркениет алаңында қарабайыр өмір сүріп, автоматтандырылған, ағымдағы сұраныстардың жетегінде кетеді деп болжайды. Ғалымның бұл бағасы бүгінгі алдымызда тұрған жаһандану құбылысының талап тілегімен үндесіп жатыр. Қоғамтанушылардың бір тобы жаһандану ұлттық мемлекеттердің мәнін жойып, олардың орнын ұлттан жоғары халықаралық ұйымдар басады деп тұжырымдайды. Дегенмен шындап келгенде ұлт пен ұлттық мемлекеттердің 2018 сахнасынан ығысуы мүмкін емес екенін өмірдің өзі көрсетті. Жаһандану құбылысының өзі ұлттық мәселені өткір қойғызып отыр. Кеңес үкіметі ыдырап, Орта Азиядағы көптеген ұлттық мемлекеттердің тәуелсіздік жариялауы, тіпті Европаның өзінде

Хорватия, Словения, Македония сияқты мемлекеттердің пайда болуы - соның айғағы. Дегенмен ғаламдану ұлттық мәдениет үшін қанша қауіпті болса да жаһанданудан бас тартып, томаға тұйық отыра алмаймыз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев жақында қазақ басылымдарының редакторларымен болған сұхбатында: «Біз жаһанданумен күресуді емес, жаһандануға бейімделуді алдымен ойлауымыз керек. Сөйткенде ғана тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт-ғұрпымызды сақтап қала аламыз», - деді. Әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениет тоғысында, сол мәдениеттің негізгі нышаны ана тілін сақтау әрбір саналы ұлттың мақсат-мұраты. Ал түркі өркениетінің бір тармағы қазақ мәдениетінің негізі сүйенері –тіл. Тіл - тәрбие діңгегі, тіл - білім-ғылым игерудің көзі, тіл ұлттың жаны. Белгілі ақын Қадыр Мырзалиевтің «адамның жаны бар сияқты ұлттың да жаны бар. Оның тілі мен жаны табиғи тығыз байланысты. Тілінен айрылған халық міндетті түрде ұлттық қасиетінен айырылады», - деген сөзі ұлттық болмыстың өзегі ана тілде жатқанын көрсетеді.

Президентіміз ұсынған «үш тұғырлы тіл мәдени жобасы» ел ішінде қарама-қайшы пікірталастар туғызды. Елбасы жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Бұл экономкасы қарқынды дамып келе жатқан ел үшін көкейкесті мәселе. Бірақ үш тілді игеру өте күрделі психологиялық құбылыс. Көптеген қазақ зиялылары бұл жобаға сын көзбен қарап, мемлекеттік тілдің дамуына кедергі болатын үрдіс деп тануда. Дейтұрғанмен, Елбасы өз сұхбатында бұл мәселенің түйінін шешіп берді. Қазақ тілі екі халықаралық тілдің көлеңкесінде тоқырап қалмай ма деген күдікті «қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі –Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді», - деп сейілтті. Елбасының «тілге қамқорлықты алдымен тыныштыққа қамқорлықтан бастау керек. Менің ел басшысы ретіндегі де, қазақ ретіндегі де парызым қазақ тілін өсіріп, өркендету» деген ойларына сүйене отырып, қазақ тілін насихаттаудан гөрі, талапты күшейту керек. Қазіргі таңда үш тұғырлы тіл жобасына сүйеніп, мектептерде бастауыш сыныптан ағылшын тілін оқытуды бастап кетті. Бала ең бірінші ана тілінде оқып, дүниені ана тілінде тану керек. Екі тілде шатып-бұтып сөйлегенмен, сауатты жазып, әдеби тілде сөйлей алмайтын «жартыкеш» мәдениетті қазақтар баршылық. Ағылшын тілін тым ерте оқытып, баланың санасын шатастырып, үш тілде де жарытып сөйлей алмайтын жаңа қазақты қалыптасырып жатқан жоқпыз ба деген күдік туады. Қай тілді балаға қай кезде үйретуді ғылыми негіздеу қажет. Тіпті ағылшын тілін балаға тікелей, ана тілінсіз үйретеміз деп белсеніп отырған мұғалімдер бар. Шет тілін үйретуде аудиторияда ана тілін қолдану не қолданбау мәселесіне дүнижүзінде лингвистердің арасында талас пікірлер бар. Дегенмен шет тілін ана тілі арқылы үйретуде жоғары нәтиже бар екенін көп ғалымдар мойындады. Неміс лингвисті Вольфганг Буцкамм шет тілін үйретуде ана тілін жүйелі қолдану идеясын ұсынды. Оның теориясы бойынша ана тілін жүйесіз, мақсатсыз қолдануға болмайды. Шет тілін үйренуде және үйретуде ана тілі өте маңызды ресурс.

Бала ана тілі арқылы дүниені таниды, тілдің символдық қызметін меңгереді, адамдармен қарым-қатынас жасауда грамматикалық құрылымдарды пайдаланады, оқуға, жазуға дағдыланады. Осының бәрі шет тілін үйренуде оған тірек бола алады [3]. Түптеп келгенде, бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе өз халқына қызмет ете алмайды. Елбасы «Қазақ тілін үйрету мектепке дейінгі білім беру жүйесінде орын алу керек» деп ескертіп отыр. Ақыл, өнеге, білім балаға бірінші ана сүтімен дару керек. Тана сүтімен кіретін екінші, үшінші тілдер қосымша білім, қосымша мағұлымат. Атамыз қазақ «жеті жұрттың тілін біл» деп тегін айтпас кеерк-ті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Тайжанов А. Мемлекеттік тіл саясаты: әлеуметтік-философиялық талдау.// Мемлекеттік тіл саясаты: жаңа кезең мен жаңа міндеттер (III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция), Орал, 2011 ж.
2. Хантингтон С., Столкновение цивилизаций.-М.,2003г.
3. Вольфганг Буцкамм <http://ru. Wikipedia.org/ wiki/>
- 4.Қазақстан Республикасы Президенті –Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
5. Освальд Шпенглер. Закат Европы., М., 1993 г.
6. Айталы А., Жааһандану және ұлт мәселесі. «Егеменді Қазақстан» газеті, 2008 ж. 27 ақпан.

ПРОФЕССОР Н.Ф.КАТАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 80.12

Айтбаева К.А.

Он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмамыншы ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы тюркология ғылымының шежіресінде профессор Николай Федорович Катановтың есімі ерекше аталады. 1884-1922 жылдар аралығында тынбастан іздене және зерттей жүре Еуразия кеңістігіндегі түркі халықтарының салт-дәстүрі, өркениеті, ауыз әдебиеті, тілі жөніндегі жетекші ғалымға айналды... Мұндай жоғарғы ғылыми табыс бірден оңайлықпен келе қоймағаны өзінен-өзі белгілі. Сонау Санкт-Петербург қаласындағы (1884-1888 жж) оқыған студенттік жылдардағы Оңтүстік Сібір мен Шығыс Түркістанға жасаған алғашқы экспедициялары, одан соң императорлық Қазан университетінде оқытушылық қызметте жүргендегі (1894-1922 жж), Алтай-Саян, Синьцзянь-Ұйғыр, Еділ және Жайық бойларын мекендеген халық тұрмысын комплексті зерттеп, әлеуметтік-экономикалық, өркениеттік өміріне терең назар аударып, тынымсыз ізденуі отандық тюркология ғылымының ұшар басына алып келді...

Ол өзінің ғылыми ұстанымында Орта Азия мен Моңғолия, Сібір, Шығыс Түркістанды зерттеген ұлы ғалымдар Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, Н.М.Пржевальский, ағайынды Г.Е. және М.Е.Грум-Гржимайло, В.И.Роборовский, В.В.Радлов, П.И.Лерх, В.А.Обручев, П.К.Козлов, Г.Н.Цыбиков, Н.И.Веселовский, В.В.Бартольд, В.А.Жуковский, К.Г.Залемандардың зерттеу еңбектерімен терең танысып, тәжірибесін басшылыққа алды. (Уәлиханов, 1987; Потанин, 1881-1883; Пржевальский, 1870; Пржевальский, 1883; 1948; Николай Михайлович Пржевальский туралы естеліктер., 1890; Роборовский, 1949; Радлов, 1866-1907; Радлов, 1888-1902; Обручев, 1897; Козлов, 1913; 1907-1909: Таулы Азияға экспедиция, 1923 т.б.).

1888 жылы Н.Катанов өзінің алғашқы сапарын бастап Санкт-Петербургтен шығып Сібірдің байтақ даласына жол тартты. 1889 жылы қаңтардың 19-да ол Красноярск қаласына, одан соң Минусинскі мен Асқыз елді мекендеріне жетті. Жас ғалымның бірінші экспедициясы Урянхай өлкесіне (Тува) арналды.

Экспедиция бағдары Урянхай даласындағы 14 елді мекен мен халық тығыз орналасқан жерлерге бағытталды. Экспедиция Тұран, Ұлық-кеме, Бом-кемчик өзендерінің аңғарларын бойлай отырып, 700 шақырымнан аса жол жүреді. Бұл сапарында Тува халқының ауыз әдебиеті нұсқалары – өлең-жырлар, жұмбақтар, ертегілер, шамандардың діни наным-сенімдері мен дұғаларын жинады.

Тувадағы сапарынан ол 1889 жылы 27 тамызда Асқызға қайтып оралады. Сол жерде өзінің жерден ғылыми жетекшісі В.В.Радловқа хатын жолдайды: «Дневник путешествия, со включением в него сказок, песен, загадок и шаманских молитв, со включением также описания обычаев Урянхайского народа и рисунков клейм родовых (тамги) и рисунков на предметах домашнего обихода имею представить в скором времени для напечатания Императорскому Русскому Географическому обществу» (подробнее см.: Письма Н. Ф. Катанова..., 1893: 7-8).

Осы бірінші экспедицияның нәтижесін қортындылай келе Н.Ф.Катанов «Урянхай өлкесінің очерктері» деп аталатын өзінің зерттеу еңбегін жазды. Ол Тува халқының этнографиясы мен тарихын зерттеудегі іргелі еңбектің біріне айналды. Өзінің ұстазы В.Радловқа жолдаған хатында (26 желтоқсан, 1889 жыл, Асқыз қаласы) былай дейді: «Недели через три я выведу для исследования карагасов, обитающих в Каннской и Нижнеудинской тайгах; в настоящее время я собрал богатый материал по части наречий и обычаев абаканских татар (сагайцев, качинцев и бельтиров)», - деп жазды. Келесі экспедиция ол Шығыс Саян өлкесіне арналды (1890 ж, қаңтар). Мұнда да каракас халқының лингвистикалық және этнографиялық зерттеулеріне ден қояды. Ал экспедицияның қорытындысы туралы Н.Катанов «Каракас жеріне саяхат» атты мақаласын жариялайды.

Н.Ф.Катанов 1890 – 1891 жылдары Асқызда жиналған материалдарды қорытып, сол жөнінде экспедицияның есебін дайындайды. Ал, 1890 жылы жаз айларында зерттеу-іздістіру мақсатында Қытайдың 8 қаласына саяхатқа шығады. Ғалым Батыс Қытайдың - Хотан, Қашқар, Ақсу, Кучар, Каракаш, Бая, Логучен и Көне Турфан қалаларында болып, Шығыс Түркістан халқының көне тіліменен, әдет-ғұрпыменен, фольклорлық мұраларымен танысады. Бұл жинақталған материалдарға тиісті ғылыми қорытындылар жасайды. Түркі халықтарының тілдік ерекшеліктерін зерделей келіп 1893 жылы сол арадан жолдаған хатында былай дейді: «Наречия тюркских обитателей этих городов в фонетическом отношении почти все сходны. Разница заключается лишь в большем или меньшем количестве китайских и монгольских слов» (См.: Письма Н. Ф. Катанова..., 1893: 95-107).

Сонымен қатар оның 1890 жылы «Дзунгария и северную часть Восточного Туркестана» деп аталатын саяхат күнделігі де жазылды.

Белгілі ғалымның келесі саяхаты 1891 жылдың ақпан, қараша айларында өтеді. Экспедиция түркі

халықтарының ұйғыр, қазақ, т.б. этностардың тілдік ерекшеліктерін, Тарбағатай, Шығыс Жетісуда тұратын басқа да түркі тілді халықтардың тілдік ерекшелігіне назар аударады. Бұл еңбектерінің барлығын академиялық транскрипцияға түсіріп жариялайды.

Жетісу өлкесінің Бақты елді пунктінен 1891 жылдың 11-ші ақпанында Қазан университетінің ректорына хат жолдайды. Ол хатта А.И.Тихоновамен заңды некеге тұруға рұқсат сұрағаны айтылады. 1891 жылдың 15-ші наурызында ректордан рұқсат келіп, 1892 жылдың 18-ші қазанында Асқыздағы Петропавловскі шіркеуінде некелері қиылады.

Жетісу өлкесіне жасалған экспедицияның қорытынды есебі 1891 жылдың 19-шы қазанында Чугучак қаласынан орыс императорлық жағрафия қоғамына жолданады. Осы Чугучак қаласында Қытайға баратын экспедицияның дайындықтары мен алғышарттары жасалынады. Қытайдың Ли (күқык жинағы) литографиялық мәтінінің түркі тіліндегі нұсқасын көшіріп алады.

1891 жылдың 8-ші қарашасында Чугучак қаласынан шығып, Дүрбелжің, Құрқарасу, Манас, Үрімші, Гучен қалаларымен Тянь-Шань қырқаларын басып өтіп Гоучендаван өткелі арқылы Хами қаласына келеді. Онда 1892 жылдың 7-ші наурызына дейін тұрады. Наурыз айында Хами қаласында басталған экспедиция сол жылдың мамыр айында Турфан қаласында аяқталады. Ғалымға орыс және манчжур тілдерінде жазылған төлқұжат 1891 жылдың қазан айында Чугучак қаласындағы орыс елшілігінің консулы М.П.Шишмарев пен Құлжа қаласындағы консул В.М.Успенскийдің араласуы арқылы табыс етіледі.

1892 жылдың наурыз айының екінші жартысында орыс арбасына мінген ғалым Хами арқылы Қытай қалалары Пичан мен Турфанға келеді. Бұл жерде ғалымды Қытай билеушілерінің өлкені басқару әдісі қызықтырады. Хами және Логучен вандары (2-ші дәрежелі князьдер) туралы «Оба вана сильно обирают своих подчиненных; крестьяне работают на них три недели и на себя одну. С посевов значительная часть отдается в собственность вана», - деп жазды. Н.Ф.Катановтың Синьцзянь аймағындағы соңғы сапары Құлжа қаласында 1892 жылдың сәуір айында өтеді. Ғалым Шығыс Түркістан аймағында барлығы бір жыл төрт ай мерзім уақыт болады. Сапар соңы Жетісу өлкесінің Жаркент қаласында 1892 жылдың мамыр айында келуімен аяқталады. Сапардың сәттілігімен өтуі хақында ғалымның өзі «Путешествие по округам Тарбагатаю и Или и новой провинции Гань-су-синь-цзянь я закончил благополучно, собравши богатый этнографический и лингвистический материалы и большую коллекцию денежных знаков. Мною посещены следующие города северо-западного Китая: Чугучак (по китайски Бияр), Дурбульдзин, Кур-Кара-Усу, Манасы, Чан-цзи (Санжи), Урумчи, Гучен, Хами, Пичан, Турфан, Джин-хо, Суйдун и Кульджа, и находящиеся близ них поселки и деревни. Исследованы мною быт и язык казак-киргизов и китайских татар. Завершающим этапом масштабного научного путешествия Н. Ф. Катанова стали июнь–декабрь 1892 г., когда он проживал в с. Аскыс и г. Минусинске. В основном Н. Ф. Катанов совершал поездки в Минусинском округе Енисейской губернии, изучая языки и этнографию тюркоязычных групп Минусинской котловины и предгорий Западных Саян – бельтиров, сагайцев, койбалов и качинцев. В центре внимания ученого оказался феномен шаманизма хакасов. В основном он записал «шаманские рассказы и молитвы бельтиров, каларов, сагайцев и качинцев», - деп жазды.

1889-1892 жылдар аралығында болған комплексті зерттеулерде ғалымның өзінің шыққан тегі, «минусин татарлары» - хакастардың да дәстүрін, өмірін зерттеуді де жадынан шығармайды: «посетил основные географические зоны кочевьев сагайцев, качинцев, бельтиров, каргинцев – бассейны речек Таштыпу, Еси, Аскысу, Камышту, Уйбату, Ташебе, Бее и реки Абакан и составил уникальные записи об их расселении, верованиях, хозяйстве, административном управлении, этногенезе, миссионерской деятельности, памятниках народной литературы» (СПб. филиал Архива РАН. Ф.87, оп. 3, Д. 175).

Н.Ф.Катановтың жетекшілік жасап, өзі қатысқан экспедицияларының тарихи-этнографиялық материалдары орталық басылымдарда жарияланып, орыс императорлық географиялық қоғамның мәжілістерінде баяндалып отырды. Негізінен өзінің ғылыми жетекшісі, ұстазы, белгілі шығыстанушы В.В.Радловқа жолданып, соның бақылауымен жарияланады. 1889-1892 жылдары Орталық Азияның кең даласын мекен еткен түркі халықтарының -хакастар мен тувалардың, топалар мен ұйғырлардың, қазақтар мен қырғыздардың тұрмыс-тірлігі, жазуы, мәдениеті, ауыз әдебиеті туралы ұлан-ғайыр деректер жинақтайды.

Ғалымның түркі халықтары мен этностарының тарихи-этнографиялық зерттеулерінің кезекті маңызды этапы - 1894-1907 жылдар аралығын құрайды. Осы жылдары профессор В.В.Радловтың жетекшілігімен шыққан «Түркі халықтары әдебиетінің үлгілері» деп аталатын тоғыз томдық академиялық жинақта профессор Н.Ф.Катановтың жинаған және құрастырған этнографиялық еңбектері өзінің тың және бұрын ғылым әлеміне беймәлімдігімен ерекшеленеді. Оның императорлық Қазан университетінде оқыған «Түркі-татар тайпаларының этнографиялық мұраларына шолу» атты көпшілік лекциясы әріптестері мен студенттері арасында кең қызығушылық тудырып, ілтипатқа бөледі. Сол сияқты «Көне заманнан күні бүгінге дейінгі түркі тайпаларындағы жерлеу рәсімі», «Шығыс Түркістан татарларының үйлену рәсімдері» атты мақалаларының да маңызы айта қаларлықтай болды.

Н.Ф.Катанов он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысымен жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген белгілі шығыстанушы ғалымдар Н.Н.Пантусов, Каюм Насыри, Г.Н.Потанин, В.А.Мошков, А.А.Диваевтармен тығыз байланыста болды. Каюм Насыридың татар халқының жұмбақтары және мақал-мәтелдеріне арналған еңбектеріне жазған түсініктемесі өзінің терең мағыналылығыменен, ұғынықтылығыменен және ғылыми стильде жазудың бар мүмкіншіліктерін жарқырата көрсетуіменен есте қалады. Императорлық Қазан университетінде профессорлық қызметте жүрген уақытында түркі халықтарыменен бірге угор-финн және славян халықтарының тарихи-этнографиялық зерттеулеріне көптеген түсініктемелер жазды.

Бұл түсініктемелерде зерттеушінің этнографиялық идеяларыменен зерттеудің бағыт-бағдары және әдістері терең аңғарылады. Бұл сараптамалар мен пікірлер Н.П.Остроумовтың 1896 жылы жарыққа шыққан «Сарттар туралы этнографиялық материалдар», Н.Н.Харузиннің «Фин халқының тұрғылықты мекендері дамуының тарихи очерктері», «Россия аймағындағы көшпелі түрік және моңғол халықтарының тұрғылықты мекендерінің даму тарихы» атты еңбектеріне жазылған еді.

Зерделі зерттеуші 1895 жылы белгілі фольклорист А.А.Диваевтың «Сырдария облысын мекендеген жабайы халықтардың этнографиялық материалдары» атты еңбегін жазған пікірінде: «автор принесет большую пользу этнографии, если свое глубокое знание языка и быта тюркских племен Средней Азии он приложит к делу составления сборника примет» дей келіп: «Было бы интересно знать шаг за шагом, как сватают у сартов невесту, как провожают ее к жениху и как празднуют свадьбу. Было бы желательно знать: 1) как справляются свадьбы, похороны, наречение имени у богатых и бедных, 2) как справляются свадьбы у вдовых», -деп зерттеу мақсаттарын қояды.

1898 жылы Г.Е.Грум-Гржимайлоның «Батыс Қытайға саяхат» атты еңбегін сынға алады. Зерттеушінің бірінші мақсаты өзі зерттемек болған халықтың тілін білу керектігін, сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне жіті назар аударудың жай-күйіне тоқталады. Орталық Азияны зерттеуші орыс саяхатшылары Н.М.Пржевальский (1839-1888), М.В.Певцов (1876-1902), Б.Л.Громбчевский (1855-1905) и Г.Н.Потаниндерді (1835-1920) де өздері зерттеп жүрген ұлттар мен этностардың тілдерін білмегендіктері үшін сынайды...

Кемеліне келген ғалым алпысқа жетер-жетпес шағында, 1922 жылдың тоғызыншы наурызында елу тоғыз жасында мезгілсіз қаза табады. Қазан Діни Академиясының профессоры И.М.Покровский Н.Ф.Катановтың өмірден өтуіне байланысты арналған қазанамасында былай деп жазған еді: *«Весть о смерти Николая Федоровича быстро облетела всю Казань и поразила всех, знавших его (а его знала почти вся Казань!). В лице покойного наука и казанское общество потеряли незаменимую ученую силу, общественного деятеля и исключительного человека. Можно смело сказать, что потеря его ничем не вознаградима. Это был исключительный самородок и единственный человек на всю Россию».*

Хакас халқының тұңғыш ғалымы, этнографы Н.Ф.Катанов өз заманында үзік-жұлқып емес, тыңғылықты білім алған кісі. Туған жері Асқыздағы училищені аяқтаған соң 1884 жылы Красноярск қаласындағы ерлер гимназиясын алтын медальмен бітіреді. Одан соң 1884-1888 жылдар аралығында Россия империясының орталығы Санкт-Петербург қаласындағы императорлық университеттің шығыс тілдер факультетінде оқып, жоғары білім алып шығады. Ал 1889-1892 жылдары Императорлық Санкт-Петербург Ғылым Академиясының және Императорлық Орыс жағрафия қоғамының арнайы тапсырмасымен Сібірге, Моңғолияға, Қытайға іссапарға жіберіледі. Ғалым өзі болған елдердің барлығында да тыңғылықты зерттеулер жүргізіп, бай этнографиялық материалдармен оралып отырды. Н.Ф.Катанов 1893 жылы түркі-татар тілдері бойынша магистрлік диссертация қорғап, Қазан университетінің татар-түркі тілдер кафедрасына экстро-ординарлы профессор қызметіне тағайындалады. 1903 жылы «Урянхай тілін зерттеу тәжірибесі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Тува тілінің грамматикалық құрылымын өзге де түркі тілдерімен салыстыра зерттейді. Ал 1907 жылы Қазан университетінің Ғылыми Кеңесі жинақталған еңбегінің маңыздылығына сәйкес қорғамай-ақ екінші рет доктор ғылыми атағын береді. Ол отандық және шетелдік бірнешедеген Ғылым Академияларының мүшелігіне өтеді. Олардың қатарында Бельгия, Венгрия, Финляндия Ғылым Академиялары бар.

Туғанына 150 жыл толып отырған Н.Ф.Катанов Евразия кеңістігіндегі шығыстанушы-тюрколог ғалымдар арасында қай жағынан алсаң да толымды тұлғалардың бірі. Хакас халқынан шыққан тұңғыш ғалым. 1994 жылдың оныншы тамызында Хакас Республикасының Министрлік Кеңесіменен Жоғарғы Кеңес Төралқасының шешіміменен Хакас мемлекеттік университетіне Н.Ф.Катановтың есімі берілген. Сол сияқты Жоғарғы Кеңес шешімімен ғылым, білім саласындағы Республикалық Мемлекеттік Сыйлық та Н.Ф.Катанов атында. 2007 жылы республика астанасы Авакан қаласындағы Н.Ф.Катанов атындағы Хакас мемлекеттік университетінің алаңында оған зәулім ескерткіш орнатылды.

ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының қатысуыменен түркітанушы ғалым Н.Ф.Катановтың туғанына 150 жыл толуына арналған бұл халықаралық конференцияның маңызы ерекше. Ғасырлар қойнауында қалған түркі халықтарының тілі, тарихы, этнографиясы, рухани және мәдени дамуының өзекті мәселелерін Н.Ф.Катанов еңбектері арқылы қайта жаңғырта бір қарап, жаңаша зерделеудің біздің халқымыз үшін де, жас ұрпақ үшін де рухани тәрбиелік маңызы орасан зор болмақ.

Әдебиеттер:

1. Иванов, С. Н. (1973) Николай Федорович Катанов (Очерк жизни и деятельности). Изд.2-е. М.
2. Материалы научной конференции, посвященной 100-летию со дня рождения профессора Н.Ф.Катанова (1964) //Ученые записки Хакасск. НИИЯЛИ. Вып. X. С. 68-159.
3. Катанов, Н. Ф. (1892) В императорское русское географическое общество (отделение этнографии) // Живая старина. Вып. IV.
4. Катанов, Н. Ф. (1963) Хакасский фольклор (Из книги «Об-разцы народной литературы тюркских племен. Т.IX. СПб., 1907 г.). Абакан.
5. Катанов, Н. Ф. (2000) Избранные научные труды. Тексты хакаского фольклора и этнографии (Предисл., составл., подг. статей и текстов, пер. В. Е. Майногашевой, подбор научных статей В. Н. Тугужековой). Абакан : Хакасской кн. изд-во.
6. Катанов, Н. Ф. (1905) Киргизская и казанско-татарская версии христианского сказания о 7 спящих отроках // ИОАИЭ. Т. XX1. Вып. 4. С. 382-388.
7. Катанов, Н. Ф. (1894) Мусульманские легенды. Тексты и переводы // Записки Академии наук. Т. XXV. С. 1-44.
8. Катанов, Н. Ф. (1891) Поездка к карагасам в 1890 году // Записки русского географического общества. Т.XVI. Вып.2. С. 133-230.
9. Катанов, Н. Ф. (1909) Предания присаянских племен о прежних делах и людях // Записки Русского географического общества. Сборник в честь семидесятилетия Григория Николаевича Потанина. Т. XXXIV.
10. Катанов, Н. Ф. (1893) Среди тюркских племен // Известия Русского географического общества. Т. XXIX.
11. Наследие Н. Ф. Катанова (2006) : история и культура тюркских народов Евразии: Доклады и сообщения международного научного семинара. 30 июня–1 июля 2005 г. Казань.
12. Радлов, В. В. (1866-1907) Образцы народной литературы тюркских песен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи, собр. В. В. Радловым. Ч. 1-10. СПб.
13. Самойлович, А. Н. (1924) Проф. Н. Ф. Катанов – первый ученый из абаканских турков // Жизнь Бурятии. № 6. С. 107-113.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХИ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ АРНАЛАРЫ

ӘОЖ 80.11

Искарина А.А.

Тарихи лексиканың зерттеу нысаны – лексика, оның даму жолдары мен қалыптасу заңдылықтары. Тарихи лексика тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші халықтардың бастан өткізген тарихи дәуірлер мен жүріп өткен жолдарына қатысты тілдік бірліктердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін зерделейді. Әсіресе тіл фактілерін тарихи тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді. Сайып келгенде тарихи лексика тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана, әдеп-ғұрыпына экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттеуді қажет етеді. Әрбір тілдің лексикалық қоры, қат қабат сөз байлығы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен байланысты, сол халықтың халық болып дами, қалыптаса бастаған кезеңдердің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын мұрасы болып саналады.

Тарихи лексика – халық тарихындағы түрлі кезеңдер мен оқиғалардың, қатынастардың белгі-қасиеттерін бойына сақтаған мол қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, әлеуметтік-саяси жағдайының, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес мұрасы.

Түркі тілдерінің тарихи жазба деректері қазақ тілінің тарихын таразылауында, халықтың рухани-материалдық байлығын, жаңа тарихын зерделеуінде зерттеу көздерінің табылмас қайнар көздерінің бірі – тарихи лексика. Тіл қоғаммен бірге жаралып, бірге өмір сүрсе, оның бастапқы белгісі өсу, даму, қарым-қатынас көріністері тарихи жазба жадыхаттарда айқындалып, сақталған.

Алтын Орда тұсындағы көне қыпшақ тілінің қайнар көздері болып табылатын жазба жәдігерліктер тілін қазіргі қазақ тіліне және басқа да түркі тілдеріне жақындығын анықтауда тарихи лексикалық ерекшеліктерді зерделеу өте маңызды. Тарихи лексика өз қорытындыларында, өз зерттеулерінде көне ескерткіштер фактілеріне сүйенеді. Әсіресе тарихи лексикология негізінен көне жазба ескерткіштер фактілерін лекско-семантикалық тұрғыда қарастырып, талдауға негізделеді. Бұл тұрғыда тарихи морфологияның сүйенер негізгі бір объектісі – осы Алтын Орда тұсындағы көне қыпшақ жазба ескерткіштері. Олар: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Сейф Сарайидің «Гүлстан бит-түрки», Махмуд бин-Алидің «Нахдж әл-фарадис» шығармалары және т.б. жәдігерліктер. Қазақ тілінің тарихи лексикасын, оның даму, қалыптасу жолын орта ғасыр жазба деректерінсіз саралау мүмкін емес. Бұл жазба ескерткіштердің лексикасы туралы отандық түркітануда біршама шолу зерттеулер бар. Алтын Орда дәуірі ескерткіштерін зерттеуде профессор Э.Наджиптиң «Кыпчакского – огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века» (Канд. дис.автореф М., 1965.) және «Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык» (Алматы, 1975) атты зерттеулерінің және қазақ ғалымдары Ә.Керімовтың, А.Ибатовтың, Б.Сағындықұлының еңбектерінің маңызы зор.

Тарихи лексиканы кешенді зерттеу арқылы анықталған ғылыми ізденістердің мәні зор. Этностың тарихи дамуындағы, материалдық және рухани мәдениетін бейнелеу тілдің тарихи лексикасының ерекше маңызын көрсетеді, бұл бұған дейін лексикологияны зерттеу, жинау тек тіл тарихын жасау тұрғысынан ғана қарастырылды дегенге меззейді. Қазақ тілінің тарихи қалыптасуын зерттеп, соның негізінде қазақ тіл білімінде тарихи лексикология мен семасиологияның негізін салған ғалымдардың бірі ретінде Ғ.Мұсабаевтың аса ден қойып, өнімді еңбек еткен саласы – қазақ тілінің тарихы. Тіл тарихы мен ел тарихын, сөз тарихы мен табиғатын зерттеу – өмір бойы сөз мәніне зер салу мен жинақтап анықтау ғылыми зерттеудің негізі болған. Сөйлеу тіліндегі көне тілдің сарқыншағы, көрінісі ретінде сақталып қалған ертедегі ру тілдерінің қалдықтары, көнеленген қат-қабаттары бар. Бұған қосымша, қазақ халқының әр кезде көрші халықтармен қарым-қатынасын көрсететін ауыс сөздер де табылады. Тарихи лексика – тіл білімінің мәнді де маңызды салаларының бірі. Оның негізгі зерттеу нысаны – лексика, оның даму жолдары мен қалыптасу заңдылықтары.

«Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу – оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру, жалпылама емес, нақтылы объектімен байланыстыру. Ал бұлардың бәрі тарихи лексикологияның бір тілдегі нақтылы объектісі болып саналса, оның туыс және туыстас тілдердің лексикасын зерттеуге байланысты проблемаларының шеңбері бұдан әлдеқайда кең болатыны түсінікті [1, 65].

Тарихи лексика этимологиямен тығыз байланысты. Тарихи этимологияның жеке мәселелерін сөз еткен бірлі-жарымды еңбектерді есептемегенде, бұл саланың нақтылы объектілері мен алда тұрған міндеттері жан-жақты қаралып, толық анықталып, зерттелген жоқ. Түркітанудағы этимологиялық зерттеулер қазіргі таңда негізгі үш бағыта дамып келеді: 1) түркі тілдерінің жалпы этимологиялық сөздігін жасау; 2) жекелеген түркі тілдерінің этимологиялық сөздігін жасау; 3) белсенді лексикалық қорға кіретін жекелеген сөздер мен антропонимдер, топонимдер, этнонимдердің этимологиясына арналған мақалалар.

Этимологиялық сөздік -белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын айқындайтын сөздік. Атап айтқанда, ол төл сөз бе, әлде кірме сөз бе, қай сөзден туған, я қандай тәсіл арқылы жасалған, о бастағы мәні қандай болған, қандай белгі атаудың негізі болғанын айқындайды. Сөз тарихы, мағынасы тіл тарихымен, сол тілде жасаушы, қолданушы халық тарихымен, өткендегі тұрмыс салтымен, мәдени-рухани өмірімен, өзге елдермен қарым-қатынасымен тығыз байланысты.

Осының бәрінің анықтамасы мен түсініктемелері этимологиялық сөздікте жинақталып көрсетіледі.

Тарихи лексика – осы мұраның негізгі бөлігі, ұлт тілі тарихы дереккөзінің тармағы. Тарихи лексика – тіл үшін әдеби тілдің негізгі бөлігі ғана емес, әр тілдің өзара туыстығы жағынан жақын немесе біршама алшақтау тілдердің арасындағы ортақтық, туыстықты ажыратып, айқындаумен бірге, шығу тарихы жағынан көне соқпақтардың көмескі іздерін табу жолдарының да бағалы құралы. Себебі түркі тілдерінің шығу тегі бір, түркілердің ортақ Отаны Алтайдан басталған Дешті-Қыпшақтың сүрлеулерінде жатыр [3, 28].

Қазақ тілі телегей теңіз түркі тілдерінің қойнауынан ұлт тілі ретінде дараланып шыққанға дейін тарихи ұзақ даму жолын бастан кешірді. Жалпы түркілік белгілермен қатар қыпшақтың белгілері жекеленіп, көріне бастады. М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе ХІ ғасырда жеке қолданылған «Қыпшақ тілі» болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар ол «қырғыз, қыпшақ, ғуз, тухси, яғма, чиғыл, арғу, йыруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі» деп жазады. Шынында да, ХІІ ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік аумағына әр алуан түркі тайпалары бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық рөл атқарды.

М.Қашқари түркі тілдерінің лексикалық ұқсастықтарын айта отырып, олардың дыбысталу жүйесіндегі кейбір айырмашылықтарды ашып берді. Қыпшақ тілінің мынадай басты фонетикалық ерекшеліктерін назарға ұсынды: й дыбысының орнына дж (ж) дыбысын қолданды: *йонджу* емес *джонджу* (шуда); ш дыбысының орнына с дыбысын айту: *талыс, қысыр*; д дыбысының орнына т дыбысын қолдану: *дәуә емес тәуә* (түйе), *бүгде емес бүкте* (қанжар); д дыбысының орнына й дыбысын қолдану: *қадық емес қайық*; ғ дыбысының айтылмай түсіп қалуы: *чумғақ емес чумуқ* (шымшық), *тамғақ емес тамақ*.

Демек, ХІ ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің негізгі көрсеткіші дж (ж), с, т, й дыбыстарының қолданылуы мен ғ (г) дыбысының айтылмай түсіп қалуы болып отыр. Әсіресе й дыбысының орнына дж (ж) дыбысын айту процесі өте ертеден бері келе жатқан болу керек. Белгілі ғалым А.Н. Бернштам былай деп жазған еді: «Западно-тюркский каганат включил тюркские племена и Южного Казахстана, которые явились предками ряда среднеазиатских народов, в том числе и современных казахов. Так как последние обладают языками джекающего или, вернее, жекающего диалекта, то можно говорить, что слова, нами разобранные, являются древнейшими следами формирования некоторых среднеазиатских тюркских языков, например казахского. Эти древнейшие элементы отмечаются письменными источниками конца VI века нашей эры»[1].

Көне түркі дәуірінде қыпшақ тілінің өзіндік белгілері осылай ерекшелене келе кейінгі қыпшақ тектес ұлт тілдерінің бойына дарығаны анық. Е.Жұбанов: «Қыпшақ тілдеріне тән айырым-белгілер қазақ тілінің фонетика саласында, әсіресе оның дыбыс құрамында ХІІІ-ХІV және ХV ғасырда айқын көрініс берген» - дейді[2]. Әрі қарай зерттеуші ХІІІ ғасырда басталған тарихи оқиғалар қыпшақ тілді халықтардың этникалық құрамына, өмір салтына, рухани өміріне, тілінің лексикалық құрамына көптеген өзгерістер әкелгенін талдап көрсетеді. Орта ғасырларда қыпшақ тілінің құрамына араб-парсы, монғол тілінің элементтері дендеп енгені белгілі. Тарихтың ұзына бойында болып өткен қоғамдық үрдістердің моральдық-психологиялық факторы ретінде ХV ғасырдың 2-жартысы мен ХVІ ғасырдың өн бойында бірыңғай қазақ ұлысы қалыптасты.

Тарихи лексиканы зерттеу барысында туыстас халықтардың тарихымен салыстыра қарастыру өте тиімді болып келеді. Түркі тілдерінің туыстық жақындығы, өмір сүру жағдайының жақындығы жалпыхалықтық лексикадан ғана көрінбейді, тарихи лексика элементтері оның айқын мысалы бола алады. Түркі тілдерінің бірінде кездесетін тарихи сөз лексикалық норма болуы мүмкін. Тарихи лексика – тіл тарихы туралы жалпы тіл білімінің бір саласы. Зерттеу объектісі – бүкіл тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістер, яғни жүйеленген әдеби тіл ескерткіштерінің де, халықтық сөйлеу тілінің де өзгерістері мен даму заңдылықтарының негізін анықтайды. Тарихи лексика жазба ескерткіштер тілін зерттеп қана қоймай, жазу қолданғанға дейінгі көне дәуірлерде болған тілдің сипатын жобалауға да ұмтылады.

Тарихи лексиканың мақсаты – біртұтас халық, ұлт тілінің қалыптасу үдерісін айқындау болып табылады.

Әдебиеттер

- 1.Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М., 1964. – С. 221.
- 2.Пекарский Э.К. Словарь якутского языка. I, II, III. – М., 1969. – С. 160. . 3.Сыздыкова Р.Г. Изучение казахского языка в дооктябрьский период // Развитие казахского и советского языкознания. – Алма-Ата, 1980. – С. 250.
- 4.Сабыр М.Б. Алтын Орда дәуірі: Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы. Алматы: «Liber», 2023

Өмір туралы айтылған, жазылған толғаныстар аз емес. Өмір дегеніміз не? Оның нақты анықтамасы жоқ. Себебі, әр адамның санасында сан түрлі түсінікке ие. Өткенге көз жүгіртіп, өз заманының даналары өмір туралы түрлі нақыл сөздер қалдырған. Өмір – мұхит, уақыт — толқын. (Абай), Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады (Бауыржан Момышұлы), Өмір ешқашан шешуі табылмас жұмбақ, Ешкім шығара алмас қиын есеп (Оралхан Бөкей). Адамның бүкіл өмірі өзін-өзі жұбату, өзін-өзі алдау. (Қадыр Мырза Әли). Өлгеннен сұра дер едім, тірі жандарға өмір дегеннің не екенін. (Мұқағали Мақатаев). Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба? (Мағжан Жұмабаев)

Академик М.Қаратаев былай түсіндіреді: «Адам - әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу - әдебиеттің түбегейлі мақсаты.... Сондықтан әдебиеттің дүниетанымдық және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек» [1, 48]. Өмір туралы қара сөзбен өрнектеген Ілияс Есенберлин «өмір жолы көшкен керуен соқпағы тәрізді. Оның бұлттарысы да, жазығы да көп. Асуы қиын асқарымен қатар, төмен қарай құлдырап өтер ылдиды да болады. Керуен жолы кейде ұзақ, кейде қысқа келеді. Бірақ қауіп-қатерсіз, қиындықсыз болмайды. Ойламаған жерден жел тұрып, сұрапыл дауыл соғады, қалың жауын нөсерлей құйып, бұрын суы толарсақтан келер тайыз жыра, кенет сарылдай аққан, өткел бермес, долы өзенге айналады, көшті бөгейді. Бұндай бөгеттен тек шаршамайтын, талмайтын керуен ғана өте алады. Тоқтамай көшіп, өзінің деген жеріне жетеді.

Ал Баубек Бұлқышев өмір туралы толғауын былайша жеткізген: «Міне, мен кішкене өмірімді тағы бір тексеріп, әр күнімнің ізіне түсіп отырмын, алыстан бастап дәл бүгінгі күнге жеттім. Көз алдымнан өзіме сонша таныс жиырма жылдық өмірім өтті. Біріне-бірі жалғасып келіп, біріне-бірі айқасып жатқан әдемі шақ, қымбат күндер жүрегіңді жүз бұрап, сол күйінде қайтадан есіңе түседі. Бір тізбегі - сегіз жылдық бақытты шағың, бала кезің; одан соң оқумен өткен он жылың, одан кейін - армия, майдан. Шынын айтқанда менің өмірім, - қазақтың жас жігітінің өмірі жаңа ғана басталды. Міне, тап бүгінгі түнде, таңертеңгі ұрыс алдында, туған елім мен барлық халқыма, тіпті барлық адам баласына: «Мен өмірден алатын еншімді алғаным жоқ әлі, мен өмірімді қатты сүйемін, менің өмір сүргім келеді!» - деп бар дауысыммен айқайлағым келеді.

Оралхан Бөкейдің «Қасқыр ұлыған түнде» атты новелласында: «Өмір деген - ғажап дейді, түк те ғажап емес, әншейін осындай автобусқа мініп, белгілі бір аялдамада түсіп қалу, біреудің тойып секіруі, біреудің тоңып секіруі. Әлдекімдер көрер таңды көзімен атқызып, ой қажап ұйықтамайды; әлдекімдер ішігіне тарс бүркеніп уайымсыз тоқ ұйқыға басады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз - өзгенің бақытына қызығып өту ғана... Ал мынау жанымдағы тойған қозыдай томпиып отырған қыз ше?.. Оны ертең не күтіп тұр? Бақытты ма, бақыты жоқ болса, оны іздеп таба ала ма? Не ойлады? Жігіті, ұнатқан біреуі бар ма? Тіпті мен туралы қандай сезімде келеді. Адамдарға сене ме? Аты кім? Қайтып кездесер ме екенбіз?..

Жазушы Жақау Дәуренбековтің «Ойдауа» кітабында «өмірге» келесі тұжырымдар келтілтірген: «Бақыттың шын аты – өмір», «Өмір – тұнып тұрған поэзия.

Оны ақын жүректер ғана оқи алады», «Өмір – есеп емес, күрделі де шешуі жұмбақ – математика» немесе «Өрен математиктің өзі Өмір есебінің алдында дәрменсіз». Бұл жолдардан өмірдің күрделілігі де, күрмеуі көп кереғарлығы да анық байқалатын болса, енді бірде автор екі адамның қысқа диалогі арқылы («Сен әдемі сөйлейсің. Бірақ ісің дәрекі шығатыны несі? – оған таңғалмаңыз. Мен мына өмірдің көшірмесі емеспін бе?») өмірдің дала сағымы секілді сан құбылған бір суретін астарлы юмор арқылы аңғартады. Мұнысы не де болса турасын айтып қарап тұратын қазақи теңеуден гөрі тасадан атып дәл тигізуді ұнататын еуропалық әзілкештердің әдісіне көбірек ұқсайды.

Поэтикалық мәтінде концептілер дүние құндылықтарын танытады: санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді ұлттың мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді, әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын береді. Фразеологизмдер қатысқан суреттеулер арқылы ой бейнелі шығады.

Арте́м Козловский: «Өмір дегенге физика тұрғысынан қарайтын болсақ, ол барлық физикалық процесстерді сипаттап беру мүмкіндігі деп ойлаймын. Дәлірек айтсақ, деректер бойынша адаммен жасалғанның барлығы физика, қозғалыс процесстерінің барлығы – ол физика. Физика тұрғысынан өмірдің мәнісі не десек, ол - беймәлім затты танып білу, бар проблемаларды шеше алу дер едім. Шын мәнісіне келер болсақ, біз үлкен физикалық процесспіз, яғни бізге өмір сүруге мүмкіндік беретін, бізді дамытатын процесстерді жасаймыз. Біз қозғаламыз, оның өзі физикалық процесс. Біз ойлаймыз, ойлар туындайды, ол да физикалық процесс».

Ағылшын тілінде «өмір» концептісін «life» сөзінің түрлі етістіктермен тіркесуінен бастауға болады. Мысалы, Life has thousand faces; all life, whole life; purpose in life, aim in life, goal in life; to ruin life, to take life, to kill life, to rob life, to destroy life; intimate life, personal life, private life; to come back to life, to clatter to life, to spark to life, cough to life, to kick into life; social life, private life, business life, religious life;— perfect, happy, comfortable, life of glory, sweet, rich, full, good, pleasure of life; normal, ordinary, usual, satisfactory, daily; hard, cold, bitter, difficult, miserable, complicated, unhappy, dreadful, dog's, sad, heavy, orphan's, complicated, earthy; orphan's life; married life; useless life; honest, laborious life; home life; family life – quiet life; to regularize her life; “married life”: married life is a bad habit; The good or ill of a good or ill life [4, 230].

Ағылшын әдебиеті әлемінен үзінділер келтіретін болсақ, «my life, station / after station, / to be tried» (Duncan); where pangs and terrors in his pathway live" (Robinson); "life is lighted highway to the tomb" (Robinson); The outward wayward life we see" (Whittier); " launching our lives to voyage again" (Robinson); " But I have promises to keep / And miles to go before I sleep" (Frost); "Two roads diverged in a wood, and I – / I took the one less traveled by" (Frost) берілген үзінділерде өмір сөзі «station – станция, pathway – жол, highway – шоссе, wayward – бағыт, voyage – саяхат, road – жол» сөздерімен тіркесіп келген. Яғни, ағылшын авторларының еңбектерінде көрсетілген «өмір» сөзі «жол» концептісіне әкеліп соғады [5].

This is definition of **life noun** from the Cambridge Advanced Learner's Dictionary & Thesaurus © Cambridge University Press:

life noun /laɪf/ (plural lives)

1) **the period between birth and death**; the experience or state of being alive

Life's too short to worry about money!

2) *way of living or a particular part of someone's life*

her family/private my working life

3) [usually singular] **the period for which a machine or organization lasts**

The newer batteries have a much longer life.

4) **the quality which makes people, animals and plants different from objects, substances and things which are dead**

The doctor could find no sign of life in the old man's body.

5) **energy or enthusiasm**

She's so full of life.

6) **everything which is alive**

human/marine/plant life

7) **specialized In art, if you work from life, you paint, draw, etc. real people or objects usually while they are in front of you rather than from memory**

life drawing classes

8) **informal especially in children's games, one of the limited number of times that you can lose, but still continue playing**

Every time the little man gets hit, you lose a life.

bring sth to life (also come to life)

to make something more real or exciting, or to become more real or exciting

It's always been an interesting period in history and this film really brought it to life.

for life

I believe marriage is for life.

give your life (also lay down your life)

They were ready to give their lives for their country.

life after death

If you believe in life after death, you believe that people continue to exist in some form after they die.

start a new life (also make a new life for yourself)

to completely change how or where you live

Ағылшын тіліндегі фразалық тіркестерде «өмір» сөзі «life, live, living» лексемаларымен беріледі. Мысалы, «өмір сүру салты» мағынасында «live on one's own (fat)», «live on one's purchase, live within one's income/ means», «live in an ivory tower», «live under the cat's foot, live by your wits».

«Бақытты, алаңсыз өмір» мағынасында «live high off the hog», «live above one's in high off the hog», «live above one's income», «live beyond one's means», «set someone up for life», «live off the fat of the land».

Өмірде кездесетін түрлі қиындықтарға байланысты «cat-and-dog life», «lead a dog's life», «lead somebody a dog's life», «anything for a quiet life».

Ағылшын тілі сөздігінде «life» «өмір» сөзіне келесі аудармалар ұсынылған:

- тірі ағзаның тіршілік ету процесі life, existence
- give birth – туылу
- for life – өмір бойы

Ағылшын тіліндегі мақалдардың қазақ тілінде аудармасы немесе баламасы бар. Жазылған тілі түрлі болса да, жеткізер ойы бір жерден шығатын мақалдардың арасында «өмір» туралы көп қолданылатындары:

№	Ағылшын тілінде	Қазақ тіліндегі баламасы
1	Life is short art is long	Өмірқысқа, өнермәңгі.
2	While there is life there is hope	Өмірбаржердеүмітбар.
3	Every dog has it's day	Дүние кезек, терме тезек.

Ағылшын тіліндегі «өмір» туралы нақыл сөздерді қарастыратын болсақ, ағылшын драматургы, ақыны Шекспир өмір туралы «Өмір сахна, біз рөл орындаушы әртіс қанамыз» деп өмірді сахнаға теңесе, американдық жазушы. [Джек Лондон](#) «Адамның негізгі міндеті күнелту емес, өмір сүру». Джек Лондон тағы «Өмір бір-ақ рет беріледі. Сондықтан неге оны пайдалы қылып өткізбеске?»

Әлемге әйгілі Альберт Энштейн “If you want to live a happy life, tie it to a goal, not to people or things.”- «Егер сіз бақытты өмір сүргіңіз келсе, өмірді адамдарға немесе заттарға емес, мақсатқа негізде» деген екен. Өйткені адамдар күнделікті тіршілік барысында біреудің көңіліне қарап, біреудің сөзіне қарап, өмірдің қожайыны кі екенін ұмытып жатады.

Философиядағы көптеген тарихи тұлғалар, әдетте, бұл терминдерді жасамағанымен, өмірдің маңыздылығын неге әкеледі деген сұраққа жауап берді. Мысалға, Аристотельді адамның функциясына, Аквинаға стихиялық көзқараста және Канттағы ең жақсы нәрседе қарастырайық. Бұл ұғымдар бақыт пен моральге қатысты кейбір нәрселерге ие болғанымен, олар өмірді маңызды ету үшін адамның түпкір-түпкірімен аяқталатын ақырғы есептерін түсіндіреді. Құрметті асыл тұқымдыға қарамастан, тек соңғы 50 жылда немесе Anglo-American философиясында өмірдің мағынасына қатысты нақты өріске жақындаған нәрсе анықталды және тек соңғы 30 жылда нақты тереңдікте талқыланды болды. Соғыстан кейінгі дәуірдегі позитивизм мен утилитизмнің жойылуымен қатар құнды емес концепцияларға аналитикалық зерттеудің пайда болуы, соның ішінде өмірдегі мағыналық түсініктер салыстырмалы емес (бірақ белгілі емес немесе жалпыға ортақ) пайымдауларға негізделген Ағылшын тілінде сөйлейтін философтардың қызығушылығының мәнін табуды жалғастырады деп күтуге болады, себебі олар ұтымды тергеуді қабылдайтын нақты мәселе болып табылатынын түсінеді, өйткені осындай танымал этикалық санаттардан кем емес сондай-ақ адамгершілік сипаты мен дұрыс әрекеті.

Әдебиеттер

- 1.Маслова. В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: Театра Системе, 2004г.
- 2.А. Ислам. Тіл мен ойлаудың екі жақты бірлігі танымдық ғылымында //Тілтаным 2003. № 2.
- 3.Г.Харман «Современный факторный анализ», 1972, 43.
- 4.Хомский, «Мышление Ноама Хомского» 1999, 56.
- 5.Чейф У.Л. «Значение и структура языка», 1998, 94.
- 6.Телия В.Н. Коннотивный аспект семантики номинативных единиц. М. Наука, 1986. – 268.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ӘОЖ 81.15.

Нуфтоллина Г.С.

Фразеология тіл білімінің жеке саласы ретінде 20 ғасырдың 40-жылдары Кеңес тіл білімінде қалыптаса бастаған. Оның теориялық негіздері 19 ғасыр мен 20 ғасырдың басында орыс ғалымдары А.А.Потебня, И.И.Срезневский, А.А.Шахматов, Ф.Ф.Фортуннов т.б. еңбектерінде салынған. Фразеологияның сол кезде дамуына француз ғалымы Ш.Балли еңбектері елеулі ықпал жасады. 20 ғасырдың 40 - 50 жылдарында В.В.Виноградов еңбектерінде фразеологияның негізі ұғымдары, құрлымы, міндеттері анықталды, орыс тілінің фразеологизмдері семантикалық жағынан алғаш рет топтастырылды. Оның идеясын ғалым, Н.М.Шанский ары қарай дамытты.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің арнайы зерттелуі 20 ғасырдың 40 жылдарында өріс алды. Ғалым, профессор - І.Кеңесбаев қазақ тіл білімінде фразеологияның негізін салды. 1977 жылы оның көпжылдық зерттеулерінің нәтижесі ретінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі жарық көрді, онда 10 мыңнан аса қазақ тілінің фразеологизмдері қамтылған. Сөздіктің соңғы «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер туралы» деп аталатын бөлімінде қазақ фразеологиясының бірқатар теориялық мәселесі жайында кең талдау жасаған.

Онда қазақ фразеологиясының дербес сала (пән) екендігі, фразеологизмнің сөз бен мақал-мәтелдерге қатысты, фразеологизмдердің түрлері, стильдік ерекшеліктері, дыбыстық үйлесімділігі, фразеологиялық синонимдер, фразеологизмдерге ұйықты сөздер, параллель фразеологизмдер т.б. жайында түсінік берілген.

1988 жылы Х.Қожахметова, Р.Е.Жайсақова, Ш.О.Қожахметова 2300-ден артық фразеологизмдерді қамтитын орысша-қазақша сөздік шығарды. Онда қазақтың ұлттық менталитетін, ерекшелігін білдіретін, көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде жиі қолданылатын айқын, мәнерлі фразеологизмдер орыс фразеологизмдерімен салыстырылып берілген. Бірқатар фразеологизм мағынасы, лексикалық құрамы сәйкес келетін орыс тіліндегі баламалары арқылы берілген (*көз салу - положить глаз, екі оттың ортасында - между двумя огнями, басы айналу - голова закружилась* т.б.).

Жалпы қазақ фразеологиясында фразеологизмдердің мағыналық топтарын зерттеуге көңіл бөлініп келеді.

Тілдегі тұрақты тіркестер фразеология саласының еншісінде. Осы жайында Р.Авакова: «Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде қайта жасалынбай, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтасты мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы», - деген [1, 11]. Осымен байланысты ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілерін заман озған сайын құлпырта қолданып, қырлап, жаңғыртып, жаңартып отыратын ақын-жазушылардың шығармашылығындағы тұрақты сөздердің қолданысын зерттеу - осы саладағы яғни тіл біліміндегі өзекті мәселенің бірі. Соған қатысты тілші - ғалымдардың аса назар аударуға тиіс жағы тұрақты тіркестердің, фразеологизмдердің құрылымдық-функцио-налдық қыры және олардың тілдік (узуалды) және сөйлемдік (оказионал) қолданысы. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің тарихи қалыптасқан дағдылы түрлерін авторлық (оказионалдық) қолданыс тәсілдермен байланыстыра қарастыру олардың тілдік табиғатының, ерекшелігінің мәнін ашып қана қоймай, сонымен бірге тілдік жағдаяттарға байланысты құрылымдық-семантикалық өзгерістер мен мағыналасстықтың ерекшеліктерін, стилистикалық мақсаттар мен жеке авторлық қолданыс тәсілдерін, оларды іске асыратын тілдік құралдары мен тілдік тетіктерін көрсетеді. «Тілдің әрі ұтымды, әрі сымбатты байлықтарының бірі тұрақты тіркестер: мақал-мәтелдер, түрлі фразеологизмдер, фразеологиялық тізбектер, қанатты сөздер» [2].

Тілімізде әдеби тілден бөлек, жергілікті тіл ерекшеліктеріне қатысты көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері халық тілінде көп-ақ. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді, тіркестерді халық өз ішінде, өз жергілікті жерінде орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен пара-пар келетін бұл сөз орамдарын жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Сол сан-салалы сөз орамдарын жинап, бір ізге түсірудің маңызы зор.

Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» [3, 559]. Осы анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әр түрлі номинативтік бірліктер, қос сөздер мен қосарлы тіркестер, ресми іс құжаттарындағы даяр сөз орамдары т.б. түрінде болуы мүмкін.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалу жолдары, түрлері, топтастыруы жайындағы негізгі пікірлер қазақ фразеологиясы ғылымының негізін салушы І.Кеңесбаев пен К.Ахановтың еңбектерінде берілгені белгілі. Фразеологизмдердің құрылымдық семантикалық табиғаты, стилистикалық қызметін, мақал-мәтелдерге қатысын жан-жақты түсінуде М.М. Копыленко, А.Байталиев, С.Телекова, Р.Жайсақова, Х.Қожахметова, М.Жақыпбеков, Р.Сарсенбаев, Қ.Қалыбаева т.б. зерттеулерінің мәні зор.

Соңғы кездерде қазақ фразеологиясы тек теориялық тұрғыда емес, сонымен бірге тәжірибелік қолданыс тұрғысында зерттеліп келе жатқаны байқалады.

Ана тіліміздің, төл тіліміздің яғни қазақ тілінің сұлулығы мен өткірлігіне, сан алуан образдылығына (бейнелілігіне) ерекше назар аудару жерте басталған.

«Язык киргизов (казахов) плавлен и красноречив, они остроумны и часто находчивы в вопросах и ответах, иногда даже удивительно ловки, и всяки, даже самый необразованный киргиз (казах) владеет

языком в той силе, в какой мы это в Европе замечаем только у французов и у русских» [4, 70]. Қазақ сөз өнеріне осылай таңырқай, таңданған түрколог ғалым В.В.Радлов XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында тіліміздегі сөз маржандарын жинап, бастырып шығарған. Оның «Түркі сөздігінде» 7500-ден аса фразалық, тұрақты сөз тіркестері кездеседі екен.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмді теориялық жағынан зерттеу XX ғасырдың 40-шы жылдарынан басталады. Бұл мәселемен түбегейлі шұғылданып, арнайы зерттеу жүргізген үлкен ғалым, қазақ тіл білімін зерттеуші, академик – Исмет Кеңесбаев болды. Ғалым фразеологизмдерді танып-білудің басты белгілерін көрсетіп, фразеологизмдер бұрын-соңды еңбектерде көбіне лексикология тұрғысынан зерттеліп келгендігін айтады. Фразеологизм байлығын тексеретін фразеология деген дербес лингвистикалық пән болатынын, ол пән болып қалыптасу үшін өз зерттеулерінде қазақ тілі фразеологизмдеріне тән белгілер мен сол белгілер негізінде оларды топтастыру, фразеологиялық синонимия, вариант, полисимия, омонимия, т.б. мәселелерді қарастырады. Осы мәселелерді жан-жақты зерттеуді, фразеологизмнің стильдік ерекшеліктерін, құрам сипатын, компоненттерінің байланысу тәсілдерін, параллельді фразеологизмдер, фразеологиялық оралымдар жайлы танып-білуді болашақтың ісі деп, тұрақты тіркестерді яғни фразеологизмдері зерттеуші ғалымдарға бағыт береді.

Қазақ халқының рухани жан-жақты дамуына, ұлттық ерекшелікке, ұлттық болмысқа өз шығармаларымен зор үлес қосқан ақын-жазушылардың түрлі туындыларын, көркем туындыларын зерттеп, олардың қаламына іліккен, қаламынан туған көркемсөз үлгілерін талдап, таразылап анықтау қазіргі кезде өзекті мәселе екендігіне дау жоқ. Ана тіліміздің, төл тіліміздің сөз құдіретінен нәр алған әр қаламгер заман озған сайын тілдік қолданыстар, соның ішінде тұрақты тіркестерді құлпыртып, жаңғыртып, жаңартып қолданады.

«Фразеологизмдер – тіліміздің бір бөлінбес, одан ажырағысыз бөлшегі. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктер бар. Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады» [2].

Ғалым, Ғ.Мұсабаев тіліміздегі фразеологизмдердің, тұрақты сөз тіркестерінің ерекшелігіне көп назар аударып, көңіл бөлген ғалым. Фразеологизмдердің түрлі мағыналық түрлеріне, көркем туындылардағы қызметіне, лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, стильдік ерекшеліктеріне баса назар аударады. Қазақ әдеби тіліндегі көркемдегіш құрал ретінде жиі қолданылатыны – тіліміздегі осы тұрақты сөз тіркестері. Осы тұрақты тұрақты тіркестерге, фразеологизмдерге қатысты көптеген ғылыми еңбектер, диссертациялар, мақалалар жазылды. Дегенмен, осы күнге дейін көркем әдебиеттегі фразеологизмдер негізінен белгілі бір автор шығармасы мен шығармашылығы негізінде қарастырылып келді. Ал тіліміздегі халық әдебиетіндегі, ауыз әдебиетіндегі немесе халқымыздың дана да, дара би-шешендері тіліндегі, диалектизмдердегі фразеологизмдер, тұрақты сөз тіркестері ғылыми негізде толық қарастырылмай келеді.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің яғни фразеологизмдердің жасалу жолдары, түрлері, топтастырылуы жайындағы негізгі пікірлер мен теориялар қазақ фразеологиясы ғылымының негізін салушы, үлкен ғалымдарымыз І.Кеңесбаев пен К.Ахановтың еңбектерінде берілген болатын. Фразеологизмдердің құрылымдық, семантикалық табиғатын, стилистикалық қызметін, мақал – мәтелдерге қатысын жан-жақты түсінуде ғалымдар М.М.Копыленко, А.Байталиев, С.Төлекова, Р.Жайсақова, Х.Қожақметова, М.Жақыпбеков, Р.Сарсенбаев т.б. зерттеулерінің мәні зор. Соңғы кездерде қазақ фразеологиясы тек теориялық тұрғыда емес, сонымен бірге тәжірибелік қолданыс тұрғысында зерттеліп келе жатқаны байқалады. Бірақ бұл зерттеулердің қай-қайсысында болсын негізінен әдеби тілдегі тұрақты сөз тіркестері талданған.

Әдебиеттер

1. Авакова Р. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы. Фил. ғылымд. канд... авторефераты. - Алматы, 2003. - 11 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы, 1977. -712 б.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. -Москва, 1990.
4. Радлов В.В. Средняя Зеравшанская // Записки РГО. Отд. Этнографии. – 1880. – Т. 6. – 55 с.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, профессор Х.М. Нұрмұқановтың «Сөз және шеберлік» монографиясы ұзақ жылдар бойы сөз өнерін қастерлеген қалың жұртшылықтың кәдесіне жараған құнды еңбек екені ғылыми айналымдағы зерттеулердің пайдаланылған әдебиеттері тізімінен байқалады. Біздің байқауымызша, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырды басынан бастап қазіргі кезге дейінгі сөз онын эмоционалды бояуы мен экспрессивтілігіне, бағалаушылығына қатысты зерттеулер мен көркем әдебиет тілінің ерекшеліктерін қарастырған еңбектердің қай-қайсысы болса да, бұл кітапты атамай немесе одан дәйексөз келтірмей кеткен емес. Олай болуы заңды да, себебі бұдан «40 жыл шамасы бұрын қазақ тіл білімі дәстүріне тіл поэтикасы, лингвопоэтика дейтін ұғымдар ене қоймаса да», Х.М. Нұрмұқановтың бұл еңбегі де, басқа зерттеулері де «лингвопоэтиканың үрдісінде жазылған еңбек» [1].

«Сөз – тіл аталатын мәңгілік, аса құнды да қасиетті дүниені құрайтын бөлшек» [2] деп анықтаған ғалымның осы еңбегі қазіргі заманғы студенттер үшін де, кітап оқымайды деп күстаналатын жастар үшін де аса бағалы еңбек деп санаймыз.

Х.М.Нұрмұқановтың алғаш рет 1987 жылы шыққан «Сөз және шеберлік» атты монографиясының I бөлімі «Сөз сыры» деп аталады. Ғалым сол кез үшін өзекті болып саналған мәселелерге назар аударып, олардың шешімін ұсынады. Мысалы, сол кезде де, қазір де көбіне күрделі сөз ретінде қолданылып жүрген эмоционалды-экспрессивті деген ұғымның әрқайсысын жеке-жеке сипаттап, анықтама береді. Бұл анықтамаларды ғылыми айналымда бар, түрлі ғылым саласы ғалымдарының пікір-көзқарастарын салыстыра отырып ұсынады (біздіңше, бұл жерде ғалым саласы ғылымдар интеграциясына сүйенген).

Осы монографияда қарастырылған нысандар туралы зерттеуші А. Әділова бұдан он шақты жыл бұрын былай деп жазды. «Қаламгерлер қолдасындағы эмоционалды экспрессивті сөздер, диалектизмдер, жалған этимологиялы сөздер, сан алуан окказионализмдер мен потенциалды алдымен, ана тіліміздің мол байлығының ой жеткізуде дұрыс, дәл, әсерлі болуының жолдарын түрлі лексикографиялық деректерді, жалпы халықтық ұғым-түсініктерді салыстыра көрсеткен.

Осы орайда әдебиетке, сол көркем туындыны оқитын оқырманға жанашырлық екенін бұдан аттай 30 жыл бұрын ақын-жазушыларымыздың тіліндегі жекелеген селкеуліктерді санамалап көрсетуі тілімізге, көркем Ғ. Мүсірепов айтқан еді» [3].

Жалпы алғанда, Х.М. Нұрмұқановтың монографиясындағы әр нысанның өзіндік ерекшелігіне аса назар аудармайды екенбіз. Зер салып, зейін қойып оқи бастаған соң осы айырмашылықты біле бастадық. Ұзақ болса да, ғалымның еңбегіне сүйенейік: «Мысалы, эмоционалды деп адам қабылдауында, көңілінде жағымды не жағымсыз реакцияларды тудыра алатын сөздерді айтамыз. Демек, эмоциялар адамның болмысты толғануын сипаттайтын психикалық процестердің негізгі қырларының бірі. Эмоционалды сөздер көркем шығармаларда молынан қолданылады.

Сондай-ақ, табиғаты эмоционалды болып келетіндер - одағайлар мен алғыс және қарғыс мәнді сөздер Эмоционалды деген ұғыммен мән, рен сөздері көп ретте талғаусыз тіркестіріліп жүр. Осы эмоционалды мән мен эмоционалды рең деген ұғымдардың басын ашып көрсете кетсек.

Эмоционалды мән – сезімнің, қарым-қатынастың, бағаның сөзге тән көрінісі. Кейде бұл эмоционалды мән заттық-логикалық серіктесуімен сөйлеушінің осы соңғы мәнде тұрған ұғымға деген қатынасын білдіреді. Эмоционалды мән сөздер, мысалы, одағайлардағыдай, тек жеке-дара ұшырасқан жағдайда ерекше айқындала түседі. Эмоциялық мән контекстік, яғни тек осы контексте ғана көрінетін мән бола алады.

Эмоционалды рең – эмоционалды мәннің тек жақын көрінісі ғана. Мұндай рең интонация арқылы беріле алады.. Ол - белгілі контекстерде жиі қолданылуы нәтижесінде ассоциациялық байланыс бойынша да пайда бола алады. Ол тіпті ұғым мазмұнының өзімен де байланысты бола алады. Мысалы, сезімді білдіретін сөздер (тек олар ғылыми прозада термин түрінде қолданылмаса) үнемі дерлік эмоционалды ренді.

Бұл сипаттамалар негізінде тілдік құбылыстарды өздерінің әр түрлі көріністеріне қарай лайықты атауымен атаған жөн болатыны сөзсіз. Айталық:

1. Эмоционалды мәнді сөз, сөз тіркесі (ғажап, ит өлген жер)
2. Эмоционалды лексика (осындай мен сөз тіркесін қамтиды)
3. Эмоционалды ренді сөз, сөз тіркесі, сөйлем (әр түрлі тәсілдерден пайда болған эмоцияналды рен арқылы көрінеді: Ей, қалпак! Алтын ~~заң~~^{занды} Осы түлкіні алатын бүркіт пе, сен екеуін бе?).
4. Эмоционалды рең-мәнді сөз, сөз тіркесі, сөйлем (эмоциялық мән сөзге рен жамалу арқылы: ете жаксы, тап-тамаша)

5. Экспрессивті мәнді сөз, сөз тіркесі (шаһар, дәстүр, қас пен көздің арасында).
6. Экспрессивті лексика (осындай мәнді, ренді сөздер мен сөз тіркесін қамтитын).
7. Экспрессивті ренді сөз, сөз тіркесі, сөйлем (оқып-оқып алдым. Көңіл құсы)» [2].

Х.М. Нұрмұқанов қазақ тіл білімінде алғаш рет окказионалды сөздерді қарастырды, оған анықтама берді және оның тағы бір түрі потенциалды сөздерді нақты мысалдармен көрсетті және олардың неологизмдер көзі екенін мысалдармен нақтылады.

Х.М. Нұрмұқанов: «Әрине, мұндай сөздерді жасаушылар - жеке адамдар, көбіне қаламгер. Және жарыққа «потенциалды» аталып шыққанмен, бұл сөздердің бәрі бірдей неологизм болып қатар түзе бермейді, тек тіл практикасы қажет еткендері ғана жаңа сөздер танылып, сөздік құрамға еніп, өзгелері бір көрген, жұмсау үшін жаттығы жоқ қолданыстар болып қала бермек» деп потенциалды сөздердің, негізінен, көркем мәтіндерде ойдың қашан да дәл, әсерлі бейнелеуінде елеулі қызмет атқаратына назар аудартады.

Кейінгі зерттеулердегі окказионалды және потенциалды сөздер туралы пікірлердің барлығы Х.М. Нұрмұқановтың анықтамасына сүйенеді, яғни өз кезінде, осы кітап жарияланған мезгілде мамырстан заман (О. Бөкеев), түсхана, дүниенің жыртқы (Г.Салықбай), есірмен (Қ.Мырзалиев), жаналық болған бұл қолданыстар қазақ көркем мәтіндерінде жиі ұшырасатыны байқалады. Мысалы: Мәулен бас шын (Ж.Жақыпбаев) т.б.

Профессор Х.М.Нұрмұқановтың еңбектерінің негізгі зерттеу предметі сөз және оның сан алуан стильдік қолданысы. Бұл орайда автордың «Сөз және шеберлік» атты монографиясы аса бағалы ғылыми зерттеу болып табылады. Еңбектің «Сөз сыры» деп аталатын алғашқы бөлімінде тіліміздегі эмоциональды-экспрессивті сөздер, жалған этимологиялы сөздер, потенциалды және окказионалды сөздер, көпшілікке бейтаныс сөздер сияқты сөздің түрлі семантикалық топтары сараланып, теориялық жағынан жан-жақты зерттеледі. Сөздің аталған мағыналық түрлерін зерттеу, талдау барысында, автор оған қатысты физиология, психология, стилистика, этимология, лексикография салалары бойынша шетел және қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың ой-пікірлеріне жан-жақты тоқталып, нәтижесінде жалпытеориялық мәндегі қорытындылар жасап отырады. Мысалы, ғалым тіліміздегі эмоциональды сөздерді зерттеу барысында «эмоциональды лексика орнықтылық пен тиянақтылыққа ие емес деп үзілді-кесілді айтылған пікірге қосыла кетуіміз жөн болар ма? Біздіңше сөйлемде қалай жұмсалғанда да (жағымды не жағымсыз түрде) эмоциялық мәнін жоғалтып тұрған жоқ, жоғалтуға тиісті де емес. Және бұлай болу - тек осы екі сөзге ғана тән қасиет емес, жалпы эмоционалды лексика сөздерінің бәріне ортақ ерекшелік.

Профессор Х.М. Нұрмұқанов зерттеулерінде потенциалды, окказионалды, эмоционалды, әдеби тілге ену әлеуеті бар сөздерді, әсерлі, қуатты сөздерді, жаңсақ сөздерді, тосын сөздерді экспрессивті сөздер мен пароним және вариант сөздер жайы қарастырды, қарапайымдап айтсақ, молынан тауып, оларды талдады, пайда болу уәждерін көрсетіп берді, жұмсалудағы тиімді - тиімсіздіктерді нақты айғақтармен бағалады. Сонымен қатар, ғалым бұлардың эстетикалық қызметін саралады, демек сөз шеберлігіндегі орнын тағайындады.

Шеберліктің тілмен өлшенетінін көрсетіп кеткен ғалымдардың бастауында профессор Х.М.Нұрмұқанов есімі тұр. Қазақ ғылымында ол сөз шеберлігінің шарттарын алға тартып, саралап бергенде осы ғалым. Ол «Сөз және шеберлік» атты монографиясында, «Сөз және оның контекстегі қолданысы» тақырыбындағы докторлық диссертациясында сөз шеберлігінің шарттарын айқындап берген еді.

Олар - дәлдік, әсерлілік, ықшамдылық. Бұл үшеуі - бірінсіз-бірі бола қоймайтын, «үшбұрыштың қатаңдығы» сияқты белгілер. Ғалым жарыққа шығарылатын ойдың мейлінше нақ бейнеленуін сөз қолданудағы дәлдік деп таниды. «Мұны айқындайтын негізгі белгі - әр сөздің соншалық ұтымды, тура алынуы. Демек, белгілі бір контексте жұмсап отырғанымыздан гөрі сол орынға лайықтылығы басым шыққандай өзге сөз іздеп табудың шамадан тыс қиын болатындығы, тіпті, мүмкін еместігі» [4, 151].

Ғалымның еңбегінде аталған мәселелер қазақ тіл білімінде біртіндеп өз шешімін тапты да, яғни және потенциалды қолданыстар жайлы Г. Мұратованың, пароним сөздер жайында А.Н.Бекмашеваның, сөз мағынасындағы екіұштылық жөнінде Б. Кәукербекованың кандидаттық, сөз варианттылығы жайлы С. Бизақовтың докторлық диссертациялары қорғалды, көркем әдебиеттегі сөзқолданысқа байланысты еңбектерде сөз варианттылығы, жалған этимологиялы сөздер, қаламгер шеберлігін құрайтын сөзқолданыс дәлдігі, ықшамдығы, әсерлілігі үнемі айтылады. Мұның өзі профессор Х.М. Нұрмұқанов қарастырған нысандардың бәрі де бар кезеңде өзекті екенін көрсетеді, себебі қаламгерлер сөздер арқылы көркем мәтіндерде әр халықтың рухы мен болмысын, тыныс-тіршілігін, өткені мен қазіргісін сипаттайтыны рас. Ал қаламгерлер тек әр қолданыстың мағынасын дұрыс түсініп, мұқият қараса ғана, діндеген мүддесіне жетеді, яғни оқырманның да қабылдауын жеңілдетеді.

Қорыта айтқанда, арада өткен уақыт Х.М. Нұрмұқановтың «Сөз және шеберлік» монографиясының маңызын жоймақ емес деген ойдамыз, себебі қолына қалам алған жастар да, балаларға тіл мәдениетін, яғни сөзқолданысты үйрететін мұғалімдер де, жалпы сауаттылыққа, мәдениеттілікке ұмтылатын барша қауым да бұл кітаптан өз керегін табары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жакупов Ж. Ұстаз аманаты / Хайролла Нұрмұханов. Шығармалар. Екінші том. - Қарағанды: Болашақ баспа, 2010. - Б.
2. Нурмұқанов Х. Шығармалар. Бірінші том.- Қарағанды: Болашақ - баспа, 2010. - Б. 11.
3. Әділова А.С. Сөз дүниесінің тамыршысы. Сөз және шеберлік: Филология ғылымдарының докторы Х.М. Нурмұқановтың 85 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференция мат. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. - Б. 3-5.
4. Нұрмұқанов Х.М. М. Әуезовтің сөз қолдану шеберлігінен. // Нұрмұқанов Х.М. - Шығармаларының үш томдық жинағы. - 3-том. Сөздің де сұрауы бар. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010. - Б. 37-45.

Баспасөздегі мақала тақырыптарының лексика-семантикалық ерекшеліктері

ӨОЖ 81.15

Байсагенова К.

Мәтіндегі айтылатын ойдың жиынтығы тақырып арқылы көрінеді. Ал ондағы айтылатын ойдан хабар беруі тақырыптың номинативтік функциясы болып табылады. Сонымен бірге мәтіндегі айтылатын ой мен жеткізілетін хабарға баға беруі әрі осы баға берушілік қасиетінің нәтижесінде мәтінді қабылдау (восприятие) функциясы іске асады.

Жалпы газет тақырыбы мен айдарларын тілдік тұрғыдан талдау газеттің хабар жеткізу және әсер ету функциялары ескеріле отырып жүргізіледі.

Тақырыптар құрлысы жағынан қарапайым не күрделі құрылымды болып келеді. Күрделі тақырыптардың бірнеше түрі бар. Айталық, бірнеше деңгейлік тақырыптар болады. *Мысалы: “Ата Заң – асыл мұраттар бастауы, 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясының күні”* (ӨӨ). Мысалға келтірген тақырыптың алғашқысы 1-деңгейі контекстуалды лексика, екіншісі 2-деңгейі бейтарап лексика элементтерінен құрылған контекстуалды сипаттағы хабар мәнді сөйлем. Мұндай деңгейлік тақырыптар кейінгі кезеңнің жемісі, өйткені алғашқы басылымдар мен “Қазақта” күрделі структуралы тақырыптарды кездестіргеніміз жоқ. “Армысың, алаш азаматы” (ӨӨ) – тақырыбы әсер ету лексикасымен берілген. Мақалалардың ақпараттан хабардар ететін тақырыптары номинативтік функция атқарады әр оқиғаны, хабарды, бағалайды. Бұл жағынан тақырыптардың тілдік бірлік – сөз атқаратын қызметке ұқсас.

Енді тақырыптардың қызметі мен сөз функциялары арасындағы ұқсас және айырым тұстарын қарастырайық. Сөздің функциясы (қызметі) үш жақта болатыны белгілі: а) коммуникативті; ә) номинативті; б) эстетикалық. Бұлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала кетсек, сөздің коммуникативтік қызметі сөздің қарым-қатынас және хабарласу құралы болуында, номинативтік функциясы заттың атауы болуында, эстетикалық функциясы ойды көркем жеткізу болатындығында. Ал, тақырып атауы болып тұрған сөз немесе сөз тіркесі, сөйлемшелер бір ғана мағына беру арқылы номинативтік қызмет атқарады. Тіпті осы қызметімен бірге баға берушілік жүгін де көтереді. Оның баға берушілік қызметі оқырманды мәтінді қабылдауға, дұрыс түсінуге даярлайды. Осы даярлық жүгізу барысында сөздің апелляциялық іске қосылады. Апелляция біреуден қолдау, кеңес күту деген мағына беретіні белгілі. Әрине, бұл газет атауының қызмет сферасының бірі әсер етуден туындайды. Яғни, әсер ету қызметінің нәтижесі қандай дәрежеде болғанын пайымдау үшін қабылдаушыдан қолдау күтеді. Тақырыптың апелляциялық қызметі көбне лексикалық және синтаксистік элементтер комплексінің фраза түрінде берілуімен жүзеге асады.: “Шындықты жасыра алмайсың”, т.б.

Тақырыптың номинативтік қызметінің сөздің номинативтік қызметінен ерекшелігі неде? Номинатив сөз (атау сөз) – тілдік белгі (Ф. Де Соссюр бойынша – языковая знак) немесе тіл білімінде сигнификат терминінен газет тақырыбының басты айырмасы оның белгілі бір заттың биологиялық, табиғи байланысы жоқ акустикалық бейнесі емес, керісінше, тақырыптан туындайтын оймен, оның мазмұнымен тікелей байланысты, өзге деңгейдегі атау болуында. Келтірілген соңғы мысалдағы тақырыптың екі деңгейі қосылып, бір ғана номинативтік қызмет атқарып (оқырман) әрі өзін-өзі анықтап, өзін-өзі бағалап (алаш азамат, “Ана тіліне” ең таққан – сонымен бірге жағымды ассоциация тудырып тұр), мәтіндегі айтылар ойдың жиынтығы болып тұр. Мәтіндегі хабар осы газет пен оған жазылған оқырмандар жайында, ой солардың төңірегінде өрбиді.

Кейде экспрессиялық мәнді синтаксистік құрылым түрінде келеді: “Нанды қадірлейік!” т.б.

Газет бетіндегі көптеген тақырыптар мен тақырыпшылар кері бағалаушылық (отрицательная) жағымсыз лексикадан тұрады.

Дәл осындай тақырыптарда ауызекі сөйлеу лексикасы элементтері анық білінеді және бағалаушылық лексемалардан тұрады: “Озғанбайша тонау”, т.б. Байқағанымыздай, тақырыптардың мұндай тобы ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Олар тура және жанама мағынадағы тұрақты тіркестер және трансформацияланған сөздер түрінде де келеді. Себебі, ғалым В.Д.Девкиннің айтуынша: “Для обиходной лексики особенно типичны слова с отрицательной оценкой, в то время как слов положительной семьи немного” [1, 160].

Айтулы даталар мен оқиғалардан хабардар ететін, мағыналық-құрылымдық бірлікпен тұтасқан “Ертең – халақаралық әйелдер күні” (О.Ө), “Бүгін жеңіс күні” (ОӨ) секілді тақырыптар қоғамдық-саяси лексика элементтері қатысымен жасалып, хабарлы, лепті сөйлем түрлерінде келеді. Кейде тақырып, тақырыпша, мәтін – бәрі мағыналық-құрылымдық бірлікті, бір ғана тұтастықты танытады. Мұндайда бәрінің мағыналық бірлігін, құрылымы жағынан тұтастығын танытып, басын біріктіріп тұратын ұйытқы не болмаса тірек сөз (ключевое слово) болатындағын байқадық. Төмендегі мысалдағы “тіл” лексемасы сондай сөз: “Сылбырдың аты шылбырына сүрінеді. Самарқаулық пен селқостықтың салдарынан “тіл шаруашылығы” кенжелеп келе жатқан Қазақ КСР Қаржы және Сауда министрліктерінің қазіргі қалпы туралы қысқаша осылай деуге болады” (ЕК).

Тақырып, тақырыпша және мәтін арасын мағыналық жағынан тұтастыра байланыстырып, ұйытқы болып тұрған тіл шаруашылығы немесе тіл сөзі. Ол мәтінде өте жиі қолданылады.

Келтірілген мысалда тақырыпты тақырыпша анықтап, мағынасын ашып тұр.

Тірек немесе ұйытқы сөз мәтіндегі ой жүгін арқалайды, текст жеткізуге тиісті мағына оның семантикасына топтасады, сондай-ақ осы сынды ұйытқы сөздердің әлеуметтік өмір мен тілге қатыстылығы деңгейі тең дәрежеде болады. Ұйытқы сөздер белгілі бір уақыт аралығына, кезеңге тән типологиялық атаулар, заманға сай оқиғалардан хабар беретіндей мағызға ие лексемалар. Құрамы жағынан жеке сөз я болмаса сөз тіркесі түрінде болады.

Мысалы: “Сыбайлас жемқорлық жойылады – оған мен кепілдік бере аламын, - дейді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, ішкі әскерлер қолбасшысы, генерал-лейтенант Қайырбек Шошанұлы Сүлейменов мырза” (ЕК), - дегенде, “сыбайлас жемқорлық” тіркесі – бүгінгі күннің әлеуметтік “ауруларының” бірі, коррупцияның баламасы, қоғам өмірінің тілдегі көрінісі, сондықтан да әлеуметтік лингвистика үшін де, лингвистикалық талдаулар үшін де маңызды тілдік фактор, тақырып пен мәтіндегі айтылар ойды білдіруге әлеуеті жететін синтез сөз.

Публицистикалық стильде жазылған мәтіндерде сөздік құрам алуан түрлі болып келеді және әр қилы фразеологиялық бірліктер қамтылады. Жалпы қазақ газеттеріндегі мақала тақырыпаттарында кездесетін фразеологизмдерді үлкен екі топқа бөлуге болады: 1. Дәстүрлі фразеологизмдер; 2. Жаңғыртылған, өзгертілген авторлық фразеологизмдер.

Тілімізде бұрыннан бар, көпшілікке белгілі тіркестердің ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында алынып, тақырыпат ретінде жұмсалуды қазақ баспасөзінде жиі кездеседі. Мұндай құбылысты *дәстүрлі қолданыстар* дейміз. Мысалы: «*Тас түскен жеріне ауыр*» (ЖҮ), «*Саусақ бірікпей, ине ілікпейді*» (ОӨ), «*Бөлінгенді бөрі жейді*» (ОӨ), «*Алмас қылыш қын түбінде жатпайды*» (ЕК), «*Кел демек бар, кет демек жоқ*» (ОӨ), «*Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты*» (ЖА), «*Ақсақ қой түстен кейін маңырайды*» (ЖҮ), «*Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды*» (ЖҮ), «*Сауда сақал сипағанша*» (ЖҮ), «*Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді*» (ЖҮ), «*Жақсы әке – жаман балаға қырық жыл азық*» (ЖҮ) т.б. Бұлардың барлығында көпшілікке бұрыннан белгілі тіркестер өзгеріссіз қайталанған. Осындай дәстүрлі қолданыстардың ішінде ғылымның басқа салаларынан алынған ережелер де тақырыпат ретінде жұмсалғаны байқалады. Мысалы: «*Төртбұрыштың ішіндегі параллельдер*» (ЖҮ), «*Қосылғыштардың орны ауысқанымен, қосынды өзгермейді*» (ЖҮ) сияқты тақырыпаттар математика ғылымының нысаны екені белгілі.

Мұндай тақырыпаттардың қойылу мақсатын көпшілік тек мақаламен танысу арқылы ғана біледі, екінші жағынан мұндай қолданыстарды толық түсіну адресатта арнайы салалық білімнің болуын қажет етеді. Тақырыптар фразеологиялық тіркестерден болғанда газет тілі шырайланып, қасандықтан арылып, өңі кіріп, қысқа да нұсқа сөйлеудің үлгісін, журналист тілінің шұрайлылығын танытады. Айталық, “Абылай аспас сары бел” – осы сөзіміздің дәлелі. Мұндай ұтымды, ұлттық ойсанаға лайықталған, ұлттық менталитетті танытатын тақырыптар “Орал өңірі” апталығының алғашқы жылғы сандарында молынан ұшырасады.

Газет тілінде бағалауыштық лексиканың басым түсіп жататындығы жөнінде ғылыми ортада қалыптасқан пікір бар. Бағалауыштық сипат газет мәтіндерін ғана емес, тақырып, тақырыпша сынды басылымның ішкі құрлысын танытатын атрибуттарын да қамтиды. Баға берсе сөйлеу, бағалауыштық сипат газет атаулының бүкіл өн-бойына тән болады да, ол газеттің төл функциясының бірі әсер ету, еліктірумен ұштасады.

“Алтыннан да ардақты”, “Ай аттары да – асылымыз”, “Бір өлеңі бір елдің мұрасындай”, “Құнан қойдың құнындай”, т.б. (ЖҮ) – тақырыптары “Жайық үні” газетінің ғасыр басындағы “Қазақтың” болмыс-бітімімен барлық жағынан үндестігін, дәстүр жалғастығы мен мақсат-мүдде бірлігін танытумен бірге газет тілінде метафораны қолдану ерекшелігін, оны басылымның мақсатына бағындыра пайдаланудың және баға бере сөйлеудің үлгісін де көрсетіп тұр.

Метафора – мәтіндегі ойды жинақтап, түйіндеп беруде таптырмас құрал. Ал, оның қоғамдық-саяси лексика элементтері көп қолданылатын, ресми стилі басым деп саналатын газет тіліндегі атқарар қызметі мұнымен ғана шектелмейді [2].

Әр газет типтеріне қарай жағымды мәнді және жағымсыз бағалауыштық сипаттағы сөздер түрліше қолданылады. Мысалы, “Ана тілі” апталығы сияқты жалпыұлттық газеттерде жағымды мәнді сөздер тұрақты тіркес түрінде көбірек қолданылса, қоғамдық-саяси басылым саналатын “Егемен Қазақстанда”, кезіндегі “Социалистік Қазақстанда” жағымсыз бояулы, кері бағалауыштық лексика метафоралар мен ауызекі сөйлей тілі элементтерін қолдану арқылы жасалады, олар өзге қоғамдық құрылымды сынап-мінеу, өмірдің жағымсыз тұстарын ашу құралы болды, сонымен бірге олардың қызметі газет ұстанған бағытқа, мақсаты мен мүддесіне бағындырылып отырады. “Буржуазиялық өмірдің сиқы” сияқты 1970-80 жылдары кең қолданылған, бара-бара стандартқа, тіпті кейінірек штампқа айналған тіркесті солардың қатарына жатқызуға әбден болады. Осындай құбылыс “Қазақ” газеті тақырыптарында былайша көрініс берген: Тозған рәсім азап, Елді елртушілер, т.б.

Соңғы жылдары қоғамымыздың демократиялануы барысында басқарушы органдары, үкімет іс-әрекетін сынауда қазақ газеттері ауызекі сөйлеу тілі элементтері көбірек пайдалана бастады. Мысалы, “Мемелекеттік бюджетті сүндеттеу”. Бұл газет тілінде ауызекі сөйлеу тілі әсерінің жоғалмағанын керісінше, арта түскенін байқатады, сонымен бірге кейбір газеттер құрылымындағы, олардың типтеріндегі өзгерістерден де хабар етеді.

Әсер ету, еліктіру сөздерімен келетін “Орал өңіріне жазылыңыздар!”, “Үмітқұлдай басшың болсын!”, “Қаһарманымызды қадірлей білейік!” (ОӨ) тақырыптары газеттің әсер ету, үгіттеу функциясын үнемі еске салып отырады.

1970-80 жылдары газет тақырыптары интернационалдық сөздер қатарының молдығы, ресми стильдің кең етек алуы, сондай-ақ, газет жанрларының аса саясаттандырылуымен, газет тілінің ауызекі сөйлеу тілінен барынша алшақтай түскендігімен ерекшеленеді. Сол тұста жарық көрген “Тіл мәдениеті және баспасөз” (1968), “Сөз өнері” (1978), “Өрелі өнер” (1976) жинақтарында баспасөз тіліне қатысты әр түрлі мәселелер талдау объектісі болды. Осы жинақтардағы С.Исаевтың “Мерзімді баспасөзде жиі ұшырасатын стильдік қателер жөнінде”, Н.Демесінованың “Баспасөз тілінде көптік жалғауын қолдану ерекшеліктері”, Н.Уәлиевтің “Қосымшаны да құнтпен қолдансақ” атты мақалаларында баспасөз тіліне қатысты, әдеби тіл мен оның нормасы, тіл мәдениетіне қатысты түйінді мәселелер көтерілгенін айта кету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Алдашева. Лексика новообразования в современном казахском литературном языке (на материале периодической печати 1976-1991гг.) АҚД.Алма-Ата.1992.
2. Б.Момынова “Қазақ” газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы, Арыс. – 1998.
3. О.Бүркітов. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі (мерзімді баспасөз материалдары бойынша). Канд. Дисс. Автореф. Алматы. 1996.
4. ОӨ – Орал өңірі. Әр жылдардағы сандары.
5. ЖҮ – Жайық үні.
6. ЕҚ – Егемен Қазақстан.
7. ЖА – Жас Алаш.

Социальное развитие предприятия означает изменение к лучшему в ее социальной среде. В целом, оно включает в себя весь сложный механизм, приводящий в действие человеческую активность, последовательно развертывающуюся цепь потребностей, интересов, мотивов и целей, которые побуждают людей к труду, конкретизируют деловую ориентацию и ценностные установки персонала.

Развитие социальной среды – неперенный объект управления предприятием и вместе с тем, составная часть менеджмента персонала.

По своему назначению управление социальным развитием ориентируется исключительно на людей, на создание для работников надлежащих условий, как труда, так и быта и постоянное улучшение этих условий.

Соответственно, его основными целями являются:

- совершенствование социальной структуры персонала;
- его демографического и профессионально-квалификационного состава;
- регулирование численности работников;
- повышение их образовательного и культурно-технического уровня;
- улучшение эргономических, психофизиологических, санитарно-гигиенических, эстетических и иных условий работы, охраны труда и безопасности работников;
- обеспечение социального страхования работников, соблюдение их прав и социальных гарантий;
- стимулирование средствами как материального вознаграждения, так и поощрения эффективности труда, инициативного и творческого отношения к делу, групповой и индивидуальной ответственности;
- создание и поддержание в коллективе здоровой материально-психологической атмосферы, оптимальных межличностных и межгрупповых связей, способствующих слаженной и дружной работе, раскрытию интеллектуального и нравственного потенциала каждой личности, удовлетворенности совместным трудом [18].

Удовлетворение потребности в жилье и бытовом устройстве, продуктах питания, непродовольственных товарах и необходимых услугах, полноценное использование досуга.

Управление социальным развитием предприятия представляет собой совокупность способов, приемов и процедур, позволяющих решать социальные проблемы на основе продуманного научного подхода, знания закономерностей протекания социальных процессов, точного аналитического расчета и выверенных социальных нормативов.

Содержание и формы управленческих решений, а также практических действий по социальному развитию предстают примерно в следующем порядке и виде:

Во-первых, базой благосостояния людей, повышения их жизненного уровня является эффективная экономика, что одинаково верно и на макроэкономическом уровне, в отношении страны в целом, и на уровне коммерческой деятельности отдельно взятого предприятия;

Во-вторых, определяющим условием экономического успеха служит не столько ресурсный потенциал предприятия и форма собственности, сколько то, что производимая продукция нужна обществу, потребителям и пользуется спросом на рынке, приносит прибыль;

В-третьих, эффективное функционирование и конкурентоспособность предприятия в решающей степени обеспечиваются ее персоналом, скоординированными усилиями людей, объединенных общими интересами и делом;

В-четвертых, высокая отдача совместного труда достигается умелым управлением всеми сторонами развития предприятия, включая и постоянное обучение персонала, привитие ему самостоятельности, ответственности, заслуженной гордости за свою фирму, производство, учреждение;

В-пятых, важен настрой работников, благожелательная морально-психологическая атмосфера, уверенность каждого в том, что он защищен от социальных и профессиональных рисков, что его вклад в достижение целей предприятия, инициатива и усердная работа получает признание, справедливую оценку, достойное вознаграждение.

Несомненно также, что управление социальным развитием обязывает считаться с конкретной ситуацией. На деле это требует избегать шаблонов, предполагает выбор из управленческих решений в зависимости от специфики данных условий, стечения тех или иных обстоятельств на текущий момент о обозримую перспективу, использование многообразных факторов, влияющих на социальную среду предприятия.

Социальная среда предприятия – это совокупность факторов, определяющих качество трудовой жизни работников [19].

То есть, применительно к социальной среде предприятия понятие фактор выражает условия, которые определяют характер и возможные последствия происходящих в ней изменений, в свою очередь воздействующих на персонал.

К основным непосредственным факторам социальной среды предприятия относятся:

- потенциал предприятия;
- его социальная инфраструктура;
- условия и охрана труда;
- материальное вознаграждение трудового вклада, а также семейные бюджеты;
- социальная защита работников;
- социально-психологический климат коллектива;
- вне рабочее время и использование досуга [20].

Потенциал означает материально-технические и организационно-экономические возможности предприятия, т.е. ее размеры и территориальное расположение, численность и качество персонала, характер ведущих профессий, отраслевую принадлежность и профиль предприятия, объемы производимой продукции или предоставляемых услуг, форму собственности, финансовое положение, состояние основных фондов и технический уровень производства, а также такие моменты, как известность предприятия, традиции и имидж.

Все эти базовые факторы выступают как средоточие важнейших средств и стимулов, оказывающих разностороннее, комплексное влияние на социальное развитие предприятия.

Социальная инфраструктура представляет собой комплекс объектов, предназначенных для жизнеобеспечения работников предприятия и членов их семей, удовлетворения социально-бытовых, культурных и интеллектуальных потребностей.

В наших условиях перечень таких объектов может включать:

обобществленный жилищный фонд (дома, общежития), и объекты коммунального хозяйства (гостиницы, прачечные и т.п.) с сетями энерго-, газо-, водо- и теплоснабжения, канализации, телефонной связи, локальной компьютерной сети и т.д.;

медицинские и лечебно-профилактические учреждения (больницы, поликлиники, амбулатории, медпункты, аптеки, санатории, профилактории т. п.);

объекты образования и культуры (школы, дошкольные и внешкольные детские учреждения, клубы, библиотеки, выставочные залы и т.д.);

объекты торговли и общественного питания (магазины, столовые, кафе, а также могут быть подсобные хозяйства для поставки свежих продуктов);

объекты бытового обслуживания (мастерские, салоны, пункты проката);

спортивные сооружения (стадионы, бассейны, спортплощадки) и базы массового отдыха;

коллективные дачные хозяйства и садово-огородные товарищества.

Предприятие, в зависимости от своих масштабов, формы собственности, отраслевой принадлежности может располагать целиком собственной социальной инфраструктурой либо иметь набор ее отдельных элементов, может рассчитывать на кооперацию с другими организациями или на муниципальную базу социальной сферы. Но при любом варианте забота о социальном обслуживании работников и их семей является важнейшим требованием к управлению социальным развитием.

Если предприятие располагает собственной разветвленной сетью социальной инфраструктуры, управление ею, как правило, осуществляется отдельно. В этом случае возможен вариант с существованием должности директора по социально бытовым вопросам.

Условия и охрана труда включают факторы, которые так или иначе влияют на полезную отдачу работников, обеспечение безопасного ведения работ, предупреждение травматизма и профессиональных заболеваний.

Условия труда – это совокупность психофизиологических, санитарно-гигиенических, эстетических и социально-психологических факторов производственной среды и трудового процесса, которые оказывают влияние на здоровье и работоспособность человека.

Они включают безопасные условия работы, при которых воздействие на работников вредных и опасных производственных факторов должно быть сведено к минимуму – т.е. к уровню установленных нормативов, а лучше – вообще исключено, если это возможно. К сожалению, наиболее распространена та практика, что вместо того, чтобы улучшать условия труда, создавать благоприятную среду, предприятия тратят средства (причем иногда в разы больше) на компенсацию работнику за производственный риск (введение сокращенного рабочего времени, повышение тарифных ставок, предоставление бесплатного лечебного питания, досрочный выход на пенсию и т.д.) [21].

Также сюда относится сокращение объемов тяжелых работ, требующих больших физических усилий, преодоление монотонности труда, рациональное использование перерывов в течение рабочего дня или смены для отдыха и питания; наличие и удобство социально-бытовых помещений (раздевалок, душевых, туалетов, медпункта, комнат отдыха, буфетов, столовых и т.п.)

Охрана труда призвана обеспечивать безопасность жизни и здоровья работников, в частности, предусматривает:

- установление единых нормативных требований в сфере охраны труда, разработку соответствующих им программ, а также проведение соответствующих мероприятий;

- государственный надзор и общественный контроль за соблюдением законных прав работников на труд, отвечающий требованиям безопасности и гигиены, выполнением обязанностей по охране труда работодателями и самими работниками;

- обеспечение работников за счет работодателя специальной одеждой и обувью, средствами индивидуальной и коллективной защиты, лечебно-профилактическим питанием;

- предотвращение аварий и несчастных случаев на производстве;

- осуществление системы мер по реабилитации лиц, получивших трудовое увечье.

Социальную защиту работников предприятия составляют мероприятия по социальному страхованию, безусловному соблюдению гражданских прав и социальных гарантий, установленных действующим законодательством, коллективным договором, трудовыми соглашениями и иными правовыми актами.

Эти гарантии реализуются при прямом участии организации. Денежные выплаты, как правило, производятся из средств предприятия, их размеры ориентированы на среднюю зарплату или долю минимальной оплаты труда.

Система социальной защиты нужна для того, чтобы защитить работников от риска оказаться в затруднительном материальном положении из-за болезни, утраты трудоспособности или безработицы, придавать им уверенность в надежной защищенности своих трудовых прав и привилегий.

Социально-психологический климат – это суммарный эффект от воздействия многих факторов, влияющих на персонал предприятия. Он проявляется в трудовой мотивации, общении работников, их межличностных и групповых связях.

С точки зрения менеджмента персонала принято считать, что в структуре социально-психологического климата коллектива взаимодействуют три основных компонента:

- нравственно-психологическая совместимость работников;

- их деловой настрой;

- и социальный оптимизм [22].

Эти составляющие касаются нюансов человеческого интеллекта, воли и эмоциональных свойств личности, которые во многом определяют ее стремление к полезной деятельности, творческой работе, сотрудничеству. Эти факторы, наряду с материальными, стимулируют работника, вызывают у него напряжение сил или спад энергии, трудовой энтузиазм или апатию, заинтересованность в деле или безразличие.

Внерабочее время образует еще одну группу факторов социальной среды предприятия. С ними связаны отдых и восстановление сил работников, устройство их домашнего быта, выполнение ими семейных и общественных обязанностей, использование досуга.

Временной ресурс работающего человека распадается в будний день и рабочее и вне рабочее время, как принято считать, где-то в соотношении 1:2. Считается, что время, прямо не связанное с трудовой деятельностью, должно включать в себя затрату около 9-9,5 часов на восстановление сил и удовлетворение естественных физиологических потребностей человека (сон, личную гигиену, прием пищи и т.п.). А оставшуюся часть суток занимают передвижение на работу и обратно, ведение домашнего и подсобного хозяйства, уход за детьми и занятия с ними, а также досуг.

Досуг, с позиции управления человеческими ресурсами, имеет особое значение для разностороннего развития личности. Он служит восстановлению физических и интеллектуальных сил работников, теснейшим образом связан с удовлетворением их социокультурных потребностей.

Из западной практики к нам постепенно приходит то, что на более-менее крупном предприятии кадровые службы должны включать в сферу своей деятельности регулирование социально-трудовых отношений и связей с профсоюзами, предоставление социальных услуг персоналу, расходование средств на различные благотворительные цели.

При выборе "дизайна" подобной службы в организации у нас, нужно учитывать много аспектов, например, социально-экономические последствия приватизации бывшего государственного имущества, принципиальные изменения в системе компенсации или вознаграждения труда, то, что предоставление социальных услуг в целом все больше коммерциализуется, то, что профсоюзы сегодня не выполняют ряд своих прежних социальных функций и т.д. Приходится учитывать то, что реальная забота о социальной сфере все больше перекладывается на сами организации.

Важнейший инструмент социального развития – это прогнозирование и планирование. Само собой, оно предполагает глубокий и максимально всесторонний анализ состояния социальной среды организации, установление взаимосвязей, существующих между ее частями и другими факторами труда в организации. В частности, это необходимо и для того, чтобы упреждать социальные проблемы или разрешать их по наиболее оптимальному сценарию.

Для этого необходимы надежные источники информации, к которым можно отнести статистические данные, результаты специальных аудитов условий и охраны труда, возможностей отдыха и полноценного досуга работников, а также и данные относительно общественного мнения и преобладающих настроений в коллективе, полученные в результате применения социологических методов получения информации.

Список использованной литературы

2. Семенова В.В. Управление персоналом: инновационные технологии [Текст/Электронный ресурс] : учебное пособие / В.В. Семенова, И.С. Кошель, В.В. Мазур. - 3-е издание. - М : Дашков и К, 2021. - 82 с. - ISBN 978-5-394-04408-3

3. Маркова В.Д. Цифровая экономика [Текст/Электронный ресурс] : учебник / В.Д. Маркова. - М : ИНФРА-М, 2020. - 186 с. - ISBN 978-5-16-013859-6

3. Голубков Е.П. Стратегический менеджмент [Текст] : учебник / Е.П. Голубков. - М : Юрайт, 2020. - 290 с. - ISBN 978-5-534-03369-4

НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СОЦИАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИЯТИЯ

УДК 316.354

Бикеева А.Е.

Совершенствованию социального развития трудовых коллективов должно предшествовать его комплексное социологическое исследование, целью которого может быть изучение социальной структуры работников, выявление ее слабых звеньев. Изучению подлежат вопросы отношения людей к труду, позитивные и негативные факторы привлекательности труда на предприятии в целом и в каждом подразделении.

Особое внимание необходимо уделять изучению степени содержательности труда, его условий и уровня оплаты, текучести кадров, дисциплины труда, ценностных ориентаций в коллективе.

Социологическое исследование завершается разработкой рекомендаций по изменению социальных параметров трудового коллектива, а также конкретных предложений по различным направлениям работы с персоналом предприятия.

При совершенствовании социального развития целесообразно выделить следующие направления работ.

1. При совершенствовании социальной структуры коллектива обращается внимание на сокращение доли или полную ликвидацию тяжелых и вредных для здоровья работ, малоквалифицированного труда, на повышение образовательного и квалификационного уровней работников, при необходимости на изменение половозрастной структуры коллектива.

Отдельно рассматривается труд женщин, подростков, лиц пожилого возраста с указанием структурных изменений, которые целесообразно провести.

2. Социальные факторы развития производства и повышения его экономической эффективности рассматривают мероприятия, связанные с техническим перевооружением производства, с внедрением новой техники и технологии, проектированием прогрессивных форм организации и оплаты труда, обеспечивающих повышение содержательности труда и снижение его монотонности.

Целесообразно использовать различные формы занятости: неполный рабочий день, режимы гибкого рабочего времени, надомный труд для женщин и пенсионеров. Важно планировать меры преодоления инфляции, повышения реальной заработной платы. Следует поддерживать обучение без отрыва от производства. Необходимо предусмотреть меры по стимулированию рационализации и изобретательства.

3. Для улучшения условий труда и быта работников нужно выделить участки и подразделения с неблагоприятными условиями труда, предусмотреть меры по оздоровлению производственной среды, по замене или надежной изоляции оборудования, являющегося источником повышенной вредности и опасности.

Предусматриваются мероприятия по соблюдению санитарно-гигиенических норм, стандартов безопасности труда, по организации на предприятии хорошо оборудованных бытовок, пунктов приема пищи, стирки спецодежды, ремонта обуви. Особо выделяются вопросы обеспечения работников жильем, детскими дошкольными учреждениями, местами отдыха.

4. Мероприятия по воспитанию дисциплины труда, развитию трудовой активности и творческой инициативы разрабатываются на основе анализа ценностных ориентаций работников и должны быть направлены на обеспечение трудовой и производственной дисциплины, на развитие форм вовлечения трудящихся в совершенствование производства.

Совершенствование социального развития трудовых коллективов обеспечивает рост социальной активности, которая наряду с экономической эффективностью является важнейшей предпосылкой и условием благополучия предприятия и его работников.

Методы совершенствования социального планирования наиболее полно раскрываются в социальном планировании.

Социальные процессы на предприятии должны управляться, этим целям служит социальное планирование или планирование социального развития трудовых коллективов. Однако необходимо отметить, что социально-экономическая нестабильность в обществе, характерная для 90-х годов, борьба предприятий за выживание в новой рыночной среде отодвинули вопросы планирования социального развития на предприятиях на второй план. Тем не менее, это не означает, что необходимость такой работы потеряла свою актуальность. Усиление стабилизационных процессов в стране неизбежно поставит проблемы управления социальным развитием в ряд приоритетных. Об этом свидетельствует опыт экономически развитых стран мира. Поэтому целесообразно рассмотреть вопросы организации управления социальным развитием на предприятиях.

Социальное планирование - это система методов и средств планомерного управления развитием трудового коллектива как социальной общности, целенаправленное регулирование социальных процессов и развития социальных отношений на уровне коллективов.

Социальному планированию на предприятии должно предшествовать комплексное социологическое исследование трудового коллектива, целью которого может быть изучение социальной структуры работников, выявление ее слабых звеньев и направлений совершенствования. Изучению подлежат вопросы отношения людей к труду, факторы привлекательности и непривлекательности труда на предприятии в целом и в каждом его подразделении.

Особое внимание необходимо уделять изучению степени содержательности труда, его условий и уровня его оплаты, текучести кадров, дисциплины труда, ценностных ориентаций в коллективе.

Социологическое исследование завершается разработкой научно обоснованных рекомендаций по изменению социальных параметров трудового коллектива, а также конкретных предложений по различным направлениям работы в коллективе предприятия. Подобные рекомендации и предложения становятся основой социального планирования на текущий период (год) и перспективу (3-5 лет и более).

План социального развития - совокупность научно обоснованных мероприятий, заданий, показателей по всему комплексу социальных проблем, реализация которых способствует наиболее эффективному функционированию коллектива. В центре их не производимая продукция, а человек как производитель и потребитель, как социально активная личность.

В планировании социального развития трудовых коллективов особое теоретическое и практическое значение имеет определение целей и задач разрабатываемых планов. От того, насколько четко сформулированы цель и задачи достижения цели, зависят направленность теоретических разработок и эффективность социального планирования на практике. Для правильного их формирования важно учесть взаимосвязь социального и экономического развития коллектива.

Взаимосвязь социального и экономического развития проявляется в том, что достижение социальных целей основывается на экономическом росте: коллектив может ставить только те социальные задачи, для решения которых создана материальная база.

Экономическое развитие зависит от эффективного использования социальных факторов, переориентации производства на потребителя, успешности преодоления хронической невосприимчивости к НТП - от полного и всестороннего использования человеческих возможностей.

Трудовые коллективы призваны производить материальные блага, но это не самоцель, а средство создания трудящимся благоприятных условий для работы, учебы, отдыха, развития и наилучшего применения своих способностей. Следовательно, цель планирования социального развития трудовых коллективов состоит в максимальном использовании возможностей и условий для всестороннего развития социальной активности личности человека.

Достижению этой цели будет способствовать решение следующих двух групп задач:

максимальное удовлетворение разумных потребностей членов коллектива, повышение содержательности труда, создание благоприятных условий труда, учебы и отдыха, что является результатом осуществления технологических, технических и организационных мероприятий;

воспитание личности члена коллектива, формирование у него инициативного отношения к труду, совершенствование взаимоотношений в коллективе.

При разработке плана социального развития производственного коллектива важно не только определить четкие параметры: показатели и сроки каждого мероприятия, темпы и пропорции, но и предусмотреть ограничения нежелательных тенденций, стимулировать социально прогрессивные. С этой целью используется целая система рычагов и стимулов (престижность профессии и место работы, традиции предприятия и т.д.).

Важнейшими принципами социального развития являются комплексность (планирование многообразных социальных явлений и процессов в их единстве) и демократический централизм (сочетание централизованного управления с локальным решением проблем социального развития коллектива на широкой демократической основе).

Показатели социального развития трудовых коллективов определяются главным образом самими коллективами, исходя из наличия возможностей в интересах развития и повышения эффективности его деятельности.

В настоящее время не потеряли своей актуальности такие принципы как: принцип научной обоснованности и объективности, принцип конкретности. План социального развития трудового коллектива имеет директивный характер, и после утверждения становится обязательным для исполнения. На основе его организуется деятельность коллектива по решению запланированных социальных задач.

Разработка плана социального развития коллектива включает в себя четыре этапа. На первом - подготовительном этапе принимается решение о разработке плана социального развития, формируются рабочие группы, заключаются договоры с организациями, привлекаемыми к разработке плана, уточняется структура плана, составляются календарные графики выполнения работ, определяются программа и методы проведения исследований исходя из конкретных производственных условий; разрабатываются формы рабочей документации, определяется содержание работ и распределяются функции между исполнителями (творческими бригадами), проводятся инструктаж и информирование коллектива.

На втором - аналитическом этапе определяется степень выполнения предыдущего плана социального развития, изучается социальная структура, условия труда, быта и отдыха, уровень заработной платы и др. собранные материалы сравниваются с нормативными данными, достижениями передового опыта науки и техники, что способствует научному обоснованию плана. Собирается первичная социальная информация, проводятся конкретные социологические исследования.

Социальный паспорт предприятия представляет собой совокупность показателей, отражающих состояние и перспективу социального развития. В нем характеризуются социальная структура коллектива предприятия, его функции, условия труда, обеспеченность работников жильем, детскими дошкольными учреждениями, подразделениями социальной инфраструктуры на самом предприятии. В паспорте отражаются внутриколлективные отношения, социальная активность работников и другие вопросы.

Данные из социального паспорта используются при разработке плана социального развития.

Действие организационно-технических факторов связано с функционированием технической подсистемы предприятия и характеризуется: уровнем организации производства и труда; формами организации трудового процесса (индивидуальные и коллективные); пространственным расположением рабочих мест, организационным порядком (четкое распределение функций, прав и ответственности, наличие организационно-распределительной документации, упорядоченность функциональных отношений связей).

Таким образом, планирование и организация социального развития коллектива, создание нормальных социально-психологических отношений в коллективе направлены на удовлетворение потребностей членов трудового коллектива, на улучшение результативности их деятельности.

Список использованной литературы

1. Social projects of ERG Corporation (2022). ERG, [updated June 30, 2022]. Available: <https://www.erg.kz/ru/content/ustoychivoe-razvitie/social-nye-proekty>
 2. Heras, I., Boiral, O., & Arana, G. (2019) OHSAS 18001 certification and work accidents: Shedding light on the connection. Journal of Safety Research, 68, 33-40. <https://doi.org/10.1016/j.jsr.2018.11.003>
 3. International standard iso 14001 - environmental management system. (2022). SGS, [updated June 30, 2022]. Available: <https://www.sgs-caspian.com/ru-ru/news/2019/10/iso-14001-environmental-management-system>
- Social Accountability 8000 (2022). [updated June 24, 2022]. Available: <https://sa-intl.org/programs/sa8000>

ШАҒЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

ӘОЖ 330

Бахметова Д.Н.

Кәсіпкерлік іс-әрекетті қалыптастыру үшін, міндетті түрде анықталған: экономикалық, әлеуметтік, құқықтық жағдайлар керек.

Экономикалық - ол біріншіден, тауарларға деген сұраныс және ұсыныс; тұтынушылардың тауарларды сатып алатын тауарлар түрлері; тұтынушылардың тауарларды сатып алуға шығаратын қаржы құралдарының көлемі; жұмыс орындарының жетіспеуі немесе артықшылығы;

Экономикалық жағдайға кәсіпкерлердің өз істеріне қаржыландыруда қаржы ресурстары, инвестицияланған капиталға табыс деңгейі сонымен бірге қарызға алынған қаржы өлшемі әсер етеді. Осының бәрімен кәсіпкерлердің коммерциялық операцияларды жүзеге асыруда, нарықтық инфрақұрылымды құрайтын әртүрлі ұйымдар әрекет етеді. Бұлар - банктер, қаржылық қызмет көрсетушілер; шикізат; материал, жартылай фабрикаттар, бөлшек заттар. Жанар-жағар май, энергия, машина және жабдықтарды, құрал-саймандарды және т.б. қамтамасыз ету; тұтынушыларға тауарларды жеткізетін бөлшек және көтерме сауда; бухгалтерлік, құқықтық, делдалдық қызмет көрсететін мамандандырылған фирмалар мен мекемелер; жұмыс күшін жинақтауда көмектесетін еңбек агенттері; жұмысшыларды және қызметкер мамандарды оқытатын оқу орындары.

Көлік сақтандыру, жарнама агенттері: акпараттар мен байланысты қамтамасыз ететін құралдар. Сонымен қатар экономикалықпен тығыз байланыста әлеуметтік жағдайда қалыптасады.

Біріншіден тұтынушылардың талғамына байланысты тауарларды сатып алуы. Әр түрлі кезеңдерге байланысты қажеттілік өзгеруі мүмкін. Әлеуметтік-мәдени ортаға байланысты религиялық мөлшер рөл ойнайды. Осы мөлшердің барлығы тұтынушылардың өміріне және тауарларға деген сұраныстың болуына тікелей әсер етеді. Әлеуметтік жағдай жеке адамның жұмысына, оның еңбекақы өлшеміне қатысты.

Кәсіпкерлік іс-әрекеттен кәсіпкер қанағат алу керек. Ол өзінің серіктестерінің жұмыстарының сұрақтарына әлеуметтік шешім қабылдауға қатысады. Кәсіпкерліктің қалыптасуына негізгі рөл кәсіпкерлер кадрын мамандығын жоғарылату және қайта оқыту, әзірлеу, кәсіпкерлік іс-әрекетті жүргізудің жаңаша әдісін енгізу, кәсіпкерлік кадрды оқытатын оқытушылар құрамын дамыған елдерге жіберіп оқыту, профессионалды кәсіпкерлерді жинақтайтын консультативті орталықтар құру. Кез-келген кәсіпкерлік іс-әрекет заңды түрде жүзеге асады. Сондықтан міндетті түрде құқықтық жағдайларды қалыптастыру керек.

Бұл біріншіден кәсіпкерлік іс-әрекеттің дамуына жағдай жасайтын және кәсіпкерлік іс-әрекетті реттеуші; кәсіпорындардың ашылуы және тіркелуіне; мемлекеттік бюрократизмнен кәсіпкерлікті қорғау; салық нормативтері; шетел кәсіпкерлерімен бірігіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік беру секілді заңдылықтар жиынтығынан тұрады. Сонымен бірге аймақтық шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау және дамыту орталығы да жатады. Кәсіпкерлік іс-әрекеттің құқықтық кепілдік, меншік құқығы және келісім міндеттемелерін сақтау.

Қоғамымызды реформалаудың қол жеткен қомақты табыстарының бірі орта топтың қалыптасуы. Өміршілдік жүйедегі экономиканың күйреуі, жекеленген нарық элементтерінің пайда болуы экономикалық өмірге бұрынғы шаруашылық субъектілерінен өзінің инновациялық мінез-құлқымен ерекшеленетін жаңа шаруашылық субъектілерін әкелді. Сонымен бірге қоғамымызда меншік иесі деген жаңа әлеуметтік топ қалыптасты. Осы орта топтың қалыптасуы, негізінен, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуымен тікелей байланысты. [9]

Шаруашылықты жүргізудің формаларын қолданбай еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес. Соның бірі – шағын және орта бизнестің дамуы болып табылады. Нақты айтқанда, жұмыссыздықты жоюда, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеуде, нарықты халыққа қажетті тауарлармен толтыруда, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде, депрессияны бастан кешіріп отырған жекелеген аудандарды қалпына келтіруде осы шағын және орта бизнес шешуші фактор. Жұмыспен қамту мәселесі, жұмыссыздықтың өсуі, әсіресе әйелдер мен жастар арасында жалпы әлемдік проблема болып отыр.

Халықаралық форумдар мен ұйымдардың жетекші ғалымдары мен эксперт сарапшылары осы күннен-күнге етек алып келе жатқан жұмыссыздықты жоюдың басты көзі - жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын ашу деген қорытындыға келіп отыр.

Шағын кәсіпорындар санының көбеюі меншік иелерінің өсуіне алып келеді, бұл соның ішінде еліміздің дамуы үшін өте маңызды. Еліміздің экономикасының гүлденуі шағын және орта бизнестен бастау алады. Шағын және орта бизнестің дамуы экономикалық прогрестің шешуші факторы және жұмыспен қамтудың басты көзі болып отыр. Ол қоғамның экономикалық саяси-әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан шағын және орта бизнестің дамуы республикамыздың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі маңызды құбылыс болып отыр. Экономикасы дамыған елдерде өзіне тән өркениетті ерекшеліктері бар шағын кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсетеді. Нарықтық экономикасы дамыған жекелеген елдерде жұмыс істейтіндердің саны жағынан, өндірістің көлемі мен тауарларды тарату жөнінен қызмет көрсету саласында шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілері жетекші рөл атқарады. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде шағын және орта кәсіпкерлік шешетін тағы бір мәселе - қызмет көрсету саласын кеңейту.

Көптеген дамыған елдерде өз бетінше жұмыс істейтіндердің 60%-дан 80%-ға дейінгі бөлігі осы салада топтасады екен. Шағын фирмалар ондаған жылдар бойы дамып келе жатқан елдерде сыртқа шығарылатын өнімнің 50-60%-ын осы кәсіпкерлер құрайды. БҰҰ-ның зерттеу деректері бойынша, бүкіл әлемдегі халықтың 50%-ы шағын және орта бизнеспен айналысады. [10]

Шағын кәсіпкерлікті дамытпай, нарықтық экономиканы қалыптастыру мүмкін емес. Бұл - нарықтық қатынастарды алға жетелеуші буын. Нарықтық экономика элементтерін енгізудің әрекеттерін монополияландырылған ортаның қарсылығына тап болуда. Монополизмге қарсы күресудің тиімді жолдарының бірі - шағын және орта бизнесті дамыту. Шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты шаралар Елбасы Н.Назарбаевтың 1997 жылы 6 наурызда қабылдаған «Шағын кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді жеделдету шаралары» деген қаулысынан басталады. Одан кейін «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңдар қабылданды.

Шағын кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау үшін, қаржылай және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында Елбасы «Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың басымдылықтары мен аймақтық бағдарламалары туралы» жарлық шығарды.

Шағын және орта кәсіпкерлік - экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі. Ішкі жалпы өнімнің елеулі бөлігін өндіру солардың үлесінде. Бұл жағдай тек дамыған елдерге ғана қатысты емес, оған қоса өтпелі экономикасы бар елдерге де қатысты. [11]

Отандық кәсіпкерлерді мемлекет тарапынан қолдау, ішкі нарыққа жұмыс жасайтын, өзі шығарған отандық өнімдері арқылы ұлтты танымал ететін орта топтың қалыптасуына ықпал етеді.

Қоғамды жікке бөлуден және саяси дағдарыстарды қолдамайтын тұрақтандырушы ретінде шағын және орта бизнес өкілдерінің рөлі аса маңызды. Елбасы ұсынып отырған стратегиялық бағытта қоғамды жаңартуға қабілетті, экономиканың жағдайын ойлайтын кәсіпкерлерге ерекше көңіл бөледі. Шағын кәсіпорындардың тиімділігі және артықшылығы - олар аса үлкен қаржыны керек етпейді және оларға салынған қаржының да қайтарымы жылдам болады.

Шағын және орта бизнес халықтың әл-ауқатын арттырып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, еңбекақының уақытында төленіп отыруына септігін тигізетіні сөзсіз.

Бүгінгі жағдайда кәсіпкерліктің осы түрін дамытуға кеңінен жол ашылды. Соның бірі - шағын несиелендіру.

Шағын несиелендіру - кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай туғызуға және ең аз қамтамасыз етілген азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына бағытталған несиелендірудің бірі. Оған мынадай мақсаттар белгіленген:

1. Еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, кірістерді көбейту, кедейшілікті төмендету;
2. Еңбекке қабілетті халықтың еңбекпен қамтылмаған бөлігі арасында, жеке және отбасылық кәсіпкерлікті дамыту.

Миллиондаған қазақстандықтардың өмірлік мүдделеріне тікелей қатысты. Бүгінгі таңдағы мейлінше маңызды және экономикалық міндет-шағын несие беру арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру және дамыту болып табылады. Жұмыссыздық пен кедейшілікке қарсы күрес стратегиясының негізгі тармақтарының бірі - шағын несие жүйесін енгізу және шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып саналады.

Экономикалық дағдарыста ірі кәсіпорындар едәуір шығынға ұшырап, иілмелі нарық жүйесі алдында дәрменсіздік танытса, шағын және орта бизнес айтарлықтай зардап шекпей, озық технологияларды меңгере отырып, өзінің өміршендігін дәлелдеп, тұрақтылықты байқатты. Соның нәтижесінде мыңдаған жұмыссыздар жұмысқа тартылды. Қысқасы шағын және орта бизнес саласы дағдарыстағы экономикамызға тіреу болды деп айтуға болады.

Шағын және орта бизнестің дамуына қолайлы жағдай туғызу үшін отандық кәсіпкерлерді ынталандыру, оның бейнесіне көбірек көңіл бөлу және кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың инфрақұрылымын жандандыру қажет. Ол жартылай қылмысты жолмен жүріп, яғни салық салудан өз кірістерін жасырып, қылмысты ортадан қорғаныш іздеуім керек пе немесе арамызда әлі де бар ой-ниеті таза емес шенеуніктер тарапынан «пана» табуым қажет пе, әлде, қайткенмен де өз бизнесімді заңды негізде дамытып, өркениетті жолмен жүріп, кәсіпкерлер тобының маңдайына жазылғандай, мемлекет тұрақтылығының негізіне айналуым, қоғамдық игілікке қызмет етуім керек пе деген тандау жасау үстінде. Мен жағдайды өзгертіп, шағын және орта бизнестің тұтастай алғанда кәсіпкерліктің өркениетті жолмен дамуы үшін мақсатты түрде барлық жағдайды жасауға біздің ақылымыз бен саяси еркіміз жеткілікті деп ойлаймын» деген еді. Сонымен қатар Н.Назарбаев Қазақстанда кәсіпкерлік барлық уақытта болғандығын атап өтті.

Сондықтан қазақтардың бұл саладан хабары жоқ деу мүлде негізсіз. Бірақ біздің жеке істі жүргізу қабілетімізді жоғалтып алғанымыз рас. [12] Енді осы кәсіпкерлік рухты қайта жаңғыртатын уақыт жетті. Осы заманғы әлеуметтік өркениет ядролық энергетика мен ғаламтор қана емес, ол ең дуелі - орта таптың өркениет жаюы екенін айтты. Орта тап - ылғи да мемлекеттің тірегі, экономиканың жетекші секторы, қалыптылық пен тұрақтылықтың факторы. Бүгінде бізде байларда бар, ол халықаралық стандарт бойынша кедейлер санатына жататындардың үлес салмағы басым түсіп отыр. Басты міндет - адамдардың өздері осы санаттан шығып, орташалардың қатарына қосылуға күш салуы қажет.

Кәсіпкерлік қызмет жеке тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыруының тиімді тәсілі. Ол сондай-ақ адамдардың өзіне сенімін арттырады және іскерлігін қалыптастырады. Шағын және орта бизнесті дамыту ел экономикасының бырсыпыра табысқа жетуіне мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнесті дамыту «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамуының стратегиясында негізгі мәселенің бірі болып көтерілсе, ол міндет орындалып келеді» деп жазды Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында. Экономиканы тиісті деңгейге жігерлі, өркениетті кәсіпкерлер көтереді. Сондықтан да еліміздің ертеңі осы кәсіпкерлердің қолында.

Кәсіпкерлікпен айналысу үшін ең алдымен оған экономикалық жағдай керек. Олар: нарыққа тауар, қызметтер ұсыну, тауарлардың, қызметтердің алуан түрлері; тұтынушылардағы ақша-қаражат көлемі, яғни олардың сатып алу қабілеттілігі, жұмыс орнының және жұмыс күшінің артық-кемдігі; еңбекақы қорының артық-кемдігі; қарыз (несие) беретін мекемелердің ақша ресурстары болуы керек.

Әлеуметтік жағдай. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру және қалыптастыру үшін тұтынушыларда тауар сатып аларлық қаражаты болуы, олардың тауарға, қызметке деген талғамы, төлем қабілеттілігі бар сұранысы болуы шарт. Оған қоғамның рухани даму дәрежесі және діни нормалар ықпалын тигізеді. Әлеуметтік жағдай әрбір адамның жұмыс орнындағы жағдайы, еңбекақы мөлшерімен байланысты.

Құқықтық жағдай. Ең бастысы кәсіпкерлік істерді реттейтін заңдар болуы шарт. Оған мыналар жатады: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, салық туралы заңдар, кәсіпкерлерді бюрократтардан қорғайтын заңдар, шағын және орта бизнесті қолдайтын органдар, меншік заңдар.

Кәсіпкерліктің түрлері:

1. Атқаратын міндетіне қарай кәсіпкерліктің мынадай түрлері болады: өндірістік, коммерциялық, қаржылық және консультациялық.

2. Меншік түрлері бойынша жеке меншік, мемлекеттік, муниципалды, сонымен бірге қоғамдық құрылымдар меншігі.

3. Меншіктер саны бойынша кәсіпкерлік іс жеке адамның немесе ұжымның құрамы болуы керек.

4. Кәсіпкерлік формасы бойынша екіге бөлінеді: 1) ұжымдық – құқықтық; 2) ұжымдық - экономикалық.

Ұжымдық – құқықтық кәсіпкерліктер. Серіктестіктер – адамдардың бірлестігі, онда екі және одан да көп серіктестер болады. Олар өз капиталдарын қосады және әрбір мүше өзінің капиталымен жеке жауап береді.

Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық қорға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиісілі мүлікпен оған өздері еселеген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік қосымша жауапкершілігі бар серіктестік деп аталады.

Бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық қоры құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп аталады.

Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік толық серіктестік деп аталады.

Жарғылық қоры акциялардың нақты құнына тең белгілі бір санына бөлінген серіктестік акционерлік қоғам деп аталады, ашық және жабық түрде болады.

Қатысушылары өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз бөліп бере алатын акционерлік қоғам ашық акционерлік қоғам болып табылады. Ашық акционерлік қоғам өзі шығаратын акцияларға ашық түрде жазылып жүргізуге және оларды заңдармен белгіленген жағдайларда еркін сатуға құқылы.

Акцияларды тек өз құрылтайшылары немесе алдын ала белгіленген өзге адамдар арасында таратылатын акционерлік қоғам жабық акционерлік қоғам болып табылады. Жабық акционерлік қоғамның өзі шығаратын акцияларға ашық түрде жазылу жүргізуге не оларды сатып алуға өзгеше түрде адамдардың шектеусіз тобына ұсынуға құқығы жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Алиев Т.М. Қазақстан: «ресурстық қарғыс» немесе «голландиялық сырқат»? // Экономика мәселелері. – 2013. – № 6. – 17-35 б.

2 Назарова, Г. Н. ҚР шағын және орта бизнесі даму тенденциялары / Г. Н. Назарова, Руслан Толегенов. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 5.1 (191.1). — С. 62-65.

3. Drugova G.A. Problema vzaimodejstviya v sisteme monogorod — gradoobrazuyushchee predpriyatie, Nauchnyj zhurnal: Molodoj uchenyj [The problem of interaction in the system of a single — industry-graduate enterprise. unapproachable, young scholar], 19 (153), 123-127 (2017). [in Russian]

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ

ӘОЖ 81.15

Бахметова Д.Н.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шағын бизнестің дамуы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Шағын бизнес Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Дербестігімізге 27 жыл толған еліміздің дамуына шағын бизнесті дамыту өте қолайлы. Шағын кәсіпкерліктің дамуы бір қатар әлеуметтік проблемаларды шешуге негізделеді, соның ішінде шағын бизнес саласында жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету деп ойлаймын. Шағын кәсіпкерлі дамыту тиімділігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген, яғни шағын бизнес инвестицияға деген ең төменгі қажеттіліктермен ұлттық өнімнің едәуір бөлігін өндіреді.

Шағын кәсіпкерлік арқасында болатын жағымды жайттар:

1. аймақтық экономиканы жандандыру;
2. қайта құрылған жұмыс орындарын көбейту;
3. шағын бизнесті дамытуға қолайлы орта қалыптастыру;
4. Қазақстанда шағын бизнес қарқынды дамуына қол жеткізу.

Кәсіпкерлікті дамытудың теориялық және методологиялық мәселелері жан-жақты талданып келеді, Дегенмен бұл салада жасалған жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, ол жұмыстарда негізінен, кәсіпкерлік қызметін дамытудың жалпы экономпикалық көзқарастары ғана қарастырылғандығын айтуымыз керек.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында методологиялық дәрежеде шетелдік, атап айтқанда, американдық ғалымдармен көптеген зерттеулер жасалған. Бұл осы елдің шағын кәсіпкерлікті дамытуда 200 жылдық тарихы бар екендігін көрсетеді. Бүгінгі таңда АҚШ-та 20 миллионнан астам кәсіпорын бар және олардың 6%-і шағын және орта бизнеспен шұғылданатын кәсіпорындар.

Жалпы құрылымы бойынша менің курстық жұмысым екі бөлімнен тұрады:

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың мемлекеттік саясаты экономиканың әртүрлі салаларында кәсіпкерліктің даму болашағын анықтай отырып кәсіпкерлердің әр түрлі топтары үшін қолдаудың жеке шараларын жүзеге асыру қарастырылады. Ол үшін алдымен шағын және орта кәсіпкерліктердің өндірістік және инновациялық іс-әрекеттеріне көңіл бөлу керек.

Кәсіпкерлікті аймақтық басқару үшін аймақтық шағын бизнесті дамыту орталықтарын құру ұсынылады, олардың міндеттері мыналар: кәсіпкерлікті дамыту қорларын құру, жаңа кәсіпорын құру жөнінде кеңес беру арқылы көмек көрсетулерді ұйымдастыру, бизнес-инкубаторларын құру, бизнес-семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, пайдаланылмайтын алаңдарды сату бойынша теңдерлер ұйымдастыру және басқалар.

Жаппай кәсіпкерлікті аймақтық басқарудың тиімді құралдарының бірі шет елде өзін-өзі жақсы танытқан, нәтижеге жеткен бизнес-инкубаторларды кең пайдалану ұсынылады, бұл кәсіпорын құрудың, икемді әдістері мен тиімді жұмыс істеу жүйесі болып табылады.

Жаңа кәсіпорын құру процесі – бұл кәсіпкерлік қызметіндегі ең көп жауапты және еңбек сіңіруді керек қылатын кезең, ол дұрыс қызмет бағытын таңдауды, тиісті команданы жинақтауды, болашақ кәсіпорынның орналасатын жерін таңдауды, бизнестің ұйымдық-құқықтық түрін анықтауды, фирманың маркетингтік мүмкіндіктерін талдауды және ең соңында кәсіпорынның өзін тіркеуді ұйғарады.

Кез келген болашақ кәсіпорынды бағалау үшін айналысатын саланың күйі мен нарық жағдайы, экономикалық көрсеткіштер, бәсе-кеге қабілеттілік деңгейі, басқару командасының мінездемесі, жеке критериялар және стратегиялық мінездемелер есепке алынады. Мұндай талдау кәсіпорынды келешектегі оның тиімділігі тұрғысынан бағаландыруға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның жоғары әлеуеті табыстарға қол жеткізуге қолайлы мүмкіндіктер тудырады, ал кәсіпорынның әлеуеті төмен болса, қандай да бір идеядан бас тарту жолымен мүмкін болатын сәтсіздіктерден құтылуға мүмкіндік береді. Шағын кәсіпорынның әртүрлі даму сатылары мен басқарудың ұйымдық қаржы ресурстарына деген қажеттілігін дәлме-дәл есептеуге ғана емес сонымен қатар келешекке болжам жасауға да мүмкіндік береді. Бұдан басқа қаржылық жоспар — несиелеу мен капиталды инвестициялау үшін қажетті алғашқы қаражаттардың бірі болып табылады, ол бизнестің тек пайызды төлеуге ғана емес, сондай-ақ қарыздарын қайтару үшін де жеткілікті пайда табу мүмкіндігін көрсетеді.

Қазіргі замандағы әлемнің ең жоғары дамыған елдерінің бірі — АҚШ-тың кәсіпкерлікті дамыту бойынша 200 жылдан астам тәжірибесі талданып, қорытылды. Бұл тәжірибелерді Қазақстанда пайдалану жөнінде ұсынылған ұсыныстар республикадағы өтпелі кезең қиыншылықтарын жеңу және индустриалды дамыған елдер жолына шығу мақсатын көздейді.

Шағын бизнестің негізгі мақсаты — халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортименттегі тауарлармен, қызметтермен толықтыру. Қазақстан Республикасында халықтың әл-ауқаттылығын түбегейлі жақсарту мен экономиканы дамыту секілді қиын да игі міндеттерді атқара білетін бизнесмендер тобын жетілдіруге алып баратын әрі кәсіпкерлік қызмет саласын шабыттандыратын кәсіпкерлікті басқару ісінің мақсатты да көп деңгейлі жүйесін қалыптастырудың қажеттігін атап өту керек.

Республикамызда нарықтық қтынастарды қалыптастырудағы маңызды міндеттердің бірі – шағын кәсіпкерлікті дамыту. Республикада шағын бизнестің дамуы мен қызмет жасауына қажетті ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық шараларды қалыптастырудың алғашқы қадамдары жасалуда. Оған келесі жағдайлар бекітіледі:

Шағын кәсіпорындар кез келген халық шаруашылығының саласында, кез келген меншік формасы негізінде құрыла алады. Әр саладағы жұмыскерлер саны кәсіптің ауқымына қарай әртүрлі болып келеді.

Шағын кәсіпорындар, шаруашылық ассоциялары, ұжымдық, біріккен кәсіпорындар, мемлекеттік органдар құрады. Республикамызда шағын бизнестің экономикалық мәнін тереңнен түсінуге «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» жол ашып отыр.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының міндеттері:

- Еңбек нарығының қажеттілігін есепке ала отырып техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау.
- Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқу.
- Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту.
- Ауылда және қалада микрокредит беруді кеңейту.
- Жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу.
- Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.
- Жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң құру

Дүние жүзілік практикада жалпы қабылданған кәсіпкерліктің даму деңгейінің көрсеткіші – шағын бизнес кәсіпорындардың 1000 тұрғынға шаққандағы саны. Халықтың кәсіпкерлік белсенділігі әсіресе Алматы қаласы мен Астана қаласында, сондай-ақ Маңғыстау және Павлодар (6,5) облыстарында ас жоғары. Шаруа қожалықтары бойынша оң түстік Қазақстан, Алматы, және Қарағанды облыстары көзге түседі.

Шағын кәсіпкерлік базар қатынастрын ұдайы іске қосып отыратын ортаның нақ өзі экономиканың өтпелі кезеңіндегі шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, базарлардың тауарлармен малығуына және жаңа жұмыс орындардың құрылуына мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, кәсіпкерлік экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар меншіктің экономикалық дамуына оның тұрақтылық индикаторы есепті орта жасақтайды. Шағын кәсіпкерліктің әлеуметтік міндетіне: халықты жұмыспен қамту, тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету және адамның өмірге нақ сезімен қарау мүмкіндігін артыру жатады. Қазақстанда шағын кәсіпорындар жүйесінің қалыптастыру әлі жүріп жатыр. Фирмаларды көлемі бойынша топтастыру кезінде негізінен бірінші белгі ескеріледі: шағын бизнеске жұмысшы саны 100 адамға дейін, ал Қазақстанда 50 адамға дейін болатын кәсіпорындарды жатқызады. Кәсіпорындардың кәсіпкерлеріне жоғары білімі бар және онысын жұмысында қолданады.

Ең басты: шығын кәсіпкерлігі саны өсіп келеді, өсіп келеді. Шағын кәсіпорындардың соңғы жылдары күрт ұлғаюы жаңа нарықтық құрылымының қалыптаса бастаған аймағы. Заңды түрде тіркеліп, мерзімінде жұмыс істеген шағын кәсіпорындардың басым көпшілігі Алматы қаласында орналасқан. Тұрғындардың мемлекеттік бөлікте жұмыспен қамтылу деңгейі төмендеді. Босап қалған еңбек ресурстарының бір бөлігі мемлекеттік кәсіпорындардан жеке кәсіпорындарға ауысты. Шағын және орта кәсіпкерлік, әсіресе, агроөнеркәсіптік өндіріс саласында мықтап дамуға тиіс.

Өткен жылдары еске алсақ, ауыл шаруашылық шикізаттың басым бөлігі республикадан тыс жерлерге тасымалданып, сол жерлерде өңделіп, дайын өнім жоғары бағамен қайта әкеледі. Агроөнеркәсіптік кешен – экономиканың ірі де әлеуметтік маңызы зор бөлігі. Жалпы ішкі өнімнің алтыдан бір бөлігі ауыл шаруашылығының, сондай-ақ ұқсату кәсіпорындардың үлесіне тиеді.

Шағын кәсіпкерлік тек бәсекелестің ғана емес, сонымен бірге, қоғамдағы техникалық прогресс пен ақпараттандырудың да лайықты ұйытқысы болып табылады. Ол шағын және орташа қалалар мен аудандар аумағында тұратын адамдардың әлеуметтік – экономикалық жағдайын жақсартуға қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айкупешева Д.М., Балкибаева А.М., Нуртаева Ж.Ш. Қазақстан Республикасында шағын бизнестің дамуы. «Тұран» университетінің хабаршысы. 2018;(4):36-40.
2. Воевутко А. Ю. Государственная поддержка малого и среднего бизнеса в Казахстане // Финансы Казахстана.- 2011. - № 5.- С. 37-40
3. Ботанов М. Предпринимательство - один из путей к экономической безопасности Казахстана. // Аль Пари, 2001. № 1-2. стр.43.

Ұйымның жетістігі мен қызметкерлердің жоғары еңбек мотивациясы бір-бірімен тығыз байланысты. Компанияның алдын алу үшін өз қызметкерлерінің жұмысын жоғары табыспен жолға қою, ұйымның барлық мүшелерін жетістікке жетелеу қажет

түпкілікті нәтиже, әркім өз мақсатына жету үшін өз үлесін қосуға тырысады. Сондықтан басқарумен айналысатын басшылар мен зерттеушілер ұйымның жетістігінде еңбек қызметін ынталандыру мен ынталандырудың қалай иеленетініне қызығушылық танытады. Сонымен қатар, жұмыс нәтижелері мен қызметкерлердің мінез - құлқы олардың мотивациясы деп толық сенімділікпен айтуға болмайды, дегенмен оның рөлі өте үлкен.

Мотивация-кез-келген менеджердің негізгі функцияларының бірі, бұл кәсіпорын қызметкерлеріне мүмкіндік береді.

Мотивацияның функциялары келесідей: кәсіпорынның жұмысшы персоналында болуы, оны тиімді жұмыс істеуге, ынтымақтастықтың жеке және ұжымдық шараларының әдістерімен және қоғамдық әлеуеттің көмегімен ынталандыру.

Мотивацияның қажеттілігі компания ұжымы қабылданған басқару шешімдерін үйрете отырып, өз жұмысын өзіне берілген құқықтар мен міндеттерге сәйкес шығаратындығымен сипатталады.

Еңбекті ынталандыру жүйесінің басты міндеті-қызметкерлерді өндіріс құралдарының саласы ғана емес, өз жұмыс күшіне иелік етуге үйрету.

Дұрыс, нақты себептермен адамның барлық күрделі әңгімелері қозғалады және жасалады. Менеджердің негізгі міндеті еңбек мінез құлқының қажеттіліктері мен мотивациясын анықтау қойылған міндеттерді орындау мақсатында қызметкерлер. Бұл еңбек мотивациясының өзіндік мәнін білдіреді.

Әр түрлі сыртқы және ішкі ынталандырушы күштердің өзара әрекеттесуі еңбек мінез-құлқын анықтайды (сурет.1).

Жұмыс ортасына ынталандырудың күшейтілген мінез-құлқы бағыт бойынша мақсатты жұмысты қамтиды:

- > материалдық ынталандыру жүйесі;
- > жұмыс кестесін өзгерту;
- > моральдық ынталандыру;
- > мақсат қою арқылы мотивация;
- > жұмысты ұйымдастыру арқылы қызметкерлерді ынталандыру;
- > қызметкерлерді хабардар ету .

Еңбек мотивациясының негізгі мәселелері:

Біріншіден, мотивацияны еңбектің жеке элементі және бөлігі ретінде анықтау үшін ешқашан ортақ пікір жоқ. Мотивацияны түсіну маңызды және осы мәселемен айналысатын зерттеушілердің қанша екенін анықтайды.

Екіншіден, еңбек мотивациясын анықтаудағы қиындық нақты еңбек қызметімен жасалады. Бір жағдайда, еңбек адамның даму факторларының бірі қажеттілік пен қозғаушы күш ретінде көрсетеді. Басқа жағдайда, еңбек адамды аулақ болуға мәжбүр ететін әрекет түрінде болады бағыт: психикалық және физикалық белсенділік және энергия шығындары.

Үшіншіден, бағаланбаған уақытқа дейін, негізінен, мотивацияны ескере отырып, экономистер мен психологтар тығыз жұмыс істеді. Сондықтан осы уақытқа дейін еңбек мотивациясы туралы бірыңғай түсінік табылған жоқ.

Мотивация-бұл сыртқы саяси және ішкі ынталандырушы күштер белсендірілетін, баяндауды қалыптастыратын, тұлғашылық психикалық мінез-құлық пен компоненттер, сыртқы факторлар арасындағы күрделі байланысты тудыратын процесс.

Мотив-бұл дайындықтың күйі, біржақтылық, адамның әрекетті сол немесе басқа жолмен шығаруға бейімділігі. Еңбек жағдайының жеке мәні мотивтерге байланысты. Вити мотивтері:

- > Тежеу мотиві (белгілі бір әрекеттерден сақ болыңыз).
 - > Сот ісін жүргізу себептері (ашық танылған, жарияланған, өзіне және басқа да әңгімелеріне әсер етеді).
 - > Жеңіс мотивтері (әрекет ету үшін жеке тұлғаны белсендіретін нақты, шынайы мотивтер).
- Биологиялық және әлеуметтік еңбек мотивтері де ерекшеленеді.

Биологиялық мотивтер-шөлдеу, ұйқы, аштық, жыныстық қатынас және т.б., яғни физиологиялық қажеттіліктер мен қажеттіліктермен байланысты. Мысалы, аштықты қанағаттандыру үшін адамға қажет кейбір әрекеттер (балық аулау, жоспарлар жинау, басқа тәсілдермен ақша табу және оларға тамақ сатып алу) бір, ол биологиялық мотивтің әсерінен болады.

Әлеуметтік тұрғыдан мыналарды жатқызуға болады: мазмұн мотивтері-бұл ұйымның негізгі еңбек мотивациясы. Ұжымда немесе ұжымшылдықта болу қажеттілігі. Радионың жоғары табысы мен тұрақтылығын құрбан етуге және оның қожайыны болуға дайын жұмысшылар үшін мінездің Тәуелсіздігінің мотиві. Өзін-өзі дамыту (жеке өзін-өзі күту) негізінен жас немесе ересек жастағы жұмысшылардың көп санын білдіреді. Тұрақтылық (үміт) мотиві Тәуелсіздік мотивімен салыстырылады. Әділдік мотиві өркениеттің бүкіл тарихына созылады. Әділеттілікке немқұрайлы қарау демотивациямен аяқталады. Жаңа (белгілі, білімді) сатып алу мотиві жаңа қызметтер мен тауарларды өндірушілер арасында танымал маркетинг құру болып табылады. Мотивтер мінез-құлық стратегиясын ұсынуы керек мотивацияны, сондай-ақ адамның алға қойған мақсаты мен іс-әрекетінің мотивтері алыс болашаққа қатысты болған жағдайда қарастырудың перспективалық себебі болып табылады.

Кез-келген компанияның персоналының мотивациясы нарықтың өзгеруіне сәйкес өзгертін өзінің динамикалық құбылысын білдіреді. Мотивация және ынталандыру жүйесі кіші болуы керек, өйткені ол өзінің тірі жүйесін білдіретін ұйымның ішінде әрекет етеді. Егер мотивациялық жүйеде өзгерістер болмаса, онда ұйым ішінде мотивациялық деп саналатын факторлар жұмысын тоқтатады немесе басқа мәселелерді шешеді. Осылайша, мотивацияның қатып қалған, номиналды жүйесі туралы емес, қызметкерлерге нақты ынталандырушы әсер етумен байланысты процестер туралы айту өте қажет.

Өзінің функционалды бағыты бойынша ынталандыру және ынталандыру еңбек қызметін ұйымдастырудың әртүрлі элементтерін (әлеуметтік жағдайлар, еңбекақы төлеу шарттары, еңбекті ұйымдастыру және мазмұны және т.б.) практикаға енгізу арқылы қызметкердің немесе ұжымның ішкі ынтасын қалыптастыруға әсер етеді. Мотивацияның материалдық жүйесіне жалақы деңгейі, жалақы, сыйлықақы, пайыздар, өтемақылар, демалыс және басқа төлем түрлері кіреді, әдетте ақшалай түрде. Материалдық емес мотивацияға оқыту, мадақтау, сауаттылық, атаулы сыйлықтар, "мамандық бойынша үздік" типінің әр түрлі рейтингі және т. б. соңғы зерттеулер мен жарияланымдарды талдау персоналдың еңбегін ынталандыру жүйесінің заманауи жағдайларына сәйкес келетін әзірлемелердің маңыздылығын көрсетеді, бұл кез-келген заманауи ұйымның дамуы мотивацияланған персоналды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылатындығы туралы бірқатар негіздемелерді дәлелдейді. оны ынталандырудың тиісті формалары мен әдістерін қолдану. Персоналды ынталандырудың өзекті мәселелері экономиканың түрлі секторлары бөлінісінде қаралады, оның ішінде және әртүрлі Басқару жүйелерінде мотивациялық саланы бөліп көрсетумен. Мотивацияның мәнін тікелей мазмұнды толтыру және олардың құрылымы мен іске асырылу реттілігін анықтай отырып, мотивациялық бағдарламаларды құру әдістері қарастырылады. Мотивация құралдарын қолданудың тиімділігіне нақты әсер ететін негізгі факторларды анықтау арқылы басқару жүйесінің түріне сәйкес мотивация әдістерін таңдау тәсілдері тұжырымдалады, "мотивтер мен ынталандырулардың дұрыс көмегімен компания қызметкерлерін ынталандыру және ынталандыру механизмін қалыптастырудың жалпы процесінің бөліктері өзара тәуелді болады".

Дегенмен, қолданыстағы әзірлемелерде бірқатар маңызды міндеттер пікірталас пен қайшылықты болып қала береді деп саналады. Осы тақырып бойынша әзірлемелерді талдай отырып, мотивацияны түсіндірудің өзінен бірнеше түрлі тәсілдердің болуы туралы қорытынды жасауға болады. Ұйым қызметкерлерінің өз жұмысының нәтижелеріне қызығушылығын арттыру құралдарын енгізудің ұсынылған технологияларында одан да үлкен алшақтық байқалады. Қызметкерлерді ынталандыру бағдарламаларын әзірлеу кезінде дәстүрлі түрде мынадай құрамдас бөліктер ескеріледі: еңбекақы төлеу жүйесі (негізгі және қосымша жалақы); өтемақы және көтермелеу сипатындағы төлемдер; әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер. Мотивацияның элементтік компоненттерінен басқа, персоналды ротациялау, еңбек жағдайларын жақсарту, сондай-ақ қызметкерлердің ұйымда өз үлесін алу немесе материалдық ынталандыру қорларынан пайданы бөлу мәселелерін шешу мүмкіндігі жатады. Мотивациялық сипаттағы жұмыс уақыты мен демалысты реттеу, жеке адамның моральдық қасиеттерін және ұжымдағы моральдық ахуалды қалыптастыру және дамыту, ұйым қызметкерлерінің еңбегін жеке және көпшілік алдында тану сияқты элементтер атап өтіледі. Еңбек мотивациясы күрделі және көп қырлы құбылыс ретінде әр жеке ұйымның қызметі мен ондағы басқару жүйесін ұйымдастыру принциптерінің координаттарында да кездеседі. Жалпы алғанда, бұл менеджменттің маңызды функцияларының бірі болып табылады, ол қызметкерлерді ұйымның өз мақсаттары мен мақсаттарына жету үшін олардың мақсатты кәсіби қызметін жүзеге асыруға ынталандырудан тұрады.

Қызметкерлердің төмен мотивациясымен байланысты әртүрлі ұйымдардағы мәселелер әртүрлі көріністерге ие болуы мүмкін.

Аналитикалық шолулар оларға енгізілген мотивациялық бағдарламалардың тиімділігінің төмендігінен туындайтын қазіргі заманғы ұйымдардың типтік қиындықтары мен проблемаларын келтіреді: орындаушылардың еңбек нәтижелері мен көтермелеудің әлсіз байланысы; қызметкерлердің әлеуетін өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдайлардың болмауы; басшылардың бағыныштыларға әсер етуінің төмен тиімділігі; тұлғааралық коммуникациялардың төмен деңгейі; мансаптық өсудің белгісіз перспективасы; қызметкерлердің бастамашылығы; назардың жеткіліксіздігі оқыту мен тағылымдамадан өтуге және т. б. Еңбекті ынталандыру факторы есебінен ұйым қызметінің тиімділігін арттыру үшін жалпы персонал жұмысының тиімділігін арттыру үшін қызметкерлердің уәждемесін жетілдірудің келесі жолдары ұсынылады: қызметкерлердің жұмыс нәтижелілігінің жалақымен және материалдық емес ынталандырумен байланысы; көтермелеу жүйесінің ашықтығы; кадрлар айналымының төмендеуі; психологиялық климаттың жақсаруы; топтық жұмысты жақсарту.

Қазіргі уақытқа тән мотивация және ынталандыру жүйесі туралы айтатын болсақ, мотивациялық саясат компанияның стратегиясымен байланысты болуы керек деп үйрету керек. Мұндай байланыс ұйымдағы басқарушылық мүмкіндіктердің ұятсыздығы мен мойынсұнушылығын тежеуге, сондай-ақ қызметкерлердің мотивация деңгейінде оң күйге келтіруге мүмкіндік береді.

Қызметкерлерді ынталандыру-бұл белгілі бір түрдегі өнер екенін мойындау керек, оны тек жеке тұлғаға бағытталған Өлшем, үйлесімділік сезімі дамыған адам қолдана алады. Осылайша, адами ресурстар саласындағы ұйымдық кеңесшілер мен мамандардың білікті жұмысы компанияның кадрлық әлеуетін тиімді пайдалану арқылы күшті бәсекелестік өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге арналған.

Қатысушылардың мотивациясы мен ынталандыру жүйесіне қарап, оны өзіңізге қолдануға тырысып, жағдайдан шығудың жолын іздеудің мағынасы жоқ. Көптеген компаниялар жалақы құрылымы туралы ақпаратты құпия ұстауға бейім, мұны өздерінің "ноу-хауы" деп санайды және байқауға қатысушылардың көшірмелерінен қорқады. Бұл, әрине, олардың құқығы, бірақ сіз жүйелі мотивация мен мотивацияны көшіре алмайтыныңызды атап өткен жөн, әсіресе егер жалақы қызметтің негізгі стандарттары мен көрсеткіштеріне байланысты болмаса және оның астында қаржыны бөлуден басқа ештеңе болмаса. Бірақ егер ол байланған болса және оны көшіру мүмкіндігі болса да, ол ешқашан қажетті нәтижелерге қол жеткізе алмайды.

Осылайша, мотивация және ынталандыру жүйесі-бұл кез-келген ұйым үшін ерекше және ерекше басқару құралы, ол құру және дұрыс енгізу болып табылады. Басқарушылық консалтингтің қазіргі заманғы нарығының тенденциялары осы мәселеде көбірек компаниялар өндейтінін және оны шешкісі келетінін көрсетеді.

Пайдаланылған көздер:

1. Журнал бас директор <https://www.gd.ru/articles/8880-qqq-16-m11-09-11-2016-trudovaya-motivatsiya-personala>
2. А.К.Маркова кәсіпқойлық психологиясы. М., 1998.
3. В.Е. Хруцкий персоналды бағалау: заманауи жүйелер мен технологиялар. М.:Қаржы және статистика.

ФИРМАНЫҢ АДАМИ КАПИТАЛЫН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫ

ӘОЖ 331:1.004

Санахметова Ә.С.

Адам ресурстарын басқару бүгінгі таңда еңбек нарығында аса маңызды орын алады. Еңбек нарығында қалыптасқан қатынастар аса айқындалған әлеуметтік-экономикалық сипат алады, олар еліміздің көптеген тұрғындарының өмірлік қажеттілігін қозғайды.

Халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздық, адамға қажетті ресурстар, толығырақ айтқанда, адам нарығы еліміздің экономикасы үшін өзекті мәселе және экономикалық-әлеуметтік маңыздылық болып табылады.

Бүгінгі таңда елімізде кез-келген өндірістің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін адам ресурстарын басқару стратегиясын тәжірибеде пайдаланудың мәні артып отыр. Қазіргі кезде еліміздің экономикасының даму кезеңіндегі негізгі мәселелердің бірі кәсіпорындағы персоналмен дұрыс жұмыс жүргізу.


Себебі, кез-келген үлкен немесе кіші, коммерциялық немесе коммерциялық емес, өнеркәсіптік және қызмет көрсету аясында жұмыс істейтін кәсіпорын үшін адамдарды басқару маңызды орынға ие. Адамдарсыз кәсіпорын жоқ. Қажетті адамдарсыз ешқандай кәсіпорын өз мақсаттарына жете алмайды. Сондықтан, әлеуметтік-экономикалық категорияға жататын адам ресурстарын басқару теориясы мен тәжірибесінің ең маңызды аспектісі болып табылатыны сөзсіз.

Адам ресурстарын басқарудың мақсаты – жалпы адам әлеуетін қолдануды, жұмыс беруші өз жұмысшыларының дағдылары мен білімін жоғары дәрежеде пайдалана алатындай және жұмысшылар да өз жұмысынан жоғары психологиялық және материалдық қанағат алатындай етіп ұйымдастыру. Адам ресурстарын басқару адам психологиясы жетістігіне негізделі отырып, кәсіпорын штатын қалыптасыру, жұмыскерлер мұқтаждықтарын және ұйым мен оның қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынасты басқаратын тәжірибелік ережелер мен процедураларды қолданады.

Адам ресурстарын басқару стратегиясы ұйымды дамытудың жалпы стратегиясының ажыратылмайтын бөлігі. Ол ұйым дамуының болашағын ескеріп жасалынады, ұйымның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерінің іс жүзіне асыруын қолдау - оның мақсаты болып келеді. Сонымен қатар заманауи теория мен тәжірибе қызметкерлерді басқару стратегиясы ұйымның даму стратегиясына тікелей ықпал жасай алады деп ұйғарады. Озық ұйымдар өз стратегиясына түзетулер енгізуі мүмкін, егер де, мысалы, оның кейбір стратегия бағыттары қызметкерлер денсаулығына зақым келтірсе немесе імансаптық өсулеріне кедергілерін келтірсе. Ертеректе айтылғандай, адамдар ұйымның маңызды ресурсы болып табылады. Басқа ресурстарға қарағанда адамдар өзін тұрақты жетілдіруге және дамытуға қабілетті, олардың мүмкіншіліктері мен қызметке, іске талаптануы шексіз [1].

Осы себепті қазіргі кезеңде өндірістің шешуші ресурсы - қызметкерлерді тарту, оларды оқыту-үйрету және дамытуға байланысты инвестициялардың экономикалық пайдалылығы танылуы - адам ресурстарын басқарудың стратегиялық аспектігін күшейтуде.

Адам ресурстарын басқарудың мақсаты қолда бар адам ресурстарының, қызметкерлердің біліктілігі мен потенциалының компания стратегиясы, мақсатымен сәйкестендіру. Адамдар корпоративті стратегияның, фирманың инвестициясының бір бөлігі бола бастады. Адам ресурстарын басқару бүгін корпоративті мәдениеттің дамуына және кәсіпорынның қоршаған іскерлік аясымен теңдігіне бағытталған болды.



Сурет 1. Адам капиталын басқаруды ұйымдастырудың жолдары

Адам ресурстарын басқаруда келесі мәселелер қарастырылады:

- ұйым алдында корпоративті стратегияның адам ресурсы стратегиясына ауысуы;
- жаңа ұйымдық құрылымын құру;
- ұйымның мәдениеті мен стратегиясына сай келетін персоналды қабылдау;

- стратегияға сай мотивация жүйесін іске асыру;
- еңбек қабілеттілік жағдайын үнемі қамтамасыз ету, жұмыс күшінің потенциалын толық пайдалану

[2].

Адам ресурстарын басқару жүйесінің ерекшелігі қазіргі кездегі өндірістегі адам факторының рөлін бағалау үшін экономикалық критерийді қолдану. Көптеген корпорациялар компанияға қажетті мамандарды тарту үшін сыртқы ортадағы жұмысты күшейтеді. Олар дәстүрлі персоналды материалды және моральді ынталандыру жүйесінің элементтері мен фирма қызметкерлерінің әлеуметтік сақтандыру, денсаулықты қорғау элементтерімен байланысын қамтамасыз етеді.

Адам ресурстарын басқарудың мақсаты бұл бар адам ресурстарын, квалификацияны және қызметкерлердің потенциалын компанияның стратегиясы мен мақсатымен біріктіру. Адамдар корпоративті стратегияның заты, фирма инвестициясының бөлігі болады. Адам ресурстарын басқару бүтін корпоративті мәдениеттің дамуына және қоршаған іскерлік ортадағы кәсіпорынның қажеттілігін теңгеру. Біздің ойымызша, адам ресурстарын басқару – бұл белгілі бір саясат, кәсіпорындағы адам потенциалының өсуіне бағытталған, стратегиялық мақсаттарға жету үшін іскерлікті жүргізу және ұйымдастыру, кәсіпорынның жалпы стратегиясына қызметкерлерді басқаруды енгізгенде жоғарғы экономикалық жетістіктерге жету [3].

Адам ресурстарын басқару стратегиясын ұйымның өмірлік циклі, оның даму стратегиясы, ұйымның мөлшері сияқты факторларды ескере отырып, сондай-ақ сыртқы ортаның сипаттамаларын ескере отырып жүргізілуі керек. Адам ресурстарын басқару стратегиясын анықтайтын негізгі факторлар 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1

Адам ресурстарын басқару стратегиясын анықтайтын негізгі факторлар

Фактор	Сипаттамасы
Ұйымның стратегиясы	- инновациялық стратегия; - шығындарды азайту стратегиясы; - тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту стратегиясы.
Ұйымның өмірлік циклі	- қалыптасуы; - өсу; - жетілу; - өндірісті қысқарту және қайта ұйымдастыру.
Ұйымның мөлшері	- ірі; - орта; - шағын.

Адам ресурстарын басқарудың жаңа тенденциясы ретінде біліктіліктің фрагменттік эволюциясы саналады. Адам ресурстарын дамыту сипаттамасының негізі болып оның ұйымның мақсаттары, стратегиясы арасындағы тығыз байланысы саналады. Мысалы ірі компаниялар персоналды дайындауға көп инвестиция салады, себебі сыртқы еңбек нарығы олардың қажеттілігін толығымен өтемейді. Бұған тауарлардың өмірлік циклының төмендеуі де әсер етеді. Алайда адам ресурстарын қолдану мен дамыту аясында, еңбек нарығы мен еңбекпен қамтылу аясын реттеуде мемлекеттің араласуы белсенді болуы керек.

Қазіргі кезде адам ресурстарын басқару саясаты мен практикасын реттеу бәсеңсіп отыр. Мысалы, әр фирма өзінің бөлімшелерінің қызметін күрделілігін көтеру мақсатымен қайта құрастырады, сонымен қатар офистік жаңа технология енгізу барысында жеңілдендіруге тырысады. Бұл мәселені шешу жетекшіліктерімен қызметкердің, менеджерлердің міндеттері.

Адам ресурстарын басқару интеграциялық келесі бағыттарды қарастыруға болады: төрешілік, нарықтық және әулеттік. Адам ресурстарын басқару ұйымдастырушылық жағынан интеграциялау адамдар құрамын нәтижелі жинақтауда, қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастарды реттеуде, ұйымның стратегиялық жоспарын қабылдауда зор маңызды. Адам ресурстарын басқару жүйесінде жоғарыда көрсетілген талдау әдістері менеджерлер қызметінде қандай стратегиялық көмегін барын қарастыруға болады. Адам ресурстары стратегиясын төрелік әдіспен басқаруға қызметкерлерді көндіру және дәстүрлік жетекшілікке негізделген.

Бұл әдісте өнеркәсіпте қолдану ірі өнеркәсіп ұйымдарының кең таралуына байланысты. Көп жылдар бойы адамдарды жұмысқа жұмылдыруға бет бұруға болса, бірақ кейінгі жылдары ол бәсеңси бастады, өйткені қызметкерлерді айналадағы ортаға және оларды біріктіру әдістері қолданыла басталды [4].

Адам ресурстарын басқару жүйелерінде стратегиясымен ситуациясымен ситуациялық факторлар және төрешілік, нарықтық, әулеттік қарастырулар арасындағы байланысты талдау-кешендік тәртіп болады.

Бұл процесс тиімді құрастырылулардың тәсілдемесінің ерекшелігін көрсетеді. Егер ауқымды экономия, технологиялармен нарық тұрақты болып, бағалар жоғай бәсекеқабілетті болатын болса, онда төрешілдікпен нарықтық тәсілдеме құрастырымдары сәйкес болады. Егер фирмалар бәсекелестігі күрделі, тұрақсыз жағдайларды, жаңа енгізілім, икемділік көздерін өндіруге әулеттік және нарықтық тәсілдемелер құрастырымдарын қолдануға болады. Іскерлік жағдайларда негізгі ресустар сенімді және күшті жұмыс күші қызметкерлер өмірінің бірлікті сапасына айналатын болса, онда әулеттік және төрешілдік әдістер енгізіледі. Тәсілдемелерді нәтижелі қолдану әр фирманың, ұйымның қабілеттілігіне, жағдайларына, мүмкіншілігіне байланысты болады.

Қызметкерлерді басқару бөлімі – қызметкерлерді басқару үшін арналған мекеме құрылымы. Қызметкерлерді басқару жұмыс күшін кең, әрі нәтижелі түрде жүргізуге көмектеседі. Ұйымда әр түрлі жүйені орындайтын қызметкерлерді басқару бөлімінің мамандар тобы қызметкерлерді басқарумен айналысады.

Қызметкерлерді басқару бөлімінің мақсаты – ұйым жоғары нәтижеге жету үшін білікті, жоғары квалификациялы, тәжірибелі, жұмысқа қабілетті, әнерлі қызметкерлермен қамтамасыз ету болып табылады [5].

Осыған орай қызметкерлерді басқару бөлімінің міндеттері:

- Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау;
- Қызметкерлерді жұмыстан босату;
- Кадрлық орын ауыстырулар;
- Демалыстарды рәсімдеу;
- Еңбекке жарамсыздық парақтарын рәсімдеу;
- Штаттық формулярды жүргізу;
- Статистика;
- Аттестация жүргізу;
- Есеп беру

Сонымен, қорытындылай келе, адам ресурстарын басқару стратегиясы тасқын стратегиясымен ұзақ мерзімді жалдану ұсынысынан бастап әулеттік жүйеде біріктірілуде. Адамдар өздерінің мамандық қабілеттілігінен емес, ұйымға ұзақ мерзімді бейімделуінен шығуға тырысады. Ұйымға жаңа тәжірибе, әдістемелік, адам машықтануға маңызданады да ұйымға қажетті қызметкер болады. Жұмыстық жүйелерге әулеттік бағдарлану бойынша жұмысшылар тобы жартылай дербестелініп, басқарушылар тапсырмасын орындаушылар деңгейінде болады. Бұл командалардың айырмашылық белгілеріне қиылыспалы оқыту, өзара айырбастық үшін тапсырмаларды айырбастау, белсенділену және топтық тәуелсіздік жатуы мүмкін. Алдыңғы қатарлық символдары төмендеу болады. Осы тәсілдемені қолдануда жұмысшы – қызметкерлерінің ұйым ахуалына қосқан үлесіне және стратегиялық талқылауға байланысты болады.

Қазір де ҚР адам ресурстарының басқару стратегиясы мәселелері дамып келе жатыр, мемлекет пен бизнестің қолдауын талап ететін сала екендігін атап өткен жөн. Білікті мамандар қорын толықтыру, әсіресе кәсіби-техникалық мамандықтар өкілдерін дайындау, отандық мамандардың шетелдік әріптестермен интеграциясын, тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету, жаңа технологиялар мен инновацияларға ашық болу тағы басқа көптеген мәселелер болашақта өз шешімін табу керек деген ой ұсынылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жұмамбаев С. К. Адам ресурстарын басқару: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 235 б.
2. Кибанов, А.Я. Управление человеческими ресурсами: Учебное пособие/А.Я.Кибанов. – М.: ИНФРА, 2017 – 365 с.
3. Адам ресурстарының басқару процесінің жүйелік талдауы // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы: Алматы. – 2017. – №1. – 84-88 б.
4. Купешова С.Т. Стратегиялық менеджмент. 2-бас.: оқу құралы / С.Купешова, К.С. Мухтарова. - Алматы: Қазақ университеті. 2017. - 212 б.
5. Шертаева К.Д. Қызметкерлерді басқару: оқу құралы / К.Д.Шертаева, К.Ж.Мамытбаева, А.Д.Жанбырбаева. –Шымкент, 2018 - 106 б.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

№	Аты-жөні, тегі	Қызмет орны, атақ-дәрежесі, лауазымы
1	Абдрахманова Р.Л.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, тарих ғылымдарының кандидаты.
2	Алмауытова Ә.Б.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылғанпрофессоры,филология ғылымдарының кандидаты.
3	Балыкова А.М.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, тарих ғылымдарының кандидаты.
4	Бегилова Г.С.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетінің аға оқытушысы
5	Бекмашева А.Н.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, филология ғылымдарының кандидаты.
6	Бисенова Л.Б.	БҚО, Ақжайық «Абай атындағы мектеп-гимназия» Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
7	Бисенғали З.Қ.	Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.
8	Гизатова Д.М.	БҚО, «Облыстық санаториялық мектеп-интернат» мекемесінің тәрбиешісі
9	Дүкенбаева Н.Е.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты.
10	Иманғалиева З.	БҚО, Жаңақала ауданының мемлекеттік архивінің архивисті.
11	Иргалиев А.С.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты.
12	Кабдуллиева Д.Х.	Орал қаласы, №47 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сарапшы-педагогі
13	Калмуратов Ж.С.	Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты.
14	Кенжеғалиева Л.Г.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
15	Кенжеғалиева Р.А.	Атырау обл, Жаңа Қаратон кенті №22 ЖОББМ.
16	Кинжекова Р.С.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты.
17	Кушенова Л.С.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңағаоқытушысы,педагогика ғылымдарының магистрі
18	Қайыров А.Б.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, филология ғылымдарының кандидаты.
19	Құлынтаева А.Ж.	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

		университетінің магистранты
20	Құсайынова Л.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
21	Мамбеталиева А.З.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңағаоқытушысы,педагогика ғылымдарының магистрі.
22	Мамыров А.И.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, филология ғылымдарының кандидаты.
23	Мамырова М.И.	Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Байқоңыр қаласы №273 ЖОББМ.
24	Манкеева Ж.А.	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор.
25	Мирзалиева Б.О.	Түркістан обл, Сайрам ауданы №93 Абылайхан хан атындағы ЖББОМ оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары.
26	Мұсаев А.М.	Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетініңпрофессоры,филология ғылымдарының докторы.
27	Мұсабек Д.Ж.	Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты.
27	Мүтиев З.Ж.	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетініңқауымдастырылғанпрофессоры, филология ғылымдарының кандидаты.
29	Мұханбетова Ж.Ө.	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетініңоқытушысы,педагогика ғылымдарының магистрі
30	Мырзағалиева Р.Ғ.	БҚО, Ақжайық ауданы, Есенсай ЖББОМ педагог - сарапшы.
31	М.Мырзахметұлы.	Х.ДулатиатындағыТараз мемлекеттік университетініңпрофессоры,филология ғылымдарының докторы.
32	Наурызова А. М.	БҚО, Бөкей Орда Жәңгір хан атындағы ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
33	Нурмуханбетова В.Е.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетініңағаоқытушысы,педагогика ғылымдарының магистрі.
34	Сабирова Б.М.	БҚО, Бөкей Орда Жәңгір хан атындағы ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
35	Садыкова А.М.	Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің магистранты.
36	Салықбаева А.	Алматы, №148 мектеп-гимназия қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
37	Сейлханқызы А.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
38	Сулейменова А.К.	БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
39	Султанғалиева А.И.	БатысҚазақстанинновациялық-технологиялық

		Университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.
40	Тайман А.І.	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты.
41	Тапалова А.А.	АбайатындағыҚазақұлттықпедагогикалық университеті, тарих институтының докторанты.
42	Тулегенов К.А.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
43	Уалиханова Б.С.	ОңтүстікҚазақстанмемлекеттікпедагогикалық университеті, PhD, Физика кафедрасы.
44	Умбетова Г.М.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық Университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.
45	Хасанов Ғ.Қ.	М.Өтемісов атындағы БатысҚазақстан Университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.
46	Шуренбаева Э.Ә.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық Университетінің аға оқытушысы, философия ғылымдарының магистрі.
47	Тастемирова А.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
48	Хамбетова А.Қ	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
49	Гиниятова Д.С.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
50	Адайбекова А.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
51	Қоңқабаева А.К.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
52	Ерболат Е. Ж.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
53	Ерғалиева Д.Т.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
54	Қаршығақызы Т	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
55	Жолдасова А.А.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
56	Каримова Б.М.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
57	Айтбаева К.А.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
58	Искарина А.А.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
59	Арыстанова Ғ.С.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
60	Нуфтолина Г.С.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
61	Медетова Э.Н	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
62	Байсегенова К.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
63	Бикеева А.Е.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
64	Бахметова Д.Н.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
65	Губашев А.С.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.
66	Санахметова Ә.С.	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты.

МАЗМҰНЫ

Пленарлық мәжіліс баяндамалары		
Шакешов Б.Т.	Алғы сөз	3
Бисенғали З.Қ	Ұлы ұстаз Қажым Жұмалиевтің ұлағаттары	4
Манкеева Ж.А	Қажым Жұмалиев еңбектеріндегі поэтикалық тілді зерттеу үлгісі	18
Мұсаев А.М.	Академик Қажым Жұмалиев зерттеулеріндегі қазақ әдебиеттану ғылымы	20
Мүтиев З.Ж.	Қажым Жұмалиев әдеби өлкетану тарихында	23
Мамыров А.И	«Жайсаңдары қазақтың» кітабының текстологиясы.	29
Конференцияға ұсынылған мақалалар		
М.Мырзахметұлы	Академик Қажым Жұмалиев- менің өмірімде	33
Негимов С	Академик Қажым Жұмалиев- көрнекті Абайтанушы	38
Рысбеков Т.З	Қажым Жұмалиев еңбектеріндегі қазақстан тарихының жайы	41
Гумарова Ж.С.	Творческое наследие Кажыма Жумалиева	45
Бисенова Л.Б.	Талант тағылымы	47
Наурызова А.М.	Қажым Жұмалиевтің «Абайтану» ғылымындағы еңбектерін сабақта қолдану жолдары	50
Сабинова Б.М.	«Қобыланды эпосы» - халық сүйген батыр жыры	53
Сулейменова А.К.	Саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнаған әдебиетші	56
Мырзағалиева Р.Ғ.	Қажым Жұмалиев «Махамбеттану» - ғылымының негізін салушы	59
Кайыров А.Б. Ибраева Н.	Жазушы Ж.Аймауытовтың Аймауытовтың қазақ тіліне арналған еңбектері туралы	62
Хасанов Ғ.Қ.	Ахмет публицистикасындағы «оқу-білім» концептісі	67
Алмауытова Ә.Б. Тайман А.І.	І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи лексиканың этнотанымдық мәні	70
Иргалиев А.С., Тулегенов К.А.	Мектепке дейінгі жастағы балаларда музыкалық ойлауды қалыптастырудың теориялық негіздеріне талдау	73
Кинжекова Р.С.	XX ғасыр басындағы «қазақ» газетінің ұлттық оқу-ағарту саласын дамытудағы маңызы	79
Абдрахманова Р.Л.	Казахстан в 80-е годы хх века: реформы системы образования и их результаты.	82
Бекмашева А.Н.	Паронимия құбылысының түркі тілдерінде зерттелу жайы.	85
Балыкова А.М. Тапалова А.А.	Батыс қазақстандағы депортациялау дәуірінің кезеңдері.	89
Умбетова Г.М. Нурмуханбетова В.Е.	Жасөспірімнің аддиктивті факторларға психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру.	91
Мамырова М.И.	От кешу» романының құрылымы, кейіпкерлер әлемі.	94
Алмауытова Ә.Б. Дүкенбаева Н.Е.	Шәді Жәңгірұлы шығармаларындағы дінтанымдық лексиканың көрінісі.	97
Мүтиев З.Ж, Мұханбетова Ж.Ө, Садыкова А.М.	Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: Жанғали Мырзәлиев - мөлтек әңгіме шебері.	102
Иргалиев А.С., Кенжеғалиева Л.Г.	Мектепке дейінгі білім беру мекемесін басқаруда басшылардың жеке құзыреттілігін дамыту ерекшеліктері.	107
Шүренбаева Э.Ә.	Тарихи құндылықтардың қоғамдағы орны.	110
МирзалиеваБ.О., Уалиханова Б.С.	Заманауи педогогикалық технологияларды қолдана отырып білім сапасын арттыру.	113
А.Салықбаева	Көркем прозадағы әке мен бала қарым-қатынасының диалог арқылы бейнеленуі.	115

	Шыншыл прозашы Смағұл Елубайдың ұлт тарихын шынайы бейнелеудегі суреткерлік шеберлігі	122
Умбетова Г.М. Бердигалиева А.	Асық ойыны арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ой - өрісін дамыту.	126
Мұсабек Д.Ж.	Бастауыш сыныптарды оқытудағы манипуляцияның рөлі.	130
Калмуратов Ж.С.	Лингвистикалық пәндерді оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері.	132
Исмагулова С. Мамбеталиева А.З.	Адамгершілік - рухани тәрбиесінің отбасында алатын орны.	134
Исатай М.Ж., Бегилова	Кітапхана- ақыл -білім ордасы.	137
Құсайынова Л.	Фразеологизмдер аясындағы қазақ -башқұрт тілдерінің этномәдени байланысы.	139
Айткалиева А.Ж. Кушенова Л.С.	Жеке тұлғаны дамытудағы музыкалық білім берудің рөлі мен тәрбиелік маңызы.	142
Құлынтаева А.И	Толеранттылық қарым-қатынас педагогикалық кәсіби сапа ретінде.	144
Хисметова А.М., Султангалиева А.И.	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамыту жолдары.	148
Иргалиев А.С., Сейлханқызы А.	Жүрек-қан тамыр ауру жағдайында жеке тұлғаның бейімделу әлеуетінің психологиялық ерекшеліктері.	152
Кабдуллиев Д.Х.	Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, өзге ұлт өкілдеріне үйрету жолдары.	156
Иманғалиева З.	Архив - ел тарихының қазынасы.	158
Гизатова Д. М.	Тәрбие тал бесіктен.	162
Шабдарова Р.Т. Сагинова А.Б.	Психология ғылымында көшбасшылық мәселесінің теориялық зерттеулері.	163
Жалғасбаева А. А.,	Мектептегі мазасызданудың негізгі факторлары.	166
Досетова Ж.Н., Мусина К.Е.	Балабақшада ұлттық ойындарды заманауи үлгідегі үстелүсті. ойындары түрінде қолданудың жолдары.	169
Жайлыбай Р.Т., Байдуллина Н.Б.	Арттерапия - жаңа оқыту технологиясының озық үлгісі. ретінде.	172
Мамыров А. Ы., Аюп Д., Жарылқағанов К.	І. Жансүгіров поэзиясының ерекшелігі туралы.	176
Тастемирова А.	Қазақ жазуы: тарихи үдеріс және бүгінгі өзекті мәселелер	181
Хамбетова А.Қ	М.Есламғалиевтің «Әйтеке би» романының тарихи -әлеуметтік маңызы	183
Гиниятова Д.С.	Қазақ тіліндегі кейбір көнерген сөздер сыры	186
Адайбекова А.	Этимологиялық сөздіктер және олардың түрлері	189
Қоңқабаева А.К.	Қазақ және татар мақал-мәтелдерінің жинақталуы, зерттелуі	193
Ерболат Е. Ж.	Иштван Қоңыр Мандокидің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	195
Ерғалиева Д.Т.	Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының зерттелуі	197
Қаршығақызы Т	Өмір Нәжіп зерттеулеріндегі Хорезмидің «Мұхаббат-наме» жәдігерлігі	200
Жолдасова А.А.	Қазақ-татар мақал-мәтелдерінің этномәдени сипаты	202
Каримова Б.М.	Ғаламдану үдерісіндегі қазақ тілі	204
Айтбаева К.А.	Профессор Н.Ф.Катанов еңбектеріндегі этнография және фольклор мәселелері	207

Искарина А.А.	Қазақ тілі тарихи лексикасының арналары	211
Арыстанова Ғ.С.	Қазақ және ағылшын тіліндегі «өмір» концептілері	214
Нуфтоллина Г.С.	Қазақ тілі фразеологизмдерінің зерттелуі	217
Медетова Э.Н	Профессор Х.М. Нұрмұқановтың «Сөз және шеберлік» еңбегіндегі сөз қолданыс мәселелері	220
Байсегенова К.	Баспасөздегі мақала тақырыптарының лексика-семантикалық ерекшеліктері	223
Бикеева А.Е.	Социальное развитие современного предприятия	226
Бикеева А.Е.	Направления совершенствования социального развития предприятия	229
Бахметова Д.Н.	Шағын әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағдайлары	232
Бахметова Д.Н.	Қазақстан Республикасында шағын бизнестің дамуы	235
Губашев А.А.	Ынталандыру өндірістің тиімділігін арттыру факторы ретінде	238
Санахметова Ә.С.	Фирманың адами капиталын басқару стратегиясы	240

**«ҚАЖЫМ ОҚУЛАРЫ» АЯСЫНДА «ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІ КОНТЕКСІНДЕГІ БІЛІМ
ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАЛПЫАДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

Жауапты редакторы Мамыров А.И.

Компьютерде беттеген және дизайн Ибраимова Г.К.
Марат З.С.

Техникалық редакторлар Сергазиев Х.К.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН

*Көлемі 15,625 б.т., Таралымы 150.
Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Орал қ. Н. Назарбаев даңғылы 194.*